



KORKYT ATA  
UNIVERSITY



**«Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты:  
тарихи тағылым мен сабақтастық»  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның ғылыми еңбектер жинағы**

**2023 жыл, 17 қараша**

**Қызылорда қаласы**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ**  
**ҚОРҚЫТ АТА атындағы ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты:  
тарихи тағылым мен сабақтастық»  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның ғылыми еңбектер жинағы**

**2023 жыл, 17 қараша**

**Қызылорда қаласы-2023**

**ӘОЖ 94 (574)**  
**КБЖ 63.3 (5 Каз.)**  
**М 85**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми-техникалық  
кеңесі баспаға ұсынған

Редакция алқасы: Каримова Б.С. (бас редактор), Тайман С.Т.,  
Бурибаева М.А.

Жауапты редактор: Сактаганова Н.А.

**ISBN 978-601-7042-08-0**

«Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихи тағылым мен сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы. 17 қараша 2023 ж., Қызылорда - 334 б.

Жинаққа Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің нәтижелері бойынша және тың материалдар негізінде дайындалған шетелдік, отандық жетекші ғалымдардың, жоғары оқу орындарының профессор оқытушыларының, жас ізденушілердің мақалалары топтастырылған. Мақалаларда ұлы күрескердің мұраларын зерттеудің нәтижелері мен жаңа бағыттары туралы ой-тұжырымдар ортаға салынған.

Жинақ саясаттанушылар, тарихшылар, жас ғалымдар мен білім алушыларға және көпшілік оқырман қауымға арналған.

Шығарылған материалдағы мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты.

**ISBN 978-601-7042-08-0**

© Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті

## АЛҒЫ СӨЗ

*Байқадаров Наурызбай Сейтқалиұлы* - Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты

### **Армысыздар, қадірменді қонақтар! Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Қай уақытта да өткеннен сабақ алып, оның сындарлы тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігі, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын тану және олардың рухани мұраларын қастерлеу ісі тәуелсіз мемлекетіміз үшін өзінің маңызын жоғалтпайды.

Сан тараулы ұлттық тарихымызда өзінің саналы ғұмырын туған халқының азаттығы мен тәуелсіздігі жолына арнап, оның бақытты өмір сүруін аңсап өткен ұлт перзенттерінің бірі – **Мұстафа Шоқай** болатын.

Қазіргі кездегі әлемдегі геосаяси жағдай түркілік тұтастық пен интеграцияны жаңғыртудың маңызды екенін көрсетіп отыр.

Осы бағытта әлемдегі түркі халықтары мен Қазақстанның айқын ұстанымы 2023 жылы 3 қарашада Астана қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының мемлекет басшылары саммитінде көрінді.

**Мемлекет басшысы** Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі дамытуда Қазақстанның Ұйымға төрағалығы «Түркі дәуірі!», яғни «TURKTIME!» ұранымен өтетінін мәлімдей отырып, еліміздің салт-дәстүр (*Traditions*), біріздендіру (*Unification*), реформалар (*Reforms*), ғылым (*Knowledge*), сенім (*Trust*), инвестиция (*Investments*), медиация (*Mediation*) және энергия (*Energy*) атты сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтті.

Сонымен қатар **Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев** ғылыми әріптестік арқылы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайту аса маңызды екеніне назар аударды. Бұл орайда Президент Ұйымға мүше елдердің басшыларына әлемдегі үздік университеттердің филиалдары мен тіл үйрететін бөлімдер ашуды, бірлескен ғылыми шаралар өткізіп, тәжірибе алмасуды, сондай-ақ жасанды интеллектіні, цифрлық және аэроғарыш өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударуды ұсынды.

Астанада өткен X саммитте **Мемлекет басшысы**: «Тарихтан сыр шертетін ортақ мұрағатты зерттеп, ұрпаққа ақиқатты жеткізу – біздің парызымыз» деп бекер айтқан жоқ.

Түркі халықтарының біріккен жағдайында ғана ұлттық тәуелсіздігіміз берік орнығатынын теориялық тұрғыда дәлелдеген М. Шоқайдың «Тұтас Түркістан» идеясы мен бүгінгі Түркі мемлекеттері ұйымы арасында сабақтастықтарды зерттеу өте маңызды.

XX ғасырда айтылған Мұстафа Шоқайдың мәңгі өлмес идеялары - бүгінгі түркі мемлекеттері, оның ішінде Қазақстанның өркениетті және демократиялық ел ретінде орнығуы мен дамуының, жаңғыруы мен

жаңаруының маңызды мәселелері. Ұлттық тәуелсіздік пен саяси сана, ұлттық рух пен ұлттық тіл қоғамдағы демократиялық үрдістердің салтанат құруы мен халықтың рухани жаңаруының іргетасы, елдің саяси құқықтық және әлеуметтік экономикалық тәуелсіздігін баянды етудің басты құралы, мемлекетшіліктің негізгі компоненттері болып саналады.

Сондықтан бүгінде **Мұстафа Шоқай** мұраларын әлі де тереңірек зерттей отырып оның тарихи тағылымдарын және идеялық сабақтастығына ғылыми тұрғыда баға беру өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінгі конференцияның атауы да ғылымдағы осындай өзекті тақырыпты зерттеуді мақсат етуімен ерекшеленеді. Ғылыми конференция аясында **Мұстафа Шоқайдың** еңбектеріндегі идеялардың түркі мемлекеттерінің интеграциялану үдерісі мен қазіргі Әділетті Қазақстан мұраттарымен сабақтастығы ғылыми тұрғыда талданатына сенім мол.

# КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙҰЛЫ ҚЫЗМЕТІНЕ САЯСИ БАҒА БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ТУРАЛЫ

*Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы* – ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы.

Орталық Азия кеңістігіндегі ерекше геосаяси жағдайдағы (маккиндерлік «Хартленд») Қазақ халқының күн астындағы орнын сақтауға жанұшыра ұмтылуын толық табиғи нәрсе екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қазақ халқының ғасырлар бойы көрші туыс елдермен бірлікте өзінің тәуелсіздігі үшін жүргізген ұлт-азаттық күресін, ал қозғалыстың басында ХХ ғасырдың алғашқы жартысында Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай және олардың қолдаушы идеялас ұлы серіктері тұрғандығы мәлім.

Басқаша айтқанда, бұл аталған тарихи тұлғалардың халық өмірінің тағдыр таразысына түскен сәтінде ерік-жігер, ақыл-парасат танытып соңына ерген халқының азаттық күресін бастап ақтық егеске түсуін бүгінгі ұрпақ тарапынан «Иә, бұл біздің ұлттық тарихымыздағы ұлы кезең, ал оны жүргізген, біздің халқымыздың ұлы перзенттері еді ғой!» деп ақиқатты дауыстап айтуға ерік-жігеріміз жетпесе онда біздің кім болғанымыз!

Санасы азат қоғам ғана жасампаздық танытып, жаңа құндылықтар өмірге әкеле алады. Бұл адамзат тәжірибесінен белгілі ақиқат. Жарық дүниеде тәуелсіз ел, мемлекет ретінде қадам басқанымызға, иншалла, отыз жылдан асты, бір буынның өмір жолы. Дегенмен, әлі де болса біздің қоғам санадағы бұғауын бұзып-жарып, жаңа сапаға шықты деп айтуға ерте. Бұл істе баяулық, тіптен азаттық алған елге тән емес тым жалтақтық байқалады. Иә, рас, аракідік «ондай кезеңге де жетерміз, асықпайық, аптықпайық!» деген уәж де бар.

Бүгінгі заманның ағымы арынды, тез. Замандар көшіндегі әрбір буынның өткен өмірден алатын, яғни өзі шешуге тиіс қоғамдық мәселелер кешені болады, бұл толық табиғи нәрсе. Осы ретте біздің буын шешуге тиіс және шеше алатын мәселелерді неге біз кейінгі ұрпақтарға қалдыруға міндеттіміз. Ондай жолға түсу, ашығын айтқанда, қиындықтан кетудің, оны айналып өтудің көрінісі болмақ.

Сонымен негізгі тақырыпқа өтейін. Соңғы жаппай саяси репрессиялық шаралармен аяқталған большевизм мен қазақ (белгілі дәрежеде жалпытүркістандық) ұлт-азаттық қозғалысы арасындағы конфликт (лат. Conflictus – мүдделер қайшылығы) неден басталды? Қорыта айтқанда, ол большевиктік қозғалыс басшыларының жалпыимпериялық әлеумет иығына артқан жүктің қазақ ұлтының сол тарихи кезеңдегі түпкілікті мүддесіне сәйкес келмеуіне байланысты болды. Большевиктер партиясы марксистік

дүниетанымға сүйеніп қоғамды таптық жіктелу және таптық күрес жолына кіру арқылы әлеуметтік теңдікке жетуді көздеп, барлық қоғамды, тіптен күштеп болса да осы арнаға салуға тырысты. Қазақ қоғамы үшін бұл жол қаншалықты тиімді еді?

Атамекен жерінен, салт-дәстүрінен, тілінен айырылып қалу қаупі алдында тұрған қазақ халқына қажетті таптық жіктелу жолына түсу емес, ұлттық тұтастық, ауызбірлік, сол арқылы ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту және сақтау еді. Ал таптық күрес жолын таңдап, революциялық төңкеріс иіріміне тартылған халық берекесіздікке ұрынып, арандап қалатынын Әлихан Бөкейханов бастаған азаттық қозғалыс басшылары жақсы түсінді, халықты бұл жолдан іргесін алыс ұстауға үндеді.

Бұл арада ең негізгі нәрсе, ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының сол бір күрделі тарихи кезеңде ұлт мүддесіне сәйкес келетін тура жол таңдай алғандығы еді. Және бұл таңдаған жолдың сол тарихи кезеңдегі Азия, Африка және Латын Америкасы континенттеріндегі мәселен, үнді, никарагуа ж.б. азаттық қозғалыстармен үндестігінде, бір арнадан шығуында еді.

Біз бүгінгі ұрпақ, XX ғасыр басындағы Ә. Бөкейханов пен М. Шоқай бастаған буынның елдеріміздің азаттық қозғалысын әлемдік деңгейге алып шыққандығын мақтан тұтып, олардың бай мұрасын игеріп, қажетімізге жарата білуге міндеттіміз.

Осы ретте мынадай жағдайға назар аудару артық емес. Бұл арада біз Ә. Бөкейханов пен М. Шоқайды неге бөліп айтып, олардың қызметін саяси тұрғыдан ақтауды арнайы мәселе орнында қойып отырмыз? Оның мынадай себептері бар. Аталған екі тарихи тұлға қызметінің арасында өзара ажырағысыз байланыс және сабақтастық бар. Ә. Бөкейханов патшалық, сонан соң советтік биліктер тұсында ұлт-азаттық қозғалыстың бүкіл империя көлемінде мойындалған жеке-дара көш бастаушысы болды. Ал М. Шоқай қазақ және Түркістан жеріндегі азаттық қозғалыстың генезисін, түп-тамырын, мұрат-мақсатын әлемдік кеңістікке шығару ісінде теңдесі жоқ, қазіргі тілмен айтқанда, инновациялық қызмет атқарды. Бұл біріншіден.

Екіншіден, Ә. Бөкейханов РСФСР Қылмыс кодексінің (1926 ж. редакциясы) 58-8 (совершение террористических актов, направленных против представителей Советской власти или деятелей революционных рабочих и крестьянских организаций...) және 58-11 (всякого рода организационная деятельность направленная к подготовке или совершению предусмотренных в настоящей главе преступлений...) бабы бойынша айыпталып, 1989 ж. 16 мамырдағы ССРО Жоғарғы Сотының Пленумының қаулысымен ақталған.

Дегенмен қайраткердің тергеу ісіне байланысты құжаттарда оның қызметі қазақ халқының саяси тәуелсіздігіне қол жеткізу және ұлттық мемлекеттігін жаңғырту ісіне арналғандығы осы жолда мерт болғандығы әрине, айтылмаған. Мәселені, бұл екінші бетін бүгінгі ұрпақ алдында ресми түрде мәлімдеу біздің парызымыз екендігін ұмыта аламыз ба?

Әрине, жоқ, ұмыта алмақ емеспіз. Поляк патриоты А. Мишкевичтің шамамен «Алла тағалам! Егер мен оларды ұмытсам, онда Сен мені ұмыт!»

деген (1820-30 ж.ж. поляк қарсылығына қатынасқандарға байланысты) аталы сөзі орынды айтылған.

Өкінішке орай, мәселен, түрлі субъективті себептерге байланысты Ә. Бөкейханов пен оның жақын идеялас серіктерінің билік тарапынан не үшін жазаланғанына байланысты қоғамдық пікірде анықтық бар деп айтуға ерте. Советтік биліктің алаштық зиялылар бастаған қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатысты таратқан түрлі ғайбат тұжырымдары, оларды жақтаушылар мен таратушылар тарих сахнасынан әлі де болса біржола кете қойған жоқ.

Сонымен, ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқайды саяси тұрғыдан ақтау бізге не береді? Біріншіден, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының қызметіне байланысты қабылданған ресми саяси құжат 20 ғасырдағы қазақ халқының саяси және мемлекеттік дербестігі үшін жүргізген перманентті күресін (1917-1991ж.ж.) ешкімге де қарсы емес, өзінің күн астындағы өмірі үшін жүргізген табиғи қызметі арнасында түсінуге және түсіндіруге жол ашады. Бұл өзінің саяси, мемлекеттік бостандығына қол жеткізген кез-келген елдердің өмірінде орын алып отырған жағдай.

Екіншіден, өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Алаш қозғалысы аталып кеткен қозғалыстың, 1929-1931 жж. халық көтерілістерінің, 40-80-нші жж. тоталитарлық жүйеге көрсетілген азаматтық қарсыласудың басшылары мен оған ат салысқандарды азаттық үшін күрес қаһармандары ретінде мойындауға мүмкіндік туғызады.

Үшіншіден, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дұлатұлы, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқай және басқа қайраткер тұлғалардың жігерлі де қайсар қызметінің нәтижесінде өмірге келген Алашорда өкіметін ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту әрекеті ретінде, ал бүгінгі қазақ жерінде орныққан жаңа тұрпатты Қазақ мемлекеттігін орта ғасырдағы Қазақ хандығы мен Алашорда өкіметінің заңды да логикалық жалғасы ретінде қарастыруға негіз болып табылады.

Мұстафа Шоқайдың саяси тұлғасына байланысты мынадай жағдайды ескерген жөн. Ол өз отанынан өз еркімен кеткен жоқ, кетірілді. Соған байланысты оған ОГПУ үштігінің соты жете алған жоқ. Ұлы қайраткер белгісіз, құпия жағдайда Берлин ауруханасында өмірден озды.

Осы жағдайға байланысты «М. Шоқай қызметіне байланысты советтік сот шешімі болмаса, бұл ретте оның тұлғасын саяси тұрғыдан ақтауға (реабилитацияға) қандай негіз бар?» деген заңды сұраудың тууы мүмкін. Мұндай сұрауға байланысты мынадай уәжді (аргументация) ескеруге тура келеді.

Шетелдік эмиграциядағы М. Шоқаймен Советтік билікке қарсы контрреволюциялық байланыста болды деген ешқандай да негізсіз бір емес, бірнеше сот процестері тек Қазақстанда ғана емес, көрші Өзбекстан және Қырғызстан республикаларында да өткізілген. Сол сот процестерінің нәтижесінде жазықсыз жапа шеккендердің саны жүздеп саналады. Мәселен, көрші қырғыз халқының басқарушы саяси элитасына бүтіндей дерлік «Социал-Туран партиясына» (СТП) мүшелікке еніп, пантюркист М.



Шоқаймен контрреволюциялық байланыс орнатты деген жала жабылды. (Плоских В. Манас не признал себя виновным. Бишкек, 1993, С. 60-84)Тура осы мазмұндағы сот процесі «Түрік халық партиясына» (Ыдырыс Мұстамбаев басқарды деген) байланысты Қазақстанда жүргізіліп, он екі адам жазаланды, ал осы ұйымды басқарды деген желеумен Мұстамбаев Ыдырыс және Абікеев Даир ату жазасына бұйырылды (1937), ал оның жақын туыстары бауыры Бұршақбаев С., Исмагулов Н., Асқаров Ә 5-10 жылға сотталды. (ҚР ІІМ Алматы қаласы бойынша архивы, архив №06785, 1 т.,302, 328 п.п ж.б.) Тура осы мазмұндағы сот процестері барысында белгілі мемлекет қайраткерлері Т. Рысқұловқа, С. Қожановқа, С. Асфендияровқа және басқа тұлғаларға Мұстафа Шоқаймен контрреволюциялық байланыста болды деген айып таңылды.

Қазақстан оңтүстік аудандарын және Өзбекстан мен Қырғызстан өңірлеріндегі ислам діні басшылары мен қызметкерлерін репрессиялық шаралар арқылы қамтыған «Суфи» операциясы нәтижесінде Хансейітов Сыдық, Омартөреев Жүсіпхан, Жәңгірқожаев Әлкен және Ишанханов Гүлтөрехан бастаған өңірдегі беделді де ықпалды ишандар әулетіне шетелдік эмиграциядағы М. Шоқайдан контрреволюциялық мазмұндағы тапсырмалар алып, антисоветтік үгіт-насихат жұмысын өрістетті деген жала жабылды. Қорыта айтқанда, НКВД тарапынан бір ғана «Суфи» операциясының «нәтижесінде» Оңтүстік Қазақстан облысынан басым бөлігі ишан, имам және молдалардан тұрған 15 контрреволюциялық ячейкалар «ашылып» олардың «қызметіне» қатысты деген жаламен жүздеген адам сотталып, оның біраз бөлігі атылды. (Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А.,2017, 457-618 б.б.)

Яғни қорыта айтқанда, М. Шоқайды саяси тұрғыдан ақтау жоғарыда аталған тұлғаларды түрлі қисынсыз жалалардан аршып алудың алғы шарты болып табылады.

Р.С. Әлихан Бөкейхановтың тұлғасын саяси тұрғыдан ақтау туралы мәселе осы анықтаманың авторы тарапынан тура 33 жыл бұрын сол кездегі Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті жанынан саяси репрессия құрбандарын – белгілі тарихи қайраткерлерді ақтау ісіне байланысты ұйымдастырылған комиссияның (төрағасы Браун Ж) алдында қойылғандығын ескертуді өзіме міндет санадым.

Сол талқылауға қатынасып отырған комиссия мүшелері – ғалымдар тарапынан білдірілген «Ә. Бөкейхановтың саяси тұлғасы туралы мәселені қою әзірге ерте» деген ұсыныс қабылданып, комиссия мүшелері тақырыптың өзектілігін түсіне отырып, бірақ оның шешімін кейінгі уақыттың үлесіне қалдырды. Комиссия мүшелері мүмкін сол жолы бұл мәселенің мемлекеттік тәуелсіздік жағдайында ғана тура шешімін табатындығына сенген болар.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ПАНТҮРКИЗМ, ТҰРАН МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ТҮРІК БІРЛІГІ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАРЫ

*Әбдіуақан Қара* - Мимар Синан атындағы көркем өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Түркістан халықтарының тәуелсіздігіне бүкіл саналы өмірін арнаған Мұстафа Шоқай түркі халықтарының бірлігінің қажеттігіне сенді және Кеңес Одағының бұған қарсы түрік аймақтарына қатысты саясатын айқын байқап, талдап берді. Оның көзқарастары түркі халықтарының алдында тұрған қиындықтарды және олардың бірлігі мен ынтымақтастығына кедергі жасау үшін Кеңес үкіметі қолданған күрделі саясаттарды нақты түсінуге мүмкіндік береді.

Шоқай әлемдегі түркі халықтарының саяси бірлігін жағрапиялық орналасуларына қарай Түркістан халықтарының бірлігі, Қафқазия халықтарының бірлігі және Түркия ретінде үшке бөліп қарастырады. Бірақ мәдени және экономикалық тұрғыдан барлығының ынтымақтастықта болуларының қажеттігіне көрсетеді. Кеңес Одағының түркілердің басының бірігуін өзінің отаршылдық саясатына қауіп санап бұған қарсы қолданған іс-шараларына да тоқталады.

Түрікшілдік және тұраншылдық идеяларының тарихы мен шығу төркініне үңілер болсақ, деректерде түрікшілдік ұғымы туралы нақты және біртұтас түсіндірме кездеспейді. Осы екі ұғым туралы қарама қайшы түсіндірмелердің болғанын байқаймыз. Түркі емес ғалымдар мен саясаткерлер арасында түркі халықтарының басқа ұлттарға қарсы тұруға ұмтылысын баса көрсетіп оны "пантюркизм" деп атау басым. Түрікшілдікті пантюркизм немесе пантуранизм деп атаған олар мұны көбінесе түркі халықтардың өзге халықтарға үстемдік жүргізу саясаты ретінде түсіндіруде. [1, б. 104]

Ал түркі халықтарының зиялылары болса, түрікшілдік түрік ұлтын сүйу, ұлтты жеке мүддеден жоғары қою, туған түрік ұлтын асқақтату деп түсіндіреді. Сондай-ақ ол езілген, өзге елдердің қысымына тап болған немесе қауіп төнген түркі халықтарының өзара ынтымақтасу арқылы ұлттық мүдделерін қорғау бағыты ретінде көрсетеді. [2, б. 305]

Тұраншылдық пікірі жалпы алғанда ХУІІІ- ғасырдың екінші жартысында Еуропа елдерінде көне түркілер туралы жасалған зерттеулердің әсерімен пайда болған түрікшілдіктің саясиленген түрі, яғни бүкіл түркі халықтарын бір мемлекет шаңырағы астында біріктіруді көздейді. Тұраншылдық Осман елінде әсіресе Балқан соғыстары (1912-1913 жылдары) кезінде пайда болды. Ол атақты Әнуар Пашаның есімімен тығыз байланысты. Оның жетекшілігіндегі тұран идеясы бодандықтағы түркі халықтарын тәуелсіздіктерін қамтамасыз етіп ұлттық мемлекеттерін құруға көмектесуді мақсат етеді. Түркі халықтарының бір мемлекетте бірігу керектігі туралы осы идея Балқан соғыстары кезінде күн тәртібінде болды

және осы идеямен Әнуар Пашаның аты бірге аталды. Тұран идеясы түркі халықтармен бірге Иран және Қиыршығыс халықтарын да қамтиды. [2, б. 305-306]

Түрікшілдік идеясы өзге аймақтарда, атап айтқанда Кафказия, Қырым және Қазан түркілері арасында 1876-1883 жылдары арасында тарай бастаған. Бұл Ыстамбұл арқылы жүзеге асты. Қасиетті қажылық сапар жолының Ыстамбұлдан өтуі Ресейлік түркілер ішінде Исмаил Гаспиринский, Юсф Акчұра, Әбдіхамит Шолпан, Әбдіраұф Фытрат, Махмұт Хожа Бейбұди сынды зиялылар Ыстамбұлда оқып білім алған. Осы жерде орайы келгенде Шәкерім Құдайбердіұлы мен Ақыт Үлімжіұлы сынды әйгілі қазақ оқымыстылары да қажылық сапары кезінде Ыстамбұлда болып кітапханаларда зерттеу жүргізгенін атап өткен жөн. Бұған қоса Ресейде күшейе бастаған панславизм да, оған реакция ретінде түркілер арасында түрікшілдік ағымының таралып күшейуіне түрткі болған. Патшалық Ресейдің түркі халықтары арасында түрікшілдік ағымының таратушысы Исмаил Гаспринский болып оның Тәржіман атты газетті маңызды рөл ойнаған. [3, б. 70-71], [4, б. 60]

Патшалық Ресей тұсында Шоқай жоғарыда аттары аталған түрікшіл зиялылар арасында Юсұп Акчұрадан әсерленгенін айтады. Ол былай дейді: “Түркияның ең белсенді азаматы, ең білгір саяси газетшісі бола жүріп, Юсуб бек саяси күрес қажет ете қалған жағдайда өзінің байырғы атамекені Еділ бойына келіп саяси күрес иіріміне сүңгіп кетуші еді.

Бірінші орыс төңкерісі кезінде (1905-1906) Юсуб бек Ресейге келді және барлық түрік ұлттық күпгерін ұйымдастыру ісіне белсене кірісті. Ол марқұм Смағұл бек Гаспыралы, жақында қайтыс болған Әлимардан Топчибашы және басқалармен бірге “Ресей мұсылмандары құрылтайына” бастан-аяқ толық қатысты. Ресейге қараған түрік тектестерге орыстармен тең құқық әперуді көздеген кең келемдегі референдумға материалдар дайындады... Егер Юсуб бектердің сол кезде ортаға қойған талаптары жүзеге асқанда, мына біздер бүгінгідей атамекеннен айырылып, қорғансыз күйге түскен саяси мұғажыр болмас едік.”[5, б. 450-451], [6, б. 9].

Шоқай Түркістан халықтарының рухани, саяси болашағының олардың өзара бірлігінде жатқанына баса көрсетеді. Оның айтуынша “Түркістанның болашағы “тәуелсіз Түркістан” ұраны астында Ресейден бөлініп шығып Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында. Татарлар мен башқұрт бауырларымыз Түркістан Түрік мемлекетімен қойындасып, иықтасып кете алса, түрікшілік пен түрік рухы үшін ұлы табыс болар еді. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен...— бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес.”[5, б. 280-281], [7, б. 2]

Шоқай бұл идеяның, яғни Түркістанда татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен сияқты барлық түрік халықтарын бір мемлекетке біріктіру арқылы біртұтас Түрік Республикасын құру идеясының 1919 жылдан бастау алатынына назар аударады. Бұл туралы 1919 жылы Ташкентте өткен «Мұсылман коммунистік ұйымдарының» конференциясында Түркістан мен

Еділ – Орал халықтарының барлығын Түркістан республикасы шаңырағы атында біріктіру туралы қабылданғанын еске салып оны мейлі коммунистік, мейлі антикоммунистік көзқараста болсын, барлық түркістандықтардың қолдағанын атап өтеді.[8, б. 233]

Шоқай осы маңызды шешімді “1919 жылы Ташкентте шақырылған Мұсылман коммунистері ұйымдарының құрылтайында Тұрар Рысқұлов бастаған Түркістан коммунистері де өзбек, қазақ, қырғыз, түркімен, татар, башқұрт деп бөлінуді доғарып, олардың бәрінің бір ғана кеңестік республикасы етіп құру жөнінде қалулы қабылдағаны да осы бірліктің қадір-қасиетін терең сезінудің нақтылы көрінісі еді” деп тұжырымдайды.[5, б. 279], [7, б. 5]

Пантүркизм, панисламизм — бұлардың бәрі орыс саясаткерлері душар болған “түрік ауруының” көріністері.[5, б. 326], [9, б. 7]

Сондықтан Түркістанды экономикалық және саяси жағынан әлсіретуді көздеген Мәскеу бір тұтас Түркістан республикасының құрылуына кедергі болу үшін қолдан келгенін бәрін істеуден аянбады.

Шоқайдың осы мәселеге байланысты Мәскеудің екі беткей саясатына назар аударып былай дейді: “Большевиктердің «пантюркизм», «панисламизм» ұрандарын айғайлап, кеңестік шекарадан тыс жерде өмір сүрген түркілер мен мұсылмандарды бір тудың астына сондай-ақ Кеңестік Ресейдің айналасына жинауға үміттенгенін ғана айтамыз. Алайда, Ресейдегі түрік халықтары сөз болғанда большевиктер мүлдем қарама-қайшы саясатты жүзеге асырды: «divide et impera»”. [8, б. 234]

Түркістанды бір тұтастығынан айыпырып бөлшектеуді империялық саясатына жөн көрген Мәскеудің осы саясатының астарын былай деп түсіндіреді:

“Осы бірліктің қайда бастайтынын бұрынғы орыс өкіметі де жақсы білген. Ол түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп тастау үшін, әсіресе, өзбектер мен қазақтарды (ол кезде “қырғыз”, “сарт” деп аталатын) айырып тастау үшін қолдарынан келгеннің бәрін істеп баққан еді. Түркістанды бүгін “ұлттық” республикаларға бөлшектеп жатқан большевиктер де бұл бірліктің қайда апаратынын жақсы біледі. Түркістанның біртұтас ұлттық мемлекет құруынан олар да өлердей қорқады. Сол себепті оны болғызбау үшін бүкіл күш-қуатын жұмсап бағуда.” [5, б. 279], [7, б. 4]

“Түркістандықтар бөлшектелді. Біртұтас түрік ұлтын бір-бірінен айырып, араларыпа “Қытай қорғандары” соғылған бес бірдей “ұлттық республикалар” жасалды.” [5, б. 384], [10, б. 30]

Шоқай Кеңес Одағы үшін пантүркизм немесе түрікшілдік тек саяси тұрғыдан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып түркістандықтардың бірігулерін қана білдірмейді, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды қалпына келтіріп ұлттық рухты оятып ұлттық сана сезімді күшейту жолындағы маңызды құрал болуымен де қауіпті саналады. Бұл тұрғыдағы ойын ол былай деп келтіреді: “Мәскеудің Түркістандағы ұлттық саясатының мәні қандай екенін оқырмандарымыз ете жақсы біледі. Ол — атамекеніміз халқының ұлттық сана сезімін түншықтырып, оның қандай да бір көріністеріне жол

бермеу, түрікшілдіктің белгілерін түбірімен құрту болып табылады. Сайып келгенде, Түркістан түріктерінің ұлттық рухына, түрікшілдік қасиеттеріне қарсы рақымсыз күрес жүргізу — орыс большевизмі мен кеңестік Ресейдің Түркістандағы ұлттық саясаты камтып отырған басты мазмұндар, міне, осындай.”[5, б. 185], [13, б. 5]

Өзге түркі халықтарымен түркістандықтардың одақ құруы мәселесіне де тоқталған Шоқай мұның қолайсыз болатыны туралы айтып былай дейді: “Біздің түрік дүниесі «Геополитика» жағынан қарағанда біртұтас бірлік түзуге қолайсыз екені белгілі. Ресейге қараған түрік дүниесінде тек Түркістанның геополитикалық жағдайы ғана оның түріктік талаптарына сөйкес келеді. Онда кең байтақ географиялық және экономикалық тұтастықта жатқан қалың түрік бұқарасы бар. Ал басқа бөліктерімізде әйтеуір бірдеңе жетіспейді. Мәселен, Әзірбайжанды алайық. Ресейдегі болыневиктік төңкерістен соң, бірінші болып тәуелсіздігін жариялаған осы бір түрік мемлекетінің өлкесі «Кавказ географиялық бірлігінің» бір бөлігі болып саналады.”[11, б. 221], [12, б. 9]

Алайда ол Әзірбайжан және өзге түркі халықтарымен кез келген уақытта және кез келген жерде рухани-моральдық ынтымақтастықта болу керектігіне баса көрсетеді.[11, б. 221], [12, б. 10]

Мәскеу екінші жақтан Кеңес қол астындағы түркілер мен Анадолы түріктерінің өзара байланысуына кедергі келтіру бар күшін салады. Ол кедергіліктерді Кеңес Одағының “Қытай қорғаны” салып жатқанымен түсіндірген Шоқай былай дейді: “Кеңес үкіметі кемалистік түріктердің Түркістанға кіруіне тыйым салды. Революцияның алғашқы жылдарында Түркістанда тұратын барлық түркілер жер аударылды. Түркістан мектептерінде Түркияда қолданылатын географиялық немесе ғылыми терминдерді қолдануға тыйым салынды. Кеңестік «түркологтар» Түркістан әдебиетінің түрі мен тілін түрік әдебиетіне жақындатпау үшін түрік тілінде шыққанның бәрін жіті қадағалап отырды. Бұл қысымдар соңғы айларда одан әрі күшейді. Түркістандықтардың тенденциялары антикеңестікке айналған сайын бұл ұқыптылық та күшейе түсуде.”[8, б. 242]

Соғыс комиссары Ворошилов бастаған Кеңес Одағының үлкен делегациясының 1933 жылы Түркия Республикасының он жылдығына арналған салтанатқа қатысуына байланысты баспасөз беттерінде түрік-кеңес достығын сөз еткен бір мақала жарияланды. Вала Нуреддин атындағы түрік журналісінің мақаласында Анадолы мен Кеңестік түркілер арасындағы мәдени кедергіліктерді жою туралы ұсыныс жасалғаны байқалады.

Шоқай сол мақалаға назар аударып ол мақаладан мынадай үзінді келтіреді: «Түркияда шыққан кітаптар мен газеттер Ресейде ілтипатқа ие болып бұл елдегі түркілер де оқитын. Сол сияқты Ресейде шыққан шығармалар да Түркияға жетіп, осында оқылып жатты. Тіпті, Ресей түркілерінің ішінде де кейбір жазушылар классик деп саналған... ал бүгінде Кеңес өкіметі тұсында бір халықтың екі тармағын терең шыңырау мен Ұлы Қытай қорғаны бөліп тұр. Мәдени байланыстар үзілді. Оның үстіне Кеңес өкіметі әр бір түркі халқына Түркияда қабылданған әліпбиге еш қатысы жоқ

арнайы әліпби жасатып берді. Бұдан шығатын қорытынды – біртұтас түрік ұлтының екі тармағы күннен-күнге бір-бірінен ажырап барады...».[8, б. 298]

Мақаласының соңында журналист Вала Нуреддин Кеңес Одағының комиссары Бубнов мырзаға түрік-кеңес достығы жолында Ұлы Қытай қорғанын қиратуға және арадағы терен шынырауды жоюға көмектесуді сұрап Түркияда басылып шыққан басылымдардың Кеңестік Ресейдің түркі елдеріне енуіне рұқсат беру және кеңес өкіметі таңып отырған әліпбиді өзгертуді сұрайды.

Шоқай бұған Мәскеудің ешқашан келіспейтінін, өйткені Кеңестік үкіметтің Түркістанға немесе басқа кеңестік түркі аймақтарына бір кемалист түрік мұғалімінің кіруіне рұқсат бергеннен гөрі, Түркияға төрт емес, көптеген соғыс ұшағын ұсынғанды жөн көретінін айтады. [8, б. 299]

Сонымен қорыта айтар болсақ, Түркістанның тәуелсіздігі мен түркі халықтарының бірлігі жолындағы жалынды күрес жүргізген Мұстафа Шоқайдың терең пайымдаулары түркі қауымдастықтарының алдында тұрған күрделі қиындықтарды ашып, Кеңес Одағының олардың бірлігіне тосқауыл қоюға бағытталған екіжүзді саясатына жарық түсіреді. Түркістанды бүгін “ұлттық” республикаларға бөлшекген Кеңестік үкімет екінші жағынан өзі достық байланыста бола отырып Түркиянің туысқан Түркістан халықтарымен байланыстарына кедергі келтіреді.

Шоқайдың біртұтас Түркістан қажеттігін және Мәскеудің алауыздық ету тактикасына қарсы күресті атап өтуі түркі халықтары арасындағы мәдени, экономикалық және саяси ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетеді. Оның түркішілдік, пантүркизм және туранизмнің түсіндірмесі мен Кеңес Одағының оған қатысты саясаты туралы бақылаулары осы идеологиялардың айналасындағы күрделілік пен әртүрлі көзқарастарды көрсетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. A. A. Kengerli, *Azerbaycan'da romantik Türkçülük*, İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2008.
2. Әбдіуақап Қара, Мағжан Жұмабаев және түрікшілдік идея («Алыстағы бауырыма...» және т.б.) // *Түркі Дүниесіне Ортақ Тұлға (Ақын, ағартушы, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев)*, Алматы, 2021, б. 305-311.
3. Y. Akçura, *Türkçülüğün Tarihi*. Istanbul, 1998.
4. А. Қара, *Мұстафа Шоқай Өмірі. Күресі. Шығармашылығы*. Алматы: Арыс, 2004.
5. Айтан Нүсіпхан, Ed., *Мұстафа Шоқай Таңдамалы*, с. I. Алматы: Қайнар, 1998.
6. Mustafa Çokay, Yusuf Akçura // *Yaş Türkistan*, № 65, б. 8-12, Nis. 1935.
7. Mustafa Çokay, “Türkistan Türklüğü”, *Yaş Türkistan*, № 32, б. 1-5, Tem. 1932.

8. Әбдіяқап Қара, Ed., *Кеңес Одағының Түркі Әлемі Саясаты Мұстафа Шоқай (Французша Таңдаулы Мақалалары)*. İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2023.

9. Mustafa Çokay, Rusların ‘Türkle Hastalığı’ // *Yaş Türkistan*, № 38, б. 2-7, Оса. 1933.

10. Mustafa Çokay, Türk-Sovyet Dostluğu (Vala Nureddin Beyi’in Makaleleri Münasebetiyle) // *Yaş Türkistan*, № 50, б. 27-32, 1934.

11. Айтан Нүсіпхан, Ed., *Мұстафа Шоқай Таңдамалы*, с. II. Алматы: Қайнар, 1999.

12. Mustafa Çokay, Türk Birliği Hakkında // *Yaş Türkistan*, № 114, б. 7-11, 1939.

13. Mustafa Çokay, Bolşevizm Türkçülük Düşmanıdır // *Yaş Türkistan*, № 20, б. 1-6, Тем. 1931.

## МУСТАФА ШОКАЙ И ДЖАДИДСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В ТУРКЕСТАНЕ

*Кахрамон Раджабов*, доктор исторически наук, профессор,  
главный научный сотрудник Института истории Академии наук Республики  
Узбекистана (Ташкент)

Известный государственный и политический деятель, знаменитый публицист и оратор, отважный сын братского казахского народа Мустафа Чокай (1890 – 1941) оставил после себя богатое политическое и научное наследие. Великий политик Мустафо Чокай за свою короткую, но яркую 52-летнюю жизнь занимался не только политической деятельностью, но и оставил за собой множество статей, сообщений и научных произведений, где он правильно раскрыл очень многие проблемы в новой истории Туркестана.

Мустафо Чокай родился 25 декабря 1890 года в селе Наршаки близ города Акмечеть (нынешняя Кизилорда) в благородной кипчакской семье. Его отец Чокайбек Торгай додхох оглы был руководителем волости и относился к торайгирскому роду кипчаков-скотоводов<sup>1</sup>. По линии матери он был связан с династией Хивинских ханов<sup>2</sup>. После получения Мустафой Чокайм начального образования в Акмечети в 1902 – 1910 годах он учился в русской гимназии в Ташкенте. В 1910 – 1916 годах он получил образование в юридическом факультете Петербургского университета. Во фракции мусульман Российской Государственной Думы в 1916 – 1917 годах работал секретарем по Туркестанским делам. Впоследствии летом 1916 года был в Туркестане в составе комиссии под руководством Премьер-министра Временного правительства А.Ф.Керенского, также был в Джизаке в одном из крупных очагов Среднеазиатского восстания, поднятого против

<sup>1</sup>*Мария Чокай*. Я пишу Вам из Нождана... (воспоминания, письма, документы). Составление и перевод Б.Садыковой. – Алматы: «Қайнар», 2001. – С. 162.

<sup>2</sup>*Мустафо Чұқай ұғли*. Истиклол жаллодлари (1917 йил хотиралари). Сўз боши муаллифи Б.Қосимов. – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги Нашриёт-матбаа бирлашмаси, 1992. – Б.3.

ремесленничества, там он увидел своими глазами результаты жестокости и зла солдат Российской империи по отношению к мирному населению<sup>3</sup>.

В 1917 году после Февральской революции в Петрограде он насовсем вернулся в Туркестан. В начале апреля участвовал в Первом Всеказахском курултае в Оренбурге, а потом прибыл в Ташкент<sup>4</sup>.

В политической деятельности Мустафы Чокай особо выделяется Туркестанский период, охватывающий 1917 – 1918 годы. За данный период, продолжавшийся примерно полтора года, Мустафа Чокай был в центре политических процессов региона, проживая в Ташкенте, Коканде и Акмечети, являвшихся политическими и историческими центрами Туркестанского края. Активный борец за независимость Туркестана Мустафа Чокай, после приезда в Ташкент 10 апреля 1917 года, полностью посвятил себя политическим процессам. Мустафа Чокай за этот период проявил свою деятельность в качестве председателя Краевого Мусульманского Совета – Национального центра мусульман Туркестанского края, редактора газеты “Бирлик туғи”, издаваемой в Ташкенте на казахском языке, Министром иностранных дел (ноябрь 1917 года – февраль 1918 года), Премьер-министром (с февраля 1918 года) правительства Туркестанской Автономии. Мустафа Чокай боролся за восстановление национальной государственности туркестанских народов и за их национальные интересы, стоя плечом к плечу с такими узбекскими просветителями и джадидами, как Убайдулла Ходжаев, Мунаввар Кары Абдурашидханов, Махмудходжа Бехбуди, Абиджан Махмудов, Насирхан Тура, с башкирдским прогрессистом Ахмадом Заки Валиди и многими другими в Ташкенте и Коканде. После ликвидации большевиками в конце февраля 1918 года правительства Туркестанской Автономии, чья резиденция находилась в Коканде, приехав из Ферганы в Ташкент через сложный горный путь – перевал, до 1 мая 1918 года он скрывался от большевиков и начал активную борьбу против них. В Ташкенте Мустафа Чокай женился 16 апреля 1918 года на русской женщине Марии Яковлевне Горине, а также был совершен муллоу в мечети обряд никаха, основанный на брачном мусульманском шариате.

Мустафо Чокай в 1919 – 1921 годах жил в Тифлисе (нынешний Тбилиси) и сотрудничал с руководителями независимой Грузинской Республики. После того, как и в Грузии и во всем Кавказе было принужденно установлено советское правительство большевиками, летом 1921 года ему пришлось отправиться в беженство и он приехал в Париж через Стамбул, почти до конца жизни остался жить во Франции. Мустафа Чокай, прожив в беженстве 20 лет, участвовал в различных международных конференциях, а также регулярно оповещал мировое общество о настоящем положении в Туркестанском регионе (в советских республиках Средней Азии и Казахстана), оставшегося под насилием советского правительства и большевиков. Своими публицистическими и историческими статьями он

---

<sup>3</sup>Ражабов Қ. Мустафо Чўқай //Ўзбекистон миллий энциклопедияси. Т. 6. –Тошкент: “Ўзбекистон миллий энциклопедияси” Давлат илмий нашриёти, 2003. – Б. 157.

<sup>4</sup>Садыкова Б. Мустафа Чокай. –Алматы: «Алаш», 2004. –С. 231.



призывал международное общество к борьбе против коммунизма и его последствию СССР. Однако имя и произведения Мустафы Чокай были запрещены в его Родине, даже после его смерти 27 декабря 1941 года его проклинали в качестве «националиста» и «предателя», и впоследствии был обречен на забвение.

После распада СССР и образования независимых государств в Казахстане и Узбекистане<sup>5</sup>, где родился Мустафа Чокай и провел определенную часть своей жизни, постепенно начались издаваться его статьи и книги. Ученые Узбекистана и Казахстана в своих научных исследованиях приступили к раскрытию феномена Мустафы Чокай и к серьезному изучению его научного наследия.

Ученые-историки Узбекистана как Р.Раджапова, С.Агзамходжаев, Р.Абдуллаев, К.Раджабов, С.Шадманова, А.Мингнарлов, М.Хайдаров<sup>6</sup>, ученые-литературоведы и публицисты О.Шарафиддинов<sup>7</sup>, Н. Каримов и другие начиная с первых лет независимости серьезно изучали произведения Мустафы Чокай и использовали в своих исторических исследованиях богатые и достоверные сведения произведений. Также в коллективных монографиях<sup>8</sup>, посвященных первым годам советского правительства в истории Туркестана, этот вопрос был освещен вполне широко. В “Национальную энциклопедию Узбекистана” была добавлена статья о Мустафе Чокай<sup>9</sup>. В учебнике “История Узбекистана”, изданном в Ташкенте,

---

<sup>5</sup> *Мустафо Чўқай*. Туркистон Шўролар ҳокимияти даврида //”Эрк” (Тошкент), № 14 – 22, 1990 йил 28 август, 4 сентябрь, 11 сентябрь, 17 сентябрь, 24 сентябрь, 1 октябрь, 8 октябрь ва б.; *Мустафо Чўқай*. Туркистон ёшларига //”Эрк”, № 2, 1991 йил давр (январь); *Мустафо Чўқай ўзли*. Истиклол жаллодлари (1917 йил хотиралари). Сўзбоши муаллифи Б.Қосимов. –Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги Нашриёт-матбаа бирлашмаси, 1992. – 80 бет.

<sup>6</sup> *Аъзамхўжаев С.* Туркистон Мухторияти: миллий-демократик давлатчилик қурилиши тажрибаси. –Тошкент: “Маънавият”, 2002. – 168 бет; *Раджабов Қ.К.* Мустақил Туркистон фикри учун мужодалалар (1917 – 1935 йиллар). –Тошкент: “Ўзбекистон”, 2000. – 32 бет; *Раджабов Қ., Хайдаров М.* Туркистон тарихи (1917 – 1924 йиллар). –Тошкент: “Университет”, 2002; *Раджабов Қ.* Фарғона водийсидаги истиклолчилик ҳаракати: моҳияти ва асосий ривожланиш босқичлари (1918 – 1924 йиллар). –Тошкент: “Yangi nashr”, 2015. – 240 бет; *Агзамходжаев С.* История Туркестанской Автономии (Туркистон Мухторияти). –Ташкент: ИПО “Тошкент ислом университети”, 2006. – 268 стр.; *Шодмонова С.* Немис ва турк тарихшунослигида совет мустамлакачилигига қарши кураш масалалари (1917 – 1924 йиллар). –Тошкент: “Abu matbuot-konsalt”, 2008. – 128 бет; *Хайдаров М.* Ўзбекистонда совет давлати бошқарув тизими: шаклланиши, босқичлари ва моҳияти (1917 – 1941 йиллар). –Тошкент: “Abu matbuot-konsalt”, 2012. – 272 бет; *Мингнарлов А.* Туркистондаги ижтимоий-сиёсий жараёнларнинг миллий матбуотда ёритилиши (1917 – 1918 йиллар). –Тошкент: “Истиклол нури”, 2013. – 156 бет; *Абдуллаев Р.* Национальные политические организации Туркестана в 1917 – 1918 годы. –Ташкент: “Navro’z”, 2014. – 219 стр.; 2-е издание. –Ташкент: “Adabiyot uchqunlari”, 2016. – 284 стр.

<sup>7</sup> *Шарафиддинов О.* Истиклол фидойилари. Мустафо Чўқай, Чўлпон, Отажон Ҳошим (Ҳаётий лавҳалар. Хужжатлар. Ривоятлар). – Тошкент: “Шарқ”, 1993. – 144 бет.

<sup>8</sup> Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости. Научный редактор: Р.Я.Раджапова. –Ташкент: «Шарқ», 2000. – 672 стр.; Ўзбекистоннинг янги тарихи. 2-китоб. Ўзбекистон совет мустамлакачилиги даврида. Илмий муҳаррир: М.Жўраев. –Тошкент: “Шарқ”, 2000. – 688 бет.

<sup>9</sup> *Раджабов Қ.* Мустафо Чўқай. Ўзбекистон миллий энциклопедияси. Т. 6. –Тошкент: “Ўзбекистон миллий энциклопедияси” Давлат илмий нашриёти, 2003. – Б. 157.

деятельность Мустафы Чокай заняла свое законное место<sup>10</sup>. Были изданы специальные статьи о деятельности Мустафы Чокай<sup>11</sup>.

А в Казахстане деятельность Мустафы Чокай была специально изучена братскими казахскими учеными, а также было издано множество книг историками, филологами, политологами. В особенности, нужно обратить внимание на произведения Дархана Хыдыралиева<sup>12</sup> и Бахит Садыковой<sup>13</sup>. Воспоминания супруги Мустафы Чокай – Марии Чокай<sup>14</sup> о нем были изданы на русском и казахском языках. Кроме того, в Казахстане в 1998 – 1999 годах были изданы избранные произведения Мустафы Чокай<sup>15</sup> в двух томах, а потом и в трех томах.

Следует отметить, что в 2001 году российские и японские исследователи во взаимном партнерстве издали воспоминания Мустафы Чокай на русском языке в Токио и в Москве<sup>16</sup>. Также произведения Мустафы Чокай и научные исследования о нем изданы и в Турции на турецком языке.

В Институте востоковедения имени Р.Б.Сулейманова Республики Казахстан был издан 12-томный сборник полных произведений Мустафы Чокай. Является характерным случаем, что произведения Мустафы Чокай, вошедшие в эти книги, были изданы на том же языке и орфографии, что в оригинале. Мустафа Чокай свободно владел около десяти языками, а также писал и издавал свои произведения на тюркском (староузбекском), узбекском, казахском, русском, английском, немецком, французском, турецком, польском, грузинском и других языках. Эти книги были подготовлены к изданию группой специалистов под руководством известного казахского ученого, доктора исторических наук, профессора Кушима Есмагамбетова и изданы за короткий срок с одинаковой плотной и

---

<sup>10</sup> *Ражабова Р.Ё., Каримов Р.Х., Оқилов Қ.О., Ибрагимова А.Ю., Алимов И.А., Исҳоқов Ф.Б.* Ўзбекистон тарихи (1917 – 1991 йиллар). 9-синф учун дарслик. Илмий муҳаррир: А.Аскарлов. – Тошкент: “Ўқитувчи”, 1994. – 400 бет; *История Узбекистана (1917 – 1993 гг.).* 9 класс. Руководитель авторского коллектива и научный редактор: Р.Я.Раджапова. Под общей редакцией А.А.Аскарлова. –Ташкент: «Укитувчи», 1995. – 344 стр.; *Алимова Д.А., Каримов Р.Х., Оқилов Қ.О., Ражабов Қ.К., Алимов И.А., Маврулов А.П.* Ўзбекистон тарихи (1917 – 1991 йиллар). 10-синф ўқувчилари учун дарслик. Масъул муҳаррир: Д.А.Алимова. –Тошкент: “Шарқ”, 2000. – 416 бет; *Алимова Д.А., Каримов Р.Х., Акилов К.А., Раджабов Қ.К., Алимов И.А., Маврулов А.А.* История Узбекистана (1917 – 1991). Учебник 10 класса. Ответственный редактор: Д.А.Алимова. –Ташкент: «Шарқ», 2002. – 272 стр. ва бошқалар.

<sup>11</sup> *Раджабов К.* Мустафа Чокай – председатель правительства Туркистон Мухторияти и один из основных идеологов движения за независимость в Туркестане // «История Турана» (Ташкент), 2015. № 5-6. –С. 11 – 17.

<sup>12</sup> *Қыдыралиев Д.* Мустафа Шоқай. – Астана, 2007. – 287 бет.

<sup>13</sup> *Садыкова Б.* История Туркестанского легиона в документах. –Алматы: «Қайнар», 2002. – 248 стр.; *Она же.* Мустафа Чокай. –Алматы: «Алаш», 2004. – 238 стр.; *Она же.* Мустафа Чокай в эмиграции. –Алматы: «Мектеп», 2009. – 348 стр.

<sup>14</sup> *Мария Чокай.* Я пишу Вам из Нождана... (воспоминания, письма, документы). Составление и перевод Б.Садыковой. –Алматы: «Қайнар», 2001. – 208 стр.

<sup>15</sup> *Мустафа Шоқай.* Тандамалы. Шағатай тіл – жаздыным қазіргі қазақ тіл-жазуына аударған және курастырған Айтан Нусіпхан. Бірінші том. –Алматы: «Қайнар», 1988. – 512 бет; Екінші том. – Алматы: «Қайнар», 1999. – 520 бет.

<sup>16</sup> *Мустафа Чокайв.* Отрывки из воспоминаний о 1917 г. Составление, предисловие, примечания С.М.Исхакова. –Токио-Москва, 2001. – 53 стр.

красивой обложкой в издательстве «Дайк-Пресс» города Алматы соответственно современным требованиям полиграфии в тысячном тираже. И вправду, произведения Мустафы Чокай, содержащие больше чем 400 печатных листов, были изданы в его Родине в прекрасном виде соответственно памяти этой великой личности<sup>17</sup>.

15 октября 2015 года на международной научной конференции на тему «Мустафа Чокай: политик и ученый», организованной к 125-летию юбилею дня рождения Мустафы Чокай Институтом востоковедения имени Р.Б.Сулейманова в Национальной библиотеке Республики Казахстан в городе Алматы, прошла выставка 12-томного сборника полных произведений Мустафы Чокай, изданного впервые. На научной международной конференции приняли участие ученые-специалисты из таких стран, как Узбекистан (К.К.Раджабов), Азербайджан (С.А.Рустамова-Тогида), Казахстан (К.Л.Есмагамбетов, М.К.Койгелдиев, С.О.Смагулова, Х.М.Абджанов, А.Бакир, А.Айтали, К.Абишев), Турция (Ефтал Шукру Батмаз, Сефа Хакимоглу), Франция (К.Пужоль), Российская Федерация (С.М.Исхаков), и поделились мнениями о научной и политической деятельности Мустафы Чокай. Наряду с конференцией также прошли выставки 12-томного сборника произведений Мустафы Чокай, а также библиографического указателя Мустафы Чокай<sup>18</sup>, изданного в Алматы в 2005 году, первого тома произведений Мустафы Чокай, изданного на турецком языке Сефой Хакимоглу в Турции. Материалы международной конференции<sup>19</sup> были изданы в виде отдельной книги в Алматы в 2015 году.

В первом томе 12-томного сборника полных произведений Мустафы Чокай заняли место исследования многосторонней деятельности великого политика и государственного деятеля. Эти исследования связаны друг с другом и образуют общую научную монографию. Автором данного тома

---

<sup>17</sup>Мустафа Шоқай. Шығырмаларының толық жинағы. Он екі томдық [Том I-XII]. Қурастырған, алғы сөз бен тусіндіртелерді жазған Қошім Есмағамбетов.

Том I. Жинаққа кіріспе. Қуреспен откен ғутыр. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. – 544 бет.

Том II. 1913 – 1924. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. – 640 + VIII бет.

Том III. 1925 – 1929. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. – 668 + IV бет.

Том IV. 1929 – 1930. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. – 532 + II бет.

Том V. 1930 – 1931. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2013. – 540 + II бет.

Том VI. 1931 – 1933. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2013. – 523 + IV бет.

Том VII. 1933 – 1934. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2013. – 571 + II бет.

Том VIII. 1935. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2013. – 560 + II бет.

Том IX. 1935 – 1937. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2014. – 568 + II бет.

Том X. 1937 – 1939. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2014. – 618 + II бет.

Том XI. 1939 – 1941. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2014. – 544 + IV бет.

Том XII. Хаттар земінде [1920 - 1941]. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2014. – 474 + II бет.

<sup>18</sup> Мустафа Шоқай (1890 – 1941) Библиографиялық қорсеткіш. Жоба жетекшісі: К.Л.Есмағамбетов. Идея авторы: Э.Бекір. Қурастырғандар: Б.С.Балғымбаева, Д.А.Қыстаубаева, Сефа Хекимоғлы. – Алматы, 2015. – 414 бет.

<sup>19</sup> Мустафа Шоқай: саясаткер және Ғалым. Мустафа Шоқай: политик и ученый. Материалы международной научной конференции: «Мустафа Шоқай: политик и ученый». 15 октября 2015 г. – Алматы: «Арыс», 2015. – 288 стр.

является доктор исторических наук, профессор Кушим Лекерович Есмагамбетов.

Сборник полных произведений Мустафы Чокая, вошедший во II – XII тома, подготовлен к изданию под руководством К.Л.Есмагамбетова такими казахскими исследователями, как А.Ш.Нурманова, Д.Е.Медерова, Э.М.Есполова, К.С.Курманбаева, А.С.Альнурова, Б.Д.Дюсенев, А.А.Дюсембаева, Б.К.Баймаханов.

Здесь мы хотели бы подробно рассказать о научной деятельности Кушима Есмагамбетова, сыгравшего важную роль в процессе подготовке к изданию произведений Мустафы Чокай.

*Есмагамбетов Кушим Лекерович* родился в 1938 г., окончил с отличием Университет дружбы народов П. Лумумбы (г. Москва) по специальностям: историк и переводчик английского языка (1965 г.).

В 1965-2002 гг. находился на преподавательской работе в вузах г. Алматы, занимал должности заведующего Протокольным отделом Министерства иностранных дел, помощника министра высшего и среднего специального образования республики, начальника отдела внешних связей Министерства финансов Республики Казахстан, руководителя Центра социальных и гуманитарных наук Главной редакции «Қазақ энциклопедиясы», директора Центра научно-технической информации по документоведению и архивному делу Республики Казахстан.

С января 2003 года работает главным научным сотрудником Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова Комитета науки МОН Республики Казахстан.

Он, став у истоков издания энциклопедической литературы в республике, приложил большое усилие в объективное отражение исторической истины на ее страницах. Принял непосредственное участие в подготовке и издании 13-томной «Қазақ ССР энциклопедиясы», краткой энциклопедии «Казахской ССР» (в 4-х томах на казахском и русском языках), национальной энциклопедии «Қазақстан», а также таких изданий как «Философиялық сөздік» (Алматы, 1995), «Чудеса» (Алматы, 1991), «Кто есть кто в казахстанской науке» (1999), «Сакский воин». Под его научно-методическим руководством впервые в Казахстане издан фундаментальный труд «Свод памятников истории и культуры Казахстана» (Алматы, 1994. 64 печатных листов). весом его вклад и в выпуске региональных энциклопедий: «Акмола», «Западно-Казахстанская область», «Северо-Казахстанская область» и др.

Сотрудничая в течение многих лет с архивными учреждениями Республики на общественных началах, способствовал сохранению и умножению исторических источников. На страницах. «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» и др. активно пропагандировал Государственную программу «Культурное наследие». Становление журнала «Қазақстан мұрағаттары» также связано с его именем как первого главного редактора этого издания. Свою основную работу

совмещал с работой советника Генерального директора Национального архива РК.

Является экспертом государственной научно-технической экспертизы. Приоритетным в его разносторонней деятельности представляется изучение актуальных проблем истории Казахстана. Он по праву признан основоположником исследования зарубежной историографии истории Казахстана («Алаш». Историко-этнологический журнал. №5 (20). 2008. С. 142-143.). По этой специальности он защитил кандидатскую, докторскую диссертации, получившие высокую оценку научной общественности.

Им опубликовано 20 книг, более 300 научных статей. Под его руководством подготовлено 13 кандидатов и 10 докторов наук.

Для научной деятельности К.Л. Есмагамбетова характерно исследование неизвестных широкому кругу, к тому же сложных проблем истории Казахстана, требующих кропотливых поисков в зарубежных архивах и библиотеках.

К числу таковых относится изучение жизни и деятельности крупного политического деятеля Мустафы Чокай (1890-1941), всю свою жизнь посвятившего борьбе за независимость Туркестана (куда он включал и Казахстан). По этой теме он опубликовал двухтомную работу «Эпистолярное наследие М. Шокая» (2006), учебное пособие десятки научных статей. За монографию «Әлем таныған тұлға» (2008 г.) удостоен премии имени Ч.Ч. Валиханова.

Монография значительно расширила и углубила познание читателей об алашском движении. На ее основе разработаны и введены спецкурсы в учебный процесс многих вузов Республики, проводятся научно-теоритические конференции, организован научно-исследовательский центр «М. Чокай» в г. Кызылорде.

Особенно следует отметить огромную научную работу, сделанную ученым в последнее время, а именно издание «Полного собрания сочинений Мустафы Шокая» в 12 томах, общий объем которых составляет более 400 п.л.

Отражением интереса международной общественности к этому труду является перевод первого тома на турецкий язык и издание в авторитетном Стамбульском издательстве «Отюкен» («TürkistanMüsadelesineAdanmisÖmür:»MustafaÇokay. Istanbul: Ötuken, 2015).

В 2007 году Указом Президента Республики Казахстан К.Л. Есмагамбетов награжден медалью «Ерен еңбегі үшін», в 2008 г. – медалью «10 жыл Астана».

В ноябре месяце 2016 года профессор К. Есмагамбетов скончался в городе Алматы Республики Казахстан.

Во II том 12-томного сборника полных произведений Мустафы Чокай вошли произведения, написанные им в 1913 – 1924 годах. В данном томе размещены речь Мустафы Чокай на IV съезде Всетуркестанских мусульман, открытого в Коканде 26 ноября 1917 года, различные документы и указы правительства Туркестанской Автономии, а также статьи Мустафы Чокай

“Пантюркизм” и “панисламизм” в Средней Азии”, “Мятежная Фергана”, «Национальный вопрос и межнациональные отношения в Туркестане», «Этапы советской восточной политики Коканд и Гянджа», «Большевизм и Анатолийское движение», «Туркестан и советская власть», «Разговор с туркестанским коммунистом», «Советская власть в Туркестане», «Джемаль-паша в Ташкенте», «Энвер, съезд народов Востока и туркестанский вопрос», «Красный Восток», «Судьба Бухары», «Бухара», «Киргизская Советская Республика», «Правда о Туркестане», «Кемалисты и большевики», «Гибель хлопководства в Туркестане», «Встреча с Нури-пашой», «Усиление басмачества в Туркестане», «Большевики и восточный вопрос», «Большевики и «басмачи», «Борьба за независимость Грузии и мусульмане», «Киргизы под советской властью», «Голод в Киргизии», «Бухарское движение», «Энвериада», «К событиям в Туркестане», «В сов[етском] Туркестане», «Керенский, курдское восстание и ... мы», «К вопросу об армяно-мусульманских отношениях», «Энвер-Паша в Советской России и Средней Азии», «Голод и голодная политика большевиков в Туркестане», «Голод в Туркестане», «Индусские националисты о политике большевиков в Средней Азии», «Большевики и Бухара», «Замнарком» Бройдо», «Бухарский опыт», «О восстаниях в Туркестане», «Голод в Фергане и участие Советской власти в его организации», «Корни восстаний в Бухаре», «Хлопководство», «Фергана в развалинах», «Советизация Туркестана», «Суровая действительность Туркестана», «В Средней Азии», «Просвещение Туркестана», «В «Новом Туркестане», «В Туркестане», «Восстание в Хиве», «Наследие Ленина в Туркестане», «Туркестанская «Тамаша», «Халат Хидыр Алиева», «Голод», «В Красном Туркестане» и другие произведения.

Мы посчитали нужным постоянно приводить цитаты с 2-3 произведений каждого тома, чтобы дать более полные сведения читателям, особенно узбекским читателям о произведениях Мустафы Чокай.

В статье Мустафы Чокай “Бухарское движение”, написанной 1-2 апреля 1922 года есть важные мнения о захвате Бухарского эмирата большевиками и красной армией, о народном восстании в Бухаре против захватнических красных солдат. Мустафо Чокай в начальной части статьи пишет так:

«Западный читатель знает или слышал о существовании Бухарской, Хорезмской (бывшая Хива) и Туркестанской советских республик; он недостаточно ясно представляет себе степень свободы и независимость их от Москвы, и западный читатель, наверное, не знает о событиях, происходящих в этих республиках, событиях, которые при самом беглом ознакомлении с ними, скажут нам очень многое, над чем стоит призадуматься.

В настоящей заметке я ограничусь описанием положения Бухары и событий, происходящих там в эти дни»<sup>20</sup>.

---

<sup>20</sup>Мустафа Шоқай. Бухарское движение // Мустафа Шоқай. Шығырмаларынын толық жинағы. 12 томдық. Том II. 1913 – 1924. –Б. 286.

Мустафа Чокай в других пунктах своей статьи следующим образом описывает захватнические и грабежные действия красной армии:

“Заявления и протесты отдельных руководителей Советской Бухары по поводу нарушения большевиками своими обещания и игнорирования бухарской независимости или оставались без ответа или вызывали угрозу судом революционного трибунала. Так, не получили бухарцы ответа до сих пор на свою просьбу о возвращении обратно вывезенного из Бухары усилиями и распоряжениями Фрунзе (в 1920 г. команд[ующий] Туркестанскими красными войсками) 13 вагонов золота, серебра, драгоценных вещей и камней. В довершение ко всему этому под видом реквизиций и конфискаций шел форменный грабеж. Так, в двух только районах – Курган-Тепе и Гюррям<sup>21</sup> число пострадавших от реквизиций достигло в 1921 г. до 50 000. Население пограничных с Афганистаном местностей стало переходить на афганскую территорию под защиту афганских властей (в 1921 г. перешло афганскую границу до 10 000 туркмен). Все эти факты замалчивались, а когда сведения о них попали на страницы английских газет, бухарский совнарком, по требованию комиссара по иностранным делам Туркестана Гепнера (назначен из Москвы) и представителя сов[етской] власти в Афганистане Раскольников, вынужден был заявить протест против «измышлений» англичан. Больше того, бухарский совнарком должен был опровергнуть и отрицать даже самый факт пребывания в пределах Бухары русских красных войск”<sup>22</sup>.

В статье Мустафы Чокай “Фергана в развалинах”, изданной 28 октября 1923 года в газете “Дни”, издаваемой в Париже на русском языке, следующим образом изображено состояние голода в Ферганской долине и неработоспособность орошательных сетей:

“Официальная комиссия, обследовавшая положение Ферганской области, представила следующий доклад СТО: “Ирригационная система Ферганы, являющаяся основой земледельческого хозяйства, разрушена местами до 70 %. Отсутствие надзора, ремонта, ветхость основных сооружений, запущенность и засоренность каналов свели орошаемую площадь до 315 000 десятин, вместо 980 000 дес. В текущем году весенние паводки разрушили головные сооружения, давно не ремонтировавшиеся, и затопили несколько десятков тысяч десятин, совершенно уничтожив посеvy. Целые районы за разрушенностью распределительных резервуаров лишились воды и 150 000 десятин погибли из-за отсутствия воды. В 1923 году 80 % орошаемой земли осталось незасеянной. Земледельцы, распродав на базарах имущество и часть скота, переселились в китайский Туркестан. Сейчас обеспеченность населения хлебом достигает лишь 1/10 фунта в сутки на едока.

Уезды Наманганский, Андижанский, Кокандский и Маргеланский объята сплошным голодом. По данным Туркестанского ЦИКа в настоящее

<sup>21</sup>Здесь подразумевается Гиссар.

<sup>22</sup>Мустафа Шоқай. Бухарские движения... Том II. 1913 – 1924. –Б. 290 – 291.

время буквально голодает 480 000 человек, а нуждающихся в правительственной помощи достигло до 635 000 человек. Хозяйственные органы области не функционируют, предприятия заброшены, госторговля отсутствует. Налоговые поступления сократились на 95 %. Местная власть не в состоянии бороться с разрухой края и не проявляет должной инициативы в борьбе с голодом и с разрухой. Смертность среди голодающих достигла 20 %, а среди малолетних 50 %. Приютов и общественных столовых даже в крупных населенных пунктах не имеется, один врач приходится на 80 000 человек местного населения. Хлопковые плантации сохранились только в 15 % против 1914 г.»<sup>23</sup>.

В III том 12-томного сборника полных произведений входят произведения Мустафы Чокай, написанные в 1925 – 1929 годах. Сюда вошли статьи Мустафы Чокай «Бухарские ленинцы», «Дело просвещения», «Опять о повстанчестве в Средней Азии», «Советская система взяток», «Революционные» силы Бухары», «Калинин в Туркестане», «Политика Куропаткина в Туркестане в 1916 г.», «Народные просвещения в Узбекистане», «Опять басмачи в Туркестане», «Политические убийства в Туркестане», «Господа «ташкентцы» из РКП», «Ташкентские истории», «Размышления Ахунбабаева», «В Узбекистане», «Нападение басмачей», «В Туркестане», «Коммунисты в Средней Азии», «Волнения в Туркестане», «Коммунисты среди басмачей», «Женотделы и эмансипации узбекских женщин», «В Средней Азии нет хлеба», «Правда и ложь об Узбекистане», «Голод у киргиз», «В советском Казахстане», «СССР и сопредельный Восток», «Басмачество», «Просвещение в Хиве», «Безработица в Ташкенте», «Большевики и Афганистан», «Дело канемихских правителей», «Национальные движения в Средней Азии», «Теория и практика советской национальной политики в Туркестане», «Голодная политика» советской власти в Туркестане (свидетельство Турара Рыскулова)», «Туркестану угрожает голод», «О русской переселенческой политике», «Рабочее настроение в Средней Азии», «Господа ташкентцы», «О басмаческом движении в Туркестане», «В Туркестане» и другие его произведения.

В статье Мустафы Чокай «О басмаческом движении в Туркестане», написанной 19 ноября 1928 года, изучаются причины возникновения движения за независимость в Туркестане, его сущность и этапы развития, деятельность курбаши, а также причины поражения движения за независимость. Статья состоит из 4 частей «О причинах “басмачества” в Туркестане», «На какие слои населения опирались повстанцы?», «Роль Энвер-паши и Джемал-паши», «Повстанчество в Хиве», автор называет в своей статье “басмачи” повстанцами. Свою статью Мустафа Чокай начинает следующим определением понятия “басмачество”:

«Басмачество», как повстанческое движение в Туркестане (Средней Азии), ныне уже прекратилось. В тех изредка попадающихся в ташкентских газетах сообщениях о «басмачах», о суде над ними, речь идет не о

---

<sup>23</sup>Мустафа Шоқай. Фергана в развалинах... Том II. 1913 – 1924. –Б. 447 – 448.



повстанцах, а о разбоях и грабежах. Надо знать, что слово «басмачи» на узбекском наречии означает «разбойник», «грабитель», «бандит». Эта кличка дана была туркестанским повстанцам по тем же самым основаниям, по которым вообще враждующие стороны называют части противников просто «бандой». Так, во время последней великой войны мы часто слышали: «немецкие банды», «русские банды» и т.д.»<sup>24</sup>.

Мустафа Чокай в своей статье уделяет огромное внимание изображению востания в Хорезме, поднятого Джунаидханом:

«Повстанческого движения, сказал я выше, ныне в Туркестане нет. Последняя вспышка повстанчества имела место больше года тому назад. Это было выступление главаря хивинских туркмен Джунаидхана и его ближайших сподвижников Шалтай-Батыра и Анна-Бала.

Два года перед тем Джунаид-хан оставался спокойно. Одно время он даже признал было советскую власть, послал на советский съезд в Асхабад (столица Туркменстана) своих представителей с изъявлением покорности. С своей стороны и советское правительство, учтя популярность Джунаид-хана и не рискуя вести с ним борьбу, в которой быстрый успех советского оружия казался под большим сомнением, охотно примирилось с своим самым опасным и упорным врагом в Средней Азии и даже согласилось оставить при Джунаидхане его многочисленную личную охрану («джигитов»). Но и после этого официального примирения Джунаид-хан оставался в песках, в Ташаузском районе (Кзыл-Кумские пески) и не показывался в городах. Обе стороны – и большевики и Джунаид-хан – таили глубокое недоверие друг к другу и ждали удобного случая – большевики, для того, чтобы покончить навсегда с Джунаид-ханом, а этот последний, чтобы снова сесть на коня и взяться за ружье. Джунаид-хан не мог не знать, что в единоборстве туркменских повстанцев с красной армией все шансы успеха на стороне последней. Джунаид-хан должен был в этом убедиться после гибели одного из самых отважных главарей туркменских повстанцев Якши-Гельды в сентябре 1925 года»<sup>25</sup>.

## **МУСТАФА ШОҚАЙДЫҢ 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ТУРАЛЫ ШҚІРЛЕРІ**

*Вежихи Сефа Фуат Хекимоглу* Түркия, Күтахия Думлупынар  
Университетінің доценті, PhD

Мұстафа Шоқайдың саяси күресінде оның өз күшімен шетелде шығарған «Яш Түркістан» журналының алатын орны ерекше. 1929 жылы желтоқсанда жарық көрген алғашқы санынан бастап, журнал он жылдай жарияланып тұрды. 1930 жылдары Парижде тұрған Мұстафа Шоқай

<sup>24</sup>Мустафа Шоқай. О басмаческом движении в Туркестане // Мустафа Шоқай. Шығырмаларының толық жинағы. 12 томдық. Том III. 1925 – 1929. –Б. 539 – 540.

<sup>25</sup>Мустафа Шоқай. О басмаческом движении в Туркестане... Том III. 1925 – 1929. –Б. 540 – 541.

Германияда білім алып жүрген Тахир Шағатай, Абдулвахап Октай, Ибрахим Ярқын сынды түркістандық жастардың қолдауымен Берлинде «Яш Түркістан» журналын басып шығарды.

Елінен жырақта жүрсе де, туған елі мен Шығыс Түркістандағы жақтастарымен үнемі байланыста болған Мұстафа Шоқай, осы журналы арқылы бүкіл әлемнің назарын кеңестік жүйенің зорлықшыл саясатынан жапа шеккен түркі халықтарының ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресіне аударады. Сонымен қатар журналда әлемдік саясаттағы маңызды оқиғалар да орын алды.

Назарларыңызға ұсынылып отырған осы мақалада Мұстафа Шоқайдың 1930-жылдары Қиыр Шығыс пен Шығыс Түркістанда орын алған оқиғаларға деген көзқарасы қарастырылды.

### **Жапон-қытай соғысы және Манджурия мәселесі**

1905 жылғы орыс-жапон соғысынан кейін Жапония Манджурия аумағына кіре бастаған еді. Жапонияның Квантун армиясы 1931 жылғы 18 қыркүйекте қытайлықтардың Оңтүстік Манджурия теміржолында бүлік көтеріп, Жапония 19 қыркүйекте Қытайдың солтүстік-шығыс бөлігіндегі ірі қалалардың бірі Мукденді (қазіргі Шэньян қаласын) басып алады.

Ресей 1905 жылы жеңіліске ұшырағаннан кейін Манджурия теміржолының оңтүстік бөлігін (800 км) Жапонияға қалдырған. Жапония осы теміржолмен қоса Ляо-дун түбегін (Порт-Артур қаласымен бірге) де басып алып, Кореяны қорғауды өз қолына алады. Бастапқыда бұл оқиға болмашы бір себептен туындайды. 1938 жылдың шілдесінде Манджурияда «Накамура» есімді жапон офицері өлтірілгеннен кейін Жапония осы аймақты жаулап алады [1, 23 б.]. Бұл мәселені шешу үшін 1931 жылы 16 қараша - 10 желтоқсан аралығында Парижде Ұлттар Лигасының<sup>26</sup> кезектен тыс отырысы өтеді. Отырыста жапон әскери күштерін Манджуриядан тезірек шығару, Оңтүстік Манджурия теміржол желісіне қарай шегіндіру және екі тараптың (Қытай мен Жапония) арасындағы жағдайдың одан әрі шиеленісуіне жол бермеу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану туралы шешім бірауыздан қабылданды [2, 32 б.].

Мұстафа Шоқай «жапон-қытай қақтығысының» алғашқы күнінен бастап «Яш Түркістан» журналында осы мәселені талқылап, журналдың алдағы сандарында бұл мәселеге баса назар аударылатынын мәлімдеді.

Өңірдегі жағдай ушыға түскенімен, Ұлттар Лигасы ешқандай шара қолданбады. Лиганың Жапония мен Қытайға қатысты қабылдаған шешімдері күтілген нәтижеге қол жеткізбеді. Жапондар «қытай бандыларына қарсы күресу керек» деген желеумен Манджурияның барлық қалаларын басып алды. Мұстафа Шоқай Қытайдың Франция, Англия және АҚШ сияқты ұлы державалар мен Ұлттар Лигасынан көмек күтуін *«сусыз шөлден су іздеуге»* теңестірді. Ол осы оқиғаларға байланысты *«Жапонияның көптен бері айтылып жүрген бағдарламасын жүзеге асыруы әбден мүмкін. Басқаша*

---

<sup>26</sup> Ұлттар Лигасы 1920 жылы Версаль бейбіт келісімі конференциясында құрылды. Бастапқыдағы мүше елдердің саны – 44 мемлекет.

*айтқанда Манджурия Қытайдан бөлініп, ол жерде дербес әкімшілік құрылып, Жапонияның қарқынды ықпалында бір мемлекет болады. Содан кейін бұл жердің тәуелсіз мемлекет болғаны әлемге жарияланады» [3, 28-29 б.]* деп, өзінің көреген саясаттанушы екенін көрсете білді.

Мұстафа Шоқай жапония-қытай соғысында басқа мемлекеттердің осы қақтығысқа қалай қарайтынын жіті назарда ұстады. Бұл соғыста Қытайды қолдаған мемлекеттер шын мәнінде Қытай емес, Қиыр Шығыстағы өз мүдделерін ойлаған еді. Мұстафаның пайымдауынша, Қытай Жапонияны жеңген жағдайда, Қытайдағы шетелдіктердің артықшылық құқығына қауіп төнеді. Сондықтан Қытай үкіметі мен Гоминьдан партиясының наразылықтары шет мемлекеттер тарапынан тиісті қолдау көрмеді. Қытайдың апаты өз құқығын өз күшімен қорғауға күші жетпегендіктен туындады [3, 30 б.]

1930 жылдың бас кезінде Жапония, АҚШ және Кеңес Одағы Тынық мұхит жағалауы үшін қатаң бәсекелестікке кірді. Бұларға қоса, Еуропаның Англия, Франция, Италия, Бельгия және Нидерланды сияқты бірнеше елі де Қытай нарығына қызығушылық білдірді. 1922 жылы Вашингтонда Қытай нарығын жалпы шетел мемлекеттерінің емес, Жапонияның біржақты басып алуынан құтқару мақсатында конференция өтіп, онда 9 мемлекеттің (олардың ішінде Жапония да бар) мақұлдауымен «Жаңа заң және ашық есік» атты Жарлық қабылданған еді. Кеңес Одағы бұл конференцияға қатыспағанымен, оның Қиыр Шығыстағы мүддесін қорғауды АҚШ өз мойнына алды. Жапонияның Қиыр Шығыстағы операциясы большевиктерге қарсы АҚШ саясатының өзгеруіне әкеп соқты. Америкалық газеттер тіпті жапондық қауіпке қарсы Кеңестік Ресейге экономикалық көмек көрсету қажеттігі туралы жаза бастады. Италияның фашистік көсемі Муссолини әлемдегі барлық ақ нәсілділер «сары қауіпке» қарсы бірігуі керек деп мәлімдеді. Осы оқиғаларды жіті зерделеп отырған Мұстафа Шоқай, саяси-құқықтық теңдік үшін күрескен Азия халықтарының өзара ортақ келісімге келе алмауы – оларды ашкөз басқыншылардың құрбанына айналдыратыны туралы өкінішін білдірді [4, 35 б.]

Жапония үкіметі Қытайға басып кіргеннен кейін Манджурияда «Манчуко» деп аталатын мемлекеттің тәуелсіздігін жариялап, бүкіл әлемді алаңдатты. Жапонияның империалистік әрекеттері кеңестік баспасөзде де сынға алынды. Дегенмен, Мұстафа Шоқайдың айтуынша, Кеңес Одағының Қытайды қолдауы шынайы емес еді. Еуропадағы кейбір иммигрант орыстардың Кеңес Одағының Қытайға қарсы ұстанып отырған саясатын ұмытып, Жапонияның Манджурияны басып алуына олардың өз жерін басып алғандай ызалануы Мұстафаны таң қалдырады. Өйткені, Қытай жеріне алғаш қақтығыс бастаған мемлекет Ресей болатын. 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында Ресей жеңіліске ұшырамағанда, Манджурияны да басып алар еді. Бұл жердегі негізгі мәселе, әрине, орыстар үшін қытай мүддесінің құндылығында және Манджурияның Қытай билігінде қалуын қалайтындығында емес, Манджуриядағы орыс империализмінің аяқталып, жапондық саяси ықпалдың бірте-бірте күшейе түсуінде еді.

Мұстафа Шоқай, Манджуриядағы жаңа жағдайға байланысты өз пікірін былайша білдіреді: «Манджурия Қытай ұлттық аумағының құрамдас бөлігі ме? Әлде Қытайға мемлекеттік бірлік арқылы ғана қосылған бөлек ел ме? Манджуриялықтар қытайлардан бөлек халық па? Осы халық бұқарасы мен оларды басқарған зиялылар тобы Қытайға қарсы тәуелсіздік үшін күреске түсіп жатыр ма? Егер Манджурия жеке ұлттық мемлекет, ал манджуриялықтар қытайлардан бөлек халық болса, олар Қытай мемлекетімен және қытайлармен тек мемлекеттік бірлікте ғана болса, біздің жанашырлығымыз, әрине, Манджурия жағында болуы керек» [5, 36-37 б.].

Мұстафа Шоқай ұлы державалардың Қытайдың аумақтық тұтастығын ешқашан ойламағанын, олардың негізгі мақсаттары аймақтағы жеке мүдделері екеніне үнемі назар аударып отырды. Өйткені 1912 жылы Ресей бүкіл әлемнің көз алдында Моңғолияны Қытайдан бөліп алып, онымен «Достық шартына» қол қойып, өз отарына айналдырған уақытта да, Кеңес Одағы Қытайдың осы аймағында Моңғол Халық Республикасы деп аталатын мемлекет құрып, қытай жерін бөлгенде де, әлем жұртшылығы үнсіз қалған еді [5, 39 б.].

1933 жылғы 24 ақпанда Ұлттар Лигасының Бас Ассамблеясы Манджурия мәселесінде Жапонияның кінәлі екендігі жөнінде шешім қабылдаған кезде Жапония өкілдері отырысты тастап кетті. Манджурия операциясында Жапонияны кінәлі деп тапқан Ұлттар Лигасы Қиыр Шығыста бейбітшілікті қамтамасыз ете алмады. Ұлттар Лигасы Қытайдың Манджуриядағы егемендігін жай ғана «акт» түрінде мойындауының іс жүзінде Қытайға ешқандай пайдасы болмады. Қиыр Шығыс мәселелеріне көбірек қызығушылық танытқан Кеңес Одағы мен АҚШ экономикалық дағдарысқа ұшырап, Жапония мен оның Манджуриядағы басқыншылығына қарсы шара қолдануға қауқары жетпеді. Сол себепті, Жапония Ұлттар Лигасының шешіміне қарамастан, өз саясатын жалғастырды [6, 29 б.]

Ұлттар Лигасының шешіміне сүйене отырып, Қытай 24 мамырда Жапонияға қарсы соғыс жариялауға құқылы еді. Ұлттар Лигасы ақпан айында қабылдаған шешімінде Жапонияның Қытай аумағына кіруін әділетсіз деп есептеп, Қытайға көмектесуге уәде берді. Алайда жапондықтар бүкіл әлемге Қытайдың әлсіз екенін және Жапонияға қарсы соғыста жалғыз күресе алмайтынын көрсетті. Ақырында Қытайдың Жапониямен бейбіт келіссөздер жүргізуден басқа амалы қалмады. Бұған дейін ұзақ уақыт бойы Жапония бейбіт келіссөздер жүргізуді қалағанымен, Қытай ол ұсынысқа мүлдем жанаспаған-тұғын. Қалыптасқан жағдай Қытайды Манджурияны тануға мәжбүрледі.

Бұл мәселеде Кеңес үкіметінің Қытайды қолдауы Мұстафа Шоқайды таң қалдырады. Мәскеу большевиктері империалистік жапондарды Манджуриядан қуып шығарудың қажеттігі туралы басқаларға қарағанда көбірек айтты. Қытайдағы ескі орыс империализмінен мұраға қалған құқықтарын сақтап қалған большевиктердің сол кездегі сүйікті ұраны «Қытайдан қол үз!» еді. Кеңес Одағының Сыртқы істер комиссары Литвинов

Ұлттар Лигасы тарихында Қытай және Қытайдың құқығы туралы ең көп сөз сөйлеген дипломат ретінде қалды. Алайда Кеңес Одағы Жапонияға қарсы өз бетімен күресуге күші жоқ, ешбір мемлекеттен көмек ала алмайтын Қытайды бірінші болып «сатып», қытай мүддесін құрбандыққа шалды. Өздері мен Жапония арасындағы қақтығыстардан қорыққан Мәскеу большевиктері Нанкин үкіметінің наразылығына қарамастан, Манджурия теміржолын Манчукоға дереу сатуды ұсынды [7, 38-39 б.].

Мұстафа Шоқай Қиыр Шығыстағы оқиғаларға да бейтарап көзбен талдау жасап отырды. Сондай-ақ соғыстың Түркістан халқына пайда әкелетін жолмен аяқталуын тіледі.

### **Шығыс Түркістан көтерілісі**

1933 жылы Шығыс Түркістанда Қытай үкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтеріліс басталды. Еуропа жұртшылығы бұл көтеріліс туралы неміс газеттерінен хабардар болса, Мұстафа Шоқай да осы газеттерден алған мәліметтерін «Яш Түркістан» журналы арқылы оқырмандарына жеткізді. Мәселен, «Ангриф» газетінде Үрімші қаласы мұсылмандардың қолына өткені, «Волкзейтунг Кёлн» газетінде көтерілістің Шығыс Түркістанның солтүстік және оңтүстік шекараларына таралып, Моңғолия мен Тибет мұсылмандарының бұл көтерілісті қолдағаны туралы хабарланды [8, 42 б.].

*«Шығыс Түркістанның тағдыры бәрінен бұрын біздерді – түркістандықтарды алаңдатады. Төрттен үш бөлігін түркілер мекендеген Шығыс Түркістан географиялық жағынан атамекеніміз Батыс Түркістанның тікелей жалғасы. Сондықтан біз, түркістандықтар, бұл елді жақыннан білуіміз керек»* [9, 15 б.] деп айтқан Мұстафа Шоқай, «Яш Түркістан» журналының 43-санынан бастап Шығыс Түркістанның тарихы мен өркениеті туралы мақалалар топтамасын жариялайды.

Ғасырлар бойы қытайлардың қол астында болған Шығыс Түркістан халқы басқыншыларға қарсы талай рет бас көтерген еді. 1872 жылы Жақыпбек бастаған көтеріліс Шығыс Түркістан тарихында маңызды орын алады. Осы кезеңде Ресей Батыс Түркістандағы өз позициясын нығайтумен айналысып, Жақыпбектің жеңістерін алаңдаушылықпен бақылап, Құлжа қаласын басып алды. Бұл басқыншылық Қытайға да, Шығыс Түркістанға да қауіп төндірді. Арада біраз уақыт өткен соң, Англияның саяси қысымы және өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан Батыс Түркістандағы қиын жағдайға байланысты, Ресей Құлжадан кетуге мәжбүр болды. Құлжа қаласы қайтадан қытайлықтардың қол астына өткенімен, Ресей Қытай мемлекетінің «Қытай қорғаны» сыртындағы барлық елдерде салықсыз сауда жасау құқығын алды. Осылайша Шығыс Түркістан, Моңғолия, Манджурияны саяси және экономикалық ықпалына алу арқылы артықшылыққа ие болған Ресей, қалыптасқан жағдайдан барынша пайда табудың ең оңай жолын тапты, әрі Шығыс Түркістанның Қашқария аймағында біртіндеп басып алу саясатын жүргізді. Қытайдың үстемдігінен құтыла алмай отырған Шығыс Түркістанға енді Ресейдің отарына айналу қаупі төнді. Екі қара күштің ортасында қалған Шығыс Түркістанның жағдайы мүшкіл, ол жерде ұлттық қозғалыстың күшеюі туралы айту тіпті қиын еді. Англия мен Ресейдің арасында Шығыс

Түркістан, әсіресе Қашғария үшін басқа елдер байқамаған «дипломатиялық соғыс» басталды. Бұл ретте географиялық орналасуы қолайлы Ресей басымдыққа ие болды [10, 10-11 б.].

Мұстафа Шоқай бұл мақаласында Шығыс Түркістан мен Үндістанның арасында 3 жолдың бар екенін, олардың барлығы биік таулармен қоршалғанын және оларды жылда тек бірнеше ай ғана пайдалануға болатынын айтқан. Сонымен бірге, Батыс Түркістан мен Шығыс Түркістан арасында алты жолдың бар екенін, олардың барлығы әрдайым өтуге қолайлы екенін жазған.

Ресей үкіметі Қытайға соғыс ашпай, Англиямен тікелей қақтығыспай, Шығыс Түркістанды экономикалық тұрғыдан толығымен басып алатынына сенімді еді, сондықтан осы бағытта айқын саясат жүргізді. Осы кезде басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс, Ресейді Шығыс Түркістандағы басқыншылық саясатын тоқтатуға мәжбүрледі.

Большевиктердің билікке келуімен Шығыс Түркістанды жаулап алу саясаты қайтадан басталды. Патша үкіметі мен Қытай үкіметі арасындағы «тең емес» келісімдерден бас тартудың революциялық принципіне қарамастан, Кеңес үкіметі «жахангир» (империалистік) саясатымен дайындалып, Ресейдің мүддесі үшін аса маңызды екі келісімді қайта көтерді. Олар: Ресейге Манджурия теміржолын басқару және Қытай қорғанынан тыс жерлерде бажсыз сауда жасау құқықтарын беретін келісімдер еді [10, 13 б.].

Мұстафа Шоқайдың пікірінше, Қытай шенеуніктерінің сатқындығы мен Шығыс Түркістан халқының ішкі бірлігінің қамтамасыз етілмеуі Шығыс Түркістанда Кеңес Одағының саяси және экономикалық үстемдігінің орнауына алып келді.

1931 жылы Құмыл (Хами) қаласында басталған көтеріліс бүкіл Шығыс Түркістан өңіріне тарайды. 1933 жылы наурыз айының соңында Манджуриядағы жапон әскерінен қашып, Сібірді паналаған Ма және Су деген генералдарды Кеңес үкіметі 7-8 мың сарбазымен Шығыс Түркістанға жібереді. Большевиктер халықаралық құқыққа қайшы осы әрекеті арқылы Қытай үкіметінің Шығыс Түркістандағы ықпалын қолдайтынын білдірді. Қантөгіс соғыс өздеріне абырой әпермейтінін жақсы түсінген қытайлықтар 12 сәуірде аймақтағы орыс әскерлерімен бірігіп, Үрімшідегі Қытай губернаторына қарсы төңкеріс жасап, губернаторды Ресейге қашуға мәжбүрлейді. Содан кейін уақытша үкімет құрып, Білім министрі қызметін атқарған Лю Венгті жаңа үкіметтің басшысы етіп тағайындайды. Көзбояушылық жасап, үкімет істерін басқаратындай көрінетін Кеңес те құрады. Бұл кеңестің 24 мүшесі қытайлықтар, 5-еуі түркі халықтарынан, 3-еуі дүнгендерден құралды, орыстар мен моңғолдардан бір-бір мүше сайланды. Жаңа үкімет сыртқы саясат пен қаржы мәселесінде орталық Қытай үкіметіне бағынып, ішкі істерінде автономды болды. Осыған орай көтерілісшілердің біразы қаруларын тастап, Үрімшідегі үкімет өкілдерімен келіссөздерге кірісті. Жаңа үкімет Үрімші, Шәуешек және Құлжа қалаларында танылды [11, 18-19 б.]

Алайда көтеріліске кейіннен қосылған Алтай қазақтары жаңа үкіметті мойындамай, Шүкрулла хан бастаған қазақтар көтерілісті жалғастырды. Сол себепті, жаңа үкіметтің атынан тағайындалған губернатордың билігі тек Үрімші, Шәуешек және Құлжа қалаларында ғана жүрді.

Кеңес Одағы Шығыс Түркістан саясатында патша үкіметінің саясатын жалғастырды. Әлем бойынша Қытай аумағында империалистік саясат жүргізген алғашқы мемлекет Ресей болды. Қытай үкіметінің Кеңес Одағынан көмек сұрауы орыстардың елге кіруіне қолайлы жағдай туғызды. 1864 жылы Шыңжаң губернаторы бүлікші мұсылмандарға қарсы пайдалану үшін көмек сұрап, Алматыдағы орыс генерал-губернаторы Колпаковскийге төрт рет хат жолдады. Губернатор бұл хаттарында *«тіл мен тістей жақын мемлекеттеріміз бір-бірінің апатына бейжай қарамауы керек»* деген еді. Бұл хаттар Ресей Шығыс Түркістанды басып алып, қоныстанып, бүкіл Орта Азияда, Батыс Түркістан мен Шығыс Түркістанда өз үстемдігін нығайтуды көздеген кезеңде жазылған. Мұстафа Шоқай бұл мәселе жөнінде былай дейді: *«Біз орыс “тістерінің” қытай “тіліне” қалай жауап беретінін жақсы білеміз!» Құлжаны Қытайға қайтару үшін Қытайдың барлық шет аймақтарында баж салығынсыз сауда жүргізу құқығын берген келісім, орыстың “тісіне” тиген қытай “тіліне” жауап. Бірақ, өкінішке орай, Шығыс Түркістан қытай “тілімен” бірге орыс империализмінің “тісіне” түсті»* [12, 9-10 б.]

Шығыс Түркістандағы көтерілістерді басуға қиналған Қытай үкіметі Кеңес Одағынан көмек сұрады. Қытай шенеуніктерінің өтініштерін қуана қабылдаған большевиктер, бұл көмекті Қытайға деген сүйіспеншілігі мен оның аумақтық тұтастығын қолдағаны үшін емес, Шығыс Түркістанның тәуелсіздік күресі өз мүддесіне қайшы болғандығы үшін көрсетті.

Мұстафа Шоқай Қытайдың аумақтық тұтастығы туралы Кеңес Одағының ұстанымын тереңірек түсіндіру үшін Г.В. Чичериннің Сыртқы істер комиссары болып тұрған кезінде Бүкілодақтық атқару комитетінің 3-ші мәжілісінде сөйлеген сөзін мысалға келтірді. Г.В. Чичерин бұл сөзінде Моңғол Халық Республикасы ішкі істерінде ғана емес, сыртқы саясатында да орталық Қытаймен кеңеспей әрекет ету құқығына ие екенін баса айтты. 1911-1912 жылдары патша үкіметі де Моңғолия туралы осындай сөздер айтқан еді.

Мұстафа Шоқай Қытайдың ыдырауына алаңдаушылық та білдірген жоқ. Ол жағдайды: *«Біз тәуелсіз Манчуко мемлекетінің құрылғанын шын жүректен құптаймыз. Тәуелсіз Моңғолияның өмір сүруі мен дамуы да біздің мақсатымызға қызмет ететін жағдай. Шығыс Түркістанда тәуелсіз түрік мемлекеті құрылғанын көрсек, қуанар едік. Бұл мақалада біз “Қытайдың біртұтастығын” қорғағымыз келгендіктен емес, Ресейдің “Қытайдың аумақтық тұтастығына” деген кавалерлік көзқарасына тоқталамыз, өйткені біз Ресей саясатын, оның бұрынғы патшалық Ресейге де, бүгінгі Революциялық Кеңестік Ресейге де әсерін сипаттағымыз келеді. Бұл бізге Ресейдің екіжүзді саясатын көрсетеді»* деп түйіндеді [12, 12 б.].

Кеңес Одағы Моңғолияны автономды ел деп танығанымен, Шығыс Түркістан үшін бұны ойына да алған емес. Шығыс Түркістанға ешбір

мемлекеттен көмек келмегендіктен, ол өз тәуелсіздігіне тек ішкі бірлігі арқылы ғана қол жеткізе алар еді.

Шығыс Түркістандағы көтеріліс жөнінде хабарлар «Яш Түркістан» журналында бұдан кейін де жарияланған. Шығыс Түркістандағы оқиғалар туралы негізінен кеңестік дереккөздерге сүйенген ақпаратты еуропалық газеттер бір-бірінен алып отырған. Еуропалық газеттерде жазылған соңғы жаңалықтарға қарағанда, көтерілісшілер (мұсылмандар) арасында келіспеушіліктер туындап, қанды қақтығыстарға ұласқан. М. Шоқайдың пайымдауынша, бұл хабарлар анық орын алған жағдайда, Шығыс Түркістанның сол кездегі тәуелсіздік үшін күресінен айтарлықтай нәтиже шықпас еді [13, 39 б.].

Шығыс Түркістан көтерілісшілеріне қатысты жаңалықтар, «Яш Түркістан» журналында бұдан кейін де орын алған. Ол жерде болып жатқан оқиғалар туралы нақты ақпарат болмаған. Еуропалық газеттер бұл ел туралы ақпаратты бір-бірінен шеттеп алған және олардың дереккөздері негізінен кеңестік мәлімдемелер ғана болған. Еуропалық газеттерде жазылған соңғы жаңалықтарға қарағанда, көтерілісшілер (мұсылмандар) арасында келіспеушіліктер туындап, қанды қақтығыстарға ұласқан. М. Шоқайдың пайымдауынша, егер бұл жаңалықтар рас болса, Шығыс Түркістандағы сол кездегі тәуелсіздік үшін күрестен айтарлықтай нәтиже шықпас еді. [13, 39 б.]

Шоқайдың пікірінше, Батыс Түркістан және Шығыс Түркістан өңірлеріндегі ұлт-азаттық күштері бірігуі тиіс еді. Өйткені Түркістанның бір бөлігінде орыс үстемдігі орнаған жағдайда, екінші бөлігі еркін, тәуелсіз болуы мүмкін емес-тұғын. Қытай тек Шығыс Түркістанның жауы, ал Ресей – Шығыс Түркістанның да, Батыс Түркістанның да жауы болатын. Сондықтан Шығыс пен Батыс Түркістанның қоғам қайраткерлері бір-біріне көмектесіп, бірін-бірі қолдап, қорғап, қажетіне қарай бірге әрекет етуі керек еді.

### **Қорытынды**

Мұстафа Шоқай өзіне «дос» деп санаған басқа ақпарат құралдарында шыққан мақалаларын да «Яш Түркістан» журналында жариялап отырған. Мәселен, «Жапон мухбири» журналында Манджурия мен Жапонияда тұратын мұсылмандардың саны мен олардың әлеуметтік жағдайы туралы екі бөлек мақалада жазылған мәліметтерін «Яш Түркістан» арқылы оқырмандарына жеткізген [14].

Мұстафа Шоқай Қиыр Шығыстағы оқиғалар жөнінде мақалалар жазып, өз ойын білдіріп, бұл оқиғалардың Шығыс Түркістандағы тәуелсіздік қозғалысына тигізер пайдасын бірінші орынға қойды. АҚШ Кеңес Одағымен тіл табыса бастаған тұста, кейбір адамдардың Ауғанстан, Иран мен Шығыс Түркістанның Батыс Түркістан шекарасына жақын аймақтарында американдық мектептер ашқысы келетінін естіп, мұның қауіпті бастама екенін мәлімдеген еді.

Мұстафа Түркістанның тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін тек өзін қолдайтын мемлекеттермен ғана қарым-қатынас орнатуы қажет екенін, әйтпесе әр басқан қадамның пайдасынан зияны басым болатынын түсіне білді. Сонымен бірге Мұстафа Шоқай өзі Еуропада отырып, Шығыс



Түркістанның және Батыс Түркістанның мәселелерін шешуді көздемейтінін де атап өтті. Дегенмен, бауырлас түрік халықтарының бірін-бірі қолдауы – күллі түріктің, әр түркістандықтың міндеті еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. М., “Хытайда”, Яш Түркістан № 24, қараша 1931, 23-25 б.
2. М., “Япон-Хытай Ихтилафы”, Яш Түркістан № 25, желтоқсан 1931, 32-33 б.
3. “Хытайда”, Яш Түркістан № 26, қантар 1932, s. 28-31 б.
4. М., “Манджурия меселеси ве дұнья эфкары аммеси”, Яш Түркістан №29, сәуір 1932, 32-35 б.
5. М., “Манчуко (Man – Tchéou – Kiou)”, Яш Түркістан № 35, қазан 1932, 35-39 б.
6. М., “Япониянын миллетлер уюшмасындан чекилиши”, Яш Түркістан №40, наурыз 1933, 28-30 б.
7. М., “Ұзақшарқта”, Яш Түркістан № 43, маусым 1933, 37-39 б.
8. “Шарқи Түркістанда”, Яш Түркістан, № 42, мамыр 1933, 41-42 б.
9. Таңры берген, “Шарқи Түркістан”, Яш Түркістан № 43, маусым 1933, 14-19 б.
10. Таңры берген, “Шарқи Түркістан II”, Яш Түркістан №. 44, шілде 1933, 10-15 б.
11. Темір, “Шарқи Түркістан көтеріліші”, Яш Түркістан № 44, шілде 1933, 15-19 б.
12. Таңры берген, “Шарқи Түркістан III”, Яш Түркістан №. 45, тамыз 1933, 9-14 б.
13. М. “Шарқи Түркістанда”, Яш Түркістан № 43, маусым 1933, 39 б.
14. “Японяда турыучы мүслүмандар ве Ислам маһаллеси ” Яш Түркістан № 19, маусым 1931, 31-33 б.; “Манджурияда қанша мүслүман бар?”, Яш Түркістан №. 39, ақпан 1933, 31 б.

## **НАРШОҚЫ – ТАРИХИ МЕКЕН, МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖОЛЫНЫҢ БАСТАУЫ НЕМЕСЕ "ШЕРЛІ ТҮРКІСТАН" ДАСТАНЫНЫҢ ТУУЫ**

*Қасымхан Бегманов* ақын, Қазақстан Жазушылар одағы  
төрағасының орынбасары

Қарашада мені қатты толқытқан, қуантқан екі оқиға болды.

Біріншісі – Түркі дүниесінің жаңа дәуірінің басталуы!

Астанада ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық X басқосуында мемлекет басшысы "ТҮРКІ ДӘУІРІнің" басталғанын ресми хабарлады.

Екінші қуанышым – Мұстафа Шоқайдың кіндік қаны тамған мекен – Наршоқыға ескерткіш-белгі тастың қойылуы.

Осындай игілікті істерді ұйымдастырып, ұлы бабасының өмірі мен атқарған қызметін елге жеткізуде «шырылдап» еңбек етіп, ғалымдар мен шоқайтанушыларға қамқор болып жүрген Мұстафа Шоқайдың ұрпағы Гүлбаршын Заирова қарындасым мен Мұстафа Шоқайдың күйеубаласы – ұлт жанашыры, кәсіпкер Айбатыр Нышанбайұлы Жұмағұловқа өзімнің ағалық алғысымды айтамын.

Осы белгі-тасқа Мұстафа Шоқайдың еңбегін зерттеп, елге танытқан қаламгерлер мен тарихшы-ғалымдарға, ізденушілерге де құрмет көрсетуді ұмытпапты.

Иә, дәл бүгін Түркі дүниесінің жаңа дәуірі басталған күні М.Шоқайға ескерткіш-белгі тастың қойылуы үлкен жақсылықтың белгісі...

Бүкіл түркі мемлекеттерінің президенттері Астанаға жиналып жатқан күні Мұстафа Шоқайдай ғазизіміздің кіндік қаны тамған қасиетті Наршоқыға Белгі-тастың қойылуы кездейсоқ оқиға деп ойламаймын.

Ескерткіш-белгі тастың бір жағына Мұстафа Шоқайдың еңбегін зерттеп, елге танытқан мұстафатанушылардың есімдерін жазып, үлкен құрмет білдірген екен.

Е, Жаратқан Ием, қазақ ақындары қашанғы шерлі жыр жазады..? Айбынды, айбатты, асқақ, сесті, қайратты жырлар жазатын күнге жеткізе гөр! Ол үшін ең бірінші – қазақ халқы бақытты болуы тиіс.

М.Шоқай армандаған бүкілтүркі дүниесінің бірігуі – үлкен қуаныш!

Құтты болсын!

«Сыр елі – жыр елі» деген қанатты сөзді халқымыз ертеден айтып келеді. Десе дегендей, Сыр бойы – ән мен жырға тұнып тұрған аяулы өңір. ХІХ ғасырдағы Мұрын жырау, Жиенбай жырау, олардың ізін жалғаған ақын, жыршы әрі Шығыс классиктерінің дастан-жырларын аударушы Тұрмағамбет Ізтілеуов еңбектерінің әрқайсысы жеке-жеке ғылыми зерттеулерге арқау болғандай. Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда жүрген кезінде түркі әдебиетіне арагідік тоқталып, әр жылдары көлемді мақалалар жазып, поэзияға көбірек көңіл аударуы («Түркістан ақындарынан»), оның өзінен бұрынғы ақын-жыраулардың бай мұрасынан ерте сусындағанынан хабар бергендей, сондай-ақ көсемсөз шебері болып қалыптасуының да түп-төркіні осы қасиетті жыр елінен, қасиетті топырақтан шыққандығында жатса керек.

Сыр өңірі – тек ән мен жыр емес, күріштің де «отаны». Төрт түлік малдың құтты өрісі. Осындай Сыр өңірінен түлеп ұшқан Мұстафа Шоқай қазақтың ұлттық аспаптарын қастерлеген, сөз әлемін өте еркін игерген. Осыншама қабілеттің бір адамның бойына топтасуы қасиетті Сыр топырағының құдіретінде жатса керек.

Мұстафа Шоқай өз естелігінде: «Ақмешіт – өзімнің туып-өскен, алғаш рет мектепке қадам басқан жерім. Мен осында тұратын өзбек, қазақ, татар, орыс және яһудилердің (еврейлердің) бәрін түгел дерлік танымын. Бүкіл қала тұрғындары да мені жақсы таниды. «Өзі қадірлі кісінің елін де сыйлау керек» дегендей, біздің халықтың салтымен ел маған көп құрмет көрсететін. Әсіресе, қазақтар мені өздерінің сенімді өкілі, қорғаны есептейтін», – деп еске алады.

Иә, бұл шындық. Мен Мұстафа Шоқайдың жолымен, ұлы қайраткердің өзінен кейін толық жүріп өткен екінші қазақпын. Және зерттеуші ретінде осы наршоқыға, Әулиетораңғылға алғашқылардан болып келген қазақпын.

2008 жылы мен келгенде Шоқай ұрпақтарының жасы үлкендері баршылық еді. Бірақ о заманның қыспағы мен қасіретін әбден бастарынан өткізген қариялар әбден сақ, сөзге сараң еді. Өйткені олар сенерін де сенбесін де білмеген күйі, ешкімге зиянымыз тимесін, пайдамыз тимесе де деген дала заңдылығымен өмір сүрген, ұрпақ жалғастырған қарттар-тұғын. Ерғали Сыздықов та, Ойдан Қалымбетов те, Нәмина Шоқай, Базарбай Атабаев та о дүниелік боп кетті.

Осы Наршоқының жанында Әулиетораңғыл, Құмшығанақ деген жерлер де Торғай әулетінің ата мекені болған. Мұстафаның әкесі Шоқай бидің бейіті де осы шоқылардың бірінде жатыр екен. Наршоқыдан күнбатысқа қарап тұрғанда көрініп тұрған шоқы – «Билер құмы». Ол – Шоқай бидің жиын өткізетін, билік айтатын орны болған.

Туыстары өздерінің маған берген сұхбаттарына қарағанда, Мұстафа Шоқай туралы еміс-еміс естігенімен, мәнді ештеңе білмей өскен. Жасы үлкен туыстары әңгіме айтпақ түгілі, оның есімін атауға да қорқады екен. Олар Мұстафаны «Жоғалып кеткен кісі» деп жасырын ғана сыбырласып айтады екен. Бірақ Мұстафаны ес білген сәбиден бастап, еңкейген қарияға дейін жақсы көретін болған.

Сол экспедицияға шыққанымызда көңілім толқып, үлкен сезім құшағында жүрдім. Кітабымда: «Біріне-бірі ұқсас мұндай төбелер мен төмпешіктер бұл төңіректе көп-ақ екен. Әрқайсысының аты бар, оны бізді бастап жүрген ақсақалдар ғана жатқа біледі. Егер дұрыс жол салынып, белгі немесе жөн сілтейтін тақтайшалар қойылмаса, енді бірер жылда бұл тарихи орындардың нысаны жан адам таппастай құмның астында қалары хақ. Мен іштей осындай ойға баттым. Көненің көзін көрген Базарбай, Ойдан сияқты қариялар ғана ескі сүрлеуді ұмытпапты. Ескі сүрлеу жолдармен олар бізді Торғайдың үшінші ұлы Әліш салдырған төрт сыныптық медресенің орнына алып барды. Қазір ол жер тақыр алаңқай. Медресе салу үшін патша үкіметінен арнайы рұқсат алыныпты.

Бұл жердің ескі атауы – Әулиетораңғыл. Қазіргі Бірінші Мамыр ауылына жақын орналасқан. 1890 жылы Сырдария өзені қатты тасып, бұл медресе су астында қалады. Шоқай бидің әулеті бүкіл ауылымен бірге Көксу өзенінің сағасындағы Наршоқыға қоныс аударады» деп жазыппын.

«...Мұстафа Шоқай, қасында Қантемір бар, осы Әкімқыстауы деген жерге келіп түсіпті. Бұл оның туған жеріне соңғы келгені болса керек. Әкімқыстауы – ата-бабаларымыздың жайлауы. Демек, Мұстафа Шоқайдың келген кезі жаз айларының бірі сияқты. Шамамен 1917 жыл болса керек...

«Мұстафа келді» деп ауыл-ауылға ат шаптырып, хабар жіберіледі. Ол кісінің әрбір келуі бұл ауыл үшін үлкен той болған. Мұстафаның ауылға соңғы келуі жайында Жолдас деген атамыздан естіген едім» деген еді Базарбай Атабаев маған берген сұхбатында.

«Ол кезде мен баламын. Әкімқыстауға шөп оруға келгенбіз. Атам ауыр күрсініп алып, әңгімесін былайша бастады. Ақырын ғана күрсініп сөйлеп отыр. Мен де суыртпақтап сұрап, қояр емеспін. Атам қанша сұрасаң да, сақтық жасап отыр. «Сол жолғы келгені Мұстафаның ауылды соңғы көруі екен ғой. Балалайкамен орыстың частушкаларын айтып, оны «халық түсінсін» деп қайтадан қазақшаға аударып берді. Бір кезде туыстарын ортаға алып: «Алдымызда бізді не күтіп тұр? – деді. Сөйтіп, қандай қауіптің бар екенін өзі айтты. «Біздің алдымызда бір үлкен нәубет келе жатыр. Біз енді оған қарсы тұра алмаймыз. Онда бір көрпенің астында сексен адам жатады, бір таудың құны сексен тиын болады...». Осылайша, алда болатын кеңес билігі жайында өз тұжырымын айтты. Сөзінің соңында «Бұл менің туған жерге ең соңғы келуім болуы да мүмкін. Енді көрісе де алмайтын шығармыз» дегенде бүкіл ел егіліп жылады», – деген еді атам дейді Атабаев.

Былтырғы Мұстафа Шоқайға қатысты өткен конференцияда шешімін табуы керек үш мәселе мен бірнеше ұсыныстар берген едім. Соның бірі – осы Наршоқыдағы ескерткішке қатысты болатын. Онда: **Сонымен қатар, соңғы айтар ұсынысым – ең басты жасайтын, кезек күттірмейтін негізгі ісіміз – Наршоқыда құмның басындағы Әліш медресесінің орнына уақытша қойылған ескерткіш-белгі. Уақытша белгінің тұрғанына қанша жылдың жүзі өтті. Оны мәңгі ескерткішпен алмастырар кез келді деп ойлаймын!**

Осы ескерткіш-тақтаны қоюға мұрындық болған, біраз жыл Мұстафа Шоқай қорының президенті қызметін атқарған, қоғам қайраткері Базарбай Атабаев ақсақал да жақында қайтыс болды. Имань саламат болсын!» делінген-тін.

Құдайға шүкір, артында бар оналар демекші, бүгін қуанышты сәттің куәгері болып тұрмыз. Тас-ескерткіш орнату әлемдік үрдіс. Әлемде бар үрдіс десек те болады. Бұл – мәңгіліктің белгісі. Сонау Тоныкөк жазбаларынан, онан да әрідегі тасқа қашалған иероглифтерімізді еске салатын құбылыс. Тұғырлы болсын, мәңгіліктің белгісі болсын.

Осыдан бір жыл бұрын Самарқан қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының басқосуы кезінде айтылған тілектеріміз бен ұсыныстарымыз биылғы Астанада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының X басқосуында қабыл болып жатқанын да жақсылыққа балап отырмын. «Түркі бірлігін таныту үшін біздің төрағалығымыз «ТҮРКІ ДӘУІРІ!», яғни «TURKTIME!» ұранымен өтеді. Осыған орай, салт-дәстүр, біріздендіру, реформалар, ғылым, сенім, инвестиция, медиация және энергия» атты сегіз мәселеге басымдық береміз, – деді президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Түркі дәуірімен» бірге Мұстафа Шоқай дәуірінің де басталары сөзсіз. Өйткені, тарихты еске түсіретін болсақ, бізді түркі жұрты болып бірігуге Мұстафа Шоқай 1918 жылдың өзінде шақырған болатын.

Мұстафа Шоқай туралы айтқанда, Түркістанды еске алмау – мүмкін емес. Бұл екеуі мәңгі ажырамас егіз ұғым. Мұстафасыз – Түркістанды, Түркістансыз Мұстафа Шоқайдың болмысын көзге елестетуге, еске алуға

болмайтын сияқты. Түркістан ұғымы – Мұстафа Шоқайдың бүкіл саналы ғұмырындағы мақсатты қызметінің мәні, мағынасы, жиынтығы, түйіні.

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» демекші, іскер де, ұлтжанды азамат Бердібек Сапарбаев Қызылорда облысының әкімі болып тұрған тұста 1997 жылды облыс көлемінде «Мұстафа Шоқай жылы» деп атаған болатын. Сөйтіп, осы жылы Шиелі ауданының орталығы Шиелі кентіндегі алаңды «Мұстафа Шоқай» атындағы алаң деп атап, ол жерге (бұрынғы В. Лениннің ескерткіші тұрған жерге) Мұстафа Шоқайдың еңселі ескерткішін орнатқаны әлі елдің есінде.

Бердібек Сапарбаев 1998 жылы Қызылорда қаласының (Ақмешіт) іргесі қаланғанына 180 жыл, Қызылорда облысының құрылғанына 60 жыл мерейлі тойы қарсаңында «Сыр өңірінің тарихы» атты кітаптың редакциялық алқасына төрағалық етіп, шығарған болатын. Бұл кітапта алғаш рет Мұстафа Шоқай туралы көлемді еңбек жарияланған-тын.

2008-2009 жылдарда жасаған экспедициямның аясында өз қолымнан келгенінше, құжаттар мен деректерді айналымға барлық жанр арқылы енгіздім десем де болады. Олар өздеріңізге белгілі «Мұстафа Шоқай жолымен» атты тарихи деректі, танымдық сапарнамалық кітабым. Бұл – бір.

Екінші, «Мұстафа Шоқай жолымен» деректі фильмі.

Үшінші, «Шерлі Түркістан» атты дастаным. Бұл поэманың негізі сонау экспедицияда жүргенде, осы Наршоқы шоқыларының басында жазылған. Артынша «Алашорда аманаты» атты дастанды жаздым.

Төртінші, «Экспедициядан кейінгі өмір» атты кітабым.

Бесіншісі – драмаларым.

Мен осы тақырыпқа үш пьеса арнадым. Олар: «Менің Мұстафам» атты тарихи монодрама; «Мұстафа Шоқай» деп аталатын 1 бөлімді, 6 көріністі тарихи драма; 1 бөлімді, 7 көріністі «Мұстафа Шоқай» атты тарихи-поэтикалық драма жаздым.

2021 жылы республикалық «Үздік монодрамалар» байқауында «Менің Мұстафам» атты пьесам «Тарихи монодрама» жеңімпазы атанып, бүгінде М.Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық академиялық драма театрының сахнасында «Менің Мұстафам» моноспектаклім аншлаппен өтуде.

«Шерлі Түркістан» атты дастанымнан үзінді оқуды Мұстафа Шоқай алдындағы, аруақтар алдындағы парызым деп білемін.

*Шуағы күннің сүйеді,  
Соққан жел келіп тиеді.  
Ұлан да байтақ ұлы ел,  
Түркіні тұтас етем деп,  
Берлинде қалған сүйегі.*

*Артында қалды жазары,  
Қардан да аппақ таза ары!  
Бөленген мәңгі бесікке,*

*Түрікке қарар мешітте,  
Мұстафа Шоқай мазары.*

*Қабірге өніп, гүл шықты,  
Сезімге жүрек тұншықты.  
Латыниша қашап жаздырған,  
Төрт санға сыйған мына сөз,  
Көзімнің жасын ыршытты.*

*Сөзімді тыңда жақсылар,  
Жер емес бұл бір бақ сынар.  
Ешқашан сені сатпайтын,  
Қасыңда бар ма, жан досың,  
Жаныңды сеніп тапсырар.*

*Көңілді бір мұң торласа.  
Қиын ба, Алла қолдаса,  
Түріктер салған, дарига-ай,  
Моласын қайдан табар ек,  
Мынадай мешіт болмаса.*

*Осы бір зират-мешіттің,  
Аңыздай даңқын есіттім.  
Берлинге, осы бейітке,  
Жете алмай іштей тынып мен,  
Қаншама жылға кешіктім.*

*Бақытты қайдан табармын,  
Жұлдыздай көктен ағармын.  
Түркі деп өткен Күлтегін,  
Ұрпағы жатыр бұл жерде,  
Төныкөк, Білге қағанның.*

*Құрғамас кезі жастың да,  
Қимасты тасқа бастың ба?  
Сағыныш, сосын көз жасы,  
Махаббат пенен зар жатыр,  
Төрт санның мынау астында.*

*Ақ жаңбыр тағы құйып тұр,  
Бұл жерде жатыр сүйікті ұл.  
Өмірдің мынау жалғаны,  
Түркінің тұтас арманы,  
Төрт санға қалай сыйып тұр.*

*Тұрандай байтақ жер жатыр,  
Шөлдер мен қанша көл жатыр.  
Осынау шағын бейітте,  
Алтай мен Қара теңізге,  
Созылған алып ел жатыр.*

*Жазылмай қалған жыр жатыр,  
Айтылмай қалған сыр жатыр.  
Жазықтар, таулар, еңістер,  
Ойпаңдар, құздар, тегістер,  
Тұлпарлар өткен қыр жатыр.*

*Бермейтін асу шың жатыр,  
Бұйра да бұйра құм жатыр.  
Түркінің ұлы үміті,  
Осынау шағын зиратта,  
Сағыныш жатыр, мұң жатыр.*

*Түркідей асқақ ұлт жатыр,  
Жырақта, бөлек, сырт жатыр.  
Қанаты құстың талатын,  
Сүйгенін таңдап алатын,  
Айбынды асқақ жұрт жатыр.*

*Жат жерде қалған бел жатыр,  
Рухты дауыл, жел жатыр.  
Сызылып кеткен картадан,  
Осынау мұңлы молада,  
Ежелгі біздің жер жатыр.*

*Адал сүт емген төл жатыр,  
Мөп-мөлдір гажап көл жатыр.  
Таппайтын ешбір картадан,  
Осынау шағын бейітте,  
Баяғы Тұран-Түркістан,  
Бөліскелмеген ел жатыр.*

*Ешбірін айтпай сырдың мен,  
Қобалжып, қорқып тұрдым мен.  
Берлинде бейіт басында,  
Мұстафа Шоқай қасында,  
Осылай толқып тұрдым мен.  
Осылай толқып тұрдым мен.*

Құрметті қонақтар, сөзімнің соңын Президентіміздің кешегі басқосудағы «Тірлік басқа болса да – тілек бір, бармақ басқа болса да – білек бір» деп айтқан бабалар сөзімен аяқтағым келіп отыр. Тілегіміз бен білегіміз бір болсын. «Түркі дәуірі» жасай берсін.

## **МҰСТАФА. ШОҚАЙ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТУ ЕТІП, ҰЛТТЫҚТЫ ҰЛЫҚТАҒАН**

**Әбдіжәлел Бәкір** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессоры.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Алаш қозғалысының жетекшілерінің негізгі мұраты қазақ тағдыры, азаттығы мен болашағы, өз алдына дербес мемлекет болып, адамзат өркениеті орбитасынан өз орнын алуы болатын. Бірақ бұған тікелей бара алмады. Алаш партиясының бағдарламасында жазылғандай, Алашорда, Түркістан Мұқтарияты да Ресей федеративті республикасының бір ағзасы, яғни автономия түрінде құрылды. Алайда Кеңес үкіметі тіпті осыны да қимады. Оларға Бағдарламадағы «Федерация мағынасы - құрдас мемлекеттердің бірлесуі. Олардың іргесі бөлек, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді» деген қағидатты мәселе ұнамады. Бұдан қауіптенді. Екі автономияны да жойды.

Біз бүгін Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ғана емес, бірегейі Мұстафа Шоқайдың шығармаларындағы болашақ Түркістандағы мемлекеттік құрылымның саяси-әлеуметтік сипаты туралы аса маңызды идеялары мен ой-тұжырымдарының мазмұны мен мәнін баяндамамыздың тақырыбы етіп отырмыз.

Түркістанның тәуелсіздігі идеясына Мұстафа Шоқай бірден келе алған жоқ. Бұл арнайы сөз болғанда қатты пікір таласын туғызған еді. Бұл туралы 1926 ж. «L'Est European» (Варшава) журналында жарияланған «Орта Азиядағы ұлттық қозғалыс» деген мақаласында съездің ашылу қарсаңында мен жолдастарымды съездің күн тәртібінен "Тәуелсіз Түркістан республикасы" жариялау туралы тармақты алып тастауға көндірдім. Әрине, тәуелсіздікке қарсы сөйлеу екі есе қиын және шексіз қиын болды. Бірақ ең ауыр қылмыс - мүлдем қарусыз халықты тіске дейін қаруланған жаумен күресуге шақыру тіпті ауыр қылмыс болар еді деп еске алған болатын (1, 2276.)

Большевиктер Түркістан Мұқтариятын құлатып, Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды. Еуропаның нақ төрінде, Францияда тұрақтағаннан соң Түркістан үшін күресін қабілеттің күшімен, қаламның ұшымен, сан түрлі идеялармен жалғастырды. Ол алдымен өзінің бұрынғы автономия туралы ой-тұжырымын қайта қарап, басқаша шешімге келеді. 1923 жылы Париждегі «Orient et Occident» журналында жарық көрген тұңғыш француз тілінде жазылған «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық



қозғалысы» деген мақаласының «Түркістанның тәуелсіздікке ұмтылуы» деген бөлімінде: «Түркістанның тәуелсіздігі туралы тезис қазіргі уақытта елдің барлық ресми саяси партиялары үшін ортақ платформаны құрайды, олар ұлттық және коммунистік, әртүрлі жолдармен және тәсілдермен бір мақсатты көздейді, ол - еркін және Тәуелсіз Түркістан» деп жазды (2, 478б.).

Түркістан үшін күрестің жалынды туына айналған «Яш Түркістан» журналының 1929 жылғы желтоқсан айында шыққан тұңғыш санында басылған «Біздің жол» атты мақаласында Мұстафа Шоқай былай деген еді: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарда бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» (3, 21б.).

Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазылған «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» деген мақаласында осы тәуелсіздік үшін күрестің себептерін атап көрсеткен болатын. «Олар (орыстар - Ә.Б.) тіпті сүйікті атамекеніміздің» Түркістан» екенін де теріске шығарып, «Орыстан» ету үшін адамгершіліктің өлшемдеріне сыймайтын ең бір шектен шыққан шараларға дейін барып отыр. Және осы өздерінің пасық қылықтарын «Ленинизм» тұрғысынан негіздеуге тырысады» деп жазды (3,44-45бб.). Осы ойды дамыта келе Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазылған «Түркістан лениншілдеріне жауап» атты мақаласында: «Түркістанда ұлттық қозғалысты тудырған екі түрлі себеп бар. Оның біріншісі – Түркістан халқы орыстардан мүлде басқа ұлт екендігі. Екіншісі – Түркістанның ұлттық экономикасының мүддесі Ресейге қарсы екендігі» деумен шектелмей, «Біздің революционерлігіміз – ұлттық және тәуелсіз Түркістанды әлеуметтік даму жолына түсіру қажеттігінен туындайды» деді [3 63б.]. Одан әрі «Біз Түркістанның біржола және бүкілдей тәуелсіз ұлттық мемлекет болуы туралы айта да, жаза да аламыз» деген ойын жалғастыра түсіп: «Ол кезде ұлттық Түркістанның өнеркәсіп, ауылшаруашылық және басқа мәселелер туралы өзінің саясаты болады» деген еді (3,65,69бб.).

Мұстафа Шоқай 1931 жылы жазылған «Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары» атты мақаласында бұрынғы ойларын аша түсіп, патшалық кезеңнен басталған азаттық үшін күрестің Кеңес үкіметінің тұсында жалғаса түскенін, оның орыс емес өлкелерде жүргізіліп отырған ұлттық саясаттан туындайтынын, мұндай саясаттан өлке халықтарының қарсы көтерілмеуден басқа амалының жоқтығын ескерте келе: «Түркістан шет жұрттықтардың бұғауында қалғысы келмейді. Түркістан түріктері ұлт ретінде құл болғысы келмейді. Олар өз халықтарының мүддесі үшін, тәуелсіз ұлттық мемлекетін құру үшін күресетін болады» деп жазды (3,175б.).

1931 жыл жазылған «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында «ұлт тәуелсіздігі» ұғымын халықтың тікелей ұлттық рухымен байланыста, ажырағысыз қарап, олардың себебін, даму үдерісін түсіндірді. Мәскеудің Түркістандағы ұлттық саясатының мәні халқымыздың ұлттық сана сезімін тұншықтырып, оның қандай да бір көріністеріне жол бермеу,

түрікшілдіктің белгілерін түбірінен құрту, ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болып отырғанын атап көрсеткен болатын (4,163б.).

Жоғарыда аталған «Біздің жол» деген мақаласында тәуелсіздік үшін күрестің қажеттігін атап қана қоймай, оның түпкі мақсатын да былайша айқындаған болатын: «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық» деседі. ...Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» (3, 22б.).

Осы сәтте Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арналған керемет сөзінен мынандай үзінді келтіре кетейік: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық» (4,48б.).

Міне, осылай «Ұлттық тәуелсіздік» жәнет «Ұлттық мемлекет» сияқты асыл ұғымдар Мұстафа Шоқайдың кейінгі саяси қызметінің де, шығармашылығының да күре тамыры, мәңгілік басты мұраты болып қалды. Бұл мәселелерге кейін қайта-қайта оралып, тәуелсіздік үшін күрес пен ұлттық мемлекеттің мәні мен мазмұнын кеңейте және аша түсіп отырды. «Автономиядан – тәуелсіздікке» атты еңбегінде: «Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да. Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таражысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады» деп түйіндеді (3,115б.). Сондықтан ұлттық тәуелсіз Түркістан үшін күрес - біздің мұратымыз деп атап көрсетіп, оның жүзеге асуында алаштықтардың сүйікті ұғымы «ұлтшылдыққа» жүгініп, ол «біздің, соның ішінде менің де, саяси идеяларымыздың соңы емес, басы», ол «барлық іс қимылымыз өз билігіміздің өз қолымызға өтуін қамтамасыз ету тұрғысынан жасалуы керек» деп жазды (3, 99б.).

Ал осы жылы жазылған «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» атты мақаласында кеңестік баспасөздерге сүйене отырып, Мұстафа Шоқай Орта Азияда Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан федерациясы құрылғанын, большевиктердің Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттік құрылымнан өлердей қорқатынын айта келіп: «Біздің мұратымыз – бөлінбейтін біртұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді» және «...Түркістан үкіметінің ең басты міндеті – байыпты да парасатты саясат жүргізе отырып, бүкіл түрік атаулыны бір қазанда қайнатып, ақырында, бір ұлы ұлттық мемлекет түзу болып табылады» деді (3, 144б.).

Мұстафа Шоқай «1937» деген мақаласында Ресейдегі «ұлы төңкеріске» 20 жыл толғанын, содан бері халқымыздың құқығы үшін, ұлттық мемлекетін

құру сәтін жақындату үшін жүріп келе жатқан күреспен шектелмей, оны құру істеріне де қатынасқысы келетінін былайша жазған болатын: «Біз үміттеріміз бен армандарымыздың орындалуына ешқандай шүбә келтірмейміз, сонымен қатар сол бір бақытты күндер біз ойлағандай тез жақындамауына байланысты туған уайымымызды да жасырмаймыз. Сол үшін де біз барлық күш қуатымыз бен ақыл парасатымызды атамекеніміздің азат болатын күнін жақындатуға бұдан былай да жұмсай беретін боламыз» (4, 144б.).

Азаттық үшін күрестің стратегиялық мұратын осылай айқындаумен бірге Мұстафа Шоқай оған жетудің тактикалық амал-тәсілдерін де барынша қарастырды. Бұл мәселелер «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы», «Шептерімізді бірлестіру хақында», «Түркістан түрікшілдігі», «Түркістан туралы француз тілінде жарияланған бір мақала» және т.б. еңбектерінде арнайы әңгіме болды. 1930 жылы жазылған «Көтерілістен – ұйымшылдыққа» (*Көтерілістен-ұйымға*) атты мақалада Кеңес үкіметінің тепкісіндегі халықтар арасында толассыз күресіп келе жатқан түркістандықтар екенін атап көрсетіліп, оған себеп орыс большевиктерінің шектен тыс езуі мен қанауы болып отырғанын, осы бағытта естен шығаруға болмайтын бір мәселе қатаң ескертіледі: «Біздің ұлтты құтқару жолындағы күресімізде табыстарға жетуіміз бен өз тағдырымызды өз қолымызға алуымыз ұлтымыздың ауызбірлігіне байланысты. Оған біздің ұлтымыз шаруаның жерге болған мүдделігіндей мүдделілік танытуы керек» (3,87б.). Ал «Түркістан түрікшілдігі» деген мақаласында: «Біз бүгін ұлтты құтқару күресімізде, ұлттық құрылысымызда түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп, іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен...- бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» деп жазды (3,256б.).

1931 жылы жарық көрген «Алған бағытымыз айқын болсын» деген мақаласында Мұстафа Шоқай алдымен «Біздің атамекеніміз тұрғындарында ұлт-азаттық мұраттарымыз хақында ерекше насихат жүргізудің зәрулігі жоқ десе де болады» деумен қатар ұлттық жаудың тым күшті екенін, миллиондаған халқы бар Ресеймен күресте жеңіске жеткізетін ең тура, ең сенімді жолдар мен тәсілдерді тандап ала білуді ұсынды: «Тек өз күшіміздің аздық ететіні көзге көрініп тұрған ақиқат. Сондықтан біз өзімізбен тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз лазым» (3,146б.). «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» деген мақаласында бұл ойлар ары қарай жалғасын тауып, бәрінен бұрын түркістандықтардың өз қатарының жұдырықтай ұлттық бірлігін күшейтуді, орыс империализміне қарсы күрес майданын ұйымдастыруды және олардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-текшемейік, алаламайық дей келіп, былай түйіндеді: «Бізді азаттыққа және тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайту және оны ұлт-азаттық жолында күресіп жатқан басқа халықтардың ұлттық орталықтарымен тығыз

үйлестіру. Бұлай болмаған жағдайда азаттық пен бостандық туралы сөз болуы мүмкін емес» (4,236б.).

Мұстафа Шоқай күрес тактикасын орыс тілінде жазылған бірнеше мақалаларында да арнайы көтерген болатын. «Түркістандықтардың бақытсыздығы және онан құрылудың жолы» («Несчастье Туркестана и пути избавления от него») деген еңбегінде түркістандықтардың Совет үкіметіне жеке дара күресі еш нәтиже бермейтінін, сол себепті Ресейге бағынышты, өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан орыс емес халықтардың күштерін біріктіре отырып, еркін, тәуелсіз ұлттық өмірге шыға алатынды ескертті. Еділ-Орал, Қырым, Әзірбайжанда тұратын бауырлармен тығыз байланыста болып қоймай, Ресейдегі басқа өз тәуелсіз мемлекетін құру үшін күресіп жатқан халықтардың барлығымен ұйымдық тұрғыдан тығыз байланыс орнатуды ұсынды.(5, 125б.).

Жоғарыдағы идеялармен байланысты 1933 жылдары жазылған «Кемшіліктерді жою – жеңіс жолына түсу» («Преодолеть недостатки – значить вступить на путь победы») атты мақаласында Мұстафа Шоқай Қоқан үкіметінің құлауын еске түсіріп, жеңілістің басты екі кемшілігі болғанын атап көрсетеді. Біріншісі - сыртқы күштің өздеріне тікелей қатысы болмаса да басымдығы, екіншісі - тікелей байланысы болғанын, ол өздерінің саяси жетілмегендері, ұлттық сананың әлсіздігі екенін, бірақ оларды жоя алмағандарын атап көрсетті. Түркістан ұлттық бірлігін нық түсініп, осыны іске асырғанда ғана жеңе аламыз, әрқайсымыз жеке және бәріміз бірге жалпы ұлттық мәселеге өзімізді жеке бағындырған жағдайда ғана еркіндігіміз бен тәуелсіздігіміз жеңіске жетеміз деген болатын (6, 76б.).

1941 жылғы 8 маусымда жазылған «Түркістан мәселесі хақында» («К постановке проблемы Туркестана») атты мақаласында Мұстафа Шоқай өзінің өмірлік ұлттық арманына тағы да оралып еді. Түркістанның басынан өткен тарихына, большевиктер Ресейде саяси билік басына келгеннен кейінгі Түркістан автономиясын қысқаша баян етіп, басқа аймақтарға қарағанда Түркістанның империялық Ресейдің қанауына көбірек ұшырағанын, сондықтан да күрестің советтік кезеңінде де жалғаса түскеніне тоқталып, алдағы міндетті айқындап, Түркістан және кеңестік Ресейдің барлық басқа орыс емес шеттері аймақтары ортақ жауға қарсы күреске жұмылдырылатындай біріккен күрес майданы құрылуы керектігі туралы тұжырым жасады (7, 135-140бб.).

Міне, осындай бүкіл саяси күрестің түпкі мұратын көрсететін «ұлттық тәуелсіздік», «ұлттық мемлекет» және «ұлттық бірлік» сияқты ұғымдарсыз Мұстафа Шоқайдың саяси күресінің де, шығармашылық болмысының мазмұны мен мәнін толық түсіне алмаймыз. Бұл ұғымдар тұтас, бірінсіз бірі кедей, бірі жетім. Және бұлар ұлы тұлғаның асыл армандары болатын.

Қазіргі еліміздегі 30-дан астам ұлттық, мемлекеттік және кәсіптік мерекелер ішінде Тәуелсіздіктен қасиетті ұлық ұғым да, мәртебелі мереке де жоқ, болмайды да. Өйткені елімізге өз территориясында өкіметтік билікті, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес өзі белгілейтін, өзі жүргізетін саяси-құқыққа ие болу осы Тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болды.

Сол себепті бүгін осы бір «Тәуелсіздік» атты қасиетті ұғым бәріміздің жиі айтатын сөзімізге айналды. Бұған дау жоқ. Дегенмен біздер ұлттық рухпен, халықтың саяси санасымен, шынайы әлеуметтік еркіндікпен, қоғамдағы демократиялық үдеріспен, құқықтық сауаттылықпен т.б. толып жатқан ұғымдармен тікелей тағдырлас, бағытас, ажырамас тұтастықтағы «Тәуелсіздік» сөзінің аса қасиетті мәнін тереңірек әрі кеңірек түсінбейтін сияқтымыз.

Міне, осындай себептерден «Тәуелсіздік» ұғымымен тікелей байланысты «ұлтшылдық», «ұлттық рух» сияқты аса мәнді ұғымдардың мемлекеттігімізді нығайта түсетін қасиетті мазмұнын түсіне де, пайдалана да бермейміз. Мұстафа Шоқай «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» атты мақаласында: «Бұл күнде біздің бір ғана жолымыз бар. Ол – ұлтты құтқару жолы. Біздің мұратымыз - ұлттық тәуелсіз Түркістан. Ұлтшылдық біздің, соның ішінде менің де, саяси идеяларымыздың соңы емес, басы. Олай болса біздің барлық іс қимылымыз өз билігіміздің өз қолымызға өтуін қамтамасыз ету тұрғысынан жасалуы керек» деп жазды (3, 99б.). Сондай-ақ Мұстафа Шоқай: «Біздің ұлтшылдығымыз Түркістанда ұлттық үкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған. Біздің революционерлігіміз – ұлттық және тәуелсіз Түркістанды әлеуметтік даму жолына түсіру қажетінен туындайды» деді [3, 64б].

Бүгінгі күндері «ұлтшылдық», «ұлттық рух» деген сөздерден қашамыз. Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген болатын (3,166б.). Және ұлттық рухтың шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатынын терең таныған қайсар тұлға халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығын ұлтшылдық қозғалысының нәтижесі ретінде санады. Ал «ұлтшылдық» ұғымының орнына «ұлтжанды» деген баламаны пайдаланамыз. Қазақта «қатынжанды» деген онша құлаққа жағымды емес сөз де бар емес пе?

Шындыққа жүгінсек, ұлтшылдық төлтума мәдениетке негізделіп, ұлттың өз қадір-қасиетін, абыройын арттыратын, халқымыздың ішкі және сыртқы саясатында, сын сағатында ұлт мүддесіне қызмет етеді, ал ұлтсыздық ұлттың тұтастығын әлсіретеді, рухани жүдетеді. Бірақ біз өзіміздің ұлттық бейнеміз елеулі өзгергенін сезіне бермейтін сияқтымыз.

Осы мағынада осыдан 80 жыл бұрын айтқан Мұстафа Шоқайдың ана тіліміз туралы сөздеріне жүгіне кетсек, таң қалмау мүмкін емес. Патшалық Ресей мен соның саяси жалғасындай болған кеңестік жүйенің халқымыздың ана тіліне деген қарым-қатынасы туралы былай деп еді: «Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын» [3, 133б.]. Одан ары: «Орыс большевиктері социализмді желеу ете отырып, енді екі үш жыл ішінде біздің ана тіліміз – түрік тілін өзінің тарихи құқығынан мақұрым етуді көздеп отыр» [3,135б.]. Бұлай шырылдау жайдан-жай емес еді. Өйткені ұлы тұлғаның түсінігінше: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» болатын.

Бір-ақ мәселеге тоқтайын. Алаш алыптары тәуелсіздікті халықтың тілімен байланыстырған. Тілі тәуелсіз емес елді толыққанды тәуелсіз ел деп танымаған. Қазір Республикамыздағы **7 550** мектептің жартысынан астамы ғана қазақ мектептері. 1573 орыс мектебі бар. Ал мұнда оқитындардың басым көпшілігі өзіміздің ұл-қыздарымыз. Басқа қалаға үлгі болуға тиісті Астанамыздағы 90-нан астам мектептің үштен бірі ғана қазақ мектептері.

Енді ұлттық мемлекетке бірер ой. 1990 жылы қазанның 25-і күні Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі қабылдаған "Қазақ ССР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда" атты тарихи құжаттағы: «Қазақ ССР-і ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады. Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту Қазақ ССР-і мемлекеттігінің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады» деген аса мәнді қағидаға соңғы күндерге дейін мән бермей келдік. Республика күніне он үш жылдан кейін қайта оралғанымыз өздеріңізге белгілі.

Сөйтіп кешегі егемендіктің елең-алаңындағы ұлттық қайта түлеуге ұмтылыс тәуелсіздікке жетуден ары ұзап кете алмады, жаңа өріске түспеді. Социалистік интернационализм идеясымен уланған санамыз Алаш арыстары аңсаған азаттықтың асқақ идеясымен батыл жаңармады, тәуелсіздіктің тәтті суымен суарылмады. Елімізде тұратын ежелден осы жердің иесі, бүкіл халықтың қазіргі күні 70 пайыздай болса да қазақтың ұлттық мүдделерін айқындайтын «ұлттық идея», «ұлттық мәдениет», «ұлттық идеология» және «ұлттық мемлекет» сияқты ұғымдарды әлі мойындай бермеушілік жоқ емес.

Мәселені бұлай айтуымыздың қағидатты мәні бар. Жоғарыдағы айтқан ұлттық бейнеміздегі қайшылықты өзгерістердің барлығы дерлік мемлекеттің ұлттық сипатына жеткілікті көңіл бөлмей келе жатқанымыздан бастау алып отыр. Мұнсыз мемлекет құрушы ұлттың мүддесі шешілмейтінін, ол мемлекеттің қожасы бола алмайтынын, сондай-ақ елдегі басқа этнос өкілдерінің мәселелері де ойдағыдай нәтиже бере қоймайтынын күнделікті өмір көрсетті.

«Тәуелсіздік» деген ұғымның мағынасы кең, мәні терең, бұл ең бірінші бостандық, азаттық, яғни басқа біреуге, бір елдің екіншіге тәуелді болмай, азат болуы дегенді білдіреді. Ал ары қарай тарқатсақ, бұл бостандық жергілікті халықтың тілінен, дінінен, ділінен, яғни рухани дүниесінен бастау алып, ұлттық мәдениеттің еркіндігі, мемлекеттің саяси және экономикалық құрылымдарының тәуелсіздігін де қамтиды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысындағы сөзіндегі: «Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл – оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады» деген ойларды еске түсіре кетсек, біздің бүгін түгендейтін де, тыңнан іздейтін де мәселелеріміздің жетерлік екені байқатады.

Сәл ойланайықшы. Сан ғасыр аңсап, осыдан 30 жылдан бұрын жеткен тәуелсіздік, шын мәнісінде, өзінің толыққанды мәніне ие болуы үшін барды жасай алдық па? Тәуелсіздіктің 30 жылында қандай мемлекет құра алдық? Тәуелсіздігіміз тұғырлы болуы үшін алда әлі не істеуіміз қажет? Осы мәселелерді әрбір қазақстандық, ең бірінші өзіміз, осы жердің, елдің иелері терең де қатты ойланып қана қоймай осы ұлы мақсаттар үшін батыл күреулері де керек дегіміз келеді.

Еліміздің алдына бүгінгі нақты қойылып отырған әділетті һәм жаңа Қазақстан құру мәселесі өте өзекті ғана емес, әрбір қазақстандықтың тікелей міндеті де, мұраты да дегіміз келеді. Бұл шынайы ұлттық идеялар мен ұлттық мүдделерді жалпы мемлекеттік деңгейге көтеруді қажет етеді. Сонда Мұстафа Шоқайдың тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы айтқан телегей-теңіз ойлары мен идеялары ұлтымыздың саяси сапасын жаңартып, әлеуметтік әлеуетін көтеріп, адамзат әлеміндегі өз орнымызды айқындай түсері сөзсіз.

---

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.– 664 б.
  2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. II том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.– 640 б.
  3. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 1-т.– Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. –352 бет.
  4. . Шоқай М. Таң. шығ.: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 392 б.
  5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VI том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013.– 524 б.
  6. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013.– 572 б.
  7. Шоқай М. Шығ.толық жинағы. Он екі томдық. IX том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 568 б.
-

# 1-СЕКЦИЯ. МҰСТАФА ШОҚАЙ ФЕНОМЕНИ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ ИДЕЯСЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

## МУСТАФА ШОҚАЙ И ВОПРОСЫ ТЮРКСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ

*Ауанасова А.М.* - Институт истории государства МНВО РК,  
руководитель Одела истории социально-экономического развития  
Казахстана, доктор исторических наук, профессор

Вопросы тюркской интеграции тесно переплетены с историей автономизации Туркестанского края в 1917–1918 гг., которая фактически стала предтечей современных государственных образований на территории Центральной Азии и Казахстана. Показательным является рост самосознания тюркских народов в 1917–1918 гг. Именно в начале XX в. тюркские народы впервые поднимают вопрос о праве наций на самоопределение и тюркской интеграции.

Краткая история Автономии в Туркестанском крае стала важным этапом в развитии региональной самоорганизации на фоне общенациональных приоритетов тюркских народов имперской России. Вместе с тем, выдвигаемые идеи тюркской интеграции на фоне провозглашенных автономий по праву вошли в золотую копилку интеграционной политики современных тюркоязычных государств не только Центральной Азии, но и мирового тюркского сообщества.

В истории государственного строительства Центральной Азии и Казахстана XX в. известны две формы автономий. Первая – досоветские автономии, сформированные коренными этносами. Их возникновение связано с установлением демократической формы правления в России Временным правительством после победы Февральской революции 1917 г. Досоветские автономии просуществовали недолгое время, но продемонстрировали желание тюркских народов взять в свои руки государственную власть, возродить национальную государственность. Вторая форма – советские автономии (Туркестанская АССР, Казахская АССР), возникшие в результате победы Советов и утвердившиеся в навязанной большевиками форме классового содержания государственного устройства. Изначально они сводились к пренебрежению национальными интересами региона и признанию только территориальных показателей национальных районов.

Практическая борьба за автономию Туркестана после октябрьского переворота определила два подхода в решении задачи национального самоопределения: «снизу» и «сверху». **Первое направление** представляло широкие слои населения за реальное осуществление суверенных прав



тюркских народов Туркестанской автономии в рамках российской федерации.

Важно отметить, что Туркестан Мухтариати (Туркестанская автономия) было не единственным новым политическим образованием на территории бывшей Российской империи после перехода власти к Временному правительству и Учредительному собранию. За очень короткий промежуток времени (один-два месяца) помимо Туркестанской автономии образовались еще три автономии: 15 ноября 1917 г. – автономия Башкортостана, 6 декабря 1917 г. – Сибирская автономия, 13 декабря 1917 г. – автономия Алаш в Казахстане. Парад автономий говорил о том, что народы, населяющие бывшую Российскую империю, в 1917 г. были готовы взять легитимную власть в свои руки и начать вести на местах самостоятельную внутреннюю и внешнюю политику. Каждая из вышеперечисленных автономий имела особенности в своей организации.

Туркестанская автономия (Туркистон Мухтариати, с 28 ноября 1917 г. по 22 февраля 1918 г.) была организована по территориальному принципу, без акцента на государствообразующую нацию. Она охватывала территорию Туркестанского края, которую населяли тюркские народы: казахи, киргизы, узбеки, туркмены и другие, а также территории Сыр-Дарьинской и Семиреченской областей, населенных преимущественно казахами.

Важно, что после образования Туркистон Мухтариати и автономии Алаш в кругах политической элиты с повестки дня не снимался вопрос об образовании **Тюркской автономии без акцента на государствообразующую нацию**, то есть четко было заявлено о желании тюркских народов идти по пути федерализма.

Исторический путь развития федерализма в Туркестанском крае, чьим основным принципом выступал политический идеал федеративной организации государства через стремление объединить несколько отдельных территорий юга бывшей Российской империи (например, Туркестанский край и Казахстан) в одну федерацию, доказывает, что политическая партия «Шуро-и-исламия» вышла на новый уровень взаимоотношений между Автономиями Туркистон Мухтариати и Алаш. Тюркская интеграция как одна из форм управления Туркестанским краем (плюс Казахстан) на практике могла осуществить идею федерализации на своих территориях.

Об этом свидетельствуют результаты совещания, проходившего 5 января 1918 г. между лидерами Алаш и Туркестанской автономией – Алиханом Букейхановым и Мустафой Шокаем, где обсуждался вопрос о проведении совместного съезда в Сыр-Дарьинской области [1].

На повестки дня стоял вопрос о присоединении региона либо к автономии Алаш, либо к Туркестанской автономии. Позднее Миржакып Дулатов, участвовавший в качестве представителя от правительства Алаш-Орды, в своих показаниях следователю ОГПУ 30 ноября 1929 г. писал следующее: «К концу нашего съезда (т.е. II Всеказахского, проходивший с 5 по 13 декабря 1917 г.) приехал из Коканда Мустафа Чокаев. Он был против образования самостоятельной Казахской автономии, а агитировал за

соединение с Туркестаном и говорил, что в состав Туркестанского правительства вошли он и Тынышбаев Мухаметжан ... Поэтому было принято постановление о созыве Сыр-Дарьинского областного съезда, на котором было принято решение за присоединение к Казахской автономии. Что же касается Сыр-Дарьинской области, было принято решение оставить область в составе Туркестанской автономии» [2, с. 130].

Как видно из показаний М. Дулатова, проект объединения автономии Алаш с Туркестан Мухтариати в единую политическую силу, поднимавшийся М. Шокаем, говорит о том, что организация автономии предполагалась по территориальному принципу.

Анализ выдвигаемых предложений о создании тюркской интеграции в 1917–1918 гг. ставит задачу определения типа федерации, заявленной М. Шокаем, исходя из реализуемых на современном этапе федеративных моделей. Пожалуй, наиболее близок к идее тюркской федерации дуалистический (дуальный) тип федерализма. Для того времени он мог бы стать одной из прогрессивных форм государственного устройства, так как для этого были созданы все предпосылки: внутренний суверенитет субъектов, их независимость друг от друга и относительная свобода во внутренней организации. Федеральная и региональная власть в такой модели могли бы быть автономными и чётко разделёнными между собой, в том числе и в вопросе [легитимации](#). Таким образом, между субъектами и федеральным центром отношения, видимо, планировалось строить по строгой иерархичности, федеративности. В этом случае права субъектов по отношению друг к другу скорее напоминали бы конфедерацию [3].

Тезис, выдвигаемый М. Шокаем, опирался на то, что тюркско-мусульманские народы, населяющие Центральную Азию и Казахстан, должны консолидироваться на основе этнической, культурной и языковой общности для возрождения региона в форме Тюркской автономии. Многие учёные-представители социальных наук высказывают идею о том, что федеративное устройство государства является стимулом для развития демократии. Некоторые также утверждают, что демократия и федерация в полном смысле этих двух понятий невозможны без их сочетания. В частности, политолог Т. Джефферсон утверждал, что федерализм является непосредственной «территориальной» формой демократии, и полагал, что готовность народа к реализации федеративной модели управления государством коррелирует с уровнем развитости в нём демократических идей и институтов.

Вполне обоснованным, исходя из принципов и самой идеи федерализма, считается утверждение о том, что федеративная форма государственного устройства способствует не только дополнительной децентрализации государственной власти, созданию дополнительных институтов в системе сдержек и противовесов, что также косвенно содействует развитию демократического режима, но и сама по себе предполагает развитие по демократическому пути. Данное положение в большей степени становилось актуальным для многонационального Туркестанского региона, где тюркская

интеграция была необходима для должной репрезентации этнических интересов.

Сама идея тюркской интеграции М. Шокая для того периода хотя и оказалась прогрессивной, но не могла быть реализована. Туркестанский край и Казахстан боролись за признание автономий.

Дальнейшие события в ходе эволюционного развития досоветских автономий показывают, что с 1917 по 1918 гг. на территории Центральной Азии и Казахстана самостоятельно действовали две автономии, легитимность которых подтверждалась общенациональными съездами этих регионов.

К сожалению, ни действия Временного правительства в решении социально-экономических вопросов, ни обещания в будущем решить вопрос Туркестан Мухтариати на Учредительном собрании уже не могли приостановить начавшийся процесс насильственного перехода политической власти в руки большевиков. В этих условиях неоднократные встречи лидеров национальных автономий с представителями Временного правительства, «белого» движения по вопросам признания этих автономий положительных результатов не дали. Ожидать взаимопонимания от этих влиятельных политических сил на территории бывшей Российской империи в 1918 г. было бессмысленно.

**Второе направление**, навязанное сверху партийным руководством большевиков, предполагало осуществление автономии в рамках единого пролетарского государства. Декларативно предоставляющая угнетенным народам право на самоопределение советская модель национальной автономии была нацелена на создание социалистической государственности, не приемлющей национальные интересы туркестанского общества. В целом победа ленинской модели национально-территориальной автономии на советских началах уничтожила возможности демократического развития региона.

Руководитель Мусбюро Турар Рыскулов в своих выступлениях и докладах того периода часто приводил вопиющие факты о советской великодержавной политике, ее колонизаторском и национально-угнетательском характере. Как и Мустафа Шокай он предлагал создание **Туркестанской автономии на тюркских началах в составе РСФСР**, и заявлял, что «...для избежания розни между тюркскими народами следует объединить их под одним знаменем тюрков», а Туркестан необходимо считать «...страною тюркских народностей..., включая сюда таджиков нетюркского происхождения, и остальное население – русских, евреев, армян и других, представляющим из себя пришлый элемент».

На III конференции Мусульманского бюро Т. Рыскулов и его единомышленники поставили вопрос «**Об автономии и конституции Туркестана**», где в резолюции отметили, что Туркестан, состоявший из пяти областей: Сыр-Дарьинской, Семиреченской, Ферганской, Самаркандской и Закаспийской, объявляется страной тюркских народностей. Поэтому, хотя территориальный признак названия Туркестанской республики РСФСР совпадает с национальным признаком, необходимо для ясности использовать

название «Тюркская республика РСФСР» [4; 5], в рамках которой «самоопределяющимся коренным народом считается тюркский народ». Было предусмотрено, что в состав новой республики «могут приниматься желающие войти в неё новые тюркские республики», что допускало **реализацию идей образования Тюркской республики** или республики Туран (от Волги до Памира) в составе РСФСР в 1919–1921 гг., высказывавшихся М. Султан-Галиевым и А.-З.В. Тоганом. Выдвигались также задачи формирования республиканской мусульманской армии и подготовки проекта конституции.

Если Туркестан Мухториати была уничтожена военным путем, то проект образования Тюркской автономии показал внутривластный раскол в рядах партии в вопросах права наций на самоопределение. Проект Т. Рыскулова был отклонен в силу опасности для центральной власти установления досоветской автономии в Туркестане. Однако проект показывает, что национальная советско-партийная верхушка хоть и делала попытки повести за собой широкие массы народа и добиться победы реальной автономии в Туркестане, но не смогла устоять перед напором ЦК РКП(б), показав свою незрелость в решении вопроса национального самоопределения Туркестана. Однако ее попытки возродить идеи Туркестанской досоветской автономии вместе с лидерами автономий Алаш показали, что, несмотря на ошибочность в вопросах национального самоопределения Туркестана, местные советско-партийные кадры делали попытки отстаивать право тюркских народов на самоопределение Туркестанской республики.

Большевики, настроенные на мировое господство пролетариата, не признавали право нерусских народов на самоопределение. Они рассматривали вопрос любой из форм автономии Туркестана как вынужденную краткосрочную меру при строительстве единого сильного пролетарского государства.

Несмотря на смену формы Российской государственности, демократического курса Временного правительства, а затем и большевиков, в официальной политике России доминировал тезис отрицания национального возрождения нерусских народов и сохранение единой **державности России**.

Колониальное мышление и высокомерие вместе с шовинистскими воззрениями большевиков об уникальности русского народа вкупе с унижением национального сознания тюркских народов еще не одно десятилетие продолжало существовать в практике государственного строительства советских автономий и союзных республик. Как показала дальнейшая практика государственного строительства, в конечном итоге республики утратили свою независимость, находясь под полным контролем компартии и центрального аппарата. Лишь через 70 лет с распадом СССР Центральная Азия и Казахстан смогли обрести свою государственность и независимость.

Провозглашение автономий на территории бывшей Российской империи стало закономерным шагом в истории государственного строительства

Туркестанского региона и Казахстана. Не смотря на то, что тюркская интеграционная идея не нашла своего применения в теории и практики государственного строительства в 1917–1918 гг., она показала свою перспективность для современных стран Центральной Азии, Казахстана и мирового тюркского сообщества, выступив консолидирующим фактором в международном сотрудничестве, науке, образовании, культуре тюркских стран.

#### Литература

1. Қазақ. 1917. № 255.
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 т. Т. 4. Алматы: Атамұра, 2009. 768 с.
3. Баранов Н. Современный федерализм и федерации (опубликовано 19.06.2016) // Персональный сайт Николая Баранова. URL: <https://www.nicbar.ru/politology/study/kurs-politicheskaya-regionalistika/186-lektsiya-7-sovremennyy-federalizm-i-federatsii> (дата обращения: 28 января 2020).
4. Архив Аппарата Президента Республики Узбекистан (ААП РУз.). Ф. 60. Оп. 2. Ед. хр. 547. Л. 46-49.
5. Известия ТуркЦИК. 1920. 4 февраля.

### МУСТАФАТАНУ ЖӘНЕ КӨШІМ ЕСМАҒАМБЕТОВ

*Хазретәлі Тұрсын*, тарих ғылымдарының докторы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университетінің профессоры. Түркістан

Көрнекті қоғам қайраткері, күрескер Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы оның өмірі мен қызметінің тарихын ғылыми тұрғыда қалпына келтірген іргелі еңбек болды. Ғылыми қалпына келтіру деген ұғымның мәні – ғылыми дәлелденген деректер негізінде өткен тарихтың барынша шынайы бейнесін жасау дегенге саяды. Шоқайдың өз шығармалары оның өмірі мен қызметінің дәйегі һәм дерегі болғандықтан да бұл жинақтың маңызы зор.

Көшім Есмағамбетов жинақтың алғашқы томына енген монографиялық еңбегінде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне құжаттық негізде тарихи талдау жасап, ғылыми баға берген. Бұл еңбекті осы кезге дейін шоқайтану бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің ең объективтісі әрі толымдысы деп бағалаймыз. Өйткені, қолында Шоқайдың барлық шығармаларының болуы авторға қайраткердің қызметіне барынша дәлелді және шынайы ғылыми талдаулар жасауға мүмкіндік берген. Деректанудың қағидаларына сай ғылыми этика нормаларын сақтай отырып, шым-шытырық саяси күрес барысында жолдары тоғысқан қайраткерлердің өзара қарым-қатынасы, олардың ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясы мен тактикасына қатысты пікір алшақтығынан, көзқарас айырмашылығынан туындаған саяси пікірталастарды шынайылықпен қарастыра алған. Бұл да тарихилық

қағидасынан ауытқымаған ғалымның үлкен жетістіктерінің бірі деп бағалаймыз.

Осы кезге дейін қоғамдық ғылымдарда қазақ саяси элитасы өкілдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов және т.б. шығармалары мен құжаттарының толық жинақтары жарық көргені белгілі. Осы еңбектерден М.Шоқай шығармаларының толық жинағының ерекшелігі қандай? деген сауалға жауап беріп көрейік.

Біріншіден, жинақтың М.Шоқай шығармашылығын барынша толық қамтығандығы. Жинақта ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде 488 материал енгізілген, жалпы көлемі 430 баспа табақты құрайды. Мәселе жинақтың көлемінде ғана емес, ондағы мақалалардың басым бөлігінің түпнұсқа мәтінімен және түсіндірмесімен алғаш рет ғылыми айналымға ұсынылғандығында. Осыншама мол деректердің осы кезге дейін ғылыми қауымға қолжетімсіз болып келгендігі олардың жақын және алыс шетелдік архив қорлары мен кітапханаларында жинақталуында еді. Жинаққа енген материалдар отандық архивтер мен кітапханалардан өзге Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған. Бас аяғы жиырмадан астам архивтер мен кітапханаларды сүзіп шығудың өзі аз шаруа емес. Сонымен бірге алдағы уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Румыния мемлекеттеріндегі архивтер мен кітапханалардан да қолға түспеген туындылары мен құжаттары табылуы мүмкін.

Екінші ерекшелігі осы толықтығынан туындайды. Мұстафа Шоқай көп тіл білген, полиглот қайраткер. Ол қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, көне шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған. Содан да араб, кириллица және латын әліпбилерін қолданған. Оның мақалалары хинд, урду, араб, грузин және т.б. тілдерде жарияланған. Әртүрлі тілдерде жазылған, жарияланған еңбектердің түпнұсқасын, кейбірінің факсимилиесін енгізу де жинақтың деректік құндылығын арттыра түскен. М.Шоқай 1919 жылдан бастап Грузияға қоныс аударып, ондағы «Борьба», «На рубеже», «Шефак», «Вольный горец» - «Независимый горец», «Янги Дунья» газеттерінде халыққа Қазан төңкерісі әкелген қасірет жөніндегі мақалаларын жариялаған [1, 6 б.]. Өз басымыз Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты ізденістерімізде Ресей мемлекеттік кітапханасының әлемнің көптеген елдерінен жинақталған баспасөз коллекциясымен аты шыққанымен орасан мол дүниенің арасында М.Шоқай редакторы болған «Бірлік туы» және жоғарыда аталған «На рубеже» газеттерін кездестіре алғанымыз жоқ. «Бірлік туының» алғашқы санынан өзгесі табылды. Ал «На рубеже» газетінен әзірге дерек жоқ. Мұстафаның бұл газетте бірнеше мақаласы жарияланған болатын. Осы екі деректің өзі М.Шоқай мұрасын іздестіруді алдағы уақытта одан әрі жалғастыру қажеттігіне көз жеткізеді.

Үшінші ерекшелік, жинақтың тарихилығында. Кеңестік кезеңде қазақ тарихының мұғажырлық тарихнамасына назар аударылмады. Партиялық-мемлекеттік билік мұндай әдебиеттердің таралуына қатаң тиым салды. Дегенмен, отандық тарих ғылымының ХХ ғасыр басындағы кезеңі тың

теориялық және методологиялық ойларға толы. Ол ойлар мен көзқарастар бүгінгі тарихнамалық зерттеулерге кеңестік кезең тарихи ойының мәні мен мазмұны қандай болғандығын аңғартады. Мәселен, М.Шоқайдың «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ақуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып талдау жүргізеді.

Екінші жол: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыдан талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады.

Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы. Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақ таптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Өйткені, олар тарих еткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешекке сабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі [2, б. 202-203] деген әдіснамалық ойын бүгінгі күні басшылыққа алатын тұжырымдардың бірі деп есептеуге болады.

Шоқайдың қайсы шығармасын алып қарасаңыз да оның тарихқа тікелей қатыстылығы аңғарылады. Ал, тарихи шығарма қашанда субъективтілігімен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқай шығармашылығының субъективизмі – оның ұлтжандылық дүниетанымы мен саяси көзқарасынан туған. Ол Орта Азия мен Қазақстанда орын алған кез келген тарихи оқиға мен құбылысты түркілік бірлік және азаттық жолындағы күреспен өлшейді. Саяси элита өкілдерінің қызметіне де олардың ұлттық мүддеге қаншалықты қызмет жасай алуына қарай баға береді.

Төртіншіден, Шоқай кабинеттік ғалым, редакция тапсырмасын ғана орындайтын қатардағы журналист емес, саяси күреске белсене араласқан қайраткер, жалынды публицист. Сондықтан қай тақырыпта қалам тартса да біліп жазады, білікті жазады, өз көзқарасына сендіріп жазады. Жинаққа енген Шоқайдың еңбектері осы тұжырымды тағы да айғақтай түседі.

Мұстафа Шоқай ең алдымен күрескер, сосын барып шығармашыл тұлға болып қалыптасқандығын атап айтуға болады. Күрескерлігі шығармашылыққа ұласқан, ал шығармашылығы саяси күреспен астасқан бұндай тұлға ұлттық саяси элита арасында санаулы ғана. Ал әлемдік деңгейде танылғаны Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзі. Демек, Шоқай шығармаларының толық жинағы ең алдымен оның түркілік бірлік пен тәуелсіздік идеясын бағдарға алған саясаткер ретіндегі күрескерлігін танытады, сонымен бірге күрес формасы ретінде өмірлік кредосына айналған саяси көсемсөзінің мәні мен мазмұнын толық паш етеді. Жинаққа енген

шығармалары мен құжаттары оның шетелдегі тәуелсіз баспасөздің үлкен ұйымдастырушысы екендігін айғақтайды. Оның энциклопедиялық білімі мен сұңғыла саясаткерлігі түркі халықтарының тәуелсіздігіне қызмет жасауға үлкен мүмкіндік бергендігі жинаққа енген мақалаларымен бірге «Бірлік туы», «Яш Түркістан», «Йени Түркістан», «Түркістан» газет-журналдарын ұйымдастыруы, қаншама газет, журналдарға редколлегия мүшесі, автор болып қатысуынан анық көрінеді.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі туралы деректер мен шығармашылық мұрасын шетелдік архивтер мен кітапханалардан іздеп табу, оларды түсініп-оқып, аудару ғалымнан археографтың, деректанушы мен мәтінтанушының біліктілігін талап етері сөзсіз. Қанша уақыт пен ерік-жігерді қажет ететін бұндай ерлік екінің бірінің оңтайына келе бермейтін шаруа. Осындай ғылыми ерліктің үлгісіндей болып жарыққа шыққан жинақтың еліміздің мәдени өміріндегі маңызын да жіктеп айтқанымыз дұрыс сияқты.

Еңбекті қазақ тарихында осы кезге дейін жарық көрген жеке тұлғалардың шығармалар жинағының алды деп бағалауға болады. Академиялық талаптарға сай орындалуы, көлемі, қамтыған деректерінің ауқымы бойынша әзірге теңдесі жоқ еңбек болып шыққан.

Осы кезге дейін М.Қойгелдиевтің басшылығымен 2 томдығы, Ә.Бәкірдің басшылығымен 3 томдығы, жекелеген еңбектері кітап болып жарық көрген болатын. Аталған жинақтарда М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған 224 мақаласы, басқа да шығармалары араб графикасынан кириллицаға транскрипцияланып берілген. Жинақтың транскрипцияланған мақалаларды қайталамай олардың мәтінін түпнұсқа графикамен беруінің деректік маңыз зор. Бұл жағдай М.Шоқай мұраларына салыстырмалы мәтіндік талдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Жинақтың жарыққа шығуы арқылы қазақтың эмиграциялық көсемсөзі жоғары деңгейде танылуға мүмкіндік алды. К.Есмағамбетов «Мұстафа Шоқай батыс советологиясының негізін қалаушылардың бірі» деген баға береді. Батыс советологиясының негізін қалағандардың көпшілігі «ақ эмиграцияның» өкілдері болатын. Солардың бірі философ Н.Бердяев шетелде жүріп панславизмді насихаттады, ал екіншісі А.Ф.Керенский уысынан шығып кеткен Ресейдегі билігін қайтаруды көкसेп, ұлыорыс шовинизмінің отын маздатты. Ал М.Шоқай советологиясының мәні кеңестік биліктің Орта Азиядағы «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» ұлт саясатының көзбояушылығын әшкерелеуге негізделді. Осы тұрғыдан алып қарағанда батыстық советологияда Шоқайдың алар орны мен атқарған қызметі ерекше. Шоқайдың кеңестік билікті әшкерелеген әрекеттері ізсіз кеткен жоқ, жазған материалдары стол тартпасында жатып қалмады. Бірнеше европалық тілдердегі газет, журналдарда жарияланған өткір мақалаларында көтерілген мәселелер Батыс елдері мемлекет басшылары мен саясаткерлерінің назарын аударды және Кеңес Одағының жүргізіп отырған озбырлық саясатына қарсы ақпараттық күрес науқанына жол салып берді. Солардың бірі жинаққа енген Қазақстандағы 1932-1933 жж ашаршылыққа байланысты Европа



жұртшылығының назарын аудартқан Мұстафаның түрлі жиындарда оқыған лекциялары, жасаған баяндамалары мен мақалалары еді.

Жинақ М.Шоқайдың атына кеңестік тоталитарлық жүйе таңған айыптаулардың негізсіздігіне айғақ болды. Әнуар Әлімжановтың өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады» деген тұжырымы интуициямен жасалған десек, К.Есмағамбетовтың құрастырған 12 томдық жинағы М.Шоқайдың ақталуының ғылыми айғағы болды.

Большевиктер көсемінің осы хатын партиялық-мемлекеттік номенклатура Шоқайды қаралау науқанына жол ашқан нұсқау ретінде қабылдады. Әрі қарай саясат пен биліктің шотын шапқан саясаткерлер, ғалымдар мен әдебиетшілер кешегі күні әлем таныған, бүгінгі күні әлем мойындаған Мұстафа Шоқайды «пантүркист», «ұлтшыл-фашист», «алашордашыл», «ұлтшыл», «отанын сатқан», «фашистермен ауыз жаласқан», «Түркістан легионын» құруға қатысқан» және т.б. деген саяси айдарлармен туған халқына құқай етіп көрсету науқаны басталып жүре берді және еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасып келді. Үлкен террор кезінде кеңестік құқық құрылымдары танымал саяси қайраткерлермен бірге қатардағы шаруаға дейін Мұстафа Шоқаймен байланысы бар деген айыптар тақты. Ол айыптаулар қаншама жазықсыз жандардың ату жазасына кесіліп, бас бостандығынан айырып, жер аударылуына ұласты.

Жинақта осындай аңыздар бірінен соң бірі әшкереленеді. Мысалы ретінде айтар болсақ, 1948 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М.Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұмат жоқ» деп жауап береді [3, 484 б]. К.Есмағамбетовтың өзі Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатында кездейсоқ қалып қойған осы құжатты кеңес өкіметі ұзақ уақыт бойы жасырып келгендігін айтады.

Осындай айыптаулардың бірі М.Шоқайдың Жапон өкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізуіне байланысты тағылады. 12-томға енген хаттар арасында Шоқайдың осындай әрекеттерге барғандығын айғақтайтын құжаттардың мазмұнына қарап, шын мәнінде С.Сейфулин, Т.Рысқұлов сияқты т.б. қайраткерлерге тағылған «жапон тыңшысы» деген айыптаулардың қаншалықты негізділігі жайлы арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы ой туындайды.

Қазақ тарихында өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыда қалпына келтіру кезегін күтіп жатқан қайраткерлеріміз аз емес. Осы 12 томдық жинақтың деректанулық қағидаларға сай жоғары деңгейде жарық көруі тәуелсіздік жолында жанпида қызмет жасаған ұлттық саяси элита өкілдерін деректік негізде ғылыми тұлғаландыруға үлгі, өнеге болады деп білеміз. Әрине, бұл мәселеде профессор К.Есмағамбетовтың мұстафатану бағытын негіздеген ғылыми шеберханасының өзі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың 12 томдық толық шығармалар жинағының жарық көруі еліміздің ғылыми, мәдени өмірінде үлкен жаңалық болды. Осы еңбек арқылы еліміздің бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген күресі тарихының жаңа желісі - халықаралық деңгейде жүргізілген күресінің мазмұнды да өнегелі тарихы ғылыми негізде қалпына келтірілді. Қоғамдық ғылымдарда осындай іргелі мәнге ие болған жинақты дайындап, жарыққа шығару арқылы отандық тарих ғылымының дамуына қызмет жасаған профессор Көшім Есмағамбетовтың еңбегі елеулі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 2 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. 640 б.
2. Шоқай М. Бір ғылыми өтірікке қарсы (Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай). Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. 1 т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007. – 352 б.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 1 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. -544 б.

### **ПОПЫТКА МУСТАФЫ ШОКАЯ ОБЪЕДИНИТЬ АНТИБОЛЬШЕВИСТСКИЕ СИЛЫ В УКРАИНЕ, НА КАВКАЗЕ И В ТУРКЕСТАНЕ (НА БАЗЕ ПАРИЖСКОГО АРХИВА МУСТАФЫ ШОКАЯ)**

*Сайнулла Жумабаевич Сапанов* - д.и.н., Директор НИИ «Истории, археологии и этнологии Каспийского региона им. Х.Б.Табылдиева»  
Атырауского университета им. Х.Досмухамедова;

В настоящее время историческая наука Казахстана переживает период своего бурного развития. В многочисленных научных трудах казахстанских ученых, которые не раз затрагивали вопросы духовной модернизации общества, возвращения национального кода, необходимости широкой пропаганды лучших достижений многотысячелетней степной цивилизации, изучения жизни и деятельности выдающихся деятелей Великой степи, а также раскрывали специфику взаимоотношений с соседними народами и государствами.

Придерживаясь традиции преемственности, Президент Казахстана К.К. Токаев обратился к национальным истокам, в том числе, призвав казахстанцев к скрупулезному изучению и широкой пропаганде жизни и деятельности видных государственных и общественных деятелей Казахстана. Пожалуй, тут особняком стоит такая историческая фигура в истории казахского народа как Мустафа Шоқай.

Когда мы говорим о каждой исторической личности, трудно судить о ней справедливо, пока она не будет максимально всесторонне изучена и

обязательно следует объективно взвешивать политические события с социально-политическими ситуациями в свое время.

С этой точки зрения жизнь и деятельность М.Шокай полна борьбы и противоречий.

Этот исторический период были годами борьбы алашской интеллигенции за создание национального государства против большевизма, Советского правительства. В истоке этой борьбы стояли такие политические деятели как Ахмет Байтурсынов, Алихан Бокейханов, Мыржакып Дулатов, Мустафа Шокай и др.

### **Политическая деятельность М. Чокая в Баку и Тифлисе.**

Политическая жизнь М. Шокая началось относительно рано, когда в возрасте 24 лет он стал членом Мусульманской фракции Госдумы и посвятил свое первое выступление разоблачению колониальной политики царизма в Центральной Азии и на Кавказе.

В 1919 году Мустафа Шокай подвергся преследованиям со стороны большевистского правительства и вынужден эмигрировать в Грузию. Здесь он приступает к попытке объединения национальных сил Украины, Кавказа и Туркестана в один фронт в борьбе с большевизмом, русским империализмом.

Предыстория эмиграции такова. В 1919 году М. Шокай был арестован и приговорен к расстрелу по решению правительства адмирала Колчака. Но, сбежав из плена, он достигает Кавказа через башкирские и казахские степи.

В феврале 1919 года он прибыл в Баку. Город находится на противоположном от Красноводска берегу Каспийского моря, и ему казалось, что отсюда, из Баку будет легче вести ту работу, которая возложена на него соотечественниками и что он сам считал своим первейшим долгом, долгом жизни и национального сознания.

Но вскоре выяснились затруднения для работы в Баку и он вынужден выехать в Тифлис, куда был предварительно отправлен его доверенный человек и личный друг, он же и секретарь центральной организации, работавшей вне пределов Туркестана. По получении от него благоприятного содержания письма и с рекомендательным письмом от бывшего тогда в Баку представителя грузинского правительства Н. Карцивадзе (позднее расстрелян большевиками), в марте 1919 года он направился в Тифлис [1].

Надо отметить, что до Тифлиса он побывал на территории нынешнего Туркменистана, который находился под военным покровительством Англии, антисоветского правительства из русских и туркмен.

Правительство обещало М.Шокай содействие, но ввиду крайней неустойчивости их положения, определяемого, с одной стороны, слишком властным вмешательством английского представителя, стремившегося передать Туркмению, как можно скорее, под власть Добровольческой Армии (Деникина) и, с другой, ростом недовольствия среди рабочей массы Среднеазиатской железной дороги, М. Шокай не считал возможным связывать судьбу своих начинаний с ним. К тому же, сидевшее в Баку представительство этого правительства проявляло такую степень враждебности к Азербайджану и ко всем новообразовавшимся национальным

правительствам на Кавказе, что сотрудничество с ашхабадским правительством ему казалось и невозможным. В бытность Мустафы Шокай в Ашхабаде (резиденция правительства Туркмении) было решено, что, если ему не удастся обосноваться, хотя бы на некоторое время где-либо в Закавказье, он должен будет пробиваться в Европу, куда должны приехать, вслед за ним несколько человек из его центральной организации.

Но в Тифлисе он встретил чрезвычайно теплый прием. Грузинское правительство проявило ясное понимание положения и обещало помочь М.Шокай всем, чем может. Особенно много не требовалось, но то, что грузины проявили готовность помочь, было уже достаточно для того, чтобы он задержался в Тифлисе. Здесь, в Тифлисе, тогда находились наиболее активные представители Северного Кавказа; сюда наезжали кубанские казаки; находилась резиденция Верхового комиссара Версальской Конференции и, наконец, последний по счету, но не по значению для его работы, в Тифлисе пребывал представитель петлюровской Украины Красковский.

В Ашхабаде, Баку и Тифлисе он имел встречи с представителями Европы. От этих встреч у него остались крайне неблагоприятные впечатления. Он явно ощутил отсутствие намерения «у союзных держав» серьезно защищать кавказские республики, а представитель «Версаля» американский полковник Хаскель прямо заявил в армянском парламенте, что если хоть один волос упадет с головы армянина от нажима на Армению турок, то ответственность ляжет на турок вообще, т.е. и на турок на Кавказе. Если сопоставить с этим то, что генерал Деникин объявлял войну Азербайджану, заступаясь за «братский армянский народ», то легко представить себе, что могло означать выступление полковника Хаскеля. Английский генерал Маллесон, командующий вооруженными силами Англии в Закаспийской области (Туркменистан) открыто и твердо заявил М. Шокаю, что целью Англии является передача Туркмении под власть генерала Деникина. Деятельность другого британского военного представителя на Северном Кавказе точно также направлена на пользу генерала Деникина. И вот получается картина: Хаскель от имени «Версаля» угрожает всем туркам, англичане на том берегу Каспия и на Северном Кавказе явно настроены проденикински. Угроза независимости Кавказа была слишком велика. Не видели и не понимали этого только те, кто хотел не видеть ничего, кроме «сегодняшнего дня» [2].

**Попытка М. Чокая объединить антибольшевистские силы.** Сложившиеся ситуацию Мустафа Чокай видел совсем по другому. Отсюда и некоторая, так сказать, широта его планов. И он приступил к работе. Были налажены отношения с украинским представителем Красковским. Разработан совместный план. В центре его работы находился выпуск печатных изданий на европейских и русском языках. Намечалось создание «телеграфного агентства», информационного бюро. Составлена смета. Первоначальные расходы брал на себя М.Шокай и его сторонники туркестанцы и украинцы (в пропорции: туркестанцы – 1/3 и украинцы – 2/3).

Думалось, что со временем войдут с ними в деловые связи и другие заинтересованные в деле борьбы против общей опасности. Но помощь пришла со стороны грузин и азербайджанского правительства. Армяне открыто заявили, что они в такой антироссийской работе участия принять не могут. СевероКавказского правительства тогда уже не существовало. И в результате остались - украинцы и туркестанцы. С общего согласия туркестанских и кавказских кругов, было решено привлечь к сотрудничеству ту часть русских социалистов, которые признают фактически сложившееся положение и считают необходимым защиту права национальностей на самоопределение. Было создано туркестано-украинское издательство «Вольный союз» и журнал на русском языке «На рубеже». Средств у М. Шокай было мало и на шестом (6-ом) номере журнал прекратил свое существование. Но начало объединения антисоветских национальных сил, борющихся против московского империализма, было положено.

По определению М. Шокай средств было мало. Быть может, их и хватило бы, отмечает Мустафа Шокай, *«если бы мы, туркестанцы, не взяли на себя еще другую задачу - поддержку организации «зеленых» в сочинском округе»*.

В Сочинском округе, на который претендовал генерал Деникин и куда наступали его воинские части, решено организовать крестьянское движение «Зеленое движение», во главе военной организации стал русский полковник Воронович (социал-революционер), служивший в штабе грузинской Народной гвардии. И первую денежную помощь для организации этого крестьянского восстания против армии Деникина дал М. Шокай, ибо борьбу за туркестанское национальное дело он понимал не как борьбу только в географических пределах Туркестана, а как часть общей антимосковской борьбы, понимая под «Москвой» и красных и белых. Поэтому считал, что, помогая восставшим против «белых» «Зеленым», он делал общее дело, дело всего антиимпериалистического ([анти] московского) фронта [3].

Как свидетельствуют данные архива, за короткий период пребывания на Кавказе М.Шокай не прекращал борьбу. А его попытка объединить антибольшевистские национальные силы Украины, Кавказа, Туркестана свидетельствует о том, что М.Шокай является крупным политическим и государственным деятелем, который рассматривал борьбу за национальную независимость не только в географических рамках, но и в рамках общего антибольшевистского фронта.

#### Литература

1. INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 3. Dossier 1. P.P.1-4.
2. INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 3. Dossier 1. P.P.1-4.
3. INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 3. Dossier 1. P.P.1-4.

## АЛАШ РУХЫ ЖӘНЕ ТҮРКИЯДАҒЫ АЛАШ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Hülya KASAROĞLU ÇENGEL<sup>27</sup>

### Алғыс

Арнайылап шақырғаны үшін Қызылорда Қорқыт Ата университетіне, аса қадірлі ректорына шексіз алғысымды айтамын! Ұлы Даланың ұлы ғалымы, ақыны, Алаш қозғалысының негізін қалаушы, Алаш Орданың таңдаулы мемлекет қайраткері – Мұстафа Шоқайдың 133 жылдығы құтты болсын! Шоқай тек қана Қазақстан емес, бүкіл түрік әлемінің ортақ тұлғасы, құндылығы және сол себепті Түркияда әртүрлі іс-шараларда еске алады. Күллі түрік әлемі Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Мағжан Жұмабай, Қошқе Кемеңгер, Халел Досмұхамедов бастаған Алаш арыстарының алдындағы борышын өтеуі керек және оларды күллі түрік әлемінің келешек ұрпағының санасына сіңіру үшін жақсылап насихаттауы керек. Бұл, бәріміздің борышымыз.

### Кіріспе

Алаш зиялыларының Түркістанның тәуелсіздігі мен мәдени ағарту жолындағы күресі, 1917 жылы құрылған Алаш Орда Үкіметі, үкіметтің 1920 жылға дейін созылып, кейін ыдырап, түрік зиялыларының, соның ішінде Алаш зиялыларының 1926 Баку конгресіне бас қосуы. Исмаил Гаспиралының ізімен ортақ мәдени өмір туралы шешім қабылдап, тәуелсіздік үшін күрескен Алаш зиялыларының 1937-1938 жылдары репрессияға ұшырауы.

Репрессия бәрінің соңы емес, керісінше басы болды. Ата-бабамыздан қалған тәуелсіздік рухы, «Мәңгілік ел» /Мәңгілік өлке/ ұғымы, туған жерге, ұлтқа деген сүйіспеншілік арта берді. Алаш алауы кеңестік кезеңде әдебиеттен өз орнын тапты. 1986 жылы Желтоқсанда тұтанған тәуелсіздік оты – Алаш рухының өзі еді, сол рух ешқашан сөнбеген.

Алаш қайраткерлері туралы ең таңдаулы және ең негізгі деректер, әлбетте, Қазақстанда жазылған. Алаштану үшін архивтерде көз майын тауысып еңбек еткендер – осы отанның тумасы, ғалымдар. Олардың жазған және жазатын әрбір дерегі күллі түрік әлемінің көзін ашты және аша береді. Мен, сіздерге Алаш қайраткерлеріне қатысты Түркияда жарияланған алғашқы деректер туралы айтамын.

### Түркиядағы алғашқы жарияланымдар

Алаш арыстарына қатысты Түркияда жарияланған алғашқы ақпараттар Түркияға саяси тұрғыда қоныс аударып келген Түркістан қайраткерлері тарапынан жарияланған кітаптар, естелік еңбектер және газеттер болатын. Алғашқы еңбек Зәки Уәлиди Тоғанға тиесілі.

---

<sup>27</sup> Prof. Dr./ Анкара Хажы Байрам Вели университеті.

**1. Zeki Velidi Togan, *Bugünkü Türkili (Türkistan) ve Yakın Tarihi, Arkadaş, İbrahim Horoz ve Güven Basımevleri, İstanbul 1942.***

**Зәки Уәлиди Тоған, *Бүгінгі Түркі елі (Түркістан) және жақын тарихы, Аркадаш, Ибрахим Хороз және Гүвен баспаханалары.***

Кітаптың алғы сөзінде жазудағы мақсатын былай деп түсіндіреді: «Түрік ағартушыларына Каспи теңізінің арғы жағындағы Шығыс Түріктердің бүгінгі өмірі мен жақын заманда басынан өткен тарихы туралы жалпылама ақпарат беру...». Еңбегінің бесінші тарауында Башқұртстан-Алаш Орда үкіметі арасындағы байланыстарды баяндайды. Алаш Орда үкіметінің Башқұртстандағы Орынбор ұйымының басында Зәки Уәлижи Тоған бар еді. Үкіметтің әскери және экономикалық ұйымының құрылуында қазақ пен башқұрт лидерлері тізе қосып, бірге әрекет етті. Олардың бұл ынтымақ-бірлігі кейін Болшевик көсемдерінің мазасын алады және Алаш Орда үкіметінің ыдырауына әкеп соғады.

**2. Abdulvahap Oktay, *Türkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay, İstanbul 1950.***

**А. Октай, *Түркістан ұлттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай.***

Мұнда, Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігі үшін күресінде өте үлкен рол ойнаған Мұстафа Шоқай және Түркістан ұлттық қозғалысы туралы мәлімет береді. Бұл кітап – Түркістан ұлттық ұйымының мүшесінің бірі – Абдулвахаб Октай тарапынан Шоқайдың туғанына 60 жыл толуына орай дайындалған еңбек.

**3. Reşit Rahmeti Arat, “Kazakistan”, *İslam Ansiklopedisi, Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları, İstanbul 1955, 494-505.***

**Р. Р. Арат, «Қазақстан», *Ислам энциклопедиясы, Ұлттық білім министрлігінің басылымдары.***

Араттың «Ислам энциклопедиясы» үшін жазған Қазақстан тақырыбы Алаш туралы мәлімет берген алғашқы кездегі еңбектің бірі еді. Онда Қазақстанның аумағы, экономикалық ахуалы туралы мәліметтен кейін тарихи мәселелері баяндалған бөлігінде Алаш партиясына қысқаша тоқталады.

**4. Kızıl Emperyalizm, *Yaş Türkistan Yayınevi, İstanbul 1958.***

**Қызыл имперуализм, «Яш Түркістан» басылымы.** Түркістан ұлттық қозғалысының Еуропадағы өкілі Мұстафа Шоқай еңбегінің арқасында 1929-1939 жылдар арасында Берлинде 117 саны жарыққа шыққан «Жас Түркістан журналы» Түркияда орналасқан Еуропаның редакция тобы Тахир Шағатай, Саадет, Шағатай және Абдулвахаб Октай тарапынан «Яш Түркістан баспасы» деген атпен 1950-1988 жылдар арасында жаңадан басылып шықты. Бұлардың арасында профессор, доктор Тахир Шағатайға тиесілі мәліметтер жұбайы профессор, доктор Саадет Шағатайдың тарапынан жарық көрді. Бұл – Алашқа қатысты деректерді қамтыған ең құнды еңбек.

Бұл аталған журналдарда Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі және Алаш зиялылары туралы мақалалар болу ықтималы жоғары. Бұл мақалаларға қатысты әлі де зерттеулер жасалады.

5. D. T. Arakalık, “Türkistan Millî Hükûmeti ALAŞ ORDA’nın 50. Yıldönümü”, *Ötüken Aylık Türkçü Dergi*, Ocak 1968, 6-7.

Алаш Орда Республикасының құрылғанына 50 жыл толғанда 1968-де «*Өтүкен журналында*» жарияланған «Түркістан ұлттық қозғалысы Алаш Орданың құрылғанына 50 жыл» атты жазба:

Қолымыздағы алғашқы еңбек ретінде ерекше назар аудартады. Алаш қозғалысының лидері Алихан Бөкейханның суретінің астында Түркістанда ұзаққа созылған күрестен кейін 13 желтоқсан 1917-де құрылған Түркістанның алғашқы ұлттық үкіметі Алаш Ордадан және 26 маусым 1905-те құрылған Алаш партиясынан хабардар етеді. Үкімет басшысы және басқа да саясатшылардың есімдері аталады. Алаш Орданың ұлттық білім, ұлттық қорғаныс және Түркістанның ұлттық ынтымағы турасында туыстас Қоқан хандығымен байланысы, тіпті екі үкіметтің бір үкімет секілді жұмыстары, Алаш Орда үкіметінің іс-әрекеттері, 12 ақпан 1918-де Ұлттық Қоқан үкіметінің құлатылуы, Алаш Орда үкіметі мүшелерінің тұтқындалуы. Жазбада 50 жылдыққа байланысты қазақтар орналасқан Ыстамбұл, Салихлы, Нигде және Конияда ұйымдастырылған жиындардан хабар берген.

6. Zeki Velidi Togan, *HÂTİRALAR Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Millî Varlık ve Kültür Mücadeleleri. Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, Ankara 2015 (1924, 1969, 2015).*

Зәки Уәлиди Тоған, *ЕСТЕЛІКТЕР, Түркістан және Басқа Мұсылман Шығыс Түріктерінің Ұлттық Тіршілігі мен Мәдени Күрестері, Түрік діни қорының басылымдары.*

Түркияда Алаш туралы алғашқы деректер Зәки Уәлиди Тоғанның «Естеліктер» деген кітабында кездеседі. Еңбектің алғашқы қолжазбасы 1942 жылы Берлинде жазылады, 1969 жылы жарық көреді.

Кітапта Алаш Орданың құрылған жылдары былай баяндалады (1917)

“Кеңестерің (Советтердің) бірнеше жерде жетістікке жетуі, диктаторлық көзқарастың жайылып жатқан сәті... Қазақстанның тұлғалары, ақын Ахмет Байтұрсын, Шыңғыс әулетінің аса қадірлісінің бірі Бөкей Ордадан Шәңгерей сұлтан Бөкейханов, Ташкенттен Мұстафа Шоқайұлы, ойылдан Жаһаншаһ Досмұхаммедов және тағы басқалары. Торғай губерниясының ғимаратында басшы Әлихан Бөкейханның кабинетінде қазан соңы және қараша айының алғашқы күндері жиналды. Тоған да осы жиналыстардың біразында олармен бірге болды. 26 қазанда Уфа қаласы Советтің басқаруына өтеді. Әлихан сол уақытқа дейін тіркеліп тұрған Кадет партиясынан ресми түрде шығады және Қазақстанның «Алаш Орда» атымен тәуелсіздік идеясын нақты түрде қабылдағанын жариялайды. Екі күнге созылған бұл кездесу – Түркістанның тағдырын анықтаған маңызды бір жиын еді.” (Togan 2015: 155).

7. Mir Yakub Devlet, *Oyan Kazak, Yaş Türkistan, İstanbul 1971.*

*Міржақын Дулатұлы (Mir Yakub Devlet), Оян Қазақ, «Яш Түркістан» басылымы. (Үлгісін шығарған: Шекур Туран, Алғы сөз: Тахир Чағатай)*



1909 жылы Уфада жарық көрген «Оян, Қазақ» атты кітапты 1936 жылы Тевеккүл Бабур Бек (Ташкент) Яш Түркістан баспасы үйі үшін басып шығарған. 1971 жылы оны ұйғыр Шекүр Тұран (1936-2011) тарапынан 1936 жылы басылымнан қағазға көшірілген. Ш.Тұран өз қол жазбасымен жазған екен.

Кітапта баспа үйдің атынан жазылған Тахир Чағатайдың сегіз беттен тұратын алғы сөзі бар. Алғы сөзде Міржақып Дулатұлының туған жері туралы қысқаша мәлімет бергеннен кейін, оның 1909 жылы небәрі жиырма жасында жазылған Оян Қазақ кітабы туралы айтылады. Оның «Қазақ» газетінің директоры екендігі және бұл газет Түркістан даласында басталған саяси қозғалыстардың негізгі бөлігі екендігі айтылған. Алаш үштігінен екендігін жазылған. (Міржақып өнер мен әдебиет, Алихан Бөкейхан мен лингвистика өкілі Ахмет Байтұрсын). Оян Қазақ өнер мен тіл тұрғысынан емес, Түркістан түрік ұлттық-азаттық күресінің туындысы ретінде қарастырылады. Ақынның әлеуметтік, мәдени және саяси мәселелерді терең білуі таң қалдырады. Оян Қазақ туындысында, Абайдан басталып, қазақ әдебиетінде жалғасқан жадитизмді түсінігінің басым екендігі айтылады. М. Дулатұлы әлеуметтік-мәдени қоғам, оның діни түсінігі, қазақтардың жер мәселесі және орыс иммигранттарының жер аудару саясаты сынға алынады. Бұл туынды патшалық кезеңнен бастау алып кеңестік Ресейде жалғасын тапқан империалистік саясаттың зорлық-зомбылықтың күшейе түсуімен жазылған деп айтылған. Ол бұл істің өкілдері «Yeni Türkistan», «Yaş Türkistan» журналдары және «Yaş Türkistan» баспасы болып табылады.

**8. Hasan Oraltay, *Büyük Türkçü Mağcan Cumabayoğlu, Karınca Basımevi, İstanbul 1965.***

**Хасан Оралтай, *Ұлы түрікшіл Мағжан Жұмабайұлы, Карынджа (құмырсқа) баспа үйі.*** Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері Түркияда алғаш рет Хасан Оралтайдың арқасында таныстырылған. Мағжанның жалынды өлеңдері бірінші рет осы кітаптан оқылды. Шығыс Түркістан қазақтарының бірі Хасан Оралтай, Түркиядағы алғашқы жүзі қазақ азамат.

**9. Hasan Oraltay, *ALAŞ Türkistan Türklerinin Millî İstiklâl Parolası, Büyük Türkeli Yayınları, İstanbul 1973.***

**Хасан Оралтай, *ALAŞ Түркістан түріктерінің ұлттық тәуелсіздік коды, Ұлы Түрік Елі баспа үйі.***

Х. Оралтайдың алғысөзімен басталған кітап Нихал Атсыздың кіріспе мақаласымен жалғасады. Алаш сөзі, Алаштың ұлттық ұраны, Алаш партиясы, Алаш Орда үкіметі, Алаш өкілдері мен коммунистер енгізілген бөлімнен кейін, Алаш зиялыларының өмірбаяны жазылған. Журналдар, газеттер, Шығыс Түркістандағы қазақ баспасөзі, иммиграциядағы баспасөз - кітабының басқа бөліктері болып саналады.

Оралтайдың кітабынан:

Қазақ газетінің (1913-1918) алғашқы санындағы жазбада былай дейді:

«Қанша ғасырдан бері қазақтар өз отынанда тәуелсіз өмір сүрді, бірақ, қазір қасиетті жеріміз өзгелердің басқыншылығына ұшырады. Мұндай сәтте бағытымыз қалай болады? Тарих бізге өзге ұлттар мәдени тұрғыда бізден

жоғары болса, жергілікті халықтың жойылатынын сансыз мысалмен түсіндірді. Егер өзге ұлттар мен жергілікті халықтың мәдени тұрмыс деңгейі тең болса, олар біршама уақыт бірлесіп өмір сүре алуы мүмкін екенін көрсетті. Өзге ұлттар тоқтамастан жерімізге қоныстанып жатыр. Бұған қарсы күресуіміз керек. Өз республикамызды құруға әрекет етуіміз керек. Ол үшін мәдени-ағарту ісімізге ерекше мән беруіміз керек. Бәрінен бұрын ұлттық әдебиетіміз дамуы керек. Бірақ, өз тілі мен әдебиетіне иелік ете алған және оны дамыта алғандар тәуелсіз өмір сүруге құқылы екенін ұмытпауымыз керек». (Оралтай 1973: 57-58)

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Oraltay, H. (1973). ALAŞ Türkistan Türklerinin Millî İstiklâl Parolası, İstanbul: Büyük Türkeli Yayınları.
2. Togan, Z. V. (2015). HÂTİRALAR. Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Millî Varlık ve Kültür Mücadeleleri. Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları.
3. Сатбай Тастайбек Яхияұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.
4. «М.Шоқай және Түркістан халықтарының мәдени және лингвистикалық интеграциялануының кейбір аспектілері»
5. Ахметов Аққали Қабижанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.
6. Соғыс тұтқындарының М.Шоқайға жазған хаттары

### М. ШОҚАЙДЫҢ ҰЛТ-ТӘУЕЛСІЗДІГІ ИДЕЯСЫ

**Қожанбердиев Баймырза** – философия ғылымдарының докторы, профессор,  
**Апенев Болат** – философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

XX ғасырдың басында Қазақстанның тарихи өмірінде елеулі өзгерістерге толы, аса бір алмағайып оқиғалар болған еді. Атап айтқанда, бұл кезеңде қазақ елінің барлық территориясы Ресей империясының ішкі отарына айналып, өзінің саяси-экономикалық дербестігінен айрылған, орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде танылды. Бірнеше ғасыр бойы ұлы далада қалыптасқан көшпелі өркениеттің рухани, мәдени, саяси құқықтық жүйелері дағдарыс шырмауығына маталып, қазақ қоғамында бұрын мүлдем болмаған құбылыстардың орын тебе бастағанына Ресей ықпалы тигендігі анық еді. Атап айтқанда, орыс, шетел капиталдарының енуі мен өнеркәсіп ошақтарының пайда болуы, жұмысшы тобының қалыптаса бастауы, қалалар мен поселкелердің көбеюі және т.б. құбылыстар қазақ даласына буржуазиялық қатынастардың алғашқы нышандарын таныта бастағанды.

Ресей капитализмнің кеңістік шеңберде өсуі – Қазақстанда тауар айналымының күшеюіне тікелей жағдай туғызып, қазақ қоғамында да капиталистік қатынастардың дамуына ықпалын тигізді.

20-ғасырдың алғашқы ширегі қазақ қоғамы үшін дағдарысы мен қайшылығы көп кезең болды. бір жағынан, орыс отаршылдығынан құтылып, тәуелсіз ел болу жағдай болса, екінші жағынан, қоғамды шарпыған төңкеріс пен қантөгістен аман қалу өзекті болды. осындай жағдайда, қазақ қоғамында егемен ел болуды көздеген, сол жолда аянбай еңбек еткен көптеген қоғам қайраткерлері шықты. Әр заманның өзіндік болмысына сай тұлғалары болатыны белгілі.

«Қазақ топырағына Ресей капиталының енуі сауда және өсімқор капиталдың кең өріс жоюы арқылы іс жүзіне асырылды. Орыс көпестері мен капиталистері қазақтардан малдың терісін, жүнін арзан бағамен алып, және басқа өнеркәсіп орындарының өте төмен сападағы тауарларын жоғары бағаға сатуды дағдыға айналдырып, баюдың қайнар көзі ретінде таныды» [1, 94 б.]. Ресейдің отаршылдық іс-әрекеттері Қазақстанды тек қана шикізат өндіретін аймақ ретінде қабылдады, сондықтан жергілікті өнеркәсіптің дамуына ешқандай жағдайлар жасалмады. Негізінде, қазақ жерінде, техникалық жағынан әлсіз әрі тек ауыл шаруашылығы өнімдері мен пайдалы қазбаларды ғана өңдейтін, жыл мезгілімен ғана жұмыс істейтін шағын жұмысшылары бар кәсіпорындар құрылды. Мысалы, Қазан төңкерісіне дейін бүкіл Қазақстанда орыс империясының 0,7 пайызын құрайтын мекемелер болып, онда небәрі 0,2 пайыз жұмысшылар болған және олар өнеркәсіп өнімдерінің 0,3 пайызын ғана шығарды. Патша өкіметі көшпелі қазақ халқының тұрмыстық жағдайларын салық салу арқылы одан ары ауырлата түсті. XIX ғасырдың II жартысында қазақ ауылының әрбір түтіні жеке меншігіндегі қойдың әрбір басына 50 тиын көлемінде салық төлеп отырған. Ал, ол кезде бір жасқа толған ісек немесе тұсақ қойдың құны 1,5-2 рубльмен бағаланған болса, қазақтың аянышты хал-ахуалын айтпай-ақ түсінуге болады. Орыс империясы саясатының қазақ жерінде кең қанат жаюы, негізінде, Орталық Ресей мен Сібір аймағындағы казактар мен орыс шаруаларын қазақ жеріне көшіріп, қоныстандырумен күшейтілді. Мұндай тәсіл басқа халыққа қарсы отарлау саясатын жүргізетін мемлекеттердің басты, заңды әрекеттерінің бірі болып табылатыны ақиқат. Себебі, империя орталығынан шалғай, қашық жатқан кең даланы отарлық саясаттың шеңберінде ұстап тұру оңай шаруа емес. Осы мәселелерге терең, көрегенділікпен үңіле білген патша үкіметі қазақ жеріне орыстарды қоныстандыруды мемлекеттік маңызы бар іс ретінде таныды. Соның нәтижесінде қазақ жері жергілікті халықтың пайдалануынан тартып алынып, ақ патшаға жан-тәнімен беріліп қызмет істеген, отарлық саясатты жүргізуде берік тірегі саналған казактардың атамандарына, патша офицерлеріне ашық қолмен үлестірілді. Деректерге жүгінетін болсақ, «1917 жылға дейін патша үкіметі қазақ халқының тікелей пайдалануынан 45 млн. десятина жерін тартып алған» [73, 18 б.]. Ұлттық езгіні күшейткен патша өкіметінің отарлық саясаты қазақ қоғамын, оның шаруашылық жағдайларын күрт төмен түсіріп, әлеуметтік және экономикалық дағдарысқа ұшыратты.

Мал жайылымы тарылған халық тыныш өмір іздеу мақсатында Қытай, Монғолия сияқты мемлекеттерге қоныс аударуға мәжбүр болды [2, 13 б.]. Осындай жағымсыз көріністермен қатар, Қазақстанда осы аралық кезеңде, Ресейдің Европалық мәдениеті мен озық ойлы идеяларының таралуына да тікелей мүмкіндіктер туды. Себебі, қазақ елінің орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде дамуы саяси-идеялық ахуалға да үлкен ықпалын тигізгені даусыз. Ресей империясының орталық қалаларында болып жатқан саяси-идеялық жағдайлар: «халықтар түрмесі» аталған монархиялық тәртіпке қарсы бағытталған жалпы наразылықтар, революциялық қозғалыстар, университет студенттерінің толқулары сияқты ақпарат, хабарлар сирек болса да Қазақстанға жетіп жатты, тіпті олардың тікелей әсерінен революциялық үндеулермен қатар жалпы ағартушылық идеялары таралып, ұлттық сана-сезім бәсең болса да ояна бастап, реформациялық жаңару, әлеуметтік өзгеріс қажеттілігі секілді түсінік, ұғымдарды қабылдай бастады. Бірақ ХХ ғасырдың басында Қазақстанда қалыптасқан саяси-идеялық жағдайдың өзіне тән біршама ерекшеліктері болғанын атап айтқан жөн болар. Өйткені, сол факторлар жиынтығының мәні мен мазмұндық көріністері саяси процесстермен дами бастаған қазақ халқының да идеялық ағымдарға тартылуына тікелей әсерлерін тигізді. Біріншіден, қазақ қоғамындағы ұлттық ояну мен саясатқа тартылу жағдайы Европа мемлекеттеріндегідей феодалдық қатынастардың ыдырауы барысында көрініс берген жалпы халықтық белсенділікті танытқан жоқ. Себебі, ХХ ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық зиялылары бастаған реформаторлық, антиколониалдық әрі ұлттық ояну мен саяси-құқықтық прогресске шақырған іс-әрекеттер әлі қауымдық, патриархалдық өмір мен салт-санадан кіндігін үзбеген, сол шырмауығына маталған микроортада қанатын кең жая алмаған, толық мағынадағы субъективтік және объективтік жағдайлары жоқ халде еді. Аталмыш идеяларды қабылдау, әлеуметтік тәжірибеде іс-жүзіне асыру жаңа қалыптасып келе жатқан, саны жағынан аз ғана қоғамдық элитаның парызы танылды. Ал, негізгі халық енжарлық пен надандықтың салдарынан көшпелі өмірлерін, оның тыныс тіршілігін, саяси құқықтық қатынастарын мәңгілік өзгеріске ұшырамайтындай көрген ұғым-нанымның жетегінде болды. Екіншіден, Ресей империясының отарлық саясатының тікелей әрекеті салдарынан қазақ жерінің оның пайдалауынан тартылып алынуы көшпелі қоғамның барлық қатынастарын шиеленіске ұшыратты, жергілікті халықтың монархиялық режимге деген наразылығын күшейте түсті. Жердің тартылуын және одан туындайтын зардаптарды жан-тәнімен сезіне білген қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы ұран көтеріп, саяси-идеялық жағдайды ұлттық мүдденің саяси мақсаттарымен ұштастыруды өзінің тарихи борышы деп санады. Әрине, жаңа қалыптасып, саяси сахнаға жаңа көтеріліп келе жатқан қазақ зиялыларының саяси-құқықтық, аграрлық мәселелердегі шиеленістерді шешудегі идеялық бағыттарында біржақты, бірыңғай көзқарастар қалыптасты деп айту қиын. Ұлт мүддесін, қазақ жерін отарлық езгіден қорғау мақсатында қазақ халқының әлеуметтік өмірімен, көшпелі салтты тұрмыс тіршілігімен санаспауы да мүмкін емес еді. Міне, осыған

байланысты қазақтың ұлттық зиялылары ұран етіп көтерген республикалық, демократиялық, отаршылдыққа қарсы идеялар еңжар да көшпелі патриархалдық өмірдің кіндігінен ажырамаған қазақ халқының қоғамдық санасында жаппай қабылдау тапқан үлкен құбылыс дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Үшіншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық жағдайына ислам дінінің әсер еткенін жоққа шығаруға болмайды. Ресей мемлекетінің отарлық қыспағындағы орыстандыру саясатын дер кезінде байқаған қазақ зиялылары әлі шаманизм көзқарасынан ажырамаған қазақ халқын ислам дініне жаппай тартып, жаңа үлгідегі мектеп, медреселер арқылы дін насихатын күшейтуді, сөйтіп, еңжар, көшпелі халықты бір ту астына біріктіруді өздерінің патриоттық борышы деп таныды. Орыс чиновниктерімен ауыз жаласқан молдалар мен дін өкілдерінің исламды бұрмалаған, дүмшелікке айналдырған жағымсыз әрекеттері қоғамдық, саяси-құқықтық ой-пікірлер аясында қатаң сынға ұшырады. Европалық білім ордаларынан сусындаған қазақ зиялылары барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дінді саясат пен ағартушылыққа және құқықтық жүйені өзгертуге ұштастыру арқылы ұлттық прогресске көтерілуді – саяси міндеттерінің ең өзекті, көкейтесті санатына жатқызды. Кеңес дәуірі кезеңінде жарық көрген ғылыми зерттеулерде саяси-идеялық жағдайдың қалыптасуына әсер еткен, жоғарыда көрсетілген факторлардың рөл, ықпалдары марксистік-лениндік көзқараспен бағаланып, төмендетілген сипатпен баяндалды. Керісінше, қазақтың кең даласында анда-санда көрініс берген большевиктік идеологияның таралу заңдылығы дәйекті қажеттіліктен туды деген тұжырым, қағидалар ғылыми зерттеулерде аксиома ретінде дәлелденді. Ал, қазақ қайраткерлері қоғамды күшпен құлатып, дәстүрлі саяси-құқықтық мәдени дамуды ұлт санасына жат институттармен алмастыруға үзілді-кесілді қарсы болды. Көпке танымал философ А. Қасабектің көрсетуі бойынша «XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М. Шоқай және басқалары өмірдің объективті жағдайларын өзгертуді күшпен емес, сананы сол процесске енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады. Олардың негізгі идеялары – бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпы адамзаттық құндылыққа жақындастыру болды» [3, 18 б.].

Қазақ елінің зайырлы, өркениетті мемлекет құруы жолында олар алғашқылардың бірі болып, ой-пікірлерін қалдырып, сол мақсатта қызмет етті. Олардың еңбектеріне талдау жасасақ, сол заманның өзінде қазақ қайраткерлері қазақ мемлекеттілігінің демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуын тұжырымдағанын байқаймыз. Қазіргі уақытта құқықтық мемлекет қалыптастыру бағдарын таңдап алған еліміз үшін олардың ой-пікірлері құнды болмақ, себебі қазақтың қоғам қайраткерлері өз тұжырымдарын қазақтың сан-ғасырлық бітім-болмысымен, ділімен байланыстыра талдаған.

Біздің бұл еңбекте алға қойған мақсатымыз, осындай тұлғалардың философиялық-құқықтық көзқарастарын, ойларын ашу болғандықтан, енді

М. Шоқайдың еңбектеріне, ой-пікірлеріне талдау жасап көрелік. Жалпы М. Шоқайдың әлеуметтік-құқықтық саладағы ой-пікірлері сол кездегі қазақ ұлтының «Алаш» партиясы жетекшілерінің ой-пікірлерімен астарласып, үндесіп жатқанын байқау қиын емес. Ол кездегі қазақ зиялыларының алдындағы басты мақсат, біріншіден, ұлттық үлгіден құтылу болса, М. Шоқай бұл туралы былай деп жазады: «Түркістанға келген шын мәнінде азшылық болып саналатын және барлық жерде бөлектеніп, жеке салаларда немесе қалаларда тұратын орыстар «азшылық ұлтқа» саналмайды. Өйткені мәскеулік большевиктердің пікірінше, орыстарды «азшылық» беделін түсіргендей, сөйтіп орыстарды олардың жаулап алушылық құқынан және Кеңес Одағындағы бірінші деген мәртебесінен, бағыныштыларға жоғарыдан қараушылық ролінен айырғандай болар еді» [4, 2 б.].

Байқап отырғанымыздай, ол орыстардың жаулап алушылық, отарлық саясатын ашық көрсете отырып, бір ұлттың екіншіге үстемдігіне қарсы шығады, мұнда ол тең құқықтылық принципін көтереді. Екіншіден, қазақ зиялыларының басты мақсат – мүддесі - ұлттық тәуелсіз мемлекет құрып, жеке ел болу болатын бұл жөнінде М. Шоқай еңбектерінен мынандай жайларды байқауға болады. «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхүристка бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айрылмас бір өлке, Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Түркістанның мақсаты - өзінің құтылысы - міллет үкіметін құрып, сәрвәз боп, өз алдына бір үкімет болып тұру [5, 2 б.]. Яғни, бұл жерде М. Шоқай тәуелсіз ұлттық мемлекетті бүкіл түркі халқы болып, бірлесіп құруға шақырады. Өйткені, ол азғантай қазақ елінің ұлы империя орыс елінің құрсауынан өз күшімен шыға алмайтынын байқаған сыңайлы. Мұнда негізінен, жоғарыда атап өткендей, түркішілдік идеясы басым жатыр. М. Шоқай алыс, бөтен орыс халқынан гөрі, жақын, қаны, тілі, діні бір түркі халқымен бірлесуге шақырады. 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде М. Шоқай: «Европаның әр тарапында жүрген, бүгінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары бірлесіндер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қаруларың еліміздің бақытына қызмет етпек. Бәріміздің құбыламыз - өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ. Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға тырысыңдар» - деп ұран шақырады [5, 2 б.]. Мұнда бір жағынан, түркішілдік идеясы ұлттық азаттық идеясымен астарласып жатыр. М. Шоқай осы ұлттық азаттық идеясында былай деп жазады «Халқымыз енді ұлттық мақсат-мұратымызға тек өз тағдырымызды өз қолымызға алғанда ғана шешілетінін түсінді. Ұлттық азаттық бізді бүкіл әлемнен айырып, опырып тастаудың бір Қытай дуалы болмайды. Ұлт азаттығы – халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың зұлымдығынан, өз мүддесін ойластындардың тасасынан жұртты және халықты сақтайтын қорған» [6, 3 б.]. М. Шоқай пікірінше, Ұлт азаттығының болуы - әр халыққа тән, заңды құқығы болып табылады.

Ол: «Автономия біздің өткенімізге тән тарихи бір оқиға» - деп көрсете отырып, азаттық жолында автономиясымен шектеліп қалуға үзілді-кесілді

қарсы. М. Шоқай кеңес үкіметі «сыйлаған» Түркістан автономиясы туралы: «Бұған ұқсас түрде біз ұлтымыздың саяси өмірінің балалық шағы болған Түркістан автономиясын тек тарихи бір кезең ретінде еске аламыз» - деп жазады [6, 3 б.]. Негізінен, М. Шоқай алғашында автономия құру ісіне белсене араласып, оның алғашқы президенттерінің бірі болды. Бірақ кейіннен, бұл автономияның қандай жағдайда тарағанын негізге ала отырып, автономия алумен шектелмей, күшті, тәуелсіз, еркін ел болуды көксейді. Осы жолда ол бүкіл түріктік ұлт-азаттық қозғалысын жүргізуді алдына мақсат етіп қояды. М. Шоқай «орыс пролетариясының езгісін темір тор деп көрсете отырып, біздің ұлт-азаттық қозғалысымыздың мақсаты – бұл темір торды жұлып алып тастау» - деп көрсетеді [6, 3 б.].

М. Шоқайдың мұндағы негізгі мақсаты отарлық езгіні алып тастап, автономия емес, тәуелсіз Түркістан, Түрік мемлекетін құру жолында күресу. Бұл жайында ол: «біз ұлт-азаттық, толық ұлттық дербестік күресі үшін күрес жолына түстік» - деп жазды. Бұл ойдың қазіргі күні-біздің өмірімізде көрініс тауып отырғаны ақиқат. Яғни ұлы тұлғаның сол кездегі көтерген мәселелері осы күнгі міндеттермен сабақтасып, шешімін тауып отырғанына тарих куә. М. Шоқайдың тағы бір терең зерттеген мәселесі адамдар, халықтар теңдігі. «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да. Халықтың бәрі бірдей, бірақ саяси тұрғыдан алғанда мәселе басқаша» - деп көрсете отырып, «халықтар өзінің саяси дайындығына, жалпы дайындық деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлінеді» - дейді.

Мұнда тереңірек үнілсек, Батыс құқықтануындағы негізгі принцип – табиғи құқық идеясы өз көрінісін тапқан. М. Шоқай адамдарды туылуы, өмір сүруі жағынан бір-біріне тең деп есептей отырып, тек олардың саяси дайындықтары әр деңгейде екенін көрсетеді. Және, жоғарыда айтып кеткен, теңсіздік, ұлттық езгі, отарлау, үстемдік ету – осы саяси теңсіздіктен бастау алатын саяси құбылыстар. Бұл мәселенің шешімін, М. Шоқай, халықты саяси дайындау арқылы, көзін, сауатын ашу арқылы табуға болатынын дәлелдеп берді.

Біз, М. Шоқайдың тек қоғам қайраткері ғана емес, оның ұлы ойшыл, ағартушы екенін көрсетіп кеттік. Сонымен қатар, ол Батыс философиясымен қатар, Шығыс философиясымен де жақсы таныс болғанын еңбектерінен оңай байқауға болады. ол Түркістан даласына географиялық, әлеуметтік, тарихи сипаттама бере отырып, сол даланың ұлы тұлғаларымен де таныстырып өтеді. Оның ішінде ұлы ойшылдар: Әл-Хорезми Мұхаммед, Әбу Насыр Әл-Фараби, Әбу Әли Ибн-Сина, Әбу-Райхан Бируни, Ұлықбек, хұқ пен заң ғылымы саласындағы ұлы тұлғалар Бұрхан-Әд-дин Марғинани, Мұхаммед-Ибн-Исмаил Бұхари және Бабыр Сұлтанның атай отырып, олардың ойларын Батыс ойшылдарының ойларымен салыстыра зерттейді. Ол Фарабидің көптеген ойлары Ж.Ж.Руссоның, Ницшенің ойларына жақын келетінін айтады. «Қайырлы қалада» күш көрсету мен билік таныту және олардың ролін бағалауға деген Фараби пікірі неміс философына қарағанда тіптен керағар. Егер де Ницше үшін қайырымдылық дегеніміз жоғарғы таптың

төменгі тапты билеуі болып табылса, Фараби үшін күш көрсету мен тізе батыру – «адам философиясындағы қаталдық наукасы» деп толды» - деп көрсетеді [6, 4 б.].

Мұстафа Шоқай Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы дамуы кезеңінде қоғамдық-саяси және философиялық-құқықтық ой-пікірге ерекше, молынан үлес қосып, артына өшпес із қалдырған ірі тұлға. Оның жас тәуелсіз ұлттық мемлекет құру, түрікшілдік, ұлттық азаттық идеясы, мемлекетті нығайту, өркениетті деңгейге көтеру идеяларының мазмұны мен мағынасы өзінің мәнін бүгін де жойған емес. Ғұлама қайраткердің қоғамдық, саяси-құқықтық ой-пікірлеріне сай тәуелсіз мемлекетіміздің моральдық негізін нығайту, шаңырағын шайқалтпай іс жүзіне асыру – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе. Айтып өткеніміздей қоғам қайраткерлері қазақ мемлекеттілігінің даму бағдарын айқындап, онда құқықтық мемлекеттің негізгі талаптары болып табылатын биліктің бөлінуі, ондағы сот билігінің рөлі, адамдар құқығының теңдігі, оның заң аясында қорғалуы, мемлекет билігіндегі заңның үстемдігі секілді мәселелерді қамтып, оларды өркениеттілік тұрғысынан шеше білген. Қазіргі күннің өзінде, аталған мәселелердің көпшілігі өз шешімін толық тапты деуге әлі де ерте, атап айтсақ сот билігінің әділдігі, қоғам азаматтарының құқықтарының заң аясында қорғалуы, әйелдер құқығын қорғау секілді мәселелер өз шешімін табуды қажет етеді. Сондықтан да, елімізде зайырлы, құқықтық мемлекет құру барысында аталған ойшылдардың ой-пікірлерін талдап, қоғам өмірінде олардың пайдалы, жемісті жақтарын алып, қолдану өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 192 б.
2. Қасабек А. Қазақ философиясы тарихын қалай зерттейміз // Ақиқат. - 1984. – №5. – 15-19 б.
3. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. – Алматы: Санат, 1994. – 119 б.
4. Қаратаев Б. Қазақ елінің Уставы. // Ана тілі. - 1990. - № 28.
5. Шоқай М. Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзі. // Азат. - 1991. - №4.
6. Шоқай М. Ұлт азаттық идеясы. // Азат. - 1992. - №1.

## **ТҮРКІЛІК БІРЛІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ М.ШОҚАЙ**

*Эрен Акдениз* – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркілік бірлік идеясының қалыптасуы мен дамуына Кеңесік биліктің қуғындауымен Орта Азиядан кетуге мәжбүр болған саяси тұлға М.Шоқай өзіндік үлес қосты. Эмиграцияда Түркияда болған кезінде М.Шоқай өзге



әріптестерімен бірге кеңестік биліктің Түркістандағы саясатын әшкерелеуге кірісті.

Кеңестік билікке оппозициялық бағыт ұстанған эмиграциядағы және билік басындағы саяси элитаның бастамашылығымен түрік халықтарын бостандыққа жеткізуге қолдау көрсететін ұйымдар қалыптаса бастады. Осындай ұйымдарды қалыптастырушылардың қатарында Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметінің төрағасы М.Шоқай болды. Большевиктік биліктің өміршеңдігін сезген зиялы тұлға, азаттық жолындағы күрестің ауқымын кеңейту мақсатында шет елдерге жастарды жіберуді қолға алды. Шет елдермен байланысудың жолы ретінде жастарды Түркия мен Германияға оқуға жіберуге ат салысты.

«Түркістан азаттық қоғамының» 1923 ж. 26-28 маусымда Кабулда өткен мәжілісіне Зәки Уәлиди, Осман Қожаұлы, Абдулқадир Инан және тағы басқа тұлғалар қатысып, мәжіліс М. Шоқайды сыртынан ұйымның Еуропадағы өкілі етіп сайлайды. Осылайша, 1923 ж. бастап ұйымның Германия, Франция сияқты мемлекеттерде шағын өкілдіктері ашылды. 1924 ж 23-24 қарашада «Түркістан азаттық қоғамы» атынан Берлинде өткізілген жиында тұтас Түркістанның кеңестік бес республикаға бөлінуіне байланысты «Түркістан» атауының шетелдік баспасөзде қолданылуын жалғастыру, ал жеке республикаларды аймақ ретінде атау мақұлданады. Бұл шешім бойынша мәселен, Өзбекстан атауын «Түркістанның Өзбекстан аймағы», Қазақстанды «Түркістанның Қазақстан аймағы» түрінде қолдану қарастырылды. Жиында «Түркістан азаттық қоғамының сыртқы істер комитеті» құрылды [1,76]. Жалпы, Түркия Түркістан жәдидшілері саяси эмиграциясының орталығы ретінде үлкен маңызға ие болды.

Түркия Республикасы 1921 ж. бастап түркістандық қайраткерлерге саяси баспана орталығына айналды. Саяси мұғажырлық өмірін Еуропада жалғастыру үшін 1921 ж. 25 ақпан күні Стамбулға келген Мұстафа Шоқай, бұл жерде Одақтас мемлекеттердің алдында Түркістан туралы мәселе көтереді. Ол Түркия туралы ортақ ой-пікірлер мен Түркияның келешегі жайындағы түркістандықтардың ұсыныс-тілектері жазылған құжатты ортақ күштер басқармасына тапсырады. Бұл құжат өте өткір тілмен жазылған еді [2,54]. Түрік ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерін «Большевизм жақтастары» деп айыптаған одақтас мемлекеттерге тиісті жауап қайтару үшін ағылшын Бас қолбасшылығымен кездескен Мұстафа Шоқай сол кездері Мұстафа Кемал Пашаны Кеңестік Ресейге жақындатқан басты себептерді түсіндіре отырып, құрылып жатқан жаңа Түрік Республикасын қолдайтындығын білдіреді [3,7]. Түркия Республикасы бұдан кейінгі жылдарда Түркістан жәдидшілерінің саяси мұғажырлық орталығына айналады.

1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс стихиялы болғандықтан аяусыз басып-жаншылды. Жергілікті тұрғындардың талап етуімен тамыз айының соңында Ташкентке Мемлекеттік Дума делегациясы келген. Қ.Қожықов Ресей Министрлер кабинетінің төрағасы С.Виттенің атына петиция жазып, Түркістан өлкесіне ішкі басқару істерін өзі шешу құқын беруді өтінеді. Ол

«генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және аюандық іс-әрекеттерін баяндап жазып жібердім. Сонымен бірге редакцияның ұсынысына қосылып, Түркістанға Мемлекет Думасының мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап еттім. Осыған байланысты күз айларының бірінде Тевкелеев, Керенский және Шоқаев келді. Соңғы екеуіміз Чайкиннің үйінде кездестік, сөйтіп оларға қолымдағы бар құжаттарымды тапсырдым» [4, 336-375] деп жазады. Делегация құрамы басшысы А.Ф.Керенский, М.Шоқай және Қ.М.Тевкелеев сияқты қайраткерлерден тұратын. Олар Ташкент, Самарқанд, Жызақ, Андижан, Қоқан қалалары мен кейбір ауылдық жерлерді аралайды. 15 тамыз бен 2 қыркүйек аралығында өлкедегі қанды оқиғалардың салдарымен танысқан делегация басшысы А.Ф.Керенский «Туркестанские ведомости» газетіне берген сұхбатында Жетісу облысын қоспағанда «өлкеде сабаға түсу кезеңі басталды» деп есептеуге болады деп мәлімдеді.

1917 ж. көктемінде Ташкент қаласында Түркістан мұсылмандарының I конгресі (съезі) болып онда мынадай шешімдер қабылданды:

1. Ресей демократиялық федеративті республика болады, Түркістанға автономия берілуі тиіс.

2. Революциялық биліктің алдында Түркістанның мүддесі қорғалуы тиіс.

3. Өзін-өзі билеуге дайындау керек.

4. Діни құқықтар қорғалуы тиіс.

5. Жер мәселесін шешу.

6. Мәдени даму мүмкіндіктері қарастырылуы керек.

Осы шешімдерді іске асыру үшін «Түркістан мұсылмандарының орталық кеңесі» деген атпен атқарушы орган құрылып, төралығына Мұстафа Шоқай сайланды.

Еділ бойындағы жәдитшілердің саяси ағартушылық қызметінің басты жемісі түркі халықтары арасында ұлт тіліндегі баспасөзді дамытуы болды. Түркі-мұсылман халықтарын ағартушылық арқылы саяси сипаттағы ұлт-азаттық қозғалысын үндеген «Тәржіман», «Уақыт», «Үлфат» сияқты газеттер болды. Қазақ жерінде ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиялық өзегін құраған тұңғыш баспасөз органы «Қазақ» газеті болды. Ол газет белгілі дәрежеде жоғарыда аталған түркітілді басылымдардың саяси күрестегі және баспагерлік тәжірбиесіне сүйенген. Жалпы жәдитшілік жалпыресейлік ауқымдағы ұлт зиялыларының азаттық жолында қарулы күшке емес, ағартушылық әдістер мен саяси күрес тәсілдеріне сүйенген алғашқы қозғалысы болғандығын Мұстафа Шоқай «Жәдитшілік» пен «жәдитшілер» төңкерістен бұрын Түркістанда халықты прогресс жолына салуда қыруар жұмыстар атқарғаны кез-келген түркістандыққа мәлім.

Өзін-өзі билеуге қол жеткізу мақсатында ұлт-азаттық қозғалыстың өкілдері «Шурои Исламия» ұйымына біріккен» біртұтас блок болып бірігіп, әлеуметтік негізінің әртектілігіне байланысты алға қойған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін таңдауда екіге жарылды. «Шурои Исламияның» басшысы

ретінде М. Шоқай ұйымның жікке бөлінуіне үзілді-кесілді қарсы болып, екі жақты мәмілеге шақырады. Оқиғаның куәгері ретінде М.Шоқай «Шурои Улема» ұйымы туралы пікірін «1917 ж. естеліктерінде» былай деп жазады. «Революцияны, яғни Ресейдегі мемлекеттік тәртіптің өзгеруін «Ғұлама қоғамы» сонау Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болып көрмеген «әл-хулафа әр-рашидун» мемлекеттік құрылысын қайталау кезеңі демекші болды. «Ғұлама қоғамының» төрағасы Сералы Лапин өз қоғамы атынан Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті жанынан Түркістанда «Маһкамаи шариат» (Шариғат соты) деген атпен депутаттар мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілресейлік құрылтай жиналысы мен Бүкілресей парламенті тарапынан Түркістанға байланысты шығарылып жатқан заңдардың осы шариғат мекемесіне бағынуын талап етті. Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың «аспандағы айды алып бер» деген далбасасына ұқсайтын. Мұндай мықты мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан ең алдымен Ресейге бағыныштылықтан біржола құтылуы керек еді. Алайда, «Ғұлама қоғамы» ежелден ұлттық ұйымдарымыз армандап келген Ресей Федерациясы ішінде автономия беруді талап етті» [5, 273].

«Шурои Улемаға» қатысты М.Шоқайдың бұл тұжырымы негізсіз еместігін «1917 ж. 12 маусым күні барлық ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіріп, оны бір арнаға түсіріп отыру ниетінде құрылған Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне төрағалыққа М. Шоқай мүшелері ретінде Мұнауар Қари, М.Бехбуди, Т.Нарботабеков, З.Валиди, У. Қожаев, А. Авлони секілді қайраткерлер сайланған болатын. Алайда, «Шурои Улема» ұйымы Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің нұсқауларын орындалмайтындығын білдіріп, оның мүшелерін халық сайламағандығын алға тартты. Осыған орай Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі мен «Шуро-и Улема» ұйымының арасы шиеленісе түсті» [6, 47] деген деректік талдауданда аңғарамыз.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында орын алған саяси жіктеліс өлкедегі ұлттық күштердің басынан өткізуі тиіс жағдайлар болатын. Сондықтан да қозғалыстың басты жемісі болған Түркістан мұхтариятының қызметі мен оның атқарған рөлі туралы асығыс баға беруге болмайды. Осыған байланысты тұжырымды осы ұлттық-мемлекеттік құрылымның басшысы М. Шоқайдан артық айта алмаспыз. Ол «Түркістан мұхтарияты большевиктер тарапынан құлатылып, екі айдай ғана өмір сүре алды. Шоқай естеліктерінде өзі-өзіне «Қоқан өкіметі екі ай ішінде нелер жасай алды?» деген сауал қояды және бұған өзі былай деп жауап береді: «Ол бір жағынан аз, ал екінші жағынан қыруар жұмыс атқарды. Тарихи тұрғыдан қарағанда аз; бірақ ол дәуірде Түркістанның ғылыми, саяси және техникалық тұрғыдан мешеу қалғанын ойласақ, Қоқан үкіметінің қыруар іс атқарғанын айта аламыз» [7, б.85] деп жазады.

Солай дей тұрғанымен, Шоқай Түркістандағы ұлттық-саяси қозғалыстарды бағалағанда төңкеріс әкелген мүмкіншіліктерді жеткілікті дәрежеде пайдалана алмағандықтарын мойындайды. Мұның себептерін ол

«Ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып аша алмай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт патшалық Ресейдің отарлық саясатының қараңғылығында жер бауырлап еңбектеген түркістандықтар да төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасуларын түркістандықтардың өз қараңғылықтары да одан әрі арттыра түскен еді» деп түсіндіреді.

Анадолыда Мұстафа Кемал Паша тарапынан басталған ұлт-азаттық күрес әртүрлі қиындықтарға қарамастан жеңіспен аяқталады. Түркістан жәдидшілері соғысқа қаражатсыз, қару-жарақсыз және ешқандай дайындықсыз кірісіп кеткен түрік әскерлерінің теңдессіз ерлігін, Мұстафа Кемал Пашаны және оның соңынан ерген бұқара халықтың жеңісін үлкен қуанышпен қарсы алады [8, 2]. Түркиядағы ұлт-азаттық күрес Түркістан жәдидшілеріне қатты әсер етті. Өйткені, ұлт-азаттық күреске және ұлттық рухқа негізделген Түркия Парламенті Үкіметі Түркістан жәдидшілеріне үлгі болды. Анадолыдағы жеңіс жәдидшілердің үмітін оятты. Олар Түркиядағыдай ірі жеңіске Түркістанда да қол жеткізе алар едік деген ойда қалды. Бұл бас мақаланы журналдың редакторы М.Шоқай жазған болуы керек деп ойлаймыз. Басқыншыларға қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың барысын жіті қадағалап, оған рухани қолдау көрсеткендердің бірі Түркістан мұхтариятының басшысы Мұстафа Шоқай болды. Мұстафа Шоқай ұлт-азаттық қозғалысты қолдап «Шафак» (*Таңсарі*) деп аталатын газет шығарды. Сонымен қатар, ол Тбилисидегі Ұлттық Әскердің өкілі Казым беймен өткізген кездесулердің нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйене отырып, бүркеншік атпен «Анадолы хаттары» атты мақала жазды. Сондай-ақ сол жылдары Ереванда одақтас әскерлердің өкілі ретінде қызмет атқарған америкалық генерал, Түркия және түрікшілдік қозғалысы туралы мәлімдеме жасады. Мұстафа Шоқай бұл әділетсіз жалаларды газет беттерінде әшкерлеп, лайықты жауабын берді [9, 36].

М.Шоқайдың куәлік етуіне қарағанда Мирякуб бек «Кавказ мәселелері» жайлы кітабында 1912 ж. Балқан соғысы кезінде Ресейдегі эзербайжан студенттері арасында болған түркішілдік толқулар туралы жазған. Ол кездегі осы бағыттағы көңіл-күй мен атқарынған істер туралы Мұстафа Шоқай Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 жж Петербург университетінде оқығандығын айта отырып, сол кезде орыс жоғары оқу орындарында жүрген төңкерісшілдігімен мәлім түрік жастарының ел өмірін білумен ғана шектеліп қалмай, саяси бой көрсетулерге шығатындығын, Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтындығын айтады. Әсіресе, Балқан соғысы кезінде Петербург студенттері қозғалысын қыздыра түскен. Ол кезде Ресей бейтараптығына қарамастан Түркияға қарсы тұрып, Балқан славяндарына ашықтан-ашық жәрдем беретіндігі студенттерді қатты толқытқан. Балқан соғысы кезінде түрік әскеріне көмек ретінде қаржы жинау да саяси күрес түрлерінің біріне айналған.

Осы кезеңді М.Шоқай «Жас Түркістан» газетіндегі «Есімдегілер» мақаласында (1933 ж. №47) былай деп еске алады: «Сонда да біз, түрік студенттеріне, бұлар аз көрінді. Бұларға қосымша тағы бірдеңелер істеуді ойластырдық. Ол үшін біз - эзери, татар және түркістандық студенттер, орыстардан бөлініп, өзімізше әрекет жасамақ болдық.

Осы қозғалыстың бел ортасында жүрген М.Шоқайдың бұл естеліктері түрікшілдік қозғалыстың Ресей империясының орталығының өзінде кең таралғандығын айғақтайды. Оның айтуынша тіпті, еріктілер ретінде Түркия армиясы қатарына баруға дайын екенін білдірушілер де болған және орыс темір жолдарын, телеграфтарын, көпірлерін бұзуға қатысатын студенттердің тізімі де белгіленген екен.

Түркияға көмек ретінде қаржы жинауды Түркістанның алыс түкпірлері де қолдаған. Оған мысал ретінде Түркістан қаласының тұрғыны Садық Өтегеновтың өміріне қатысты деректерді айтуымызға болады. Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі, жәдитшіл бағыттағы халық мұғалімі С.Өтегенов Шоқаймен достық қарым-қатынаста болады. Шоқай «Есімдегілер» мақаласында осы кезеңге қатысты мынадай дәйек келтіреді: «Петербургке қайтып оралған соң, түркістандық Өтеген Садықұлы деген досымның өзінің Петербургке келмек екенін айтып жолдаған бір телеграммасын алдым. Келетін күні мен оны вокзалға барып қарсы алдым. Екеуміз мен тұрған жерге келдік. «Аздаған алтын ақша әкелдім. Түрік елшісіне өз қолыммен табыс етуім керек еді» деді ол маған ентігін басып үлгермей жатып. Ол кезде Түркияның Петербургтегі елшісі Тұрхан паша болатын. Арада екі күн өткен соң, кешке таман көшеде адам аяғы саябырлаған кезде, Садық екеуміз Түркия Елшілігіне келіп Тұрхан пашаның қабылдауында болдық. Түрік елшісі кең қабылдау бөлмесінің ішінде оңаша отырып, бізді мұқият тындады. Садық оған түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы Түркістанда тұратын түрік қандастары жинаған азын-аулақ ақша әкелгенін айтқанда, елшінің көңілі босап, көздерінен жас парлады. Оған қосылып Садық екеуміз де жылап алдық. Тұрхан паша Түркістанда түріктер тұратынын білгенімен, саны қанша, тұрмысы қандай, немен шұғылданатынын білмейтінін айтты» [10, б.337].

Түркістанда кеңестік билік нығая түскен жағдайда ұлт-азаттық күрестің тактикалық мақсаттары өзгереске түсті. Сондай мақсаттардың қатарында Түркістан жастарын шетелдерге оқуға жіберуді атауға болады. Осыған байланысты Д.Қыдыралиев «Бұл үшін «Түркістан азаттық қоғамы» бастама көтеріп, Бұхара Халық Республикасы үкіметінің төрағасы Файзулла Хожаев пен Түркістан АССР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұлов бұған ресми түрде қолдау көрсетіп, 70-ке таяу оқушыны Түркия мен Германияға жіберу үшін дайындады - деп жазады. Осы мақсатта 1922 ж. «Көмек» атты ұйым құрылды. Мүнәууар қари, Абдулхамит Сүлейман Шолпан бастаған жәдитшілдер мен ұлт зиялылары аталмыш ұйымға үлкен көмек көрсетіп, халықтан қаржы жиналды. Осы жылы Ташкент қаласында әдеби кеш өтіп, мұнда оқушылар үшін 7500 сом қаражат түсті. Алманияға жіберілген оқушылар арасында Ғазімбек Бірімжанов, Ахмет Наим, Ахметжан

Ибрахим, Абдулуахап Оқтай, Тахир Шағатай сияқты «Түркістан Ұлттық Бірлігінің» мүшелері бар болатын. Уәли Қажом да осы топтың ішінде еді. Оқушыларды Мәскеу қаласына дейін Мұстафа Шоқайдың жақын серігі Убайдулла Хожа ертіп апарды. Оқушылар Алманияға жеткеннен кейін, Мұстафа Шоқай оларға басшылық жасады. Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтқанда, «Алманияда оқыған түркістандық жастар шынында Түркістан ұлт-азаттық күресінің алдыңғы сапынан көріне білді. «Яш Түркістан» соларға және Түркиядағы жастарға арқа сүйеп дүниеге келді. Осы жастардың белсене ат салысуының арқасында ол өз ісін жалғастыра білді» [11, 160-161]. Ғалымның бұл тұжырымдарын қуаттай отырып, «оқушылар Алманияға жеткеннен кейін, Мұстафа Шоқай оларға басшылық жасады» деген пікіріне толықтыру жасағымыз келеді.

М.Шоқайдың түркістандық студенттерге тікелей басшылық жасауы мүмкін емес еді. Өйткені, ол студенттер Мәскеудің тарапынан қаржыландырылып, ресми жолдармен барғандықтан оларға тікелей басшылық елшілік арқылы жүргізілген. Жастардың М.Шоқаймен тікелей араласуына бақылаудың қатаңдығына байланысты кедергілер көп болған. Жастардың жекелеген өкілдері ғана онымен астыртын байланыс жасаған. Ал Бұхара Халық республикасы үкіметінің төрағасы Ф.Ходжаев шәкірттерді Германияға ертіп барып, орналастыруды бұхаралық зиялылар Абдурахмет Бурхановқа және Германиядан Бұхараға келген татар зиялылары Алимхан Идриси, А.Ф.Керенскийлерге тапсырады [12, 11].

Сол кезде Бұхарада басшы қызметтерде істеген Муинжан Амановтың 1938 ж. НКВД тергеушісіне берген жауабында Германияға жіберілген жастар тобын Кеңес Одағына қайтару жөнінде В.Куйбышевтың 1922 ж. үзілді-кесілді талап қойғандығы, оған Ф.Ходжаевтың қарсы болғандығы айтылады. Түркияда оқыған Ғ.Бірімжанов, А.Билтілеуов сияқты жастардың оқу бітіріп келгеннен соң Германияда М.Шоқаймен байланыста болғандығы үшін қуғындалғандығын ескерер болсақ, бұндай байланыстардың болғандығына көз жеткіземіз

Тұтас Түркістан идеясы саяси ағым ретінде әлемдік ұлт-азаттық қозғалыстың жемісі болып ХХ ғ. алғашқы ширегіндегі тарихи Ресей мен Кеңес Одағы құрамындағы Орталық Азия халықтары арасында кең өріс алды. Отарлық билікке қарсы этникалық, аймақтың саяси бірлікті мақсат тұтқан бұл идея 1917 ж. қарашада орнаған Түркістан мұхтарияты қызметінде алғаш рет көрініс берді. Ал этникалық негіздегі бірлік Түркістан мұхтариятының басшысы М.Шоқай бастаған ұлттық элитаны батыл саяси шешімдерге ынталандырды. М.Шоқайдың мұғажырлыққа кетуі, кеңестік үлгідегі Түркістан автономиясы мемлекеттік құрылымының орнауы Тұтас Түркістан идеясын тұншықтыра алған жоқ. Түркістанға «ұлттық автономия» беру мәселесін большевиктер шовинистік мазмұнда іске асырды. Ендігі жерде Тұтас Түркістанның орнына қауқарсыз, саяси, экономикалық құқығы барынша шектелген ұлттық республикалар құру арқылы Одақта великоростардың үстемдігін нығайту мүддесін Мирсаид Сұлтанғалиев «Москва бүтін Түркістанды экономикалық және саяси жағынан әлсіз етуі

үшін Тұран халықтарын жеке ұсақ тайпаларға жіктеуде, бірақ екі жыл да өтпей-ақ бөлшектеуге ұшыраған Тұран жұрты қайтадан бүтіндігін қалпына келтіру жайында айта бастайтын болады және бұрынғыдан да қуатты, ұйымдасқан мемлекеттік тұтастыққа өтері хақ» [13, 469] деп әшкереледі. Әйтсе де өлкедегі қоғамдық-саяси даму тәжірибесі Сұлтанғалиевтың болжамын теріске шығарып, полиэтникалық тұтастықты емес, этникалық дербестенуді алдыңғы орынға шығарды.

М.Шоқай, М.Сұлтанғалиев негіздеген Тұтас Түркістан идеясын Т.Рысқұлов большевиктердің саяси күрес тәсілдерін қолдана отырып іске асыруды көздеген еді. 1920 ж. қаңтарында Ташкентте өткен Мұсбюронның III төтенше конференциясында делегаттардың бірауызды қолдауымен болашақ Түркі республикасының саяси ұйымын «Түркі халықтарының Коммунистік партиясы» деп атау туралы шешім қабылдатты. Саяси, экономикалық конфедерациясын құруға бағытталған бұндай қадам большевиктік билікті шошындырды, сондықтан Түрккомиссия бұл идеяның іске асуына өршелене қарсы шықты.

Түркілік бірлік идеясы бастамашыларының бірі М.Шоқайдың отаршылыққа қарсы саяси күрес тәжірибесіне талдау жасаған пікірлері туралы М.Қойгелдиев былай деп баға береді: «Империя көлемін түгелдей қамтыған түрлі саяси ағымдар түркі халықтарының азаттық қозғалысына да өз ықпалын тигізуге тырысты. Олардың арасында кадеттер партиясы, социал-демократтар, дін үшін қозғалыс және басқалары бар еді. Осы тарихи кезеңдегі азаттық үшін күрес тәжірибесін таразылаған Мұстафа Шоқай оның мынадай үш кемшілігін көлденең тартады. Олар: біріншіден, Түркі елі зиялыларының орыс революцияшыл демократтарына сеніп, оған арқа сүйеу арқылы бостандық алудан үміттенуі; екіншіден, ендігі бір топтағылардың «саяси табысқа дұға арқылы жететініне» сенгендігі; үшіншіден, бұларға қосымша қозғалыс басшыларына саяси кемелдіктің жетіспегендігі, жалпы қозғалыстың басын біріктіретін ортақ бағдарламаның болмауы, өзара түсінісе алмаушылықтың етек алуы еді [14, 209]. Әрине, Мұстафа Шоқайдың өзі «тарих тезінде өмірге келіп, заманнан заманға, ұрпақтан ұрпаққа ұласып отырған «тұтас Түркістан» (басқаша «Ұлы Түркістан») идеясының тағдыр тартқан жаңа күрделі дәуірдегі жалғастырушысы болды. «Түркістан» ұғымының тарихи шындық және өмірлік сұраныстан туған қажеттілік екендігін жалынды насихаттаушы ғана емес, сонымен бірге бұл идеяға өмірін арнаған ұлы күрескер дәрежесіне көтерілгендігі» оның түркі халықтарының көрнекті саяси тұлғасына айналғандығын айғақтайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Kocaoglu T. *Türkistan'da Yenilik hareketleri ve İhtilaller: 1900-1924.* – SOTA. Haarlem, 2001. - 499 s.
2. Çokayoğlu Mustafa, «**Yiqilganga Yumruq**», *Türkistan*, S.2, Noyabr 1934.
3. Yusuf Akçora. «*İçtihad*». Kahire, 1909.

4. Чариев У. Усиление колониальной политики и национального гнета и их последствия в Туркестане в начале XX века (на примере мобилизации на тыловые работы): автореф.... докт. ист. наук. – Ташкент, 1999. - 60 с.
5. Necmettin Alkan. Mutlakiyetten Meşrutiyete II Abdülhamid ve jön türkler 1889-1908.Istanbul 2009.I-baskı.-339. s.
6. Рүстемов С. «Шуро-и Улема» ұйымының құрылуы мен қызметі //Қазақ тарихы. - 2004. - № 6. - 52б.
7. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. /Түрік тілінен ауд. Г. Шадиева. –Алматы: Арыс, 2004. –320 б.
8. Baş Maqale, "Türkiye Cumhuriyetinin 10 Yıllığı", Yaş Türkistan, S:46, 1933.-47s.
9. J. Benzing, "Sovyetler Birliği Türklerinin Berlin'deki Siyasi Yayınları", (çev: E.V. Özbilen),T.D.A.D., Haziran 1985.-s.179.
10. Шоқай М. Таңдамалы.2 томдық. -Алматы: Қайнар, Т-2.-1999. -520б
11. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай.-Астана: Фолиант, 2007. -320 б.
12. Турдиев Ш. Улар Германияда уқиган эдилар. -Ташкент, 2006. -256 б.
13. Султан-Галиев М. Статьи. Выступления. Документы. -Казань: Тат. Кн. Изд-во, 1992.-518 с.
14. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. –Алматы: Жалын, 2004. - 400 б.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҮРКІСТАН МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ**

*Мұрат Келеш* - Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі кезге дейін отандық тарихтағы өзекті тақырыптардың бір бағыты – XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының саяси қызметі мен олардың өмір жолы туралы жазылған құнды деректер.

Ұлт-азаттық күрес тарихын жаңаша тарихи тұрғыда зерттеуде, сол күрестің басында тұрып қазақ елін отарлық езгіден құтқаруды,оның мемлекеттігіе қалпына келтіруді және елімізді өркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсаттырына айналдырған қазақ зиялылары: М. Шоқай. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Х. Досмұхаммедов, Ә. Ермаков, Ж. Ақбаевтардың кеңестік дәуірде атқарған қоғамдық-саяси қызметтеріне шынайы баға беру қажет етеді.

XX ғасырдың басында империяда саяси жағдай өзгерді. 1905 жылы Ресейдің Жапониямен соғыстағы жеңілісі империядағы тәртіптің іріп-шірігенін анық көрсетті. Халықтар арасында автономияға, одан ары қарай тәуелсіздікке ұмтылу идеялары өріс алды. Қазақ даласында «Алаш қозғалысы» деген атпен саяси ұйым құрылған болса, Түркістан өлкесінде түркі халықтарының бірлігі мығым болып тұрды. Автономия алуға және дербестікке ұмтылған халықтар Ресейде орталық биліктің саяси іс-әрекетіне қарай қимылдады.



Жылдар бойына отаршылдықтың тауқыметін тартып, отарлық езгіні басынан кешіріп жатқан қазақ халқының наразылығының өсуі азаттық қозғалыстың қарқын алуы, революцияның алғышарттарының пісіп келе жатқанын аңғартты. Титықтаған халық көтеріліске шыға бастады. Бұл жағдай 1916 жылы Орта Азия мен Қазақстандағы көтеріліс кезінде айқын көрінді. Орта Азия мен Қазақстанның 1916 жылғы оқиғалардан кейінгі жағдайы туралы өзбек тарихшылары Г.А. Хидояттов, Х.Т. Тұрсынов былай суреттейді: «Жергілікті халықтың тұрмысы өте нашарлады, сонымен бірге олардың наразылығы күшейді. Халық көтеріліске шыға бастады, жалпы саны бойынша Сырдария облысында, Ташкентте 20 рет, Самарқанда 25 рет, Ферғанада 86 рет халық көтеріліске шықты» [1].

Мұстафаның саясатқа араласуына қатты әсер еткен жағдай – орыс ұлтшылдарының Ресей империясының ішінде орыс емес өзге халықтарды мойындамағаны болды. Бұл туралы Керенский Орта Азиядан Мәскеуге келгеннен кейін мемлекеттік Дума мәжілісінде Орта азия мұсылмандарының мүддесін қорғап сөз сөйлеп, онда «Бұратана ұлттардың еңбекке жарамды жастарын майданның қара жұмысына жаппай алу дұрыс емес, оларды өздерінде пайдаланған дұрыс» - деген. Содан соң Дума бұл мәселеге қайта оралып «бұратана» ұлттардың әскерге шақыру жасына іліккендерге көптеген жеңілдіктер жасаған – дейді замандастары [2].

Керенскийдің түркістандықтарды Мемлекеттік думада қорғап сөйлеуінің өзі Мұстафаның ықпал етуімен болуы да мүмкін. Мұстафа Шоқайдың саяси ұстанымдары мен принциптерінің және қоғамдық көзқарастарының өткірлігі сонда, тіпті Керенскийдің өзі онымен саяси тақырыптарға ашық сөйлесетін болған.

Қазақстан мен Орта Азияда 1917 жылғы ақпан буржуазиялық демократиялық революциясының қарсаңында империяның ауыр дағдарысқа ұшырағаны айқын көріне бастады. Бұл кезде Ресейдің қолтастындағы түркі халықтарының қозғалысына түркі-мұсылмандық идеологиялық бағыт басым болып, олардың бір бағытына Мұстафа Шоқай басшылық етті. Түркістан халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына идеологиялық жағынан бұл кездері бағыт берген «Тәржіман», «Уақыт», «Қазақ» газеттері және «Айқап» журналы болды. Бұл басылымдар ортақ жау, отарлық езгіге қарсы күресу мәселелерін бірде ашық түрде, кейде көмескі түрде білдіріп отырды.

Мұстафа Шоқай 1917 жылы ақпан айында төңкерістік дағдарыстың пісіп жетіліп келе жатқандығын оның ұлт-аймақтарда да, оның ішінде Қазақстанда сезіле бастағанын былай суреттеді: «Ресейде 1917 жылығы революция орыс үкіметіне деген өшпенділіктен, жекөрінушіліктен туды. Оны Түркістан халқы қалай қарсы алды? Ол кезде Түркістан 4 бөліктен: 1) Қазақ-қырғыз өлкесі немесе Дала генерал губернаторлығы: Оған – Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары кіреді. 2) Түркістан өлкесінің құрамына: Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан және Закаспий облыстары кірді. Сондай-ақ, Бұхара хандығы мен Хиуа хандығы да Түркістанмен байланысты еді. Революциялық қозғалыс Түркістанның әр бөлігінде әр түрлі болды. Түркістандағы басқару Ресейлік басқарудан түбірлі өзгеше болды.

Жергілікті басқарма түгіл қалалық басқарма болған жоқ. Ташкент қаласының бастығын Түркістан генерал губернаторлығы әскери министр тағайындады. Революцияның қарсаңында Ташкент қалалық басқармасының бастығы Н.Г. Малицкий болды. Түркістан әкімшілігінің өзінде әскери министрлікке қарады. Ал түземдіктер өздерінің орталарынан «болыстың басшыларын», «минбашыларын» «ауыл старшындарын», таңдады. Олар өздерінен жоғары тұрған уез «начальниктерінің» айтқандарын сөзсіз орындады. Олардың негізгі қызметі салық жинау болды» [3]. Бұл жүйе Мұстафаға ілгеріден бері ұнамайтын болған.

Ақпан революциясы қалай басталғаны және қалай жеңіске жеткені жөнінде, патшаның тақтан құлатылғаны жөнінде Мұстафа: «1917 жылы Петербургте дүрбелең басталды. Көшелерде жұмысшылар қаптап кетті. Үкімет төгілді. Әскерлер, жұмысшылар топ-тобымен көтерілген халық жағына қарай шығып кетті. Екі үш күн ішінде Петербург адам танымастай халге жетті. Ол шын мәнісінде соғыс алаңына айналды» - дейді.

Петербургтегі төңкеріс пен ақпан оқиғалары тез арада Қазақстан мен Түркістан өлкесіне де жетті. Патшаның тақтан құлатылуы жер-жерде жұмысшылар мен еңбекшілер митингісімен жалғасты. М. Шоқай ақпан төңкерісінен кейін Түркістан мен тығыз байланыс жасады. Жұмысшы, солдат, шаруа және солдат депутаттары Ташкент кеңесінің атқару комитетінің 3 наурыздағы мәжілісінде Түркістан өлкесінің генерал губернаторы және әскери округтің қолбасшысы Куропаткинді қызметінен босату туралы қаулы қабылдайды. Оған Н.Н. Щепкин, А.Бөкейханов, М.Тынышбаев, С.Максұтов, В.С. Ельпатовский, А.Л. Липовский, П.И.Преображенский, О.А.Шкапский, А.А.Даулетшин мүше болып тағайындалып, ал оның төрағалығы Н.Н. Щепкинге жүктелді.

Мұстафа Шоқай Ақпан төңкерісінен кейінгі Түркістандағы басқару жүйесі жұмысшы,солдат депутаттарының қолдарында болғанын, алайда бұл кеңестерді алаңсыз орыс шаруаларымен орыс солдаттары, орыс жұмысшыларын басқарғанын айта келіп, «...олар орыс үкіметін Түркістандағы жергілікті халықтарының жерін тартып алу үшін қоныстанғандар, ол солдаттар, орыс губерниясынан шыққандар немесе Түркістанның орыс тұрғындары еді» - деп [4] жергілікті халықтың үкімет басқаруға араласпағанын сынады.

Ақпан төңкерісінен кейін Түркістанның шет аймақтарында діни ұйымдар «Шуро-Ислам», «Раунак-уль Ислам», Түркістанның орталығында «Жадиттік ұйым» құрылды. Орынборда джадитерді «младо Туркестанцы» деп атған. Осы аталған Түркістандағы барлық ұйымдар мұсылмандар кеңесін құрды. Бұл кеңеске Түркістандағы «Европеизацияланған» өкілдер кірді. «Шуро-и-Улема» саяси ұйым ретінде Ташкент қаласында өз қызметін кең өрістетті. Ұйым өлкенің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласа бастады. Осы жерде ұйымның сипатына қатысты атап өтерлік бір жайт, «Шуро-и-Улема» европалық үлгідегі саяси партия болмаса да саяси партияға тән ұйымдық, құрылымдық белгілері болды.

Мұсылмандар кеңесінің негізгі мақсаты автономияны құру болды. М.Шоқайдың пікірінше олар, Түркістан болашақта өзін өзі басқаратын автономия болып, ол Ресей демократиялық республикасының бір бөлігі болуын қолдады. «Олар орыс демократиясына, орыс революциясына сенді. Алайда революцияның өзі және орыс демократиясына прогрессивтік революциялық ұлттық көңіл күйдегі Түркістанның жеткіншектерін өздерінен кейін итермеледі» [5].

М.Шоқай 1936 жылы Ресейдегі 1917 революцияның жеңісін ондағы халықтың қуанышын 19 жылдан кейін былай суреттейді: «1917 жылғы Ресей революциясы болғалы 19 жыл өтті. Бұл революцияны шын көңілмен сүйсіне, тебірене қарсы алғанымыз әлі есімде. Түркістандықтардың көбісі әсіресе қарттар 1917 жылғы революцияны Ресей мен Түркістанның ара жігін айырған 1916 жылғы Түркістан көтерілісінің заңды жалғасы деп қабылдаған еді. Өттең бұл қуанашымыз ұзаққа бармады. Революция үмітімізді ақтамады, сенімнен айырды, алданып қалғанымызды айқын көрсетті... Түркістанның мыңдаған жігіттері бетіне жаңа перде бүркенген жаңа отаршылдыққа қарсы күресте құрбан болды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары Кеңес Ресей заңдарында, айдауда шіріп жатты. Ондаған мың, жүздеген мың Түркістандықтар адам сияқты өмір сүру мүмкіндігінен айрылып, елінен безіп кетуге мәжбүр болды. Асқан ықылас, ілтиатпен, зор үмітпен қарсы алған революция кейін жалпы ұлттық қасіретке айналды» [6].

Мұстафа Шоқай 1917 жылғы революциялық өзгерістер мен елдегі саяси жағдайға және Түркістанның ахуалына қатысты өзінің принциптері мен ұстанымдарын өзі шығарған «Яш Түркістан» газеті арқылы көрсетіп отырды. Бұл істе ол өз идеяларын батыл көрсетті. «Яш Түркістан» газеті арқылы жүргізілген халық арасындағы үгіт-насихат жұмыстары өзінің нәтижесін бере бастаған еді. Түркістанның жергілікті кеңестік баспасөзі «Қызыл Өзбекстан» және «Еңбекші Қазақ» газеттері мен «Яш Түркістанның» арасында қызу тартыс басталып та кеткен еді. Кеңестік баспасөзде дөрекілікке жол берілді. Алайда Шоқай бұған ренжімейтін. Ол өз ойларын жазған мақалаларында білдіретін болған. 1917 жылғы революциялық жағдайға байланысты өзінің саяси еңбектерінде Кеңес үкіметі мен большевиктердің әрекеттерін сынаған. Осындай саяси істері арқылы барлық күш-жігерін Түркістанда әлеуметтік реформа жасауға жұмсаған.

М.Шоқайдың бұлтартпас деректерге сүйенген жорамалдарын теріске шығара алмаған кеңестік баспасөз органдары балағатқа дейін баратын. Бірақ, М.Шоқай оған байланысты ашуланып қапа болудың орнына оны тұжымдарындағы дәлдіктің бір көрінісі ретінде қабылдап қуанатын. Ол осыған орай туындаған қуанышын мына сөздермен тілге тиек етеді: «Алға қойған мақсатыма жеттім. Пікірлерім оларды абыржытты. Егер, олар маған ашумен жауап беріп жатқан болса, демек мен орынды айтқанмын» [7] деген мына бір сөздері М.Шоқайдың қуанышын болашаққа сенімділігін байқаймыз.

Мұстафа Шоқай Түркістан халқының бірлігін аңсайтын. Бұл мақсатқа жетудің өте қиын екенін білетін. Әсіресе Кеңестік саясаттың кең құлаш

жайып, оны қолдаушыла көбейіп, «бөлшекте де, билей бер» принципіне сүйенген дәуірде қиындаған үстіне қиындай түсетіні мәлім еді. «Мемлекетте жаман халық жоқ, жаман адамдар бар». Бұл сөздерді жиі-жиі қайталаудан Мұстафа жалықпайтын болған. Кеңес үкіметіне қарсы көзқарасын ол ашықтан ашық білдіретін. Әсіресе Түркістан саясатына қарсы болатын. Сонымен қатар Мұстафа Шоқай Кеңестік басқарудың Түркістанға кейбір пайдалы жақтары болғанын жасырмайтын еді.

Саясат адамы екі түрлі – соғыс саясатын жақтайтындар және бейбіт саясатты қуаттайтындар. Мұстафа Шоқай да өз істері арқылы бейбіт саясатты қолдаушының бірі еді. Оның саяси сенімі – халықтың халықтардың федерация ішіндегі бауырластығына сүйенетін. Ол Түркістанда Швейцария тәрізді мемлекеттік жүйенің болғанын қалайтын және армандайтын болған. Түркістан халқын қазақтар, қырғыздар, өзбектер, түркімендер, тәжіктер мен карақалпақтар құрайды деп білген.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Валиханова, Н.С. Историография национальных движений партий Средней Азии за период 1917-1991 гг. / Дисс. доктора исторических наук. – М. 2001. – 345 с.

2. Шілдебай С.Қ. XX ғасырдың I жартысында Қазақстанның ұлт – азаттық қозғалысындағы түрікшілдіктің орны мен маңызы (тарихи талдау): Тарих. ғыл... канд.... алу үшін дайындалған дис. - Алматы 2001. - 135 б.

3. Дархан Қыдыралиев. Мұстафа Шоқай. - Астана. – 2007. – 320 б.

4. Мұстафа Шоқай «Түркістанның қилы тағдыры» Алматы «Жалын» 1992ж.

5. Қара А. Мұстафа Шоқай Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. - Алматы. - 2004 320 б .

6. Қамзабекұлы Д. Эмиграциядағы Түркістан әдебиеті қазақ ұлт азаттық қозғалысы 10 том. – Астана. – 2008. – 188 б.

7. Шоқай М., Шоқай М. Естеліктер. Ыстанбұл, 1997. - 271 б.

## MUSTAFA CHOKAY AND THE LEGION OF TURKESTAN

*Zohidjon Kholdorov Valijonugli* – The Institute Of History The Academy Of The Sciences Of Uzbekistan, PhD student

In the first half of the 20th century, a lot of sad events happened in Turkistan region. In particular, the autonomy of Turkestan that was established in 1917 was drowned in blood by the Soviets after 72 days. Mustafa Chokay was one of the persons who played an important role in the autonomy of Turkestan. After the dissolution of Turkestan autonomy, Mustafa Chokay had to leave his homeland. He had to live in exile in Georgia, Turkey, France, and Germany. During this period, Mustafa Chokay published many newspapers and magazines such as “Yosh Turkistan”, “Yangi Turkistan”, “Yangi dunyo”, “Shafaq”. The

articles that were about the liberation of Turkestan were published on these magazines and newspapers. During the Second World War, Mustafa Chokay visited Germany. He saved the lives of Turkestans who were captured and kept in concentration camps in Germany with Vali Qayumkhan. Later, the Turkestan Legion, consisting of Turkestans, was established.

Mustafa Chokay was born in 1890 in Akmasjid, Sirdayo region, which was part of the Turkestan Governor-Generalship<sup>28</sup>. Mustafa Chokay remembered his life in Akmasjid, where he was born and raised: “Akmasjid is the city where I grew up and started studying here. I know almost all the Uzbeks, Kazakhs, Tatars, Russians and Jews who live there. The whole population knows me better”<sup>29</sup>.

In 1902, Mustafa Chokay came to study at the gymnasium in Tashkent. In 1910, Mustafa Chokay successfully graduated in this gymnasium<sup>30</sup>. He had opportunity to study at the university in St. Petersburg with scholarship. Mustafa expressed his desire to study at the law faculty of the university. However, the government said that if Mustafa wants to study at the faculty of law, the scholarship will not be paid. As a result, he had to study at the law faculty at his own expense without receiving a scholarship.

In February 1917, the Romanov dynasty was overthrown in the Russian Empire. In October 1917, the Bolshevik group seized power in Russia. After the events that happened in Russia, the Turkestan autonomy was established on November 27, 1917 in the city of Kokand by Turkestan patriots. First, Mustafa Chokay worked as the Minister of Foreign Affairs and then as the Prime Minister in the Turkestan autonomy<sup>31</sup>. After the dissolution of Turkestan autonomy by the Russians in May 1918, Mustafa Chokay had to leave Tashkent under a fake name. First, Mustafa went to Ufa and met Zeki Velidi Togan. He went to Orenburg with Zeki Velidi and met his friends who were Ubaydulla Khojayev, Abdulhamid Cholpan whom he had not seen for a long time<sup>32</sup>. Also, Mustafa Chokay met with Alikhan Bukeykhanov and Ahmed Boytursun who were the leaders of the Alash Orda in this city. After Ufa, Mustafa Chokay had to go to Tbilisi. In this city, he published the newspapers called “Yangi dunyo” and “Shafaq”<sup>33</sup>. In 1921, Mustafa Chokay had to leave Tbilisi and came to Istanbul. After a short stay in Istanbul, he came to Paris with his wife Maria<sup>34</sup>.

In 1929, Mustafa Chokay started publishing new magazine “Yosh Turkestan” in Paris. Until 1939, 117 issues of this magazine were published. Also, Mustafa Chokay wrote a book called “Turkistan under Soviet power” in French and Russian languages. The main idea in his articles and books was the colonization of Turkestan by the Russian Empire and the bloody policy that was implemented by the Soviet state in Turkestan.

---

<sup>28</sup> Abdulvahap Kara. *Türkistan Ateşi: Mustafa Çokay'ın Hayatı ve Mücadelesi*. – İstanbul. 2002. – S. 26.

<sup>29</sup> Mustafa Cho'qay o'g'li. *Istiqlol jallodlari*. – T.: Trust and support. 2022. – B. 20.

<sup>30</sup> Hidiraliyev D. *Mustafa Çokay'ın Hayatı, Faaliyetleri ve Fikirleri*. – Ankara.: Yeni Avrasya. 2001. – S. 19.

<sup>31</sup> Ражабов Қ. *Туркистон мухторияти тарихи*. – Т.: Фан. 2023. – Б. 193.

<sup>32</sup> Дархан Қыдырәлі. *Мұстафа*. – Астана.: Деловой мир. 2012. – Б. 92.

<sup>33</sup> Садыкова Б. *Мустафа Чокай в эмиграции*. – Алматы.: Мектеп. 2009. – С. 35.

<sup>34</sup> Maria Chokay was born on February 22, 1888 in the city of Vilna in Lavia. His father's name was Yakov, his mother's name was Anastasia. He died on April 15, 1969 in Paris.

Germany invaded the territory of the Soviet state on June 22 in 1941. The unexpected attack showed that the Soviet state was not prepared militarily. As a result, many soldiers who fought in the ranks of the Red Army, including thousands of Turkestanis, were captured by Germany. The idea of using Turkestan prisoners of war in military operations against the Soviet state appeared among the German government. For this purpose, Mustafa Chokay who was living in Paris was brought to Berlin in 1941 by the German government. Before going to Berlin, Mustafa Chokay was told by the German government that he should address the people of Turkestan. However, he rejected this offer and said: “From my point of view, I did not make this appeal for two important reasons. One of the reasons for this is that I have not been in contact with Turkestan for the past two years. I have avoided mistakes in this appeal to the people of Turkestan. Moscow bolsheviks killed a lot of people who fought for the freedom of Turkestan during these years. The Bolsheviks raised and employed other young people of Turkestan instead of them. However, these young people do not know about our history before Bolshevism, and they learned the history of Turkestan only from Bolshevik sources”<sup>35</sup>.

In a letter written to his wife Maria in Paris, Mustafa Chokay described the life of Turkestanis kept in concentration camps in the most difficult conditions: “Most of the captured Turkestanis were drafted into the ranks of the Red Army at the beginning of the war. 90 percent of them did not know how to use a gun”<sup>36</sup>. Mustafa Chokay visited the concentration camps with Vali Qayumkhan, and they met the prisoners who were from Turkestan. The German government planned to use Turkestan prisoners to fight against the Soviet state. The Legion of Turkestan was established for this purpose. After the victory over the Soviet state, the German government was supposed to establish an independent state on the territory of Turkestan. In particular, Mustafa Chokay told the German government his two terms: “The German government should prepare personnels for the future state of Turkestan and the soldiers of the Turkestan Legion should not enter the battle against the Red Army until they reach the borders of Turkestan”<sup>37</sup>.

The Turkestan Legion, consisting of Turkestan prisoners of war, was established under the leadership of Mustafa Chokay and Vali Qayumkhan on October 2 in 1941<sup>38</sup>. However, until the end of 1941, the number of soldiers in the legion was not very large. Mustafa Chokay and Vali Qayumkhan continued to meet with Turkestanis who was keeping in concentration camps and made serious efforts to save their lives. However, Mustafa Chokay contracted typhus during one of the meetings with the prisoners in the concentration camp. As a result, he died

---

<sup>35</sup> Mustafa Çoqay oğlu. Natiralar. Turkeli. (Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. Он бірінші том. – Алматы. Дайк-пресс. 2014) 1952. № 12. – S. 21-32.

<sup>36</sup> Enver Altaylı. Ruzi Nazar: CIA'nın Türk Casusu. - Doğan kitap. 2013. – S. 85.

<sup>37</sup> Coşkun Komru. Hitler Almanyasının Türkiistan politikası (doktora tezi). Denizli. 2021. – S. 173.

<sup>38</sup> 2 yillik küraşnin toyida. Milli Türkiistan. 1943. 1 noyabr. № 32. – S. 15-21. (Baymirza Hayit. Milli Türkiistan hürriyet davası (Milli Türkiistan mecmuasında bildirilgan fikirlər).2014.)

due to a serious illness on December 27 in 1941<sup>39</sup>. After his death, Vali Qayumkhan became the leader of the Turkestan Legion.

In conclusion, it can be said that thousands of Turkestan patriots were sentenced to death due to the repression policy that was implemented by the Soviet state. Some Turkestaners who escaped death had to go to other countries as immigrants. Until the end of their lives, they fought against the Soviet state for the independence of Turkestan. Mustafa Chokay became one of patriotic Turkestaners. He lived in Turkey, France, Germany and wrote articles and books with different names. In his works, he paid special attention to the ideas of the independence of Turkestan. During the Second World War, Mustafa Chokay played an important role in saving the lives of captured Turkestaners.

#### References

1. Abdulvahap Kara. Türkistan Ateşi: Mustafa Çokay'ın Hayatı ve Mücadelesi. – Istanbul. 2002.
2. Mustafó Cho'qay o'g'li. Istiqlol jallodlari. – T.: Trust and support. 2022.
3. Hıdıralıyev D. Mustafa Çokay'ın Hayatı, Faaliyetlari ve Fikirleri. – Ankara.: Yeni Avrasya. 2001.
4. Ражабов Қ. Туркистон мухторияти тарихи. – Т.: Фан. 2023.
5. Дархан Қыдырәлі. Мұстафа. – Астана.: Деловой мир. 2012.
6. Садыкова Б. Мустафа Чокай в эмиграции. – Алматы.: Мектеп. 2009.
7. Mustafa Çoqay oğlu. Hatıralar. Türkeli. (Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. Он бірінші том. – Алматы. Дайк-пресс. 2014) 1952. № 12.
8. Enver Altaylı. Ruzi Nazar: CIA'nın Türk Casusu. - Doğan kitap. 2013.
9. Coşkun Komru. Hitler Almaniyasının Türkistan politikası (doktora tezi). Denizli. 2021.
10. 2 yillik küraşnin toyida. Milli Türkistan. 1943. 1 noyabr. № 32. – S. 15-21. Baymirza Hayit. Milli Türkistan hürriyet davası, Milli Türkistan mecmuasında bildirilgan fikirlar .2014.
11. Мария Чокай. Я пишу Вам из Ножана...(воспоминания, письма, документы). – Алматы. Қайнар. 2001.

### **ОТНОШЕНИЯ МУСТАФЫ ЧОКАЯ И АХМАДА ЗАКИ ВАЛИДИ**

***Рахматов Мурод Гайбуллаевич*** - Узбекистан, Навоийский педагогический институт, PhD

Два великих представителя тюркских народов: Мустафа Чокай (1890-1941) и Ахмад Заки Валий (1890-1970) сыграли важную роль в политических процессах в Туркестанском крае в 1917 году. Эти люди, ровесники и

---

<sup>39</sup> Мария Чокай. Я пишу Вам из Ножана...(воспоминания, письма, документы). – Алматы. Қайнар. 2001. – С. 108.

единомышленники, один родился в одном из башкирских сел на территории современного Башкортостана, а другой родился в знатной кипчакской семье, пришли в город Ташкент, который был политический и экономический центр Туркестанской области того времени и вместе со своими братьями-узбеками проявили рвение в развитии идеи борьбы за независимость туркестанских прогрессистов<sup>40</sup>.

Мустафа Чокай – известный государственный и общественный деятель, последовательный борец за независимость туркестанских народов. Он родился 25 декабря 1890 года [7 января 1891 года по новому расчету] в Авлиётарангил-Овуле Перовского уезда Сырдарьинской области<sup>41</sup>, по некоторым данным, в селе Наршок. Его отец, сын Чокайбея Торгай додхоха, был главой болиса (волости), одного из дворян кипчакского рода казахов, а предки его матери вели свое происхождение от хивинских ханов. Мустафа Чокай в своей биографии считал себя кипчаком.

В его более поздних воспоминаниях, написанных Мустафой Чокаем, показаны события, произошедшие в Туркестане в 1917 году, и влияние Февральской революции на жизнь туркестанцев. В начале своих воспоминаний автор пишет: “Мы надеялись и верили, что революция 1917 года позволит нам построить национальное государство. Мы обманулись в этой надежде и доверии. Это не значит, что мы должны совершенно забыть вопрос о нашем участии в революции 1917 года”<sup>42</sup>.

Мустафа Чокай находился в Петрограде, столице Российской империи, когда началась Февральская революция 1917 года. В то время он был представителем Туркестана в бюро при мусульманской фракции Госдумы России. Он подготовил материалы о Туркестане и предоставил необходимую информацию о Туркестане представителям мусульман в Государственной Думе. По словам самого Мустафы Чокая, одним из последних дел, которые он сделал накануне 1917 года, была подготовка материалов о восстании 1916 года против трудящихся в Туркестане, в частности, Джизакском восстании, и запись речи депутата Мухаммада Юсуфа Джа. 'далеко, кто говорил от имени мусульманской фракции'<sup>43</sup>.

Мустафа Чокай так описывает победу Февральской революции в Петрограде и установление Временного правительства, а также то, как он приехал в Туркестан: «В конце февраля 1917 года (по старому сообщению) начались беспорядки в Петербург. Рабочие высыпали на улицы. И правительство направило против них вооруженную силу. На улицах начались бои, пролилась кровь. Солдаты, массы рабочих перешли на сторону восставшего народа. Через два-три дня Петербург стал неузнаваем...

В апреле 1917 года Мустафа Чокай вернулся из Петрограда в Ташкент и оказался в центре политических процессов в Туркестане. Весной 1917 года

<sup>40</sup> Мустафо Чўкай ўғли. Истиклол жаллодлари (1917 йил хотиралари). – Тошкент: Фафур Фулом номидаги Нашриёт-матбаа бирлашмаси, 1992. – Б.3.

<sup>41</sup> Садыкова Б. Мустафа Чокай. – Алматы: «Алаш», 2004. – С. 231.

<sup>42</sup> Мустафо Чўкай ўғли. Истиклол жаллодлари (1917 йил хотиралари). – Тошкент: Фафур Фулом номидаги Нашриёт-матбаа бирлашмаси, 1992. – Б. 8-9.

<sup>43</sup> Мустафо Чўкай ўғли. Истиклол жаллодлари (1917 йил хотиралари). – Б. 9.



он начал издавать в Ташкенте газеты «Бирлик туги» и «Свободный Туркестан». 16-23 апреля 1917 года на проходившем в Ташкенте Первом Всетуркестанском мусульманском съезде был создан Центральный совет мусульман Туркестана (Краймусовет), то есть Национальный центр, под председательством Мустафы Чокая. Активно участвовал в Первом Всекиргизском [Всеказахском] сейде, проходившем в Оренбурге 21-28 июля. Член Туркестанского комитета Временного правительства (с августа 1917). После насильственного захвата власти большевиками в Ташкенте Национальный центр во главе с Мустафой Чокаем в начале ноября переехал в Кокан<sup>44</sup>.

По сообщению газеты «Улуг Туркестан», «15 июля 1917 года на собраниях Ташкентской городской, Закаспийской, Ферганской и Сырдарьинской областей Мустафа Чокаев был выдвинут и избран членом Туркестанского комитета Временного правительства России»<sup>45</sup>.

В отечественной печати о членстве Мустафы Чокая в Туркестанском комитете были сделаны следующие комментарии: «После отставки Туркестанского комитета, отправленной Временным правительством Петрограда, новый комитет взамен его не был образован. Работу Временного правительства в Туркестане временно осуществляли В. Евпатиевский, Липовский, Танишпаев, О. Шкавский. Сначала Туркестанский совет солдат и рабочих не хотел, чтобы Садри Максуди и Абдулазиз Давлетшин были членами этого комитета. После этого в Туркестане останется только М. Тинишбоев. Поэтому Туркестанскому центральному обществу «Шораи Исламия» пришлось выдвинуть двух человек вместо Садри Максуди и Абдулазиза Давлетшина.

После этого показали Мустафу Чокаева и председателя Комитета мусульман Казани Мухаммаджона Тохтарова. В связи с этим Мустафа Чокаев будет избран членом Туркестанского комитета»<sup>46</sup>.

Известно, что с лета 1917 г. началась подготовка к проведению выборов в Учредительное собрание. Прогрессивные общества Туркестана выдвигают Мустафу Чокая в Учредительное собрание России. Однако члены общества «Уламо», составлявшего основную часть ташкентской думы, выступили против этого кандидата и сами составили список новых кандидатов<sup>47</sup>. В то время руководителем общества «Уламо» в Ташкенте был Шерали Лапин, еще один этнический казах.

В то же время начались выдвижения кандидатур в Учредительное собрание Туркестана. 24 октября 1917 года областным съездом ферганских

---

<sup>44</sup> Ражабов Қ. Туркистон Мухторияти вазирлари ҳамда Миллий Мажлис аъзолари ҳаёти ва тақдири. – Тошкент: “Bodomzor invest”, 2021. – Б.

<sup>45</sup> Туркистон комитети // “Улуг Туркистон” (Тошкент). 1917 йил 27 июль.

<sup>46</sup> Комитет Туркестана // «Великой Туркестан» (Ташкент). 27 июля 1917 года.

<sup>47</sup> Список кандидатов в Учредительное собрание // «Великой Туркестан» (Ташкент). 18 октября 1917 года.

мусульман список из 15 человек был оглашен Учредительному собранию. Мустафа Чокай был среди этих кандидатов<sup>48</sup>.

Ахмад Заки Валидий – известный государственный и общественный деятель, последовательный борец за независимость тюркских народов, востоковед и тюрколог. Он родился 10 (22) декабря 1890 года в селе Кузьяново Ильчик-Темировского уезда Стерлитамакского [Истарлитамацкого] уезда Уфимской губернии. (Фамилия Валидов (Валидий), настоящее имя - Ахматзаки Ахметшахович Валидов; в эмиграции Ахмад Заки Валидий Тоган считался. Позже в Турции он выбрал фамилию Тоган.) Родители Валиди были религиозными деятелями, имели образование и знали несколько языков. Его отец Ахметшах Ахматьянович Валидов (1860-1937) служил в мечети Джоме в селе Кузьяново и открыл при мечети школу-медресе. Ее мать, Уммулхаят Мухаметкафиевна Валидова (1873-1946), окончила школу в селе Утяково и преподавала женщинам в школе-медресе, основанной ее мужем.

Получив начальное образование в школе, основанной отцом, юный Ахмад учился в медресе Касимия в Казани (1908-1912), где преподавал историю и литературу тюркских народов (1910-1913). Прославился своей первой книгой «История тюрков и татар»<sup>49</sup> (г. Казань, 1912 г.).

Ахмад Заки Валий, как и Мустафа Чокай, приехал в Ташкент в апреле 1917 года и принял активное участие в политических процессах в стране. Он стал генеральным секретарем Мусульманского совета Туркестана (Краймуссовета)<sup>50</sup>, образованного на Первом съезде мусульман Туркестана (16-23 апреля 1917 г.), и редактором газеты «Кенгаш» - торгана Совет. Принимая активное участие в автономическом движении в Туркестане, он последовательно отстаивал идею единства и независимости тюркских народов.

Чтобы яснее показать деятельность национальных политических сил в Туркестане, Валиди делит общества на три группы: во-первых, классовые организации; во-вторых, сектантские организации; и в-третьих, общие организации. Валиди также пишет, что концепция «классовой организации» создана для защиты различных социальных проблем внутри нации и страны; «Сектантская организация» организована с целью распространения определенной идеи среди людей и формирования направления развития страны на основе этой идеи; а «общая организация» — это различные комитеты безопасности, образовавшиеся после революции. Такие организации часто создаются с целью реализации практической цели, интересов страны или общественного мнения. Также эти организации должны иметь уставы. Без этого не было бы порядка в обществе.

---

<sup>48</sup> Представитель Учредительного собрания в Фергане // «Великой Туркестан» (Ташкент). 18 декабря 1917 г.; Минггаров А. Туркистондаги ижтимоий-сиёсий жараёнларнинг миллий матбуотда ёритилиши (1917-1918 й.). – Тошкент: Истиклол нури, 2013. -Б.37-38.

<sup>49</sup> Ахмад Заки Валиди. Турецкая и татарская история. – Казань: «Миллат», 1912.

<sup>50</sup> Материалы съезда // «Нажот» (Ташкент). 21 апреля 1917 года.

На нескольких заседаниях Центрального совета туркестанских мусульман, проходивших в июне-июле 1917 года, Ахмад Заки Валиди исполнял обязанности секретаря и председателя. На совещании, состоявшемся 27 июня 1917 года, он был принят директором организационно-просветительского отдела Центрального совета<sup>51</sup>.

Ахмад Заки Валиди покинул Ташкент осенью 1917 года. С конца 1917 года он стал одним из руководителей правительства и национального движения Башкортостана, главой правительства и военным инспектором. Когда право на автономию было ограничено, он полностью отказался от 15-месячного сотрудничества с Советским государством и большевиками и осенью 1920 года прибыл в Бухару.

Можно сделать вывод, что в 1917 году дети тюркских народов, такие как Мустафа Чокай и Ахмад Заки Валиди, оказались в центре политических процессов в стране Туркестан, в частности, в Ташкенте, который является ее политическим и экономическим центром. В качестве политических наставников и лидеров эти два сына тюркского народа возглавляли туркестанских прогрессистов в борьбе за свободу и свободу против Российской империи, затем большевиков и Советской России. Вместе с ними Мунаввар Кори Абдурашидханов, Убайдулла Ходжаев, Абдулла Авлони в Ташкенте, Обиджон Махмудов в Ферганской долине, Чолпон, Хамза, Махмудходжа Бехбуди в Самарканде, Фитрат, Файзулла Ходжаев, Абдулвахид Бурханов, Абдулкадир Мухитдинов в Хорезме, Полвоннийоз Хаджи Юсупов, Бобохун Салимов в Хорезме и других узбекских застройщиках, а их предки проявили храбрость в борьбе за единство и независимость Туркестана.

## **МУСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЭМИГРАЦИЯДА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫП – ТҮРКІСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ**

*Саналиев Гали Ершетаевич* – М.Шоқай атындағы № 51 гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, Астана қаласы

Қазақ елінің тарихы сан мыңдаған жылдар бойы тәуелсіздікке жету жолында асқар таудай асыл перзенттерінің аянбай рухани жеңісі және қазақ халқының болашаққа жету жолындағы күресінің арқасында жетті. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болғанына отыз екі жыл толғалы тұр. Бұл дәуірде мемлекетілігіміз құрылып, саяси, экономикалық-әлеуметтік, мәдени дамуындағы өз орнын таба білді. Қазақстан тарихы қайта зерделеніп, қайта жазылуда. Бұл жол тарихымыздың жаңа беттерін толық ашуға мүмкіндік жасалды. Кеңестік дәуірдегі тарихтың қателіктері мен тоталитарлық жүйенің мақсаты мен мазмұны ашылды. Қазақ Елінің тарихын

---

<sup>51</sup> Протоколы Туркестанского центрального совета // «Совет», 25, 28 июля 1917 г.

зерттеймін дегендер ұлтшыл болды. Сол себептен тарихшылар кеңестік дәуірді мақтады және зерттеді. Қазақ Елінің тарихы бай мұраларға тола, соның бірі қазақ халқының қалыптасуында тарихи тұлғалардың, ірі көсемдер мен шешендердің, ақындар мен батырлардың алар орыны айрықша. Бүкіл халықтың намысын жыртқан олар бір рудың немесе бір тайпаның уысына сыймақ емес. Жалпы ұлтымыздың мақтанышы болған сол бабалардың арқасы-бүгін мынау ұлан-байтақ жерді жайлап жатқанымыз.

Тарихта ұлы адамдар аса маңызды оқиғалар мен өте күрделі бетбұрыс кезеңдерде айқын көрінетіні белгілі. Өйткені олар белгілі бір тарихи дамулардағы ірі өзгерістерге белсене қатынаса отырып, оқиғалардың даму барысының жетегінде кетпейді, керісінше, өзгерістердің тез немесе баяу дамуына, оқиғалардың объективті барысына, өрбу бағытына өзіндік жеке рөлін қосады. Олардың қоғам дамуына қосқан үлесі неғұрлым ауқымды, неғұрлым терең болса, соғұрлым олардың есімі халықтың тарихи санасында өшпестей болып сіңіп, уақыт өте ұрпақтар алдында биікке көтеріле береді. Қазақ халқының тарихында халқының белгілі тұлғалар – қоғам қайраткерлері көп.

Солардың бірі –кеңестік саясаттың құрбаны және туған елінен кетуге мәжбүр болған тұлға-Мұстафа Шоқай.Қандай тұлға болмасын оның ата тегі, дүниеге келген әлеуметтік ортасы, отбасындағы көрген тәрбиесі мен өнегесі, жас шағындағы әлеуметтік және саяси болмысы оның болашағының негізін қалайтыны белгілі. Бұл факторлар халқының еркіндігін өзінің азаттығы деп ұғынған, өз тағдырын ұлтының бақытынан іздеген, ХХ ғасыр басындағы Ресейдегі тарихи һәм әлеуметтік-саяси көрікте шындалып, теориялық білімі мен өмірлік кемелділігі шираған, аса білімпаз, көреген саясаткер Мұстафа Шоқайдың әлемдік деңгейдегі тұлға ретінде қалыптасуының төркінін тануға көмектеседі.

Мұстафа Шоқай азаттыққа жету үшін, қолға тиген тәуелсіздікті тұғырлы етуге де аса қажетті ұлттық қасиеттерді сақтай, оны дамыта білуге қатаң талаптар қойған болатын. Мысалы: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп-дамиды, жеміс береді» дегенде қаншама ойлар, қаншама өсиеттер жатыр [1,166 б.].

Өкінішке орай, бүгінгі күні ұлттық рухсыз жандарды көріп, мындаған жылдар ата-бабамыз күш-жігерін, тіптен ғұмырларын да құрбан етіп, қол жеткізген азаттықты күнделікті өмірде тиісінше қадірлей, қастерлей, мақтаныш ете алмауымызды байқап жүрміз. Осы сәтте Мұстафа Шоқайдың сонау 1923 жылы тәуелсіздікке қол жеткізген туысқан Түркия елін реті келгенде әркез үлгі еткені еріксіз еске түседі: «Батыс білімін» «Шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды. Біздіңше, дүние тарихында бұрын-соңды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері – Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін (Mentalitet) сәтімен үйлестіре алуында жатыр» [1,157б.]. Бұл ойлар бүгінгі күні бізге

кажет-ақ, керек десеңіз мұнсыз тәуелсіздікті тұғырлы ете алмаймыз. Мұстафа Шоқай түрлі қиыншылықтармен Кавказға жеткеннен кейін саяси күресін еш тоқтатқан жоқ. 1919 жылдың наурызынан 1921 жылдың 25-ақпанына дейін Кавказ мұсылмандары қоғамының саяси істеріне белсене қатысып, әрбір халықтың ұлт және егемен мемлекет ретінде танылу құқығын қорғау, бұрынғы Ресей аумағындағы жаңа мемлекеттік құрылымдарды реакциялық, большевиктік режимдерге қарсы экономикалық, саяси және дипломатиялық жолмен біріктіру үшін күреседі. Онда орыс тілінде басылатын “Вольные горцы”, “На рубеже” газетеріне белсене қатысып, өзі түрікше басылатын «Йени дүния» және «Шафақ» атты мұсылман газеттерін шығарады. Ал большевиктер Грузия Республикасын басып алғаннан кейін 1921 жылғы ақпанда Түркияға аттанып, мамыр айында Парижге жетеді.

Мұстафа Шоқай эмиграцияда болған Грузия, Түркия, Франция, Германияда жазған хаттарының көпшілігі-Түркістанның тәуелсіздігі. Хаттарына тоқталайық: Солардың бірі В.А. Чайкиннің хаттарында М.Шоқайдың шетелге кетуі немесе елге қалып оппозициялық қозғалыс қатарында күрес жүргізуі, қайтып оралған жағдайда да Кеңес өкіметіне сенімнің жоқтығы туралы мағлұматтар беріледі. В.А.Чайкиннің М.Шоқайға 1920 жылдың 5 тамызында жазған үшінші хаты ғана жетеді. Онда ол «Түркияға елші ретінде бара жатқан» Ш.З.Элиава арқылы хабар салып отырғанын, алға қарай қандай күрес тактикасын ұстану керектігін жазады. Келесі хаттарында М.Шоқайдың елге оралу шарты туралы әңгімені қозғайды. Бұл жөнінде өз тарапынан қандай қадамдар жасалғанына тоқталады. 1920 жылы 20 тамызда жолданған хатында В.А.Чайкин оралған жағдайда М. Шоқайдың қауіпсіз болатындығына күмән келтіреді. Ондай түйінге ол сыртқы істер министрінің орынбасары Л.М. Караханмен, РК (б) П ОК хатшысы Н.Н.Крестинскиймен сөйлескеннен кейін келеді. «Тіпті, Караханмен сөйлесіп, белгілі бір шарттармен қайтып оралғанның өзінден, ол уәденің орындалуына сенім жоқ, сол себепті Сізді шақыру жауапкершілігін өз мойныма ала алмаймын» дейді. Ал енді 1922 жылдың 6 сәуірінде жазған хатында В.А.Чайкин: «Сіздің үйге қайтпауыңыз қателік, әрі өкінішті» дейді. «Кепілдік алып беремін» деп қиылады [4, 6-бет ]

ашықтан-ашық отарлық сипатта болды деп жазды. Автор қозғалыстың негізгі себептеріне ауылшаруашылығын күйзелткен, дихандардың жаппай кедейленуіне әкелген экономикалық дағдарыс пен большевиктердің бұл өңірдегі «таптық элементтерге» деген көзқарастары себеп болды десе, «қозғалыс сипаты жағынан кеңестік биліктің отарлық режиміне қарсы жалпы ұлттық қозғалыс болды» деген қорытынды жасайды. Г.Сафаровтың бұл еңбегі кейіннен кеңестік тарихшылардың қатты сынына ұшырап, автор троцкист-зиновьевшіл топтың мүшесі ретінде 1942 жылы «халық жауы» ретінде атылып кетті. Г. Сафаровтан кейін басмашылық қозғалыс тарихы туралы жазғандар Ф. Ходжаев, Ди-Мур, П. Алексеенков, Е. Козловский және басқалар болды. Бұл еңбектерде тарихи шындық бұрмаланып, түркі халықтарының өздерінің ұлттық болмысын, салт-дәстүрін, діні мен тілін сақтап, басқа халықтармен тең құқылы өмір сүруге бағытталған әрекеттеріне «пантюркизм», «панисламизм» айыптары тағылды. Ф. Ходжаевтың «Материалы к истории революции в Бухаре» атты еңбегінде оның айтуынша көтеріліс жетекшілері болған ру көсемдері мен молдалар «дін мен шариғаттың ұрандарын» желеу етіп тек өздерінің экономикалық жағдайын жақсартуды ойлады десе [12, 233], Ди-Мур «шығыс бұқаралық басмашылар реакциялық феодализмнің панисламдық бағдарламасы аясында барлық кеңеске қарсы контрреволюциялық элементтерді біріктірді» -деп қорытынды жасайды [13, 283]. Мұстафа Шоқай «Түркістандағы басмашылық қозғалыс» атты мақаласында «...құрбашылар Ергеш пен Мадаминбектің әрекеттері елдің кедейленуіне әкеліп соқтырғанын, Ферғана облысының бөлініп, әр құрбашының өз қалауынша билік жүргізіп, өзінен басқа ешбір өкіметті танудан бас тартуы нәтижесінде большевиктердің басмашылар жасақтарын жеке-жеке жеңіп, басып тастауына мүмкіндік бергенін жазады. Мұстафа Шоқай басмашылардың құрбашылары Ергештің де, Мадамин бектің және тағы басқа да құрбашылардың ұлттық күрестің міндетін жоғары деңгейде түсінбегендіктерін, олардың соңына ерген халықтың да алдында нақты нақты ұлттық саяси бағдарламаның болмағандығын айтады. Көптеген құрбашылар кеңес үкіметінен мұсылмандар үшін дінді қайта өрлетуге, сауда еркіндігін беруге, биліктің «құрбашы» шенін тануға және өз жігіттерінің арасынан сенімді оққағарларын тандап алу құқығын талап етті. Осы талаптары қанағаттандырылған соң олар Кеңестер туы астына кіріп, тіпті өздерінің жолын қуушыларға қарсы шықты. Ергеш те, Мадаминбек те өмірлерінің соңын кеңес қызметінде аяқтады»- деп жазады [14, 57], (Шоқай, 2014:57).

Кеңес Одағы ыдырап, тәуелсіздік алғаннан кейін ғана түркі халықтарының ұлт азаттық қозғалысы тарихы қайта қаралып, ұлттық тарихи сананы жаңғырту бағытындағы зерттеулерде бұл қозғалыстың тарихи шындығын ашып, оған жаңа тарихи баға беріле бастады. Ондай зерттеулердің қатарына Мұстафа Шоқайдың сан қырлы келбетіне, ғылыми-публицистік еңбектеріне, естеліктеріне барынша ұлттық көзқарас тұрғысынан талдау жасаған, оның Ресейдің отарлық саясатына қатысты әрекеттерін, қоныстандыру, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы



ақпан және қазан төңкерісі, Алаш қозғалысы, Түркістан Мұхтарияты, басмашылар қозғалысы, Кеңес өкіметінің қысымшылық саясаты, ұлт мәселесіне, ашаршылыққа тақырыбында жазғандарын құнды дерек екендігін пайымдап, ғылыми айналымға енгізген мұстафатанушы К.Л. Есмағамбетовтың «Әлем таныған тұлға: Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы» атты монографиясының маңызы өте зор болды. Басмашылар қызыл әскермен соғыста партизандық тактиканы ұстанып, ірі әскери бөлімдермен ашық қақтығыстардан жиі қашып отырды. Олар көбіне шағын әскери бөлімшелерге, өнеркәсіп орындарына, теміржол станцияларына, қоймаларға, шағын қышлақтарға тұтқиылдан шабуыл жасап, кеңес өкіметінің өкілдерін өлтіріп отырған. Ал, қызыл әскерлер басмашылармен соғыста олардың отбасын кепілге алу, тұтас ауылдарды жойып жіберу әдісін кең қолданды. Егер рақымшылық жасауға берілген мерзімде қаруын тастап берілмесе, кепілдіктегі оның әйелі, бала-шағасы тегіс атып өлтірілді.

Мұстафа Шоқай өзінің «Көрнекі варварлық», «Тағы да Орта Азиядағы көтеріліс туралы», «Түркістанда» деген мақалаларында Кеңес өкіметінің басмашылар қозғалысын басу үшін қолданып отырған айуандық, ортағасырлық іс-әрекеттерін әшкерелеп отырды. Мұстафа Шоқайдың 1924 жылы 30 тамызда Парижден шығатын «Последние новости» газетіндегі «Көрнекі варварлық» атты мақаласында «Жұма құрбашыны қолға түсіру әрекеттері сәтсіз аяқталған қызыл әскер бейбіт ауылға шабуыл жасап, құрбашының інісі қарапайым шаруа Шырынды кепілдікке алады. Шырынның отбасына көрсетілген қандайда бір көмек кеңес өкіметінің жауына көрсетілген көмек деп есептеліп, көмек көрсеткендер қатаң жазаға ұшырады. Сондай-ақ қолға түскен Ағзам-қажы құрбашының көмекшісі Хафиздың басын кесіп алып, басшыларына тарту етті дей отырып, большевиктердің мұндай көрнекі айуандықтары бірінші емес, 1922 жылы қыркүйекте Ташкентте болған өлкелік партия конференциясында мәскеу делегатының самарқан көтерілісшілерінің басшысы Бахрам бек пен өзбек мұғалімі Қары Кемалдың кесілген басын мінбеге шығарып көрсеткенін жазады. Тіпті, большевиктер басмашылардың көрнекті жетекшілерінің бірі Шахмұрадтың басын оққа ұшқаннан кейін кесіп алып, Канимах селосындағы базар алаңына іліп қояды. Мұстафа «Кесілген адам басымен тарту жасау - Орта Азияда құрылған ленинизмнің қанды дәстүрі болды» - деп жазады [15. 16].

Түркістандағы басмашылық қозғалысының басына Әнуар паша келгеннен кейін, ол мүлдем жаңа сипат алды. Тіпті түркістандық ұлт зиялылары да Әнуар пашаға үлкен үміт артты. Әнуар паша осы кезде Ферғана өңірінен шегінген бытыраңқы басмашылар тобынан 16 мың адамнан тұратын әскер жинап, 1922 жылдың көктемінде Бұхар Халық Кеңес Республикасының едәуір бөлігін басып алды. Осы тұста Дарбаза ауданының ревкомы Ишан Сұлтан мен Куляб ауданының ревкомы Давлатманд би кеңестік өкіметті құлатып Әнуар пашаның соңынан ерді. Оларға Хисар, Балжуан, Қаратегін аудандарынан 8 мыңға жуық тәжік және соншама өзбектер қосылады.

Сонымен қатар 300-ден аса әскерімен ауған тайпаларының әмірі Хабибулла-Бача Сақа, Бұхара Кеңес үкіметінің әскери халкомы болған Абдулхамид Арипов те өз жақтастарымен келіп қосылды. Төтенше Комиссияның бұрынғы тыңшысы Тураб Бек те 1922 жылдың мамыр айында басмашыларға қосылып кетеді де, құрбашы ретінде Әнуар паша мен түрік офицері Хаджи Сами жағында Кеңес өкіметіне қарсы соғысады. Осы тұста Бұхараның шығыс бөлігі саналатын Тәжікстан жеріндегі кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы толқулар басталып, жасбұхарлықтардың көрнекті өкілі Мұхитдин Мағзом да 300 жігітімен басмашыларға барып қосылады[16, 89]. 1922 жылы Әнуар паша Душанбе қаласын басып алып, ақпан мен маусым айларында Ферғана жазығында, Самарқанд аумағы мен Бұхараның шығыс бөлігіндегі аудандарда қызыл армиямен қанды шайқастар жүргізді. Аз ғана уақыттың ішінде Бұхараның шығыс аумағынан большевиктерді түгелдей қуып, Самарқанд, Бұхара, Ашхабад, Қарши және Ферғананы бірнеше ай қоршау жағдайында қалдырады. 1922 жылы мамыр айында Әнуар паша Ресейге Түркістаннан кеңес әскерін алып кету туралы талап қояды.

Түркістандағы жағдайдың ушығып кеткенін байқаған большевиктер сәуір айында Түркістан өлкесіне С. Орджоникидзені жібереді. 1922 жылы 18 мамырда РКП (б) ОК саяси бюросы «Түркістан-Бұхара істері туралы» арнайы шешім қабылдап, Бұхарға қызыл әскерлердің бас қолбасшысы С.С. Каменев келіп, қызыл әскер армиясын қосымша 4,5 мың найзалы, 3 мыңдай қылышты жауынгермен және 20 зеңбірекпен толықтырылып, қайта жасақтайды. Сонымен қатар, бұл қозғалысты басуға қосымша көмекке В.В. Куйбышев, А.Н. Тодоровскийлер бастаған әскерлер де жіберіледі [5, 39]. Дегенмен, Әнуар паша Түркістанға орыс диктатурасынан құтылуға көмек беру ниетінің дұрыстығына қарамастан, өз жоспарын толық орындай алмайды. Оның себебін М. Шоқай «Бұрынғы Бұхар әмірі Сеид-Мир-Әлім хан туралы» мақаласында: «өзінің билік құрған кезінде жауыздығымен және бүлік жасағандығымен ешкімге танымал бола алмаған бұрынғы Бұхараның әміршісінің қолынан пашаның «ұлы уәзір» лауазымын қабылдауы – бұхар әміршісін жек көретін Ибрагимбек, Ишан Сұлтан, Фузайл Максум сияқты беделді құрбашылардың одан сырт айналуына әкеп соқты» - дейді[7, 37]. Міне осылай Әнуар пашаның қолға алған қимылдары біртіндеп сәтсіздікке ұшырай бастайды. 1922 жылы 15 шілдеде мол күш жинап үлгерген қызыл әскер шабуылға шығып, басмашылар арасындағы өзара алауыздық нәтижесінде әскерінің көп бөлігінен айырылған Әнуар паша 1922 жылдың 4 тамызы күні Жапа қышлағында болған шайқаста қаза табады. М. Шоқай кейін «Марқұм Әнуар паша хақында есте қалғандардан үзінділер» атты мақаласында: «...Егер Әнуар Түркістанға өлкенің көп бөлігі әлі де кеңеске кірмей тұрған, кеңеске қараған жерлерде жаппай толқулар болып жатқан 1918-1919 жылдарда келгенде, онда атамекеніміздің тағдыры басқаша шешілуі мүмкін еді. Бізді 1918-1919 жылдарда жеңіліске душар еткен нәрсе орыс большевиктерінің қарулы күші ғана емес еді, сонымен қатар өзіміздің ұйымшыл және батыл бола алмағанымыз және ұлттық күресімізді ұйымшылдықпен батыл жүргізе алмауымыздан да еді» деп өкінішпен жазды

[1, 262].

Басмашылық қозғалыстың келесі көрнекті өкілдерінің бірі Жунаид-хан да Қызыл армия Хиуаны басып алғаннан кейін, Қарақұмда қарулы отрядтар құрып, кеңес өкіметіне қарсы күреседі. Жұнаид хан кезінде Хиуа ханын тақтан құлатқан соң оның асқақтаған беделінен қауіптенген большевиктер өзбектер мен түркімендер арасындағы араздық отын тұтатып, оны әлсірету шараларын қолға ала бастады. Көп ұзамай 1920 жылы большевиктер Жұнаид ханмен ұзаққа созылған күресін бастайды. Алайда, хиуа комунисттерінің қолдауымен күш ала бастаған большевиктермен күрес Жұнаид ханды әлсірете бастады. Сонда да болса 1924 жылы Жұнаид хан өзінің қол астына 6 мың атты әскер жинап, 19 қаңтарда Хиуа қаласын большевиктерден азат етеді. Көп ұзамай қызыл әскердің Хиуа маңына көптеп жұмылдыруынан кейін Жұнаид хан амалсыздан қаланы тастап, Қарақұмға қарай ығысып, кейін одан әрі шекарадан өтуге мәжбүр болады. Аз уақыттан соң Жұнаид хан кеңестік бірінші жалпытүркімен съезіне ұсыныс жасап, өзіне кешірім жасауын және өзінің Түркіменстан аумағына қарайтын Қарақұм жеріне қоныстануға рұқсат сұрайды. Большевиктер бұл ұсынысты қуана қолдап, Жұнаид ханға және оның жақтастарына Орта күй, Пешке құдық, Шарышлы аумағына қоныстануына рұқсат береді. Алайда кеңестік аграрлық реформаға түркмен халқының наразылық толқулары басталғанда Жұнаид хан Ахмед-бек, Яхшигельди, Шалтай батыр сынды жақтастарымен бірге түркімен халқының большевиктерге қарсы көтерілісін бастайды. Соғыста тәжірибесі мол қолбасы қызыл әскер бөлімдеріне бірнеше рет ойсырата соққы береді. Жұнаид ханның бастаған көтерілістің кең ауқымдылығынан қорыққан большевиктер үлкен әскер жиып, Жұнаид хан бастаған көтерілісті басуға бар күшін салады. Көтерілісшілердің соңында жүріп, құм даладағы құдықтардың барлығын улап, тіпті ұшақпен көтерілісшілерге бомбалар мен улы газдарды тастайды. Тек 1928 жылдың ортасына қарай қызыл әскер Жұнаид ханды шекараға қарай ығыстыруға мүмкіндік алады. Жұнаид шетелде әуелі Персияда, кейін Ауғанстанда 8 жылдай жүріп, 70 жасында Гератта қайтыс болады. Жұнаидтың төртінші рет кеңес әскеріне қарсы өзінің жорығын жаңартуға, қайта бастауға ешқандай мүмкіндігі болмайды. Себебі бұл уақытта большевиктердің жазалаушылық шараларының нәтижесінде көптеген жандар құрбан болды, ал, кеңес өкіметі болса бұл кезде Орта Азияда өздерінің әскери жағдайын айтарлықтай нығайтып алды.

Басмашылар қозғалысы тарихын зерттеу қорытындыларын талдай отырып, бұл қозғалыс Түркістан Мұхтариаты жойылғаннан кейін 1918 жылы ақпан айында стихиялы түрде басталып, кезең-кезеңмен 1931 жылға дейін созылды. Дегенмен, соңғы деректер 1942 жылға дейін Түркістандағы басмашылар қарсылығының толық басылмағандығын көрсетеді. Құрбашылар отрядтарындағы адам сандарына қарап олардың едәуір беделі болғандығын, халықтың оларға сенгендігін байқауға болады. Қорыта айтқанда басмашылар қозғалысы Ресейдің қол астындағы түркі халықтарының ұлт азаттық күресінің құрамдас бір бөлігі болды. Алайда,

қозғалыстың ұзаққа созылуына қарамастан басмашылар өздерінің жеке ұлттық институттарын, ұлттық мемлекетін құра алмады. Ал кеңес өкіметі басмашылар қозғалысын күшпен жою барысында көптеген қылмыстар жасап, бейбіт халықтың қанын төкті, өз дегенін істетті. Сонымен қатар Түркістанда орын алған басмашылар көтерілісінің сәтсіздікке ұшырауына М. Шоқай айтқандай көтерілісшілердің жеткілікті қару-жарақтарының болмауы, көтерілістердің стихиялығы, бірыңғай басшылықтың, яғни, бүкіл мұсылман халқына беделді тұлғаның және белгілі бір саяси бағдарламаның жоқтығы секілді факторлар әсер етті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: үш томдық. 1-том. Алматы.«Қайнар» баспасы. 2007. 352 б.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. Алматы. 2012. 664 б.
3. Қара Әбдіуақап. Мұстафа Шоқай. Зерттеу. Астана. 2012. 372 б.
4. Қойгелдиев М. Басмашылар қозғалысы. [https://el.kz/basmashylar\\_oz-alysy\\_\\_21521/](https://el.kz/basmashylar_oz-alysy__21521/) 28.08.2014
5. Алексеенков П. Крестьянское восстание в Фергане. Ташкент. 1927. 108 с.
6. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы. 1996. 224 б.
7. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. Алматы. 2013. 572 б.
8. Абдулаев К.Н. Из истории бухарской послереволюционной эмиграции (к историографии проблемы) // Общественные науки в Узбекистане. 1990. №4. С.51
9. Қыдырәлі Д.Қ. Мұстафа. Астана. 2012. 276 б. Мұстафа Шоқай. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық, құраст. Ғ. Исахан. Алматы. 2006. 2-том. 372 б.
10. Поляков Ю.А., Чугунов А.И. Конец басмачества. Москва. 1976.184 с
11. Сафаров Г. Колониальная революция. (Опыт Туркестана). Москва. 1921. 269 с.
12. Ходжаев Ф. Избранные труды в трех томах. (Ред. колл. А.А. Агзамходжаев и др.) Т. I. Ташкент: «Фан», 1970. 500 с.
13. Ди-Мур. Гражданская война в Таджикистане. Сб. ст. Ташкент, 1925. 312 с.
- 14 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. XII том. Алматы. 2014. 476 б
- 15 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. II том. Алматы. 2012. 640 б.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

*Баймбетов Улыкпан Мылтыкбаевич* - М. Шоқай атындағы №187 ІТ  
мектеп лицей директоры тарих пәні мұғалімі, Қызылорда қаласы

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ мемлекетілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай (1890-1941) болатын. Қазақ халқының аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да Мұстафа Шоқай. Сол себепті оның өмірі мен шығармашылық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу біздің парызымыз.

Кеңес өкіметі тұсында М.Шоқайдың тарихи-публицистикалық жұмыстары саяси және идеологиялық тұрғыдан сынға алынып, негізсіз бұрмалаушылыққа ұшырады. Тек Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен ғана М.Шоқай туралы тарихи деректерге негізделген еңбектер жарық көре бастайды. Солай бола тұрғанымен өзгенің мүддесін қазақ халқының мүддесінен басым санайтын авторлар бұрынғы үрдісті әлі де жалғастыра беруде. Олар М.Шоқайды «өте күрделі тұлға» ретінде сипаттап, «Түркістан легионына жетекшілік жасады, немесе оның бастауында тұрды деген кеңес идеологияның тұжырымдарын қайталаудан айнымауда.

Отарлық тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдық өміршеңдігінің басты себебі мінез-құлығының, әдет-ғұрпының тілі, білімі мен мәдениетіне, болмыс-бітімінен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің құйтырқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі анық.

М.Шоқай жалғыз туған халқы емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түркмен, әзербайжан, грузин және басы бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы жолда өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің ой-қабілетін сарқа жұмсаған М.Шоқайдың қайраткерлік және шығармашылық болмысын жан-жақты пайымдаудың еліміздің ұлттық мұрат-мақсаттарын негіздеуге берері мол.

М.Шоқайдың он екі томдық шығармаларының толық жинағындағы 1000 нан астам түрлі мақалалар мен мәтіндердің 200 ден астам тек «Түркістан» атауымен тығыз байланысты еңбектер. Осы туындыларда автордың туған еліндегі саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық мәдени-рухани жағдайлар барынша жан-жақты зерттелген. М.Шоқайдың еңбектеріндегі талданған мәселелердің бірі кеңес үкіметінің ұлттық саясатының отаршылдық мәнін көрсету еді. 1920 жылы жазылған алғашқы мақалаларының бірі- «Ұлт мәселесі және Түркістандық ұлтаралық қатынас» атты туындысында автор ұлт мәселесі дәстүр бойынша халықтың азшылық бөлігін құрап отырған халыққа қатысты болып отыр деп жазды және мұның әрбір халықтың өзін-өзі билеуге және әрбір ұлт өкілінің өз



қалауынша өмір сүруге құқықтарының барлығы кеңестік деректер мен үндеулерінде айқын жазылған жағдайда болғандығында деп атап көрсетілген. Бұған 1917 Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің өлкелік съезінде сайланған 500солдат және жұмысшы делегаттарының ішінде ондаған ғана түркі халықтарының өкілі болғандығын дәлел етіледі»: [1.150бет] Кеңес кезіндегі саясаттың төркінін Мұстафа Шоқай патшалық ресейдің отаршылдығынан іздейді және оның басқа елдердің отаршылдық саясатын, айырмашылығын, қатыгездігін де көре алды.» Орыс бекінісіндегі Түркістанның ұлттық» қозғалыстарынан .Жеңілмес ұлтшылдық» атты мақаласында «большевиктер» біздің әлсіздігімізді пайдаланып Түркістанды Мәскеуге тәуелді етіп, ұлт орыс үстемдігін орнатқанын айтады.

Дүние жүзінде Түркістаннан басқа да көптеген елдер бар. Ол жерлерде де үстем ұлттың озбырлығынан жәбір шеккендер аз емес. Алайда, дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтарды тарих әлі көрген жоқ деп нақты мысалдар арқылы большевиктердің ұлттық ағарту және әйелдер азаттығы мәселесі төңірегінде соңғы жылдың істеген сорақы қылықтарын әшкерелеп көрсетеді. М.Шоқай халқымыздың мәдени және рухани жақтың қол жеткізген жетістіктерінің бірі ұлтшылдық қозғалыстарына тән .Жадитшілдік атымен басталған бұл қозғалыстың бұл күнде орыс үстемдігіне қарсы күресте ықпалын кеңейтіп, қуатты ұлтшылдық ағымға айналып отырғанын қуанышпен жазады. М.Шоқай мақаланың соңында: Қанқұйлы коммунистер халқымызға хайуандықпен зұлымдық істей отырып, ұлтшылдық идеясынан баз кештіре ала ма? Егер кімде –кім бұл өлмес идеяны Мәскеудің күнде өзгеріп тұратын түсі сияқты деп білсе, сөзсіз қателескен болар еді. Ұлтшылдық идеясы халқымыздың жаны мен жүрегі ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді дей отыра, ұлтшылдықтың мәнін дұрыс түсіну және оны « шовинизммен » шатастырмау қажеттігін / 2- 58 бет/ баса айтады. Бостандық күніміздің жақындап келе жатқанына шын жүректен сенім білдіреді .М. Шоқайдың бұл бағыттағы ой тұжырымдары ұлт-азаттық қозғалыстың мәнін шынайы тануға көмектесері сөзсіз. Қазақстанда отарлық саясаттың екі екі мақсатта жүргізілгені белгілі . Оның бірі – жергілікті халықтың материалдық және рухани өркендеуіне шек қойып , оны азып –тозып, құрып бітуге душар етуі, екіншісі орыс мұжықтарын өлкеге көшіріп әкеліп оны басымдыққа ие ете отырып Түркістанды нағыз орыс Түркістанына айналдыру болатын. Міне, осы шындық ұлы күрескердің саяси қызметінің негізі мысалы болды. Ол Азия мен Қазақстандығы отаршыл саясат туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға барын салды. Дереккөздер ең алдымен өзінің басынан өткен жайлар болды. Кеңес өкіметінің екі жарым жылдай өмір сүрген Алаш үкіметін таратуға мәжбүр еткені тағдыры екі айдан астам ғана болған. Қоқан автономиясын күшпен таратқаны белгілі. Сондай–ақ Мұстафа Шоқай кеңестің жауапты қызметкерлерінің жазған мақалаларын да сөйлеген сөздерін “Еңбекші қазақ” Қызыл Өзбекстан , «Правда Востока», «Правда» т.б. бұхаралық ақпарат құралдарынан алынған бұрынғы ----- кейінгі

пролетарлық Ресейдің езгісіндегі отар елдердің объективті өмір шындығын тиімді пайдалана білді.

Мұстафа Шоқай кеңестік жүйенің тоталитарлық тәрбиенің кейін жеке басқа табынуға -жалғасқан әміршіл -әкімшіл басқаруды жақсы болжады .Кеңестік ежүйе ұлы державалық новаманизмен астасқан шет аймақтағы халықтардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін мойындамады жергілікті мәселелерді көтергендерді « буржуазиялық ұлтшылдар »деп есептеді, қудалады , түрмеге тықты атты . Өзге халықтың адами қасиеттерін ескермеді « бұратана » атады. Олардың басқалармен тең құқықты екендігін ойдан шығарды. Мұстафа Шоқай Түркістандағы мерзімді басылымдар материалдарына сүйене отырып жазған « Идеология майданындағы күрес» атты мақаласында өлкеде күн сайын өсіп келе жатқан ұлттық идеологиядан большевиктердің қатты үрейлі екенін , оған қарсы бейбіт күресінен ештеңе шығара алмағаннан кейін оны жоюдың барлық террорлық тәсілдерін қорқыту қамауға алу сияқты түрлерін пайдаланып жатқандарын атап көрсетеді. Сонымен қатар Түркістандағы кеңсе апаратының барлық тармақтарында «Түркістандағы пролетариат диктатурасы шын мәнінде орыс диктатурасы болып табылды . демек, бұдан күллі Түркістанда билік орыстардың қолында» деген тұжырым жасайды. Кері төңкерісшілерінің идеология майданындағы күресі одан әрі жалғасатынына сендірді /3,128 бет/

Ұлт қайраткерлерінің бұл мақаласы кеңестік идеологияның шынайы келбетін ашуымен құнды . Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің ұлт саласын---- қызметіне терең талдау жасап , тоталитарлық жүйенің ұлттардың саяси тәуелсіздігі мен әлеуметтік -экономикалық өркендеуін қамтамасыз ете алмайтындықтарын өз еңбектерінде атап көрсетті .

Мұстафа Шоқай 1930 жылы «ЯШ Түркістан »журналында жарияланған «Ұлт мәселесі төңірегінде »атты мақаласында « Ұлттық мәселенің маңыздылығына тоқтала келіп большевиктердің бұл мәселені шешуде бірауыздылық танытпай отырғандығын айтады. Кезінде болбшевиктердің ұлттық мәселе жөніндегі бағдарламасынан орын алған » Ұлттардың бөлініп шығып өздерінің тәуелсіз мемлекеттерін құруға дейінгі құқықтары» ақыр аяғында «бос сөз»болып шыққанның дәлелдеп жазады . Пролетариат диктатурасы жарияланған елде ұлттардың өзін-өзі билеу мәселесі туралы сөз болуы мүмкін емес . / 4. 95 бет/деген тұжырым жасайды .. Ұлт мәселесіне өзінің көзқарасын МҰстафа Шоқай былайша білдіреді . Түркістаннан , Ресейден , бөлініп шығып , шын мәнінде тәуелсіз болуы үшін күресіп жатқан біздер бүгінгі Түркістандағы кеңестік республикалардан өзіміздің «ұлттық идеяларымыздың көлеңкесін де көре алмай » отырмыз . Бұлардың бәрі жәй әншейінгі мәінсіз -мағынасыз «іші бос » қораптардан «басқа ештеңе де емес ». Сондықтан бүгін үкіметті қолдарына ұстап отырған Сталин мен орыс империясы ұлттардың өзін -өзі билеу құқығын жақтаушылар болып қанша тырысқанымен іс жүзінде соның нағыз қас жаулары болып табылады деп түйіндейді . Мақаланың соңында « Біздің күресіміз ең алдымен ата мекенімізді орыс пролетариаты үстемдігіне қарсы бағытталған ». Біздің күресіміз тағы да ата мекенімізді орыс үстемдігінен

күтқарып , өз тағдырымызды өз қолымызға алуымызға кедергі жасайтындарға қарсы бағытталады деп тәуелсіздігіміз үшін күресе беруге шақырады /5 143-144 бет/

Орталық Азия кеңістігінде ұлттық -территориялық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келгендігін құптаған жоқ . Ол большевиктер бұл өлкеде «бөліп тастап , билей бер » саясатын ұстанып отыр деп түсінді .Кеңестік Орта Азия федерациясынан «Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» деп аталатын осы мақаласында

М. Шоқайұлы жеке кеңестік республикалардан федерациялық одағын жоғары қоя отырып, соңынан мынадай қорытынды жасайды : « Біздің мұратымыз бөлінбейтін тұтас Түркістан . Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас мемлекет ретінде көрігіміз келеді ».

Ал пайда болған республикаларды «ұлттық емес» «ұлыстық» республикалар ретінде қабылдады. Шын мағасында орыс большевиктері Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынанөлердей қорықты. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысты. Жаңа ұйымдасқан «ұлттық республикаларда» большевиктер ұлыаралық еркшеліктерді жеке ұлттық белгілер ретінде көрсетуге барынша тырысты. Қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен тәрізді түрік ұлыстары арасында орыстар мен түркістандықтардың арасындағы сияқты ұлттық өшпенділік тудыруға тырысты. Уақыттың өзі көрсетіп бергендей Түркістандағы социалистік құрылыс оның қазақ және басқа халықтарына саяси тәуелсіздік пен әлеуметтік – экономикалық гүлденуді қамтамасыз ете алған жоқ. Кеңестер Одағының ыдырауы, социалистік құрылыстың жеңіліске ұшырауы соның айғағы. Міне осы жоғарыда келтірілген фактлермен жасалған тұжырымдар Мұстафа Шоқайұлының өз заманында Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске ғұмырын арнаған. Тәуелсіздік идеяларын ғұмырының соңына дейін насихаттаған ұлы қайраткер тұлға екендігін көрсетеді .

Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің ұлт саясатындағы қызметіне терең талдау жасап, тоталитарлық жүйенің ұлттардың саяси тәуелсіздігі мен әлеуметтік экономикалық өркендеуін қамтамасыз ете алмайтындықтарын өз еңбектерінде атап көрсетт. «Кеңес үкіметнің ұлттық саясаты» басынан аяғына дейін ұлттық езу қанау саясаты. Түркістандағы ұлттық республикалар дегеніміз -сырты жылтырақ , іші қалтырап тұрған

Мәнсіз мағынасыз бірдеңелер деп жазды. Қорыта айтқанда Мұстафа Шоқайдың кеңестік ұлт саясатының мол мұрасын түгел қамту мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер :

- 1 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық II том - -- Алматы ; Дөйт -Пресс 2012-640+8 бет
- 2 Шоқай. М. Таңдамалы Алматы : Қайнар -1998 ж т-1 512 бет
- 3 Шоқай. М. Таңдамалы шығармалар үш томдық I -том Алматы . Қайнар /2007 ж -352 бет
4. Шоқай. М. Таңдамалы .-Алматы : 1998 -I-том 1998ж-512 бет



5 Шоқай . М. Шығармаларының толық жинағы : он екі -томдық Алматы : Дала пресс 2013 5-том -540 бет+2

6 Шоқай . М. Таңдамалы шығармалар I том Алматы . Қайнар : 2007 жыл 352 бет

## **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫН БІРІКТІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

*Жайсанбаева Ләйлә Оспанәліқызы* – «№46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Қызылорда, Шиелі

Мұстафа Шоқай саяси қызметін Ресей империясы тұсында бастаған. Петроград университетінің талантты түлегі бола тұра, белгілі мұсылман саясаткерлерінің көзіне түсіп, Ресейдің IV Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне ұсынылды.

Думада жас Шоқай дарынды ұйымдастырушы және империяның мұсылман халықтарының мүддесін қорғаушы екенін көрсетті. Фракция жұмысын ұйымдастырды, өзекті мәселелер бойынша депутаттардың талдамалық жазбалары мен баяндамаларын дайындады. Шоқай әсіресе, сол кездегі патшалықтың қатыгез отарлау саясатына ұшыраған жерлестері – қазақтардың мәселелерін шешуде белсенділік танытты.

Шоқайдың 1916 жылғы Түркістандағы қайғылы оқиғаларды тергеуге қатысуы, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тыл жұмыстарына шақыруға қарсы байырғы халықтың наразылығы кең ауқымды көтеріліске ұласып, елеулі оқиға болды. Шоқай А.Ф. басқарған Мемлекеттік Дума комиссиясының мүшесі болды. Керенский, көтеріліс себептерін зерттеу үшін Түркістанға жіберілді.

Шоқай комиссияның аудармашысы және жергілікті шындықтарды сарапшы ретінде жергілікті халықты іс жүзінде шарасыз қадамға итермелеген көтерілісті басу үшін патша өкіметінің айуандық әрекеттері туралы бірегей деректер жинады. Петроградқа оралған соң ол мұсылман фракциясының атынан Түркістандағы патшалық отарлау саясатын әшкерелейтін бірқатар жазбалар мен баяндамалар дайындады. Бұл шығарма оған езілген халықтардың құқығы үшін күрескер ретінде даңқ әкелді.

Алайда Шоқай мен оның серіктерінің демократиялық реформаларға деген үміті ақталмады. Ресейдегі саяси дағдарыстың күшеюі Думаның таратылуына және 1917 жылы монархияның құлауына әкелді. Осындай жағдайда Шоқай жаңа революциялық жағдайларда Түркістанда өз халқының құқығы үшін күресті жалғастыру үшін өз еліне оралуды ұйғарды.

1916 жылы Түркістанда патша әкімшілігінің жауыздық әрекеттерінен туындаған жергілікті халықтың ауқымды көтерілісі басталды. Оған император II Николайдың Түркістан мен Қазақстанның ер тұрғындарын

белсенді армияның мұқтажы үшін тыл жұмыстарына жаппай жұмылдыру туралы жарлығы себеп болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың қызған шағында шығарылған бұл жарлық көпшіліктің наразылығын тудырды. Біріншіден, ол мұсылман халықтарын әскери қызметтен босатуды бұзды. Екіншіден, жұмылдыру ауылшаруашылық жұмыстары кезінде және Рамазан айында мұсылман дінін ұстанушылар үшін қабылданбайтын болды.

Басталған толқуды патша әскерлері аяусыз басып, наразылықты өршітті. Қозғалыс әсіресе Түркістанда Ферғана және Жетісу облыстарын қамтыды. Көтерілісшілер жұмылдыру туралы жарлықтарды жойып, орыс шенеуніктеріне шабуыл жасады.

Көтерілістің себептерін тексеру үшін Түркістанға депутат А.Ф. Керенский басқарған Мемлекеттік Дума комиссиясы жіберілді. Оның құрамына жас мұсылман депутаты, Петроград университетін бітірген Мұстафа Шоқаев та кірді.

Шоқай Түркістанға барған сапарында жергілікті әкімшіліктің озбырлығы мен көтерілісті басып-жаншудағы қатыгездік туралы көптеген деректер жинады. Сөйтіп, Маргелан бекінісінің маңындағы бір ғана шайқаста көтерілісшілер 5 мыңдай адамынан айырылды. Шоқай жазалаушы жасақтардың бейбіт тұрғындарды өлтіру, тонау және зорлық-зомбылық әрекеттерінің көптеген фактілерін жазып қалдырды.

Шоқай Петроградқа оралған соң Түркістандағы патшаның халыққа қарсы саясатын әшкерелейтін мұсылман депутаттарының бірқатар жазбалары мен баяндамаларының жобаларын дайындады. Ол өлкенің байырғы тұрғындарының іс жүзінде қандай да бір құқықтарынан айырылып, жері тартып алынып, ауыр жұмыстарға тартылып жатқанына тоқталды. Бұл кемсітушілік пен әкімшіліктің озбырлығы түптеп келгенде көтеріліске себеп болды.

Керенскийдің Шоқай материалдарына негізделген баяндамалары үлкен резонанс тудырып, оған биліктің озбырлығына қарсы күрескер ретінде даңқ әкелді. Ал Шоқайдың өзі үшін бұл тергеу езілген халықтардың құқығын қорғаудағы маңызды тәжірибе болып, Түркістанның азаттығы үшін күресуге деген жігерін шыңдай түсті.

1917 жылы патша режимі құлатылғаннан кейін Шоқай жаңа революциялық жағдайда өз халқының құқығы үшін күресті жалғастыру үшін туған жері Түркістанға оралды.

Оның алғашқы қадамдарының бірі «Бірлік туы» газетін құру болды, оның беттерінде ол бүкіл түркі тілдес халықтардың тәуелсіздігі идеясын алғаш жариялады. Шоқай қазақ, өзбек, түрікмен, татар және басқа халықтарды ортақ отаршылдық қауіпке қарсы топтастыруға шақырды. Ол көп ғасырлық езгіден құтылып, әділетті қоғамдық жүйе орнатудың кепілін осы бірліктен көрді.

1917 жылы сәуірде 27 жастағы Шоқай өлкенің уақытша өкілді органы Түркістан ұлттық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Бұл оның ұлттық қозғалыстың көшбасшысы ретіндегі беделін мойындау болды.

Кеңесті басқара отырып, Шоқай Түркістанды Ресейдің демократиялық республикасының құрамында автономия алуға дайындауға белсенді түрде кірісті. Кеңес атқару комитетінің жұмысын ұйымдастырды, саяси реформалар жоспарын әзірлеу үшін съездер мен жиналыстар ұйымдастырды.

Алайда, Шоқайдың бұл жоспары жүзеге аспады. Түркістанда большевиктердің күшеюі және олардың билікті басып алуы Кеңес қызметін тоқтатты. Шоқай жер астына түсіп, кейін Ташкенттен қашуға мәжбүр болды.

Бірақ айдауда жүрсе де Түркістанды азат ету жолындағы күрестен қол үзген жоқ, баспа және саяси қызметін жалғастырды. Туған жерінің тәуелсіздігіне қол жеткізе алмаса да, Шоқай тарихта ұлтжанды, түркі халықтарының азаттығы үшін күрескер ретінде қалды.

1917 жылы Ташкент билігін большевиктер басып алғаннан кейін Шоқай астыртын әрекетке баруға мәжбүр болды. Алайда ол автономиялы Түркістан құруға деген ұмтылысынан бас тартқан жоқ. Сол жылдың қараша айында Қоқан қаласында жалпымұсылмандардың кезектен тыс съезі өтіп, онда Қоқан үкіметі басқаратын Түркістан автономиясының құрылуы жарияланды.

Шоқай съезд жұмысына және жаңа мемлекеттік органдарды құруға белсене қатысты. Үкіметтің бірінші басшысы Мұхаммеджан Тынышпаев кеткеннен кейін оны өзі басқарды.

Премьер-министр болған соң Шоқай автономияның мемлекеттік институттарын құруға белсенді түрде кірісті. Ол бағдарламалық құжаттарды дайындады, министрліктердің жұмысын ұйымдастырды, аймақтағы түрлі саяси күштердің өкілдерімен келіссөздер жүргізді. Шоқай Қоқан автономиясын Түркістандағы нағыз билік орталығына айналдыруға ұмтылды.

Ең маңызды қадамдардың бірі 1918 жылдың наурызына белгіленген Түркістан парламентіне сайлау болды. Шоқай аймақтағы барлық халықтардың кең өкілдігін қамтамасыз етуге арналған сайлау жүйесін әзірледі. Ол парламентті қоғамды шынайы демократияландырудың алғашқы қадамы деп санады.

Алайда бұл жоспарлар жүзеге аспады. 1918 жылы ақпанда большевик әскерлері Қоқанды басып алып, тонады. Көптеген автономия басшылары, соның ішінде Шоқай да қашуға мәжбүр болды.

Қоқан автономиясы ыдырағанымен, бұл тәуелсіз Түркістан құру әрекеті өлке халықтарының бостандыққа ұмтылуының жарқын үлгісі ретінде тарихта қалды. Ал Шоқай есімі осы ерлік күреспен мәңгілік байланысты болды.

Қоқан автономиясы жеңілгеннен кейін Шоқай Түркістанның тәуелсіздігі үшін күресті жалғастыру үшін жаңадан пайда болған антибольшевиктік ақ қозғалысқа қосылуға мәжбүр болды.

1918 жылдың жазында ол Ақ қозғалысы орталықтарының бірі Самарадағы Құрылтай жиналысы (Комуч) мүшелері комитетімен байланыс орнатты. Комучтың шақыруымен Шоқай Комуч негізінде құрылған Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің құрамына еніп, Уфа анықтамалығы деп аталды.

Анықтамада Шоқай Ресейдің ұлттық аймақтарымен қарым-қатынасты қадағалады. Ол қазақ қозғалысының алаш, башқұрт, татар өкілдерімен байланыс орнатып, оларды большевиктермен де, ақ қозғалысының реакциялық күштерімен де күресте топтастыруға тырысты.

Алайда, демократиялық анықтамалық ұзаққа бармады. 1918 жылы қарашада ақ гвардияшылар төңкерісі нәтижесінде ол тақтан тайдырылып, билікке адмирал Колчак келді. Шоқай және басқа да автономия жақтаушылары тұтқындалып, Қазақстандағы Алаш автономиясының өзі жойылды.

Шоқай тұтқыннан қашып құтылды. Ол осы мақсатта Алаш және Башқұрт құрамаларын, сондай-ақ казактардың бір бөлігін біріктіріп, Колчактың диктаторлық режиміне қарсылық көрсетуді ұйымдастыруға тырысты. Алайда, қыршын ашылып, Шоқай тағы да қашуға мәжбүр болды.

Осылайша, Шоқайдың ақ қозғалысын ұлт-азаттық күрес мүддесіне пайдалану әрекеті сәтсіз аяқталды. Ақ гвардияшылар билігінің реакциялық сипаты Ресей халықтарының еркіндігі үшін орын қалдырмады. Бірақ Шоқай айдауда жүрсе де күресінен бас тартпайды.

1918 жылы Қоқан автономиясы жеңілгеннен кейін Шоқай Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы тікелей күресті уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Бірақ ол қазіргі Қазақстан аумағындағы түркі халықтарының құқығын қорғауға бағытталған саяси қызметін жалғастырды.

1918 жылы желтоқсанда Орынборда Екінші Бүкілқырғыз съезі өтіп, онда Ресей құрамындағы қазақ жерлері үшін Алаш автономиясы құрылғаны жарияланды. Шоқай съезд жұмысына белсене қатысып, оның қорытындысы бойынша Алаш-Орда үкіметінің мүшесі болды.

Үкіметте ол сыртқы істерді және басқа ұлттық құрылымдармен байланыстарды қадағалады. Шоқай большевиктерге қарсы күрес шеңберінде қазақтар мен башқұрттар, татарлар, кавказ таулары арасында ортақ мүдделер негізінде өзара қарым-қатынас орнатуға тырысты. Мұны ол азаттық қозғалыстың табысының кілті деп білді.

Алайда Алаш-Орда үкіметі ұзақ өмір сүрмеді. 1919 жылдың өзінде оны Сібір мен Оралда қатал диктатура орнатқан Колчак әкімшілігі жойды. Шоқай тағы да қашуға мәжбүр болды.

Сәтсіздікке қарамастан, Шоқайдың Алаш-Ордаға қатысуы оның өлкедегі барлық түркі халықтарының мүддесі үшін күресінің сабақтастығын көрсетті. Көшіп кетуге мәжбүр болса да, ол осы іске адал болды. Шоқай есімі қазақ және Ресейдегі басқа түркі халықтарының ұлттық қозғалысы тарихына заңды түрде жазылды.

Азамат соғысында большевиктерге қарсы күштер жеңілгеннен кейін Шоқай 1921 жылы Еуропада саяси қуғында болды. Бірақ жат жерде де ол Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы белсенді күресін жалғастырып, бұл үшін саяси да, баспа мүмкіндіктерін де пайдалана берді.

Эмиграция ошақтарының бірі Парижге қоныстанған Шоқай бұрынғы Ресей империясының басқа да халықтарының – грузиндер, әзірбайжандар, украиндар ұлттық қозғалыстарының жетекшілерімен байланыс орнатты.

Түркі халықтарын большевиктердің езгілері туралы баяндамалар жасап, Еуропа баспасөзінде мақалалар жариялады.

Шоқай Орталық Азия мен Қазақстаннан көшіп келгендерді антисоветтік платформаға топтастыруға ұмтылды. Осы мақсатта Парижде Түркістан ұлттық комитетін құрды, сонымен қатар түрік және неміс тілдерінде «Яш Түркістан» және «Жаңа Түркістан» журналдарын шығаруды жолға қойды. Бұл азаттық идеяларын туған жеріндегі пікірлестерге жеткізуге мүмкіндік берді.

Шоқайдың қызметі Кеңес өкіметін алаңдатты. Олар оны қайтып оралуға бірнеше рет көндірмек болды, бірақ Шоқай қуғын-сүргіннен қорқып, бас тартты. Эмигрант өмірінің қиындықтарына қарамастан, ол өз мұратына адал болды. Шоқай есімі Түркістан азаттығы үшін күрескендердің мызғымас рухының символына айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Шоқай қиын таңдауға тап болды - КСРО-ға қарсы күресте оны одақтас ретінде қарастырған фашистік Германиямен ынтымақтастық. Алайда, Шоқай эмигрант өмірінің барлық қиындықтарына қарамастан мұндай ымыраға келуден бас тартты.

1940 жылы Парижді басып алғаннан кейін Шоқайды гестапо тұтқындап, Берлинге апарды. Оған соғыс тұтқындары – түркі тектес кеңес жауынгерлерінен Түркістан легионы деп аталатын жасақ құруды басқару ұсынылды. Легионды немістер Шығыс майданда қолдануы керек еді.

Алайда тұтқындар лагеріне барып, ол жақтағы нағыз тозақты көргеннен кейін Шоқай бұл ұсыныстан бас тартады. Ол Кеңес өкіметі сияқты адам құқықтарын менсінбейтін режиммен ынтымақтаса алмайтынын мәлімдеді.

Бұл әрекеті Шоқайға қымбатқа түсті. Бас тартудан кейін көп ұзамай, 1941 жылы желтоқсанда ол белгісіз жағдайда Берлин ауруханасында кенеттен қайтыс болды. Көптеген адамдар зорлық-зомбылықпен өлімге, қажетсіз саясаткерді жоюға күдіктенді.

Бірақ өмірінің құнына қарамастан Шоқай өз ұстанымдарына берік болды. Ол гитлерлік режимнің қылмысына дақ түсіріп, Түркістанның азаттығы жолындағы күресінің беделін түсіргісі келмеді. Шоқай есімі түркі халықтарының ұлт-азаттық ісіне ымырасыз берілгендіктің символы болып мәңгілік қалды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Тайман С. Түркістандағы басмашылар қозғалысы және Мұстафа Шоқай //Отан тарихы-Отечественная история. – 2020. – №. 2. – С. 62-72.

2 Әшірбекова Г. Ш., Ертасова Г. Қ. Мұстафа Шоқай публицистикасының жанрлық ерекшеліктері. – 2020..

3 Тайман С. Т., Бөкір А. Мұстафа Шоқай тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы //Отан тарихы-Отечественная история. – 2021. – №. 2 (94). – С. 80-91

## М.ШОҚАЙДЫҢ ГРУЗИЯДАҒЫ ЭМИГРАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢІ

*Тайман Сағат Тамшыбайұлы* - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Жақыпбек Жахангир – Ист-22-1м тобының магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

Түркістан Мұхтарияты құлағаннан кейін Мұстафа Шоқай Кавказда әуелі Әзірбайжанда, кейін 2 жылдай Грузияда болған еді. Себебі, оған Әзірбайжанға қарағанда, Грузиядағы ұлттық үкіметтің әлеуметтік негізі де, саяси ахуалы да тұрақтылау көрінеді. Бұл кезде Закавказье Федерациясының ыдырауы нәтижесінде, 1918 жылғы 26 мамырда Кутаиси және Тифлис провинциялары, Батуми облысы мен бұрынғы Ресей империясының Сухуми округі кірген Грузияда Тәуелсіз демократиялық республика орнаған еді. Сонымен қатар көп ұлттылығы жағынан Кавказдың Түркістанға ұқсастығы Шоқайға ұнаған болуы керек. 1919 жылы 1 мамырда Әзірбайжаннан Грузияға келген Мұстафаны оның Санкт-Петербург кезінен бері Мемлекеттік думада істес болған грузин қайраткерлері Н. Жордания мен ішкі істер министрі Н. Рамишвили үлкен құрметпен қарсы алады. Тбилисиде жүріп Украина азаттық қозғалысының өкілі Красковскиймен бірге «Түркістан және Украина» бірлескен ұлттық орталығы құрып, ақпараттық бюро, орыс және батыс еуропа тілдерінде басылымдар ұйымдастыру жөнінде жоспар жасайды. Бұл идеяны грузиндер де қолдайды. Сөйтіп олар «Еркін одақ» атты баспа да құрады, кейін ол ұйымға айналады.

Міне осылай түркі халықтарының ұлттық егемендігі жолындағы күрескердің «Еуропа ойындары» Кавказдан басталады. Мұстафа Шоқай Кавказға келген соң «Кавказ пактісі» атты очеркін жазған болатын. Бұл мақалада: «Кавказ майданы неғұрлым күшті болса, соғұрлым біз бәріміз және әрқайсымыз жеке-жеке күшті боламыз. Кавказ біріккенде, біртұтас ортақ майдан болып, бір күш ретінде әрекет еткенде ғана күшті болады»- дейді. Сондықтан да М.Шоқай халықтардың ортақ тілегін мынадай сөз тіркесімен білдірді: «Біздің бәріміз үшін де, украиндар үшін де, Ресейден бөлініп, тәуелсіз ұлттық мемлекеттер құруға ұмтылған түрік халықтары үшін де маңызды рөл атқарады. Кавказдың орыс империализмінің барлық түрлеріне қарсы ортақ күресте екендігі айқын». Бір қызығы, Грузия – Сталиннің шағын отаны еді. М.Шоқайдың Кавказға шығуын большевиктер назардан тыс қалдырмады. Соған қарамастан М.Шоқай өмірінің «кавказдық» кезеңінде де қол қусырып отырмады, жан-жақпен байланыс орнатып, большевиктердің билігін құлату үдерісіне өзінің көзқарасын баспасөзде белсенді түрде білдіреді.

Мұстафа Шоқай әуелі Солтүстік кавказдықтар шығаратын «Вольные горцы» атты апталық газетінде жұмыс істейді. «Борьба» газетімен шығармашылық байланыс орнатады. М.Шоқай 1919 жылдың 1 қарашасынан бастап Түркістан және Украина Ұлттық орталығының көмегімен орыс тілінде «На рубеже» атты тәуелсіз айлық журнал шығара бастайды. 1920 жылы Мұстафа Ахмет Салиховпен бірге түркістандықтардың ұлттық мүдделерін

қорғайтын «Иені Дүния» атты апталық газет шығара бастады. Мұстафа Шоқай сол жылы алдымен аптасына бір, кейіннен екі рет шығарылған, негізгі идеясы Түрік ұлт-азаттық күресін қолдайтын «Шафақ» (кейбір деректерде «Шафик») газетін шығарады. «На рубеже» Грузия үкіметінің материалдық көмегі арқылы шығып тұрса, түрік тілінде шыққан «Шафик» («Шофақ») Тбилисидегі түрік қоғамының жәрдемімен жарияланып отырды. «На Рубеже» журналында, «Вольные горцы» және басқа газеттерде М.Шоқай - Аз, Акбер, Аян, Бакинский корреспондент, Б.С., Дау, Даут, Жанай, Жанаев, Желил, Искандер, К., Кара-Мурза, Кипчак, Кипчак оглы, К.М., М., Мен, Мусульманин, М.Ч., Н., Невольный туркестанец, Туркестанлы, Табынбаев, Тильчи, Садык Нури, Хакимжан, Х., Ю.Х., Юсуф Ходжа, Я деген лақап аттармен мақалалар жариялады. «Вольный горец», «Горцы Кавказа» журналдарында Осман мемлекетіне, армян мәселесіне қатысты мақалалар жариялайды. Анадолыда басталған ұлттық қозғалыс кезінде қолы жеткен ақпараттарға сүйене отырып, «Шефек» газетінде «Анадолы хаттарын» жариялайды. Бұл басылымдардың беттерінде М. Шоқай Кавказ халықтарымен шектеліп қалмай, қазақ, өзбек, т.б. мұсылман халықтарының мұң-мүддесін кеңінен қозғайды. М.Шоқай сонымен қатар «Грузия», «Батумская жизнь» газеттерінде бірнеше мақала жариялайды. Ең алдымен М. Шоқай баспасөз арқылы Ресейде қалыптасқан жағдай мен өздерінің саяси күресінің мәні мен мақсатын жұртшылыққа түсіндіруді мақсат етіп қояды. М.Шоқай «На рубеже» арқылы Грузия үкіметінің Кеңес билігіне қарсы ұлт-азаттық күресін қолдаса, «Шафик» газеті арқылы Анатолияда Мұстафа Кемалдың жетекшілігінде одақтас мемлекеттерге қарсы жүргізіліп жатқан ұлт-азаттық күреске қолдау көрсетті.

1920 жылы 28 сәуірдегі нөмірінде «Грузия» газетінде М.Шоқай «Мен» деген бүркеншік есіммен жарық көрген «Түркістандағы ұлттық мәселе және ұлтаралық қатынастар» деген мақаласында «Түркістанның ураль-большевиктері өлкенің «өзін-өзі билеуін» тулалық, нижегородтық мұжықтардың өмір салты мен ғұрыптары негізінде ұйымдастырды дейді. Осылайша М. Шоқай большевиктерге қарсы Сөз майданын бастайды, таптық принципті желеу еткен Кеңес өкіметінің саясатына әлем жұртшылығының назарын аударады. Бір ғана орыс демократтарына – эсерлер мен кадеттерге, олардың Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының «салтанат» құруы жөніндегі уәделеріне сеніп қалмай, түрік халықтарының ұлттық күресінің әділдігін, олар көріп отырған зорлық-зомбылықтарды, большевиктердің ұлттық саясатының бетпердесін ашып көрсетуге барлық күш-жігерін жұмсайды. М. Шоқай «Вольный горец» газетінде жариялаған «Қырғыз кеңес республикасы» деген мақаласында М. Шоқай Қазақ Автономиялық Республикасының құрылуы туралы БОАК декретін сынға алады. М. Шоқай тек қазақ, өзбек т.б. түрік халықтарының ғана емес, бүкіл Кавказ халықтарының бостандығы үшін күреседі, кеңестік Ресейдің екіжүзділік саясатының құпия қырларын ашып көрсетуге күш салады. 1920 жылдың сәуірінде Әзірбайжан Республикасының құлауы жөнінде «Янги Дунья» газетінде жариялаған мақаласында Кеңес өкіметін «мұхиттың арғы бетіндегі

сирек кездесетін сұлу құс» болып көріну мақсатындағы өңін өзгерткен қара қарғаға ұқсатады.

1921 жылдың 16 ақпанында Серго Орженикидзе бастаған қызыл әскерлер Грузияны тізе бүктіреді. Амалдың жоғынан М.Шоқай Батуми порты арқылы жұбайы Мариямен бірге итальян кемесіне отырып Түркияға кетеді.

Мұстафа Шоқайдың жары Мариямен Тбилиси қаласындағы А. Грибоедов көшесі, №23 үйде тұрған. Мақала соңында ұлы қайраткердің Тбилисиде жазған, бұрын жарияланбаған «Секірген лақты көрдім тау басында» атты өлеңін оқырманға ұсынып отырмыз. (өлеңді түркі шағатай тілінен аударған ф.ғ.к., профессор Төрәлі Қыдыр)

### **Секірген лақты көрдім тау басында**

Секірген лақты көрдім тау басында...

Көру ішем лақ-қозыны мен жасымда...

Балалық еске түсіп ел аңсадым,

Баруға заман шалғай ел қасына.

Ойнаушы ек балалықта қозы лақпен,

Құлыншақ, бота, бұзау, бай шолақпен.

Бұ күнде о замандар өтіп кетті,

Ойынымыз қан ағызу жау-жарақпен.

Ойында жыртушы едік көйлек-ыстан,

Ешбір жан демеуші еді пален- пыстан.

Ойыннан бұ күндегі қан тамады,

Жер үсті күңіренеді жан дауыстан.

Елеусіз деген сөздер: «қанды төкпе»

Бір-бірін құртпай тынбас көңіл өкпе.

Төккен қан «бала үшін» деп ақтанады...

Баланың ата-анадан хақы көп пе?

Боянып қанға туған бала оңбас,

Жаудан болған жауыңыз көлге қонбас.

Дұшмандық сүтпен еніп, қанға сіңген,

Боп кетер балаларға ата-мирас.

**Мұстафа Шоқайұғлы**  
**22 тамыз. 1919 жыл. Тифлис.**

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы). Алматы. 2008. 504 б.

2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. II том. Алматы. 2012. 640 б.

3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. Алматы. 2012. 664 б.

4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VI том. Алматы. 2013. 524 б.



5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. VII том. Алматы. 2013. 572 б. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық IX том.. Алматы. 2014. 568 б.

6. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. XII том. Алматы. 2014. 476 б.

## ФЕНОМЕН ЛИДЕРСТВА М.ШОКАЯ

*Жарбулова Сауле Траровна* – кандидат педагогических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, *Амангелдиев Ерасыл* – студент группы Ист-23-1, Кызылординский университет имени Коркыт Ата.

Лидерство – это феномен, одна из способностей человека позволяющий хорошо воздействовать на других людей, тем самым побуждая их достигать поставленных лидером целей[1 ,с.17].

Лидерство – это способность человека воздействовать и влиять на людей, побуждая их к достижению определенных целей путем активизации и концентрации их творческих возможностей [2].

Вопросами определения лидерских качеств занимались и до сих пор занимаются многие зарубежные и казахстанские ученые и исследователи. Например, в теории лидерских качеств Ф.Вудса писалось, что лидер одарен особым талантом, который и отличает лидера от его сторонников, а точнее его последователей. Такое же почти схожее мнение высказывал М.Вебер, он утверждал, что для настоящего лидера необходимо наличие харизмы для того, чтобы выявить основные его личностные качества. А так-же можно отметить точку зрения Р.Кетелла, который утверждает, что на личность лидера влияют два качества, а именно наследственность и окружающая среда, иными словами качества необходимые лидеру формируются еще в раннем возрасте (к примеру, любознательность), а остальное формируется дальше, в последующие годы[3].

Исследователи предлагают рассматривать понятие политическое лидерство как:

- 1 - влияние
- 2 - управление, координацию или контроль
- 3 - принятие решений
- 4 – новатор[3].

М.Шоқай проявлял не только грамотность, критическое мышление, но и коммуникативность, ему предложили работать в Госдуме, и уже отсюда можно было понять, что у него ярко выраженные лидерские качества.

Л.Стюарт выделяет основополагающие четыре типа политических ситуаций, которые способствуют раскрытию лидерства, а именно:

- 1) международного кризиса и внешней войны,
- 2) гражданского мира,

3) кризиса социальной системы и внутреннего гражданского конфликта,

4) социальной революции [4].

В Империи продолжают революционные действия и изменения, которые меняют его судьбу как казахского политика. Он возвращается в Туркестан и его одерживает идея о свободе всем тюркоязычным народам. М.Шокай брался за проблемные вопросы и задачи, стремясь углубленно и всесторонне вникать. Этим он и завоевывал прочное доверие и уважение казахского народа, с этого и начинается его путь настоящего политического лидера нации.

Феномен политического лидера М.Шокая заключался в том, что в нём сочетались стремление и способность интегрировать идеи независимости и единства тюркоязычных государств с социально-общественными интересами казахского народа. Всё это весьма отличало М.Шокая от привычных для казахского народа лидеров. Мустафа Шокай смело осуществлял публичную политическую деятельность, являясь идейным генератором и катализатором, который объединил социальные силы.

М.Шокай как политический лидер оказывал влияние на политическую ситуацию в стране.

Н.К.Михайловский отмечал такие качества лидера, как способность своим примером увлечь за собой и решительность, и такую способность М.Шокай проявил.

В июле проходит I Общекиргизский съезд в Оренбурге, М.Шокай становится его участником и в ходе переговоров рождается всеми известная партия «Алаш», и не удивительно лидером становится М.Шокай, а точнее лидером Туркестанской автономии. Как лидер М.Шокай сказал: *«Построить с ходу полнокровное государство нелегко. Для этого нет ни кадров, ни опыта. И главное — нет армии, чтобы защитить будущую автономию. Как бы ни была ослаблена Россия, она гораздо сильнее нас. С Россией мы должны жить в мире и дружбе. Это диктует сама география».*

Говоря о лидерских качествах, должны особо акцентировать внимание на коммуникативные качества политического лидера, а также на знание нескольких иностранных языков. Полилингвальность утверждает лидерство личности М.Шокая.

Шокай перебирается в Турцию, где пишет статьи для английских газет. А после он отправляется во Францию, а именно в Париж. Тут он занимается изданием журнала «Прометей», где обсуждается защита интересов народа Туркестана. В Париже он возглавил «Национальное объединение Туркестана», пользовался доверием и поддержкой европейских правительств и международных институтов.

В последующие годы М.Шокай выступает с различными докладами в зарубежных странах, выпускает журналы для Берлина и Турции. Данные публикации на разных языках, делают его популярным в странах Европы.

Несколько лет своей жизни он проводит именно во французском городе Ножан-сюр-Марн, где установлен его бюст и памятная плита. Даже находясь за границей, М.Шокай воздействовал на самосознание казахского народа.

Личность М.Шокая по-настоящему феноменальная. Его вклад, знание нескольких иностранных языков, лидерские качества оставляют «яркое имя» в плеяде борцов за независимость в истории Казахстана. Это доказывает то, что все его труды лежат на столах ученых и политиков, про его жизнь и деятельность пишут научные проекты и диссертации. Несмотря на все трудности его жизни, М.Шокай до самого конца оставался лидером и патриотом своей страны, боролся и верил в будущее Казахстана. И сегодня публикации и жизнь М.Шокая представляют огромный интерес для соотечественников

#### Литература

1. Фадеева Л. А., Старкова М. А. Политическое лидерство в современном мире. Пермь, 2020. - 144 с. <http://www.psu.ru/files/docs/science/>
2. Колташов В. Политическое лидерство (от психики и культуры - до истории и экономики) [https://4italka.su/nauka\\_obrazovanie/politika/](https://4italka.su/nauka_obrazovanie/politika/)
3. Щербинина Н.Г. Теории политического лидерства. Учебное пособие, М.: Издательство «Весь Мир», 2004 г., 190 с.
4. Семенов И.С. Идентичность: личность, общество, политика. Новые контуры исследовательского поля М.: Издательство «Весь Мир», 2023 г.
5. Қара А. Мұстафа Шоқай Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. - Алматы. - 2004 320 б .
6. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 1 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. -544 б.

### **АЛАШТЫҢ АЛЫП ТҮЛҒАСЫ - МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

*Джумалиева Ләззат Төрбекқызы* - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, қауымд.профессор м.а., тарих ғылымдарының кандидаты, Астана

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы мен міндеті бар. Қай уақытта да өткеннен сабақ алып, оның сындарлы тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігі, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын тану және олардың рухани мұраларын қастерлеу ісі, тәуелсіз мемлекетіміз үшін өзінің маңызын жоғалтпайды. Сан тараулы ұлттық тарихымызда өзінің саналы ғұмырын туған халқының азаттығы мен тәуелсіздігі жолына арнап, оның бақытты өмір сүруін аңсап өткен ұлт перзенттерінің бірі – Мұстафа Шоқай болатын. Ол

Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер.

Көрнекті ойшыл, ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерінің бар ғұмыры тек белсенді қоғамдық іс-әрекетпен, шығармашылық қызметпен өтті. Мұстафа Шоқай туралы Кеңес кезеңінде ашық айтылмады. Өмірінің жартысын шетелде эмиграцияда өткізген оның есімі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана елге оралды, шығармалары жинақталды.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезіне қарасты (қазіргі Шиелі ауданы) Наршоқы ауылында дәулетті би шаңырағында дүниеге келді. Атасы Торғай датқа Сырдария облысындағы бірнеше ауылды басқарған, ал әкесі ауыл-аймаққа белгілі әділ би болған. Мұстафа Шоқай Ташкенттегі ерлер гимназиясы мен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін аяқтаған. Ол өзіндік дүниетанымы мен саяси көзқарасын қалыптастырып, бірнеше тілдерде еркін сөйлеген [1, Б.7-8].

Ресей империясының, кейін көп жағдайда оның мұрагері ретінде танылған Кеңес Одағының құрамындағы қазақ, өзбек және басқа да түркі тектес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Алайда отандық және шетелдік әдебиетте қазақ қайраткерінің шығармашылық мұрасы мен қоғамдық саяси көзқарастарына көбірек көңіл бөлінеді де, ұйымдастырушылық, дипломатиялық, жай адами қырларын пайымдау қағажу қалып келеді. Сондай мәселелер қатарына жиырма жыл уақыт бойы Еуропаның төрінде тәуелсіздік үшін күрес туын көтерген саяси ұйымды құрудағы Мұстафа Шоқайдың ерен еңбегін жатқызуымызға болады.

Тәуелсіздік үшін күресте Ресейді мекендейтін түркі халықтарының басын біріктіру, олардың бірыңғай саяси ұйымын құру идеясы әлдеқашан пісіп жетілген еді. Бірінші орыс төңкерісі тұсында «Мұсылман одағы» құрылса, 1905 жылы 19 қарашада одан да кең көлемдегі «Автономияшылар одағы» дүниеге келді. Осы уақыттан бастап, отарлық езгіге қарсылық жадидтік және түрікшілдік қозғалыстың басты сипаты айқындалды [2, 4 б].

1917 жылдың сәуір айының басында Ташкентке келген кезден бастап Мұстафа Шоқай аймақ тұрғындарын басқа халықтармен тең құқылы екенін кеңінен насихаттап қана қоймай, оны теориялық тұрғыдан негіздеп, барлық күшті автономия жолындағы күреске жұмылдыру бағытында сан салалы жұмыс атқарды. Алайда жергілікті тұрғындарды ұлттық идеялар төңірегіне топтастыру оңай бола қоймады. Сол кезде бір Ташкенттің өзінде жұмыс істеген не жарғысы, не бағдарламасы жоқ екі жүзге тарта түрлі ұйымдар бар болатын. Солармен қарым-қатынас орната біліп, өлкедегі автономия мәселесін сақтықпен қарап, оған қол жеткізудің объективтік және субъективтік факторларды мұқият зерттеп, жергілікті халықты ұлттық идеялар маңына аса қиын болса да ұйыстыра алған Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі мазмұнды еді. Бұл туралы Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі Александр Яковлевич Щульгин сол кездегі

Мұстафа Шоқайдың «белсенділігі мен ел арасындағы беделі аса зор еді. Жастығына қарамастан ол қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» - дейді [3, 104 б].

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда Бүкілқазақтық II съезд шақырылды. Сол съездің мінберінде Мұстафа Шоқайұлы «Қазақ автономиясы құрылсын» деген ұран тастайды. Бұл мақсат орындалып, автономия құрылады. Бірақ Мұстафаның ой-арманы бұдан да үлкен болды. Ол бүкіл түркі халықтарын біріктіріп, Түркістан Республикасын құруды армандады. Сол мақсатпен 1918 жылы қаңтарда Қоқанға барады. Қоқанда съезд өтіп, съезд Түркістан Республикасын жариялап, Мұстафа Шоқайды басшысы етіп сайлайды. Бірақ көп ұзамай, 1918 жылы ақпанда қызыл әскерлер Қоқанды алып, басшыларын тұтқындай бастайды. Оның мақсаты туған халқын, сондай-ақ барша түркі халықтарын азат етіп, бір тудың астына топтастыру еді. Ол Еуропадағы социалистердің, демократтардың арасында өте беделді болды. Ол барлық еуропалық басылымдарға шет тілдерінде мақала жариялап отырды. Оған қоса өзі де «Яш Түркістан», «Иени Түркістан» журналдарын шығарып тұрды. Журналда кеңес өкіметінің саясатын әшкерлеп жазды. Жалпы Мұстафа Шоқайұлы - азаттық қозғалысының теориясын жасаған, соны таңдай білген адам. Халықты азат ету үшін не істеу керек екендігін барлығын білген [4, Б.44-45].

1917 жылы Түркістан мұсылмандары арасында екі топ құрылды: біріншісі консервативті бағыттағы «Улема жәмийаты» («Ғұламалар қоғамы»), оны Сералы Лапин басқарады. Екіншісі прогресшіл бағыттағы «Шуро-и-Ислам» («Шурай Исламиа»), оның басында Мұстафа Шоқай тұрады [5, 13].

«Шуро-и-Ислам» («Мұсылман кеңесі») одағының идеологиясы түркі-мұсылман халықтарының басын біріктіріп, әрбір ұлттың өзін-өзі басқаруына қол жеткізу болатын. Одақ жергілікті халықтың мүддесі үшін белсенді қызмет атқарды. Олардың бастамасымен 16 сәуірде Ташкентте жалпы түркістандық Құрылтай шақырылды. Оған қазақ, өзбек, түркімен және басқа Түркістан халықтарының өкілдерінен барлығы 150 делегат қатысты. Съездің тең төрағасы болып М.Абдрашидханов пен Сералы Лапин, ал хатшылыққа Мұстафа Шоқай сайланды.

Съезде қаралған ең негізгі басты мәселелер - Уақытша үкіметке көзқарас және патша үкіметі құлатылғаннан кейінгі Түркістанды басқару туралы болды. Сондай-ақ съезд Уақытша үкіметті қолдай отырып, Ресейдің федеративтік, демократиялық, парламенттік республика ретінде өзінің президенті мен Құрылтай жиналысы болуы мен облыстарға автономия беру (оның ішінде Түркістанға) идеясын ұсынды. Жалпы Түркістан ұйымын Түркістан Мұсылман кеңесін құру жөнінде міндеттер қойылды. 1917 жылы 12 маусымда ондай ұйым құрылып, оның төрағалығына М.Шоқай тағайындалды. Бұл ұйым ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси күштермен тығыз одақ жасауға ұмтылды. Оның мүшелері «Алаш» партиясымен де қарым-қатынастар орнатты [6,188 б].

М. Шоқай шетелдік эмиграцияның ең бір көрнекті өкілі бола тұрып, өз ұлтының азаттығы үшін күресін қарымды қаламмен толықтырды. Қалам

саяси қайраткерге көмектесіп, оның қызметін айрықша ажарландырды, ерекше биікке көтерді. Сөйтіп, қазақ тарихында азаттық үшін күрестің жаңа түрі мен жаңа кезеңі басталды. Ұлттық мүдде үшін саналы түрде шетелге кеткен ол Маңғыстау арқылы әуелі Түркімен жеріне, содан кейін теңіз арқылы Бакуге барады. Алайда Әзербайжан мемлекетіндегі сол кездегі саяси ахуал тұрақсыз болғандықтан, мұнда көп тұрақтамай, Грузия мемлекетіне өтеді. Бакудегі Грузия Республикасының тұрақты өкілі Н.Карцивадзенің кепілдігімен Тбилисиге келген М.Шоқайды Грузияның саяси басшылары ыстық ілтипатпен қарсы алды. Әсіресе Грузия Ұлттық Үкіметінің басшысы М.Жордания мен Ішкі істер министрі М.Рамишвили оған зор құрмет көрсетті. Ол кезде тәуелсіз Грузия саяси босқындарды құшақ жая қарсы алған болатын [7, Б.74–85].

1940 жылы немістер Парижді жаулап алды, Мұстафаны түрмеге отырғызады. Кейіннен Мұстафаның кім екенін білгеннен соң Гитлер оны шақыртып алады. Өйткені оған Мұстафа Шоқайдай адам керек болды. 1941 жылы соғыс басталғанда Гитлер тұтқынға түскен мұсылмандардан Түркістан легионын құрып, кеңес өкіметіне қарсы пайдалануды Мұстафаның алдына міндет етіп қояды. Неміс Фон Папен мұсылмандар мәселесімен айналысатын. Фон Папен мен Мұстафаның байланысы болды ма, болмады ма, бізге ол жағы белгісіз. Ол түпкі мақсатын Фон Папенге айтуы да мүмкін. Гитлердің мақсаты – Орта Азия арқылы Үндістанға жету, сөйтіп, бүкіл әлемге билігін жүргізу еді. Фон Папен - Гитлердің қарамағындағы сенімді адамдарының бірі. Мұстафаның ойын Гитлерге жеткізіп, оның содан кейін керек болмай қалуы да ғажап емес. Мүмкін сондықтан да Мұстафаның көзін құрту керек болды - дейді философ Д.Кішібеков [8, 42 б].

Мұстафа Шоқай өзінің қысқа ғұмырының ішінде Ә. Бөкейханов, М.Дулатов, А. Байтұрсынов сияқты Алашорданың қайраткерлеріндей қазақ елінің бостандығын, бодандықтан азат болып, өз алдында жеке мемлекет болуын армандап, осы үшін жанқиярлықпен еңбек жасаған тұлға. Оған оның осы күрес жолында артында қалдырған көптеген жазба еңбектері, шет елдердің баспасөздерінде жарияланған мақалалары дәлел болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында М. Шоқай тұтқынға түскен қазақ, басқада мұсылман елдердің азаматтарының сол қиын шақтағы тұрмыс жағдайын жақсартып, бостандыққа шығулары үшін неміс мемлекетінің басшылығымен тиісті жұмыстар атқарды.

Мұстафа Шоқай – шын мәнісінде, эмиграцияға кеткен және шетелге бас сауғалап емес, саяси күресті жаңа жағдайда жалғастыру үшін барған түркістандық тұңғыш тұлға. Қалай дегенмен де, ұлттық тұтастыққа, қазақ елін тәуелсіз іргелі ел етуге деген ұмтылыс, өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде әрқайсысы әртүрлі жолды таңдады. М.Шоқайдың өмірі өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемнің тарих тұлғасына айналған М.Шоқай ХХ ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы бір перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгермеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналары жатыр.

Мұстафа Шоқай - бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант күрескер, саяси қайраткер. Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы – халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүние жүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың ұлттық сана – сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік алмайтынын анық болжай білді.

Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес иесі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты. Оның өмір жолы ортақ Отан – Түркістан үшін от кешкен айтулы азаматтың жолы болып табылады. Біз бүгінгі күн биігінен Мұстафа Шоқайдың азаттық үшін күрестің қазақ тарихындағы мүлдем жаңа түрі мен кезеңін бастап бергенін, оның «Жас Түркістан» сияқты журналдардың, «Түркістан кеңестер билігі езгісінде» сияқты белгілі еңбегінің оның айғағы екендігін мойындауымыз керек.

Мұстафа Шоқай – ұлттық тәуелсіздіктің жалынды жаршысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі ғана емес, сол идея үшін бас тіккен қайсар күрескер еді. Туған еліне деген шексіз сағынышын бір сәт баса алмай, жат жерді мәңгілік мекен етті. Алайда, елінде ұлы тұлғаның асқақ арманын орындаған, тәуелсіздікке жеткен сүйікті халқы бар. Артында әлі де зерттей, игере түсуді қажет ететін телегей-теңіз мол мұрасы қалды. Мұны игеру, бойға сіңіру елімізді шынайы тәуелсіздікке жетелеп, азаматтарымызда тәуелсіз сананың қалыптасуына игі ықпал ететініне күмәніміз жоқ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұстафа Шоқай шығармалары. Алматы, 2007, Б.7-8.
2. Есмағамбетов К. Тәуелсіздік таңшолпаны //Егемен Қазақстан, 2007, 9 қаңтар.
3. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. Үш томдық. Алматы, Т.2. 2007, 104 б.
4. Қойшыбаев Б. Мұстафа азаттық қозғалысының теориясын жасады //Аңыз адам. 2011, № 7, Б.44-45.
5. Қойгелдиев М., Нүсіпхан А. Мұстафа Шоқай және Түркістан. М.Шоқай. Таңдамалы. Т. 1, 13 б.
6. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Алматы. 2007, 264 б.
7. Қыдырәлі Д. Мұстафа көтерілген шың // Жалын. 2004, № 8, Б.74-85.
8. Кішібеков Д. Біз бағаламаған Мұстафаны әлем таныды//Аңыз адам. 2011, № 7, 42 б.

## **2-СЕКЦИЯ МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ**

### **МҰСТАФА ЖӘНЕ МАРИЯ ШОҚАЙ ЕСТЕЛІКТЕРІНІҢ КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*А.М. Абасилов* – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Бүгінгі таңда мемуарды, оның ішінде естеліктерді тек тарихи және әдеби жағынан ғана емес, лингвистикалық қырынан қарастыруға да ерекше мән беріле бастады. Бұл әсіресе лингвистиканың антропоэлектік бағытындағы адамның ойлауы мен болмысы, әлеуметтік ортаны танып білуі мен ақиқат дүние туралы білімінің санада бейнеленуін қарастыратын когнитивті және лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің нысанына айналуға. Өйткені кез келген мәтінді ол мейлі көркем туынды болсын, мейлі тарихи оқиғалар мен көрнекті тұлғалар туралы мемуар немесе ресми деректерге құрылған естеліктер болсын онда қолданылған тілдік бірліктерді сипаттап қана талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда авордың сөз қолданысы, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көрінбей қалуы мүмкін. Сондықтан мәтінге концептуалдық талдау жасау және лингвомәдениеттанымдық сипатын көрсету оны толықтай қарастырудың екінші бір қырын ашатын зерттеу болып табылады.

Тілдік танымды, ұлттық тілдік танымды (тіл концептісін) ашуға өзек ұғымды жеткізетін сөзді ғана емес, оның өзгеріске түскен тұлғалық көрсеткіштерін де (лексикалық-грамматикалық, грамматикалық өзгерісін де назарға алу маңызды. Сонымен бірге сөздік қордағы (лексикадағы) барлық сөз, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар, қанатты сөздер, тұрақты тіркестер, т.б. – бәрі танымды шешуге өзек болатын бірлік немесе танымды сипаттайтын көрсеткіш бола алады [1., 107].

Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – концепт. Қазіргі лингвистикада «концепт» термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі. Соған орай «концепт» терминіне берілген анықтамалар да алуан түрлі [2.,20]. Айталық, дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контекстінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-



ұрпаққа беріліп отырады» [3, 12]. Сонымен концепт дегеніміз - бір сөздің беретін ұғымы, я түсінігі емес, ол күрделі мағыналық тұтастық, жиынтық. Ол - сөз, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркесі, сөйлем, мәтін түрінде өмір сүре алатын, өзіндік өріс түзей алатын мағына. Басқаша айтқанда, бір ұғымның түрлі тілдік құралдар жиынтығы арқылы берілуі, тұжырымдалуы.

Концептің осындай анықтамаларын негізге ала отырып біз қазақтың тұңғыш эмигранты Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты естелігін [4.] қарастыру барысында онда мынадай концептілер бар екенін анықтадық. Олар: *«дұшпан», «дос», «ел», «мемлекет», «оқиға», «сөз», «саясат», «түркістандық», «орталық», «автономия» т.б.* Біз мақала көліміне қарай естелікте сәтті берілген негізгі концептілерге ғана тоқталамыз. Олар: *дұшпан, дос, оқиға, сөз.* Себебі бұл концептілер автор естелігінің өн бойында түрлі баяндау формалары арқылы көрініс тауып отырады.

*«Дұшпан» концептісін құрайтын тілдік бірліктер: бітіспес дұшпан, белсенді дұшпан, ашық дұшпан, ұлттық құрылыс дұшпаны, ұлттық қозғалыс дұшпандары, бір-біріне дұшпан екі топ, қаруы мол дұшпан, орыс дұшпаны, мықты қаруланған дұшпан, дұшпандар құрған қанды пенде, діннің дұшпандары, автономия дұшпандары, бір-бірімен қайшы дұшпан, оң қанатындағы дұшпан, дұшпан көз.* Сөзіміз дәлелді болуы үшін автор естелігіндегі «дұшпан» тұжырымының бірнеше мысалдарын келтірейік:

*«Біздің революция басталған кезде қандай істерді тындырғанымыз әрі өз еліміз бен халқымызға қандай ықпал жасағанымыз, халық мүддесін қалай қорғағанымыз **дұшпандар** құрған перденің аржағында қалып, ұмытылып барады» (256-бет). «Түркияның тыңшысы, түрікшіл, исламшыл, **орыс дұшпаны** болғанымды айтып, «мұсылмандар Мұстафа Шоқайұлының соңына еретін болса, орыс жұмысшы-солдаттарына тұп-тура қарсы шығатынын ұмытпасын!» - деп зіл тастады (285-бет).*

*Түркістан ұлт-азаттық күресі жолында жасаған игі қызметімнің маңызын **дұшпандардың** ескергенін еңбегіме берілген «сыйлық» деп есептеймін (288-бет).*

*«Бізге бұл бақытсыздықтың саны аз болғанымен, тығыз топтасқан, **қаруы мол дұшпанымыз** алып келді. Автономиямыз екі ай ғана өмір сүрді де, мықты қаруланған дұшпаннан жеңілді...» (291-бет).*

*Мирмуһсимн мақаласы түк ойланбастан, жаңсақ жаылған керексіз бірдеңе екеніне күмән жоқ. Бірақ сол үшін қазілардың оның қолын кесу туралы шығарған үкімі **автономия дұшпандарының** кәдесіне жарады» (297-бет).*

*«Жаңа үкімет комитетіндегі тұңғыш табыстарымыз орыс қауымының **сол және оң қанатындағы дұшпандарымызды** қатты қобалжытты» (313-бет).*

М.Шоқай естелігінде «**дұшпан**» концептісіне қарама-қарсы ұғым ретінде «**дос**» концептісі қатар қолданылады. Бұл концепт алакөңіл *дос, жалған достар, ниетіне титімдей күдіктенбейтін жақын достар, шын*

достар т.б. сияқты тіркестермен берілген. Төмендегі мысалдарға назар аударайық:

«Большевиктердің Түркістан автономиясы үшін ең көп балағаттағаны - мен. Арадағы алакөңіл, жалған достар ғана емес, тіпті ниетіне өзім **типтей күдіктенбейтін жақын достарым** да автономия мәселесі жөнінде мені айыптап сынайтын» (287-бет). «...Алакөңіл, жалған **достардың** айтқан сөздері арнайы тоталып жатуға тұрмайды. **Шын достарым** өздерін өздері сынады деп ойлаймын» (288-бет).

«**Оқиға**» **концептісін құрайтын тілдік бірліктер**: қайғылы оқиғалар, сорақы оқиға, жаңа оқиға, осы күресіміздің оқиғалары, мәні зор оқиға т.б.. Бір-екі мысалдар келтірейік: «Осы күресіміздің **кейбір оқиғаларын** қысқаша еске салып өтейін» (291-бет). «Бірі –Ресей, екіншісі Түркістан ауқымында **мәні зор екі оқиға** бүкіл Ресейде, әсіресе Түркістанда революцияның өрлеуіне пәрменді ықпал жасады» (309-бет).

«**Сөз**» **концептісін құрайтын тілдік бірліктер**: сөз әсері, сөз саптау, сөз сөйлеу, сөзін аяқтау, ерсі сөз, қызыл сөз, дөрекі сөз, былапыт сөз, ауыр сөз, егжей-тегжейлі сөз т.б.. Мысалы, «Жер-жерден келген өкілдер **сөзге** араласып, бәрі де Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестеріне шағым айтты. Талай сорақы оқиғаларды айтып берді» (284-бет). «Некораның **ерсі сөзі** мен Маллицкийдің жобасы жайындағы егес жергілікті ұлттық аймақтарымыздың көкейіндегі ұлттық орталық керек деген ойды жүзеге асыруды тездетті» (270-бет). «Алдымыза күтіп тұрған ауыртпалық пен қатерді жерлестеріміз анық көре алмайтын. Біз, Ұлттық орталықтың мүшелері, арнаулы тартыстарымызда, шаршы жиындарымызда **қызыл сөзге** беріліп, алдымыздағы қиыншылықтар мен әлсіздігімізді ұмытпауға шақырса, олар бізге **дөрекі сөз** айтын, азар беретін. **Былапыт сөзді** көп естіген марқұм Мұнуар Қари мен Убайдулла Қожа еді...» (305-бет). «Ол жиында **сөзге шыққан** шешен, «Ғұлама қоғамы» басшыларының бірі, Ташкент қалалық «Шорай исламияның» жетекшісі Мұнуар Қарига **мешітте ауызға алуға балмайтын былапыт сөздер** айтты» (305-бет). «Жанжал көтерілді. Жан-жақтан айқай-шу шығып, бізге де **ауыр сөздер** айтылды» (305-бет). **Егжей-тегжейлі сөзінен** Түркістандағы орыс солдаттары татар-башқұрт солдаттарымен ауыстырылса, Түркістанға Ресейден бөлініп кету қаупі төнеді деген қорытынды шықты» (314-бет).

Жоғарыда айтып өткен өзге концептілердің ішінде төмендегілерді қоса атап өтуге болады. «**Ел**» **концептісін құрайтын тілдік бірліктер**: байтақ ел, қалың ел, біздің қазақ, біздің түркістандық т.б.. «**Мемлекет**» **концептісін құрайтын тілдік бірліктер**: құрама мемлекет, ұлттық мемлекет, дербес мемлекет, құрғалы отырған мемлекет т.б..

Автордың дүниетанымындағы ғаламның тілдік бейнесі көбінесе ұлттық тілдің мәйегі болып табылатын **фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер** арқылы анық беріледі. Өйткені бұл тілдік қабатта ұлт өкілінің дүниеге деген көзқарасы, әлеуметтік ортаға деген қарым-қатынасы, сондай-ақ жинақталған халық даналығы болады. Демек, дүниені танып білуде тұрақты тіркестердің маңызы ерекше. Естелікте мынадай **тұрақты тіркестер** қолданылған: *опат*

болу, дүние салу, лап қойды, бейілі кең, шеңгелінен құтқарып қалу, шеңгеліне түсп қалу, шеңгелінен шығу, көзіне шыққан сүйел, тыжсырына қарау, қаусет тарату, үдете беру, баланың ойны сияқты, құлақ аспау, жіті аңғару, көзді ашу, тауқымет тартқызу, қасірет қартқызу, ауыр азабын тарту, аспандағы айды алу, көктегі айды алуды армандау, көз салып тұру, мақұрым қалу, әліптің артын бағу, қайта қазбалау, өңменінен итеру, қайыры тиетін адам, өрши түсу, арыз-шағым жауып жату, ынтымақты табу, зіл тастау, таяқ жеу, желпініп қалу, ішкі шерін тарқату, түймедей жаңсақтығын түйедей ету, кәдеге (кәдесіне) жарау, дән риза болу, үні өшу, әмбеге аян, шеккен зиян (зиян шегу) т.б..

Енді осылардың мәтінде қолданылуын талдау жасап көрейік. Автор естелігінде революциядан кейінгі мемлекеттік құрылысты қалай құрамыз дегенге байланысты әр алуан көзқарастарды сипаттауда өз бағасын тұрақты тіркеспен береді. «Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың **«аспандағы айды алып бер»** деген далбасасына ұқсайтын» (273-бет).

Тұрақты тіркестер кейде сол уақыттағы жағдайды және көңіл-күйді беруде қолданылған. «Біз Үкімет көмитетін жақтырмадық, әрі оған қарсы күрескіміз де келмеді. Өйткені бізге аса қауіпті күш, яғни Жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі осы Үкімет комитетінің орнына **көз салып тұрған** еді. Біздің шаруамыз жағдайды мұқият ескеріп, **әліптің аяғын бағу болатын...**» (276-бет). «Халық қатты күйзелген еді. Тек ашық жиындарда сөз сөйлеп, **желпініп қалатын**. Қарусыз халық сөз еркіндігін пайдаланып, **ішкі шерін тарқататын**» (286-бет).

Автор естелігінде кейбір тұрақты тіркестерді сөз орайында өзінің айтайын деген ойына лайықтап түрлендіреді. «Екінші топ революция нәтижесінде қарыштап өркендейтін прогрестің дамуынан қорқып, прогресті жақтаушылардың **түймедей жаңсақтығын түйедей етіп** әсерлеп, оларды халыққа діннің дұшпандары деп көрсетуге тырысты» (294-бет). «Қалағаныңды, **тіпті көктегі айды алуды арманда**» (289-бет). Сол сияқты мына тұрақты тіркесті де бірнеше рет түрледіріп пайдаланған: **шеңгелінен құтқарып қалу, шеңгеліне түсп қалу, шеңгелінен шығу.**

Адам баласы дүниені ой қабілеті арқылы танып біледі десек, сол ойлау қызметін белігілі бір бейнеге, моделге түсіретін түсіретін құрал тіл болып табылады. Мұны қазір ғылымда «ғаламның тілдік бейнесі» деп атайды. Ғаламның тілдік бейнесі дегеніміз – тілдік жүйеде таңбаланған, тіл арқылы көрінетін тіл иесінің ғалам туралы білімдерінің жиынтығы.

Ғаламның тілдік бейнесінде адамның ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүнетаным да көрініс тауып отырады. Ұлттық дүнетаным мен естелік авторының қиял дүниесі астасып жатады. Мысалы біз қарастырғалы отырған қазақ эмигранттарның тағы бірі Мария Шоқай естелігіндегі ұлттық дүнетанымның тілдік көрінісін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: **ұлттық психология; ұлттық тұрмыс-салт; ұлттық өнер; діни дүнетаным.** Енді осыларға жекелей тоқталып өтейік.

1.Қазақ эмигранттарының естеліктерінде қазақ халқына тән психологиялық ерекшеліктерді ұлттық ерекшеліктердің тілдік көрінісі ретінде қолданған. Айталық, Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты естелігіндегі [5.] мындай жолдар ұлттық психологияны танытады: *«Көпшілік алдымен дәрет алып, сонан соң бәрі бірдей намазға тұрды. Намаздан кейін еркектер жағы түйелерге қарай беттесе, әйелдер жағы қойлар мен сиырларды саууға кірісті. Мұстафа мені қасына шақырып алды да екеуіміз әрі-бері жүріп сөйлеседік, ол маған бұл жердегілердің бәрі менің орамал тағасыма, қимыл-әрекеттеріме ырза болғанын айтты. «Бұл уақытқа дейін олар орыс әйелі туралы басқаша пікірде болатын. Өз ұлтымның өкіліне үйленбеуім оларда реніш сезімін тудырғанымен, аз уақыт ішінде еуропалық әйелге азиялық әдеттерді қабылдата алғаным үшін мені кешіріп, саған құрметпен қарай бастады»* (427-бет). Осы шағын үзіндіден автордың өзге ұлттың өкілі болуына қарамастан қазақта ірі қара малдың ер адамға, уақ малдың әйелдерге тиесілі екендігін аңғартатын дүнетаным көрінеді. Сондай-ақ қазақ әйелі қандай болуы керек екендігі де, оған деген ұлттық түсіністік те автор сөзі арқылы да кейіпкер сөзі арқылы да шебер үндестіріліп берілген.

2.Мария Шоқай естелігінде ұлттық дүниетанымды көрсететін тілдік құралдар мол қолданылған. Солардың бірі - **ұлттық салт-дәстүрлердің естеліктердегі тілдік көрінісі** болып табылады. Естеліктен бірнеше үзінділер берейік: *Қазақтар түскі тамақтың алдында шай береді. Шай беріп жатқан кезде жайлаудан қой немесе тоқты ұстап әкеліп қонағына көрсетеді, сөйтіп барып оны сояды* (423-бет).

Ал мына сөйлемде автор қазақ халқының өмір сүру салтын бұрынғысынан сол өзі сипаттап отырған кезеңге дейін **көшпелі, отырықшы, егіншілік, би** деген 4 сөзді қатыстыра отырып берген: *«Ата-бабалары көшпелі, ал Мұстафаның өз әкесі Шоқай отырықшы болған. Егіншілікпен айналысқан, жұртшылық оны би деп атаған»* (390-бет).

Мария Шоқай естелігінде **ұлттық тұмыс-тіршілік нышандары** да байқалып отырады. Мысалы: *«Қазақ әйелдері бет-жүзін жауып жүрмейді, үнемі ашық ұстайды. Қазақтар әйелді өте құрмет тұтады. Еркектер өз араларында әйелдер туралы әңгіме айтпайды. Бір-бірімен жолығысқанда атын, тазысын сұрайды, әйелдері туралы айтпайды. Сонымен қатар егер әйелі біреуді қонақ еткісі келсе, күйеуі ештеңе істей алмайды. Үйдегі барлық нәрсеге әйелінің үкімі жүреді. Әйелі шай қайнатпай, тамақ пісірмей немесе есікті ашпай қоюы да мүмкін. Тіпті күйеуін қонақтарымен бірге қуып шығуы да мүмкін. Күйеуі әрдайым әйеліне бағынады* (422-бет). Бұл жерде қазақ «қыз – қонақ» деп оны үнемі төрге шығаратыны, әйелді үйдің от-анасы деп құрмет тұтатыны, сондай-ақ ер адамның «әйелдің ісі – үйде, еркектің ісі - түзде» деген қағидамен үй шаруасына араласпайтыны жақсы айтылған.

*Шоқай аулы кедей саналатын. Жалпы қазақтарда байлық малмен өлшенетін. Қой, түйе, жылқы мен сиырдың өрісі үшін кең жайылым қажет. Сондықтан да көшпелілер байлық иесі де, ал отырықшы халық жарлы болып есептелген* (390-бет). Автор қазақтардың байлықты малмен өлшейтінін айта

келіп, «бай» және «жарлы» ұғымдарын беруде «көшпелі» және «отырқшы» сөздерін антоним ретінде қолданған.

*Мұстафаның айтуынша, олардың отбасы көп шашылатын, яғни қолда бар нәрсенің қадірін білмейтін. Кез келген көлденең көк атты олардың үйіне түсетін, өз үйлеріндегідей еркін-ішіп жейтін. Кейбір қызметкерлер кейде бала-шағаларымен бірге апталар бойы қонақ болатын. Әкесі де, шешесі де келген кісіні қабақ шытпастан қарсы алып, шығарып салатын (391-бет). Бұл, әрине, қазақ дәстүрі мен салтын терең білмейтін немесе оны өз халқының, өскен ортасының тұрмыс-тіршілігімен салыстыра қарағанда әбестік санаудың әсерінен түсіне алмаудың салдарынан шыққан пайымдау деп санауға болады.*

*Біраздан соң ақ қой алып келді, қонақтардың бәрі оны сипап көрді. Мен осы қойдың сойылатынын білген жоқпын, сататын шығар деп ойладым. Адамдар өз араларында көп әңгімелесті, көбінесе Мұстафа сөйлеп отырды, жұрттар оған сауал қойып жатты, күн батар кезде ғана киіз үйден сыртқа шықтық. Көк шалғынға ақ киіз төселіпті, киіздің үстіне ақ дастарқан жайылған, әр жерге жап-жаңа майлық та қойылған. Түндегі да ауасының хош иісін тіпті де айтып тауса алмаймын, оны сірә ештеңемен салыстыруға болмайды. Көкжиекке көз салсаң, дәл мұхит пен аспанның астасқаны сияқты, бұл жерде жер мен көктің тоғысқанына куә боласыз. Құстар сайрап, жәндіктер шұрқырасады. Осы жарасымды әсемдік арқылы тыныштық пен бейбітшіліктің жаратушы иесіне алғыс сезімін білдіріп жатқандай (423-бет). Мұнда автордың лирикалық көңіл-күйі бар, ол кәдімгі көркем шығарма жазып отырғандай әсер қалдырады. Көркемдік бар.*

3. Мына төмендегі үзіндіде Мария Шоқай музейде тұрған домбраны көрген Мұстафаның алабұртқан көңіл-күйін сол қалпында көз алдыға әкеледі. Бұл ұлттық өнердің ұлттық болмыспен, санамен, оған деген сағынышпен біте қайнасқан тұсын аңғартады. *«Мұстафаның айтуынша, ол оқу-жазуды анасынан кішкентай кезінде, жасы беске толмай жатып-ақ үйренген. Бес жасында домбыра тартуды игерген. Мұстафаның есту қбілеті жоғары болған, музыканы өте жақсы көрген. 1922 жылы онымен тірге Трокадеродағы этнография музейін аралағанымыз әлі есімде. Мұстафа сол жерде бір домбыра көріп қалды да, тағатынан айырылды. Сол жердегі қызметкерлерден рұқсат сұрап, аспапты қолына алып құлақ күйін келтірді де, әсем қазақ әуенін орындап шықты. Сөйтті де, аспапты орнына қойды. Жабырқау болатын, жанары жасқа толы еді. Мен алғашқы және соңғы рет Мұстафаның көз жасын сол кезде көріп едім» (391-392-беттер).*

4. Мария Шоқай естелігінде діни дүниетанымның тілдік көрінісі төмендегіше беріледі: *«31 желтоқсан күні Каюм хан келді. Ол келе салысымен ауруханаға Мұстафаның мәйіті көруге баратынымызды айтты. Такси ұстай салып, «Виктория» ауруханасына бардық. Аурухананың кең ауласына мен жүгіріп кірдім. Каюм хан маған зорға ілесіп отырды. Ауланың бір бұрышында морг бар еді. Морг подвалда орналасқан, іші жап-жарық екен. Шыны қабырғаның ар жағында ағаш табыттың ішінде Мұстафа*

*жатыр, үстінде жібек пижамасы бар екен. Бетін ақ слфеткамен жауып қойыпты, қолдары айқасқан, ұйықтап жатқанға ұқсайды, жүзі жасарып кеткенді көрінді. Өлген емес, қатты ұйықтап кеткен секілді. Қарсы қабырғаға табыттың қақпағын сүйеп қойыпты. Мен Парижден Құран мен сәлде әкелген болатынмын. Қолының үстіне Құранды қойдым, тақия мен сәлдені мұсылмандардың әдетіндей басына кигіздім» (389-бет). Міне, мұны Мария Шоқайдың өзінің асыл жарына, оның діни ұстанымына, сол арқылы күллі ұлтқа деген құрметі деп қабылдау қажет.*

Сонымен осы айтылғандарды қорытындылай келсек, қазақ эмигранттары (Мұстафа Шоқай және Мария Шоқай) естеліктері тарихи деректілігімен де, әдебиеттанудағы жанрлық әр алуандығымен де, әлеуметтанушылық сипатымен де, дүниетанудың, тұлғатанудың этнопсихологиялық және лингвистикалық аспектілерімен де сипатталатын, зерттелетін кешенді жүйе екен. Біз осының тек кейбір когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық мәселелерін ғана сөз еттік. Жалпы бұл болашақта арнайы қарастыруды қажет етеді. Өйткені естелік авторы өзінің көрген-білгенін, куә болған оқиғаларын өз өмірімен байланыстыра отырып жазады, бағалайды, қорытындылап тұжырымдайды. Осыдан естелік авторының сөз қолданысы, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқындалады. Сондықтан естелік мәтініне концептуалдық, лингвомәдени талдау жасау мәселесін қолға алып, кешенді зерттеулер жүргізу қажет.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1.Қасым Б.Қ.,Шақаман Ы.Б. Когнитивті лингвистика: Оқу құралы. - / Б.Қ.Қасым, Ы.Б.Шақаман. – Павлодар: ПМПУ, 2018. 168 бет. 107-бет.

2.Когнитивтік лингвистика (Филология: қазақ тілі 6М020500 «5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» және «5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарына арналған оқулық) – Электронды құрал. – Семей, 2015.

3.Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол.ғыл.док. дисс. –Алматы, 2004. -228 бет.

4. Шоқай М. Таңдамалы. –Алматы: Қайнар, 1999. Т.2. -520 бет.

5.Шоқай Мария. Менің Мұстафам // Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Екінші том. - Алматы: Қайнар, 1999.

## **САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ КӨРІНІСІ НЕМЕСЕ БАБАЛАР АМАНАТЫ**

*Зайырова Гүлбаршын* – тележурналист, отбасылық тектанушы, Мұстафа Шоқай ұрпағы

Өткеніміз бен бүгінімізге тәуелсіз ел тұғырынан қарайтын бақытты заманның ұрпақтары ретінде бабаларымызға тағзым ете отырып, сөз

бастайын. Жалпы, салт-дәстүр, ырым-тыйым, әдет-ғұрыпты санамызға барынша сіңіріп кеткен бабалар аманатын орындауды қандай деңгейде ұстанып келеміз? Қазақтың біртуар қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы келіні Зейнепке: «Балам, сен шолақ етек шоқынды емессің, Сені сөз түсінеді деп сенгендіктен бабалардан қалған аманатты жиі айтамын. Мен саған айтсам, сен балаңа айтасың, кейін немереңе жеткізесің. Сөйтіп, бір шаңырақта ұлттық рух, ұлттық сана сезім, дәстүр жалғастығы сақталады» деп еді деген жолдар бар [1, 36].

Кеңес өкіметі кезінде әр қазақтың шаңырағында осындай аманатты жеткізуші қариялардың арқасында ұрпақ сабақтастығы жалғасты. Мен де атамның бауырында өскен бала ретінде құлағымның құрышы қанғанша естіген аңыздарды, тарихи сырға толы шер-шеменін, болашаққа меңзей сөйлеген талай әңгімелерін сол сәтте түсінбесем де, осы күндерде тәуелсіз елдің ұрпағы көзқарасымен, өз заманымның тілінде тарқата айтатын уақыт келіпті. Аты әлемге мәшһүр ұлы тұлғаның туысы әрі, ұрпағы екенімді атамның айтқандарынан сіңіріп өскендіктен бе, немерелі боп отырған шағымда қайта екшеп, зерделеп көруге талпынып, «тектану» іліміне келдім.

Тектану ғылымы – өз тегінді қазбалау, әруақтарға тиісу емес, мүлдем басқа нәрсе. Тектану – жалпақ тілмен айтқанда, барлық психологияның арғы атасы. Орысша айтқанда, «Прадедушка психологии». Ресей ғалымдары Валерий Васильевич және Лариса Николаевна Докучаевтар өміріміздегі келеңсіздіктердің, отбасымыздағы қақтығыстардың, кәсібіміздегі мәселелердің немесе аурулардың себебі «Сіз бен біздің тегіміздің терең тарихында жатқандығын және оның био - әлеуметтік жүйе екендігін» өз еңбектеріңде тарқатып, талдап, зерттеулер жүргізу арқылы дәлелдеп тастаған.

Қазақта «Тегін білмеген теріс кетеді» деген сөз бар. Кезінде саяси қуғын-сүргінге және кәмпескеге ұшыраған, соғыс салдарынан жақындарынан айырылған адамдардың ұрпақтары психологиялық көмекке мұқтаж жандардың 80 пайызын құрайтыны туралы статистика әлеуметтік желілерде бар [2].

Жалпы, соғыс, репрессия, қудалау, ашаршылық, қуғын - сүргінге ұшырау салдарлары - генетикаға қатты әсер етеді. [3]

Генетикалық аппарат тұқымымыздың барлық мәліметтерін сақтайды. Онда біздің барлық тұқым қуалайтын белгілеріміз жазылады: сыртқы келбет, кейбір ауру түрлеріне бейімділіктеріміз, тіпті мінез құлқымызға дейін. Сонымен қоса онда ата-бабамыз сезінген мазасыздық, қуаныш, әлсіздік, жігерсіздік те жазылады. Тектану ілімінде мынадай түсінік бар: «Әр адам өз өміріндегі актер, ата - анамыз - режиссер немесе дирижер болса, ата - әжелеріміз (екі жақтан да) - өміріміздің сценарийін жазушы авторлар» дейді орыс тектанушысы (родолог) В. Докучаев.

Қысқаша айтқанда, ата-бабаларымыздың бастан кешірген қиындықтары мен сезімдері, өмірлерінде орын алған келеңсіз сәттерінен алған эмоциялық, психологиялық әсерлері гендік жадыда сақталып қалады.

Ал, мен тектануға қалай келдім? Бірде, көзімнің үстінде, яғни қабағымда «ақ дақ» пайда болды. Дәрігерге барғанымда, біріншіден «аутоиммундық ауытқушылық» немесе «қалқанша бездің ауытқушылығы» бар екендігін айтты. Телеарнада, ел алдында жүргендіктен, әрі сұлулыққа баса мән беретін Мен үшін ол дақ үлкен мәселеге айналып, қатты әсер етті. Дәрігерім: «Сіз ақымақ әйел емессіз ғой, дәріні, химияны ішіп, өзіңізді қинамай, психосоматикаңызды жөндеңіз. Ішіңізде басқа нәрсе жатыр. Терідегі өзгеріс, адам өмірінде бір құбылыс болатын кезде, осылай сыртқа шығады, көрсетеді. Көз бен қастың ортасындағы дақтың жарасы да жеңіл ғой, бояй салуға болады,- деп тыныштандырды. Ал, мен одан сайын қобалжыдым. Ғаламтордан психосоматикаға қатысты ақпарат іздеп отырып, «Ата тегінде болған бағдарламалардың қалқанша безге әсері» деген тақырыптағы тектанушы ғалымдардың, Алия Сағымбаеваның «Danalyk» семинары болатынын әлеуметтік парақшадан білдім. Сол семинардан түсінгенім, ХХ-шы ғасырдың басында, қолындағы малы мен барын Үкімет кулактардан тартып алып, ары қарай жазықсыз репрессияға ұшыраған ата - бабалары бар бір кісінің әлеуметтік генограммасын талқылау арқылы, кейінгі ұрпақтың үндемей, ақырын сөйлеп, тапқан байлығын көрсетуге үркіп, үкіметтен қорқып, іштей конфликтпен өмір сүруінің салдарынан, тамақ тұсындағы қалқанша безі асқынып, меңдеген аурудың алдын психологиялық жолмен қалай қайтарғандығы туралы айтылып жатыр екен...

Психологияның ғылыми негізге сүйенген тармағы «Родологияны» - «Тектану» деп қазақшаға аударып, ғылыми тілде, әрі халыққа ұғынықты тілмен жеткізуге тырысқан Әлия Нұрпақызы Сағымбаевадан жеке кеңес алып, жалпы басқа да семинарларына тұрақты түрде қатысып, көптеген ақпарат алдым. Атамның құлағыма сіңіріп кеткен ата-бабаларым жайлы әңгімелерінің шын мәнін ұғындым.

Өз тегімнің және нағашыларымның генограммасымен, яғни, шежіре - тарихымен танысу арқылы, үшінші, төртінші ата бабаларымның, тіпті өз әкемнің де кейде өте жәй, тығылып сөйлеуінің сырын, өкіметке өкпесі мен қорқынышының себебін түсіне бастадым. Себебі, Мұстафа атамдай ерекше жаралған тұлғаның топ жарып, замандастарынан ерекшеленіп, өктем сөйлеп, шындық үшін шырылдаса да, еріксіз эмиграцияға ұшырап, сүйгіне туған жерінің топырағы да бұйырмай қалуы, қала берді, бауырлары мен жақын ағайындары қызыл әскердің оғына ұшырап, тірі қалғаны қудаланып, «халық жауының» туысы болғандығы үшін қызметтен қағылып, түрмеге тоғытылып, көрші - қолаңның түрткісіне ұшырап, әбден қиындық көргендіктен, кейінгі ұрпағы мен ет жақын туыстары, ол туралы айтқысы келсе де айтпауға, еріксіз естімеуге мәжбүр болған. Ұлы атамызға өткен ғасырда "отанын сатты" деген үлкен күйе жағылды. Бұл әрине, үлкен, орынсыз жала. Керісінше, ол Отанын сатпағаны үшін, фашистермен істес болмағаны үшін, ұсынысын кері қайтарғаны үшін Гестапонның құрбаны болған [4].

«Мұстафа Шоқай халықтың азаттығы, еркіндігі туралы көзқарасын ерте бастан қалыптастырды. Кішкене күнінен әділетсіздіктерді көп көрді. Әкесінің салған кірпіш үйін тартып алды. Орыс қоныстанушылары атадан



қалған жерін егіндік жасаймыз» деп алып қойды. Өзі Ташкентте -Ерлер гимназиясын алтын медальмен бітіріп тұрғанда, директоры медальді орыс-баласына бергісі келіп, орыс баласы бас тартты [5].

Міне, қалқанша безімнің ауытқуға ұшырауының себебі - белгілі бір жасқа келгенде, «Елдің алдына шығу, шындықты ашып айту, тура жолмен таза жүру қауіпті» деген қорғаныш факторының іске қосылуында екендігін түсініп, бейбіт, тәуелсіз, еркін елдің ұрпағы ретінде, психологиялық жұмыс жасау арқылы, бейсанадағы кез келген уақытта автоматты түрде іске қосылатын бағдарламаны Тектанушы мамандардың көмегімен реттедік.

Маған жеке келіп түскен мына хаттардан (түпнұсқасы орыс әріптерімен жазылғандықтан, тек фонетикалық қана түзетулер енгізілген) Мұстафа Шоқайдың жақын туысының жан айқайы арқылы, оның бүгінгі, заманауи бейнесін көре аламыз:

1. - «Мұстафаны зерттеген адам ен жақыны кім? Олардың корғенин ешкім корген жоқ, Бейбит омирде Мадияр мен Данияр акелеримиздин естимегени жоқ. Ен акыры сол оз акелеринин атын айтуға, кинали адамдай болып журетин, Бала болсакта мени «Совет мектебинде окуға тиисти емес, Жаудын туқымы» -деп келеке ететин, «Франц " - операциясын калай уйымдасты, Оган катысты кимдер? Ол кай жерден басталды?- осыған жауап айтатын адам жоқ, Менин колымда кунды дерек бар. «Франц операциясы"- Шокай бабанын отбасын анду, тинту, кампескелеуден басталған, Ал келер урпак бул жонинде ештеңе билмейди!».

2. - «Шоқайдың - Сыздық, Мұстафа, Нуртаза деген үш ұлы болған, осы Мұстафаның өзінен ұрпақ болмағанымен, «ағасы мен інісінің балалары өмір бойы қуғын көрді, жазықсыз атылды, оны ұрпағы болмаса не үшін атты?»

3. - «Бір туған немере Қалымбет атаның баласы - Мырзеке де туысы болғаны үшін атылған, ал осы жазықсыз атылғандардың ұрпағына кім араша түсті?»

4. - «Революция «жетістіктері» кесірінен жыл санап халі мүшкілденіп, мүдделері жаншылған, күнкөріс қамы әбден қиындаған халқының қасіретіне жүрегі қан жылаған Мұстафа Шоқай бұл жағдайдан шығу жолдарын іздеген. Осылайша елдегі жағдай туралы тұрақты түрде келіп отырған хаттар арқылы біліп отырғаны оның мұнда Түркістанның өкілі ретінде қызмет еткенінің дәлелі. Осы хабарламалардың негізінде ол Тбилисиде жарық көретін басылымдарға мақалалар жазып, демократияшыл күштердің назарын аударуға тырысқан.»

Мұстафа Шоқайдың алыста арман боп қалған халқының қасіретіне қан жылаған қасіретінің сипаты мен ең жақын бауырының бүгінгі ашынып жазған хаттарында да, билікке үнін жеткізе алмай жылаған жүректің ұқсас үні бар. Бұл іспеттес хаттарды алдағы уақытта, басқа да саяси қуғын - сүргін құрбандарының, алаш ардақтыларының ұрпақтарынан жинастырып, талдап, қолдан келгенше психологиялық көмек көрсету, ғылыми тәжірибелер жасау жоспарда бар.

Тектануға келгелі, әрдайым, «жолы болғыштық» қасиетімді Мұстафа атаммен байланыстыратын болдым. Тегімді тарқата келе, мен Мұстафа

Шоқайдың ұрпағынан екенімді жиі айтатын болдым. Ол - менің атам! Мұстафа Шоқай өз ұрпақтары үшін үлкен ресурс!

Өз атам Зайырдың айтуынша: Қыпшақтың Шашты руынан тараған Арыс деген ұлынан екі ұл туған: Қалдау және Кәлке. Қалдаудан – Торғай, Кәлкеден – Әжібай аталықтары бастау алады [6].

Дәл осы тұста, Мұстафа - Торғайдан тараса, Менің аталарым - Әжібайдан тараған. Торғай-датқа Қуатбай-ұлы (1792-1872 мен Әжібай-би Қарпық-ұлы (1791-1866) үзеңгілес, замандас әрі өз елін бірігіп басқарған ағайынды бауырлар. Мен - Әжібайдың алтыншы ұрпағы болсам, Мұстафа Шоқай - Торғайдың үшінші ұрпағы.

Шежірелік аңыз бойынша Торғай датқа 80 жасқа келіп отырғанда дүние салар шағын күн бұрын болжамдап балаларын шақырып алып, мен қайтқанда жаназамды Әжібайдың Тоқпамбеті басқарсын деп тапсырған екен. Бұл шешім тегіннен-тегін болмаса керек. Астарында әлгіндей қатарластық, немере-туажаттық жолды меңзегендік болса керек. Әйтпесе, Торғай қайтқан жылы (1872ж.) оның өз ұлдары үлкен мансап иелері: Шоқай – болыс, Әлім – обылыс өкілі. Жаназа түгіл ел басқарып ысылғандар [6]. Ал, Тоқпанбеттен Иман, Иманнан Зайыр, Зайырдан Ғабит, Ғабиттен – Мен, яғни Гүлбаршын боп тараймыз. Ал, Торғайдан тараған Мұстафа Шоқайдың жақын туыстары, солардың ішінде Бақтияр, Қажымұрат аға деген кісілердің Зайыр атам мәңгілік мекеніне аттанғанда, жаназасына келгені көз алдымда. Үлкендер жағы, Мұстафаның туыстары келді деп, абыр-дабыр боп жатқаны есімде. Ол кезде Мұстафа Шоқай туралы дерек айтылмайтын, айтылса да, өте аз, ғалым - жазушылардың арасында тарқатылатын. Зайыр атамның біраз немересі болса да, солардың ішінде менің ғана есімде қалған екен, осы оқиға. Өйткені атамның бауырында өстім. Елдің бәрі ата дегенге, атамның есімі Ата екен деп, фамилиямды Атаева деп ауыстырайыншы деп риза да қылған екенмін Зайыр атамды. Сүйікті немересін қойнына құшақтаған Ата жарықтық, әрине бүкіл аңыз, шежірені құлағыма құя беріпті.

Әсіресе, қыпшақтар туралы, жеті атамыз бен өз атасы - Әжібай Қарпықұлы жайында ел аузында қалған аңыздарды көп айтатын. Мұстафа Шоқай туралы атамнан өте көп еститінмін. Атам газеттің қиындыларын сақтап жүретін, ішінде нақты не жазылғаны есімде жоқ. Бес қабаттап төселген тері бөстектен жасалған төсектің жанында ылғи көк төмбешке (тумбочка) тұратын. Оның ішінде тек қана газеттер мен кітаптар болатын. Және радиосы бар. Үнемі уақытын жібермей жаңалықтар тыңдайтын. Сол көк тумбочканың артындағы қабырғада Мұстафа Шоқайдың суреті көк изолентамен жабысып тұратын. Көк тумбочканы ақырын итеріп маған көрсететін де: «Мынау сенің атаң,- дейтін. Ол қайда тұрады?- десем, - Ол анау телевизордың ішінде тұрады. Кейін, өскенде, телевизордың ішіне кірсең, сол атаңды таба аласың, - деп жауап беретін. Содан, сол телевизордың ішіне кіру арманым болды. Теледидардың ішіне қалай кірем деп шұқылай беретінмін. Сонда атам шынымен-ақ, балаға баланың тілінде жауап береді екен ғой. Ол үшін оқуың керек, өсуің керек демейді, телевизордың артында өзінің кілті бар, саған сол кілтті тауып берем, соны

ашқан кезде кіресің десе, кәдімгідей сенетінмін. Мұстафа атамның суретіне қарап, кішкентай болғандықтан сиып кеткен екен ғой,- деп ойлайтынмын. Атамның соған кірсең, Мұстафа атаңды тауып аласың деген аманатын ұғуға өрем жетпеді ме, жылдар өтіп, бойжетіп, телевизия саласында жұмыс атқарып, журналист боп жүргенімде де ұқпаған мен, Мұстафа Шоқай атамды да, ол жайындағы деректерді де сол күйде іздемеген екенмін...

Мұстафа Шоқайдың аталас туысым екендігіне, оны зерттеп, ізденуіме де түрткі болған осы Тектану ілімі болды. Тектану - өзіңнің шежіреңе, ата тегінде болған оқиғаларға талдау жасау. Бүгінде осы «Тектану» ілімінің арқасында, атамның теледидар жайындағы жұмбағын шешіп, аманатын орындағанымды, және Мұстафаның суретін көк тумбочканың артында не үшін жасырып ұстайтынын бүгін ғана түсініп жатырмын....

Атам үлкен ұлдары мен қыздарын Мәскеу мен Алматыға оқытып, кенже ұлдарын шала - пұла оқытып, елге ерте қайтарып алып, жанында ұстаған екен. Атамның белгілі бір жасқа келгенде оқыстан пайда болған қорқыныштары мен үрейін мен енді түсініп жатырмын. Кезінде өзін Мұстафаның інісі болғаны үшін де кінәлі сезінген Зайырды, сыртқа кетсе ұрпағынан айырылардай сезім билеп алған екен. Кеңес үкіметі, Мұстафа Шоқайдың барлық бауырларын, туыстарын, туыстарының балаларын да, тек қана Мұстафаның туысы болғандығы үшін ату жазасына кесе бергендіктен, Мұстафаның туысымыз, тіпті танимыз деп айтуға бәрі қорқып қалған. «Текте болған қорқыныш синдромы мен ішкі конфликттер, кейін, араға 2-3 ұрпақ салып, міндетті түрде әртүрлі формада қайталануы мүмкін.

Мәселен, мен мектепте мұғалім болып қызмет атқарғанымда, мені жұмысқа алған директорымыздың орнына орыс өкілі келгенде, мені орнымды босатуыма мәжбүрлеген болатын, сондай - ақ, телеарнада жұмыс жасап жүргенімде, басшымен конфликтке келе беретінмін. Менің тарапымнан, тікелей эфирді жүргізетін болғандықтан, бағдарламаның сценариймен келіспеушілік көп туындайтын. Ақыры, пандемияның алдында, өз еркіммен арыз жазып, жұмыстан шығып кеттім. Тегімді талдау процесінде түсінгенім - мен де Мұстафа атам сияқты, шындығымды жеткізе алмаған жерден, басшылықпен түсініспей, кетіп отырғанмын. Ал, басшылық - биліктің белгісі.

Мидағы бұл мәселені де бейбіт заманның еркін ұрпағы ретінде қабылдап, психологиялық талдау жасау арқылы жөндеп алдым.

Мен атамның тұңғыш немересі, марқұм Сәкен ағамның, мектепте Алпамыс жырып оқып, шабыттанып келгенінде туылыппын, содан маған аты аңызға айналған Алпамыстың адал жары - Гүлбаршынның есімі бұйырған екен. Атам Зайыр да, өмірден озарының алдында мені Мәскеуден кандидаттық қорғап келген оқымысты тұңғыш ұлы Сәлімге мені, «Алматыға қалаған оқуына түсіресің, қызым теледидарға кіруі керек, мынау оқуының ақысы», деп, бөстегінің астынан іші 25 сомдық қызыл ақшаға толы, бірнеше бүктелген газетті алып, қолына тапсырып, аманаттаған екен. Сәлім әкем өз әкесінің аманатын орындап, менің журналистика факультетіне тапсырам

дегеніме: «Ресейдегі Влад Листьев сияқты біреулер өлтіріп кетер, журналист болмай-ақ қой, филологияны оқып алсаң, кітап жазып үйренесің, сөз қадірін түсінесің, және филологтың дипломымен журналист болуға әбден болады, ал журналисттік мамандықпен филолог болып жұмыс жасай алмайсың» деп көндірді.

Ұлы атамыз Мұстафа Шоқай - биік санаттағы публицист, журналистикамен де айналысқан. Бірнеше тілде баяндама жасаған, өз елінен өзгенің барлығы мойындаған тұлға. Англияда ағылшынша, Германияда немісше, Францияда французша, Түркияда түрікше, одан бөлек қырғыз, өзбек тілдерін де жатқа білген. Сол түркітілдес халықтардың мүддесін қорғаймын деп, солардың басын біріктіремін деп, түркі тілдес қандастарының кеңес өкіметінің езгісінде екендігін еуропа мен шет ел басылымдарында ашық көрсете алған, тұтас Түркістанның азаттығын аңсаған Мұстафа Шоқай - Сталинге де, кеңес одағы үкіметіне де, билікке де, большевиктерге де әрине жақпады да, қудаланып, қара күйе де, жала да жабылды. Міне, осы жерде де, тегімізде журналисттікпен айналысып, “халық жауына” айналып, саяси құрбан болған ата - бабаларымыздың ұрпақтарының ішкі бейсаналық үрейі мен қорқынышы - Сәлім әкемнің бойынан орын алуы, және мені «қауіпті» мамандықтан алшақтатуы да, тектану ілімі бойынша заңдылық. Яғни, тегімізде, гендік жадымызда «журналист болу қауіпті» деген ақпарат бар болғаны анық. Бірақ, мен айтқанымнан қайтпай, бәрібір, филологиядан соң, журналистика факультетінің магистратурасын тәмәмдап алдым.

2021 жылдың желтоқсан айында, Астана қаласындағы №51 мектеп гимназиясына Мұстафа Шоқай есімінің ресми берілуі және тұңғыш рет мектеп ішінде болса да, Мұстафа Шоқай еңбектеріне арналған ресми мұражайдың ашылуы - Мұстафа Шоқай ұрпақтары мен ағайын - туыстары үшін ғана емес, Түркістан азаттығы үшін ғұмырын жат жерде сарп еткен аяулы тұлғаның қиын тағдырын түсінетін әр ҚАЗАҚ үшін қуанышты сәт болды!

Әлбетте, кез-келген ұлы тұлғаға арнап мұражай ашылғанда, артында қалған ұрпақтары, туыстары, жанашыр азаматтар сол кісінің ұстаған дүниесін, заттарын, киімдерін, ұстаған газет журналдарын, тіпті қаламдарына дейін өткізіп жатады. Ал, менің Мұстафа атамның артында жұбайы Мәрияммен түскен фото суреттері, жазған еңбектері мен еңбектерін жазуға тынбай қызмет еткен жазу машинкасы ғана қалған екен..

Мұстафаның өлімінен кейін, лагерь тұтқыны болған, Мұстафаның арқасында аман қалған музыкадан хабары бар, қазақ жігіті Әлім Алмат Мәриямды паналап, Мұстафаның рухын ұлықтап, рухани перзентіне айналады. Мәриям анамыз Мұстафаның қолда қалған еңбектерінің бәрін, өзінің Мұстафа жайында жазған естелік, күнделіктерін және ең құнды дүниесі - жазу машинкасын реті келгенде туған елге жеткізуді осы Әлім Алматқа аманаттаған екен. Ал, Әлім Алмат ол мұраны, Мұстафа Шоқай еңбектерін Парижде бірнеше жыл тұрып, француз тілінен Мұстафаның еңбектері мен мақала, баяндамаларын тікелей аударып, зерттеп, ғылыми

талдау жасап, бірнеше кітап жазып, жергілікті газеттерге шындыққа толы көлемді мақалаларды қорықпай жариялап отырған қазақтың қайсар қызы - Бақыт Садықоваға табыстайды.

Бақыт Садықова Мұстафаның машинкасын сұрап келген ғалымдардың ешқайсысына бермеген. Тіпті туысымын деп келген алыс ағайындарының қолының ұшын да тигізбеген. Мұражай ашылғаннан кейін, мектеп директоры - Жомартова Данара Мейрамбекқызы, музей меңгерушісі - Салтанат Сексенбайқызы үшеуіміз, Әбдіжәлел ағаның ақ батасымен, машинканы қолға түсіріп, құнды жәдігер ретінде мұражайға қою жоспарын құрып, іске кірістік. Мектептен және Мұражайдың ашылғандығы туралы ресми құжатпен Алматыға арнайы іссапармен жеткен Салтанат екеуіміз Бақыт Садықованың мекен жайын сұрастырып жүріп тауып, пәтеріне бардық. Подъезге сол үйдің тұрғындарына ілесіп, кіріп алғанымызбен, пәтердің есігін екі күн бойы ешкім ашпады, екі күн бойы күні - түні торуылдап жүріп, көршілерімен танысып, жалынып жүріп, пәтерінің телефон номерін сұрап алып, қоңырау шалдық, бірақ ешкім жауап бермеді, пәтердің есігінің сыртынан үйдегі телефонының шырылын естіп тұрдық, есікті ұрдық, бірақ жауап болмады, Үшінші күні дегенде, Әлия Нұрпақызы хабарласып, Бақыт Садықованың «фейсбук» әлеуметтік желісіне жариялаған, Бақыт апайдың пәтеріндегі газ плитасының бұрағышы сынып қалған болу керек, үкімет пен билікке бағытталған, өкпе мен ренішке толы, және өзінің ұялы телефон номерін көрсетіп жазған шағын мақаласының көшірмесін жіберді. Құдайдың құдіреті, осы жерде мен тағы да өзімнің Мұстафа атам сияқты жолымның болғыштығына тәнті болдым, себебі, ол мақаланы Әлия апай оқып, суретке түсіріп үлгереді де, маған жібереді. Ал, Бақыт апай, сәлден соң-ақ ол жазбасын өшіріп тастаған... (мүмкін өзінің шет елде тұратын қызы, тел номерін көрсеткен соң, жалғыз тұратын анасына уайымдап, алғызып тастады ма екен?..

Дереу, көрсетілген ұялы телефон номеріне хабарласып, Бақыт Садықоваға мән - жайды түсіндірдік, ол кісі сонда да бізді кіргізе қоймады. Бақыт Садықова да Міржақып Дулатов атамның ауылдасы, әкесі Исайын бозбала шағында Жүсіпбектің көзін көрген, қолына кісен салып, абақтыға әкетіп бара жатқанда, Міржақыптың аузынан шыққан соңғы өлең шумақтарын жаттап, қағазға түртіп үлгерген екен.

## **МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ. ҰЛТШЫЛДЫҚ ТУРАЛЫ**

Алыстан «Алаш!» десе аттанамын  
Қазақты «қазақ» десе мақтанамын  
Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

Яғни, Мұстафа Шоқайды ашық зерттеп, ашық дәріптегені үшін Бақыт апайымыз да өзінің айтуынша, талай көзге көрінбейтін теперіш көріп, қудалауға ұшыраған. Әлі күнге КГБ-ны «үш әріп» деп атайды, КГБ туралы айтқанда, сыбырлап, құлағыма айтады. Гендік жадта жатталып қалған үрей

мен қорқыныштың әсерінен адам баласына деген сенімсіздік туады, салдарынан, қиындық көрген адам оқшауланып, көзге көрінбеуге тырысады. Бақыт Садықова туралы болашақта бөлек кітап жазылатынына сенімдімін, сол жерде бүкіл шындықтың беті ашылатынына күмәнім жоқ.

Сонымен, суық подъезде әбден тоңып, шаршаған Салтанат екеуімізді Бақыт апайымыз үйіне кіргізіп, сұрақтың астына алды. Астанада мектепке есімі беріліп, ресми мұражай ашылғандығын аузымыз көпіргенше айтып, ресми құжаттарды көрсетіп, әлек - шәлегіміз шықты. Сөзімізге сенгендей болып, құжатты қарап шыққан апамыз, тозығы жеткен, ескі шифоньердің есігін шықылдата ашып, шаң басқан қорапшаны алып шықты да, ішінен Мұстафаның өз қолымен күндіз күлкісіз, мақпал түндерде ұйқысыз отырып елім деп еңбектерін сартылдатып жазған, кішкентай ғана қара жазба машинкасын алып шықты. Салтанат екеуіміз таптық-ау деген қуанышпен бермей, айнып қала ма деген қорқыныш билеген көздеріміз алақ - жұлақ етіп, не айтып, не қойғанмызды түсінбей, сыйлыққа деп әкелген ұлттық нақышта тігілген көрпемізді Бақыт апайға тыққылай беріппіз. Ол кісі сыйлықтарымызды есікке қарай лақтырып жіберді де:

- “Мен Мұстафаның дүниесін ешкімге, ешқандай құнға сатпаймын, ештеңелеріңнің керегі де жоқ” деді зілді үнмен. Салтанат екеуіміз үрпиісіп, үндемей қалып едік:

- «Жә, сендерге берем, тек мына музейлеріңнің құжаттарын дұрыстап, бекітіп алындар, мен 30 жыл бойы қызғыштай қорыған дүниеден айырылып қалмаңдар, бар, кетіңдер, мен айнып қалмай тұрғанда” - деді де, бірнеше газет қиындыларын, Мұстафа мен Марияның қолымен достарына жазған хаттары, открытка, суреттерін қоса берді!

Қуанышымыз қойнымызға сыймай, Салтанат екеуіміз, Салтанаттың құрбысының үйіне барып, машинкамен олай да, бұлай да суретке түсіп, естелік видео жасап, мәз болдық. Мен сол күні «Тектану» бойынша сабақта болғандықтан, Салтанатты вокзалға Болат ағам шығарып салды. Ал, Астанадан Әбдіжәлел Бәкір ағайдың өзі күтіп алып, мұражайға орналастырды.

Мені Зайыр атам тұңғыш ұлы Сәлімге қалай аманаттаса, мен де Мұстафа атамның және «Ата бабааларымның құпия дұғасын» аманатқа қиянат жасамай, орындап, тегімнің алдындағы перзенттік парызымды өтегендей сезіндім.

Енді алдағы уақытта, Мұстафаның әрбір ұрпағының Әкесінің үйіндей болған мұражайға, Мұстафа Шоқайдың Түркия елінде қалған төлқұжатын, Ресейден берілген “Санкт-Петербурдың құрметті азаматы” деген медалін, Қазақстанда мөріні, т.б. құнды жәдігерлерін тауып, өткізу міндетте тұр.

Мен биыл Париж бен Берлин сапарларынан әртүрлі себептермен екі рет қалып қойдым. Біріншісінде - Әбдіжәлел аға мен Сағат Тайманұлымен бірге ғылыми жобамен баратын іссапардан, визам шығып, қолда билетім болса да, өкпемен суық тиіп, қатты ауырып, төсек тартып, бара алмай қалдым. Екіншісінде - күйеуім туған күніме орай «Атаң мен Әжеңе апарып қайтайын» дегесін, бірге баратын боп дайындалған едім, билет алынған күндерге визам

шықпай қалды. Ойланып, генограммнан Әлия апайым екеуіміз себебін іздеп көрдік: кезінде Мұстафа Шоқай мен Мария Шоқай Парижге өз ықтиярымен бармағандықтарын, сол еріксіз сапардан қайтып елге оралмағандықтарын, және сүйектері сол екі елде қалғандықтарын ескеріп, қауіпті бағдарламадан қорғайтын факторлардың жұмыс жасап кеткенін түсіндік...

Қазір, өзімнің бейбіт заманда, өз еркіммен, қыдырып барып, аман-есен елге оралатындығым туралы бағдарлама түзіп жүрмін. Алла қаласа, Ұлы Атам мен Ұлы Анамыздың алдына елеулі еңбек жасап, біраз парызымды өтеп, «Арыс» баспасынан шыққалы отырған Мұстафа Шоқай туралы энциклопедияға үлесімді қосып барып, “ұялмай” баруға бел будым.

2022 жылы қарашаның 24-де Қазан қаласына, татар ұлтының тарихшы, этнограф, режиссер, психолог, және мемлекеттік шендегі азаматтары мен кәсіпкерлерінің, жалпы, татар зиялы қауымының шақыруымен - Мен, Әлия Сағымбаева, Сауле Мусина үшеуіміз «Тектану» тақырыбында өрбіген сұрақтарына жауап беру үшін іс сапарға барып қайттық. Қай елде жүрсем де, сол елдің Мұстафа Шоқайға қандай да бір қатысы барын іздеу- маған әдетке айналғалы қашан?!

Әбдуқап Қара ағамның сілтеуімен, Татар халқының ұлт күрескерлері, кеңес үкіметі тарапынан қуғынға ұшыраған, ұлт зиялылары Мұстафамен үзеңгілес замандастары, мүдделестері, Садри Мақсуди мен Гаяз Искақов туралы мәліметтер іздей бастадым. Олар жайында мынадай ақпаратқа кезіктім: «С середины 20-х гг. к Шокаю присоединился башкирский лидер Заки Валиди. Чуть раньше него здесь обосновались татарские деятели Юсуф Акчура, Садри Мақсуди и Гаяз Исхаки, азербайджанский деятель Алимардан бек Топчибашев. В 20-е годы эмигрировавшие из СССР в Европу представители интеллигенции организовали в Варшаве, объединившись под общим девизом в борьбе против сталинского режима «За вашу и нашу свободу», организацию «Прометей» [7].

Бір қызығы, әрі жан қынжылтарлығы - татар халқының бәрі бірдей өз ұлт күрескерлерін тани бермейді екен. Бірақ, бізді күтіп алған заманауи зиялы қауым өкілдері, ұлты мен тіліне жаны ашитын тарихшылар, жазушылар, режиссер, продюсерлер, психология саласының үздік мамандары болғандықтан, Мұстафа Шоқайдың есімін атағаннан бірден танып, құрметтерін көрсеткендері жүрекке жылу сыйлады. «Тектану» іліміне зор ықыласпен қызығушылық танытқан татар халқы Әлия Сағымбаева бастаған қазақ тектанушыларын жылы қабылдап, алты сағат бойы, «Ата тек заңдылықтары» жайында тапжылмай тыңдап, соңынан көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, алла қаласа, Қазақстанмен байланысты «Тектану» арқылы күшейтетіндіктерін айтып, риза болды.

Белгілі ақын, жазушы, этнограф, мұстафатанушы - аңыздағы Жиделі - Байсын жерінен шыққан Байбөрінің Алпамысының ұрпағы - Қасымхан Бегманов ағаммен Мұстафа Шоқайдың ұрпағы ретінде танысып, есімімді естігенде, «Гүлбаршын, қызым, сен менің ұлы шешем Гүлбаршынның есімін аркалап жүргенің үшін, және менің саналы ғұмырымды арнаған ұлы

Мұстафамның ұрпағы болғаны үшін сыйлаймын да, жақсы көремін” деп айтқан болатын. Бала кезімде, айналамның бәрі “Айнұрлар мен Айгүлдерге” толы болғанда өзімнің көне заманды еске салатын есімімді атауға ұялып, «Гуля» деп танысатынымын. Әдемі, тарихи мағынасы зор есімнің иесі екендігімді сезіндіріп, өз есіміме құрметпен қарауға мұрындық болған Қасымхан ағама алғыс білдіремін!

Сондай ақ, Сталин Мұстафа Шоқайды ұстауға бірнеше мың сом тағайындағанын тарихтан білеміз. Мұстафа Шоқайды бірақ ешкім қолынан жетектеп те, желкелеп те әкеле де алмады, Алла тағала, Мұстафа мен Мәриям анамызды ажалдан өзі сақтап отырды. Оның бәрі тарихта, ғалымдардың еңбектерінде, естеліктер мен кітаптарда жазылған. Жалпы, Мұстафа Шоқай жайында бүгінгі таңда ғылыми еңбектер баршылық. Дәл осы тұста саяси ғылымдарының докторы, француз филологиясының профессоры, Мұстафа Шоқайды тұңғыш зерттеген, француз және орыс тілінді бірнеше кітап жазған, Прометей қозғалысы дайында толық зерттеу жүргізген қазақ қызы, шоқайтанушы **Бақыт Садыковаға**; Түркиядағы Миман Синар университетінің бас оқытушысы, профессор, түрколог, тарихшы, мұстафашоқайтанушы, ғылым докторы, Әлемде Мұстафа Шоқай еңбектерін зерттеу бойынша тұңғыш докторлық диссертация қорғап, 2004 жылы «Арыс» баспасынан шығарған «Мұстафа Шоқай» кітабы үшін, және де түрік, француз тілдерінде басқа еңбектер басып, бірнеше кітап жазған, Еуропа мен Азияда насихаттап, дәріптеп жүрген еңбегі үшін **Әбдуқап Қараға**; Ұлы Атамыздың есімі берілген мектеп пен мектеп ішінен ашылған мұражайға аса қамқорлық танытып, мұғалімдер мен оқушыларды аса ыждағаттылықпен қолдап жүрген, саналы ғұмырын саналы түрде Мұстафа Шоқай және Алаш ардақтыларын ақтауға арнаған, қарттығын құрметпен қарсы алған, Мұстафаның әр ұрпағына сый құрметін аямаған, аса қадірлі, аса құрметті ақсақал ағам, аяси ғылымдар докторы, профессор, шоқайтанушы **Әбдіжәлел Қошқарұлы Бәкірге**; мұстафатанушы ғалым, қоғам қайраткері, Мұстафа Шоқай еңбегі бойынша тұңғыш диссертациялық жұмысын қорғаған ғалым **Дархан Қыдырәліге**; Сондай ақ, көрнекті ақын, жазушы, этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, «Мұстафа Шоқай жолымен» атты экспедициясын ұйымдастырушы әрі жетекшісі, тұңғыш рет Мұстафа Шоқай туралы “Менің Мұстафам” атты пьесаны М. Әуезов атындағы театрда сахналанып, өз халқына Мұстафаның ұлты мен бүкіл түркі тілдес бауырларының мүддесі үшін, Түркістанның тұтастығы мен азаттығы үшін жанкештілігін суреттеп, Мәриям анамыздың үнімен жетуіне зор үлесін қосқан, кезінде Мұстафаны сатқын деп жала жапқысы келген “Флеш” газетінің журналистсымақтарымен жалғыз өзі соттасып, баспасөз - ақпараттық шайқастан ұлы Мұстафаның атын ақтап, ұлықтап алып шыққан қайсар ағам - **Қасымхан Бегмановқа** және де ҚАЗАҚ ғылымына зор үлес қосып жүрген, Мұстафа Шоқай және қуғын - сүргінге жазықсыз ұшырап, жала жабылып, күйе жағылған асылдарымыз туралы, АЛАШ ардақтыларын ақтап, тұшымды, тұжырымды, көркем, ғылыми, публицистикалық еңбектер жазып, әлеуметтік желілерде белсенді



насихаттап жүрген алаштанушы, жас тарихшы **Елдос Тоқтарбай** бауырымызға; басқа да ғалымдарға, тарихшы, этнограф, жазушы, ақын, суретші, жас ғалымдарға, жүрегі «елім» деп соққан, ұлтшыл жастарға, ұстаздар қауымына, дарынды студенттер мен оқушыларға, тарихымызға қызығушылық танытып, зерттеуге бет бұрған барша жас буын өкілдеріне, жеткіншектерімізге Мұстафа Шоқай ұрпақтарының атынан шексіз алғысымды білдіремін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметова З. Бабалар аманаты. Алматы, 2017, 415 бет
2. Уоллин М. Все началось не с тебя. [https://www.google.kz/imgres?imgurl=https://img1.labirint.ru/rcimg/da23c0ce4f29aa35bad10afb3d65ec97/960x540/books77/760909/ph\\_001.jpg?1669271107&imgrefurl=https://www.labirint.ru/books/760909/&tbnid=HE9OagAVWCQLFM&vet=1&docid=o3MyQH3TvD5R3M&w=428&h=540&source=sh/x/im](https://www.google.kz/imgres?imgurl=https://img1.labirint.ru/rcimg/da23c0ce4f29aa35bad10afb3d65ec97/960x540/books77/760909/ph_001.jpg?1669271107&imgrefurl=https://www.labirint.ru/books/760909/&tbnid=HE9OagAVWCQLFM&vet=1&docid=o3MyQH3TvD5R3M&w=428&h=540&source=sh/x/im)
3. Тектану ілімі. <http://balbal.kz/bilip-jur/tektanu-ata-zhe-stsenarist-keshe-rezhisser-bala-akter/>
4. Әбдуақап Қара. Informburo.kz 2 қараша, 2022 ж.
5. Әбдіжәлел Бәкір. «Ана тілі» газеті, 2020 жыл, 22 қаңтар, Қарагөз Сімәділге берген сұқбатынан
6. Сәлім Иман Зайырұлы. ӘЖІБАЙ-ұрпағы // 25 қазан 1998 ж. Республика күні!] Все права защищены. Используйте активную ссылку на pricom.kz <https://pricom.kz/obshhestvo/mustafa-shokaj-yarkoe-ima-v-pleyade-borcov-za-nezavisimost.html>
7. Қыдыралина Ж. // <https://pricom.kz/obshhestvo/mustafa-shokaj-yarkoe-ima-v-pleyade-borcov-za-nezavisimost.html>

## **«ЖАС ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ БҮКІЛ ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ АЗАТТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСІ**

**Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы** - Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Тарихи демография және ҚХА бөлімінің бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д., доцент

Қазақ халқы Мұстафа Шоқай өмірін жастарды патриотизмге, ұлтсүйгіштікке баулудың, елдің, жастардың дамуы жолындағы күрескер ретінде тәрбиелеудің үлгісі ретінде қабылдайды. Бүкіл түркі әлеміне танымал жерлестерін мақтан тұтады. Міне, осындай жағдайда шынайы гуманист, энциклопедиялық білімдар, ірі ойшыл ретіндегі Мұстафа Шоқайдың дүниетанымын, шығармашылық мұрасын танып, талдау негізінде көпшілікке насихаттау ерекше маңызды.

Бар ғұмырын «азат және біртұтас Түркістан құру» идеясына арнаған жән сол жолда тынбай күрескен алаштың ардақты азаматы Мұстафа Шоқайдың өмірі мен саяси қызметі осыған дейін біршама зерттелді. Әнуар Әлімжанов,

Бейбіт Қойшыбай, Кеңес Нұрпейісов, Мәмбет Қойгелдиев, Дихан Қамзабекұлы, Бақыт Сыздықова, Көшім Есмағамбетов, Дархан Қыдырәлі, Абдулуахаб Қара, Т.б. зерттеушілер осы тақырыпта ғылыми-зерттеу еңбектер жазды. Одан бөлек шығармаларының алдымен таңдамалы қос томдығы, кейінен толықтырылған үш томдықтары шарық көрді. Арнайы фильмдерде түсірілді.

2015 ж. ғылыми мәні зор тұжырымдар мен қорытындылар жасаған, оның шынайы азаматтық және күрескерлік болмысын нақтылап көрсеткен Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы жарық көрді. Оған дейінгі 3 томдық шығармалар жинағының өзі де Мұстафа Шоқай феноменінің Түркістанның, түркі халқының мұңзарын жоқтап, тығырықтан шығар жолын іздеген, тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға екендігін көрсеткен болатын. Белгілі мұстафатанушы Көшім Есмағамбетовтың басшылығымен жарияланған Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы бұл тұжырымды одан ары тереңдетті.

Бұл мақалада жарияланған еңбектер мен құжаттар жинағындағы деректерге сүйене отырып, Мұстафа Шоқайдың мол мұраларының арасынан оның эмиграциядағы Париж бен Берлинде 1929 жылдың желтоқсанынан 1939 жылдың қыркүйегіне дейін, яғни 10 жыл бойына шығарып тұрған «Жас Түркістан» журналының бүкіл түркі жұртының азаттығы үшін күрестегі орны туралы мағлұматтар мен тұжырымдарға тоқталайық. Бұл мақсатта мұстафатанушылардың зерттеулері мен олардың ізденістері арқасында жарық көрген деректерге сүйенетінімізді айтып кетейік.

1-ден, журналдың түпнұсқасы еліміздің бірде-бір кітапханалары мен мұрағаттарында жоқ. «Жас Түркістан» басылымының барлық сандары Нью-Йорктағы Колумбия университетінде, Анкарадағы Аяз-Тахир Түркістан Еділ-Орал қоғамының кітапханасында сақталған. Америкадағы нұсқасына байланысты зерттеушілердің анықтағаны -Мұстафа Шоқайдың қазасынан кейін оның кітаптары Париждегі музейде сатылымға шығарылады. Міне, осы кезде кейбір жеке кітаптарымен бірге «Жас Түркістанның» Мұстафа қолындағы сақталған 10 томдық түпнұсқасын да Колумбия университеті сатып алған. «Жас Түркістанның» бұл сандарында Мұстафаның араб жазуындағы қолтаңбалары, керек жеріне жасаған түсіндірмелері мен жазбалары бар делінген[1,84б.].

Журналдың 1930 жылғы 19 марттағы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған үзінді арқылы «Түркістан» атты мақаласында Мұстафа Шоқай орыс большевиктерінің ұлт, халық қалауымен еңбекшілердің мәдениетін жасаймыз деген шараларының іс жүзіндегі мәнісін ашып көрсетеді: «Орыс тілі Қазақстанда мемлекет тілі; орыс тілі қазақ пролетариатына, қазақ жұмысшыларына басшылық жасап тұрған орыс пролетариатының тілі. Орыс тілі ғылым-техника саласында жер жүзіндегі ең бай тіл. Сол үшін орыс тілін білу Қазақстанның әрбір жұмысшына міндетті. Осы жағдаймен қазақ мектебі оқушыларына орыс тілін жақсы үйретіп шығарған уақытта ғана совет мектебі бола алды. Сол себепті қазақ мектептерінің орыс тілі міндетті пән болып оқытылып, маңызды орын алуда» деп қазақ тілінің қолданыс аясының

тарылуының қандай жолдармен жүзеге асып жатқандығын айтады [2,153-154бб.].

«Жас Түркістан» журналы-таза саяси басылым болды. Журналда жарияланған өлеңдердің көркемдігінен гөрі күрескерлік рухы басым. Журналдың алғашқы басылымдарында алаш ардақтысы Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан», «Алыстағы бауырға» өлеңдері жарияланды[1].

«Жас Түркістан» журналының басқа басылымдардан басты ерекшелігі-жарияланған мақалалардағы сынның өткірлігі. Атамекеннен қашықта жүріп-ақ, елдің жағдайын, саяси-экономикалық реформалардың барысын және олардың нендей мақсат, қандай мүддеге негізделгенін тап басып тауып, дөп басып айтып отырады. Тек айтып қана қоймай, нақты дәлел, қисынды кесім, бұлтартпас факт арқылы сараптама жасайды. Сондықтан оның бұл сынынан большевиктік империяның өзі сескенген. Мысалы, Сталин, жаңсақ пікірлерін әшкере қылғаннан соң,«Жас Түркістандықтар» дерек көзі ретінде сілтеме жасаған «Еңбекші қазақ» газетіне өз бұйрығымен қатаң сөгіс жариялатқан. Ал одан гөрі ұлтқа көбірек жақындау «Ақ жол» газеті «Еңбекші қазақ» салқынымен жабылуға мәжбүр болған. Оны «Қазақстанда» атты мақаладан большевиктердің әрекеттері, яғни ұлт жікшілдігі, отарлық көрінісін көруге болады: «Қазіргі большевиктер дәуірі мен патшалық Россия дәуірі арасындағы «қазақтардың орыстармен барабар құқықты» болулары турасындағы айырмашылығын көру үшін «Еңбекші қазақ» газетасының 30 октябрь нөміріндегі бір жазбада былай делінген: «Біз Түркістан-Сібір темір жолының оңтүстік бөлігінде екінші бөлім сегізінші топта август айынан бері істеп келеміз. Қызметтегі жүз адамнан бірқаншалары тұрмыс нашарлығынан шығып кетті. Қазір сексен шамалы жалданушы бармыз. Тұрмысымыз нашар, жататын жеріміз (квартираміз) суық; үйлерімізге қазірге шейін пеш қойылмаған. Бұл жайды іс басындағы «Шебелков» деген кісіге (орыс) бірнеше мәрте арыз да бердік. Ешбір тындалмастан қалды. Мұнда біздермен бірге істеп жүрген бір группа(артель) орыстар бар; бұлардың үйлеріне әлдеқашан пеш қойылған. Біздерде жатқан үйлеріміздің суықтығынан ауырып жатқандарымыз тағы бар. Осы күнге шейін біз монша көрген емеспіз; монша алыс. Әр апта моншаға барып келмек үшін көлік сұраймыз, бермейді. Бірақ орыстарға әр апта көлік тағайындалған, олар апта сайын моншаға түсіп тұрды. Жалпы жұмысшылардың арызы: бірінші, моншаға барып тұрсақ еді; екінші, істеген қызметіміздің тиесілі ақысы берілсе; үшінші, орыс, қазақ деген парық болмаса; төртінші, бір мұғалім жіберілсе екен»деген шағымдарына қарап әншейінде адамдардың құқығы деп жар салатын Еуропаның осы жолы үндемей қалғанын Мұстафа былай дейді: «Америка, Еуропа және Африка жұмысшыларын төңкеріске шақырушы «Еңбекші қазақ» газеті басқармасы көз алдындағы қазақтардың орыс «пролетариат» қорлауына қарсы ол бейшаралардың құқығын қорғау үшін бір ауыз сөз жазудан да қашқан» [3] деп қынжылады.

«Жас Түркістан» басылымының ұстанымын айқын аңғартатын Мұстафа Шоқай «Керенский және Түркістан ұлттық әрекеті» атты мақаласында (№11, октябрь, 1930 ж.): «...көптен Түркістан тәуелсіздігі

пікрінде болған жағдайымызды орыс демократиясымен бірге селбесіп те келдім. Мені бұл жолдан Керенскийдің «бюрократтық қадамы» да айырмаған еді. Тек халқымызға «хайуан», «орангутан» сияқты аттар тағылуы артық сабырымды жоғалтты. Мұншалықты масқараға шыдай алмадым. Мен Керенскийдің Россиядан бөлінбекші болған халықтардың қайраткерлеріне қаратқан үндеулеріне қарсы үн қосамын. Олардың ешбіріне сенбеймін деп жазады [4]. Бұл «Жас Түркістан» редакторының басылым бетінде жариялаған қатқыл көзқарасы болатын. Яғни, Мұстафа бәріне де көнуге бар. Көбіне де сабыр сақтай алады. Тек халқының қорлауына, елінің мазаққа ілігуіне шыдамайды. Бұл жолда көлденең келгендермен ақтық деміне дейін шайқасады. «Жас Түркістан» басылымының ең бірінші қорғағаны да Түркістан халқының жат қолындағы намысының тапталмауы, құқының аяқ асты етілмеуі еді.

«Жас Түркістан» журналының алғашқы сандарымен салыстырмалы түрде қарағанда жыл өткен сайын журнал жариялымдары өткірленіп, жай ақпараттан талдамалық, сараптамалық бағытқа көшкендігі байқалды. Оған «Үндістан-Түркістан» атты салыстырмалы мақаласы дәлел: « Дүниежүзілік соғысқа дейін Үндістан ұлы Британия императорлығының шикізат көзі мен фабрика тауары үшін базары болып келгені сияқты Түркістан да патшалық Россияның осыған ұқсас мақсаттағы бір отары болды. Ескі Россиядағы сияқты бүгінгі Россияда да Түркістанда атқарылатын барлық шарулар оны (Түркістанды) шынайы қорқынышсыз орыс аймағының бір бөлігі ету нысаны көздеде отырып жасалады және барлық зейіндер мен қолдаулар сол мақсатты жүзеге асырауға арналады.

Үндістандағы жағдайдан хабар тартқан Еуропа баспасөзі «отар үндістандықтардан» 400 мың кісілік армия болғанын, бұған қарсы отарлаушы Англиялықтардан Үндістанда 60 мың ғана әскер барлығын жазып отыр. «Тәуелсіз» Түркістан Республикаларында жергіліктілерден жасақталған совет әскері бар ма екен? Егер шынайы осындай бір күш болғанда Голощекин барша Қазақстан совет құрылтайына қарсы тұрып: «...бұл қарарыңызды атқару үшін әскеріңіз бар ма?» деп айбарланбаған да, сөкпеген де болар еді. Отарлық Үндістандағы бүкіл мекемелерде, тіпті темір жол мен почталарда да істейтін тізгін басындағы адамдар үндістандықтар. Түркістанда осыған тектес қандай шаралар көрілген? Мекемелерді жергіліктендіру, тұрғылықтыларға жақындастыру сияқты жамылғыларға жасырынып істеп келген ойындарын бүкіл әлем он үш жылдан бері естіп, көруде. «Отар Үндістанда» Англия басшысы Үндістан тәуелсізшілерінің төрағасының ультиматумын алғанда өкініш білдірсе, қызыл орыс басшылығы құқығын талап еткен Түркістандағы жерлік коммунистердің «басын жаншып», «өмірін қияды»[5, 133-135,138бб.].

«Жас Түркістан» басылымы өзіне басты бағыт етіп Түркістанның тәуелсіздігін, Түркістанның бостандығы үшін күресті ұстанды. «Жас Түркістан» көлемі жағынан кішкене болғанымен азат және тәуелсіз Түркістан байрағын көтеру міндетін өз мойнына алуымен және сол жолда қызмет етуімен үлкен. ...Біздің мұратымыз-Түркістанда түрі тұрғысынан да,

мағына жағынан да ұлттық мемлекет құру, себебі тек осындай түрде ғана халқымыз өз жұртында өз тағдырының заңды егесі бола алады» деген мұраттарына жету үшін қалам күшімен аямай күресті.

Басылымның бас редакторы, Алаштың ардақты азаматы Мұстафа Шоқай сол жолда кездескен түрлі қиыншылықтарға, қуғын-сүргін, саяси қысымдарға қарамастан журналды нағыз Тәуелсіздік жаршысына айналдыра білді. Бүкіл түркі жұртымен қоса алдыңғы қатарлы шет мемлекеттер «Жас Түркістан» пікірімен санасты, Кеңес Одағының ресми билігі оның әр санын қалт жібермей қадағалап отырды. Ресми басылым беттерінде ондағы мақалаларға қарымта қайтарған кездері болған.

Кеңес Одағы саясатына қарсылық, тәуелсіздік аңсаушы деген мағынада «Шоқайшылық» деген ұғым пайда болды. Бұл бір ғана тұлғаның алып империяға қарсы күресінің нақты нәтижесі, жеткен жетістігі болды[6].

«Жас Түркістан» халықаралық деңгейдегі басылым болды. Журналдың екі жылдығына орай жазылған мына мақалада былай делінген: «Жас Түркістанның» тек Еуропа мен Түркияның белгілі жерлерінде ғана емес, соған Иран, Ауғанстан, Қытай, Жапония, Сирия, Арабстанда да оқырмандары бар. Жақында ғана біз Хижазда тұрушы жерлестерімізден де хат алдық. Ол хатта Еуропада өз ана тілімізде Түркістан ұлттық тәуелсіздігі міндеттерінек сай келген бір журналдың шығып тұрғандығына сүйініштерін жасыра алмаған» («Жас Түркістан», 1931, желтоқсан) [1].

Мұстафа Шоқайұлының «Ұлттық зиялы» атты мақаласында көтерген мәселесі біздің осыған дейін атып жүрген ұлтжанды ұрпақтарға ғана елін, жерін қорғайтын азамат шығады деген ойымызға тұғыр бола алады. «Әрбір оқыған, сауатты адамды зиялы деп атау әрі оны өзі өкілдік ететін ұлттың «ұлттық зиялы» сапынан тану мүмкін бе? -Әрине, бұл мүмкін емес. Біз тек белгілі бір мұрат соңында жүрген, осы белгілі мұрат төңірегінде топтасқан оқымыстыларды ғана зиялы деп атай аламыз. Ұлттық зиялылар сапына өз халқына саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда қызмет етпекші болған зиялылар ғана кіре алады»[6].

Зиялылардың міндеті асқақ әрі қастерлі болған себепті ауыр.

Халқын ұлт ретінде қалыптастыру, яғни жер-суы бөлек, тілі мен діні тұтас халық бұқарасын бірлікке, саяси, әлеуметтік бір тектікке келтіру сияқты ұлы және тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі де «ұлттық зиялыларға» жүктеледі» («Жас Түркістан», 31, май). Ұлт зиялылар туралы бұл анықтама бүгінгі күні де өзекті[6].

«Жас Түркістан» журналы ұлттың рухы мен мәртебесін көтеру жолында күресін бағалау керек. Журнал мақалалары империяның қалыптастырған «жабайы, мәдениетсіз» деген пікірлерін барынша жоққа шығаруға тырысқан. Мысалы, «Ұлттық әрекеттің жеңісі үшін» атты мақалада: «Түркістан тарихының ұмытылмас беттері бар. Әдебиет, пәлсапа сияқты ғылым мен мәдениет саласында, жер өңдеу сияқты өндірістерде Түркістан бірінші орында тұрған замандар болған. Ибн Сина, Фараби мен Түркістандықтар соңғы уақытта аттарын да естімеген бірнеше ғалымдарымыздың есімдері адамзаттық мәдени тарих беттерінде алтын

әріптермен жазылды. Парижде Франция жағырапия қоғамының конференция залында барлық әлемге мәшһүр ең танымал ғалымдардың есімдері арасында біздің Фараби есімінің де ойлағандығын түркістандықтардан білушілер өте аз болса керек», [1]- деп өз ұлтын мақтан етеді.

Кеңестік қырғының қанды шеңгелінен жыраққа кетуге мәжбүр болған тұлғаларымыз елінің болашағына алаңдаған нартұлға азаматтар болды. Еуропа төрінде түркілік даусын танытып, елінің намысын қорғаған Мұстафа Шоқайұлының салған сара жолын жалғастырушылар да табылды. Олар дүниежүзілік соғысқа айналып, немістерге қолды болған-Мәулікеш Қайыпалдыұлы, Қарыс Қанатбайұлы, «Қобызшы қорқыт» т.б. еді. Ленинград университетінің философия факультетін бітірген Мәулікеш «Асанқайғы» деген бұркеніш атымен белгілі болды [1].

Қортындылай келгенде, «Жас Түркістан» журналында саяси қысымға, ақпараттың аздығына қарамастан сараптауға, талдауға құрылған, нағыз журналистік шеберліктің үлгісіндей мақалалар жарияланып тұрған. Әр санның бас мақалаларын журналдың бас редакторы-Мұстафа Шоқайдың өзі жазған. «Жас Түркістанның» сол кездегі қоғамдағы нақты саяси орнын бас редактордың мына сөздерінен аңғаруға болады: «...Біз наразылық жариялай алмаймыз. Өйткені біздің сынымыз дәрменсіз, ықпалсыз. Ол-ол ма, бізге сын айту құқығы да берілмеген. Бізге сын айту құқығын ғана емес, большевиктік жалған қитұрқы насихатқа тойтарыс беріп, шындықты қорғау құқығы да берілмеген».

Түрлі саяси-экономикалық қысымдар жағдайында журнал 10 жыл бойы Тәуелсіз біртұтас Түркістан идеясы жолында аянбай күрес жүргізген. Оның басында тұрған ұлтжанды азамат Мұстафа Шоқайдың бүкіл түркі жұртын азат ету жолындағы ауқымды саяси күресін құбылыс ретінде бағалауға болады. Ол қыршынан қиылған талай Алаш азаматтарының көкірегіндегі тәуелсіздікті аңсаған аяулы армандары мен үкілі үміттерін, аманаттарын 10 жылға болса да ұзартты, бүгінгі күнге жеткізді. Сонысымен де құнды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алаш көсемсөзі: Жас Түркістан. 3-кітап. - Алматы: «Өнер», 2011, - 384 б.; Көшім Есмағамбетов. Әлем таныған тұлға. - Алматы: "Дайк-пресс", 2008.
2. Түркістаннан хаттар // Жас Түркістан. 1930 жыл, апрель-май, №5-6 -153-154 бб.
3. М.Шоқай. Керенский және Түркістан ұлттық әрекеті.// Жас Түркістан. -1930 жыл, -октябрь №11;
4. Бейісов Ғ. Тамұқтан өткен тағдыр. Алматы. 2002.
5. Тимурұлы. Үндістан –Түркістан // Жас Түркістан. - 1930 жыл. - апрель-май, -№5-6, -133-135, 138бб.; Әбдіуақап Қара. "Мұстафа Шоқай". - Алматы: Арыс, 2004.
6. Алаш көсемсөзі: Жас Түркістан. 4-кітап. - Алматы: «Өнер», 2011. - 384 б.

## XX ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МЕН СОҒЫСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ

*Әлия Сағымбаева* - родолог-кеңесші, тектанушы, Азия бойынша  
Халықаралық кәсіби родологтар Лигасының Вице-президенті

XX ғасырдың қайғылы оқиғалары – революция, ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс, иеліктен шығару біздің жеріміздегі әр адамға, әр отбасына әсер етіп, бүкіл халықтың жүрегінде қаралы із қалдырды. Мындаған адамдар көз жұмды, хабар-ошарсыз кетті, туған жерінен алшақтауға мәжбүр болды, үйлеріне оралмады. Бұл біздің ұлттық жарақатымызға айналды. Кеңестік дәуірде осындай қайғылы оқиғалар туралы айтуға тыйым салынды. Халық мүддесін алға тартқан зиялыларды қуғын-сүргінге ұшыратты. Халықтың жан айқайын қозғаған, қазақтың маңдайына біткен ұлт көсемі Мұстафа Шоқай туралы да зерттеу жұмыстарын жүргізбек түгілі, сөз қозғаудың өзі айып еді.

Айтулы жағдай тарих сахнасынан кетсе де, халық санасынан кетпеді. Қазіргі кезде психология, психотерапияның бірталай бағыттары саяси қуғын-сүргін мен соғыстардың әлеуметтік-психологиялық салдары болатынын зерттеп, дәлелдеуде. «Қуғын-сүргінге ұшыраған, ашаршылық және соғыста қаза тапқандардың ұрпақтары» деген әлеуметтік қоғамдық топ бар деп те айтуға болады. Қазіргі қоғамдағы дағдарыстық құбылыстарды талдай отырып, оларды XX ғасырдың әлеуметтік катаклизмдерінің алыс салдарымен байланыстырмай, себебін тек бүгінгі күннің ерекшеліктерінен табуға тырысады. Бірақ, бір рет пайда болып, жалпы ойластырылған құндылықтардың бұзылуы және девальвациясы мұрагерлік механизмі арқылы ұрпақтарға беріледі.

Ресейлік родолог ғалымдар, Валерий Васильевич (физика-математика ғылымының кандидаты) және Лариса Николаевна (философия ғылымының кандидаты) Докучаевтардың шәкірттері соңғы 30 жыл бойы әлеуметтік жағдайлардың ұрпаққа әсер етуін зерттеді. Әлеуметтік катаклизм-революциялар, соғыстар, бай-кулақтардың мүлкін тәркілеу, репрессиялар, жаппай қоныс аударулар 3-4-ші ұрпақта және одан да көп уақыт бойы әлеуметтік-психологиялық салдарларға ие екендігін көрсетті. Бұл пікірді, медицина қызметкерлері де постстрестік бұзылулар деп атап, белгілі оқиғалардың әсері бар екенін мақұлдайды.

Докучаевтар осы топты «орташа статистикалық ұрпақтар» деп атап, бірқатар ерекшеліктерін анықтады. Олардың ішіндегі ең бастысы - ішкі психологиялық, көбінесе танылмайтын шиеленіс. Осындай сипаттағы іс-әрекет жоспарында адам өзін-өзі әдеттен тыс және тиімсіз мінез-құлық үлгілері арқылы іске асырады. Қуғын-сүргінге, дүние-мүлкін тәркілеуге ұшырағандар, соғыстарда қаза болған ұрпақтары үшін:

- істерде, қарым-қатынастарда үзілулер, қалаған нәтижеге қол жеткізбеу;
- кету паттерні (заңдылық ретінде), жаппай қуғын-сүргін, соғыстар нәтижесінде ер адамдардың өмірінен ерте кетуі, оның ұрпақтарын

отбасынан, істен маскүнемдікке, нашақорлыққа, ауруға, өмірден кетуге мәжбүрлейді;

– жетім кешені;

– құрбандық психологиясы;

– қорғалмаған сезім, панасыздық, асқынған әділеттілік сезімталдығы;

– сотталудан қорқыныш және соттауға бейімділік;

– жоғалтудың, айырудың, шектеудің қорқынышы. Соның салдарынан туған үйінен, жерден айырылу; жақындарынан, отбасыларынан айырылу; шаруашылықтан, істерден, мүліктен айырылу;

– билікке сенімсіздік немесе билікпен конфронтация;

Психологиялық сипаттамалардың ең күрделі мәселесі ол – құпия. Психотерапевтердің пікірінше, шындық ащы болғанымен, оны жасырмаған жөн. Бір нәрсені барлығынан бірдей жасыру мүмкін емес. Және бұл құпия, ұзақ уақыт бойы айтылмағандықтан күрделі жарақат, оның ішінде, ауру түрінде де пайда болады. Мұстафа Шоқайдың тағдыры – қазақтың ауыртпашылығының бірі болды. Кешегі құпия болған тағдырдың ашылатын сәті туып, ата-тектің алдындағы борышын бүгінгі ұрпақ өтеуде. Оған дәлел Мұстафа Шоқай туралы энтузиастардың, ғалымдардың зерттеулерінің, деректі фильмдердің, кітаптардың жарыққа шығуы, халқымыздың рухани, психологиялық жаңғыруындағы прогресс.

Жаппай қуғын-сүргіннің, соғыстардың зардаптарын толық жеңу үшін бүкіл әлемдік қоғамдастықтың күш жігерін ары-қарай біріктіру қажет.

#### Әдебиеттер

1 Докучаевтардың төртінші Паназиялық конгрестегі «Өзгерістер дәуіріндегі психотерапия» баяндамасы, 2007 ж.

## THE HISTORICAL SOURCES IN THE LETTERS OF MUSTAFA SHOKAI

*Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы* – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

The main difference between social sciences and the humanities from other branches of science is that it depends on the ideology of the state and society. Although science and politics, science and ideology seem to be separate concepts, it is true that the main object of study is the political, social, spiritual and cultural situation in society. This is especially evident in the history of colonial states and colonial peoples. The history of the Kazakh people and the history of science (historiography), which has been ruled by the Russian Empire and the Soviet Union for more than three hundred years, is vivid confirmation of this.

Before the independence of Kazakhstan, it was not possible to speak, write or study Kazakh emigrants abroad, their life and political activities, the causes and stages of emigration, and their work. “Before independence, the study of Kazakh



culture abroad, not to mention the social sciences, did not include the field of diaspora, which deals with the problems of our compatriots living abroad” [1.5]. The main reason was that Soviet ideology did not allow studying the history of people of the Union republics. Only the history of the USSR and the history of the CPSU were taught at schools and universities of the Union republics. It did not contain real information and information about the intellectual of the nation, except of nation-state (Russian nation). For example, Kazakh people abroad are perceived as traitors who betrayed their homeland. As a result of the study of Kazakh diaspora and irrigation, Kazakh emigrants have become "closed" topic for domestic scientists.

This abuse of Kazakh science under Soviet rule began to recover after our country gained independence. There was an opportunity to study new direction in the social sciences - the problem of Kazakh people abroad. At the same time, it is worth to mention studies about the life and struggle of the first Kazakh emigrant Mustafa Shokay.

Over the past 20-25 years, several scientific works of M. Shokay have been published by scientists from Turkey, Tatarstan and Kazakhstan, and a new direction of science "Mustafatanu" has appeared in Kazakh science. Of course, this does not mean that the life and political struggle of M. Shokay is fully studied. Because M. Shokay is multifaceted person.

He is a figure who determined the strategy and tactics of the struggle for the national liberation of not only the Kazakh people, but also the entire Turkic people. At the beginning of the XX century, M. Shokay was the founder of the autonomous state of Turkestan, which included the Syr Darya, Ferghana and Samarkand regions.

*As a politician, he regarded the newly created Soviet government as a legitimate extension of royal Russia. He also realized that as a successor of Russian Empire, which had previously colonized Kazakh lands, he would continue to pursue policy of colonization. Mustafa Shokay was forced to leave the country because he knew that Kazakh intellectuals like him would be persecuted. M. Shokay went to Paris in May in 1921. But he seemed to be skeptical about which country in Western Europe he will settle in or move to the United States. In 1922 he returned to Italy. He spent six months in 1923 in Germany. As a result, Mustafa decided to stay in Paris, the capital of political emigration ”[2.225].*

*At that time, Turkey and Paris were the countries with the highest concentration of emigrants. Emigrants from Central Asia, Tatar and Bashkir emigrants had good relations with Turkey. “In the second half of the 19th century and the beginning of the 20th century, after October Revolution of 1917, thousands of Tatars settled in Turkey. Tatar intelligentsia - Y. Akchury, G. Ishaki, S. Maksudi, G. Battala, A.Z. Validi, R. Rakhmati, H. Zubayra and others were forced to move to other countries. Turkey has become their second homeland”, - said one of the researchers of journalism of Tatar emigrant A.I. Galyamutdinov [3.12]. It is clear that Shokay’s main goal when choosing Paris was to kneel with like-minded, oriented political immigrants, continue the struggle and establish closer ties with Turkey. When Shokay arrived in Paris, he achieved this political goal. He*

*established contacts with the aforementioned Tatar intellectuals and emigrants of other Turkic people, and thereby began the life of emigrants and struggle away from home.*

*In addition to journalistic articles of M. Shokay, who used the media as the main weapon on his political and warlike path, his letters and memoirs with inspired intellectuals of his time are one of the most important topics of research in modern science. "The genre of letters in the world of literature is still very common in everyday life and has left significant mark in the spirituality of human history. Epistolary culture has formed tradition of dialogue between man and man, society and society, nation and nation, generation and generation in social, political, social and literary, cultural phenomena, provided variety of speech genre"- [4.9] The importance of epistolary heritage, including written heritage of the political figure such as M. Shokay became clear.*

K. Ergobek about the epistolary genre, which Herzen called "... document of era". "Looking at the backgrounds of letters, paying attention to their socio-political significance, generalizing them as an epistolary genre, paying attention to their history and theory, it did not become trend for Kazakh literary criticism, - he says [5.245]. In fact, it cannot be said that literary criticism fully revealed the originality and style of the epistolary genre, its nature, and most importantly, its importance as historical source. The correspondence genre, which tells the history of the psychological state of a person and the history of society as a whole, remains one of the most important topics that need to be studied and investigated. In this regard, many researchers say that "... the material for study in this area is not the letters of a person about everyday life, the house, but the meaning of certain public figures, writers, scientists, often social or other". "There must be consistency with existing content", - says in the context [6.229]. However, as mentioned above, from historically significant letters of public figures of different periods to letters of closeness to each other (according to researchers - ed.), over time they have their value. Scientists M. Balakaev, E. Zhanpeisov classify letters as follows: "1) official letters; 2) business letters; 3) internal letters that distinguish between two types: letters of intimacy and friendship", - confirms another researcher [7.5]. We agree that in most cases letter cause small interest only to specific person and consists only of response from specific addressee. Thus, it is true that many scientific studies do not see letter as genre. The origin of this idea is preserved in the relief of several years in the work "Ancient Epistology": "When genres created by ancient literature and inherited by modern European literature are listed, the epic, lyrics, tragedy and comedy, historical, oratory and philosophical prose are usually called and very rarely recall another genre. This genre is letter" - such words have been confirmed [8.3]. Similarly, the study also notes that the genre of letter is rarely mentioned more often than other genres: "...When writing letters, concern for artistry usually comes last; and you get works that are interesting and important for the writer and the recipient, but for no one else" [8.3].

Speaking about the epistolary genre, it should be noted that many researchers who laid the theoretical foundations of world literature are Russians who were at the forefront of studying epistolary literature as an early genre. They

also argue that the text of the letter formed over time, has become a stable norm and is developing in accordance with external social changes on the basis of the process of internal development. Researcher N.I. Gainullina in the history of the development of the epistolary genre in terms of structure, style and writing requirements shows that this has changed. She: «In the historical perspective, the epistolary genre has undergone significant changes at all levels of structural, substantial, expressive-emotional, functional. In this paradigm, we find no less significant changes in it at the level of naming. And here the private letter did not turn out to be static and unchanging, but changed or expanded the circle of its name depending on external circumstances and the place that this genre as a whole occupied in the system of functional genres at different periods of the history of Russian literary language»,- confirms both the linguistic and the literary and normative character of the so-called genre [9.426].

The epistolary heritage of M. Shokay was emigrated abroad by his ideological comrades, emigrants, Azerbaijanis, Tatars, Bashkirs, Uzbeks, Uyghurs, emigrants of Caucasian people Ayaz Iskhaki, Zaki Validi, Abduluakab Oktay, Tahir Shaghatay, Mazhidadin Delil, Yusuf Akshora, Alimardan Topchibashi and others. He also wrote letters to relatives during trip abroad. About 300 surviving letters were written mainly in Chagatai and Russian languages, as well as in English and French. “Historical science today pays special attention to the person, his inner world, his perception of historical events. The study of personal historical data (diaries, memoirs, letters) as historical source that reflects psychology, the level of spiritual life, public consciousness, thoughts, feelings, moods of people who lived in certain period, allow you to look at history from new point of view, [10.3] reveals the importance of historical documentation in letters between people”. Thus, the letters of M. Shokay are of great value not only because of his struggle in emigration, but also as historical fact in the study of the history of nation. For example, in the letter of V. A. Chaykin to M. Shokay dated March 22, 1922, we see some historical secrets. Chaykin Vadim Afanasevich (1886-1941) - member of the Central Committee of the Party of Social Revolutionaries (Socialist Revolutionaries), candidate for deputy of All-Russian Constituent Assembly, member of Turkestan Committee of Provisional Government. He was deported from 1923 to 1933, persecuted in 1938, and was shot in 1941 in Ural prison with several politicians. In addition to his political activities, he was engaged in scientific work and wrote several scientific works [2.536].

A. Oktay, who worked with “Yash Turkestan” magazine, said: “He tried to protect people of Turkestan from Russian dictatorship, but he especially respected the representatives of the progressive and honest Slavic people — Y. Gazovsky, I. Pilsudsky, V. Chaykin, V. Nalivkin" [11] and the name of scientist K. Esmagambetov among Turkestan figures as V.A. Chaykin, A. A. Chaykin, U. Kozhaev, N.P. Arkhangelsky [12.13] Political positions of V. Chaykin and M. Shokay indicated that it was close.

The letter of V.A. Chaykin was voluminous, written from March 22 to 26, 1922. The letter clearly indicates the day and time of the meeting. V.A. Chaykin wrote his letter in several paragraphs.

He was in Turkestan from December 29, 1921 to January 23, 1922. During a visit to Turkestan, he mentioned that he would meet with N. Torekulov and A. Rakhimbayev.

He said that he was well received in Turkestan and informed about the political situation there. For example, in connection with the “rebellious” uprising, Turkestan media often reported that the “rebellion is over,” but no one, even the authorities, can predict when it will end and also he said that he had witnessed such an attack and that six people had died in front of him.

Baimyrza Khait, Turkestan scholar living in Germany, wrote in his book “Turkestan in the XX Century: “The Basmash movement is legitimate continuation of the national liberation struggle of Turkic people, who gave their lives to the ancient invaders and colonialists. They are patriots who defended their country, their nation, their land, their families, their freedom, their human rights and freedom of people”. M. Shokay said: “So-called “basmashs” are rebels and fighters against Russian dictatorship in Turkestan, who shed blood and sacrificed their lives to save Turkestan”.

We still have soviet view of the repressive movement in the republics of Central Asia, which was widespread in the early XX century and continued until the end of the 30s and 40s. In fact, rebellion was an integral part of the national liberation uprisings against soviet government. So, we think that the time has come to look at this movement from today's point of view and make historical assessment.

On May 30, 1921, in letter from M. Shokay to E.K. Miller, we witnessed historical event that was discussed in the world political space of that time. This is the answer of M. Shokay to letter of E.K. Miller which was on May 5th. Letter “To Mr. Major Miller of British Service. The headquarters of British Black Sea Fleet. Your Majesty!” started like that.

The first thing that follows from the letter of E. K. Miller and M. Shokay, written on May 5, is an official letter.

In response to the letter from E.K. Miller on May 5, M. Shokay said that V.A. Chaykin collected all information about the death of 26 Baku commissars during visit to Ashgabat in early March 1919 and was with him. Zimin said the information that led to Chaykin’s accusation was obtained from L.A. Zimin, member of the Transcaucasian Committee for Public Salvation, and from Funtikov and Sedykh, former members of the Transcaucasian Regional Executive Committee, who was in Ashgabat prison. Most importantly, M. Shokay says that the information in V. Chaykin’s article was not baseless and that A. Zimin, who provided him with this information, was a very honest person. “I don’t think that such an honest person like L.A. Zimin can invent this or even falsify Druzhkin’s words,” he said. Druzhkin was in Ashgabat at that time. He had the opportunity to meet with Chaikin at any time and find out the truth. Moreover, in the information collected by Chaykin about the death of Baku commissars, Druzhkin knew that he was one of the main witnesses ” [12.55], which indicates that he was fully aware of the problem and did not doubt its truth.

Shokay studies scientist K. Esmagambetov does not agree that in many historical sources, because M. Shokay helped V. Chaykin in collecting data and information about the deaths of 26 Baku commissars. "Mustafa was not an indifferent witness to the "investigation" conducted by his partner V. Chaykin, he took an active part in this matter," [13.195] said. This is also clear from the answer of M. Shokay to Miller.

The letter says: "Please, my lord, accept my respect for you. Constantinople, Pera, Kishik Bayram street, 18. My address in Paris is 179. Re de la Pomp".

The peculiarity of the letter is that it is written not only between two people, but also for the writer himself, where he addresses the most pressing problems, solves them and leaves them for future generations. Moreover, the statement "The letter of the scientist does not die" is becoming more and more valuable. In this regard, "Mustafa Shokay short letter about trip to London" [14.98] states that this figure should go to London to read reports on two topics: one is the Soviet Union and East Turkestan, and the other "After 15 years of Bolshevik dictatorship in Turkestan", it will be saturated. Although he will be in London in 3-4 days due to the author's illness, he will look forward to his report, which will be of great value to the British who are waiting for him with such interest. Speaking several in languages, M. Shokay surpassed in such a way that other officials, starting with Mr. Percy Sykes, who for many years was consul of Great Britain, Persia and Kashgar, shared their views. Faced with important political problems during his many-day visit to London, the letter shows that Shokay once again showed his activity to foreigners, looking at documents that are really necessary for East Turkestan.

The speaker's report about the railways connecting East Turkestan and Turksib caused huge sensation among the audience. To the headaches of British, who were looking for the basis of this map, the author reports that it is an addition to the book "Turkestan-Siberian Highway" (Turkestan-Sibir magistrally), published in 1929. The relevance of the speech of Mustafa Shokay is also reflected in the fact that the famous colony of emigrants from East Turkestan in India, especially in Amritsar, became a victim of Bolshevik politics and forced to run from the country. Mr. Malcolm, chairman of the Institute of International Relations, wrote special letter to Shokay, who returned after this visit, and wrote that the audience is very receptive to his words and expressed his gratitude to the author. The author's second speech was also hotly debated by an audience that was surprised to learn that Russian informants had always heard that Ancient Russia cared only about Turkestan, and that they had first heard completely conflicting views in Shokay's speech.

Report about Turkestan will be published in the journal "Central Asian Society".

After the important questions raised in London, special reception was organized for M. Shokay. But although the writer had to stay for several days, he returned to the country because of his financial situation.

During his visit to London, M. Shokay will again take part in "Ukrainian action". It is also worth getting acquainted with the situation in two well-known

London organizations of V.K. Korostovets: “Ukrainian Bureau” and Skoropadsky. Realizing the internal and external situation, Korostovets heard from his own lips that between Ukraine and Ukraine people there are three main currents: communists, petlura, and the third, hetmans. He also told M. Shokay that hetmans, they will never defeat Ukraine or Poland, but will only work in peace.

Reading the works of Mustafa Shokay, you can immediately see that as scientist, journalist, true master of his craft, universal man, he was zealous in everything that he did, in his works, in his hard work. We recognize his thoroughness in international and domestic affairs, as well as seemingly simple affairs. In another letter of M. Shokay to the editorial board of the “Nasha Zarya” newspaper, he said that Turkestans and Tatars living in Tianjin voluntarily raised 3856 francs and 40 cents to subscribe to “Zhas Turkestan” magazine [14.107]. The author indicates the names of all subscribers. He asks the publication he appreciates to publish all letters of thanks in letter. In the end, he does not forget to mention that he is the editor-in-chief of “Zhas Turkestan”.

He wrote another letter: “Dear Vladimir Alexandrovich!” In the letter, the author asks for help in finding a template for the linotype of old Turkish or Arabic letters. He says that he does not understand anything in his printing business and does not know whether the term “stay for linotype” exists. He says that some people suggest that you can find normal Parisian, but he needs possible meeting to understand some aspects of the problem. He concludes his letter with the confidence that he will say when and where to meet and support [15.142].

The main and fundamental feature of epistolary literature is that it is based on facts. The letter is the source. From this point of view, we see the historical documentary significance of the letters of M. Shokay. From the letters of M. Shokay we can get a lot of new information about the history of the nation, the state, including the history of Kazakhstan at the beginning of the XX century. Of course, it is known that in the volume of one or two articles it is impossible to analyze M. Shokay's correspondence, its historical significance and literary features. Our goal is only to draw the attention of the scientific community to this problem.

#### References

1. Kazakh folklore abroad. Monograph. Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov. Editor-in-Chief: B. Azibaeva. –Almaty: Evo Press, 2014. –452 p.
2. Complete collection of works by Mustafa Shokay. 12 volumes. Volume 1 Dyke Press LLP. – Almaty, 2012. p 544. ISBN 978-601-290-043-9
3. The magazine "Milli Yul" (1928-1939) in the system of Tatar emigrant press ". Author's abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences. –Kazan, 2012
4. Pirali G. Epistolary legacy of M.O. Auezov. –Almaty: Eltanym, 2017. – 160 p.
5. Ergobek K. Lions and streams. –Turkistan: Turan, 2006. –365 p. ISBN 9965-840-22-9

6. Syzdykova R. History of Kazakh literary language (XV-XIX centuries): Collection of multi-volume works / Rabiga Syzdykova / - Almaty: "El-shezhire", 2014. - 352 p.
7. Abikenova G.T. Linguistic characteristics of epistolary style in the Kazakh language. Monograph. –Semey, 2008. –158 p.
8. Ancient epistolography. Essays. –Moscow, 1937. P.307
9. Gainullina N. The epistolary legacy of Peter the Great in the history of Russian literary language. Diss. doc. science. –Almaty, 1996. – 494 p.
10. Pavlovskaya S.V. Memoirs and diaries of domestic historians as historical source of study of socio-political and scientific-pedagogical life of Russia at the end of the XIX - beginning of the XX centuries. Abstract on the dissertation of the candidate of historical sciences. 2006 Russia. - Nizhny Novgorod.
11. Oktay A. Mustafa Shokay and Turkism. // Turkestan. –1997. - March 26.
12. Shokay M. Epistolary legacy. 2 volumes. Compiled by: G. Isakhan. – Almaty: SaGa, 2006. –Volume 1. –424 p. ISBN 9965-443-44-0
13. Shokay M. Complete collection of works: 12 volumes / R.B. Suleimenov's name. Institute of Oriental Studies; worked K. Esmagambetov. – Almaty, 2014. –Volume 12. –474 p. ISBN 978-601-290-042-2
14. Complete collection of works by Mustafa Shokay. 12 volumes. –Vol. Dyke Press LLP. –Almaty, 2013. –571 p. ISBN 978-601-290-042-2
15. Epistolary heritage of M.Shokay. - Volume 2. – Almaty: SaGa, 2006. – 371 p. ISBN 9965-443-44-0

## М.ШОҚАЙДЫҢ «ҚАҚАЖАНҒА» АТТЫ ӨЛЕҢІНЕ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

***Төрәлі Еділбайұлы Қыдыр*** - филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми  
қызметкері

М.Шоқайдың саяси ұстанымдары мен оның қазақ, қала берді барша түркі мұсылман халықтарында алар орны біраз зерттеулерге негіз болған. Десек те, оның әдеби мұрасы, жыр жолдарының поэтикасы өте аз зерттелгенін баса айтқан жөн. Тарихшы К.Есмағамбетовтың «Ана тілі» газетінде жариялаған «Мұстафа Шоқай әдебиет әлемінде» деген мақаласында М.Шоқайдың әдеби кеңістігі біраз қарастырылған. Ғылыми-танымдық тұрғыдан жазылған мақалада М.Шоқайдың сол замандағы әдеби өмірмен тығыз байланыста болғаны, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін Европа төрінде танытуға күш салғаны айтылған. Сонымен бірге, М.Шоқайдың қазақ жеріндегі әдеби туындыларды шамасы келсе алдыртып, оқып отырғанына тарихшы назар аударған [1].

Расында да, студенттік шақтан өлең сөзге жақын болып, өз ойларын өлең сөзбен өрнектеген М.Шоқайдың бізге дейін жеткен жыр жолдары

арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Оның саяси мақалалары сол замандарда газет беттерінде жарияланып тұрғанымен де, жыр жолдары жарық көрмеген. Сондықтан да М.Шоқайдың қаншалықты өлең жазғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Бізге дейін жеткен екі өлеңі: түркімен досы Қ.Бердивеке жазған әзіл-өлеңі мен елге деген сағыныштан туған жыр жолдары.

М.Шоқайдың Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезде курстасы Қ.Бердиевке жазған өлеңі бізге дейін екі қолжазбада жетіп келген. Бірінші нұсқаға «Қақажанға...!» деп тақырып қойылса, екіншісіне «Қаһқажан текеге!» деп аталады. Алғашқы қолжазбаның соңына «Мизан: 1914-нчі жыл. Петербурғ. М.Ч.» деп қолтаңба қалдырылса, екіншісінің соңында «Петербург. Сентябрь. 1914-нчі жыл» деп араб графикасымен жазылған. Екі қолжазба да қадім үлгісінде көшірілген. Жазылу уақыты бір, яғни күздің алғашқы айы. «Мизам» («Мизам шуақ») деп қыркүйекті атаса, сентябрдің сол ай екені белгілі. Көшірілген жері де «Петербург» екендігі көрсетілген. Уақыты да бір – 1914 жыл. Алайда бір өлеңнің екі түрлі аталып, жазылу айының бірінде мұсылманша, екіншісінде григориан күнтізбесі бойынша берілген. Алғашқысының әріптері қанық түссе, кейінгісінің әріптері жүгіртпе жазуға келеді. Яғни, алғашқысы асықпай көшірілген болса, екіншісінде жылдам көшіргеннің іздерін аңғаруға болады.

Екі нұсқаның көшірмесі:

<p>«Қақажанға...!» «Мизан: 1914-нчі жыл. Петербурғ. М.Ч.»</p>	<p>«Қаһқажан текеге!» «Петербург. Сентябрь. 1914-нчі жыл»</p>
<p>2</p> <p>Қақажанға...!</p> <p>Байла тар тапқан саған күйің неге?      адырғанды артыңа білсең болб сәреке      алаңғы әйеліңің қарың шешің барын біреді      қобайыңғыңға қалсаң қолың жеке</p> <p>қалмады қырық әйелің      қалдырды қарың біреді қармаққа      әйелің қанда болсаң саған қырық жеке      әйелің қырық қалсаң қармаққа</p> <p>Ат шешің әйелдерің азды саған      қалдырды әйелің біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан</p> <p>Қырық әйелің қалдырды саған      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан</p> <p>Қырық әйелің қалдырды саған      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан</p>	<p>4</p> <p>Қаһқажан текеге!</p> <p>Байла тар тапқан саған күйің неге?      адырғанды артыңа білсең болб сәреке      алаңғы әйеліңің қарың шешің барын біреді      қобайыңғыңға қалсаң қолың жеке</p> <p>Қырық әйелің қалдырды саған      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан</p> <p>Қырық әйелің қалдырды саған      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан</p> <p>Қырық әйелің қалдырды саған      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан      қалдырды қарың біреді саған тапқан</p>



Екі мәтінге кодикология-мәтінтанулық зерттеу жүргізгенде екі қолжазбаның жазылу мәнерінің өте жақын екенін аңғаруға болады. Мәтіндердегі кейбір әріптердің жазылуы өте жақын келеді. Тіпті алғашқы жолдардағы «бә», «ләм-әліф», «қаф», «нун», «уау» және т.б. әріптері өте жақын келеді. Алайда мәтінге зер сала қарағанда кейбір сөздердің жазылуында айырмашылық бар екенін аңғаруға болады. 1-нұсқа қазақтың жәдидшеге дейінгі жазылу мәнеріне келеді. Себебі мұнда «с» дыбысын «س», яғни «Син» әріпімен берілген. Ал, екінші нұсқада жіңішке «син» әріпінің орнына жуан «ص», яғни «сад» әріпі жазылған. Өлең жолдарында келетін «сасық» («صاصق - ساسق»), «салпан» («سالپانگ - سالیان»), «сары» («ساری - صاری»), «асылар» («آسیلار - آسیلار») деген сөздердегі «с» әріпі екінші нұсқада «ص» «сад» әріпімен берілген.

Сондай-ақ, жыр жолдарында келетін «т» дыбысы бірінші нұсқада «ت», яғни «тә» әріпімен жазылса, екінші мәтіндегі кейбір «т» әріпі арабтың жуан «ط», яғни «та» (кейбір медреселерде бұл әріпті «ытқы» деп те жаттатқызған – Т.Қ.) әріпімен көшірілген. Мысалы, жыр жолдарында келетін «атыздай» («آتزدای - اطرزداي»), «туса» («طوسا - توسا»), «ұмтылып» («اومتولوب - اومتولوب»), «тартып» («طارتب - تارتب»), «артыл» («آرتل - ارتل»), «тушаға» («توشاغا - توچاغا») деген сөздердегі «т» әріпі екі түрлі тамғаланған.

Екінші нұсқада кейбір жерде кездесетін «е» дыбысы «ه» «һай-е һәууәз» арқылы емес, жәй ғана «ی» «йай» әріпімен таңбаланған. Мысалы, «серке» сөзі «сирке» («سيركه - سه ركه»), «жерге» («جيهكه - جه كه»).

Қадімшада кейбір дуаысты дыбыстар көп таңбалана бермейтіні белгілі. Бұл, әсіресе, қазақтың «ұ», «ү», «і», «ы» секілді дыбыстары десек те болады. М.Шоқайдың бұл өлеңі қадім үлгісінде хатқа түскенімен де, екі нұсқада кейбір «ы», «і» дыбыстарын анық көрсету мақсатымен «ی» «йай» әріпімен таңбаланғанын аңғаруға болады. Мысалы, «шібіш» деген сөз бірінші нұсқада «шбш» болып жазылса, екінші қолжазбада «шбіш» болып берілген («شبيش - شبيش»). Мұндай жерлер мәтінде жиі кездеседі. Мысалы, «қысыр деген сөз бірінші вариантта «қср» болса, екіншіде «қсыр» («قسير - قسر»); «қашып» деген сөз алғашқы қолжазбада «қачб», екіншіде «қачыб» («قاجيب - قاجب»); «егіз» сөзі бірінші қолжазбада «егз», екіншіде «егіз» («ايگيز - ايگز») және т.б.

Сондай-ақ, қазақтың «ұ», «ү» өзіне тән төл дыбыстары қадімшада көп таңбалана бермеген. Оның бәрі арабша «уау» немесе «замма» арқылы берілетін. Осы өлеңдегі «ұмтылып» деген сөз алғашқы қолжазбада «ұмтұлб» («اومتولوب») деп жазылса, екінші нұсқада «ұмтұлұб» («اومتولوب») деп жазылған.

Сонымен бірге, өлеңдердегі кейбір дауысты дыбыстардың жазылуы да бірізді емес. Мысалы, «Түсіріпең» деген сөз алғашқы мәтінде «түсрүбең» («توسريرهگ») деп таңбаланса, сол кейінгі қолжазбада «түсрібң» («توسريرهگ») деп жазылған.

Екі қолжазбалардағы мәтіндер бірдей болғанымен де, кейбір сөздерде айырмашылық бар. Мысалы, үшінші шумақта келетін «Бұл күнде салпан құлақ сары ешкіні» деген үшінші жол бірінші нұсқада «Бұл күнде салбан құлақ сары ешкіні» деп берілген («سالپانگ - سالیان»). Алтыншы шумақтың алтыншы жолында келетін осы сөз осылай көшірілген. Осы

шумақтың соңғы тармағында келетін «Қашады бас амандай сенен аулақ» деген жолдың алғашқы сөзі екінші нұсқада «қашыпты» («**قاجبتي**») деп берілген. Ал, жетінші шумақтың соңғы тармағында келетін «Шүбһәлі» («**شبهالی**») сөзі екінші қолжазбада «белгісіз» («**بيلگيسز**») деп берілген. «Шүбһәлі» арабтың сөзі болып, күдікті, күмәнді деген мағына беретіні белгілі. «Белгісіз» сөзі «шүбһәліні» толық ауыстырмаса да, сол мағынаны берерін анық.

Кейінгі зерттеушілерге салыстыра қарағанға ыңғайлы болсын деген оймен екі қолжазбаның асылмәтінін бергенді жөн көрдік:

1-ші нұсқа	2-ші нұсқа
<p>قاجانغا...!</p> <p>بايلانار قاچان ساغات كۇيۇك تە كە؟ اويگدە اوترمايسگ بولب سە ركە الاقتى ايچكى قارى شېش بارين برده ى قويمايىسگ چغا قلسا قويدان جە كە</p> <p>قالمادى قسر ايچكى آيماغدا قابدردگ بارين برده ى قارماغا هيچ طوقتاو وولماس ساغان قو كە به نه ك ايرتە كيچ الس جاقن بارماغا</p> <p>آق شېش آينالدردگ اوزى ساسق بولبدى آخير بواز سە نه ن قاجب بول كونده سالبان قولاق سارى ايچكىنى قولوگنان قالغاندايسگ كيلسە باسب</p> <p>كويلە ب جور قاسيگداغى سارى توشا كە تبه يتون آلسقا اوزاب چينداب قوسا آنزداى ايكي كوزيگ بولار ايدى اول سە نه ن چغب كە تب ايگز توسا</p> <p>بار ايدى بر بورتە ايچكى جورگە ن چه تده ب هيچ تە كە بار الماوشە د اوغان به تده ب باقلداب سوگنا ايرب قويمای جوروب توزاققا توسروبه گ اونى دا ايته ب</p> <p>بولمابتى «باق باغگا» سالپان قولاق چغار ديب جاقنداسسام «قاب-قارا الاق» اويونه بارا بيرسە م آصيلار ديب قاجادى باس آمان ديب سە نه ن اولاق</p> <p>آل تە كە اومتولب باق زمانگدا توقباغگ باورگداغى آماندا</p>	<p>قەقاجان تيگە گە!</p> <p>بايلانار قاچان ساغات كۇيۇك تە كە؟ اويگدە اوترمايسگ بولب سيركە الاقتى ايچكى قارى شېش بارين برده ى قويمايىسگ چغا قلسا قويدان جيگە</p> <p>قالمادى قسير ايچكى آيماغدا قابدردگ بارين برده ى قارماغا هيچ طوقتاو بولماس ساغان قو كە به نه ك ايرتە كيچ الس جاقن بارماغا</p> <p>آق شېش آينالدردگ اوزى صاصق بولبدى آخير بواز سە نه ن قاجيب بۇل كونده سالباگ قولاق سارى ايچكىنى قولوگنان قالغاندايسگ كيلسە باسب</p> <p>كويلە ب جور قاسيگداغى سارى طوشا كە تبه يتون آلسقا اوزاب چينداب قوسا آنزداى ايكي كوزيگ بولار ايدى اول سە نه ن چغب كە تب ايگيز توسا</p> <p>بار ايدى بر بورتە ايچكى جورگە ن چه تده ب هيچ تيكهبار الماوشە دى اوغان به تده ب باقلداب سوگينا ايريب قويمای جوروب توزاققا توسريپگ اونيدا ايته ب</p> <p>بولمابتى «باق باغگا» سالپان قولاق «چغار» ديب جاقنداسسام «قاب-قارا الاق» اويونه بارا بيرسە م آصيلار ديب قاجبتي باس آمان ديب سە نه ن اولاق</p> <p>آل تە كە اومتولوب باق زمانگدا طوقباغگ باوريگداغى آماندا</p>

بر كونى «باق» ايتكزب تارتب قويسا شبهالى چاققا دا جار ارگدا ..... ..... آلب قوى آياق جاققا كويوگدى.... جاستبا كورمه ن جه رگه سويوگدى برى بار برى كه تسه هيچ نرسه ايمه س ايندى آرتل سارى توچاغا اوئيوگده گى ميزان: 1914 انچى جل پتربورغ مچ	بر كونى «باق» ايتكزب طارتب قويسا بيلگيسز چاققا دا جار اريگدا ..... ..... آلب قوى آياق جاققا كويوگدى.... جاستبا كورمه ن جيريگه سويوگدى برى بار برى كه تسه هيچ نرسه ايمه س ايندى آرطل صارى طوشاغا اويوگده گى پتربورغ سنتابر 1914 انچى جل
--	--

Курстасы Қ.Бердиевті өлең сөзбен қағытқан М.Шоқайдың бұл өлеңі екі қолжазба арқылы жетіп отыр. Бірінші қолжазбада өлеңнің соңында «М.Ч.» («мч») қолтаңба қалдырылған. Әсілі бұл қолжазбаның иесі автордың өзі болуы тиіс. Екінші қолжазбадағы хұснихатта бірінші нұсқаға жақын келеді. Десек те, біз жоғарыда атап көрсеткендей, кейбір дыбыстарды арабтың басқа әріптерімен берілген. Негізі арабтың жиырма тоғыз әріпі мен парсының төрт әріпі (п, ч, г, ж) түркі жазба әдебиетіне толық үйлесетін. «С», «т» секілді арабта екі-үш таңбамен таңбаланатын әріптердің ішінен «сын» мен «тә»-ні беру қадім үлгісінде жиі кездесетін. Сондықтан да, А.Байтұрсынұлы бір дыбысқа бір таңба қағидасы бойынша араб графикасын реформалаған уақытта «с»-ны «сын» («س»), ал «т»-ны «тә» («ت») әріпімен берген. Алайда қадім үлгісі белгілі бір ережелерге бағына бермейтінін де айта кеткен жөн. Оның арнайы жүйесі болмағандықтан да, жоғарыда айтылған дыбыстарды тура сол таңбамен беру үрдісі қатаң сақтала бермеген. Мұндай мысалды ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында көшірілген қолжазбалардан жиі кездестіруге болады.

Екі қолжазбаны салыстыра келе, алғашқы нұсқаның Мұстафа Шоқай қаламына тиесілі екендігі анық. Себебі соңында қолтаңбасы анық қойылған. Екінші қолжазбада кейбір дауысты дыбыстар таңбаланып, оқырманның оқуы үшін жеңілдетілген. Оны автордың көшіруі де немесе кәсіптің басқа адам болуы да мүмкін.

М.Шоқайдың курстасы Қ.Бердиевке арналған өлеңінің кирил әрпіне түскен нұсқасын бергенді жөн көрдік:

### Қақажанға!...

Байланар саған қашан күйек теке?  
 Үйінде отырмайсың болып серке.  
 Лақты, ешкі-қары, шібіш бәрін бірдей,  
 Қоймайсың шыға қалса қойдан жеке.

Қалмады қысыр ешкі аймағыңда,  
 Қабдырдың бәрін бірдей қармағыңа.

Еш тоқтау болмас саған қу кебенек,  
Ерте-кеш, алыс-жақын бармағыңа.

Ақ шібіш айналдырдың аузы сасық,  
Болыпты ақыр буаз сенен қашып.  
Бұл күнде салпаң құлақ сары ешкіні,  
Қолыңнан қалғандайсың келсе басып.

Күйлеп жүр қасыңдағы сары туша,  
Кетпейтін алысқа ұзап шындап қуса.  
Атыздай екі көзің болар еді,  
Ол сенен шығып кетіп егіз туса.

Бар еді бір бөрте ешкі жүрген шеттеп,  
Еш теке бара алмаушы ед оған беттеп.  
Бақылдап соңына еріп қоймай жүріп,  
Тұзаққа түсіріпсің оны да ептеп.

Ал теке ұмтылып бақ заманыңда,  
Тоқпағың бауырыңдағы аманыңда.  
Бір күні бақ еткізіп тартып қойса,  
Шүбелі пышаққа да жарарыңда.

Болмапты бақ бағыңа салпаң құлақ,  
Шығар деп жақындассам қап-қара лақ.  
Үйіне бара берсем асылар деп,  
Қашыпты бас амандай сенен аулақ.

Алып қой аяқ жаққа күйегіңді,  
Жасытпа көр мен жерге сүйегіңді.  
Бірі бар, бір кетсе ешнәрсе емес,  
Енді артыл сары тушаға үйіндегі.

Бар ғұмырын түркі халықтарының саяси бірлігі мен рухани тұтастығына арнаған М.Шоқайдың жазба мұралары әлі де зерттеуді қажет етері анық. Өз еңбектерінде қазақ тілімен бірге, түркі әдеби тілінде де саяси-танымдық мақалалар жазып, түркі халықтарының басын біріктіру жолында қызмет еткен түрікшіл оғланның жазған дүниелері барша түркі дүниесі үшін маңызды дер едік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқай әдебиет әлемінде // «Ана тілі» газеті. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/32491>
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. IV том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 652 б.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. II том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 664 б.
4. Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. 1-том. Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.

5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. VIII том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 560+2 б.

6. Қыдыр Т.Е. Дешті Қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV ғғ.) (ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшелігі). Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 200 б.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

*Рүстемова Гүлмира Бегайдарқызы* – педагогика ғылымдарының магистрі, «№46 А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Қызылорда, Шиелі кенті

Мұстафа Шоқай 1890 жылы Қызылорда облысындағы ауылда дүниеге келген. Ол дәстүрлі мұсылманша білім алып, кейін орыс мектебін және Ташкент ерлер гимназиясын бітірген. 1916 жылы Шоқай Ресей империясының Мемлекеттік Думасында мұсылман фракциясының хатшысы болып жұмыс істей бастады.

Мұстафа Шоқайдың философиялық көзқарастарының қалыптасуына 19 ғасырдың аяғында Ресей империясының мұсылман халықтары арасында пайда болған жәдидшілдік ағымның ықпалы зор болды. Алғашында жәдидшілер жаңа әдіс мектептерін құру арқылы білім беру жүйесін реформалауды жақтады. Бұл мектептер ислам негіздерін оқытумен қатар зайырлы білім беруі тиіс еді. Жәдидшілер Ресей империясының отарлау саясатына қарсы тұру үшін мұсылман халықтары заманауи білім мен кәсіп алуы керек деп есептеді.

Шоқай жәдидтердің оқу-ағарту саласын реформалау қажеттігі туралы пікірлерімен бөлісті. Өзі орыс мектебі мен гимназиясында зайырлы білім алған. Шоқай айдауда жүргенде «Орталық Азиядағы кеңестер» атты кітап жазып, Түркістандағы Кеңес үкіметінің ағарту саласындағы саясатын жан-жақты қарастырады. Ол большевиктердің жергілікті халықты орыстандыруға бағытталған ескі отаршылдық білім беру жүйесінің көптеген ерекшеліктерін сақтап қалғанын атап өтті.

Жәдидтер білім беруді реформалаумен қатар Орта Азия халықтарының мәдениетін жаңартуды жақтады. Олар артта қалған феодалдық қалдықтардан арылып, ұлттық мәдениетті, әдебиет пен өнерді дамыту қажет деп есептеді. Шоқай өз шығармаларында мәдениет мәселелеріне де үлкен мән берген. Ол Орта Азиядағы түркі халықтары ұзақ уақыт патшалық езгі мен Ресей империясының отаршылдық саясатынан кейін төл мәдениетін жаңғыртып, дамытуы керек деп жазды.

Шоқай айдауда жүргенде түркі диаспорасының мәдени өміріне белсене араласты. Ол эмигрант басылымдарында жарияланып, лекциялар мен баяндамалар жасады. 1926 жылы Шоқай түркі тілдес халықтардың жазушылары мен мәдениет қайраткерлерін біріктіруді мақсат еткен «Мәдениет» қоғамын құрушылардың бірі болды. Қоғам баспа қызметімен,

түркі тілдерінде журналдар мен кітаптар шығарумен айналысты. Осылайша, ұлттық мәдениетті жаңғырту туралы жәдидтік идеялар Мұстафа Шоқайдың қызметінде көрініс тапты.

Жәдидшілдік философиясының тағы бір маңызды бағыты қоғамдық қатынастарды жаңғырту идеясы болды. Жәдидшілер феодалдық-патриархалдық қалдықтарды жоюды, әйелдер құқығын кеңейтуді, ұлттық буржуазияны құруды және сауда-экономикалық байланыстарды дамытуды жақтады. Шоқай өз шығармаларында бұл идеяларды қолдады. Ол отаршылдар билігін құлатқаннан кейін Түркістан халықтары әлеуметтік теңсіздік пен езгісіз жаңа демократиялық қоғам құруы керек деп есептеді.

Жәдидшілдік идеологиясының маңызды құрамдас бөлігі конституционализм болды – билік өкілетті органдары бар конституциялық монархия немесе республика құру талабы. Көптеген жәдидшілер Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы мұсылмандар фракциясының мүшелері болды. Олар өз парламенттері мен үкіметтері бар Ресей халықтарына автономия беруді талап етті. Шоқай конституционализмнің бұл идеяларын толық айтты. Ол 1916-1917 жылдары Мемлекеттік Думада жұмыс істеп, демократиялық Ресей республикасының құрамындағы Түркістанға автономия беруді жақтады.

Қазан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейін жәдидшілер Түркістанға парламент пен үкіметі бар ұлттық автономия құруды талап етуді жалғастырды. 1917 жылы қарашада Қоқанда үкімет басқаратын автономия құру жарияланып, Мұстафа Шоқай министрлердің бірі болды. Осылайша ол конституциялық құрылыс пен ұлттық өзін-өзі билеу туралы жәдидтік идеяларды дәйекті түрде қорғады.

Алайда большевиктер Түркістан автономиясын құру әрекетін аяусыз басып, өлкеде өздерінің диктатурасын орнатты. Кеңес өкіметінен түңілген Мұстафа Шоқай эмиграцияға кетті. Қуғын-сүргінде жүргенде ол Түркістанның тәуелсіздігін, демократиялық мемлекет құруды жақтай берді. Осылайша, саяси жағдайдың өзгеруіне қарамастан Шоқай жәдидшілдік либералдық-демократиялық мұраттарына адал болып қалды.

Жәдидшілдік идеологиясының негізгі бағыттарының бірі Ресей империясының мұсылман аймақтарындағы қоғамдық қатынастарды жаңғырту болды. Жәдидшілер феодалдық-патриархалдық қалдықтарды жою, әйелдер құқығын кеңейту, ұлттық буржуазия құру және сауда-экономикалық байланыстарды дамыту қажет деп есептеді. Бұл идеялар Мұстафа Шоқайдың көзқарастарына айтарлықтай әсер етті.

Шоқай өз еңбектерінде Түркістандағы әлеуметтік теңсіздік мәселесін бірнеше рет көтеріп, жер меншігінің феодалдық дворяндардың қолында шоғырланғанын және қарапайым шаруалар арасында құқықтардың жоқтығын көрсетті. Ол отарлық езгі жойылғаннан кейін жерді шаруалардың меншігіне беру арқылы аграрлық реформа жүргізу қажет деп есептеді. Бұл феодалдық қалдықтарды жойып, дербес шаруалар табын тудырады.

Шоқай әйелдердің азаматтық құқықтарының тең болуын, білім алуын, қоғамдық өмірге араласуын жақтады. 1917 жылғы Қоқан автономиясында

Шоқайдың бастамасымен шарифат заңдарының әйелдерді кемсітетін көптеген ережелерін жойған заңдар қабылданды.

Шоқай ұлттық буржуазия мен кәсіпкерлікті құруды қоғамдық қайта құрудың тағы бір маңызды бағыты деп санады. Ол жәдидтердің Түркістан мен көршілес елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамыту қажеттігі туралы идеяларын қолдады. Шоқай өлке тәуелсіздік алғаннан кейін жеке кәсіпкерлік пен шағын өнеркәсіпті ынталандыруды жақтады.

Шоқай айдауда жүргенде «Орта Азиядағы кеңестер» атты еңбегінде Кеңес өкіметінің Орта Азиядағы экономикалық саясатын жан-жақты талдап берді. Ол большевиктердің өлкеден шикізат айдап, жергілікті өнеркәсіп пен саудаға нұқсан келтіруге бағытталған отаршылдық жүйесін ұстанғанын атап өтті. Шоқай азаттық алғаннан кейін Түркістан халықтарын өндірісті, экономиканың жеке секторын және сыртқы сауданы дамытуға шақырды.

Сөйтіп, қоғамдық қатынастарды жаңғырту, феодалдық қалдықтарды жою және ұлттық буржуазия құру туралы жәдидтік идеяларды Мұстафа Шоқай қабылдап, оның әлеуметтік-экономикалық көзқарастарында көрініс тапты.

Жәдидшілдік философияның тағы бір негізгі элементі конституционализм – конституциясы, парламенті және биліктің өкілді органдары бар құқықтық мемлекет құру талабы болды. Ресей империясының Мемлекеттік Думасында жәдидшілдіктің көптеген көрнекті қайраткерлері жұмыс істеп, мұсылман халықтарына ұлттық-мәдени автономия құру идеяларын қорғады.

Мұстафа Шоқай жәдидтердің конституциялық көзқарастарын толық қолдады. 1916-1917 жылдары Ресей парламентінде мұсылмандар фракциясының хатшысы болып жұмыс істеді. Шоқай Ресейдің демократиялық республикасының құрамында өзінің конституциясы, парламенті және үкіметі бар Түркістан автономиясын беруді жақтады.

Қазан төңкерісінен кейін жәдидшілер Түркістан Құрылтай жиналысын шақыруды талап етті, ол өлкенің конституциясын қабылдап, заң шығарушы және атқарушы билікті қалыптастыруы тиіс еді. Бұл идеяларды Мұстафа Шоқай 1917 жылы қарашада Қоқанда үкімет және Сыртқы істер министрі Шоқай басқарған Түркістан автономиясын құру туралы жарияланған кезде жүзеге асырды.

Эмиграцияда Шоқай конституционализм, демократия және парламентаризм идеяларын қорғауды жалғастырды. Ол большевиктерді Түркістанда қатыгез диктатура орнатып, азаматтық бостандықтар мен ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын басып тастағаны үшін қатты сынға алды. Шоқай азаттық алғаннан кейін өлке халықтарын билік бөлінісі және саяси плюрализм бар демократиялық құқықтық мемлекет құруға шақырды.

Мұстафа Шоқай дүниетанымының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі Орталық Азияда тұратын түркі халықтарының бірлігі мен бірлестігі идеясы болды. Ол өлкедегі қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен және басқа халықтардың ортақ тарихы мен мәдениеті бар, бұл біртұтас мемлекет құрудың негізі болуы керек деп есептеді.

Шоқай өз еңбектерінде түркі тайпаларының ежелден Орта Азияның ұлан-ғайыр жерлерін мекендегенін, этникалық және мәдени тығыз байланыста болғанын көрсеткен. Кейінгі көшіп-қонып, жекелеген ұлттардың қалыптасуына қарамастан, олар ортақ шыққан тегі, тілі мен дәстүрін сақтап қалды. Бұл туысқандық олардың бірігуіне негіз болуы керек.

Шоқай өңірдегі түркі тілдес халықтардың тілдік бірлігін ерекше атап өтті. Ол қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен тілдері көне түркі тілдерінен шыққан бір-біріне жақын тілдер екенін атап көрсетті. Бір тілдік топтың болуы бұл халықтардың ортақ тамырын көрсетеді.

Шоқай исламды біріктірудің тағы бір маңызды факторы деп есептеді. 8-12 ғасырларда түркі тайпаларының ислам дінін қабылдауы олардың сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы бірлігінің нығаюына ықпал еткенін атап өтті. Ортақ діни бірлестік ортақ түркі болмысының маңызды белгісіне айналды.

Мұстафа Шоқай мәдениет пен өнер саласында да түркі халықтарының ортақ тұстарын көп көрді. Ол ауызша және музыкалық фольклордың, әдет-ғұрыптардың, қонақ күту дәстүрлерінің, ұлттық тағамдар мен киімдердің ұқсастығына назар аударды. Бұл мәдени параллельдер олардың туысқандығын көрсетеді.

Шоқай айдауда жүргенде Еуропадағы түркі халықтары өкілдерінің мәдени байланыстарын нығайтуға белсенді үлес қосты. 1926 жылы Парижде шет елдердегі түркі тілдес жазушы, ақын, өнер қайраткерлерінің басын біріктірген «Мәдениет» қоғамын құрушылардың бірі болды. Қоғам түркі тілдерінде әдебиет шығарумен және ортақ түркі мәдениетін насихаттаумен айналысты.

Шоқай түркі халықтарының мәдени бірлігі идеясына сүйене отырып, олардың саяси бірігуінің қажеттілігін негіздеді. Түркістан өлкедегі қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз, түрікмен және басқа халықтардың ортақ үйіне айналуы керек деп есептеді. Шоқай өлкедегі барлық ұлттардың теңдігі мен достығы қағидаттарына негізделген біртұтас Түркістан мемлекетін құруды жақтады.

Шоқай айтқандай, Түркістан халықтары бірігу арқылы ғана отаршылдық езгіге тойтарыс беріп, шынайы тәуелсіздікке қол жеткізе алады. Бөлшектену мен ішкі қақтығыстар тек аймаққа бақылау орнатуға ұмтылған империялық күштердің қолына түседі.

Мұстафа Шоқай түркі халықтары қауымдастығы идеясына сүйене отырып, Орталық Азияда біртұтас ұлттық мемлекет құру қажеттілігін негіздеді. Ол Түркістан өз шекарасында аймақтағы барлық түркі тілдес халықтар – қазақтар, өзбектер, қырғыздар, түрікмендер және т.б. біріктірілуі керек деп есептеді.

Шоқайдың ойынша, Түркістан халықтары біртұтас мемлекет шеңберінде ғана отаршылдық езгіге тойтарыс беріп, шынайы тәуелсіздікке қол жеткізе алады. Олардың арасындағы бытыраңқылық пен бақталастық аймақты әлсіретуге мүдделі империялық державаларға ғана пайда әкеледі.

Шоқай болашақ біртұтас түркі мемлекетін онда тұратын барлық халықтардың теңдігі, достығы және өзара сыйластық қағидаттары негізінде құру керек деп есептеді. Ол ұлттық үстемдік пен азшылықты басып-



жаншудың кез келген түріне қарсы болды. Шоқай Түркістанды өлкедегі барлық байырғы халықтардың ортақ үйі деп есептеді.

Бір айта кетерлігі, Шоқай Түркістанды Ресейден толық бөліп алуды бастапқыда жоспарлаған жоқ. 1917 жылы ол демократиялық Ресей республикасының құрамында автономия алуды жақтады. Алайда большевиктердің төңкерісі мен өлкеде кеңестік диктатураның орнауы Шоқайды толық тәуелсіздікке қол жеткізу үшін көзқарасын өзгертуге мәжбүр етті.

Шоқайдың біртұтас ұлттық мемлекет құру мәселесі жөніндегі ұстанымы сол кезеңдегі Қазақстандағы тағы бір ықпалды қозғалыс – Алаш партиясының көзқарастарымен қайшы келді.

Шоқайдан айырмашылығы Әлихан Бөкейханов бастаған алашшылдар демократиялық Ресей Федерациясының құрамында жеке қазақ автономиясын құруды жақтады. Олар Түркістанның басқа халықтарымен біріксе, қазақтар ұлттық азшылық жағдайына түсіп, тәуелсіз даму мүмкіндігінен айырылып қалуы мүмкін деп қауіптенді.

1917 жылы Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінде өз үкіметі мен парламенті бар «Алаш» автономиясы жарияланды. Бұл съезде Мұстафа Шоқай қатысып, тіпті ресми түрде Алаш-Орда үкіметінің құрамына кіреді. Бірақ оның ұстанымы алашшылдардың жеке қазақ автономиясын құрудағы жалпы бағытына қайшы келді.

1917 жылы қарашада Шоқай жақтастары Қоқанда Түркістан автономиясының құрылғанын жариялады, оған Ресей империясының барлық Орта Азия территориялары кіретін болды. Бұл осы аумақтардың бір бөлігін Қазақ автономиясының құрамына қосуға үміттенген алашшылдардың жоспарларына қайшы келді.

Мұстафа Шоқай дін мәселесінде байсалды және либералдық көзқарастарды ұстанды. Ол исламдағы радикалды ағымдардың ықпалын шектеуді және діни институттарды саясаттан бөлуді жақтады.

20 ғасырдың басында Түркістанда реформаланған исламды жақтаушылар (жәдидтер) мен консервативті мұсылман дінбасылары (улема) арасында кескілескен күрес жүрді. Ғұламалар қоғамдық және мемлекеттік құрылымның негізі ретінде шарифаттың сақталуын жақтады. Жәдидшілер шарифат ескірген және реформаны қажет деп есептеді.

Шоқай бұл дауда байсалды позиция ұстанды. Ол дін радикалды шектен бас тартып, заманға сай дамуы керек деп есептеді. Сонымен бірге Шоқай ғұламалардың саяси жүйеге діни догматизм мен клерикализмді таңу әрекеттеріне қарсы шықты.

1917 жылғы Қоқан автономиясында Шоқайдың бастамасымен әйелдерді кемсітетін шарифаттың кейбір ережелерін жоққа шығаратын заңдар қабылданды. Бұл ғұламалардың наразылығын тудырды, олар Шоқайды ислам заңдарынан ауытқыды деп айыптады. Бірақ ол бұл реформаларды Түркістан қоғамын жаңғырту үшін қажет деп санады.

Сонымен бірге Шоқай Кеңес үкіметінің Орталық Азияда атеизмді сіңіріп, діни дәстүрлерді жою әрекеттерін қатаң сынға алды. Ол өзінің

«Орталық Азиядағы кеңестер» атты еңбегінде мұндай әрекеттер діндарлар тарапынан қарсылық туғызып, олардың жаңа үкіметтен алшақтауына себеп болады деп жазды. Шоқай дінге қарсы күрес халықты оқыту арқылы біртіндеп және бейбіт түрде жүргізілуі керек деп есептеді.

Шоқай айдауда да исламдағы қалыпты реформация идеяларын қорғауды жалғастырды. Мұсылман құндылықтарына адалдықты сақтай отырып, діни институттарды жаңа уақыт рухында кезең-кезеңімен жаңғыртуды жақтады.

Бұл ретте Мұстафа Шоқай діни саяси жүйеден бөлінген зайырлы мемлекетті табанды жақтаушы еді. Ол билік діни догмаға емес, рационализмге, ғылымға және демократиялық процедураларға негізделуі керек деп есептеді.

Шоқайдың пайымдауынша, мемлекеттің зайырлы сипаты дініне қарамастан барлық азаматтардың теңдігінің кепілі болып табылады. Билік ешбір дінге артықшылық бермеуі немесе басқа дінді ұстанушыларды кемсітпеуі керек.

Шоқай тәуелсіздік алғаннан кейін Түркістан діни саясаттан бөлініп, зайырлы мемлекетке айналуы керек деп есептеді. Сонымен бірге діндарларға ар-ождан бостандығына кепілдік беріледі. Шоқай Түркістанды дініне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары тең болатын демократиялық республика болуын армандады.

Мұстафа Шоқай саяси қызметінің алғашқы кезеңінде Демократиялық Ресей Республикасының құрамында Түркістанға автономия беруді жақтады. Ол патшаның құлауы бұрынғы империя халықтарына жаңарған федеративтік мемлекет шеңберінде шынайы өзін-өзі басқаруға мүмкіндік береді деп үміттенді.

1916-1917 жылдары Шоқай Мемлекеттік Думада жұмыс істеп жүргенде Ресейдің либералдық және социалистік күштерімен – кадеттермен, социалистік революционерлермен, меньшевиктермен араласады. Олардың қолдауымен ол Құрылтай жиналысы шақырылғаннан кейін Түркістанның автономиясына қол жеткіземіз деп үміттенді.

Алайда 1917 жылғы қазандағы большевиктер төңкерісі жағдайды түбегейлі өзгертті. Түркістанда кеңестік диктатураның орнауы Шоқайды Ресей құрамында автономия алу мүмкіндігінен түңілді. Жаңа үкімет демократияландыру және федерализация талаптарын қабылдамады.

1917 жылы қарашада Қоқанда Түркістан автономиясын құру әрекетін большевиктер аяусыз басып тастады. Қызыл террор саясатымен бетпе-бет келген Шоқай кеңес басшылығымен келісімге келу мүмкін еместігіне ақыры көз жеткізді. Оның жалғыз жолы Түркістанның толық тәуелсіздігі үшін күрес болды.

Шоқай айдауда жүргенде большевиктерді Орта Азиядағы отаршылдық тәртіпті сақтап отырғаны үшін қатты сынға алды. Ол өзінің «Кеңес Орталық Азиядағы» деген кітабында коммунистердің азаттықты жаңа деспотизммен алмастырып, патшалық аймақ халықтарына қатысты саясатын мәні бойынша жалғастырды деп жазды.

Шоқай Түркістан экономикасының күйреуіне, ашаршылыққа, диссиденттерге қарсы жаппай қуғын-сүргінге большевиктерді кінәлады. Ол кеңестік жүйе Түркістан халықтарының шынайы өзін-өзі билеуімен және демократиясымен үйлеспейді деп есептеді. Сондықтан Шоқай коммунистік режимді құлатып, тәуелсіз ұлттық мемлекет құруға шақырды.

Сонымен бірге большевиктердің көңілін қалдыру Шоқай үшін демократиялық құндылықтардан бас тартуды білдірмеді. Ол әлі де Түркістанның еркіндік, теңдік, заң үстемдігі жолымен дамуы керек деп есептеді. Шоқай Батыс демократиясы түркістандықтардың азаттық күресіне көмектесетініне үміттенді.

Алайда уақыт өте Шоқай батыс державаларының шынайылығына сенімін жоғалтты. Ол Англия мен Францияның ең алдымен Орталық Азияда өздерінің отаршылдық мүдделерін көздейтінін және шын мәнінде тәуелсіз Түркістан құруға көмектеспейтінін түсінді.

Қорытындылай келе, Мұстафа Шоқайдың философиялық көзқарастары қоғамдық ойдың бірнеше ағымының ықпалымен қалыптасты деп айтуға болады.

Біріншіден, білім беру жүйесін жаңғыртуды, халықты ағартуды, мәдениет пен қоғамдық қатынастарды реформалауды насихаттайтын жәдидтік қозғалыс үлкен үлес қосты. Шоқай бұл пікірлерді ортаға салып, оны іс жүзінде жүзеге асыруға ұмтылды.

Екіншіден, Шоқайға Орта Азияда тұратын түркі халықтарының қауымдастығы мен бірлігі идеясы әсер етті. Ол тәуелсіз Түркістан мемлекетін құрудың негізін осы мәдени-тарихи бірліктен көрді.

Үшіншіден, Шоқай өзінің діни көзқарастарында исламды бірте-бірте жаңғыртуды жақтап, қалыпты реформизмді ұстанды. Бірақ үкімет мәселесінде ол зайырлылық пен діннің саясаттан бөлінуін табанды түрде жақтады.

Төртіншіден, Шоқай бастапқыда демократиялық Ресей аясында Түркістанға автономия беруді есептеді. Алайда кеңестік диктатураның орнауы оны большевиктерден түңіліп, толық тәуелсіздік үшін күрес жолына түсуге мәжбүр етті.

Жағдайлардың әсерінен көзқарастарының эволюциясына қарамастан, Мұстафа Шоқай өмірінің соңына дейін либералдық демократиялық құндылықтарды ұстанды. Ол бостандық, теңдік, заңның үстемдігі принциптері жүзеге асатын зайырлы және демократиялық Түркістанды армандады. Бұл тәуелсіз ұлттық мемлекет мұраты Шоқайдың өмір бойы саяси қызметін шабыттандырды.

Шоқай көзі тірісінде біртұтас Түркістан құру жоспарын жүзеге асыра алмағанымен, оның идеялары 20 ғасырда Орталық Азиядағы ұлттық қозғалыстардың дамуына үлкен әсер етті. Ол Түркістанның түркі бірлігі мен тәуелсіздігінің көрнекті ойшылы және идеологы ретінде тарихқа енді. Мұстафа Шоқайдың философиялық мұрасы осы өңірде зайырлы және демократиялық қоғам құру мәселесінде әлі де өзектілігін жойған жоқ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Шарапова К. Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясы //Электронный научный журнал «edu. e-history. kz». – 2019. – №. 2. – С. 333-337.
- 2 Омаров А. Б., Карсыбаева Ж. А. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі: негізгі кезеңдері //ХАБАРШЫСЫ. – 2016. – С. 42.
- 3 Жанибай С. Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі тарихты зерттеудің методологиялық ұстанымдары //Электронный научный журнал «edu. e-history. kz». – 2019. – Т. 6. – №. 1. – С. 83-91.

### **М. ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАМЫЗҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

*Бахтиярова Сара Бахтиярқызы*- филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Мұстафа Шоқай – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары үшін күрескен қайраткер. Бүкіл өмірін халқының бостандығына арнаған Мұстафаға елінен кету қиынға соқты, жаны күйзелді. Әсіресе, оның жан тебіренісі 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алдырды. Осы сәтті зайыбы Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз (қазақ) сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен».

Мұндайда Қадыр ақынның «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Домбыраны көргенде Сыр өңірінен бастап бүкіл қазақ даласы, туған-туыстары, сол кезде аштан қырылып жатқан қазақтар Мұстафаның көз алдынан өткен шығар...

Мұстафа – орыс, батыс, шығыс әдебиетін жақсы білген адам. Оның бір мысалы ретінде 1922 жылы 12-мамырында Парижден Ташкентте тұратын «NN» деген аноним адамға жазған хатын айтуға болады («NN» дегені – Х.Досмұхамедов.) Хатта Мұстафа Алексей Толстойдың «Хождение по мукам» деген еңбегін орыс революциясын «романға» айналдырудың сәтсіз әрекеті десе, Григорий Требенщиковтың «Братья Чураевы» деген повесі туралы жақсы тілмен жазылған деп қана шектеледі. Түркістанда қандай газет-журналдар және қай тілдерде шығады, «қырғыз газетін» кім басқарады деп сұрайды.

Мұстафаның «қырғыз газеті» деп отырғаны «Ақ жол» газеті. Бір-екі жылдан кейін ол бұл басылымды тұрақты түрде алып тұрады. Оны «Түркістандағы Лениннің мұрасы» (1924), «Түркістандық тамаша» (1924), «Ұлт мәселесінің зертханасында» (1924), «Қызыл Түркістанда» (1924), «РКП-

ның ташкенттік мырзалары» (1925), «Ояну» (1926) деген еңбектерінде «Ақ жол» газетіндегі материалдарға сілтеме жасауынан көреміз.

Мұстафа Қазақстанда жарық көрген жаңа туындыларды алдырып, олармен танысып отыруға да көп көңіл бөледі. 1927 жылдың 5-шілдесінде Ташкентте оқып жатқан туыстас інісі Байдәулет Дабыловқа хат жазып, Бейімбет Майлиннің өлеңдері мен «Ер Сайын» деген кітапты алғанын хабарлап, жақында Қызылордада «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітаптың жарық көретінін айтып, егер мүмкіндігің болса, осы кітапты салып жіберші деп өтініш білдіреді. Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы сол жылы араб графикасымен Қызылордада басылып шыққан болатын.

Батыс әлемі М.Шоқайды ірі саяси қайраткер ғана емес, түркітанушы ғалым ретінде қабылдайды. Сол себепті онымен жазысқан тұлғалар қатарынан француз ғалымы Поль Пельо (1878-1945), Париж университетінің (Сорбонна) профессоры Жан Дени (1870-1945), араб және парсы тілдерінің маманы Габриэль Ферран, Париж ұлттық кітапханасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі Э.Блоше, Орта Азия мен Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған, одан бұрынғы дәуірлерге де қатысты оқиғалар туралы еңбектер авторы Ж.Кастенье, ағылшын шығыстанушысы, Кембридж университетінің профессоры Эдвард Браун (1862-1925), Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін өз түсіндірмелерімен ағылшын тіліне аударған Эдвард Денисон-Росс (1871-1940), «Коман халқы туралы» атты іргелі еңбектің авторы Йозеф Маркварттың (1864-1930), италиялық ғалым Э.Инсабота есімдерінің ұшырасуы заңды болатын.

М.Шоқайдың неміс ғалымдарымен ұзақ жылдар бойғы шығармашылық байланысын ерекше атаған жөн. Олардың ішінен, әсіресе, көрнекті неміс түркітанушысы Аннемари фон Габенмен (1901-1903) тығыз байланыста болып, оның қазақ тілі грамматикасын зерттеуіне көп көмек бергендігі – таңғаларлық жағдай.

А.фон Габен көнетүркі ескерткіштерін, көнетүріктердің мәдениеті мен дүниетанымын зерттеуге үлкен үлес қосады. Ол – «Түркі тіліндегі турфан мәтіндері» деген бестомдық монографияның, «Көнетүркі тілінің грамматикасы» деген еңбектің авторы. Сонымен бірге А.фон Габен жаңа замандағы қазақ этнографиясы мен лингвистикасына арналған бірнеше ғылыми мақала жазды.

Неміс ғалымы Мұстафаны өмірден озғаннан кейін де ұстаз ретінде құрмет тұтып, үнемі еске алып отырды. Ал Берлин университетінде қызмет істеген Иоханнес Бенцингті шын мәнінде Мұстафаның шәкірті деуге болады. Ол осы университеттің түркітану факультетін Мұстафаның жан-жақты көмегі арқасында бітіріп шығады. Берлин университетінде қазақ тілінен сабақ беретін дәрежеге жетеді. И.Бенцинг М.Шоқайды ұстазы ретінде және туған ағасындай сыйлайды. 1933 жылы ол «Мұстафа Шоқайұлы туралы жаңа өзбек әдебиетінде не жазылуда» деген мақала жариялайды. Жалпы ол қазақ тарихы мен әдебиетінің білгір маманы болады. Жазушы Х.Абдуллиннің сөзіне қарағанда, ол М.Жұмабаевтың өлеңдерін жарыққа шығарған. А.фон Габен де: «И.Бенцинг Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін алғаш алман тілінде

сөйлеткен, 1929 жылы бір томдық шығармаларын тәржімелеген» дейді. Аударма Германия мұрағаттарының бірінде сақталуы мүмкін. Ә.Қашаубаев Мұстафаның үйінде болған кезінде Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңін қазақ, неміс, француз тілінде тыңдаған. Өлеңді Бенцингтен басқа біреудің аударуы мүмкін емес. М.Шоқайдың Орталық Азия халықтарының ауыз және жазба әдебиетін терең білетіндігін оның Париждегі «Мұсылман әлеміне шолу» журналында жарық көрген аудармаларынан да байқаймыз.

Бұл пікірімізге тағы бір мысал келтіре кетейік.

1939 жылы жазылып біткенмен, 1942 жылы Лейпцигте шыққан Р.Ольцша мен Г.Кляйновтың «Түркістан»: Саяси тарихы және әлеуметтік проблемалары деген 409 беттік кітабының соңғы 60-70 бетін М.Шоқай жазғанға ұқсайды. Ондағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» секілді қазақ әдебиетінің үлгілері, «Исатай – Махамбет», «Бекет», «Амангелді», «Жалбыр», «Бекболат» пьесалары, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, А.Токмағамбетов, Т.Жароковтың шығармашылығы жөніндегі ой түйіндеулер Мұстафаның ғана қарымды қаламынан туындады деп ойлаймыз. Халықтың рухани дамуында әдебиеттің ерекше рөл атқаратындығын ескерген М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында Түркістанның елде қалған ақын, жазушыларының да, шетте жүргендердің де туындыларына үнемі орын беріп отырады. Журналдың бірінші санындағы бағдарламалық мақалалардың бірінде «Біз «Яш Түркістан» беттерінде Түркістан шайырларының шығармаларынан үлгі боларлық кейбір үзінділер басып тұрмақшымыз» дейді және бұл уәдесін М.Шоқай басылымның соңғы сандарына дейін берік ұстайды. Журналдың осы санын Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан», Шолпанның «Жапырақтар» деген өлеңдерімен бастайды. Бұл екеуі Мұстафаның аса қадір тұтатын ақындары болатын.

Қазақ ақынының «Түркістан» атты әйгілі шығармасы оның 1923 жылы Ташкентте жарық көрген кітабынан алынған еді.

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,

Күтеді көптен сені қарай-қарай.

Кене мен Абылайдың жолын қумай,

Жаһанда жабығудың жөні қалай, - деген жолдармен аяқталатыны белгілі. Мұның өзі өлеңнің Мұстафаға қаратып жазылғанын және оны қазақ қайреткерінің жақсы түсінгенін білдіреді. Ал 1931 жылы «Яш Түркістанның» үшінші-төртінші сандарында жарық көрген Мағжанның «Алыстағы бауырға» өлеңін Мұстафа Анадолы түркілеріне арналған деп түсінеді, оның түрікшілдік идеясына баса назар аударады. Бұл өлеңді И.Бенцингтің неміс тіліне аударғаны жөнінде жоғарыда айтып өткенбіз. Қазақ ақынының бұл шығармаларының жазылу уақыты Мұстафаның Францияға барып күрес жолын бастау кезеңімен тұстас келеді. Мағжанға Мұстафаның «Кене мен Абылай» жолында жүргендігі, бірақ олардың арманын бейбіт, саяси күрес тәсілдері арқылы жүзеге асыруға бет алғаны белгісіздеу еді. М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында түркістандық ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын дәріптеумен қатар, эмиграцияда жүрген талантты жастардың қаламынан туындаған әңгіме, өлең, әдебиеттанушылық

талпыныстарына үнемі қолдау көрсетіп отырады. Соның бір мысалы – Есен Тұрсын деген лақап атпен жария болған Тахир Шағатайдың «Түркістанның ұлы ақыны (1845-1904)» деген шағын мақаласы.

Тахир Шағатай «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы болды. Абдуқап Оқтаймен бірге осы басылымның жүгін көтеріп, М.Шоқаймен бірі оң қанаты, бірі сол қанатындай ынтымақта жұмыс істеді.

Мақала «Яш Түркістан» журналында (1934. №58, 39-41-б.) жарық көрді, ол шағатай тілінен аударылып, «Түркістан» газетінде (2004, 15-шілде) қазақ тіліне аударылып басылды. Абай туралы Есен Тұрсынның мақаласын редакциялап, оған толықтырулар енгізумен М.Шоқай шектеліп қалмайды. «Яш Түркістан» журналына (1935, №63) «Шайыр Абайдың өмірден озғанына 30 жыл толуына орай» деген мақала жазып, онда «Абай – ұлтшыл», «Абай – феодалшыл», «Абай – алашордашыл» деп, Абай шығармаларын мектеп кітапханасына жіберткізбей өрекіп жүрген большевиктер саясатын сынға алады. Бірақ халық санасынан Абайды сызып тастаудың мүмкін еместігін, «Табиғатты есіктен қуып шығарсаң, ол терезеден қайтп кіреді» деген секілді, Абайдың да халық өмірінен кең орын ала бастағаны туралы баяндайды. Кеңес газетінде Абайды – «қазақ жазба поэзиясының негізін салушы» деген баға берілуіне орай, қазақ халқының Абайға дейін-ақ бірнеше ғасырлар бұрын дүниеге келтірген «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Асан Қайғы» секілді дастандарының авторлары «жазба шайырлар» болды деген пікір білдіреді.

Мұнан бұрынғы да шығармалар мен ескертулерінде М.Шоқайдың «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.с.с. дастандар жөніндегі пікірі осыған ұқсас келеді.

М.Шоқайдың бұл туындысын, шағын болғанымен, Кеңес Одағында қазақ әдебиетінің ірі өкілдерін қудалау, әсіресе, Абай шығармашылығын зерттеуге түрлі тосқауылдар қою жағдайында жазылған, үлкен әлеуметтік жүк көтеріп тұрған шығарма деуге болады.

1934 жылы «Яш Түркістан» журналының Түркия аумағына ене алмауы көптеген оқырмандардан айырылып қалу қаупін тудырады. Осы жағдайды ескерген М.Шоқай мазмұны да, тілі де «Яш Түркістанмен» сабақтас, бірақ аты сәл өзгерген «Түркістан» атты журнал шығара бастайды.

М.Шоқай туыстас Түркия тарапынан жасалған бұл әрекетке өкінішін білдірсе де, серіктестерін бұл елдің ішкі және сыртқы саясаты жөнінде бірде-бір сыни пікір айтпауға, оған түсіністікпен қарауға шақырады.

Осындай қысылтаяң жағдайда Абай туралы мақаланың берілуі де түрік оқырмандарын қазақ халқының абыз ақынымен таныстыру ниетінен туындаған-ды.

М.Шоқайдың әдебиет әлеміндегі қызметінің бір арнасы шетел баспасөздерінде Түркістан халықтарының әдебиеті жөнінде жарық көрген басылымдар жөнінде орыс, шағатай тілдерінде шолулар жасап, түсіндірмелермен оқырмандарға жеткізіп отыруға байланысты болды. «Яш Түркістанның» 1930 жылдың қараша айындағы нөмірінде М.Шоқайдың «Алман қаламгерлерінің түркістандық әсерлері» деген мақаласы жарық

көреді, онда В.Штайнның «Vossische Zeitung» газетінде (1930, 14-маусым) басылған көлемді мақаласы жөнінде сөз қозғалады. Осы мақаладан Мұстафа мынадай үзінді келтіреді: «Ұлтшыл шайыр Шолпанның өлеңдері зор көлемде елден елге тарап, барлық қауым тарапынан оқылады. Шолпан өлеңдерінде орыс отаршылдары Түркістандықтардың басты жауы ретінде көрсетіледі. Шолпан өлеңдері барша түркістандықтарды кеңестік Ресей қамытынан құтылуды үгіттейді. «Қасқырлардан тек ақымақтар ғана рақым күтеді» деген сөздер сол Шолпан өлеңдерінің бірінде айтылған». Мақала соңында Мұстафа Берлинде шығып тұрған «Остойропа» журналының 1931 жылдың сәуіріндегі №7 санында жарық көрген «Түркістан шайырлары мен өлеңдері» атты 19 беттік мақала басылғаны жөнінде де хабарлайды. «Яш Түркістанның» 1931 жылы шілде айындағы санында «Түркістан ұлттық әдебиеті хақында француз журналы не дейді» деген еңбегі Париждің ең беделді басылымдар қатарынан орын алатын «Муа» («Le Mois») журналының маусым айындағы санында «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» деген мақалаға орай жазылған-ды. Француз авторы Түркістан жазушылары мен әдебиетшілерінің арасынан Шолпанға ерекше тоқталады: «Шолпан – тек түркі әлемінде ғана емес, Еуропада да танымал бір шайыр. Оның өлеңдері мен тілі Түркістан түркілерінің классикалық әдебиетін еске салады. Шолпанның барлық өлең-жырлары өлкеде ел аузынан түскен емес. Оның пьесалары түрік театрына жаңа тыныс, жаңа леп әкелді». Мақала былайша аяқталады: «Түркістан поэзиясының өркен жаюы ұлттық түйсіктің оянуымен тығыз байланысты. Большевиктер бұл әрекетті тұншықтыруға тырысуда. Алайда халықтық өмір сүруге құлшынысы барған сайын артып келеді. Түркістан өз тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен бірге өзіне тән рухының жеңіліс таппауы үшін күресуде». М.Шоқай Париждің атақты журналында мұндай мақаланың жарық көруіне ерекше қуанып, «Дұрыс. Түркістан өз саяси тәуелсіздігі ғана емес, сонымен бірге ұлттық түрік рухы үшін де күресуде» дейді.

М.Шоқайдың әдебиеттану саласы бойынша қызметінің келесі бағыты әдебиеттің қоғам өміріндегі орнына, ақын, жазушылардың халық санасында ұлттық рухты берік орнатуындағы рөліне, Кеңес Одағында ұлттық әдебиет өкілдерін қуғындауға байланысты. Халық жүрегінен берік орын алған, оның мұң-мүддесіне қызмет істеген әдебиет өкілдерін ғайбаттап, олардың орнына «пролетарлық әдебиет» дегенді қалыптастырудың рухани қасіретке ұласатындығын М.Шоқай талай рет ескертеді. Идеологиялық қысым жалғыз қазақ әдебиетін ғана емес, өзбек, түрікмен, қырғыз, тәжік әдебиетін де қамтиды. Осы кездегі саяси нуқаншылдық жөнінде ол: «Науанды түрік әдебиетінің тарихынан шығарып тастауға ұрыну үшін шынында да шектен асқан ақымақ, қып-қызыл ақымақ болу керек... Бірдеңелерді бұтып-шатуға, Мақтымқұлының жүзіне «түкіруге», «партия бағытын» қабылдауға болатын шығар, бірақ мұндай жолмен Түркістанның рухани сұранысын қанағаттандыруға бола қоймас» деп жазды. «Қып-қызыл ақымақтар» (1931 ж.) деген еңбегінде «Күнің туды батырақ, Шапқылап қал, шапқылап» деп, «уралап» әдебиет майданына енген, «бірдеңелерді бұтып-шатып» жазушы атанғандардың Науаи, Абай секілді ұлыларлы сынға алуын ерен ессіздік



ретінде қабылдады, олар жөнінде жебелі сөзін аямады. Атақты орыс жазушысы Крылов өзінің «Есек және бұлбұл» деген еңбегінде, - дейді ол, - өз әнімен бұлбұлдың есекке ұнағаны, бірақ есек әтештен біршама үйренсе, бұлбұл мұнан да тәуір ән салар еді деп ұйғарады. Сол сияқты мұндай «қызыл революциялық шөже әтештер» ұлттық түркістан әдебиетінің шын мәніндегі бұлбұлы – Науаиды онша қолдап-қолпаштамайды (Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 2013.-298-б.).

Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың шығармаларын аса жоғары бағалап, олар – өз халқының тілі мен әдебиетінің ұлы білгірлері деп көрсетті, неліктен олар Түркістанның бір жерінде өз білімдеріне қолданыс таба алмай отыр деп өкініш білдірді (Сонда. 7-том. 270-б.).

Әдебиет саласындағы жаңалықтарды М.Шоқай «Еңбекші қазақ», «Казахстанская правда» және басқа да жаздырып алып отырған баспасөзден біліп отырды. «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылдың 8-шілдесінде шыққан нөміріндегі «Халық жауларымен ымыраластық-партия жолына сатқындық» деген мақаламен танысып, оны Қазақстанның Жазушылар одағы мен оның бас органы – «Литературный Казахстан» журналына қарсы жасалған жорық деп түйіндеді. Мақалада «сталиндік мектептің әйгілі кеңес жазушылары Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфулин ұлтшылдық элементтермен байланысты қолдап келгендігімен де аты шықты, әрине, бұл Одақтың жұмысына және жас жазушы кадрларды өсіруге үлкен зиян келтіріп отыр» делініпті. Мақала афторы, әсіресе, мұндай «зиянкестіктің түп тамыры қазақ халқының қас жауы, жапон тыңшысы Шоқаевқа ықыластық танытқан» Смағұл Садуақасовқа барып тіреледі деген секілді «көрегендік» білдіреді (Сонда. 9-том. 473-б.). Көп ұзамай осы газеттен М.Шоқай, С.Сейфулиннің де «жапон тыңшысы» ретінде «айыпталғанын» оқып біледі.

Ұлттық кадрларды қуғындаудың түп-тамыры Смағұл да, Әлиханда емес, мүлдем басқада болатын. «Түркістандағы әдебиет төңірегінде» деген айдармен «Яш Түркістан» журналында жарық көрген Тахир Шағатайдың мақалаларына жазған кіріспе сөзінде М.Шоқай автор кеңес өкіметінің жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық әдебиетті Ресей мүдделеріне қызмет істеуге мәжбүрлеуі, сонымен бірге елде жалпы ұлттық мәдениет пен тілдің қалыпты дамуына кедергі жасауы жөнінде баяндайды; бұрынғы орыс классиктерін мадақтап, мәскеулік большевиктер түркістан классикалық әдебиетінің құрмет тұтуға тыйым салуда деп қорытады (Сонда. 9-том).

М.Шоқай өмір бойы елдегі әдеби процестерді қалт жібермей бақылады. Оған Мұстафаның «Әдебиет майданы» журналын алдырып, үнемі оқып тұруының өзі дәлел бола алады (Сонда. 10-т. 63-б.). Мұстафа біраз еңбектерінде әдебиеттану теориясына көңіл бөледі. Оның пікірінше, жазушы өзі көрген және өзінше пайымдаған оқиғаны жазған кезде ғана шынайы туынды бере алады. Белгілі бір схемаға, идеяға алдын-ала бейімдеп жазудан ештеңе шықпайтындығын ескертеді. Осы жағдайдың бір мысалы ретінде Александр Сытин, Николай Тихонов, Борис Пильняк және басқа да кеңес жазушыларының «партиясының бас бағыты» бойынша «әлеуметтік тапсырысты» орындау үшін Түркістанға барғанын, себебі олардың

«партияның бас бағыты» талап еткен ештеңе таба алмай, еліміздің өміріндегі фактілерді соған орай «қиылыстырғанын» айтады (Сонда. 7-том. 367-б.).

Ғылымның «Ақ - Қызыл», «Ұлтшыл-зиянкестердің даурығы» секілді еңбектерінде әдебиеттің белгілі бір топтың, не таптың мүддесіне емес, бүтін ұлт мүддесіне қызмет істегенде, ұлт мүддесін білдіргенде ғана көркейіп, гүлденетіні, нағыз әдебиеттің ұлттық тәуелсіздік жағдайына ғана өсіп өркендейтіні жөнінде жазылады. «Ақ-Қызыл» еңбегінің әрі қарайғы мазмұны осы шындықты дәлелдеуге арналған: «Міне мынау Түркістанда халқымыз тілін байытып, дамытады және биік ұлттық құндылықтар жасайды деп үміт артқан ең ұлттық жазушыларымыз, көп болғанда, үнсіздікте қалуға мәжбүр болып отыр. Себебі олар «мәдениеттің формасы ұлттық, мазмұны социалистік» болады деген мәскеулік түсінікке сәйкес келмейді. Мысалы, біздің Ахмет Байтұрсынов пен Шолпан ұттық әдебиетіміздің озық өкілдері болып табылады. Олардың шығармаларынан Ресей үстемдігінен де құрып кетпеген біздің тіліміздің байлығы мен жарқылын көреміз. Ахмет пен Шолпан қазір қайда? Неге олар үнсіздік құрсауында?...

Пушкин мен Тургенев, дворяндар мен «капиталистер» болса да, орыс пролетариаты үшін «қасиетті» болып есептеледі, себебі олар – орыстар. Ал, Шолпан мен Ахмет – түркістандықтардың жауы деп суреттеледі, себебі Шолпан мен Ахмет түркістандықтар» (Сонда. 5-том. 129-131 б.). Қандай да болсын, ұлттық әдебиеттің негізі – ұлттық тіл екендігі ақиқат. Ұлттық тілсіз – әдебиеті, ұлттық әдебиетсіз – ұлттық рух, ұлттық рухсыз – ұлттық тәуелсіздік жоқ екендігі де – аксиомалық шындық. Сол себепті кеңес саясаты ұлттық тілді тұншықтыруға бағытталған деген Мұстафа тұжырымы «Кеңес галстугі» мақаласында баяндалған. Есен Тұрсынның «Түркістандағы тіл саясаты» деген «Яш Түркістан» жариялана бастаған мақалалар топтамасына жазған кіріспеді М.Шоқай Кеңес өкіметінің жергілікті халықты орыстандыруға бағытталған тіл саясатын сынға алуына байланысты автор ұстанымына қолдау көрсетеді. Әдебиеттің әлеуметтік функцияларына байланысты тақырыпты барынша зерттеген М.Шоқай «Ұлттық бостандық – ұлттық рух жемісі. Ұлттық рухтың өзі де ұлттық бостандық пен ұлттық тәуелсіздік саясында жеміс бер алады» деген тұжырымдама жасайды. «Әдебиеттің бостандығы» мәселесі осыдан туындайды. М.Шоқай сондықтан әдебиеттің дамуына қажетті жағдайлардың ішінде саясаттың әдеби процеске араласпауын алдыңғы орынға қояды. «Адамзат шығармашылығының барлық түрлерінің ішінде әдебиет бәрінен бұрын бостандыққа мұқтаж» дейді. Ақын, жазушыларға берілген «бостандық» - күнкөрістің көзі емес, халыққа қызмет істеудің, оның жан дүниесін байытып, рухын көтерудің, тәуелсіз өмір сүруінің шарты. М.Шоқайдың бұл идеялары бүгінгі күні де өте өзекті. Пендешілік құлы болмай, ұлттық мүдделерге қызмет істеу әрбір ақын, жазушының бағыт бағдары болуы тиіс.

#### Әдебиеттер:

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 2013.-Т.5.- 298 б.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ - ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

*Мүсілімқызы Динара* – Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі.

Мұстафа Шоқай - ұлт қайраткері. Оның тағдыры алмағайып заманмен тұспа-тұс келді. Сондықтан ол өз дәуірінің аласапыран кезеңін әдебиетпен байланыстыра отырып публицистикалық еңбектер жазды. Сондықтан біз бұл мақаламызда М.Шоқайдың мұралары-ұлт руханиятының қайнар көзі екендігін талдап жазбақпыз.

Қазақтың біртуар перзенті Мұстафа Шоқайдың да сан қырлы таланты басқа ұлы тұлғалар секілді өз халқының бай ауыз әдебиеті мен ән-күйінен бастау алады. Өйткені жас кезінен-ақ оны қоршаған ортада дәстүрлі мәдениет өкілдері молынан ұшырасатын. Ұлы қайраткер халқының әдебиеті мен мәдениетін терең білетіндігімен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқайдың бұл ерекшелігі еуропалық өркениет орталықтарында небір саяси қайраткерлермен айтысқан кезінде де, Лондондағы Корольдік халықаралық қатынастар институтында екі сағат бойы таза француз тілінде дәріс оқыған шағында да байқалады. Оның ойына ой қосып, бойына қуат беріп тұратын өз халқының рухани қазынасы сыйлаған тылсым құбылыс оны өз заманының Демосфеніне айналдырды. Сондықтан оны замандастары «шешен» деп атаған.

Мұстафа Шоқай ақын болмаса да, ақынжанды азамат болып өскендігі бізге жеткен естеліктерден белгілі. Оған дәлел ретінде ұлы тұлғаның студенттік шағында «Қақажанға» деп, бірге оқыған түрікмен досы Қ.Бердиевке арнап әзіл өлең жазғанын жатқызуға болады. Оның еңбектерін зерттеушілер Париждегі мұрағатынан «Секірген лақ көрдім тау басында» деген өлең мәтінін тапқан. Мұстафа Шоқайдың әдеби мұраларын зерттеушілердің айтуынша, оның бұл өлеңі Грузияда жүрген шағындағы елді сағынған көңіл ауанымен жазылса керек. Саналы ғұмырын халқының бостандығына арнаған Мұстафаға елінен кету қиынға соқты, жаны күйзелді. Әсіресе, ұлы тұлғаның жан тебіренісі 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алдырды. Оның осы сәті туралы зайыбы Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз (қазақ) сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен»[1].

Мұстафа Шоқай Қазақстанда жарық көрген жаңа туындыларды алдырып, олармен танысып отыруға да көп көңіл бөледі. 1927 жылдың 5-шілдесінде Ташкентте оқып жатқан туыстас інісі Байдәулет Дабыловқа хат жазып, Бейімбет Майлиннің өлеңдері мен «Ер Сайын» деген кітапты алғанын хабарлап, жақында Қызылордада «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітаптың жарық көретінін айтып, егер мүмкіндігің болса, осы кітапты салып жіберші

деп өтініш білдіреді. Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы сол жылы араб графикасымен Қызылордада басылып шыққан болатын. Сол себепті Батыс әлемі М.Шоқайды ірі саяси қайраткер ғана емес, түркітанушы ғалым ретінде қабылдайды. Себебі ұлы ғалым көптеген түркітанушы ғалымдарға түркі тілдері туралы көптеген мәлімет берген. Соның нәтижесінде көрнекті неміс түркітанушысы Аннемари фон Габеннің «Түркі тіліндегі турфан мәтіндері» деген бестомдық монографиясы, «Көнетүркі тілінің грамматикасы» деген еңбектері жарық көрген. Сонымен қатар Аннемари фон Габен жаңа замандағы қазақ этнографиясы мен лингвистикасына арналған бірнеше ғылыми мақалалар жазған. Аталмыш неміс түркологі Мұстафа Шоқайды өмірден озғаннан кейін де ұстаз ретінде құрмет тұтып, үнемі еске алып отырды. Ал Берлин университетінде қызмет істеген Иоханнес Бенцингті шын мәнінде Мұстафаның шәкірті деуге болады. Ол осы университеттің түркітану факультетін Мұстафаның жан-жақты көмегі арқасында бітіріп шыққан. Соның нәтижесінде Берлин университетінде қазақ тілінен сабақ беретін дәрежеге жетеді. Сол себепті И.Бенцинг М.Шоқайды ұстазы ретінде және туған ағасындай сыйлайды. 1933 жылы ол «Мұстафа Шоқайұлы туралы жаңа өзбек әдебиетінде не жазылуда» деген мақала жариялайды.

Ұлт қайраткері 1935 жылы «Яш Түркістан» журналының №63 санында «Шайыр Абайдың өмірден озғанына 30 жыл толуына орай» деген мақала жазып, онда «Абай-ұлтшыл», «Абай-феодалшыл», «Абай-алашордашыл» деп, Абай шығармаларын мектеп кітапханаларына да жіберткізбей өрекіп жүрген большевиктер саясатын сынап жазады. Ол бірақ олардың Абайды халық санасынан сызып тастай алмайтындықтарын айта келе, «Табиғатты есіктен қуып шығарсаң, ол терезеден қайтып кіреді» деген мақалды еске түсіріп, Абайдың да халық өмірінен кең орын ала бастағаны туралы баяндаған. Қазіргі кезде Алматыда ақынға ескерткіш орнатылған, ондағы Педагогикалық институтқа Абай аты берілген. Соның өзінде де Абайды шектеушілік, оның шығармаларын марксизм «елегінен» өткізуге тырысушылық тыйылмай келеді, [2.298]-дейді М.Шоқай. Оған дәлел ретінде «Казахстанская правда» газетінің 1935 жылдың 1 қаңтарында басылған мақаласындағы: «Біз Абайдың әдеби мұрасын толық пайдалана алмаймыз, бірақ марксизм елегінен өткізіп алынған Абай өлеңдері біз үшін бағалы» деген жолдарды алуымызға болады.

Кеңес газетінде Абайды-«қазақ жазба поэзиясының негізін салушы» деген баға берілуіне орай, қазақ халқының Абайға дейін-ақ бірнеше ғасырлар бұрын дүниеге келтірген «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Асан Қайғы» секілді дастандарының авторлары «жазба шайырлар» болды деген пікір білдіреді. Мұнан бұрынғы да шығармалар мен ескертулерінде М.Шоқайдың «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», т.с.с. дастандар жөніндегі пікірі осыған ұқсас келеді.

М.Шоқай әдебиеттің әлеуметтік функцияларына байланысты тақырыптарды молынан зерттегендігі жоғарыда айтылған халық ауыз әдебиеті жөнінде білдірген келелі пікірлерінен, көзқарастарынан

байқалады. Ол «Ұлттық бостандық-ұлттық рух жемісі. Ұлттық рухтың өзі де ұлттық бостандық пен ұлттық тәуелсіздік саясында жеміс бере алады» деген тұжырымдама жасайды. Ол әдебиеттің дамуына қажетті жағдайлардың барлығының бастысы етіп саясаттың әдебиетке араласпау үдерісін атап көрсеткен.

Кеңестік идеология халқымыздың көптеген біртуар ұлдарының шығармаларын, оның ішінде Абайды да шығармаларын ұлтшылдықтың иісі аңқып тұр деп бағалап, оларды оқытуға мүлде тыйым салды. Осы кезеңде Мұстафа Шоқайдың Абай шығармашылығы жөнінде жазған мақаласы осы мәселенің ақ-қарасын шешіп бергендей салмағы ауыр мақала болды. Мақала 1935 жылы «Түркістан» (Берлин) журналының соңғы №5 нөмірінде де жарық көрген.

М.Шоқай мазмұны да, тілі де «Яш Түркістанмен» сабақтас, бірақ аты сәл өзгерген «Түркістан» атты журнал шығара бастайды. Оның әдебиет әлеміндегі қызметінің бір арнасы шетел баспасөздерінде Түркістан халықтарының әдебиеті жөнінде жарық көрген басылымдар жөнінде орыс, шағатай тілдерінде шолулар жасап, түсіндірмелермен оқырмандарға жеткізіп отыруға байланысты болды.

«Яш Түркістанның» 1930 жылдың қараша айындағы нөмірінде М.Шоқайдың «Алман қаламгерлерінің түркістандық әсерлері» деген мақаласы жарық көреді, онда В.Штайнның «Vossische Zeitung» газетінде (1930, 14-маусым) басылған көлемді мақаласы жөнінде сөз қозғалады. Осы мақаладан Мұстафа Шоқай мынадай үзінді келтіреді: «Ұлтшыл шайыр Шолпанның өлеңдері зор көлемде елден-елге тарап, барлық қауым тарапынан оқылады. Шолпан өлеңдерінде орыс отаршылдары орыс отаршылдары-түркістандықтардың басты жауы ретінде көрсетіледі. Шолпан өлеңдері барша түркістандықтарды кеңестік Ресей қамытынан құтылуды үгіттейді. «Қасқырлардан тек ақымақтар ғана рақым күтеді» деген сөздер сол Шолпан өлеңдерінің бірінде айтылған»[2.298]. Мақала соңында Мұстафа Берлинде шығып тұрған «Остойропа» журналының 1931 жылғы сәуірдегі №7 санында жарық көрген «Түркістан шайырлары мен өлеңдері» атты 19 беттік мақала басылғаны жөнінде де хабарлайды. «Яш Түркістанның» 1931 жылы шілде айындағы санында «Түркістан ұлттық әдебиеті хақында француз журналы не дейді» деген еңбегі Париждің ең беделді басылымдары қатарынан орын алатын «Муа» («Le Mois») журналының маусым айындағы санында «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» деген мақалаға орай жазылғанды. Француз авторы Түркістан жазушылары мен әдебиетшілерінің арасынан Шолпанға ерекше тоқталады: «Шолпан-тек түрік әлемінде ғана емес, Еуропада да танымал бір шайыр. Оның өлеңдері мен тілі Түркістан түркілерінің классикалық әдебиетін еске салады. Шолпанның барлық өлең-жырлары өлкеде ел аузынан түскен емес. Оның пьесалары түрік театрына жаңа тыныс, жаңа леп әкелді», -дей келе: «Түркістан поэзиясының өркен жаюы ұлттық түйсіктің оянуымен тығыз байланысты. Большевиктер бұл әрекетті тұншықтыруға тырысуда. Алайда халықтық өмір сүруге құлшынысы барған сайын артып келеді. Түркістан өз тәуелсіздігі үшін ғана

емес, сонымен бірге өзіне тән рухының жеңіліс таппауы үшін күресуде», - деп мақаланы аяқтайды. М.Шоқай Париждің атақты журналында мұндай мақаланың жарық көруіне ерекше қуанып, «Дұрыс. Түркістан өз саяси тәуелсіздігі ғана емес, сонымен бірге ұлттық түрік рухы үшін де күресуде»[2.298] дейді.

М.Шоқайдың әдебиеттану саласы бойынша қызметінің келесі бағыты әдебиеттің қоғам өміріндегі орнына, ақын, жазушылардың халық санасында ұлттық рухты берік орнатудағы рөліне, Кеңес Одағында ұлттық әдебиет өкілдерін қуғындауға байланысты болып келеді. Ол халық жүрегінен берік орын алған, оның мұң-мүддесіне қызмет істеген әдебиет өкілдерін ғайбаттап, олардың орнына «пролетарлық әдебиет» дегенді қалыптастырудың рухани қасіретке ұласатындығын талай рет ескертеді. Сол кезеңде жүріп жатқан идеологиялық қысым жалғыз қазақ әдебиетін ғана емес, өзбек, түрікмен, қырғыз, тәжік әдебиетін де қамтығанын айтады. Сондықтан ол сол кездегі саяси науқаншылдық жөнінде: «А.Науаиды түрік әдебиетінің тарихынан шығарып тастауға ұрыну үшін шынында да шектен асқан ақымақ, қып-қызыл ақымақ болу керек... Бірдеңелерді бұтып-шатуға, Мақтымқұлының жүзіне «түкіруге», «партия бағытын» қабылдауға болатын шығар, бірақ мұндай жолмен Түркістанның рухани сұранысын қанағаттандыруға бола қоймас»[2.298] деп жазды. 1931 жылы жазылған «Қып-қызыл ақымақтар» деген еңбегінде «Күнің туды батырақ, Шапқылап қал, шапқылап» деп, «уралап» әдебиет майданына енген, «бірдеңелерді бұтып-шатып» жазушы атанғандардың Науаи, Абай секілді ұлыларды сынға алуын ерен ессіздік ретінде қабылдады, олар жөнінде жебелі сөзін аямады. Атақты орыс мысалшысы Крылов өзінің «Есек және бұлбұл» деген еңбегінде, - дейді ол, - өз әнімен бұлбұлдың есекке ұнағаны, бірақ есек әтештен біршама үйренсе, бұлбұл мұнан да тәуір ән салар еді деп ұйғарады. Сол сияқты мұндай «қызыл революциялық шөже әтештер» ұлттық түркістан әдебиетінің шын мәніндегі бұлбұлы-Науаиды онша қолдап-қолпаштамайды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың шығармаларын аса жоғары бағалап, олар-өз халқының тілі мен әдебиетінің ұлы білгірлері деп көрсетті, неліктен олар Түркістанның бір жерінде өз білімдеріне қолданыс таба алмай отыр[2.299] деп өкініш білдірді.

Әдебиет саласындағы жаңалықтарды М.Шоқай «Еңбекші қазақ», «Казахстанская правда» және басқа да жаздырып алып отырған баспасөзден біліп отырды. «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылдың 8 шілдесінде шыққан нөміріндегі «Халық жауларымен ымыраластық-партия жолына сатқындық» деген мақаламен танысып, оны Қазақстанның Жазушылар одағы мен оның бас органы-«Литературный Казахстан» журналына қарсы жасалған жорық деп түйіндеді. Мақалада «сталиндік мектептің әйгілі кеңес жазушылары Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфуллин ұлтшылдық элементтермен байланысты қолдап келгендігімен де аты шықты, әрине, бұл Одақтың жұмысына және жас жазушы кадрларды өсіруге үлкен зиян келтіріп отыр» делініпті. Мақала авторы, әсіресе, мұндай «зиянкестіктің түп тамыры қазақ халқының қас жауы, жапон тыңшысы Шоқаевқа ықыластық танытқан»

Смағұл Сәдуақасовқа барып тіреледі деген секілді «көрегендік» білдіреді. Көп ұзамай осы газеттен М.Шоқай С.Сейфуллиннің де «жапон тыңшысы» ретінде «айыпталғанын» оқып біледі. Ұлттық кадрларды қуғындаудың түп-тамыры Смағұл да, Әлихан да емес, мүлдем басқада болатын. «Түркістандағы әдебиет төңірегінде» деген айдармен «Яш Түркістан» журналында жарық көрген Тахир Шағатайдың мақалаларына жазған кіріспе сөзінде М.Шоқай автор кеңес өкіметінің жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық әдебиетті Ресей мүдделеріне қызмет істеуге мәжбүрлеуі, сонымен бірге елде жалпы ұлттық мәдениет пен тілдің қалыпты дамуына кедергі жасауы жөнінде баяндайды; бұрынғы орыс классиктерін мадақтап, мәскеулік большевиктер түркістан классикалық әдебиетінің қазынасын пайдалануға, ұлы түркістандық жазушылардың есімдерін құрмет тұтуға тыйым салуда деп қорытады.

М.Шоқай өмір бойы елдегі әдеби үдерістерді қалт жібермей бақылады. Оған ұлы тұлғаның «Әдебиет майданы» журналын алдырып, үнемі оқып тұруының өзі дәлел бола алады. Ол біраз еңбектерінде әдебиеттану теториясына көңіл бөледі. Оның пікірінше, жазушы өзі көрген және өзінше пайымдаған оқиғаны жазған кезде ғана шынайы туынды бере алады. Белгілі бір схемаға, идеяға алдын-ала бейімдеп жазудан ештеңе шықпайтындығын ескертеді. Осы жағдайдың бір мысалы ретінде Александр Сытин, Николай Тихонов, Борис Пильняк және басқа да кеңес жазушыларының «партияның бас бағыты» бойынша «әлеуметтік тапсырысты» орындау үшін Түркістанға барғанын, бірақ түкке тұрғысыз мақалатурадан басқа ештеңе бере алмағандығын, себебі олардың «партияның бас бағыты» талап еткен ештеңе таба алмай, еліміздің өміріндегі фактілерді соған орай «қиюластырылғанын» айтады.

Ғалымның «Ақ-Қызыл», «Ұлтшыл-зиянкестердің даурығы» секілді еңбектерінде әдебиеттің белгілі бір топтың, не таптың мүддесіне емес, бүтін ұлт мүддесіне қызмет істегенде, ұлт мүддесін білдіргенде ғана көркейіп, гүлденетіні, нағыз әдебиеттің ұлттық тәуелсіздік жағдайында ғана өсіп-өркендейтіні жөнінде жазылады. Ол өзінің жоғарыда аталған мақаласында: «Бұрынғы «орыстандыру» саясатының жаңа нұсқасын лениндік социализм және интернационализммен ұштастыру мақсатында большевиктер «мәдениеттің сырты ұлттық, мазмұны пролетарлық» деген формуланы ойлап тапты. Мәдениет-жалпы біртұтас рухани дүние, оны «формаға» және мазмұнға бөлуге болмайды, ішкі мазмұны қандай болса, мәдениет сондай деген тұжырым жасайды. «Ақ-Қызыл» еңбегінің әрі қарайғы мазмұны осы шындықты дәлелдеуге арналған: «Міне, мынау Түркістанда халқымыз тілін байытып, дамытады және биік ұлттық құндылықтар жасайды деп үміт артқан ең ұлттық жазушыларымыз, көп болғанда, үнсіздікте қалуға мәжбүр болып отыр. Себебі олар «мәдениеттің формасы ұлттық, мазмұны социалистік» болады деген мәскеулік түсінікке сәйкес келмейді. Мысалы, біздің Ахмет Байтұрсынов пен Шолпан ұлттық әдебиетіміздің озық өкілдері болып табылады. Олардың шығармаларынан Ресей үстемдігінен де құрып кетпеген біздің тіліміздің байлығы мен

жарқылын көреміз. Ахмет пен Шолпан қазір қайда? Неге олар үнсіздік құрсауында?.. Пушкин мен Тургенев, дворяндар мен «капиталистер» болса да, орыс пролетариаты үшін «қасиетті» болып есептеледі, себебі олар-орыстар. Ал, Шолпан мен Ахмет-түркістандықтардың жауы деп суреттеледі, себебі Шолпан мен Ахмет-түркістандықтар»[2.299]

Қандай да болсын, ұлттық әдебиеттің негізгі-ұлттық тіл екендігі ақиқат. Ұлттық тілсіз-әдебиеті, ұлттық әдебиетсіз-ұлттық рух, ұлттық рухсыз- ұлттық тәуелсіздік жоқ екендігі де-аксиомалық шындық. Сол себепті кеңес саясаты ұлттық тілді тұншықтыруға бағытталған деген Мұстафа тұжырымы «Кеңес галстугі» мақаласында баяндалған. Есен Тұрсынның «Түркістандағы тіл саясаты» деген «Яш Түркістан» журналында жариялана бастаған мақалалар топтамасына жазған кіріспеде М.Шоқай Кеңес өкіметінің жергілікті халықты орыстандыруға бағытталған тіл саясатын сынға алуына байланысты автор ұстанымына қолдау көрсетеді. Е. Тұрсын, егер бұрын латын әліпбиіне көшуге қарсы болып, араб әліпбиін сақтауды жақтағандар «контрреволюционерлер» деп айыпталса, енді «контрреволюционерлер» қатарына латын тілінің тазалығы үшін күрескендер жатқызылуда деп жазады. «Мұның сыры мынада» дейді М.Шоқай. Бұрын, кеңес өкіметі өз жазуын «латындандырғанда», Түркия араб жазуын қолданатын. Сол себепті большевиктер жазудағы «арабшылдықты» «түрікшілдіктің» бір көрінісі деп қарастырды. Енді, Түркияда латын қарпін енгізгеннен кейін, кеңес өкіметі біраз орыс сөздері қосылған күлдібадамдау «латынданған» әліпбиді енгізу туралы өз реформасынан бас тарта бастады. «Латынданған» түркістандық кеңес әліпбиі кемалистік Түркиямен жақындатуы мүмкін. «Бұл жолы большевиктер Түркістандағы «орыс-латын» әліпбиіне қарсы қандай уәждерді алға тартады?» деп сұрақ қояды да, М.Шоқай оған жауапты «Казахстанская правда» газетінің 1934 жылы 9 сәуірде басылған материалдан табады. Онда жалпыға бірдей интернационалдық әліпби жоқ, қазіргі таңдағы әліпбилердің барлығы бірдей «жеке елдердің үстемдік етуші табының мүддесіне қызмет істейді» делінеді. Олай болса, деп қорытады ол, қазіргі орыс әліпбиі-таптық саясат құралы. Бұрын ол орыс феодалдары мен капиталистеріне қызмет істеді. Енді ол Ресейдің орыс пролетариатының және сонымен бірге эмиграциядағы орыс буржуазиясы мен орыс монархистерінің мүдделеріне қызмет істейді. Ұлттық тілсіз ұлттық әдебиет те болмайды. Бұларға шектеу салудың ұлттық рухты жоюға бағытталып отырғандығы жөніндегі мәселеге М.Шоқай сан рет тоқталады.

М.Шоқай қазақ халқының ұлттық әдебиетінің ғана емес, бүкіл түркі халықтарының ортақ әдебиетіндегі жай-күйді басты мәселе етіп көтереді.

Ол әдебиетті ұлттың рухын көтеретін құрал деп таниды. Сондықтан әдебиетке саяси мәселелерді араластырмау керектігі туралы айтады. Оқушыларған ұлттық рух беруді көздейді. Сондықтан оның мақалалары-ұлт руханиятының қайнар көзі.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://stud.kz/referat/show/118402>
2. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. Алматы 2013, 5-том, 298-б.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ МҰРАСЫ: ТАРИХ ПЕН ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР**

*Қуанышбек Шынар Ғабдоллақызы* - Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, Астана қаласы

XX ғасырдың көп қырлы тарихында көрнекті ойшылдар мен саяси қайраткерлердің пікірі халықаралық қатынастар мен саяси ғылымның дамуына елеулі үлес қосып, ерекше орын алады. Осындай қайраткерлердің ішінде Мұстафа Шоқай – қазақстандық және кеңестік қоғам қайраткері, заңгер және публицист, оның еңбектері мен жарияланымдары әлемдік тарихты, атап айтқанда, соғыс аралық кезеңнің келбетін айқындаған процестерді түсіну үшін баға жетпес дереккөз болып табылады. Оның халықаралық саясатқа, әсіресе Кеңес мемлекетінің іс-әрекетіне және Ұлттар Лигасының қызметі контекстіндегі рөліне қатысты сыни талдауы тарихшыларға, саясаттанушыларға және сол дәуірдің күрделілігін тереңірек түсінуге ұмтылатындардың барлығына үлкен қызығушылық тудырады.

Бұл мақала Кеңес Одағының сыртқы саясатына және оның еуропалық өңірдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне ықпалына қатысты көзқарастарына назар аудара отырып, Мұстафа Шоқайдың идеяларын жаһандық тарихи оқиғалар контекстінде ашуға және қайта қарастыруға арналған. Кеңес саясатының халықаралық қатынастарға әсері Шоқай журналистикасында қалай көрініс тапқанын және оның болжамдары мен бағалаулары тарихи оқиғалардың нақты барысымен қалай салыстырылатынын зерттеуді мақсат еттік.

Шоқайдың қандай болжамдары нақты болып шыққанын және оның қандай тұжырымдары қазіргі халықаралық процестерді түсіну үшін қолданылуы мүмкін екенін қарастырамыз. Қазіргі геосаяси шындықтар контекстінде, әлем барған сайын өзара байланысты, бірақ қайшылықты бола бастаған кезде, Мұстафа Шоқайдың көзқарастары болашақта қателіктердің алдын алу үшін тарихи сабақтарды жан-жақты талдаудың маңыздылығын атап өтіп, жаңа өзектілікке ие болады.

Бұл мақалада біз Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарастарын және олардың халықаралық қатынастар мен қазіргі заманғы саясатты түсіну үшін маңыздылығын жан-жақты көрсетуге, сондай-ақ оның мұрасының Орталық Азия және бүкіл әлем халықтарының мәдени және тарихи жадындағы орны мен рөлін анықтауға тырысамыз.

Көрнекті ғалым Мұстафа Шоқай айтарлықтай ғылыми мұра қалдырды. Кеңес заманында өз Отанынан кетуге мәжбүр болған ол КСРО-да, әсіресе өзінің туған жерінде болып жатқан оқиғаларды жариялай отырып, публицистикамен белсенді айналысуды жалғастырды. Оның мақалалары Отанда болған оқиғаларды терең түсіну мен талдауды көрсетеді.

Шоқай сонымен қатар ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы халықаралық оқиғаларды белсенді зерттеп, Еуропа елдері мен Шығыс державаларының, соның ішінде Түркияның саясатына өз көзқарасын білдірді. Оның талдауы терең түсіну мен кәсіби көзқараспен сипатталады, бұл оның зерттеулерін қазіргі жағдайда да өзекті және маңызды етеді.

Мұстафа Шоқайдың хронологиялық ретпен жазылған мақалалары 1930 жылдары өзекті халықаралық мәселелер мен сыртқы саясаттың маңыздылығы артып келе жатқанын көруге мүмкіндік береді. Бұл кезең халықаралық қатынастардағы үрейлі тенденциялардың өсуімен, сондай-ақ фашистік режимдердің нығаюымен сипатталды. Англия мен Франция сияқты Версаль жүйесінің негізгі кепілгерлері де агрессивті мемлекеттерге берілуге дайын болды.

1934-1939 жылдар аралығында Мұстафа Шоқай авторлығымен халықаралық қатынастар тақырыбында 40-тан астам шығарма жасады. Бұл оның әлемдік мәселелерге деген терең қызығушылығын растайды. Осы мақалалардың кейбіреулері «халықаралық өмірден», «халықаралық жағдай», «халықаралық мәселелер», «Қазіргі халықаралық жағдай», «1936 жылғы халықаралық жағдай» тақырыптарымен топтастырылған [1].

Зерттеушілерді жаңа халықаралық тәртіпті сақтауға бағытталған бірінші дүниежүзілік ұйым - Ұлттар Лигасының құрылу тарихы, негізгі принциптері мен қызмет бағыттары туралы аталған циклден жұмыстар қызықтырады. Ұлттар Лигасы ынтымақтастық, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу және агрессияға қарсы тұру үшін барлық мемлекеттердің әмбебап бірлестігі ретінде ойластырылған. 1919 жылы сәуірде Ұлттар Лигасының Жарғысы қабылданғаннан бастап 1920 жылдардың ортасына дейін 56 мемлекет кірді. Мұстафа Шоқай өзінің публицистикасында 1932-1934 жылдары «Түркия және Ұлттар Лигасы» (1931), «Большевиктердің Түркияның Ұлттар Лигасына мүшелігіне араласуы» (1932), «Түркия және екі кеңестік жоба» және басқалары сияқты еңбектерінде Ұлттар Лигасының тарихы мен кеңеюін қамтыды.

Бірақатар мақалаларында Мұстафа Шоқай әлемдік оқиғаларды талдаумен қатар, Түркия мен Кеңес Одағының Ұлттар Лигасына қосылу процесіне баса назар аударады. 1931 жылы ол «Түркия және Ұлттар Лигасы» мақаласын жазды, онда ол Лиганың негізгі органдары – Ассамблея мен Кеңестің ролін ашады. Шоқай қару-жарақты шектеу, мандатты аумақтары бар елдерді қадағалау және ұлттық азшылықтардың құқықтарын қорғау жөніндегі құжаттарды әзірлеумен айналысатын Ұлттар лигасы Кеңесінің маңыздылығын атап өтеді. Лиганың әлемдік саясаттағы ролін атап көрсете отырып, Шоқай Түркия Шығыстың жетекші елдерінің бірі ретінде оның

мүшесі болуы керек деп санайды. Түркия үшін бұл қосылу оның халықаралық жағдайын нығайтатын тарихи маңызды оқиға болып табылады.

Мұстафа Шоқай өз еңбектерінде Кеңес Одағының Түркияның Ұлттар Лигасына қосылуын теріс қабылдағанын атап өтті. Атап айтқанда, «Түркияның Ұлттар Лигасына кіруі туралы большевиктердің көзқарастары» (1932) мақаласында ол «түрікпен ұшқыны» большевиктік басылымынан үзінді келтіреді: «Бұдан былай Түркияның сыртқы саясат бағыты біртіндеп өзгертін болады. Бейбітшілік пен ұлттар достығы туралы жалған ұрандармен жабылған Түркия Ұлттар Лигасына — күштілердің мүдделеріне қызмет ететін әлемдік империализм орталығына қосылды. Түркияның Ұлттар Лигасына кіруі-бұл ел үшін кері қадам» [3].

Кеңес мемлекетінің большевиктердің идеологиялық догмаларының тікелей көрінісі болған таптық күрес объективі арқылы барлық оқиғаларды түсіндіруге деген ұмтылысы Мұстафа Шоқайдың қатты бас тартуына себеп болды. Ол былай деп жазды: «Сталиннің теориялық негіздері мен бүкіл кеңестік билік тұрғысынан қарасақ, түрік халқының әл-ауқаты тек пролетарлық төңкеріс арқылы мүмкін болады деп ойлауға болады». Соған қарамастан, кейіннен Кеңес Одағының сыртқы саяси бағыты айтарлықтай өзгеріске ұшырады және 1934 жылы ел бұрын «әлемдік империализмнің орталығы» деп атаған ұйымға — Ұлттар лигасына қосылды. Қазіргі зерттеушілер үшін Мұстафа Шоқайдың бұл фактіні өзінің публицистикалық еңбектерінде қалай бағалағанын білу қызықты, өйткені ол Кеңес мемлекетінің сәйкес келмейтін және даулы саясатын ашық түрде мақұлдамады. «Ұлттар Лигасы және Кеңес үкіметі» (1934) мақаласында автор кеңестік саясаттың «эволюциясын» талдайды, ол 1934 жылға дейін Ұлттар лигасының құрамына кіріп қана қоймай, осы ұйымды және оған қосылатын мемлекеттерді Кеңес Одағына қарсы қарулы сөз сөйлеуге дайындалып жатқан одақ ретінде қарастырды. Кеңестік баспасөздегі Ұлттар Лигасының «үстем империалистердің келісімі», «халықаралық қарақшылар одағы» деп сипаттауы ең жұмсақ анықтамалардың бірі болды.

Мұстафа Шоқай кеңес мемлекетін Ұлттар Лигасына қосылуға итермелеген себептерді талдайды. Ол бұл бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық жағдайдағы өзгерістерге, саяси тепе-теңдікке және күштер тепе-теңдігіне байланысты мәжбүрлі шешім болғанын баса айтады. КСРО өзінің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын түзетуге мәжбүр болды, өйткені ұзақ уақыт бойы қолданылып келе жатқан анти-эмбебаптық саясаты «империалистерді бөлудің» және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді құралы болуды тоқтатты.

Соғыстың жақындағаны белгілі болған кезде, Кеңес мемлекеті, М. Шоқайдың айтуынша, Ұлттар Лигасына қатысу арқылы өз жағдайын қорғауға тырысты. Автор КСРО-ның ұйымға елдің тікелей басшылығымен кірген жағдайының парадоксалдылығын көрсетеді, ол бұрын кеңестік басылымдарда «ең жауынгер милитаристік мемлекет», «Кеңес Одағына қарсы соғыс дайындап жатқан ел» деп аталған. 1931 жылы басталған КСРО-ның Франциямен жақындасуының басты себебі Мұстафа Шоқай фашистік

қауіптің күшеюін қарастырады. Екі елдің қауіпсіздік мүдделері тағы да олардың тығыз саяси өзара әрекеттесуін талап етті, француз тарапы Кеңес Одағына Ұлттар Лигасының қамқорлығымен Ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне кіруді ұсынды.

Мұстафа Шоқай туындаған жағдайда тараптардың ешқайсысы өзінің бастапқы қағидаттарынан бас тартпағанына назар аударады: Батыс елдері де «Версаль жүйесінің» буржуазиялық негіздерінен де, КСРО да «әлемдік революция» идеологиясынан бас тартқан жоқ. Ол КСРО-ның Ұлттар Лигасына қосылуы соғыс жағдайында сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен бірге ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға бағытталған айлакер тактикалық маневр болды деп тұжырымдайды. Автор елдің 170 миллион халқы «қызыл деспотизмнен» құтылу үшін қолайлы сәтті күтті деп мәлімдейді. Бұл сөз М.Шоқайдың мемлекеттің ұлттық шекарасынан тыс іс-әрекетін айқындайтын ішкі мотивтер мен қозғаушы күштерге үлкен мән бергенін айғақтайды. Шоқайдың пікірінше, күрделі және қарама-қайшы сыртқы және ішкі факторлар Кеңес үкіметін өзінің сыртқы саясатына өзгерістер енгізуге, «Версаль жүйесінің қожайындарымен» келісу жолдарын іздеуге және бұрын сынға ұшыраған ұйымға, атап айтқанда Ұлттар лигасына кіру туралы өтініш жасауға мәжбүр етті: «Кеңес үкіметі өзінің бұған дейін жүргізіп келген сыртқы саясатына өзгерістер енгізуге, «Версаль» қожайындарымен тіл табысу жолдарын іздестіруге және өздері күні кешеге дейін қаралап келген Ұлттар Ұйымына кіру үшін өтініш жасауға мәжбүр етті» [2].

Сол кездегі оқиғаларды зерттей отырып, Мұстафа Шоқай нақты қорытындыға келеді: Кеңес Одағының Ұлттар Лигасына кіруі оның идеологиялық негіздерінен бас тартуды немесе көзқарастарын өзгертуді көздемеді. Сонымен қатар, Кеңес одағы Еуропа мемлекеттері арасында даудамай туғызып, әлемдік саяси процеске тұрақсыздық әкеліп, өз көзқарастарын басқа мүшелерге тарату үшін Лигадағы позициясын пайдалануды жалғастыра алады деген алаңдаушылық болды. Атап айтқанда, автор басты қауіп Кеңес Одағының большевиктер идеяларын тарату үшін Ұлттар лигасының трибунасын қолдануы деп есептеді.

Алайда, 1930 жылдардың аяғында Ұлттар Лигасы халықаралық аренада өз ықпалын жоғалта бастады. Мұстафа Шоқай өзінің «Халықаралық өмірден» (1938) және «Кеңес үкіметінің халықаралық саясаттағы қазіргі рөлі» (1938) мақалаларында осы бірінші халықаралық ұйымның беделі мен беделінің төмендеу себептерін қарастырады. Ұлттар Лигасының Ұжымдық қауіпсіздік ұйымы ретіндегі сыни жағдайы және оның қызметіндегі қайшылықтар Лиганың 100-ші отырысында (1938) толығымен ашылды, бұл Шоқайдың пікірінше, оның ыдырауымен сипатталуы мүмкін [3].

Автор бірнеше маңызды сәттерді атап өтіп, уақыттың мән-жайларын егжей-тегжейлі баяндайды: біріншіден, Ұлттар Лигасы халықаралық құқықты қорғауды қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетті; екіншіден, оның әрекеттері жаңа соғыстар қаупінің алдын алуда тиімсіз болып шықты; үшіншіден, лиганың жалпы қарусыздану жөніндегі бейбіт бастамасы қолдау

таппады; төртіншіден, ешқандай қолдау таппады қару-жарақты шектеу бастамасы да қабылданды. Керісінше, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңімен салыстырғанда елдердің әскери әлеуеті айтарлықтай өсті. Автор сонымен қатар көптеген елдердің (соның ішінде Бразилия, Германия, Италия, Жапония) Ұлттар лигасынан кетіп, оның құрамында бірнеше беделді елдер, атап айтқанда Англия мен Франция қалғанына назар аударады. Мұстафа Шоқай кейбір саяси қайраткерлердің пікірінше, бұл елдер Лиганы өз міндеттерін шешу және ықпалын кеңейту үшін пайдаланғанын атап өтті.

Алайда, Мұстафа Шоқай жекелеген елдердің Лигадан кетуінің нақты себебі (1933 жылғы 19 қазандағы Германия сияқты) олардың агрессивті амбицияларына кедергі болғанын айтпайды.

1930 жылдар кейбір елдерде тоталитарлық фашистік режимдердің пайда болуына байланысты халықаралық шиеленістің күшеюімен ерекшеленетіні белгілі. Сол кезеңде фашизм Германия, Италия, Португалия және Испаниядағы ресми мемлекеттік жүйеге айналды. Австрия, Албания, Болгария, Венгрия, Греция, Румыния және Югославия сияқты басқа елдерде фашистік партиялар мен топтар фашизмге немесе әскери-монархиялық диктатураға бейім үкіметтердің бөлігі болды. Басқа жерлерде фашистік қозғалыс халықтың белгілі бір топтарына әсер етті, ал фашистік партиялардың өкілдері Дания, Нидерланды және Финляндия сияқты жергілікті және Орталық үкіметтерде орын алды.

Мұстафа Шоқай-саяси ой тарихындағы маңызды тұлға және оның ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы халықаралық саясаттағы Ұлттар Лигасының рөлі туралы көзқарастары маңызды аналитикалық жұмыс болып табылады. Оның Ұлттар лигасын сынауы оның әскерилендірілген мемлекеттердің агрессиясын болдырмауға қабілетсіздігін және фашистік режимдердің әлемді әскери қайта бөлуге деген ұмтылысына қарсы қатаң шаралар қабылдаудағы тиімсіздігін байқауға негізделген.

Шоқай Кеңес Одағының Ұлттар Лигасының саясатындағы рөлі туралы мәселені көтеріп, Кеңес мемлекеті ұйымды өз идеялары мен бастамаларын тарату үшін платформа ретінде пайдаланды, бұл лиганың басқа мүшелерінде қорқыныш пен сенімсіздік тудырды. Оның айтуынша, бұл халықаралық шиеленістің күшеюіне және ұлттар лигасын айналып өтіп, жекелеген елдердің қақтығыстарын шешудің балама жолдарын іздеуге әкелді, нәтижесінде оның ыдырауына ықпал етті.

Мұстафа Шоқай Ұлттар Лигасы мен кеңестік саясатты сынға алса, оның талдауы сол дәуірдегі күрделі халықаралық қатынастардың кең контекстін ұсынады, бұл әртүрлі мемлекеттердің саяси және әлеуметтік өзгерістерді қалай түсіндіргенін және оларға жауап бергенін түсінуге мүмкіндік береді.

Мұстафа Шоқайдың публицистикалық мұрасы, әсіресе халықаралық ұйымдардың, ұжымдық қауіпсіздік пен сыртқы саясаттың бейбітшілікті сақтаудағы және соғыстардың алдын алудағы рөлі туралы жалғасып жатқан пікірталастар аясында зерттеуге бай материал ұсынады. Оның жұмысы тарихшылар, саясаттанушылар және халықаралық қатынастарға

қызығушылық танытқандар үшін құнды болуы мүмкін, өйткені олар сол кездегі оқиғалар мен олардың қазіргі әлемге тигізетін салдары туралы ерекше перспектива ұсынады [4].

Біздің зерттеуімізді қорытындылай келе, Мұстафа Шоқайдың мұрасы соғыс аралық кезеңнің тарихын ғана емес, сонымен қатар XX ғасырдың халықаралық қатынастарының кең контекстін түсінуде маңызды фактор болып қала беретінін атап өткен жөн. Оның Кеңес Одағының сыртқы саяси стратегиясы мен Ұлттар Лигасының қызметіне деген көзқарасы туралы аналитикалық көзқарасы билік динамикасын, ұлттық бірегейлікті және халықаралық ынтымақтастықты түсіну үшін құнды ресурс болып табылады.

Қазіргі әлемде Шоқай ойының өзектілігін асыра бағалау мүмкін емес. Әлемдік саяси аренада шиеленіс пен кикілжіңдер күшейген дәуірде оның сыни талдауы халықаралық қатынастарға стратегиялық көзқарастың маңыздылығын және тарихи сабақтарды түсіну қажеттілігін еске түсіреді.

Мұстафа Шоқайдың еңбектері, әсіресе оның сол кездегі оқиғаларды бағалауы қазіргі геосаяси қақтығыстар мен стратегияларды талдауға арналған құрал-саймандар ұсынады. Олар бізге диалогтың, өзара түсіністіктің және бейбітшіліктің құндылықтарын үйретеді, біржақты және көреген шешімдер қабылдаудың салдарын көрсетеді.

Қорытындылай келе, Мұстафа Шоқайдың тарих ғылымы мен саяси ойға қосқан үлесін зерттеу және қайта қарастыру қазіргі халықаралық сын-қатерлер аясында ерекше маңызды болып көрінеді. Мүмкін оның жұмысына терең назар аудару қазіргі саясаткерлер мен зерттеушілерге әлемдік саясаттың күрделі мозаикасында неғұрлым негізделген және бейбіт шешімдер табуға көмектеседі. Мұстафа Шоқай артта тек тарихи куәлік қана емес, сонымен қатар әділ әрі тұрақты әлемдік тәртіпті құруға ұмтылатын болашақ ұрпақ үшін нақты бағдар қалдырды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кыдыралина Ж.У. "Память сердца великого патриота". Мысль. 2009. №10. С. 57-66.
2. Сидоров А., Клейменова Н. "История международных отношений (1918-1939)". Москва: Центрполиграф, 2008. 640 с.
3. Шоқай М. "Түркия және Ұлттар Ұйымы". Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. Том 1. Алматы: Қайнар, 2007. 352 б.
4. Садыкова Б. "Российские исследователи о Мустафе Чокае". Саясат-Policy. 2009. №6. С. 37-43.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ

*Беркімбай Мұхтарбек Өмірбекұлы* – Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, Астана қаласы

Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың қайсысы болмасын тарихтағы орны айрықша. Дегенмен де, Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін санамызда сұрақ туындаса, ең бірінші, Мұстафа Шоқай – Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге тіккен аласапыран заманда қорықуды білмеген, сегіз қырлы, бір сырлы сан сұраққа жауап қатқан ұлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болған ол қазақтың өз тәуелсіздігін бүкіл Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған дара тұлға.

Мұстафа Шоқай Алаш арысы — көреген көсем, бір туар ұлт жанашыры. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Мұстафа жаңа биліктің алдамшы уақытша уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің (Үкімет) төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түпкі ниетін ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, олармен ымыраға келмеген.

Шоқайдың тағы бір қыры, ол – қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграция-ны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес. Мұстафа Шоқай қызметін жөнімен әділ бағалау тұрғысында, бұл тақырыпқа сонау кеңес заманының өзінде-ақ алғаш түрткі салған жазушы Әнуар Әлімжанов еді. Тәуелсіз заманда тарих ғылымдарының докторлары Мәмбет Қойгелді, Көшім Есмағамбетов, Дархан Қыдырәлі, Гүлжауһар Көкебаева, академик Досмұхамед және Тимур Кішібековтер, жазушы-тарихшы Бейбіт Қойшыбаев, зерттеуші мұрағатшы Ғазиза Исахан, жазушылар Әкім Тарази, Оразбек Сәр-сенбай, ақын Қасымхан Бегманов, Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай, журналистер Жарылқап Қалыбай, Әбдімүтәл Әлібеков және басқалары Мұстафа Шоқай қызметінің әр қырынан келіп қалам тартты. Бұл орайдағы жұмыстарды тұжырымдай келе тарихшы Талас Омарбеков: ғылыми жұмыстар өзімізде де, шетелде де қорғалды. Бір адамның өмірін зерт-теу-ге қатысты біраз жұмыс жасалды. Яғни, мұстафатану саласы ғылыми тұрғыдан алғанда бір жүйеге түсті, деп бағалайды.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Наршоқы деген жерде дүниеге келген. Көрнекті қоғам қайраткері, Түркістан Автономиясының жетекшісі. Қазақ ойшылы, оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері. Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласында дүниеге келді. Ол — белгілі Торғай датқаның немересі, Ер Шоқай — бектің ұлы. Нағашылары Хиуадағы қазақ хандары тұқымынан. Мұстафа

бастауыш білімді ауылда ата-анасынан алады. Осыдан соң Ташкенттегі орыс гимназиясын және Петербург университетінің заң факультетін үздік бітіріп шығады.

1912 жылы түрік-балқан соғысы бұрқ ете қалғанда, ол Түркияны қолдау қоғамына белсене араласты. Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы Саяси бюросында Түркістан халықтарының бірден-бір өкілі болды. Думаның 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларды жазалаушы казактардың айуандық әрекеттерін тексеру үшін комиссия құру туралы шешім қабылдауы барысында Мұстафа Шоқай шешуші рөл атқарды. Мұстафа, сондай-ақ, Құрылтай жиналысындағы «Түркістан халықтарының құқығын қорғау» жөніндегі өкілдер комиссиясын басқарды.

Өкімет басына Уақытша үкімет келген соң, оның басшысы А. Ф. Керенский М. Шоқайға министрдің портфелін ұсынады, бірақ Мұстафа бұл ұсыныстан бас тартады. Гуманист-ойшыл, демократ, энциклопедиялық білім иесі Мұстафа Шоқай ағартушы, Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарихы мен мәдениетінің жоқтаушысы болды, ағылшын, француз, неміс, түрік және араб тілдерін өте жетік меңгерді. Бүкіл ғұмырын ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ар-абыройын қорғауға, шындық үшін күреске арнады. Оның жан-жүрегі өле-өлгенше туған халқымен бірге болды. Ауыл молдасынан хат танығаннан кейін 1902 жылы Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. 1912 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін бітірген. Ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс тілдерін білген. Студенттік жылдары империя астанасындағы демократиялық қозғалыстарға қатысады. Саяси жұмыстарға белсене араласудың арқасында 1917 жылға қарай М. Шоқай танымал саясаткерге айналып үлгереді.

Қазақ еліне, Түркістанға қатысты түрлі жиындарға, құрылтайларға қатысып, оларға басшылық жасайды. Уақытша үкіметтің басшысы А. Керенский министр қызметін ұсынғанда, одан бас тартады.

Большевиктердің уәдесін пайдаланып, 1917 жылғы 10 желтоқсанда Мұхамеджан Тынышбаев пен Мұстафа Шоқайдың бас болуымен Түркіс-танның ұлттық саяси күштері мен қозғалыстары Қоқан қаласына жиналып, IV ұлттық құрылтай өткізді. Құрылтай Түркістан мұхтарыяты, яғни автономиясы құрылғанын жариялады. Бұл мемлекет кеңестік тарихта мәні кемі-тіліп, бір қаланың төңірегіндегі ғана құрылым сияқты көрсетіліп, «Қоқан автономиясы» деп аталды.

1919 жылғы ақпанда Мұстафа Шоқай Маңғыстауда Форт-Шевченко қаласында кемеге отырып Әзербайжанға өтті. Бұл оның туған жерден біржолата кетуі еді. Еуропа халықтарының да тілін білген Мұстафаны шетелге кетіп, күресті идеологиялық тұрғыдан жүргізуіне кеңес берген Әлихан Бөкейханов болыпты. Елде қалғандар кеңес өкіметін мойын-дағандарымен, оларды кеңес өкіметі тірі қойған жоқ, тірі қалғандарын дәрменсіз етті. Күресті жалғастырған қазақтан жалғыз Мұстафа Шоқай еді. Ол Әзербайжанда көп аялдай алмады. Аласапыран заман оны барған сайын елінен алыс-тата берді. 1919 жылы Грузияға өтіп, Тбилисиде екі жыл тұрды. Мария екеуі сол жерде қайта табысады.



1921 жылы ақпанда қызылдар Грузияны басып алған соң Түркияға кетеді. Туыс ел болғанымен, онда да көп тұрақтай алмай, 1921 жылы көктемде Парижге келеді. Париж түбіндегі шағын Ножан-Сюр-Марн қаласында тұрақтайды.

Қазақстан мен Түркістанның тәуелсіздігі жолында қаншама тер, қаншама қан төккен Алаш азаматтарының арасында оның алар орны биік. XX ғасыр басында Алаш қозғалысы мен партиясының көрнекті басшыларының бірі М.Шоқайдың өмірі мен қызметі Автономия құру жолында жан алып, жан беріскен ерлік күреске толы. Қазіргі Конституциямызға көрсетілген демократия принциптерін Мұстафа сонау 1917 жылы-ақ айтқан болатын. М.Шоқайдың тағы бір ерекшелігі Алаш қайраткерлері сияқты Кеңес өкіметін амалсыз мойындамай, шет елге эмиграцияға кетіп сол жақта Кеңес өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеуі жаңа өкіметтің аз халықтарға теңдік, еркіндік береміз дегені бос сөз, алдамшы уәде екенін өз еңбектері мен нақты дәлелдер арқылы дәлелдейді. Еңбекті оқыған адам Түркістан халқының патшалы Ресей мен Қызыл империя кезеңіндегі қиын тағдыры мен ауыр халінен көп мағлұмат алады. Герман лагерлерінде Сталин мен Гитлер сынды екі диктатор арасында езіліп- жаншылған миллиондаған Отандастарына М.Шоқай қолдан келген көмегін аямаған. М.Шоқайда білім десен - білім (6-7 тілде еркін сөйлеген), байлық десен - байлық (7 атасынан ақсүйек), қызмет десен - қызмет (министр қызметінен бас тартқан) бәрі болды, бірақ ол қиыншылық пен қауіп-қатерде Түркістанның тәуелсіздігі үшін бүкіл өмір бойы күресіп өтті. Алты алаштың ұлттық басшысы, ұлт-азаттық күрестің лидері болған М.Шоқайдың өмірі мен еңбектерін оқып-үйрену ХХІ ғасыр ұрпақтарына үлгі-өнеге болары сөзсіз. М.Шоқай үшін Түркістан тұтастығымен Түркістан еркіндігі егіз ұғымдар. Ал ресейлік езгіден құтылу — Түркістан халықтарына біртұтас тәуелсіз мемлекеттер, федерациясын құруға жол ашумен бірдей. Дегенмен, Алаш қозғалысы халқымыздың өз зиялылары арқылы мемлекеттік дербестік, тәуелсіздік туралы тұңғыш рет саналы түрде мәселе қойып, сол үшін мақсатты әрекетке көшу болатын. Бұл орта ғасырлық мешеулік пен отарлық үстемдіктің құрсауында тұншыққан қазақ халқы үшін жаңа мазмұндағы өркениетке көшу, ХХ ғасырдағы жаңа сападағы мәдениетке бет түзеген адамзаттың көшіне еруді мақсат етіп қойған табиғи ұмтылыс болатын. Бірақ өкінішке орай, Алаш зиялылары бастаған қазақ жұртының бұл табиғи қайта жаңғыруы, рухани түлеуі өзінің логикалық шегіне жете алмады, империялық, партиялық өктемдіктің жазықсыз құрбаны болып, елінің Тәуелсіздігі үшін қанатымен су сепкен қарлығаштай шырылдап өткен ол, тарих қойнауына енді. Мұстафаның жете алмай кеткен арманы Тәуелсіздік болатын, Қазақстан Республикасы қазірдің өзінде саяси Тәуелсіз болғанымен басқа мемлекеттерге экономикалық Тәуелсіздігіміз көрініп тұр. Толық Тәуелсіздікке жету үшін қазіргі ұрпақ көп жұмыс атқаруы тиіс. Мұны жүзеге асыра алмау — бізге сын!

Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін оларды қорлық-зорлықпен рухани құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілікті

арқалауға барып, болып көрмеген қан шенгел құрылысқа қарсы ауыр да айрықша күрделі идеялогиялық, һәм саяси күресте басын тігуге әзір тұғыры заңғар тұлғаның алдағы тағдырына арна тартқан. Содан ол қазаға ұшырағанша, осы жолынан тайған емес. Ол басқа қазақ зиялылары сияқты Ақпан төңкерісі нәтижелерін үлкен ынтамен қолдап, Уақытша өкімет орындарының шараларына, қазақ даласында құрылып жатқан Комитеттерінің жұмысына қызу араласады. Дегенмен, уақытша өкімет, әсіресе, оның орнына көзқарасын түркі ғана емес, тәжік, орыс, ағылшын, француз, неміс тілдерінде шығарған шығармасында баяндап беруге арнап еді. Әлбетте, оның Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясының саяси бюросында Түркістан халықтарының бірінші, әрі белгілі бір мерзім ішіндегі бірден-бір өкілі болуының өзі де әбден табиғи, әрі заңды, өйткені, сол кездегі тарихи ахуалдың өзі, оқиғалар барысы жас Мұстафаны осы соқтықпалы соқпаққа салған. Әрине, Мұстафа Шоқай және басқа қазақ зиялылары бастап шаңырақ көтерген Қоқан автономиясы (мән маңызын төмендету үшін большевиктер қаладеңгейіне түсіріп, әдейі осылай атады, ал дұрысы — Түркістан автономиясының уақытша Үкіметі) совет өкіметінің мақсат мүдделеріне сай келе қоймады. Сондықтан да оның өмірі ұзаққа бармады: большевиктер ешқандай ымыраға келмеді, қайта түркістандық басшыларды қырып-жоюға кірісті. Сондықтан 1918 жылдың ақпан айының алғашқы аптасында қандықол большевиктер Қоқан қаласын атқылап, өртеп, автономиялық үкіметті озбырлықпен құлатты. Қоқан автономиясының жеңілу себептері: оның орнықты идеясы және нақты бағдарламасы болмағандығы айтылады. Революция берген мүмкіндіктерді Қазақстан мен Түркістан халықтарының ұлттық азаттығы үшін пайдалана алмауы, М.Шоқайдың пікірінше, екі тосқауылдың болуынан еді. Біріншісі- шын мәніндегі тәуелсіздікті танығысы келмеген уақытша үкіметтің, ал содан кейін оны алмастырған Кеңес өкіметінің қарсылығы болса, екіншісі — ұлттық күштердің алауыздығы және олардың саяси тұрғыдан нашар ұйымдасуы мен саяси күрес тәжірибесінің жетімсіздігі еді, Тәуелсіз Қазақстанның азаттық алғанын мерекелеп жатқанымызда осы биікке апарар бұралаң да тар соқпақтың бастауында тұрған алаштың ұлы азаматтарын еске түсіруге борыштымыз. Солардың шағын шоғырында Мұстафа Шоқайдың алыстағы жарық жұлдыздай жарқыраған тарихи тұлғасының да өзіндік орны бар. Солардың бірі- қазақ қана емес, бүкіл түркі халықтарының ортақ қайраткері, саясаткер Мұстафа Шоқай. Кезінде, дәлірек айтсақ, 1925 жылы И.Сталиннің өзі "Ақ, жол" газеті туралы хатында "қара бояуды" қалың жаққан М.Шоқайды ұлттың ұлы қайраткеріне айналдыру оңайға түспейтінін осы соңғы жылдар көрсетіп келеді. Бүгінгі қоғамымыздың интеллектуалдық деңгейі тәуелсіздік үшін күрестегі ірі саяси тұлға Мұстафаның сіңірген қыруар еңбегін, қалдырған терең ізін толық түйсінетін және барынша ардақтайтын биікке әлі де көтеріле алған жоқ. Мұстафа өмірінің кейбір тұстарын айқындай түсуге архив құжаттарымен қатар естелік-деректердің де көп үлес қосары белгілі. Батыс саясаткерлерінің, әсіресе, олардың ішіндегі Шығыс тарихына және Орталық Азия халықтарының тағдырына ден қойған

саясаткерлердің арасында Мұстафа Шоқайдың ағартушы-демократ ретінде дәрібі асып, аты ауызға ілінеді. Көз көргендердің айтуынша, ол өз ойын ағылшын мен француз, неміс пен түрік тілдерінде әсерлі де әрлі етіп емін-еркін баян ете білген. Еуропада жүріп араб тілін үйренген. Ғұлама ғалым, зерек тілгер, басынан сөз асырмайтын шешен, дуалы сөзді танымал публицист Мұстафа мәмлегерлер мен саясаткерлердің де, ғалымдар мен білімдарлардың да ортасында сағына күтетін мейманы болған.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай өз уақытының перзенті, ірі тұлға болатын. Сталиннің Шоқайұлына шүйілуді тегіннен-тегін емес еді. Бүгін белгілі болғанындай, ол бірінші дәрежелі, ғаламдық масштабтағы қайраткер болатын. Оған Мұстафаның досы, Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгиннің: "Мұстафа —Бей мемлекеттік ірі қайраткер, аса көрнекті жазушы, әрі журналист болды, бірақ ол бәрінен бұрын өте тартымды адам еді, өзіндігі мол тұлға еді. Мұстафа-Бейді Түркістансыз көз алдына елестету мүмкін емес. Иә, ол өзінің жүрегімен де, өз Отанын, оның өткендегісі мен қазіргі сүрең келбетін бір минут та ұмыта алмайтын. Әйтсе де өзінің дәстүрлеріне адал күйінде қала отырып, ол өз бойына мейлінше әртүрлі адамдарды және тіпті бір-бірлеріне түсініксіз дерлік халықтарды өзара байланыстыра алатын әрі байланыстыруға тиісті аса бағалы, адамдық қасиеттердің бәрін дарыта білген", - деген сөзі толық дәлел. Мұстафа Шоқайұлының тағы бір досы бұрынғы мемлекеттік Думаның мүшесі және Грузия Сыртқы істер министрі А.Чкенкели былай дейді: "Біз құрған "Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы қоғамында, ол әрине, елінің кеңдігіне қарай тиісті орнын алады. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және Батыстың басқа орталықтарындағы қайраткерлік қызметі сан түрлі әрі жемісті болғандығы соншалық, олардың бәрін санап шығу мүлде мүмкін емес. Ол менің күткенімнің бәрінен асып түсті, далалық азиаттан нағыз халықның көсеміне айналды. Ол өте сабырлы, әрі бірқалыпты еді, бірақ жүрегі ыстығырақ болатын, қашан да өзінің жеке басының қауіпсіздігін ойламай, жақындарына жәрдемдесуге құлшынып тұратын. Кеңес-Герман соғысы кезінде ол соғыс тұтқындарының бір лагерінде өз батылдығымен немістер еврей деп есептеп, атуға түскен бірнеше ондаған грузин жастарын атудан аман құтқарып қалды. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, кешірілмес қателікті түсіндіру арқылы үкімнің орындалуын тоқтата алды. Міне, біздің Мұстафа осындай тағылық уақытта өмір сүріп, күресе білді. Ал, сенің есімің мен идеяң қашан да біздің арамызда. Халықтарымыздың достығының символы болып қала береді...".

Міне, Мұстафа-Бей Шоқайұлының иман, парасат ұялаған көлдария жүрегін, ұлы тұлғасын осы жолдардан-ақ терең сезінуге болады. "Ұлы төңкеріс заманы алыптар туғызады" деп еді ертеректе бір дана. Бүгін бізге Мұстафа-Бей Шоқайұлының және онымен пікірлес, халықтың бағына туған көксерек таптың тағдырларын ойлап, опынғаннан пайда жоқ. Алтын құрсақты айналайын халқымыз ара-кідік болса да алыптарды тумай тұра алмайды. Ендігі үміт соларда. Олар ат жалынын тартып мініп, билік тегерішін қолына алып, бізді қыранша самалдатқанша, толық тәуелсіздікке

жеткенше бәрібір Мұстафа Шоқайұлын егіле еске алуды қоя алмайтынымыз және ақиқат. Бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқайдың еліміздің бүгінгі болашағына сіңірген теңдессіз жанқиярлық еңбегі, жалынды публицист, тамаша тарихшы, заңгер-ғалым, халықаралық саяси күрескер ретіндегі қаламынан туған асыл мұралары әлі де арнайы зерттеле түсетініне, олар жөнінде әлі талай еңбектер жазылатынына сенім мол. Тарих қойнауына кеткен, әлі сырын аша қоймаған жаңа мұралар ортамызға оралар. Бізге әзір мәлім емес жаңа қырлар, соны сырлар ашыла түсер.

Тәуелсіздік туралы ой – тұжырымдарын Мұстафа Шоқай 1920 жылдардың аяғына қарай толық айқындап, стратегиялық мақсатты нақты алға қойды. 1929 жылы жазылған «Біздің жол» атты мақаласында ол былай деп жазды: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түрістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды». Бұдан әрі басты мақсаттың түпкі нысанасын: «...Біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп айқындай түсті. Мұстафа Шоқай — ез халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «ру, ұлыстарға бөліп», халықтың ішіне іріткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра түсу бүгінгі Қазақстан жағдайында да айрықша мәнді болып отыр. Сондай-ақ, үлкенді-кіші көршілерімізбен тату-тәтті өмір сүріп, екі жаққа тиімді қарым-қатынас жасау да сыртқы саясатымыздағы маңызды сала. Мұны Орталық Азия аймағында тұратын халықтардың барлығы тереңірек түсініп жатса, келешегіміз бұдан да жарқырай түсер еді.

#### Әдебиеттер

1. Шоқай Мұстафа әлемі: өмірі, қызметі мен шығармашылығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2022ж БӘКІР Әбдіжәлел Қошқарұлы
2. Шоқай Мұстафа. Таңдамалы. Алматы : Қайнар, 1998ж .
3. Источник: <https://www.tarbie.kz/30307>
4. Мұстафа жолы: зерттеулер, естеліктер, арнаулар; А. Ысымұлы - Астана : "Сарыарқа" баспасы, 2015ж
5. Әбдіжәлел Бәкір. Түркі әлемінің ұлы перзенті, 15.12.2019 ж.
6. Бәкір Ә.Қ. Мұстафа Шоқай: өмірі мен қызметі, шығармашылығы туралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2020 ж.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ

*Нұрлан Оразхан* – Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ докторанты

Ағылшын тілді тарихнамада Қазақ ашаршылығын арнайы тақырып етіп зерттеген алғашқы еңбек. Сонымен бірге осы тақырыпта қазақ тіліне алғашқы аударылған еңбек [1] екендігін атап айтамыз. Тосын ғылыми тұжырымдармен ерекшеленетін зерттеудің түпнұсқасы мен аудармасына салыстырмалы талдау жасау Отан тарихындағы аса қасіретті құбылысқа бейтарап көзқараспен жасалған тұжырымның мәнін ашуға ықпал етеді деп білеміз.

Қазақ даласында кеңестік биліктің реформалары салдарынан орын алған 1921-1923 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық жайлы отандық тарихнамада орныққан ғылыми тұжырымдарды жаңалайтын немесе оған сын көзімен қарайтын шетелдік автордың зерттеуінде бізді қызықтыратын ең басты құндылық – оның методологиялық ұстанымы мен зерттеу тәсілдері болмақ.

2018 жылдың қазан айында АҚШ Сенаты 1932-1933 жж Украина ашаршылығының 85 жылдығына байланысты қарар қабылданған, алайда ол құжатта Қазақстанда орын алған ашаршылық жайлы ештеңе айтылмаған. Сара Камерон Батыс тарихшыларының ішінде қазақ ашаршылығының Украин Голодоморынан артық болмаса кем болмағанын, ал тигізген зардаптары жағынан одан да қорқынышты болғанын ашық түрде жариялап, АҚШ Конгресін назар аударуға шақырған алғашқы ғалым болды. Оның зерттеуінің басты маңызы - барынша объективті көзқарас ұстанып, қазақ ашаршылығын ғасырдың ұлы трагедияларының бірі ретінде танылуын талап етуінде.

Осы жерде Сара Кемронның Еуропада қазақ ашаршылығы мәселесінің пәрменді көтерілмеуінің және саясаткерлердің назарына ілінбеуін Еуропада қазақ мигранттарының болмауымен байланыстырады. Соған байланысты мәселе жеткілікті көрініс таппады деген тұжырым жасайлы. Шоқайдың осы тақырыпта жазып, шетелдік басылымдарда жариялаған мақалаларын арнайы қарастыруымыздың себебі осыдан туындайды. Автор Батыс елдерінде қазақ ашаршылығын зерттеген ғылыми жұмыстардың жоқтығын, ондай «үнсіздіктің» мынадай себептерін айтады: біріншіден, 1920-1930 ж Украинадағы ашаршылыққа Батыс жұртшылығының назарын аударған Уэлстік журналист Гаррет Джонс сияқты саяхатшылардың Қазақстанға келмегендігі: екіншіден, бастыстағы аз санды қазақ диаспорасы тарапынан украиндықтар сияқты белсенді әрекеттің болмағандығы [2, Б.8]. Автордың назарына 1921-1923 жж Мұстафа Шоқайдың Еуропа басылымдарында Қазақстандағы ашаршылық туралы жазған мақалалары ілінбегендігін айтуымыз керек. Ал екінші мәселе бойынша украиндық диаспора белсенді қызмет жасаған «қырғи-қабақ соғыс» кезінде Батыстағы қазақ диаспорасы саяси күреске араласқан жоқ еді.

Ашаршылық қасіретінің ең басты өлшемі адам шығыны екендігін басшылыққа алған автор Қазақстанда бұқаралық сипат алған ашаршылық 1,5 млн адамның өмірін жалмады, бұл сан республика тұрғындарының төрттен бірін құрайтын еді, нәтижесінде континенттік Еуропаның аумағындай жер қаңырап бос қалды [2, Б.2] деп отандық тарихнамадағы нақтылана қоймаған тұжырымға күмәнмен қарап, ашаршылықтың құрбандарының саны алдағы уақытта нақтыланатындығына сенім артады.

Автордың тұжырымында ашаршылықта республикадағы қазақтардың 40 пайызы қырылды. Жалпы республикадағы ашаршылық құрбандарының 90 пайызын қазақтар құрағандығын, ашаршылықтың кесірінен қазақтар ұлтының басым бөлігінен айырылып, бұл көрсеткіште украиндықтардан да асып түскендігін жазады. Кейбір зерттеушілер украиндықтар қасіретінің «теңдессіздігін алға тартып, қазақтар сияқты басқа ұлттардың қасіретін азайтып көрсетіп, тіпті ескермеуге тырысқанымен Қазақстандағы ашаршылықтың этникалық сипат алғандығы туралы тұжырым жасайды» [2, Б.6].

Автор ашаршылыққа ұрындырған реформаларды іске асыруда кеңестік биліктің қолданған әдіс-тәсілдерін де жіктейді. Оның тұжырымында билік қазақтарды бір-біріне айдап салу, кімнің бай, кімнің кедей екендігін өздеріне анықтату, астық, ет дайындауда асыра сілтеуге қасақана жол беру, бас көтерулерді басып-жаншуға қазақтардың өздерін пайдалану түрінде қолданған деген авторлық тұжырымды деректік негізде алға тартады.

Зерттеуші қазақ ашаршылығының себептері қандай болды? деген сауалға да жауап іздестіреді. Ашаршылықтың басты себебі ретінде қазақ ашаршылығына да мемлекетті ет және астықпен қамтамасыз ету науқанымен қатар күштеп жүргізілген кеңестік ұжымдастыру екендігіне назар аудара отырып, егін екпейтін көшпелілерге астық салығын салу, соның салдарынан малдарын астыққа айырбастау арқылы қолдағы малынан айрылу; астық бағасы шарықтап өсіп, малдың тауарлық құны төмендеуі де астық салығының ауыртпалығын еселеп жіберген. Қазақ ашаршылығының басты себебі сталиндік саясат болғанымен XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде Ресейдің империялық саясатымен қазақ жеріне орыс шаруаларының қарқынды қоныстануы да дәстүрлі шаруашылық жүйесіне ашаршылыққа алып ұрындыратын ауыр соққы болғандығымен байланыстырады.

Ғалымның «Мәскеудің мемлекеттік отырықшыландыру саясаты Қазақ Ашаршылығының негізгі себебі болмады» [2, Б.17] деген тұжырымын ресми отырықшыландыру бағдарламасы аз қаражат бөлінгендіктен сәтсіздікке ұшырады деген тұжырым ұсынады. Алайда, ұжымдастыру науқанымен қатар жүргізілген шамадан тыс ет пен астық салығы ресми отырықшыландыру саясаты жете алмаған мақсатқа оңай жеткізді: барлық малдарынан айырылған қазақтар жоқшылық әсерінен көшпенді өмір-салтынан толықтай айырылып қалды.

Шетелдік авторымыз Қазақстандағы ауакөшу мәселесіне де айқындық беруге тырысады. Ол қолда бар деректерге сүйеніп, «1916 жылғы көтеріліс кезіндегі аласапыранда 300 мыңнан астам көшпенділер Қытайға қашып,

олардың көбі жолда қырылып қалды. Ашаршылық, зорлық-зомбылық пен босқындық салдарынан ресейлік Түркістан халқының саны 1916 жылдан 1920 жылға дейін 2 миллионнан астам адамға азайды. Бұл дағдарыста Түркістанның көшпелі тұрғындарының мал басы 63% кеміді. 1914-1924 жылдардағы дағдарыс, әсіресе қазақтардың маусымдық көш жолдарының жабылуы және мал басының қырылуы кейбір қазақтардың қоныстануына, ал кейбірінің көшпенділігінің төмендеуіне себеп болды. Жалпы, осындай үрдістер алғашқы қоныстанушылар кезінде басталған қазақтардың отырықшылыққа бет бұруының жедел қарқынмен іске асуына әсер етті [2, Б.50] деген тұжырым жасайды.

Шетелдік зерттеушілер негізінен ғылыми айналымдағы зерттеу нәтижелерінің (онда да тек орыстілді зерттеулер) деректері мен тұжырымдарын пайдаланып келсе, Сара Камерон да осы бағытты ұстанған. Автордың назарынан М.Шоқай мақалалары тыс қалғандығы өкінішті.

М. Шоқай А.В.Байкаловқа жазған хатында «мал өсіретін аудандарға жеңілдіктер колхоз-совхоз мал шаруашылығы саясатының қатты күйреуінің нәтижесі – дей келіп, революцияға дейін қазақ-қырғыздардың 50 миллионнан астам малы (бір ауылға 7,5 миллионнан) болғандығын, енді 2-бесжылдықтың басына қарай 18 миллионнан астам халқы бар бүкіл Түркістанда 5012 мың бас қалды. 1934 жылы мал басына шаққанда, кеңестік статистика бойынша 15629 мың бас қалды (жан басына шаққанда «бір қойдан» аз)» дейді. Сонымен бірге еуропалық қауымдастықтың назарын аудару мақсатында «Социалистік революция дәуірімен үйлеспейтін шаруашылық түрі ретінде көшпелі мал шаруашылығына қарсы күресті бастаған Сталиннің енді Түркістанның кейбір аймақтарын көшпелі мал шаруашылығы аймағына айналдыру ұранын тастап жатқанын білесіздер. Сенгісіз, бірақ шындық. Менде тіпті кеңестік ресми «Казахстанская правда» газетінен де дәлелдер бар» [3] деген нақты мәліметтер береді.

Шоқайдың ақ эмигрант өкілі А.В.Байкаловпен жазысқан хаттарында көптеген мәселелермен бірге ашаршылық мәселесі де қозғалады. Шоқай оған жазған хатында ашаршылыққа қатысты бірқатар мәліметтер ұсынады. Ол туралы Байкалов аштық туралы ақпарат үшін көп рахмет айта отырып, оның деректері «Вестник», «Обсервердің» Мәскеудегі тілшісінің хатында расталып отырғандығын жазады. Байкалов «Осы мәселе туралы білетіндердің барлығын жіберіңіз. Әлбетте, Ресейге тағы да қатты ашаршылық жақындап келеді және большевиктер өткен жылы сәтті болғандай фактілерді еуропалық қоғамдық пікірден жасыру шараларын қолданып жатыр. Айттым ғой, осы жерде большевиктердің ашаршылықты ұйымдастыруына қарсы қоғамдық наразылық комитеті құрылды, сондықтан ашаршылықтың болғанын айғақтайтын деректердің барлығы комитет басқаратын науқанға өте пайдалы болады» [4] деп жазады. Демек, Байкаловтың хатының деректеріне қарағанда Шоқай Қазақстандағы ашаршылық туралы басқа да мәліметтер берген.

М.Шоқай «Қырғыздарағы ашаршылық» атты мақаласында Ташкенттен алған хабарына қарағанда Сырдария облысы түгелдей ашаршылыққа ұрынғандығын жазады. Бұл хабарлама жаңа, өкінішке орай, тұрақты дерлік

ұлттық апат үшін жауапкершілікті бөлу тұрғысынан нақтылауды қажет етеді. Сыр өңірінде алда келе жатқан ашаршылық белгілері 1925 жылдың жазынан байқала бастады. Әр жерден егіншілікке жарамды жердің жоқтығынан егістің жоқтығынан, не су тапшылығынан егіннің шықпай жатқанын айтып шағымдар айтылған.

Астық өнімдерін жоспарлауда жіберілген қателіктердің қаншалықты дәрежеде болғанын Қазақстан РКП (Қырғызстан) облыстық комитетінің жауапты хатшысы Голощекиннің 1 желтоқсанда Қызылорда қаласында өткен партия конференциясында жасаған баяндамасында айтылған «Сыр өңірінде сегіз миллион пұттан көп емес, кем емес астық күтілді. Енді бұл аймаққа сырттан астық әкелу керек болып шықты» [5].

Сегіз миллион пұт астықтың қате есептелгендігі жөніндегі қателікті Коммунистік партия толығымен өз мойнына алады. Бұл туралы Голощекиннің «Бізде кейбір губернияларда астық өнімдерін есептеуде де қателіктер бар» деген сөзіне сілтеме жасайды. Шоқай мақаланың соңында «Айтыңызшы, большевиктер мырзалар, Сыр бойындағы қырғыздардың ашаршылыққа ұшырауына кім кінәлі? Түркістандағы ашаршылықты ұйымдастыруға жауаптылар неге сотқа тартылмайды?» [6] деген сауал қояды.

Шоқайдың Түркістандағы ашаршылық туралы мына мәліметтері ащы шындықты бейнелейді: «Тағдырдың жазуымен 1917 жылы Ленин Ресей үкіметінің басшысы болды. Ал оның билігі кезінде Лениннің ескі «қоғамдық одақтасы» – ашаршылық біздің отанымыз – Түркістанға келді... Ташкентте, Ферғана қалалары мен ауылдарында, Ташкент пен Орынбор арасындағы жолда ағаларымның аштықтан өлгенін көру «бақытына» ие болдым... Орыстың қызыл сарбаздары Ташкент көшелерінде жатқан мұсылмандардың мәйітін найзамен түйреп лақтырды... Орыс шаруалары артық нанын не істерін білмей жүргенде Ақтөбеден келген аш мұсылмандарды большевик солдаттары найзаға шаншып таратты... [7.]

Кеңес үкіметінің Түркістандағы ашаршылық саясаты туралы М.Шоқай Ресейдің және Еуропаның баспасөзінде «Түркістандағы мұсылман халқының арасындағы ашаршылықты большевиктер жасанды түрде ұстап отыр» деп талай рет жазған. Ал биліктегілер ол айыптауларды кеңестік ресми деректерге негіздегеніме қарамастан жоққа шығарып отырған.

Шоқай ашаршылықтың себептері туралы «1) Кеңес үкіметі көмек көрсету комитеттерін ұйымдастыра отырып, аштыққа ұшыраған мұсылмандарға қандай да бір көмек көрсетуге тосқауыл қойды; 2) ашаршылықты ұйымдастыруға Кеңес үкіметінің өзі қатысты; 3) бұл тек Түркістандағы мұсылман халқын қырып-жою және оның біздің елге өз үстемдігін көрсету үшін физикалық қарсылық көрсету мүмкіндігін жою мақсатында жасалды» деп тұжырым жасаған.

Т.Рысқұловтың «Түркістандағы Қазан төңкерісінің ардақты басшыларының» мұсылман халқына қалай қарағандығы жөнінде «Тоболин Түркатком мәжілістерінің бірінде: «Марксистер тұрғысынан экономикалық жағынан әлсіз қырғыздар әлі де жойылуы керек; сондықтан, - деді ол, -



революция үшін ақшаны аштықпен күресуге емес, жақсырақ майдандарды қолдауға жұмсау маңыздырақ» [7] деген мәліметін келтіреді.

Қорыта айтқанда қазақ жерін жайлаған ашаршылық туралы Мұстафа Шоқайдың шетелдік жарияланымдары кеңестік билікке қарсы жасалған құр байбалам емес, нақты, онда да кеңестік баспасаөздің деректеріне негізделген ащы шынды екендігіне көз жеткіземіз. Алдағы уақытта Шоқайдың осы тақырыптағы зерттеулері мен мақалалары арнайы талдануы тиіс деп білеміз. Өйткені, кеңестік биліктің қателігінен, кей жағдайда мақсатты түрде ұйымдастырған қазақ ашаршылығына ғылыми және саяси баға берілуі керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Сара Камерон. «Аштық жайлаған дала» Ашаршылық, Озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Print House Gerona баспаханасында басылған 2020. Ағылшын тілінен аударған Сәуле Батаева, Зәуре Батаева

2 The Hungry steppe:Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakstan, by Sarah Cameron originally published by Cornell University press 2018.

3 М. ЧОКАЙ - А.В. БАЙКАЛОВУ 18.03.1935. INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 6. Dossier 1a. PP. 29-31.

4 А.В. БАЙКАЛОВ - М. ЧОКАЮ. 16.07.1934. INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 6. Dossier 1a. PP. 32-33.

5 Чокай М. Голод в Киргизии. Дни. Париж. 1926. 19 января.

6 Чокай М. Голод в Киргизии. Дни. Париж. 1926. 19 января.

7 Чокай М. «Голодная политика» Советской власти в Туркестане (свидетельство Турара Рыскулова) INALCO. L'Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 6. Dossier 5. PP. 67-72

### ТОПОНИМЫ В ПИСЬМАХ М.ШОКАЯ

*Жарбулова С.Т.*, к.п.н., старший преподаватель кафедры русского языка и литературы, Муратбаева Э. А. студент группы РЯЛ- 22 -2у, КУ имени Коркыт ата

Разделом ономастики изучающий названия географических объектов той или иной местности является топонимика. Исследователи все больше обращают внимание на изучение географических названий, как лексический состав языка. Ведь они представляют большую ценность для самой исторической науки. Топонимы объединяют в себе: память о языке, об истории и географии. Исследованы многие аспекты творчества Мустафы Шокая, но главной целью данной работы исследовать топонимы в его письмах.

Рассмотрим письмо написанное М.Шокаем В.Дабровскому [1,с.170]: «После *Варшавы* побывал в *Берлине* и *Гейдельберге*».

Топоним «Варшава», в словаре Е.М.Поспелова записан как столица Польши. Упоминается в XIV-XV вв. как Варшова, Варшева; название от личного имени Варш (Warsz, уменьшит. имени Wracizlaw) с притяжательным суффиксом –ов/-ев. С XV в. под влиянием мазовецкого говора в употреблении закрепляется форма Варшава (Warszawa) – «селение Варша» [2, с. 90].

«Берлин», столица Германии. Упоминается с XIII в. как Berlin. По наиболее убедительной гипотезе, название от др.-слав. birl/berl «топь, болото» [2, с. 66]. «Гейдельберг», Хайдельберг, город, Германия. Основан в XII в.; среди ранних форм названия встречается Heidelberg от нем. Heidelberg «голубика», Berg «гора» [2, с. 115].

В обращении М. Шокая Б. Дабылову [1, с. 75-76] :

1) «Из **Стамбула** я вернулся дней 4-5 тому назад». В словаре слово «Стамбул» означает крупнейший город Турции, на обоих берегах пролива Босфор у Мраморного моря. Город основан около трех тысяч лет назад. Его первым предшественником был город Лигос, находившийся на небольшом полуострове, образованном Золотым Рогом, Босфором и Мраморным морем. Происхождение и значение названия Лигос неизвестны. В 657 г. до н.э. новый город строят переселенцы из Греции, которых привел в эти места их предводитель Визант. По его имени новый город получил название Византия. В 330 г. н.э. в этот город, уже завоеванный римлянами, император Константин I переносит столицу империи. Официально ей присваивается название Новый Рим, однако в широком употреблении входит название Константинополь – «город Константина» (греч. полис «город»); нередко его называют и просто Полис («город») [2, с. 395].

2) «Если в **Ташкенте** имеются открытки со снимками **Узбекистана** или из казахской жизни, то посылай мне». Топоним «Ташкент», столица Узбекистана. По археологическим данным город основан в IV-III тыс. до н.э., но в письменных источниках упоминается с IV-V вв. н.э. под названиями Джадж, Чачкент, Шашкент, Бинкент. И только в XI в. в трудах среднеазиатских ученых Абу Рейхана Бируни и Махмуда Кашгари впервые встречается название Ташкент. Самое раннее название Джадж связано с этнонимом таджики, первоначально означавшим всех вообще мусульман и, прежде всего, арабов-завоевателей. Махмуд Кашгари первым объяснил Ташкент как «каменный город» (тюрк. таш «камень», кент «город»), а Бируни, поддерживая это толкование, отмечал, что Шашкент это искаж. форма узб. Ташкент; очевидно, что и Чачкент является другой формой искажения того же названия [2, с. 412]. «Узбекистан», Республика Узбекистан, гос-во в Средней Азии. Название Узбекистан – «страна (земля) узбеков» употребляется с начала 1920-х гг.; образовано этнонимом узбеки и топонимическим формантом –стан, с помощью которого образуются названия стран и местностей проживания народа, указанного в первой части топонима [2, с. 430].

Обратимся к письму М. Шокая-Б. Дабылову написанный в 1927 году [1, с. 76]:

1) *«Москва и Ленинград являются хорошими городами».* Топоним «Москва», столица России, ц. Московской обл. Название города впервые упоминается в летописи в 1147 г., где говорится о приглашении Владимиро-Суздальским кн.Юрием кн.Святослава: «приди ко мне брате в Московь», т.е. название города приведено в косвенном падеже. Современные исследователи считают, что форма именительного падежа названия города была Москы. Название Москва установилось лишь в XIV в. и используется до сих пор [2, с.276].

«Ленинград», см. Санкт-Петербург, ц. Ленинградской обл. Основан 16 мая 1703 г., когда Петром Великим была заложена крепость под названием Санктпитебурх в честь Святого Петра, небесного покровителя императора. Крепость после сооружения в ней собора Петра и Павла стала называться Петропавловской, а ее первоначальное название оказалось распространенным на возникший при ней город. Установившаяся после смерти Петра Великого чисто нем. форма Санкт-Петербург без колебаний употреблялась до 1914 г. Вскоре после начала Первой мировой войны актом от 18(31) августа 1914 г. нем. название было заменено на русск. Петроград. Очевидно, что смысл названия при этом переименовании был изменен: город стал называться уже не в честь святого, а по имени самого императора. В 1924 г. сразу после смерти В.И.Ленина, в память о нем город был переименован в Ленинград. Широкое обсуждение вопроса показало, что истор. название должно быть восстановлено; споры вызывал лишь выбор названия: исконное Санкт-Петербург, его упрощенная форма Петербург или русское название Петроград. В ходе проведенного 12 июня 1991 г. опроса 54 % жителей города высказались за восстановление истор. названия Санкт-Петербург.

2) *«Я лично побывал в кишлаках к Ярославля, Владимира, Москвы, Харькова, Курска, Саратова, Уфы, Казани и других поэтому я приблизительно знаком с жизнью русского крестьянства... Я много побывал раз бывал на Кавказе и в Крыму...».* В словаре «Ярославль», город, ц. Ярославской обл. Впервые упоминается в летописи под 1071 г. как Ярославль. Название в форме притяжательного прилагательного образовано от др.-русс. личного имени Ярослав с помощью суффикса, т.е. означает «Ярославий город». Предание приписывает основание города киевскому вел. кн. Ярославу Мудрому и относит его к 1024 или даже 1010 г. [2, с.493]. Топоним «Владимир», город ц. Владимирской обл. Основан в 1108 г. кн. Владимиром Мономахом. Упоминается в летописи под 1154 г. в форме Володимерь, где княжеское имя Володимер сочетается с притяжательным суффиксом т.е. «город Владимира». С течением времени название города сначала по звучанию, а затем и по написанию совпало с личным именем Владимир.

«Харьков», город ц. Харьковской обл., Украина. Основан в середине XVII в. как крепость для защиты от набегов крымских татар под названием Харьков. В основе предполагается личное имя Харько (производная форма имени Харитон) [2, с.447].

«Курск», город, ц. Курской обл. Впервые упоминается в летописи под

1905г.как Курск. Название по расположению при впадении в р.Тускарь ручья Кур.Гидроним связан с народным термином курья-«речной залив,узкий проток,реки,заводь» [2,с.233]

«Саратов», город ,д.Саратовской обл.Основан в 1590 г.как город-крепость Саратов.Название связано с его положением на высоком пр.берегу Волги, в окружении гор,наиболее заметная из которых отличалась желтизной своих склонов.У местного тюркоязычного населения она была известна как Сарытау- «Желтая гора »(тюрк.сары «желтый»,тау «гора»)Название горы было распространено на окружающую местность и в несколько искаж.виде принято затем для названия города Саратов[2,с.369]

«Уфа»,столица Башкирии .Возникла в 1574 как русск.крепость на р.Белая при впадении в нее р.Уфа и названа по р.Уфа.Из ряда предлагавшихся этимологий гидронима отметим две .Согласно одной из них ,гидроним возник в языке скифо-сарматских племен,обитавших в древности на Юж.Урале,и образован из иран ап «вода» .Реалистична также гипотеза образования Уфа из башк.родо-племенного наименования упай[2,с.437]. «Казань»,столица Татарстана.Город основан в XIII в.при впадении в Волгу р.Казанки (татар. Казан).Предложен ряд этимологий ,из которых наиболее убедительны две :из этнонима казан,относящегося к одному из болгар.племен.,или из тюрк.личного имени Хасан.Этимологии,связывающие название с татар.казан. «котел»,с казанлык «котловина»,с особенностями реки Казанки,якобы изобилующей ямами и омутами ,в настоящее время отвергаются как недостаточно обоснованные[2,с.179].

«Кавказ» ,см.Большой Кавказ, горная система между Черным, Азовским и Каспийским морями;в его осевой части проходит Главный Кавказский или Водораздельный хребет,сев.склоны которого принадлежат России.Название Кавказ упоминается др.-греч.авторами Эсхилом и Геродотом ,В.в.до н.э.,как Kaukasos,на др.-русс.впервые упоминается в «Повести временных лет», XII в., как Кавкасийские горы,т.е.название за 25 веков после первого упоминания сохранилось без существенных изменений.Название Кавказ как обобщающее для всей горной системы не было известно разноязычным кавк.аборигенам;не знали его и соседние вост.народы.Очевидно,первоначально название относилось только к Эльбрусу и означало «белоснежная гора » и лишь со временем распространилось на всю горную систему[2,с.74].

«Крым»,Крымский п-ов,на С.Черного моря ;Украина. Наиболее раннее название Киммерия-«страна кимирийцев»,известных во II тыс.до н.э.,относилось к степной части п-ова,доходившей на В.до Азовского моря (ср.древнее название Керченского пролива Боспор Киммерийский).Название Крым появилось во второй половине XIII в.Его часто связывают с названием города Крым (ныне Старый Крым,см.),который был центром Крымского ханства и его название распространилось на всю территорию п-ова. Поскольку город Крым был укреплен, в основе его названия видят монг . хэрэм «крепостной вал,крепостная стена».По другой версии возможна связь с

тюрк.қырым «ров», что могло быть обусловлено древним ровом на Перекопском перешейке[2,с.226].

Письменные памятники показывают, что во временных и пространственных представлениях топонимы играли немаловажную роль в жизни, в древнюю эпоху в топонимах был заложен огромный смысл, которая выражалась в ее функциональных особенностях. Вместе с тем, при чтении писем М.Шокай можно проследить то, что те или иные действия систематически сопровождаются географическими названиями. Это говорит о том, что названия различных географических объектов имели некую особую определенную рода функцию в письмах. Возможно, таким образом М.Шокай при обращении к многоуважаемым соратникам, хотел показать действительность тех событий используя географические названия. Таким образом, топонимы активно использовались М.Шокаем в качестве исторических событий, происходивших в реальности.

#### Литература

1. Әбусейітова М., Шоқай М.Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық.- Алматы: Дайк-Пресс,2014г.ХІІ том-478с.
2. Пospelов Е.М.,Агеева Р.А.Географические названия мира:Топонимический словарь. «Русские словари»,1998-372с.
3. Новейший орфографический словарь русского языка: 120000 слов / сост. Е. Куренкова. - 3-е изд. - М., 2008. - 380 с.
4. Стилистический энциклопедический словарь русского языка / ред. М.Н. Кожина. - 2-е изд., испр. и доп. - Флинта: Наука, 2006.
5. Токий А. Краткий этимологический словарь топонимов планеты. У истоков цивилизации. <https://www.litres.ru/book/aleksandr-tokiy/kratkiy-etimologicheskii-slovar-toponimov-planety-u-istoko>

### **МҰСТАФА ШОҚАЙ МЕН ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ ТҮЛҒААРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ (сөз тезистері)**

*Хакан Ас*, Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ докторанты

Қожықов Қоңырқожаның тұлға ретіндегі қоғамдық-саяси қызметінің ауқымын Түркістан және Алаш ұлт-азаттық қозғалыстарына белсене араласқан қайраткерлердің бірі деп айқындауға болады. Қожықовтың қоғамдық-саяси қызметі Түркістан өлкесімен тығыз байланыста қалыптасты. Ол 1916 жылы Ташкентте қызмет жасаған қазақ зиялыларының Мұстафа Шоқай жетекшілік еткен астыртын «Кенес» үйірмесінің бюро мүшесі ретінде өлкедегі ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласады.

Қ. Қожықовтың ОГПУ басшыларына өз қолымен жазған өмірбаянынан оның отаршылыққа қарсы тәуелсіздік жолындағы күресі туралы мәліметтерді кездестіреміз. Ресей Министрлер кабинетінің төрағасы С. Виттенің атына

бірнеше петиция жазып, Түркістан өлкесіне ішкі басқару істерін өзі шешу құқын беруді өтінуі Қ. Қожықовтың өз заманындағы саяси күрес тәсілін меңгерген кемелдігін танытады. Ол осындай тәсілді кейін де қолданған. Мысалы, «генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және аюандық іс-әрекеттерін баяндап жазып жібердім. Сонымен бірге редакцияның ұсынысына (Ташкентте эсер В. Чайкиннің редакторлығымен шығып тұрған «Голос Туркестана» газеті - Х.А.) қосылып, Түркістанға Мемлекет Думасының мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап етім. Осыған байланысты күз айларының бірінде (1916 ж. тамыз-қыркүйек айлары – Х.А.) Тевкелеев, Керенский және Шоқаев келді. Соңғы екеуіміз Чайкиннің үйінде кездестік, сөйтіп оларға қолымдағы бар құжаттарымды тапсырдым» [1, Б.336-375] деп жазады.

Қожықовтың есімі Алаш қозғалысы тарихының деректерінде жиі аталады. Өмірбаянында өзі алашордашылардың қатарында болғандығын жасырмайды. «1917 жылы мен екінші рет Ташкентте өткен қазақ съезіне қатыстым, Қоқан автономиясы талқандалғаннан кейін Тынышбаевпен бірге коммунистік отрядтардан қашып, тау ішінде жасырынған кезім де болды» дейді.

1917 ж. большевиктердің Ташкентте билікті күшпен тартып алуы Қоқан қаласында құрылған Түркістан автономиясы үкіметінің тынысын тарылта түсті. Осы кезде ұлт-азаттық қозғалыстың дәстүршілдік бағыттағы – консерваторлық емес күштерінің өкілі Сералы Лапин большевиктермен ымыраласу жолдарын қарастыра бастайды. Өйткені большевиктік билік аяғын апыл-тапыл басқан ұлттық мемлекеттік құрылыммен санаспады және оның талаптарына құлақ та аспады. Осыған байланысты мәлімдеме жасаған С. Лапин 6 қаңтарда Түркістан қаласында өтуі тиіс Сырдария облысы қазақтарының съезіне қатысудан бас тартса, М. Шоқай Қоқан автономиясындағы үкіметтік дағдарысқа байланысты съезге қатыса алмады. Түркістан өлкесі қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесін күн тәртібіне қойған бұл съезге Сырдария облысының делегаттары құраған 82 өкіл қатысты. Алашорда үкіметі атынан Б. Құлманов, М. Дулатов, Т. Құнанбаевтар қатысқан съездің қабылдаған шешімдері біртұтас қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы ұлттық элита қызметін айшықтай түсті.

Қ. Қожықовтың ОГПУ өз қолымен жазған өмірбаянынан оның 1918 ж. қаңтардағы Түркістан қаласындағы Сырдария облысы қазақтарының съезі туралы «Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесіді қойдым. Ол - Қазақстанның орталығы ретінде Оңтүстіктегі қалаларының бірі болсын деген ұсынысым еді. Бірақ алашордашыл Дулатов менімен келіспей, ренжіп, Орынборға кетіп қалды» - деген мәліметтерді кездестіреміз. Осы жерде мәтіннің мазмұнына кішкене түзету жасай кеткен орынды болар. Қ. Қожықов 1933 ж. тұтқынға алынып, осы өмірбаянды жазған кезде М. Дулатов алашордашыларды қуғындаған алғашқы лекпен 1930 ж. сотталып кеткен.

Аталған деректен Т. Рысқұловтың Қ. Қожықовқа таққан айыптарының біріне жауап табылады. Ол Қожықовты 1913 ж. Романовтар әулетінің ел басқаруының 300 жылдығына арнап, қазақ тілінде кітап жазды деп айыптаған [2, Л.243]. Осыған байланысты ол былай деп жазады: «Мен жергілікті әкімшілік орындарының үстінен көптеген арыздар мен петицияларды Петербургке қайта-қайта жолдап отырдым, соған байланысты мені бір уезден екінші уезге ауыстырып отырды. Әкімшілікке қайтсем жағам деген оймен Романовтардың үйі жайында қазақ тілінде еңбек жаздым. Бұл, әрине мен үшін масқаралық жұмыс болды. Бұл еңбекте қазақ халқының патшаға бағынуы насихатталған еді. Бірақ мұнымен мен әкімшілік орнының ықыласын өзіме аудара алмадым...» деп өкініш білдіреді.

Қоңырқожа Қожықовтың Мұстафа Шоқаймен байланысы саяси-идеялық қана емес, туыстық, жолдастық сипат алады. Елде қалған Шоқайдың достары оған хат жазып тұрған. Мысалы, сондай хаттардың бірі туралы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тағы бір көрнекті тұлғасы А.З. Валиди «бұл бізге жеткен бірінші сәлем хат» дейді, бірақ ол М. Шоқайдың оған дейін де Түркістанмен астыртын түрде хабарласып тұратынын білмейтін. Осыған байланысты белгілі тарихшы К. Есмағамбетов былай деп жазады: «Германиядағы түркістандық студенттерді бақылауға алған кеңес елшілігінің хабарларында Ғ. Бірімжановпен бірге Лапин Мұңайтпастың есімі де аталады және ол С. Қожановтың «қайнысы» деп көрсетіледі. Әңгіме Лапин Мұңайтпастың баласы Әбдірахман туралы екендігі, ал оның С. Қожановқа «балдыз» болып келетіндігі, Сұлтанбектің ол арқылы М. Шоқайдың амандық-саулығын біліп тұрғандығы мәлім. Бұлардың барлығы да М. Шоқаймен көптен бері таныс адамдар болатын. Әбдірахман - Орта Азия мемлекеттік университетінің тұңғыш түлегі, ол бұл оқу орнын Ғ. Бірімжанов, Ескендір Мангелдин, Мұстафа Бөкейханов, Сүлеймен Есқараевтармен бірге бітіреді» [3].

20-жылдары ұлттық элита арасында кең өріс алған саяси күрес мазмұны жағынан өте күрделі үдеріс. Оны жеке тұлғалардың қоғамдық-саяси әрекетімен ғана байланыстыру мәселенің шынайы табиғатын аша алмайды. Оған тұтастай теориялық-әдістемелік негіз керек. Олай дейтініміз, осы саяси күреске голощекиндік идеологиялық жүйе топшылдық, жершілдік, рушылдық деген теріс мазмұн беріп келген. Қазіргі кезде Отан тарихында кейбір тарихшылар осы тұжырымдаманы одан әрі жалғастыруда. Мәселеге тарихи объективтілік қағидасымен көз салар болсақ, осы саяси күрестің ең басты қозғаушы факторы – топшылдық, рушылдық, жершілдік те емес, ұлттық және таптық көзқарас болғандығына тарихи деректерден көптеген дәйектер тапқан болар едік.

Қ. Қожықов сияқты Алаш қайраткерлерінің ғибратты ғұмыры мен жасаған еңбектері егемен еліміздің болашақ қайраткер тұлғаларының ұлтжандылық рухта тәрбие алуына идеялық тұрғыда үлгі-өнеге болары хақ. Ұлттық тарихымыздағы рухани құндылықтарды сақтап, өткен тарихымызды үнемі таразылап, болашаққа нық сеніммен қадам басуымыз керек.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы //М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Т.3.- Алматы: «Қайнар».-2007.- 384 б.
2. РГАСПИ. Ф.17, оп. 85, д.77, л.248
3. Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. // Егемен Қазақстан. 14 қазан 2008 жыл.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

*Алма Сайлауқызы* - PhD, MNU Халықаралық журналистика мектебінің  
Adjunct Assistant профессоры

Туған елдің жарқын келешегі үшін өмір жолын арнаған, білім-білігімен қызмет еткен біртуар тұлғаларға тарихымыз кенде емес. Қазақ қоғамының ренессансы іспетті миссия атқарған қазақ зиялыларының идеялары өміршеңдік күшін жоймағанын олардың публицистикалық еңбектеріне, журналистік туындыларына қарай отырып бағамдай аламыз. Осыдан бір ғасыр бұрын, ел тағдыры, жер тағдыры, ұлт тағдыры сынға түскен қиын шақта өз ұлтының тарихи құқы мен қажеттіліктерін бағамдай білген саналы, жігерлі буынның тарих сахнасына шығуы заңды құбылыс еді.

Бірнеше ғасыр Патшалы Ресейдің отарлық саясатының озбырлығын көргенқазақ халқынан тек олардың қолына су құюды місе тұтатын тілмаштар мен патшаның «адал қызметкерлері» ғана емес, өз ұлтының трагедиясын жақсы ұғынып, заңды құқын талап етіп, оның жағдайын жеңілдетуге бар күш-жігерін аямаған білікті де білімді, өткір саясаткерлер мен орақ тілді журналистер де шықты. Азаматтық борыш пен парызды өмірлік мұрат еткен жүздеген ұлтшыл азаматтардан тұратын кіл мықтыларды Қазақ игілігі – Алаш игілігі атты үлкен идея біріктірді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Досмұхамедұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Әлімхан Ермеқұлы, Жақып Ақбайұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мұхамеджан Сейдалиев сынды ұлт ардақтыларының ішінде мемлекет қайраткері, заңгер, саясаткер, идеолог, публицист Мұстафа Шоқай өзіндік дара орын алады.

«Ұмтылатын заман келді. Ерлердің қайраты, жақсылардың білімі, елдің елдігі, ынтымағы сыналатын жорық болды. Қазағым, ойлан, толған!» деп Р.Мәрсекұлы айтқандай [1, 102], ұлттың күрескер зиялылары бұл қиямет-қайымы мен қиыншылығы мол ауыр жолда қару етіп көсемсөзді – публицистика мен журналистиканы шама-шарқы жеткенше пайдалану керек деп шешті. Өйткені кез келген зайырлы, демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі – сөз бостандығы десек, сол сипатының жүзеге асуы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, яғни баспасөз арқылы көрініс табатыны анық. М.Шоқай 1917 жылы Ташкентте жарық көрген «Бірлік



туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болды. Өз идеялары мен оларды халыққа жеткізудің асыл арнасы еткен мерзімді баспасөз қатарына «Қазақ», «Серке», «Ақ жол», «Сарыарқа», «Айқап», «Абай», «Шолпан»» «Сана», «Таң» сынды газет-журналдарды жатқызсақ, Алаш идеясын ұстанған ұлт қаймақтары қуғын-сүргін құрбаны болған соң, ұлттық бірлік пен азаттық идеясының ел сыртынан соғылған күміс қоңыраушысы деп Мұстафа Шоқайдың редакторлығымен шыққан «Жас Түркістан» журналы деп батыл айта аламыз.

Франциядағы тілдер және өркениеттер университетінің (INALCO) жанындағы BULAC кітапханасында Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі Мұстафа Шоқайдың электронды түрде сақталған жеке архивін парақтай отырып, біраз дүниеге қанық болдық. Мәселен, журнал шығатын құрлықтан мыңдаған шақырым жырақта орналасқан Тянциннен «Жас Түркістанның» редакциясына жіберілген хатта түркістандықтар мен татарлардан тұратын бір топ оқырманның аты-жөні тізімделіп, аталған журналға 3856 франкке жазылғанын дәлелдейтін құжат сақталған [2]. Сол сияқты АҚШ университетінің профессор-оқытушылары да журналды алып тұрғанын дәлелдейтін хаттар бар. Осының өзі ол журналдың әлем бойынша қаншалықты танымал, әрі сұранысқа ие болғандығының бір дәлелі деп білеміз.

Ұлт зиялылары Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтті. Мұстафа Шоқай да өзге ойлы замандастары сияқты дәл осы мүмкіндікті халқының азаттыққа жетуіне, тең құқылы демократиялық жолмен даму жолына түсуіне зор мүмкіндік деп санады. Алайда ақпан төңкерісі де, оның артынша ұйымдастырылған Қазан төңкерісі де бұл үміттің күл-талқанын шығарды.

«Түркістандағы Кеңестік ұлттық саясат» атты мақаласында: «Сталиннің сөзіне сенсек, ұлттық құқық деген сөз – еуропалық державаларға ғана лайық ұран. Оның сөзінше, тек ақымақтар ғана Ресейге бағынышты елдердің өзіндік ұлттық құқы барын айта алады және тек ақымақтар ғана Кеңестер одағынан шыққысы келуі мүмкін екен. Бірақ кеңестік «ақымақ» большевиктер Британиялық Үндістанға, Сирияға, Алжирге, Мароккоға сұрап жатқан ұлттық дербестік секілді, біз де өзіміздің қарапайым ғана ұлттық құқымызды талап етіп жатқанымызды мүлдем ұққысы келмейді», деп ашына жазады [4].

М.Шоқай әрбір мәселе туралы мақала жазуға өте үлкен дайындықпен, жан жақты сараптай отырып келгенін аңғарамыз. Мәселен, патшалы Ресейдің, ақпан төңкерісінен кейін келген Уақытша үкіметтің, ал алты ай өтер-өтпес олардың да билігін жаншып қирату арқылы келген большевиктердің тәсілдерінде аздаған айырмашылықтар бар болғанымен, көрші ұлттар мен олардың мемлекеттік құқына қатысты ұстанымдары бәз баяғы қалпында екеніне өзі сынды саяси жолға басын тіккен тағдырлас, көрші, бауыр ұлттардан құралған замандастарымен бірге айқын көз жеткізеді. 1916 жылы ол Ә.Бөкейханның ұсынысымен Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарды. Ал 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін

Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттар кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартып, қарашаның соңында өткен кеңестердің 3-съезі қабылдаған «Өлкедегі барлық билік еуропалық нәсіл өкілдерінен құралған Түркістан Халық комиссарлар кеңесіне көшеді» деген қаулысын Мұстафа Шоқай нағыз әділетсіздік, ұлттық теңсіздік, отарлық шешім деп бағалады.

Большевиктер заңсыз жолмен, қантөгіс, зорлық-зомбылық қолдану арқылы билікті күшпен тартып алып орнатқан жүйенің қасапшы механизмдері еш пәтуға тоқтамасын сезген Мұстафа Шоқай алдымен Грузияда бірнеше жыл тұрақтап, еліне оралуды жоспарласа, уақыт өте келе оның мүмкін емес екеніне көз жеткізеді. Алайда сол жақта өткен екі жылында да белсенді публицистік қызмет жасайды. Ол онда 1921 жылғы ақпанның соңына дейін болып, осетиндік белгілі қайраткер А.Цалыковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің «Борьба» газеттерінде істеді. 1920 жылы Тбилисиде украиндықтармен бірлесе отырып «На рубеже» журналын шығаруды жолға қойып, оның редакторы қызметін атқарды. Сонымен бірге ол «Шафак» («Таңсәрі») газетіне де бас редактор болады [4]. Грузияға да большевиктер қауіп айқын төнген соң, Түркияның Стамбул қаласында алты айдай болып, одан кейін Парижге келіп тұрақтайды. Мұстафа Шоқай бұл елде иммигранттық журналистиканың, саяси табандылық пен ұлтына қызмет етудің айқын үлгісін көрсетіп, осында тұрған жиырма жылға жуық уақыт ішінде Еуропаның көптеген елдерінде өткен халықаралық дәрежедегі бірнеше іргелі жиында өз елінің жағдайы туралы зерттеушілік-бақылаушылық баяндамаларын жасайды. А.Керенскийдің «Дни» және П.Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет етті. 1927 жылдан Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып тұрған «Иени Түркістан» журналына атсалысып, «Туркестан милли бирлиги» («Түркістан ұлттық бірлігі») ұйымына жетекшілік етті. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә.Топчибашев және Г.Исхаки секілді өкілдерімен жиіараласып, пікірлес болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеп, бірлікке шақырды. «Осы жерде Мұстафа бей өмірінің жаңа беттері басталады. Түркістанның делегаты ретінде ол әр түрлі елдердің саяси өкілдерімен кездесіп, Парижде, Лондонда, Берлинде баяндамалар жасады. Қаншама маңызды жиындарда сөз алса да, Мұстафа бей үшін «Жас Түркістан» журналындағы редакторлық қызметі бір төбе болып тұратын. Ол журнал оның және журнал ұжымының қажырлы еңбегінің арқасында өте деректі еді», деп еске алады А.Шульгин [5].

Мұстафа Шоқай сонымен қатар Мәскеу, Ташкент, Алматы, Орынборда басылатын большевиктік газет-журналдардан алынған нақтылы мысалдар мен деректерге негізделген Кеңестік Ресей мен Орталық Азия жайлы сұңғыла мақалаларын, теориялық зерттеулерін, тарихи және саяси шолуларын, Стамбул бен Парижде, Берлинде, Варшава мен Лондонда жариялап жатты. «Әйткенмен, оның жүрегі өзінің төл перзенттері Стамбулда шығатын «Жаңа

Түркістан», Берлинде шығатын «Жас Түркістан» журналдары деп соқса да, сөйте тұра Лондонда ағылшын, Парижде француз, Варшавада поляк тілінде шығуын тоқтатпаған Орыс императорлық қоғамының «Азиатское ревью» хабаршыларының жарияланымдарына да белсене жәрдем жасайды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және басқа Батыс орталықтарындағы қызметінің сан қырлы да сапалы болғаны соншалық, оны есептеп жату мүмкін емес. Біздің өзіміз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында оның өзінің орасан зор елінің салмағына лайық орны алуы әбден лайық нәрсе еді», деп жазады Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі, Грузияның сыртқы істер министрі А.Шангелия [6, 30].

Алаш лидерлері Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқайды ұлттың азаттығы, ұлттың амандығы, ұлттың келешегі сынды ортақ мақсаттар ағалы-інілі ретінде біріктіретін. «Біз Уақытша үкіметтің Торғай өңірі бойынша комиссары, қазақ даласының көреген басшысы атанған Әлихан Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынаста болып жұмыс жасадық. Ол мақсатына жете бастады: төңкерістен соң алғаш рет елдің ахуалы түзелді. Барша қазақ съездеріне бір ой айтылатын: елдің бәрі әділетті жер қатынастарын талап ететін және переселендік саясатты мүлдем тоқтатуды сұрайтын. Переселендік қорға өтіп кеткен, бірақ әлі егесі жоқ бұрынғы өз жерлерін қайтаруды, отырықшылыққа бірте-бірте көшуге көмектесуді, жылжымалы мектептерді ұйымдастыруды, әскери міндетті арнайы кавалерия бөлімдерінде өткізуді сұрайтын. 1917 жылдың жазында өткен кезекті жиында «Алаш» партиясының бағдарламасы бекітілді», деп еске алады М.Шоқай «Түркістанда» атты мақаласында [7].

1917 жылдың желтоқсанында Орынборда Жалпықазақ құрылтайы өтеді. Оның шешіміне сәйкес, Қазақ өлкесі өз автономиясын жариялайды. «Алаш Орда» ұлттық үкіметінің жетекшісі болып Әлихан Бөкейхан сайланады. Сол Орынбор құрылтайы «Алаш» партиясы мен Түркістан идеясы біртұтас ұлттық саяси жүйе ретінде ойлайтынын көрсетті. Соның бір дәлелі, сол кездегі Түркістан автономиясының үкімет мүшесі Мұстафа Шоқай бірауыздан Алаш автономиясының да үкімет мүшесі болып сайланады. Бұл қазақ зиялыларының ауызбірлігінің, идея бірлігінің айқын дәлелі болса керек. Съезд аяқталғаннан кейін Мұстафа Шоқай біртұтас автономия құру мәселесін қарау үшін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы тиісті қайраткерлерге жеделхат жолдады. Онда: «Сырдария халқына өз тарапымынан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айрылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешікпей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз», делінген еді [4].

Мұстафа Шоқай ішкі алауыздық абырой әпермесін түйсініп қана қойған жоқ, ол бауырлас ұлттармен бірлік бекем болу керек екенін өте жақсы түсінді. Алаш партиясымен қатарлас Түркі және Кавказ елдерінде, Шығыс Еуропа мен Украинада ұлттық азат етуші ұйымдар мен партиялар құрылғанда, олардың ұстанымдары мен жұмыс барысын кездесулер кезіндегі

сұхбаттар мен баспасөз арқылы жіті бағалап отырады. Мүмкіндік болса, тізе қосып, бауырлас ұлттармен бірлік танытып, өз мақсатымызға жету оңай болады деп санайды. Мысалы, Алаш секілді ұлт азаттығы жолында күрескен партиялар қатарында Әзірбайжан республикасының «Муссават» тәуелсіздік партиясы, Украина, Түркістан, Эдил Урал, Қырымның басын қосқан «Прометей» қоғамы және т.б. болғанын білеміз. Ал Сочидегі Шаруалар қозғалысына алғашқы қаржылай көмекті де Мұстафа Шоқай береді. Ол бұл туралы: «Деникиннің әскеріне қарсы көтерілген бұл ұйымның алғашқы қаражатын берген – мен, өйткені бұл да Түркістанның ұлттық күресінің бір бөлігі теп санаймын. Себебі ақтар мен қызылдардан тұратын Мәскеумен күрес – антиимпериалистік майданның барлық мүшесіне, баршамызға ортақ іс», дейді [8,2]. Сонымен қатар, М.Шоқай Кеңес үкіметінің жалған даурықпадан тұрған өтірік саясатын әшкерелей отырып, барлық ұстанымын нақты деректермен былайша өрбітеді: «Түркістан – түркілер елі деген сөз... Тарихымыз ортақ, түбіміз бір... 1919 жылдың шілдесінде Ташкентте конференция өтті. Оның шешімі бойынша, қазақ, қырғыз, түркімен, башқұрт, өзбек сынды түркітөктес халықтар бір Түркістан астына шоғырланғысы келетінін білдірді. Алайда кеңестік Ресей бұл шешімнен контр- революциалық пантюркизмді «көріп», оларды бірнеше елге бөліп жіберді. Осылайша түркілердің бірігуіне жол берілмеді». Ал 1935 жылы жарық көрген «Түркістанда» атты мақаласында: «Бұл жерде сөз болып отырған Түркістан қазіргі РСФСР-дің құрамына кіретін үш кеңестік социалистік республиканы (Өзбекстан, Түркіменстан, және Тәжікстан) және үш кеңестік социалистік автономиялық республикаларды (Қазақстан, Қырғызстан, және Қарақалпақстан) алып жатыр. Бірақ оның алдында Түркістан тек төрт бөліктен тұратын: 1. Қырғыз өлкесі деп аталған аумақ немесе Дала Генерал- губернаторлығы (Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстары); 2. Түркістан өлкесі (Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд, және Закаспийский облыстары); 3. Бұқар хандығы; 4. Хиуа хандығы» деп нақтылай түседі [7].

«Мұстафа бейдің бұл мәселеге қатысты идеясы ап- нық болды: ол патшалы да, кеңестік те әкімшіліктің де саясатын өткір сынады. Ол үшін Түркістан – этникалық тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да біртұтас ұғым. Оның пікрінше жаңғырған Түркістан өзге елдермен бәсекелестікке шыдас беру үшін өзінің ұлттық бет-бейнесін батыс елдерін үлгі ала отырып сақтауға тиіс деп санады. Ол өз халқын шексіз сүйді, бірақ оның соңынан ермей, оған өзі жетекшілік етуі тиіс болды, рухы бойынша шын мәнінде өз ұлтының көсемі болды», дейді бұл турасында көзкөрген замандасы А.Шульгин жоғарыда айтылған өз естелігінде. Бұл тұста «батыс елдерін үлгі ету» деген ұғымды жаңғырған демократиялық принциптер деп тарқата аламыз.

Мұстафа Шоқайдың діні бір, ұлты, тілі, дүниетанымы туыс түркі төктес елдердің бірігуін көздейтін «Түркістан» идеясы батыс-еуропалық саяси ой әлемінде ХХ ғасырда пайда болып дамыған Лиссабоннан Владивастокка дейінгі ауқымды елестететін «Үлкен Еуропа» идеясына бара-бар ұғым деп айтуға негіз бар [9]. Ол идеяның айқын жақтаушысы Францияның

мемлекеттік қайраткері Шарль де Голь өз еңбектерінде мұның шынайы екенін дәлелдеуге тырысқаны сияқты [10], М.Шоқай да өз идеясының айқындығын тарихи, заманауи дәлелдермен негіздей білді. Қазақстан басшысы Қ. Тоқаев араға бір ғасыр салып, 2023 жылдың қарашасында Астанада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының 10-саммитінде Түркі жұртының Байкалдан Балқанға дейінгі ұлан-ғайыр аумақты жайлап жатқанын айтып, сол Күлтегін заманынан бастау алған М.Шоқай идеясына тың леп берді [11].

Еуропаның алтын бесігінде жиырма жылын өткізген ұлт қайраткері Мұстафа Шоқай Францияға келген соң да бұрынғы ұстанымдарынан бас тартқан жоқ, қайта сол бағытының дұрыс екеніне одан сайын көз жеткізе түсті дей аламыз. Осыған қатысты өз ойын «Восток и запад», «Иллюстрированная Россия» журналдарында жарияланған талдамалы мақалаларында жазып отырған. Оның журналистік қызметіне баға берген А.Шульгин былай дейді: «Мұстафа Шоқай кім болды? Бір жағынан алғанда, ол өзінің ерекше қабілетінің арқасында орыс мәдениетінің ең терең қайнарына бойлау арқылы батыстың өркениетін ұққан нағыз мұсылман, Түркістан даласының ұланы болатын. Ол тума талант журналист болатын. Ол иммиграцияда жүрген өмірінің ұзақ бөлігінде өз жауларымен қаламының ұшымен күресіп, қаламының ұшымен өз пікірлерін қолдап, рухтандырып отырды. Оның әрбір мақаласы мінсіз болатын, өйткені әр мақаласын жазарда ол зор дайындық, үлкен ізденіс жасайтын. Ол Азиядағы барлық түйіткілді мәселелерден хабарар болып отыратын, тіпті алыс шығыс елдерінің өзіндегі жай-жапсарды уақтылы біліп отыратын. Еуропада оның Түркістан туралы білетіндерінің ең болмаса оннан бірін білетін бір де бір адам жоқ еді». [2]

Ал Мұстафа Шоқай да өз замандастарына, әлем жұртшылығына осындай тарихы бар елдің әділетсіз отаршылдықтың құрбаны болуға көне алмайтынын жеткізгісі келген еді. «Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түрік баласы, алдырып жүрген дұшпанға ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз!» [6, 65] деп Берлинде қазақ жастарына жасаған үндеуі арқылы келешекке өсиет айтқан алты Алаштың, бүтін Түркінің ардақтысы Мұстафа Шоқай көріп үлгермеген тәуелсіздік таңының атқанына бүгінде отыз екі жыл толды. Келер жылы 135 жылдығы өтетін Алаш лидерінің журналистикасы арқылы оның өмірлік мұраттары мен принциптерін айқындау – отандық ғылымның еншісінде тұрған маңызды міндеттің бірі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Алаш айтқан асыл сөз. Құр. С.Жолдасбай, Е.Ерланұлы. – Алматы, «Ел-Шежіре» қоғамдық қоры, 2016 ж. – 296 б.
2. The Archive of Mustafa Chokay Bey: An inventory Edward J. Lazzerini, Carton VI (Paris, BULAC).
3. The Archive of Mustafa Chokay Bey: An inventory Edward J. Lazzerini, Carton I, (Paris, BULAC).
4. «Бүгін Алаш қозғалысының қайраткері, көркемсөзші Мұстафа

Шоқайдың туғанына 125 жыл». [http://www.inform.kz/kz/bugin-plash-kozgalysynyn-kayratkeri-korkemsozshi-mustafa-shokaydyn-tuganyna-125-zhyl\\_a2730767](http://www.inform.kz/kz/bugin-plash-kozgalysynyn-kayratkeri-korkemsozshi-mustafa-shokaydyn-tuganyna-125-zhyl_a2730767). Қаралған күні: 16.10.2023.

5. Александр Яковлевич Шульгин, «Памяти Мустафы бей Чокай оглы» 8 февралы, 1942, Париж.

6. Мұстафа Шоқай, «Түркістанның қилы тағдыры», Алматы: «Жалын», 1992.

7. The Archive of Mustafa Chokay Bey: An inventory Edward J. Lazzerini, Carton I (Paris, BULAC), «В Туркестане» мақаласы, 1935.

8. The Archive of Mustafa Chokay Bey: An inventory Edward J. Lazzerini, Carton I, (Paris, BULAC). c1\_d8\_b3.pdf. «Моя попытка объединения сил Украины Туркестанах и Кавказа против Российского империализма в 1919 году».

9. Носович А. «Как родилась и умерла идея «Большой Европы» от Лиссабона до Владивостока». <https://www.rubaltic.ru/article/politika-i-obshchestvo/231015-ot-lissabona-do-vladivostoka/> Қаралған күні: 16.10.2023.

10. De Gaulle: la parole et l'action sem-link François Richaudeau Communication et langages, Year 1971.

11. Маржан Тілеубек. «Қасым-Жомарт Тоқаев: Түркі ықпалдастығын тереңдету – ортақ мұрат». <https://egemen.kz/article/352088-qasym-zhomart-toqaev-turki-yqpaldastyghyn-terenhdetu-%E2%80%93-ortaq-murat>. Қаралған күні: 03.11.2023.

### **3-СЕКЦИЯ. МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ**

#### **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТҮРКИЯ ЖӘНЕ ЕУРОПА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ**

*Алиакбарова Айнұр Пернебекқызы* - С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ,  
Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, PhD.

Тәуелсіздікті алғаннан бері жылдарда Отандық тарих ғылымында өзгерістер мен жаңарулар қалыптасты. Қазіргі таңда жеке тұлғалардың өмір жолы, қоғамдық – саяси қызметі, тарихи көзқарастары ауқымды түрде зерттелуде. Ұлтының тарихын ұлықтап, хаттап, бүгінге жеткізу арқылы ұлтының келешегіне жол бастаған тұлғалар ғұмыры–жас ұрпаққа өнеге. Ұлт тарихын, мәдениетін дамытуға күш – жігерін, білім – парасатын арнаған тұлғалардың өмірін зерттеу, олардың қоғам мен ғылымда алатын орнын, қосқан үлесін саралаудың, тағылымдарын ашып көрсетудің бүгінгі таңда маңызы зор. Осындай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай.

Тарих ғылымында тұлға деп кімді түсінеміз десек «Тұлға – ол қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек? Тұлға–интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш–қуатымен, ақыл–парасатымен, басқаша айтқанда, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұштастыруымен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан. Халық басына күн түсіп, қиын–қыстау замана туғанда ғана тұлға өзінің өзгеден ерек ірі ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріп келдігімен танылады» –деген ғалым М. Қозыбаевтың анықтамалық пікірі ойға оралады[1,б.7]. Сонымен қатар ғалым ағамыз Х.М. Тұрсынның: «Адами сезімдері көлегейленген, ұлттық рухы тұмшаланған, таптық сананың идеалына айналған тұлғаның бейнесі тәуелсіз тарихи танымға қызмет жасай алмайды. Қазіргі тарихи танымда ұлттың тұтастануына қызмет жасағандығы, ұлттың рухын шыңдауға үлес қосқандығы сияқты өлшемдермен бағаланатын, адамға тән бүкіл болмысымен сомдалған тұлғалар қоғамның идеалына айналуы тиіс. Тұлғатанудағы ұлттық мүдденің мәнісі осы»[2,б.181] деген пікірлерімен де келісеміз.

Мұстафа Шоқай Алаш Орданың көрнекті өкілдерінің бірі ғана емес, сондай-ақ оның идеялық жетелеушісі болды. Қазіргі қазақ диаспорасы үшін ол ұлттық батырлардың бірі, көшбасшысы болып табылады. Мұстафа Шоқайдың есімі Отанынан шет жерде тұрып жатқан этникалық қазақтарға шоғырлануға ықпал етті және этностың сақталу факторларының біріне айналды [3,б.7].

Тарихтағы тұлғаларымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек елімізде ғана емес, сондай-ақ шет елдер де насихаттау жұмыстарын жүргізуге мән

беру керек. Мақаламызда М.Шоқай зерттеулеріндегі Түркия және Еуропа қазақтары қандай үлес қосып келеді. Осыған кеңінен тоқталсақ.

Зерттеу жұмысымының барысында Түркия қазақтардың көшін ұйымдастырушылардың бірі болған Х. Алтайдың жеке қорында, Алматы қаласының Орталық мемлекеттік мұрағатында Х.Алтайдың №284 жеке қорынан №1 тізбе, 2 іс, Пәкістаннан «Turkeli komytiesinin barliq muselerine» немесе «Түрік елі азаттық комитетінің мүшелеріне» латын тілінде жазылған алғашқы хаты табылды [4]. Хат 1952 жылы 17 шілде Германияның Мюнхен қаласында «Түрік елі» журналында жарияланды. Хаттың мазмұнына қарасақ Х. Алтай Рауалафандиде тұрған кезде Германиядағы түркістандықтарға хат жазып, олардан үнемі хат, журналдар алып тұрғанын анықтадық. Хатта Түркістандықтардың Мұстафа Шоқайға арнап өткізген астағы суреттердің болғанын айтып, ризашылығын білдіреді. Пәкістандағы жылдарда, Батыс елдерімен байланыс жасап, өздерінің хал-жағдайларын баяндап, олардан ақыл кеңес алып отырған. Және де аталған журналға мақала жібергені айтылады. Хаттың соңында «Баршаңызға Ұлық Тәңірден саламаттық, істеріңізге берекет тілеймін»—деп аяқтайды [4, п.3]. Хаттың мазмұнына қарай отырып, сонау Қытайдан шыққан көштің Гималай асып, Үндістанға, Пәкістанға келіп, Еуропадағы мұсылман ағайындармен хат алысуы, олардың өміріндегі М.Шоқай қалдырған түркілік идеяны жалғастырушы ретінде көреміз.

Шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, журналист, қаламгер Х.Оралтай М.Шоқай мұрасын сақтау, оны насихаттауда өз үлесін қосты. Әсіресе, Мюнхендегі «Азаттық Радиосында» қызметі кезінде М.Шоқайдың аудиожазбасын 90-шы жылдары қазақ еліне жіберген Х.Оралтай болатын.

Х.Оралтай қазақ тілінің құдіретін терең ұғатын, қасиетін білетін, қанша қиыншылық көрсе дет мұқалмайтын, қазағының жарқын болашағының толық дербестігі мен шынайы тәуелсіздігі жолындағы аянбай күрескен асқар таудай азамат. Х.Оралтай саналы түрде жалпытүріктік идеясын ж.зеге асыруды мақсат етті. «Биік Түркелі» қоғамын ұйымдастырып, Мұстафа Шоқай мен Әлихан Бөкейханұлының жолын ұстанды. Бүкіл Қазақстанда идеясын жаңғырту былай тұрсын, атын айтуға қаймығатын біртұтас «Алаш» идеясын басты ту етіп алды [5].

Сонымен қатар 1997 жылы Ыстамбұлда «Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер» деген атпен қазақ тілінде жарық көрген кітаптың бірінші бөлімінде Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты шығармасы беріліп, екінші бөлімінде Мария Шоқайдың «Мұстафа Шоқай туралы естеліктері» жарияланған еді. Бұған бүкіл түрік жұртшылығына белгілі азаматтар Тұран Язған мен Хасен Оралтай қамқорлық еткен [6].

**М.Шоқайдың мұрасын насихаттауда түркітанушы ғалым, тарихшы Түркияның Мимар Синан университетінің профессоры Әбдуақап Қараның еңбегі зор. Ол М.Шоқай өмірін, оның мұрасын алғашқы рет шетелдік мұрағаттардан іздеп, зерттеу жұмысын жүргізді. Ол туралы К.Л. Есмағамбетов: «Шоқайтанудың негізі Түркияда қаланды.**



**М.Шоқайдың мұраттас жолдастары, саяси күреске бірге қатысқан серіктері өз естеліктері мен еңбектерінде қазақ қайраткерлерінің дүниетанымы мен қайраткерлік болмысын қалпына келтіру жолында ауқымды жұмыстар атқарды. Бұл елде соңғы уақытта шоқайтануға қосылған қомақты үлес ретінде А.Қараның еңбегін ерекше атауымыз керек» -дейді [7,4]. Ол 2002 жылы осы университетте «Мұстафа Шоқайдың басқаруы мен күресі» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. «Тәуелсіздік жолында құрбан болған арыстарымызды, ұлы тұлғаларымызды әрдайым еске алып, құрметтеген дұрыс. Міне, осы тұрғыдан алғанда тарихи тұлғалар арасында саналы ғұмырын Қазақстан және Түркістан халықтарының тәуелсіздігіне арнаған Мұстафа Шоқайдың орны бөлек. Өкінішке орай, Кеңестік кезеңде түрлі жалалар жауып, есіміне тыйым салынған Мұстафа Шоқайға тәуелсіздіктен кейін қанша жыл өтсе де әлі толық бағасынын берілмей жатқандығы өкінішті» [8,45].**

Профессор Ә.Қара 2001 жылы 9 қаңтарда Қазақстанның ең көп оқылатын, беделді газеттердің бірі «Егемен Қазақстан» газетінде журналист Саясат Бейісбайға сұхбат береді. Сол сұхбаттың нәтижесінде 9 айдан кейін, атап айтқанда 2001 жылдың 18 қазанында М. Шоқай тұрған Square de la Fontaine көшесінде ескерткіш тақта қою рәсімі өтеді. Оған ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов, Қазақстанның Франциядағы Елшісі Ақмарал Арыстанбекова және Сур Ноженг Марне мэрі Жак Мартан қатысты.

Сонымен қатар франция қазақтары Мұстафа Шоқай атындағы қазақ-француз қауымдастығының төрағасы Яшар Дініш Ножан қаласы, Мұстафа мен Мария Шоқай тұрған үйге белгі тас орнатып, оның мұрасының сақталуына көп үлесін қосып келеді. Соңғы жылдары елімізде М.Шоқайдың мұрасын насихаттауда Әбдіжәлел Бәкір ағамыз франция қазақтары туралы мынадай ой білдіреді: «Мұстафа Шоқайдың 120 жылдық мерейтойына орай 2010 жылы Қызылорда облыс әкімдігінің тікелей бастамасымен Мәдениет және Сыртқы істер министрліктерінің қолдауымен Қазақстанның Франциядағы елшілігі мен Марн-дағы Ножан қаласының мэрі арасындағы дипломатиялық келіссөздің нәтижесінде осы жерге қоладан сомдалған ескерткіш-бюст қойылды. Онда французша «Мұстафа Шоқай: 1890-1941. Тәуелсіздік күрескері», онан төменірек «Қазақ халқы тарапынан 28/10/2010» деген жазу бар. Яшар Дініш бауырымыздың әрекеті ерекше әсер етті. Мұны біз осында тұратын тұтас ағайынның құрметінің бір көрінісі деп бағаладық. Ескерткішті қою жарасымды істермен жалғасын тапқан. Кейін осы бір кішігірім алаң ресми түрде Париж картасына «Шоқай атындағы саябақ» деп тіркеліпті. Қалаға келген туристерді такси жүргізушілері аталған саябаққа жылдам жеткізетін себебі де сол» [9].

Ғалым ағамыз үстіміздегі жылдың сәуір айында Астана қаласында Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясында «Мұстафа Шоқай-бүкіл түркі жұртының перзенті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, аталған мектепте М.Шоқай мұражайының ашылуына, оның жәдігерлермен толығына өз үлесін қосты.

Жақында ғана Ә.Қараның «Кеңес Одағының Түркі әлемі саясаты» атты М.Шоқайдың таңдаулы мақалаларына арналған түрік тіліндегі еңбегі қазақ тіліне аударылды. Қазақ елін жақсы жаңалағымен сүйіншілеген ғалым ағамыз «Шоқайдың кезінде жазып кеткен мақалаларын өзінің ана тілінде туған халқына тарту ету мен үшін үлкен бақыт». М.Шоқайдың француз тілінде жарық көрген 120 мақаласынан таңдаулы 40 мақаласы аталған еңбекте жинақталған. Бұл еңбек отандық тарихта Кеңес үкіметін М.Шоқайдың көзқарасымен саралауға мүмкіндік беретін құнды дүние.

Енді М. Шоқайдың зиратына келетін болсақ, оның Германияның Берлин қаласында мұсылмандар зиратында жерленгені бәрімізге белгілі. Бірақ сол зиратты кімдер тапты деген сұраққа оралсақ. Ғалым Ә.Қара өз мақаласында зиратты тапқан германия қазақтары дейді. «Алматыда Райымбек ауданында өмір сүретін Зуқа батыр ұрпағы Арслан Тосын ағамызбен осыдан екі жыл бұрын, 2014 жылы, 24 қыркүйек күні кездескенде сұхбаттасып айтқандарын бастан аяқ жазып алып едік. “1966 жылы алғаш Германияға барған кезіміз. 5 жолдаспыз. Бекей, Ырысбай, інісі және тағы бір кісі. Берлинге келдік. 3-4 күн демалып, ес жиғаннан кейін, Берлинде деп естіген Шоқайдың бейітін іздейік деп келістік. Тіл білмейміз. Ым қағып сөйлейміз. Шоқай дейміз, қазақ дейміз, өлген дейміз. Ешкім білмейді. Әйтеуір, сөйтіп жүріп бір қанша неміс бейіттерін аралап шықтық. Үш күн іздедік. Таба алмадық. Үшінші күні Темплог дейтін жерде едік. Біреу: “Мына жақта бір бейіт бар. Түріктікі. Сонда болмасын” деді. Біз не болса болсын, оны да көрейік дедік. Ол кезде машина көп жоқ. Жаяу жүріп барып таптық. Биік дуал, дуалдың үстін тікенекті сымдардармен қоршап тастаған. Үлкен темір есігі құлыптаулы». Осы жолы Арслан ағамыз дуал арқылы мазарға кіріп М.Шоқайдың зиратын табады. Кейін 1969 жылы зираттың есігі ашылыпты. Осылайша М.Шоқай өмірден өткеннен кейін зиратының басында алғаш рет құран оқыған германия қазақтары болды [10].



Қазақтың біртуар мемлекет және саясат қайраткері М. Шоқай «әрбір түрік тілдес халықтың екі отаны бар, біреуі туған елі, екіншісі Түркия» деген

еді.1954 жылдан бері Түркияға келген қазақтар Қалибек хакім, Хамза Шөмішбайұлы, Сұлтан Шәріп Тәйжі, Құсайын Тәйжі, Х.Алтай, Х.Оралтай жан-жақты байланыстар орнатып, өздерінің қазақ екендіктерін ұмытпауға тырысты. Олардың ізін жалғастырған Ә.Қара қазақтардың бойында ұлттық болмысты сақтауына, сонымен қатар тарихи тұлғалармыздың өмірін зерттеп, насихаттауда Еуропада, Түркияда түрлі шаралар ұйымдастырып келеді.Бүгінде Түркиядағы қазақ диаспорасы ата-баба дәстүрін жалғастырып, оны сақтап қалуға өз үлестерін қосып келе жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қозыбаев М. Шығармалары. – Алматы, 2013. – Т.3.–328 б.
2. Тұрсын Х.М., Мамбетов Б. Отандық тарихи тұлғатану әдіснамасындағы ұлттық мүдде // Хабаршы Әл-Фараби атын.ҚҰУ. – 2019.– №2(93).– Б. 175-182.
3. Сөнбесін от алауы. /Б.И. Ракишеваның, А.А. Сарымның редакция сымен/Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты, ҚХА жанын дағы Ғылыми-сараптамалық Кеңес. –Астана: - Баспа. – 2011 – 208 бет.
4. АҚОММ(Алматы). Қ.284. Т.1. Іс.2. П. 3, 4.
5. Төребекқызы Б. Х.Оралтай- Алашшыл қайраткер. <https://abai.kz/post/39461>
6. Бәкір Ә. Мұстафаның көзжасы. <https://kazgazeta.kz/news/121925>
7. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға.-Алматы:Дайк –Пресс, 2008-504 б.
8. Қара Ә. Тәуелсіз Қазақстанда Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасының бағалануы. Сөнбесін от алауы /Б.И. Ракишеваның, А.А. Сарымның редакция сымен/Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты, ҚХА жанын дағы Ғылыми-сараптамалық Кеңес. –Астана: - Баспа. – 2011 – 208 бет.
9. Buste Mustapha Chokaï. Nogent-sur-Marne, Франция. <https://maps.app.goo.gl/ZRXeBcx9aJUzrqKT9>
10. Қара Ә. Мұстафа Шоқайдың бейітін қалай таптық? <https://www.minber.kz/2016/12/mustafa-shoqajdyng-bejitin-qalaj-tapty/>

## **ШОҚАЙТАНУДА ШЕТЕЛ АРХИВТЕРІНЕН АЛҒАШ БОЛЫП МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАҚТАП, СОЛ ТАРИХИ ҚҰЖАТТАРҒА ЗЕРТТЕУ ЖАСАҒАН ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫН БІЛЕМІЗ БЕ?**

*Искакова Майра Сунгатовна* - дипломат, ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері, «Әлем» француз - қазақ қауымдастығының вице-президенті

Қазақтың тұңғыш саяси эмигранты Мұстафа Шоқайдың еңбектері бізге ұлтшылдық пен шовинизм, ұлт азаттық күрес пен сеператизм деген ұғымдардың мағынасын ашып берді. Совет үкіметінің ұлтсыздандыру саясатын жүргізгенін ашық көрсетеді. Алайда, казіргі уақытта Мұстафа

Шоқай және Түркістан легионына қатысушыларды ақтау мәселесінде әлі де болса қарама-қайшылықты көзқарастар мен түрлі пікірлердің бары анық.

Шоқай танушылар саны көбейгенімен, Шоқайды ақтап алу үшін ғылыми жағынан зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нақты дәлел берген зиялы қауымның саны бір қолдың саусақтарынан аспайтындай. Мимар Синан Көркем Өнер Университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Әбдіуақап Қара 2009 жылы бір интервьюінде:

– Біз қазір М. Шоқайдың бейнесін ашып қана отырмыз. Өйткені, бұл туралы зерттеулер әлі толығымен зерттелген жоқ. Және де бұнымен аздаған адам айналысып келеді... Себебі, бұл кісі шетелге кеткен. Францияда болған. Деректер жан-жақта шашылып жатыр. Сонан кейін олардың көбісі әр тілде. Атап айтсақ, француз, ағылшын, неміс – деген екен.

Парламент Сенатының депутаты, саяси ғылымдар докторы, профессор Мұрат Бақтиярұлы, 28.05.2021 ж. «Егемен Казалстан» газеті бетіндегі «Ұлттың ұлы тұлғасы» мақаласында: «Аса күрделі тарихи осы бір кезенді зерттеушілер Бақыт Садықованың француз және неміс, Гүлжауһар Көкебаеваның да неміс, ал Әбдіуақап Қараның Түркия архивтеріндегі деректерге негізделген зерттеулері Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің ешқандай шпиондық қызметпен байланысы мүлдем жоқ болғандығын дәлелдеп берді» – дейді.

Ал, Мұстафа Шоқай қорының төрағасы, Шиелі ауданының құрметті азаматы Базарбай Атабай (22.12.2016) «Мұстафа Шоқай туралы ең алғаш батыл да ашық қалам тартып, кітап жазғандардың қатарында, сондай-ақ, «Мұстафа Шоқай – ол кім?» деген сұраққа сол кезде Франциядағы елшілікте қызмет атқарған Бақыт Садықова қарындасымыз жауап берген болатын» - деп жазғанына да назар аударамыз. Б.Садықова – Мұстафа Шоқайдың «сатқын емес» екенінің өзін құжат түрінде дәлелдеу үшін 20 жылдан астам зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан ғалым. Саяси ғылымдарының докторы, ф.ғ.к., аудармашы, дипломат, журналист Б.Садықова "Бір уыс топырақ"(Франция, 1994), "Зар немесе Отанынан шеттетілгендер" (1998) деректі фильмдер және Мұстафа Шоқайдың саяси өмір жолы туралы зерттеулердің (6 кітап) авторы.

Зерттеу жұмысы басталуы себептері туралы Б. Садықова: «Францияда елшілікте істеп жүрген кезімде Парижде тұратын Мемет Зенгин деген қазақ жігіті 1995 жылы Мұстафа Шоқайдың зайыбы – Мария Яковлевна Горина-Шоқаймен кезінде жақын араласып, хат жазысып тұрған Әлім Алмат деген ағамыз жайлы айтып берген еді. Хабарласқанымда Әлім Алмат мырза Шоқай архивінен қалған біраз суреттер мен құжаттардың барлығын Қазақстанға жеткізіп, тарихи шындықты ашып беруге көмектескенің жөн деген болатын. Мен сол құжаттарды алу үшін Стамбулға барып қайттым. Мария Яковлевна Әлім Алматқа Мұстафа Шоқайдың өмірі мен эмиграциядағы қызметі туралы шындықты елге жеткізуді аманат етіп тапсырған екен...». «Осы құжаттар қолыма тиген соң, үлкен жауапкершілікті мойныма алғанымды түсіндім», – дейді Бақыт Садықова.

Мария Горина-Шоқайдың естеліктеріне аударма жасалып "Я пишу вам из Ножана..." деп аталған Б. Садықованың бірінші кітабы Алматыда "Қайнар" баспасында 2001 жылы жарық көрген. Өмірлік серігі де, тірегі де болған Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқайдың естеліктерінде Мұстафаның Гитлер мен Сталинге берген мінездемелері де бар. Осы кітап басылғаннан кейін, Б. Садықова Мұстафа Шоқай мен Түркістан легионына қатысты «мәселенің ақ-қарасын анықтау үшін немістердің Үшінші рейхының, Франция Сыртқы істер министрлігінің, Францияның әскери барлау архивінде, Ресей эмигранттары жайлы тыңшылар дерегі сақталған Франция полициясының архивтерінде және Еуропаның басқа да архив орталықтарында апталап» отырып зерттеген.

Зерттеулік анықтау бойынша, кезінде іс жүзінде Мұстафаға келесі үш айып тағылған:

- 1) Кеңес Одағына қара жаққан өз ұлтының жауы;
- 2) Буржауаз ұлтшылы және Түркістан легионын құрған пантюркист;
- 3) Батыс арнайы қызметтерінің Франция, Польша, Ұлыбритания және Жапонияның агенті;

Мұстафаға осы айыптар жалған болғанын ғалымның келесі кітабынан табуға болады: Түркістан ұлттық бірлігі "TÜRKİSTAN MİLLİ BİRLİĞİ (Алматы, МОФ "Ер Жәнібек", 2016). Еуропада саяси эмиграцияның, ұлт азаттық күрес жетекшілерінің, ақ гвардияшылдардың жиналған жері – Францияда Мұстафа Шоқай "Түркістан ұлттық бірлігі" атты ұйымын құрды. "Türkistan Milli birliđi" құрамында Еуропадан, Орта Азиядан ғана емес, Оңтүстік Азия елдерінен бірнеше жүзден астам мүшелері болған. Ұйымның мақсаты – халықтың ұлт болып қалыптасуына, өзіндік мәдениеті мен тілінің, тарихының жойылып кетпеуіне зорлық-зомбылықсыз, қарусыз жол бермеу болатын. Сондай-ақ Türkistan Milli Birliđi кітабында оқырман Жапон сыртқы істер министрлігінің архивінен табылған Мұстафа Шоқайдың олармен ешқандай байланыс жасамағанын дәлелдейтін құжатпен таныса алады.

Мұстафа Шоқайға тағылған айыптың бірі – Түркістан легионын құру идеясы болатын. Алайда, Б. Садықова тарихи деректер тауып, бұның Мұстафаға жағылған күйе екенін "История туркестанского легиона в документах" атты кітабында дәлелдеп берген. Осы зерттеуде Үшінші рейх архивінде сақталған құжаттардан деректер келтірілген.

Мұстафа Шоқайдың «Прометей» қозғалысындағы іс-әрекеті атты кітабы француз тілінде 2007 жылы Францияның Орта Азия зерттеу институтының қолдауымен Париж қаласы Л'Арматан баспасында жарық көрген - "Mustafa Tchokay dans le mouvement prométhéen" (Paris: "l'Harmattan", 2007). Мазмұнында "Яш Түркістан" журналы – "Türkistan Milli Birliđi"-нің саяси органы болғаны, ал, Мұстафа Шоқай сол журналдың басшысы ретінде поляк «Прометей» атты қозғалысымен тығыз байланыста жұмыс жүргізгені туралы жазылған. Б. Садықованың жазуынша, "Прометей" қозғалысы туралы алғашқы жылдары ешбір құжат таба алмаған. Бірнеше рет Ресей мемлекеттік әскери архивіне хат жазған, бірақ "Жабық архив, көруге болмайды" деген жауап келген. Кейін Ресей әскери архивінен Польша үкіметінің талап етуімен

"Прометей" құжатын қайтарып алынған соң, Варшава университетінің мамандары зерттеуші ғалымға Қазақстанмен байланысты құжаттарды беріп жіберген. Сол құжаттың ішінен 200 бет Мұстафа Шоқайға қатыстысы болып шыққан. Мұстафа Шоқайдың батыс елдері мен жапон елінің агенті (тыңшысы) болмағанына "Прометей" қозғалысының құжаттары дәлел бола алады.

"Ресейде 2009 жылы жарық көрген "Общественная мысль русского зарубежья" деген энциклопедияда «Мұстафа Шоқай тағдырында көп нәрсе түсініксіз, бірақ фашистер оны өз жағына тарта алмағаны анық» деп тайға таңба басылғандай жазылған" деген Бақыт Садықованың сөзін осы қысқаша шолуға қортынды ретінде келтіруді жөн санадық.

#### Әдебиеттер

- 1 Б.Садықова, Мария Горина-Шоқайдың естеліктері (аударма) "Я пишу вам из Ножана...", Алматы, "Қайнар", 2001ж.
- 2 Б.Садықова, "Түркістан легионы мен Мұстафа Шоқай феномені тарихи құжаттар бетінде"- (Үшінші рейх архивінде сақталған деректер бойынша), Алматы қ., "Қайнар", 2002 ж.
- 3 Б.Садықова, "Мұстафа Шоқай", Алматы: "Алаш", 2004 ж.
- 4 Б.Садықова, Мұстафа Шоқайдың «Прометей» қозғалысындағы іс-әрекеті, Paris, "l'Harmattan", 2007 ж.
- 5 Б.Садықова, Мұстафа Шоқай эмиграцияда, Алматы, "Мектеп", 2009 ж.
- 6 Б.Садықова, Түркістан ұлттық бірлігі "TÜRKİSTAN MİLLİ BİRLİĞİ", Алматы, МОФ "Ер Жәрібек", 2016 ж.
- 7 БАҚ материалдары

### **МҰСТАФА ШОҚАЙ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУАКӨШУ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ БОСҚЫНДАРЫ ТУРАЛЫ**

*Қабыл А.Ә* - М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Отан тарихының парақтарын жаңадан зерттеп-зерделеуге және өз мемлекетіміздің өткеніне жан-жақты баға беруде егемендік алып, тәуелсіз ел атану үлкен мүмкіндік берді. Кез келген ғылымның мәні шынайылықты іздеп табуында болса тарихтан да тек қана ақиқат талап етіледі. ХХ-ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін кезеңі төл тарихымыздағы жан-жақты зерттеуді қажет ететін «ақтандақ» тұстардың бірі. Кеңес өкіметі орнап, орныққаннан кейін пролетариат диктатурасының мемлекеті өзінің саяси және таптық қарсыластарын жаппай қудалай бастады. Қоғамдағы дамудың қиыншылықтарын «халық жаулары» әрекетінің нәтижесі деп жариялау партия мен Кеңес өкіметіне қарсы тұра алатын ықпалды көшбасшылардың барлығының дерліктей жойылуына алып келді. Аталған кезеңдегі Кеңес



өкіметінің Қазақстанда жүргізген ауылшаруашылық реформаларын іске асырудан туындаған саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың бас кезінде күштеп ұжымдастыру кезінде туған жерінен жырақтауға мәжбүр болған адамдар да жатады. Аталған қиын-қыстау кезеңдегі қазақ халқының атамекенінен өзге елдерге ауа көшіп, босқыншылыққа ұшырауы әлі терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Көрнекті қайраткер тұлға Мұстафа Шоқай өз еңбектерінде де кеңестік жүйе орнаған қиын-қыстау кезеңдегі тұрмыс-тіршілікті шеттегі көпке айта отырып, өз жұртының сондай азапты күндерден құтылып, азаттыққа жетуін армандады.

1992 жылы жарияланған Мұстафа Шоқай Түркістанның қилы тағдыры атты (құрастырған Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай) кітапшада жазушы Әнуар Әлімжановтың «МҰСТАФА ШОҚАЙ!.. ОЛ КІМ?» деген кіріспе сөзі былай басталады: «Көз аштырмаған қуғын-сүргіннен, азамат соғысы аласапыранының, 1920-1923 және 1929-1933 жылдары аярлықпен жасалан ашаршылықтың азабынан тарихи тұрағынан тысқары жерлерді: Түркияны, Қытайды, Иранды, Ауғанстанды, Монғолияны, Шығыс араб елдерін, Европа мен Американы паналауға мәжбүр болған түркістандықтар (жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдарына дейін Ресейде Қазақстан мен Орта Азияның мұсылман жұртын осылай атаған-ды) тайлы-тұяғы қалмай 1990-1991 жылдардың арасында Шоқайұлы Мұстафаның дүниеге келуінің 100 жылдығын Һәм дүние кешуінің 50 жылдығын ардақтап атап өтті, сөйтіп барша Түркістан ұлттарының тәуелсіз мемлекет, өз ыхтияры өзіндегі ел болуын көксеген жанды өздерінің көсемі, дара батыры, Ақиқат жаршысы, Орта Азия мен Қазақстан халқының Бостандығы мен Теңдігінің жан аямас жоқшысы тұтып, оның рухына бас иді» [1]. Осы еңбекте «Ол бастан-аяқ саналы күрес жүргізген, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының жиырмасыншы ғасырдан 20, 30, 40-жылдардағы тұрмыс-тіршілігінің ащы шындығына «салауатты Европаның» көзін ашты, әр сөзге сүйенбей, тек қана деректерге, партиялық баспасөздің өз бетінен алынған деректерге сүйене отырып ашты: аса қатаң цензура қойылғанына қарамастан, «Правда» мен жергілікті партиялық газеттерден, «За партию» журналының жазғандарынан қатыгез болмыстың бірен-саран шынайы көріністері елес беріп қалатын» дей келіп, «Сондықтан да тарихқа үңілу керек, оны таразылау керек, өйткені тарих жолы – адамның жолы, ал адамның басына, халықтың басына түскен тауқымет оның маңдайалды ұлдарының тағдырынан тасқа басылған таңбадан айқын көрінген...» деген сөздер жалғасады [1:5].

1925 жылы күзде Ф.И. Голощекиннің Өлкелік партияның хатшысы болып келуімен байланысты Қазақстанда тоталитарлық жүйе орнап, оның «Кіші Қазан» идеясы орталық билік арқылы қазақ зиялылары мен қазақ халқын басып-жаншып, жоюға бағытталған саясаты деп тануға болады. Осылайша Кеңес өкіметінің алғашқы жиырма жылында Орталық Азия республикаларының ішінде ең сойқан, ең қатыгез ауыртпалық Қазақстанның басына түсті, сондықтан да 1937 жылғы санақтың қорытындыларын Мұстафа Шоқайдың қатты алаңдап, асыға күткен. Бірақ санақ деректерінің кемшіні

көп деп жарияланып, құпия күйінде қалдырылды. Санақты ұйымдастырушылар қуғын-сүргінге ұшырады, ал енді Қазақстан мен Украинада 1926 жылғы санақтан беріде өткен он бір жыл ішінде халық санының өсу түр ғой, күрт азайып кетуіне байланысты осы екі республикада санаққа тікелей, не жанама қатысушылар аттырылып жіберілді. Қазақстан халқының 1930-1936 жылдар ішіндегі (әр жылдың I-маусымындағы есеп) ауытқуы Қазақстан халық шаруашылық есеп басқармасының деректері бойынша мынадай (мың адам): 1930 – 5873; 1931 – 5014; 1932 – 3227, 1933 – 2493; 1934 – 2631,8; 1935 – 2926,0, 1936 – 3287,9 [1:34]. Ағылшын тарихшысы Конквестің куәлік етуі бойынша, 1929-1933 жылдары әсіресе Қазақстан мен Украинаның, оның ішінде Қазақстан халқы аса қатыгез қырғынға ұшыратылған. Цифрлар мынадай: 1926 жылы республика халқының саны әлі де «6 миллион 678 мың 570 адам болса» (1913 жылы Қазақстанда тек қазақтар ғана жеті миллионға тарта болған), ал 1933 жылы бұл сан «2 миллион 493 мың 500 адамға дейін» азайған [1:35]. Сол бір құпия санақ деректерінде былай делінген: «Қазақстаннан 1930-1932 жылдары КСРО-ның шекарасынан сыртқа ауғандардың саны 1,3 миллион адам болды... Қазақстаннан сыртқа кету 1933 жылы да орын алды және осы уақыт ішінде КСРО-да сыртқа кеткендердің жалпы саны екі миллиондай болып шығады [1:36].

Қазақстанның басқа аймақтарына, сондай-ақ өзге республикаларға қоныс аударып, күнкөріс үшін тамақ іздеп босуға ұшыраған қазақтардың көп бөлігі қолдарында ештеңе де болмай ашық аспан астында күнелтті, әр жерлерде адамдар тағы да аштыққа ұшырады. Мұндай жағымсыз үдеріс елдегі демографиялық жұтаңдыққа апарып соқтырды. Айтып өтетін болсақ, Қазақстан халқының азаюын 1920 жылғы халық санағы көрсетеді. Осы санақ бойынша халық саны 4 781 263 адамды құрады. Оның ішінде қазақтар – 2 229 310 адам немесе 46,6% екен [2]. Ауакөшу үлкен шығын әкелді. И.Е. Зелениннің пікірінше 1932-1933 жылдары 400 мыңға дейін қазақ шаруашылықтары қоныс аударып, ауа көшкен (2 миллион адамнан кем емес). «Қазақстан қасіреті» мақаласының авторлары 1030 мың адамды атайды. Қазақтардың республикадан тысқары жерлерге ауа көшуі туралы осындай деректер айтылады [2:47]. Кейінгі жылдардағы есептеулерге қарап қазақтардың көрші аймақтарға көптеп қоныс аударуының бұлтартпас дәлелін көруге болады. Қазақстанға көршілес республикаларда өмір сүретін қазақ халқының саны санақаралық кезеңде, егер, 1926 жылғы санақ бойынша көршілес республикаларда 314 мың қазақ ұлты тұрса, 1939 жылғы санақ бойынша 794 мың болды. Артық көрсеткіш 453 мың адамды құрайды [3]. Яғни арадағы он жылдан аса мерзімде сырттағы қазақ ұлты 2,5 есеге өсті.

1937 және 1939 жылдардағы халық санағы 1926 жылғы халық санағының қорытындыларымен салыстырғанда Қазақстандағы келесі өзгерістерді көрсетеді (мың адам):



Кесте. Жылдар бойынша адамдар саны [4].

	Жалпы халық	Қазақтар	Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтар	КСРО-дағы қазақтардың жалпы саны
Желтоқсан 1926	6 079	3 465	503	3 968
Қаңтар 1937	5 120	2 182	680	2 862
Қаңтар 1939	6 151	3 101	741	3 842

Егер 1926 жылдан кейін қазақ халқының саны әдеттегі қарқынмен өссе, 1939 жылға қарай 5 миллионға жуық адамға жеткен болар еді. Осылайша, 1930-шы жылдардағы барлық құбылыстардың нәтижесінде қазақтар арасындағы халық санының өсу тапшылығы шамамен 1,2 миллион адамды құрады.

Ауакөшудің себеп-салдарлары большевиктік режимнің басқару саясатындағы асыра сілтеушіліктен болғанын айтып өттік. Ф.Голощекиннің билігі кезінде ҚАКСР астық пен ет жеткізу, ұжымдастыру жоспарларын жүзеге асыру, жер аударылған және тұтқындалған жүздеген мың адамдарды қабылдау бойынша өзіне жүктелген міндеттердің барлығы дерлік орындалды [5]. Осындай жағдайда 1920-жылдың соңынан басталған қазақтардың ауа көшуі 1932-1933 жылдардағы ашаршылық тұсында жан сақтау үшін босқыншылыққа ұшыруына алып келді.

Мұстафа Шоқай миллиондаған қазақтардың қырылғанынан хабардар болды, ол мұны Түркияға жеткен, одан Батысқа барған аз ғана адамдардан әңгімесінен біледі, сол жылдары республикада егіннің бітік шыққанын да, бірақ қазақтардың соңғы қозысы мен соңғы бір уыс бидайын тартып алғанын да біліп отырған, тіпті ол аш ағайындарына азық-түлік көмегін ұйымдастыруға да әрекет жасайды. Сол жылдары кеңес газеттері «социализмнің ұлы жеңісі» жайлы, «молшылық», «Кеңестердің бақытты өмірі» жайлы жарыса жазады. Тірнектеп деректер жинап, Кеңес өкіметінің жалған насихатының жарғағын жыртып, Батыс шендестіріп, салыстыра келе Мұстафа Шоқай оқушысына ақиқаттың ақ жібін ұстатуға тырысады, алайда оның бұған әр уақытта бірдей қолы жете бермеген, өйткені Сталиннің өзі 1932-1933 жылдардағы аштықты жоққа шығарып, дұшпанның айла-шарғысы деп жар салып жатқанда жұрттың сенуі қиын болатын.

Ашаршылық басталғанда босқыншылық арта түсті, осы уақыттарда оларды елге қайтару ісі күн тәртібіне өткір мәселе болып қойылды. 1933 жылдың ақпанында жаңа басшылықтың келуімен байланысты БК(б)П Қазақ өлкелік Комитетінің кеңейтілген VI пленумы өткен екі-үш жылдан кейін 400 мыңнан аса ауа көшкендерді өз жерлеріне оралтып, колхоздарға орналастыру мүмкіндіктері жасалды. Жағдайдың түзеле бастауы, өздерінің де туған жерге қайтуды ойлай түсуі ауа көшуші босқындардың ата мекеніне орала бастауына себеп болды. Отанынан тыс жерлерге көшіп кеткен қазақтардың қайта оралулары бойынша міндеттер қойылып, ауқымды жұмыстар жоспарланды.

Бірінші кезекте ауа көшушілерді күшейтілген колхоздарға, артельдерге және ТОЗ-дарға жұмыс қолының болуын есептей отырып бөліп орналастыру, өнеркәсіп мекемелері мен совхоздардың басшыларын қара жұмыс күшіне қажеттілік кезінде ауа көшуші-оралушыларды қабылдауда басымдық беруді, сондай-ақ Аудандық комитеттің және Саяси бөлім жетекшілеріне колхоздардағы кең таралған көпшілік жұмыстар арқылы колхоздар Басқармасы мен колхозшылар жағынан көшіп келушілерге ұқыпты және қамқорлық қатынас орнатуды міндеттеуге мән беріледі [6]. Мысалы бір ғана Батыс Қазақстан аймағына оралған шаруа қожалықтарының санына қарасақ, 1932 жылы 10532 шаруа қожалығы, 1933 жылы 10957, 1934 жылы 4950 шаруа қожалығы және 1935 жылы 397 шаруа қожалығы, барлығы 26836 шаруа қожалықтары оралғанын көруге болады. Бұл сандар олардың ең қарқынды қайта оралулары 1932 және 1933-жылдары болғанын байқатады. Осыдан кейін келіп жатқан шаруа қожалықтарының саны күрт түсіп, 1935 жылы 1-желтоқсандағы жағдай бойынша оралуы күтілетін 800 шаруа қожалықтарынан (алдын ала мәліметтер бойынша) 397-сі қайтып оралады. [7]. Кейінгі 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге байланысты ауа көшкендерді туған жерге қайтару істері тоқтап қалады. Шет жерлерден түгел қайтпай, атамекен Отанына келе алмай сол жерде қалған қазақ ұлтының өкілдері көп болды.

Тарихты оқытуда жан-жақты білім беріп ғана қоймай жас буын өкілдерінің бойында патриоттық қасиеттерді дарытып тәрбиелеу де маңызды орын алатыны белгілі. Оның ішінде 1920-1930 жылдар тарихын баяндауда жас буын өкілдеріне кеңестік солақай жүйеге қарсы сипаты және тарихи мәнін түсіндіру, қайраткер тұлғалардың ерлік істерін бағалау, зерттеулік ізденіс жүргізуге бағдар беру және т.б. жұмыс түрлерін жүзеге асырудың маңызы зор. Мұстафа Шоқай – Отан тарихында өз елі үшін тәуелсіздікке ұмтылған, сырт жерде жүрсе де кеңестік тоталитарлық режимге қарсы күресіп, орасан зор қайраткерлік қызмет атқарған аяулы тұлға болып қалады. Оның ақиқатқа бағытталған істерін шынайы көзқарас тұрғысынан бағалау және тұлғатану негізінде атқарылатын зерттеулер өз жалғасын таба беретіні айқын.

#### Әдебиеттер

1. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры атты / Құраст. Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. ББ.3,5, 34, 35, 36.
2. Игнатьева Л.Н. Роль миграции в формировании населения Казахстана (1926 – 1959 гг.) / Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук, Барнаул, 2006. С. 30, 47.
3. Козыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. С.226
Мұстафа Шоқай жайлы зерттеулерді тек отандастарымыз ғана емес, сонымен қатар Турция, Өзбекстан, Франция, Қырғызстан және Әзербайжан секілді елдердің де тарихшы ғалымдарының еңбектерінен байқауымызға болады. Солардың бірі Әбдуқап Қара: "Түркістан легионының ақиқаты – свастика мен Қызыл Жұлдыз" атты кітабын жазған болатын. Мұнда ол екінші дүниежүзілік соғысқа Кеңес әскері қатарына қатысып, неміс фашистеріне тұтқынға түскен түркі тілдес жауынгерлер адамзат тарихындағы ең сұмдық қасіреттің бірін бастан кешіргендігі және соғыс кезінде Түркістан легионында болған ғажайып қиын жағдайда жүз мыңдаған жауынгерлердің

қайғылы тағдырына туралы Мұстафа Шоқайдың шығармаларына тоқталған болатын [6].

Сонымен, оны қазақ даласының басқа қайраткерлерінен не ерекшелендірді. Мысалы, Мұстафа Шоқайдың Батыста айдауда жүрген Түркістан үкіметінің атынан шығуы ерекше жағдайлардың бірі болды. Бұл оған өз шығармаларында Ресей империясының құрамындағы Түркістан халықтарының тарихи тәжірибесін талдауға орасан зор мүмкіндік берді. Сондай-ақ Польша үкіметі және жеке маршал Пилсудский демеушілік жасаған «Яш Түркістан» журналында Түркістандағы социализм құрылысының барысын белсенді түрде көрсетуге мүмкіндік туды. Өйткені ол Түркістанның әлі де қазіргі кеңестік империяның шикізат қосымшасы болып қала беретініне сенімді болды. Әсіресе мәдени құрылысты қатты сынға алды. Ол Қазақстан халықтарының, ең алдымен Түркістанның өз тұрғындарының белсенді түрде орыстандырылуын байқамай қала алмады. М.Шоқайдың большевиктік саясаттың «шалғам», яғни «сыртқысы қызыл, іші ақ» болғаны туралы айтқан тапқырлығы. Оның ойынша, зиялы қауымның міндеті түркі тілдес халықтардың ұлттық мүддені қорғау санасын оятуға бағытталуы керек еді. Жалпы, ұлттық азаттық жолындағы рухтандырушыларымыз салған сара жол ізбасарларынан тыс қалған жоқ. Одан кейін ұзақ жылдар бойы қазақ зиялылары кеңес өкіметінің саясатына қарсы күресіп, нәтижесінде М.Шоқай мен оның серіктері армандаған бостандық пен тәуелсіздікке қол жеткізді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абылхожин Ж.Б. История Казахстана: белые пятна. Сб.статей. Алма-Ата: Казахсан, 1991. – 348 с.

2. Шотанова Г.А. – Что хранят архивные материалы о Мустафе Шокае?!// Central Asia Monitor. Республиканская общественно-политическая газета - 2017 г. – 21 декабря.

3. Мустафа Шоқай: шығармаларының толық жинағы. 12 - томдық/Авторқұрастырушы Көшім Есмағамбетов. 6-том. Алматы, Дайк-Пресс, 2013. – 520 б.

4. М.Шоқай. Керенский және Түркістан ұлттық әрекеті. // Жас Түркістан. - 1930 жыл, - октябрь №11.

5. Мустафа Шоқай: политик и ученый. Материалы международной научной конференции. Алматы, 2015 г. – с. 288.

6. Тимурұлы. Үндістан –Түркістан // Жас Түркістан. - 1930 жыл. - апрель-май, - № 5-6, - 133-135, 138 бб.; Әбдіуақап Қара. "Мұстафа Шоқай". - Алматы: Арыс, 2004»

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ІСІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ «TÜRK ELİ» ҰЙЫМЫ ХАҚЫНДА

*Ақтайлақ Бақытжан Болатбекұлы* – гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері.

Өткен ғасырдағы саяси оқиғалар әлемнің түкпір-түкпірінде түрлі диаспоралардың қалыптасуына әкелді. Өздерін «түркістандықтар» деп таныған қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ және тәжік ұлттарынан шыққан азаматтар Еуропада өздерінің саяси күресін жалғастыруға тырысты. Олар Түркістан халқының жағдайына әлем назарын аударуға тырысты. Олар белсенді саяси қызметін жалғастыруға тырысты.

Бұл мақалада түркістандықтардың Еуропадағы саяси қызметі турасында жазылады. Түркістандықтардың ірі жетекшілерінің бірі – Мұстафа Шоқайдың негізгі көзқарастары мен идеяларының өміршеңдігін байқауға болады. Оның ісін жалғастыруға тырысқандардың бірі «Түрік елі» ұйымы болды. Мақалада осы ұйымның М. Шоқайдың ісін жалғастырушы ретіндегі қызметі қарастырылады.

Түркістандықтардың Еуропа жеріне жетуінің бірнеше легі болды. Бірінші легі коммунисттердің Түркістанды жаулап алуы нәтижесінде түркістандықтардың босқын ретінде шетел асуына тура келді [1]. Қазақтың, сондай-ақ, бүкіл Түркістанның белгілі қайраткері Мұстафа Шоқай (1890-1941) осы кезде Еуропаға кеткен еді. Еуропа жерінде ол өзінің жерлестерін ұйымдастыра алды және кеңестік биліктің Түркістанда жүргізіп жатқан саясатын әшкерелеуде көп еңбек сіңірді [2]. Мұстафа Шоқайдың шетелдегі түркістандықтардың басты жетекшісі болғаны анық. Оның шоқтығы басқалардан биік болғандығы белгілі. Тіпті М. Шоқайдың өлімінен кейін оның орнын баса алатын адам болмады [3].

Түркістандықтардың келесі легі 40-жылдарда болды. Олар Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде нацистік Германияға тұтқын болған Кеңес Одағының сарбаздары еді. Тұтқынға түскен қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік өкілдерінен Вермахт «Түркістан легионын» құрғандығы белгілі жайт. Олардың арасында жоғары білімі бар білімді әрі білікті тұлғалар жетерлік еді. Олардың Кеңес Одағына қарсы әскери қимылдарға қатыспағаны және негізінен әскери шаруашылық нысандарды күзетумен айналысқанын тарихи деректер растап отыр. Соғыс аяқталған соң олардың алдында екі жол болды. Бірі КСРО оралу болса, екіншісі Еуропа жерінде қалып, туған жерінен мәңгі жырақта қалу болатын. Оның үстіне кеңес-американдық келісім бойынша АҚШ түркістандықтарды Кеңес Одағына қайтарып беруі тиіс болды. Осы келісім аясында Кеңес шекарасынан өткен адамдар сталинизм құрбаны болды. Жау тұтқыны болғаны үшін Кеңес Одағы оларды «Отан сатқындары» ретінде таныды және аяусыз жазалады. Кеңес Одағында оларды не күтіп тұрғанын Еуропадағы түркістандықтар жақсы білді [4]. Олар 20-30 жылдардағы аштық пен қуғын-сүргіннің тірі куәгерлері де еді.

Еуропадағы өмірдің коммунистер қол астындағы Түркістаннан әлдеқайда жақсы екендігін де білді. Сондықтан олар Еуропада қалуға тырысты. 50-жылдардың басына қарай американдықтар да Кеңес Одағының өз азаматтарына деген аяусыздығы жайлы хабардар болып, бір жағынан кеңес-американ қарсыластығының басталуы Еуропадағы Кеңес азаматтарын қайтару әрекеттерін тоқтатты. Осылайша, түркістандықтар Еуропада қалып, кеңестік репрессиядан аман қалды. Қазіргі уақытта да Еуропада қалған түркістандықтар (оның ішінде қазақтар да бар) мен КСРО қайтарылғандардың нақты саны бүгінге дейін белгісіз. Сталинизмнің құрбандары ретінде олардың тарихы жан-жақты зерттелуі тиіс.

АҚШ мен КСРО арасындағы «Қырғиқабақ соғыстың» басталуы америкалық барлау қызметінің бұрынғы Ресей империясы мен Кеңес Одағының саяси эмиграциядағы азаматтарын өз мақсаттарына қарай пайдалануға әкелді. Өйткені олар коммунистік идеология мен кеңестер басқаруындағы өмірдің негативті тұстары жөнінде айтып бере алатын һәм Кеңес Одағына қарсы мықты оппозиция болатын.

Осы мақсатпен АҚШ-ның Орталық барлау басқармасы (ары қарай – ОББ) (ағылшынша – CIA) Орталық Азия (тарихи атауы – Түркістан) өңірінен шыққан тұлғалармен де байланыс орнатты. Олар өздерін әйгілі Түркістан қайраткері Мұстафа Шоқайдың ізбасары ретінде көрді және М. Шоқайдың «біртұтас Түркістан» идеясын қолдады [3].

1950 жылдың 20 наурызында Алманияның Мюнхен қаласында «Түркелі – Түркістан ұлттық комитеті» құрылды. Бұл Комитет құрылған күнінен бастап АҚШ-ның ОББ тығыз байланыстар орнатты. Комитеттің жұмысына ОББ қаржы бөліп тұрды [5, 224].

Комитеттің алғашқы басшысы Қарыс Қанатбай болды. Сонымен қатар, комитет құрамына Әлихан Ағаұлы, Мәжит Айтбай, Мәулікеш Қайыпалдыұлы, М. Дара, Асқар Әли, Хамза Абдуллахұлы сынды зиялы қауым өкілдері болды [6].

Аталған Комитет өзінің мерзімдік басылымы ретінде «Түркелі» журналын шығарып тұрды [5, 224]. Журналдың алғашқы редакторы Азамат Алтай (Қожамберді Құдайберген) болды. «Түркелі» журналы Еуропадағы түркістандықтар (қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен) арасында ғана таратылып тұрды. Журнал беттерінде Алаш Орда мен Түркістан мұхтарияты зиялыларының есімдері айтылып, олардың еңбектері таныстырылды. Мұнда түркістандық эмигранттардың шығармалары да жарияланып тұрды. Асан Қайғы (Мәулікеш Қайыпалдыұлы), Қобызшы Қорқыт (Мәжит Айтбайұлы) [7, 51], Еркін (Мұрат Ташмұрат) [5, 228] сынды тұлғалар оқырмандар арасында жақсы белгілі болды

Америкалық «Азат Еуропа» корпорациясының бастамасымен 1951 жылдың 8 ақпанында «Ресей халықтарын азат ету Американың комитеті» құрылды. Олар шетел асқан қайраткерлердің басын қосып, коммунизмге қарсы әрекет етуге шақырды. Ал 1951 жылдың 3 қарашасында Алманияның Висбаден қаласында бірнеше күнге созылған конференция ұйымдастырылды [7, 43].

Конференция жұмысына саяси қуғын-сүргін себептеріне байланысты Кеңес Одағынан кетуге мәжбүр болған зиялы қауым өкілдері қатысты. Бұл шараның негізгі көздеген мақсаты «қуғындағы үкімет» құрып, олардың қолына заманауи техникамен жабдықталған антикоммунистік радиобекетін беру болатын [8, 150]. Шетелдегі түркістандықтар да осы мүмкіндікке ие болуды көздеді. Олардың басын біріктірген «Түркелі» комитеті осы бағытта жұмысын жүргізді.

Висбадендегі конференция жұмысы өте қызу түрде өткен. Жиналысқа қатысушы түркістандықтар өз ұстанымын ашық білдірген. «Түркелі – Түркістан ұлттық комитетінің» басшысы ретінде жиынға қатысқан Қарыс Қанатбай: «Біз, түркістандықтар «Ресей халықтарын азат ету Кеңесі» деген атаумен мүлдем келіспейміз... Өйткені Түркістан қалыптасқан түсінік. Және біздің ойымызша: біз «Ресей» деген сөзді қабылдасақ Түркістан автоматты түрде Ресейдің құрамына қосылып кетеді. Бұл «Түркелі» үшін мойындалмас іс», - деп мәлімдеді [8, 150].

Бұдан аңғаратынымыз, түркістандықтар біртұтас Түркістанның тәуелсіздігін қолдады. Бұл М. Шоқайдың Түркістанның болашағы жайлы көзқарасымен үндеседі. «Түркелі» ұйымы коммунизм күйреген жағдайда ұлттардың тағдырын «Жалпы ресейлік құрылтай жиналысы» қарастыруын қабылдамады. «Ондай жағдайда түркістандықтар өз тағдырына жауапкер бола алмайды. Өз араларынан делегат сайлап, Мәскеу немесе басқа жердегі Кеңеске жіберуге міндетті болады. Большевизм талқандалғаннан кейін біздің халқымыздың тағдыры өзіміздің Түркістанда ғана шешілуі тиіс», - деді қайраткер [8, 150]. Бұл «Түркелі» комитетінің басшысы Қарыс Қанатбайдың пікірі Мұстафа Шоқайдың көзқарастарымен астасып жатқандығын аңғартады.

Өз халқының болашағын Ресейден бөлек көргендердің арасында түркістандықтардан басқа әзірбайжан, татар мен башқұрт және Солтүстік Кавказ мұсылмандары да болды. Бұл Висбадендегі жиынды өте қатты шиеленіскен жағдайда өтуіне әкелді. Себебі, шетелдегі орыс ұйымдары коммунизмнен кейінгі Ресейді КСРО шекарасының төңірегінде қарастырды. Ал осы ұлан-ғайыр жерді мекен еткен ұлттардың болашағын Ресеймен ғана байланыстырды [4].

1951 жылдың 7 қарашасында Висбадендегі конференция қатысушылары келісімге келіп, төмендегі декларацияны қабылдады:

« - Біз, бес орыс саяси ұйымы мен грузин, белорус, армян, азербайжан және Солтүстік Кавказ бен Түркістан халықтары саяси ұйымдарының өкілдері:

- большевиктік диктатурадан азат ету жолындағы күресте Кеңес Одағының барлық халықтарын коммунистік диктатураны жоюға;
- өзін-өзі басқаруға;
- өз тағдырын демократиялық жолмен шешуге;
- коммунистік құлдыққа қарсы, бостандық пен бейбітшілік жолындағы күреске шақырамыз» [7, 43].



Осы жылы АҚШ-ның КСРО-дағы бұрынғы елшісі, адмирал Алан Кирктың басшылығымен радио жөніндегі комиссия құрылды. Радиоға қажетті мамандарды ұлттық эмиграция өкілдерінің арасынан іздестіру көзделді. Сондай-ақ, редактор, тілші және дикторларды дайындау курстары ашылады. Қаржылық қолдау көрсету де ұсыныс тапты. 1953 жылдың 1-наурызында «Азат ету» радиосы (Radio Liberation) (кейбір деректерде «Бостандық» радиосы деп көрсетілген) құрылып, кейін 1959 жылы бұл «Азаттық» радиосы (Radio Liberty) деп аталды [9, 10].

«Түркелі» - Түркістан ұлттық комитеті мүшелері «Азаттық» радиосымен тығыз байланыстар орнатып, оған білікті кадрларды тауып беруде көп еңбек сіңірген. Сол кездегі «Түркістан ұлттық комитетінің» басшысы болған Қарыс Қанатбайдың еңбегі зор. Ол «Азаттық» радиосына көп кеңесшілік жасаған. Мұстафа Шоқайдың идеяларын басшылыққа алған Қарыс Қанатбай «Азаттық» радиосында қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, тәжік тілдерінде ортақ ақпарат тарататын біртұтас «Түркістан» редакциясын құруды ұсынды [9, 12].

Қарыс Қанатбайдың бұл ұсынысы өзінің дара атынан жасалмағаны түсінікті. Комитеттің барлық мүшелері осындай пікірде еді. «Түркелі» комитетінің атынан жасалған бұл ұсыныстың көздегені келесідей болды:

- коммунистік жүйенің Түркістанды бөлшектеп, туысқан халықтарды бір-біріне жат көрсету саясатын мойындағысы келмеді [5, 224];
- олар «Түркістан» бірлігі аясында сөйлеуге дағдыланған еді. Түркістан бірлігін сақтағысы келді;
- эмиграция өкілдері арасында тілшілік қызметті атқара білетіндер аз еді;
- біртұтас «Түркістан» редакциясына біріксе «Азаттық» радиосындағы түркістандықтар салмағы да айтарлықтай болатынына сенді [10, 9].

Мұны «Азаттық» радиосының басшылары қабыл етті. Сөйтіп «Түркістан» редакциясын құру және оның жұмысын тәртіпке келтіру басталды.

Қарыс Қанатбай «Түркістан» редакциясына лайықты қызметкерлерді де ұсынған [9, 12]. Радионың басшылары оның қызметкерлерге қатысты ұсыныстарын да қабыл еткен. Сөйтіп, редакция қызметкерлері болып:

- редактор қызметіне Асан Қайғы (Мәулікеш Қайыпалдыұлы) деген қазақ азаматы;
- оның орынбасары ретінде Уәли Зұнын (Абдолла Төлеген) деген өзбек азаматы;
- тілші қызметінде Азамат Алтай (Қожамберді Құдайберген) деген қырғыз азаматы;
- тілші қызметінде Гөктепе (Амман Бердімұрат) атты түрікмен азаматы [11, 48];
- тілші қызметінде Кемал Алтай (Камол Олтай) есімді тәжік азаматы тағайындалды [12, 44].

«Азаттық» радиосының «Түркістан» редакциясының алғашқы басшысы Мәулікеш Қайыпалдыұлы болғанын жоғарыда айттық. М. Қайыпалдыұлы «Түркелі» комитетінің белсенді мүшесі болған. Редакцияның жұмысын ұйымдастыру кезінде М. Шоқайдың «Біртұтас Түркістан» идеясын басшылыққа алғаны да анық. Бұл кісінің ақындық дарыны да болған адам. Комитеттің мерзімдік басылымы «Түркелі» журналында өзінің шығармаларын жариялап тұрған [7, 51].

М. Қайыпалдыұлы туған елінде жүрген кезде Қазақстан мен Ресей журналдарында қазақ және орыс тілдерінде шығармалары шығып тұрған. Ленинград мемлекеттік университетінің философия факультетін бітірген. Мәулікеш қазақтың әйгілі ақыны Жамбыл Жабаевтың аудармашысы да болған. И. Байзақов, Қ. Аманжолов, Н. Манашев, Ғ. Сланов, А. Жұмағалиев сынды ақын-жазушыларымен жақсы достық қарым-қатынас орнатқан еді [7, 51].

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қызыл әскердің қатарына алынып, майданға аттанады. Кеңес Одағының фашистік Алманиямен соғысы алғашқы кезде кеңестер үшін сәтсіз болғаны белгілі. Тұтқынға түскен КСРО сарбаздары мен офицерлері фашистік лагерлерді толтырып жіберген еді. И. Сталиннің соғыс тұтқындарын «Отан сатқындары» деп тануы Мәулікеш секілді азаматтарға қатты соққы болды. Олар үшін еліне оралу қауіпті болды. Оның бұл жайында:

«Жолаушы менен сұраса:

Жүрегінде қандай шок?

Қайта алмаймын үйіме

Енді менде Отан жоқ!» - деген өлең жолдары сақталған [7, 51]. Қандай шерлі сөздер десеңші!

Осылай ол Еуропада қалуға мәжбүр болды. Мюнхен қаласында құрылған «Түркелі – Түркістан ұлттық комитетінің» ісіне араласты. Асан Қайғы деген бүркеншік атты пайдаланып «Түркелі» журналында өлеңдері мен мақалаларын жариялап тұрды. Бүркеншік ат ретінде халқына жерұйық іздеп, тағат таппаған Асанқайғы есімін алуы көп мәнді аңғартады.

Қалай болғанда да, елден жырақта жүруге мәжбүр болған бұл азамат өзінің білімі мен жігерін үлкен мақсатқа пайдалана алды. Берлин қаласында аудармашылар курсы бітірді. Одан кейін Майндағы Франкфурт университетінің неміс және ағылшын филологиясы бойынша білім алды. Алманияда шығатын неміс тілді журналдарда әдеби шығармаларын жариялап тұрды. Неміс тіліндеде шыққан «Жұмақтан келген көмек үні» (немісше – *Hilferuf aus dem Paradies*) атты романның авторы [6, 181].

«Азаттық» радиосының «Түркістан» редакциясын 1953 жылдан бастап басқарды. Ол Радио эфирінде де «Асан Қайғы» атын қолданған [9, 13].

Қызметтес адамдардың айтуы бойынша өте тұйық адам болған. Ішіндегісін ашып, жарылып сөйлемейтін. Бәлкім мұның бәрі Кеңес Одағында жүргізілген қудалау саясатынан қалған сақтық болар. Кім білсін?

«Ол өзіндік стильмен ерекшеленетін. Өте өткір жазатын. Қазақ тілі мен орыс тілін жақсы меңгерген», - деп еске алады радионың бұрынғы қызметкері Талғат Қосжігіт [13].

Асан Қайғы «Түркістан» редакциясының басшылығында көп отырмаған. Редактор қызметінен түскен соң, өмірінің соңына дейін штаттан тыс фрилансер болған.

1969 жылы Асан Қайғының жансыз денесі Мюнхен қаласының шетіндегі темір жол бойынан табылды. «Түркістан» редакциясын басшысының өлімі неміс полициясының тарапынан ашылмайды. Оның өлімі жұмбақ қалпында қалды [9, 13]. «Азаттық» радиосы қызметкерлерінің мұндай беймәлім өлімдері сирек болмаған [12, 55]. Кеңестік Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (КГБ) тарапынан шетелдегі түркістандықтардың өмірі мен денсаулығына төндірген қауіпі жайлы деректер жоқтың қасы. Бұл өз зерттеушісін күтіп отырған мәселе.

«Азаттық» радиосының түркістандық редакциясының алғашқы қызметкерлері түгелімен «Түркелі» комитетінің мүшелері болды. Радиодағы жұмыстарын да Комитет көздеген мақсат пен міндеттермен ұштастыра білді. Радиода қызмет істеуі арқылы олар өз халқының жағдайын әлемге жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Олардың барлығы М. Шоқайдың ізбасарлары және коммунизмнен жапа шеккендер еді. Комитеттің мүшелері Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, тұтқын болғандар болды. Олар соғыстан кейінгі өмірдің қиындықтарын көрді. 1960 жылдардың аяғында редакцияға Түркиядан жаңа қызметкерлер келді. Бұл жаңа қызметкерлер де белгілі дәрежеде коммунизм құрбандары еді. Олардың барлығы шетелде үнсіз қалмай, Түркістан халқының қиын жағдайын айтқаны үшін Кеңес Одағы тарапынан әртүрлі шабуылдарға ұшырады.

Біздің ойымызша, «Түркістан ұлттық Комитетінде» және «Түркістан» редакциясында қызмет еткен барлық азаматтарды ұлттық тұрғыда бөліп қарастырмай, идеялық тұрғыда бірлікте қарастыру үлкен маңыздылыққа ие.

Бұл мақалада «Түркелі – Түркістан ұлттық комитеті» және оның кейбір мүшелері турасында кейбір деректермен бөлістік. Комитеттің жұмысы мен оның тарапынан шығарылған «Түркелі» журналы жайлы деректер өте аз. Бұл тақырып бойынша күрделі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігін айтқымыз келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдуллаев К.Н. От Синьцзяня до Хорасана. Из истории среднеазиатской эмиграции XX века. – Душанбе: «Ирфон», 2009. – 571 с.
2. Чокай-оглы М. Туркестан под властью советов (к характеристике диктатуре пролетариата) – Алматы, 2017. – 144 с.
3. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Зерттеу. – Астана: «Педагогика-Пресс Баспа Үйі», 2012. – 372 б.
4. Антошин А.В. Идеино-политические позиции российских эмигрантов в эпоху «холодной войны» (середина 1940-х – конец 1960-х гг.).

диссертация на соискание ученой степени д.и.н. – Екатеринбург: «Институт истории и археологии УрО РАН», 2010. – 432 с.

5. Оралтай Х. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: «Білім», 2005. – 632 б.

6. Oraltay H., Alaş Türkistan Türklerinin Milli İstiklal Parolası, İstanbul, Büyük Türkeli Yayınları, 1973, s. 200.

7. Нуриден Р.Ш., Халықаралық радиожурналистика, Алматы, Экономика, 2012, s. 226.

8. Антошин А.В., “Советская Центральная Азия в информационной политике радио «Свобода» (1950-е – начало 1980-х)”, Известия Уральского федерального университета, Сер. 2, № 111, 2013, s. 148-156.

9. Баймолда Досан, Шындық жаршысы, Алматы, Нұр-принт 75, 2011, б. 336.

10. Бегімтаева Р.Ш., Шетелдік радиохабар проблемалары («Азаттық», «Бай-өлке» радиостанцияларының материалдары бойынша)., филолог.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, Қазақ ұлттық университеті, 1996, s. 26.

11. Nazar Zarif M., A Message of Freedom. Nearly A Half-Century of Turkmen Broadcasting to Turkmenistan, 2001, s. 127.

12. Мукимов М.А., История создания и развития радио «Свобода» (на примере таджикской редакции Радио «Свобода» («Озоди»)), диссертация на соискание ученой степени к.и.н., Душанбе, Таджикский государственный национальный университет, 2003, s. 180.

13. «В дни Декабрьских событий Азаттык впервые вышел в прямой эфир, «Азаттық» радиосының веб-сайты. Электронды ресурс: URL: <https://rus.azattyq.org/a/talgat-koszhyigit-radio-azattyq-65-let/29095664.html> – каралды: 25.05.2022.

## MUSTAFA SHOKAI'S LEGACY IN DOMESTIC AND FOREIGN STUDIES

*Толпышев Бауржан Кажымуратович* – Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі, магистрант, Астана қаласы.

The old history itself proved that the main figures in the book of the Turkestan Legionnaire Gaipen Beisov's documentary story "the fate of the past Tamuk" are figures who take their place in the pages of the history of the Second World War "aktandaks". He began to write his memoirs in 1955, when he was in the 3rd Department of the Koyandy Department camp (A. Akhmet "Nightingale's voice" or the book of the Turkestan Legionnaire // Munaili Astana, 3, 7, 10, 17 November 2006.; "The sound of the Nightingale" or the book of the Turkestan Legionnaire // historical problems of the Caspian region (collection of scientific articles) -Atyrau, 2007 – pp. 8-26.). How many sighing Deep years may disappear from the memory of Haipeken.

In the preface to the book, the author said: "it was not in my mind to write what was not and what was not, considering that I was judged by the Soviet government. "I don't know," he said. I understand that it is equivalent to an assassination attempt on history. My goal is to write down what I have personally experienced, what I have actually heard and learned on paper and pass it on to future generations. I would like to point out that these unknown, innocent people whose work has not gone away are still called unfaithful. If I had passed away without writing this memory, I would have carried away all the sin. The memory, which began to be written 50 years ago, gives an account of this," he wrote.

Documentary story the book tells in detail the fate of prominent representatives of the Turkestan Committee in Berlin during the war, such as Mustafa Shokai, Veli Kayumkhan, Hamza Abdullin (literary pseudonym Sairan), Maulikesh Kaiboldin (Asan Kayy), Mazhit Ayapbekov (M. Dara), Baimurza Khait, Kares Kanatbayev, Kazi Kazybekov (Kazi), Mazhit Aitbayev (Kobyzshi Korkyt), etc. Akhmet the fate of the Turkestan Legionnaire appeals to today's generation to learn from the past // Golden Horde, April 12, 2012; A. Akhmet you must not forget it! // Sovereign Kazakhstan, March 23, 2013).

G. Beisov began writing about M. Shokai in the 1970s. A soldier of the Turkestan Legion wrote: "the Turkestan Legion, its leader, was left without writing about Shokai. When the day comes, the turkestans will find and cherish their great man. I am sure that he will bring his remains from Berlin to his homeland. I consider myself a Shokai soldier. For this, I paid the Soviet authorities for ten years in the camp. I understand that I have no right not to write. A century will pass, and I will die with faith, believing that sooner or later the Great Turkestan, which Mustafa Bek dreamed of, will be established" ((Beisov G. A documentary story about the fate of tamuk, P. 119).

In this work, the author pays special attention to the outstanding state and public figure M. Shokai. The book contains chapters about him: "Mustafa Bek Shokai", "the project created by Mustafa Bek Shokai", "continuation of the story about Mustafa Bek Shokai" and "110 years since the birth of Mustafa Bek Shokai". G. Beisov said about his first and last meeting with M. Shokai: "the beginning of December, in 1941, snow did not fall on the ground. The typhus plague has completely subsided. The chief of the prisoner polisai-Kalmyk polisai made a message. "Now a Kazakh general comes to the basement and looks after it. Lie on your left side and listen. Don't go near the door. 25 whips will strike you on the side." Standing in front of the basement gate, he took the brown felt hat on his head and bowed his head. I will not forget that he is short, with an oval face, with a shiny fringe and no hair. We hear one and we don't hear the other. Turkestan refers to one government. We don't know why we need him. He must have been a man who spoke without haste or stumbling.

"I'll come and see if I can." He said nothing but that the situation had improved. "I'm sorry," he said. He didn't come back. It is necessary to understand that this person is Mustafa Bek Shokai, – he recalls. He was asked a few questions from the prisoners. Then the situation with the prisoners transferred to the Grodno prisoner camp begins to improve, and the German response to the surprised

prisoners is: "Thank you to Mustafa Bek Shokai. You will become a soldier of this man," he replied. And the Soviet authorities, who knew neither morality nor pity, said "We have no prisoners of war, there are traitors" -and put the fate of millions of prisoners to hell (Esmagambetov K., Akhmet A. the issue of prisoners of war is still in the public eye. Newspaper of sovereign Kazakhstan, May 9, 2012).

After a six-month course in the Propaganda Department of the supreme command of the Wehrmacht in Potsdam, G. Beisov mentions that Mustafa Shokai received from Colonel von Mrongoviyus an abstract written by him on how to use Turkestan prisoners. The format of the booklet with the project developed by M. Shokai is slightly smaller than the student's notebook, the color is white-gray. Apparently about 70-80 sheets. The project is written in German, Kazakh and Russian. The Kazakh language is written in Latin. M. Shokai expresses his opinion that the main question is the need to create a government of Turkestan, albeit temporarily, on German soil. In the abstract:

1. creation of the Turkestan Communist Party.
2. formation of the Turkestan armed forces.
3. grouping of soldiers from captured volunteers.
4. Use of prisoners who are not fit for the Army as voluntary citizens to work in factories and factories in Germany. Legal retirement of Disabled Persons on the government side.
5. do not allow them to become homes. Lending by the government. Cut for several years.
6. opening of the Turkestan commanders course.
7. calling Turkestan volunteers soldiers. It has a separate "embelma" on the outside of your clothes.
8. the right of Turkestan soldiers to be the same as that of Almaty soldiers.
9. putting Alman instructors from the inside of the Turkestan soldier.
10. free travel to the city transport.
11. Organization of the Turkestan National Press.
12. Organization of radio broadcasts.
13. Organization of the Turkestan National Ensemble.
14. not to consider the captured Turkestan prisoners, but to consider them a "reserve" of volunteers.
15. education in the way of the Muslim religion: setting a time by giving soldiers the opportunity to pray five times.
16. opening the mullahs course. Allow the presence of Mullah in each unit.
17. training and training of future Turkestan diplomatic personnel at the Alma-Ata higher educational institution.
18. failure to send Turkestan soldiers to the Eastern Front. Considering that the Russian land is not the land of Turkestan. Allowing turkestans to enter the front when traveling to the borders of their homeland.
19. issue of medals and orders of Turkestan for Turkestans, reflecting their heroic feat.
20. opening of the Turkestan propaganda school. Shooting them in the rear of Turkestan (documentary story of the fate of Beisov G. Tamuk, pp. 113-114).

About this project, G. Beisov said that he knows who is among the turkestan, while in Berlin he met the Tatar emigrant Galymzhan Idrisi in the Turkestan Committee and maintained good relations. The reason for their frequent meetings was that the Turkestan and Volga-Ural committees were located within the same house. G. Idrisi Gaipekene "there is only one great man in Turkestan, he is Mustafa Bek. Turkestan is only one, it is Turkestan, the son of the Indivisible Mustafa Bek." "I'm sorry," I said.:

"It seems that the great man did not like the almans. From your words, you can also hear the buzz of this conversation. Why did such an intelligent person create a draft of the Turkestan committee? Then G. Idrisi's answer was: "the great man is not with you and me. He was a" strategist", a" theorist". He had his own tactics. Thanks to this, Veli Kayumkhan wandered without a name, wandered. You see, now in all of Europe the title of a great man is called. I'll tell you a secret. The project, which is now called a project written by Mustafa Bek, is not a project written by him. The project he wrote was not good for the Germans, but harmful. The Germans needed Mustafa's reputation as an international enemy, fighting the red Bolsheviks all his life. The title itself was reaching. He knew that the great man was supported by Asia Minor – from Turkey to Iran, Afghanistan, Pakistan, and the Muslim East."

Further, M. Shokai said about the project: "Turkestan will not be armed with you. You will have equal allies. I remember that Turkestan soldiers and German soldiers will take up arms only if they have equal rights. The word genius of a great man still does not go crazy. If, having defeated the Reds, the Germans managed to take Turkestan to themselves, they would still not be able to ticket to another nation. I know him without his hair. Then what is the need for Turkestan to get out of one slavery and submit to another. At first, I heard that Turkestan people should anticipate. I wouldn't have any effect on that word if I said so. And the great man said, his is considered foresight. He didn't want to be an enemy for the day. The Germans need a man who opens – in the palm of his hand, closes – in his fist, hits on one side – waits on the other. I couldn't help it. And the Germans, as the great man said, found the president and took him away. We see it in our eyes," Veli explained without naming Kayukhan. Further, he feared that the Germans, before the intelligence of a great man, were a single person who was not afraid of death. He knew that he could not interest a man in anything. He was afraid that if he could buy it again, who knew, he would be "infected" with typhus. But I have no proof. What can I do when I have proof, what can I do?,- expressed regret. First, he wanted to stay alive. "I don't know," he said.

To do this, he thought to spend time saying that the turkestan should not be put on the Eastern Front, that the Russian land is not the homeland of the turkestan, but should wait until they go to their borders. He did not think of his soul, but of the life of the turkestan.

## ҚЫЗЫЛҚҰМ АУДАНЫНДАҒЫ КӘМПЕСКЕ НАУҚАНЫНЫҢ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ

*Құлбек Ерболат* - II курс магистранты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Егемендігімізді алғалы, тарихымыздағы түрлі оқиғалар, ірі жеңістермен қатар жеңілістерді де толығымен қамтып, тұтасымен қалпына келтіру міндетінің тұрғандығы қаншалықты маңызға ие екендігі айтпаса да түсінікті. Тарих – ол еліміздің өткені мен бүгіні, ұлтымыздың ортақ құндылығы. Өткенді білмей қазіргі уақыт пен болашақты бағалау мүмкін емес. Қазақ жері Ресей қол астына өткеннен соң, Кеңес үкіметі тарапынан қазақ даласында түрлі жоспарлар мен жобалар жүзеге асты. Оның ішінде, толық зерртеу жұмысын жүргізбей, қазақтардың өмір-салтына мүлдем карама-қайшы келетін іс-әрекеттерді жүзеге асырып отырды. Қазақ даласында түрлі науқан жүргізіп, халықты үлкен апаттарға ұшыратты. Сондай науқанның бірі қазақ жеріндегі ірі бай шаруашылықтары мен мал-мүлкін тәркілеу еді. Ол науқан 1928 жылы басталып, бүкіл қазақ жеріне таралды. Бұл науқанда Кеңес үкіметі көптеген асыра сілтеумен қатар, белгіленген жоспарды орындау мақсатында жалған мәліметтер келтірді. Сонымен қатар, губерниялық атқару комитеттері аудандық бюро мен ауылдық Кеңестердің төрағаларына жіберген баспасөзде және дөңгелек хаттарда Кеңес өкіметінің бұл іс-шарасы тек ауылдың кедей топтарының мүддесі үшін өткізіледі деген ой қатты әсер етті. Кедей топтарды байларға қарсы күреске итермелей отырып, билік халықтың оларға деген жалпы жеккөрушілігін қалыптастыруға тырысты. Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан жағдайды түсінбей, ондағы қазақ байларының орны мен рөлін тиісті түрде бермей, Кеңес өкіметі олардан мүлік пен малды жаппай тәркілеуді бастаған болатын.

Сырдария аудандық комитетінің №15 отырысының хаттамасында, Қызылқұм ауданындағы тәркілеу жұмысын жүргізуге: Құлжабаев, Ақботин, Шейманов және Жолдыбаевтар бекітілгендігі туралы айтылады [1, 63 б.].

Осылай, Қызылқұм ауданында тәркілеу жұмысын жүргізетін адамдар есімі нақты бекітіліп, тәркілеу жұмыстары басталған болатын. Дәл осы ретпен, келесі аудандық комитет отырыстары болып, алдағы жасалатын жұмыстарды нақтылап, іске асырып отырды. Ағрхив құжаттарында, жалпылама деректермен қатар жекелеген бай есімдері мен мал санына қатысты мәліметтерді көруге болады. Солардың бірі Қызылқұм ауданындағы Әлімқұл Өсербайұлына қатысты келтірілген деректер болып табылады.

ОҚО ММ. 74 қор, 1 тіз., 257 іс, 1п., №74 құжатта, Қызылқұм ауданындағы 9-ауыл атақты байы Әлімқұл Өсербайұлының мал-мүлкін кәмпескелеу 1929 жылы 26 қыркүйекте болғандығы көрсетіледі. Ол тәркілеу жұмысындағы мәліметтер төменгі кестеде көрсетілген:



Қатар саны	Атауы	Саны	Ескерту
1	қойы	400	
2	ешкі	70	6 лағы болған
3	түйесі	25	8 тайлағы болған
4	жылқы	5	құнан
5	сиыр	-	қара өгіз, бұқа, бұзау
6	есегі	1	
7	үйі	2	

ОҚО ММ. 74 қор, 1 тіз., 257 іс, 3 п., №76 құжатта, 1928 жылы қазанның 28-і күні елдегі байлардың малы кәмпескеленгендігі, Қызылқұм ауданындағы Бекен округін басқарушы Сауран Шойменді турасында айтылады. 9-ауыл кеңесі төрағасы Айбатырұлы Қазақстан аткомына 1928 жылы 27-ші тамыз күні кәмпескеге ілінген 9-ауыл байы арнайы тағайындалған мал-мүлкі кәмпескеленгені жөніненде келесі мәліметтерден білуге болады.

1. Әлімқұл Өсербайдың баласы Нүрділдәнің 174 уақ малы және 5 ірі қарасы қайтарылды.

2. Кедей батырақтарға үлестірілгені 19 қой, 15 ірі қара.

3. Совхозға 103 қойы берілгендігі туралы айтылады [2, 132-134 б.].

1927 жылы, 1 қазанда, Сырдария округіндегі “Жұт” жағдайы туралы №1 құжатта, Қызылқұм ауданындағы байлардың жұтты жеке мүддесіне пайдалануы туралы төмендегі дерек келтірілген:

Славянское ауылы Үржар болысы Ташқазақ уезінің байлары қой сатып алумен айналысуда, жұт ерекше орын алып жатқан Қызылқұм болысында, малды Славянск және басқа базарларға өткізіп, 70-50 пайызды құрайтын табыс табуда, қой сатудан түскен ақшаны Үржар болысындағы мақташыларға егін жинау үшін бөлуде. Мақта пұтына 2 рубль. 50 тиын, ал зауыттарда оларды 4-5 рубль 50 тиынға дейін қабылдайды [1, 54 б.].

Бұл науқан бүкіл қазақ жеріне зор апат алып келді. Қарапайым шаруалардың ұйымдастырушылық қабілеті жоғары бөлігі күшпен жойылды. Тәркілеу науқаны басталмай жатып, науқан туралы бекітілген құжатта түрлі өзгерістер мен толықтырулар орын алып отырды. Қазақ байлары ғана емес, оқу-жазу білетін білімді азаматтары да осы науқан құрбаны болды. Бұл жағдай қазақ халқының ел болып, ұлт болып қалыптасуына үлкен зиян келтірді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары XX ғасырдың 50 жылдары. Т. 33.

2. “Сырдария округіндегі тәркілеу науқаны” құжаттар мен материалдар жинағы. – Астана: ТОО “РЕГИС-СТ Полиграф”, 2015. – 312 б. – қазақша/орысша

3. Мусин.Ч, Қазақстан тарихы. Оқулық. 4-басылым. Алматы, 2008.
4. Қуандық.Е.С. Қазақстан тарихы (Кеңес дәуірі және Тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. – Алматы, 2012.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ МЕЖЕЛЕНУІ ТУРАЛЫ**

**Жамелов Баглан Алтаевич - Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік  
университеті, Түркістан, Қазақстан**  
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Х.М. Тұрсұн.

XX ғасырдың басында қазақ жеріндегі мемлекеттік үшін күрес күрделі сипат алды. В.И.Лениннің идеясы бойынша басталған Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеуге қазақ саяси басшылығының көзқарастары үйлесе бермеді. Мәселен Мұстафа Шоқайдың «Тұтас Түркістан» идеясы Орта Азиядағы түркі мемлекеттерін біріктіруге арналған еді. Бірақ Кеңестік билік Мұстафаның бұл идеясынан өлердей қорықты. «Мұндағы саяси тіршілікке сын көзін қадап отырған М.Шоқайдың түрлі мысалмен дәлелдеп қорытқанындай большевизм « Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынан өлердей қорқады. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысады». Тұтастықты бұзудың жалпытүркілік тұтастықты сезіну беретін қуатты әлсіреудің төте жолы — Орта Азиядан алдымен Қазақстанды оның Орта Азиялық бөлігімен қоса бір бөліп алу, сөйтіп бауырлас халықтардан қазақтарды ажыратып алшақтатып жіберу»

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қалыптасуымен қазақ ұлтының мәселесі алға қойыла бастады. Отарлық саяси статустағы қазақ халқының басына түскен ауыртпалық тым көп еді. Солардың ішінде келімсектердің қазақ жеріне көптеп қоныстануымен байланысты қазақ халқының жайылым жерлерінен айрылуы, алым-салықтың ауыртпалықтары, қосымша қоғамдық міндеткерліктер, ұлттың өзін-өзі басқару құқығынан айрылуы, патша үкіметінің езгісінен әбден кедейшілікке ұшыраған халықтың ауыр жағдайы. XX ғасырдың басында Ресейде құрылған І-ІІ мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған қазақ зиялылары алғаш болып қазақ халқының мүддесін қорғауға мүмкіндік алып, мінберде қазақ халқының ауыр жағдайын мәлімдеп патша үкіметінің отарлық саясатын ашық сынға алды. Империялық Ресей жағдайында қазақтардың өзін-өзі басқару құқығын алуы мүмкін емес еді.[1] Патша үкіметі қазақтарды өз шеңгелінде мықтап ұстап, түрлі отарлаудың әдістерін пайдаланып, қазақтарды ұлт ретінде жоюды белсенді жүргізді. Дегенмен XX-ғасырдың басында Ресей империясының жағдайы мәз емес еді. [2] Еурпада ең артта қалған ел кедей ел Ресей сол тұста Англия мен Франция сынды державалардан орасан зор көлемде қарыз алып, борышкер болды. Ресейдің ішкі губернияларында самодержавиелік жүйеге наразылық уақыт өткен сайын күшейе түсті. Орыс-жапон соғысы,

бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы империяның әлсіз тұстарын ашып берді. 1914 жылы басталған Бірінші дүние жүзілік соғысқа қатысу онсызда әлсіз өндірістік ахуал мен экономикалық жағдайды күйзеліске ұшыратты. Осындай күрделі әрі ауыр кезеңде қазақ халқының ел болып қалу мәселесі тұрды. [3, 122]

1917 жылы Ресейде қордаланған мәселелер ақпан айында Петроградта патша билігінің құлауына әкелді. 1905 жылы қозғалыс ретінде құрылған Алаш 1917 жылы Патша үкіметінің құлауынан кейін қайта жанданып, партия ретінде жұмыс жүргізе бастады. Уақытша үкіметтің құрылуымен бұрынғы империяның ұлттық аудандарында өмір сүретін халықтар өзін-өзі басқару жүйесін қалпына келтіріп жатты. Алаш зиялыларының осы тұстағы алға қойған басты мақсаты қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығын қайта қалыптастыру болды. Бұл кезек күттірмейтін басты қажеттілік еді. Қазақ зиялылары 1917 жылдың желтоқсан айында «Алаш» автономиясының негізін қалады. Тәуке заманынан бергі қазақтардың алғаш рет өзін-өзі басқару құқығын қалпына келтіруі қазақ халқы үшін тарихи маңызы зор оқиға болды. Дегенмен алаштықтардың бұл қуанышы ұзаққа созыла қоймады, қазақ автономиясының ғұмыры қысқа болды. 1917 жылы қазан айында билікке келген большевиктер ұлттық мемлекетке үреймен қарап, қазақтардың өзін-өзі басқару мүмкіндігін шектеуге әрекеттенді. Алаш деп аталған XX ғасындың бірінші ширегінде құрылған бұл мемлекеттік бірлестік көп ұзамай өмір сүруін тоқтатты. [4, 231]

Большевиктер Ресейдің ұлттық аудандарында құрылған автономияларды тұншықтырып, өздеріне тәуелді, қуыршақ, большевиктік үлгідегі автономияларды құруға белсенді кірісті. 1918 жылдың басында басталған Қазақ АКСР-ін құру жұмыстары азамат соғысы жылдары уақытша тоқтап қалғанымен 1920 жылы қайта жалғасын тапты. 1920 жылы 26 тамызда кеңестік бағыттағы Қазақ АКСР-і деп аталатын мемлекеттік бірлестік қалыптасып, РКФСР құрамындағы субъект құқығын иеленді. Осы тұста жаңадан құрылған автономия аумағына қандай жерлер кіруі тиіс деген заңды сұрақ туындады. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалыптастыруда, қазақ жерлерінің автономия аумағына біріктіруде Алаш зиялыларының рөлін ерекше атап өту маңызды. А. Байтұрсынов мен М. Сералин шаруашылық тұрғысында экономикалық байланыстар тұрғысында қарастырғанда Қостанай жерінің Қазақстанмен байланысы берік екендігін, тарихи тұрғыда қазақ жері болған осы уездің қазақ автономиясына қосылуы тарихи әділеттіліктің орнауы болатындығын нақты дәлелдер келтіре отырып, көрсетіп берді. [5, 64]

1921 жылы ақпан–сәуір айларында Қазақ АКСР ОАК қазақ еңбекшілеріне 1916–1917 жылдары тартып алған, помещиктер мен капиталистерге кеткен, қоныс аударушылар заңсыз басып алған жерлерді қайтарып беру жөнінде декреттер қабылдады.

Қазақ АКСР-інің жерлерін нақтылау бойынша Мәскеуде Кремльде өткен ұзақ тартыста Ленин арнайы қаулыға қол қойды. Жиын барысында болашақта құралатын Қазақ мемлекетінің шекарасы белгіленді. Негізгі

тартыс «Қазақ автономиясына қай жерлер кіреді?» деген тақырып төңірегінде айтыс-тартыстар өтті. Ұлттардың этностық, экономикалық, тарихи жағдайлары мен келешегін ескеру, жергілікті органдардың пікірімен санасу қажет еді. В.Ленин өзге ұлттардың сеніміне кіру үшін, Қазақстанның мүддесін қолдады. Ленинмен пікірталастар барысында өз халқының тарихын тамаша білетін Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Ә.Ермеков, М.Сералин және басқалар ресми деректерге сүйеніп, Ақмола мен Семей жерлерінің ежелден қазақтікі екендігін дәлелдейтін айғақтарын алға тартты. Нәтижесінде, 1921 жылы Ақмола және Семей облыстары Сібір ревкомы билігінен түбегейлі Қазақ АКСР-іне берілді. [6, 188]

Орталық Азиядағы түбі бір түркі халықтарының бірлігін насихаттаушы Мұстафа Шоқайдың кеңестік қысымнан шетелге эмиграцияға кетуімен Түркістанда пантүркілік идея саябырси түсті. Дегенмен большевиктер арасында Т. Рысқұлов, С. Қожанов сынды қайраткерлер түркі халықтарының бір тідың астында автономия болып қала бергені жөн деген ұстанымы кеңестік билікке ұнай қоймады. Мұстафа Шоқай шетелдегі эмиграция кезіндегі өмірін кеңес үкіметіне қарсы белсенді күреске арнады. Францияда Яш Туркестан деген журнал шығарып, түркі бірлігі ғана Орта Азия халықтарын жұмылған жұдырықтай ете алады. Сондықтан да кеңестік билікке қарсы шығып тәуелсіздікті жеңіп алудың жалғыз ғана жолы екендігін Түркістан жұртына жеткізуге тырысты. Кеңестік билік эмиграцияда жүрген М. Шоқайдың Түркістан халқына жолдаған үндеулерінен қорықты. Түркістан ілкесінде пантүркілік идеяның жандануы шындығында да большевиктер үшін өте қауіпті болды. Осыған байланысты кеңестік билік Орта Азиядағы түркі халықтарының тарихи туысқандығы мен бірлігінен ажырату үшін «ұлттық-мемлекеттік межелеу» деген науқанды бастады. Бұл саясатқа М. Шоқай қарсы шығып, кеңестік биліктің саясаты пантүркілік идеядан қорқу екендігі болғандығын айтты. Өмірінің соңына дейін пантүркілік идеяның көсемі болған М. Шоқай большевиктердің жергілікті ұлт саясатына қатысты бір жақты шешімдерін сынға алып отырды.

Түркістанның мақсаты - өзінің миллет үкіметін құрып, дербес боп, өз алдында бір үкімет болып тұру. Халқы көптен бұл жұмысқа алысып, шалысып, қан төгіп, соғысып келеді. Үмітіміз зор, мемлекетіміздің болашағына иланамыз. Түркістан жастары айрықша бұл мақсатымызға жеткізуге таланып, тырбанып жатыр. Біздің мақсатымыз жалғыз Түркістанның ғана емес, бүтін түрік өлкелерінің бүтін түрік халқының дос болып, өзара бірлігін нығайту. Түркістанды формасы жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық мемлекет құру, өйткені тек осылайша ғана халқымыз өз Отанында өз тағдырының толық құқықты иесі бола алады» деп дазды өз мақаласында.

Мұстафа Шоқай саяси теоретик ретінде Кеңес Үкіметі билеген Түркістанның тағдырына бейтарап қарамай, Отанында болып жатқан әр оқиғаны талдап отырады. Осы кезде оның "Кеңестер билеген Түркістан" және "Кіндік Азиядағы Кеңестерде" еңбектері жарық көрді.

Ол тіпті кейін өз естеліктерінде де тек автономия жағында болмағанын айтады. Меніңше, Мұстафа Шоқай автономия идеясын місе тұтпаған, қашанда Түркістанның толық тәуелсіздігі мен, біртұтастығын армандаған, тек сол үшін күрескен болса керек.

Орта Азия халықтарының аражігін ажыратып, ұлттық белгілері бойынша мемлекет құрып, шекарасын межелеу мәселесі 1921 жылы 11 сәуірде алғаш рет айтылды. 1924-1925 жж Орталық Азияны ұлттық белгілері бойынша мемлекет ретінде қалыптастыру науқаны белсенді жүргізілді. Большевиктер Орталық Азияда өмір сүрген Түркістан АКСР-інде кең таралып, халықтар арасында күшейіп келе жатқан пантүркілік идеядан қорқып, бұл мемлекеттік бірлестікті таратуды дұрыс деп шешті. Әрбір ұлтқа жеке мемлекет деген жалаң қағиданы ту етіп, түркі халықтардың бірігу идеясын бұзуды осы жылдары большевиктер белсенді жүргізді. Орталық Азияда өмір сүрген түбі бір түркі қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен халықтарының басын біріктірген Түркістан АКСР-і большевиктердің мазасын кетірді, туысқан халықтардың бір шаңырақ астында өмір сүруі мен осы аймақта пантүркілік идеяның жандануынан қорыққан олар (большевиктер) «Орта Азияны межелеу В. И Лениннің ұлт мәселесіндегі өсиеттеріне толығымен жауап береді» деп ұрандатып, республика аумағында қарқынды түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осылай ұлттық-мемлекеттік межелеу жұмыстарын Мәскеудегі РК(б)П Орталық Комитетінің басшылығымен және мұқият бақылауымен жүзеге асырылды. Большевиктер өздерінің түпкі мақсатын көлегейлеу мақсатында Түркістан АКСР-інің аумағында мемлекеттік межелеу саясатын қолдайтын қарарлар қабылдаған ұлттар мен халық өкілдерінің және әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің жиындары мен митингілерін өткізіп, жүргізіліп жатқан саяси науқанның бұқара халықтың бастамасы екендігін көрсетуге тырысып, өз іс-әрекеттерін ел мүддесімен санаса отырып орындап жатқандықтарын жергілікті үкіметтік газеттерде дәлелдеп бақты. [7, 145]

Қазақ жерінің бірігуі Орталық Азияны 1924 жылы РК(б)П Орталық Комитетінің басшылығымен ұлттық мемлекеттік межелеуге байланысты аяқталды. Сырдария және Жетісу облыстары Қазақстанның құрамына түпкілікті кірді.

1924 жылы межелеу нәтижесінде Орта Азияның саяси-географиялық картасы түбірімен өзгерді. Түркістан республикасы, Бұқар Халықтық Социалистік Республикасы, Хорезм Халықтық Социалистік Республикасы сияқты мемлекеттік құрылымдар таратылып, тарих сахнасынан мәңгілікке кетті. Бұлар патшалық Ресей заманындағы әкімшілік-аумақтық құрылымнан мұраға қалған көп ұлтты мемлекеттер еді.

Олардың орнына Өзбек КСР-ы, Түркімен КСР-ы, Тәжік АКСР-ы (Өзбекстан құрамында), Қырғыз автономиялы облысы (РКФСР құрамында) және Қарақалпақ автономиялы облысы (Қазақстан құрамында) құрылды. Бұл мемлекеттік құрылымдар ұлттық белгісіне қарай құрылып, ұлттық республикалар және облыстар деп аталды.

Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу деп аталған осы тарихи процесте ТүркАКСР-ы құрамындағы Жетісу және Сырдария облысының қазақтар мекендеген аумақтары Қазақ АКСР-ы құрамына өтті. Сырдария облысының өзбектер басым бөліктері Өзбек КСР-на өтті, Жетісу облысының қырғыздар басым бөлігі Қырғыз автономиялы облысына берілді. Осылай Қазақстан аумақтарының және қазақ халқының тұтастығы қайта қалпына келді. Қазақ жерін өзіне қайтару оңайлықпен шешілген жоқ. Мысалы Жетісу және Сырдария облыстарының Қазақстанға өтер кездегі талас-тартыстар мен дау-дамайлар, күрес барысы ерекше зерттеуді қажет етеді. Себебі қазақ жерлері өзінен-өзі қайтарыла салынған жоқ. Осы жолда көптеген қазақ қайраткерлерінің тері төгілді. Бұл мәселе құқықтық тұрғыдан ғылыми әдебиеттерде мүлдем сөз болмады десе де болады.

1924-1925 жж жүргізілген ұлттық мемлекеттік межелеу кезінде бұрын Түркістан АКСР-інің құрамында болған Сырдария және Жетісу облыстарының көп жерлері Қазақ АКСР-інің аумағына қосылды. Осы істі атқаруда Т. Рысқұлов мен С. Қожанов сынды қайраткерлердің еңбегі зор болды. [8, 97]

Қорытындылай келе 1920-1925 жж жүргізілген Қазақ АКСР-інің аумақтарын біріктіру жұмыстары тарихи тұрғыда қазақ жерлерін біріктіріп, қазіргі Қазақстан аумағының қалыптасуына әкелді. Қазақ жерлерінің тұтастығын қалыптастыруда Алаш зиялыларының рөлі өте зор болды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. ОҚОММ, 243-қор, 1-тізімдеме, 33-бума, 437-іс,
2. Тастекова Г.Б. Қазақ жері шекарасының қалыптасуы мен анықталуы мәселесінің теориялық проблемалары // Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. ҚМПИ. – 2015.
3. Шарафуддинов З. Қазақ жерін нақтылау жұмыстары // Қазақ тарихы. -2001. - №4. -187 бет.
- 4.Ходжаев Ф.К. К истории революции в Бухаре и национального размежевания Средней Азии // - Ташкент, 1926. - С. 195.
5. Сапарғалиев М.С. Возникновение казахской советской государственности // Алматы: Наука. - 1951. - С. 401.
6. Назарбаев Н. «Сындарлы он жыл» Атамұра. 2001 ж
7. Тоқаев Қ. «Беласу» Алматы., 2003.,
8. Маймақов Ғ. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу) // М.Х. Дулати атындағы қоғамдық қоры. - Монография. - Алматы. - 2005. - 205 б.

## САҚТАҒАН БАЙШЕВ ЖӘНЕ САЯСИ-ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ

*Бекзат Мамбетов* – докторант, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

XX ғасыр басындағы ұлттық саяси элитаның көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың тарихи тұлғасын сомдау бүгінгі тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Осы бағытта тәуелсіздік жылдары қоғамдық ғылымдар саласында атқарылған іргелі зерттеулер баршылық. Дегенде, мәселенің түйіні отандық тарих ғылымындағы тұлғатанудың теориялық-әдіснамалық мәселелері арқылы тарқатылатындығы белгілі. Ал қазіргі тарихи тұлғатану бағытының даму деңгейі, қалыптасқан ғылыми тұжырымдар мен өлшемдер мәселеге айқындық береді.

Қазіргі кездегі тарихи танымның теориясы жаңа парадигмалық құндылықтармен толықтырылуда. Тарихшыдан талап етілетін осы құндылықтық өзгерістер маркстік-лениндік «ақыл-ой алыптарының» тұжырымдарынан қол үзіп, ізденіс тақырыптарын қарама-қарсы бағыттарға ауыстырғанымен кейбір тарихшылардың ескі таным тәсілдері мен қағидаларынан қара үзіп кете алмағандығынан тұлғатану бағытында елеулі олқылықтар орын алуда. Оның басты себебі, отандық тарихи танымдағы ұлттық мүдде ескерілмей, тарихи ақиқат жеткілікті ашылмауы, нәтижесінде тұлғалардың тарихтағы орны мен атқарған рөліне қатысты жаңсақ тұжырымдарға жол беріледі.

Тарихи дамудың барысында қалыптасқан осындай әдіснамалық кереғарлықтар (катаклизмы) тарихи жадты жойып, сол сияқты уақыт сабақтастығына қауіп төндіреді деп бағаланады. Бұл жағдай тарихшыға үлкен жауапкершілік жүктейтіндігі белгілі. Осы мәселеге әдіснамалық тұрғыда мән берген М.Шоқай «Бір ғылыми өтірікке қарсы» деген мақаласында «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне осы, осындай тәсілмен жазылады.

Екінші жолы: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыда талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады» [1, 202-203 б] деген тұжырым жасайды. Тарихи танымның тәсілдері туралы М.Шоқайдың 1931 ж. жасаған осы тұжырымы ешқандай да сәуегейлік емес, тарих ғылымының іргелі

әдіснамалық қағидалары болып шыққандығына отандық тарих бойынша қалыптасқан кеңестік тарихнаманың теориясы мен мазмұны көз жеткізіп берді. Осыған байланысты қазіргі кездегі тарихи санада ақиқатты тану және танытудың мәселесі туындайды.

Кеңеске қарсы буржуазиялық ой-пікірлер деп бағаланған М.Шоқайдың ғылымда үстемдік еткен таптық көзқарасты әшкерелейтін мынадай тұжырымдарының мәні зор. Оның «Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы. Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақ таптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Өйткені, олар тарих өткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешекке сабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі» [1, 203 б] деген пікірлерінде тарихи сана қалыптастырудың саяси кілттипандары айқындала түседі.

Ол тұлғатануға қатысты ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз деген сұрақ қояды да оған өзі былай деп жауап береді: «...белгілі бір мұрат-мақсаттарының соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады». Демек, тарихи сана қалыптастыру да басты міндеттерінің бірі болып саналатын зиялылар «тек жүктелген міндеттерді атқарумен ғана шұғылдану жеткіліксіз. Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білуі тиіс» [1,154 б].

Мұстафа Шоқай Шоқан Уәлихановтың трагедиясын еске ала отырып, «Батысшылдығы» пұшайман жағдайға душар еткен Шоқан трагедиясының қайнар көзі жат адамға айналып қалам деп қорқуында емес, жат адамға айналып қалуында еді» [1, 155 б] деген тұжырым жасайды. М.Шоқайдың бұл тұжырымының танымдық маңызы ескерілмегендігін кеңестік қоғамда таптық идеяға иланып, ұлттық құндылықтардан қол үзіп қалған кейбір қайраткерлерге де тән екендігіне жете мән берілмей келе жатқандығынан аңғарылады. Тарихи үдерістегі ұлттық мүдденің әрбір шегінісінің шынайы астарын осындай тосын көзқарастар арқылы бағамдай алар едік. М.Шоқай ХХ ғ. европалық ғылым мен өркениеттерінің жетістігі жағдайында таза ұлттық интеллигенцияның болуы мүмкін емес екендігін мойындайды, сонымен бір мезгілде оның көзқарасы бойынша европалық рухани құндылықтар ұлттық мәдениетке күштеп таңылмауы тиіс. Ол сондықтан да европалық мәдениеттің өрісіне тәуелді болған дүбәрә қазақтарды қуаттаған жоқ [2].

Тұлғатанудың әдіснамалық ұстанымдарының тарихи тұлғаларды танып білуге жетелейтін себептері көп. Айталық, көптеген тұлғалардың қызметі белгілі бір адамдар тобының, сословиенің, таптың, партияның мүддесін іске асыруға арналады. Міне, осыған байланысты «жеке тұлға кімдердің мүддесін, неге олардың мүддесін және қандай тәсілдермен қорғады?» деген сұрақтың жауабы тұтастай құбылыстың тарихын тарқатады. Осы жағдай базбір зерттеулерде тарихи танымнан тыс қалады да, тарихи тұлғаның есімі



ғана, онда да көбіне даңқы мен дапқырты аталып, тарихи мазмұн жартыкеш, біржақты сипат алады. Ал тарихта кейбір тұлғалар бір идеяның, бір қоғамдық-саяси құрылыстың, тіпті бір отанның ғана жолын қуумен шектелмегендігі мәселені күрделендіре түседі.

Тұлғатануда ең бастысы - оның өмірі мен қызметін жан-жақты бағалау. Кімді де болса біржақты мақтау немесе біржақты қаралауға жол беру - тарихтың шынайы мазмұнын ашуға кедергі болады.

Отан тарихының мазмұнындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, жекелеген тұлғалардың қызметін бағалауда ғылыми айналымға ұсынылатын тың құжаттық деректерден тарихи ақиқатты табу, тану, таныту үшін жаңа әдіснамалық негіз қалыптастыруда ұлттық, мемлекеттік мүдде басты назарда болуы тиіс. Тарихи ақиқатты бүкпесіз және боямасыз тарихи танымға ұсынуды талап ететін бұл ғылыми және әлеуметтік фактор отан тарихының мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтарға сай жаңалайды және қоғамдық ой сананы тұрақтандырады.

Академик Сақтаған Бәйішевтің еліміздің қоғамдық ғылымдар саласында атқарған қызметі талдап, ғылыми бағасын беруді қажет етеді. Оның қоғамдық-саяси қызметінің арасынан саяси қуғын-сүргінге қатысты мәселелерін ғана талдаумен шектелеміз.

Осы бағытта С.Бәйішевтің ғылыми, ұйымдастырушылық жұмыстарына тәуелсіз тарихи таным тұрғысында талдар болсақ, әрине міндетті түрде сын көзімен қарауымыз қажет болатындығы белгілі. Олай дейтініміз, Бәйішев кеңестік партиялық-мемлекеттік номенклатура баспалдағымен идеология мен ғылым саласында биік лауазымдарды иеленген тұлға еді.

1931 ж. 18 майда ҚазОАК жанынан Қазақ өлкелік комитеті секретариаты қаулысымен құрылған марксизм-ленинизм институтында еңбек жолын бастады. Бұл саяси, ғылыми мекеме кейінен 1933 ж. сәуір айынан марксизм-ленинизм Қазақ ғылыми-зерттеу институты деп аталды. Ал 1934 ж. 11 сәуірінен БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бюросы қаулысымен Қазақ аудандық комитетінен, Қазақстандағы БКП(б) біріккен партия архиві бөлімшесі және Марксизм-Ленинизм Қазақ институты болып қайта құрылды. 1939 ж. 2 желтоқсанда БКП(б) ОК қаулысында партия архиві құрамынан шығарылған Қазақстан КП(б) ОК тапсырылған Маркс-Энгельс-Ленин институты Қазақ филиалы болып берілді.

1943 ж. шілдеден бастап Қазақстан КП(б) ОК жанындағы партия тарихы институты болып осы уақыттан бастап архив қайта институттың құрамына кірді. Сақтаған Бәйішұлы 1937 ж. партия тарихы институтының директоры болды [3]. Бұл әрине өзіне сеніп тасырылған білікті оқу орнын өнегелі де білімділікті талап ететін қызмет екенін, үлкен жаупкершілік артылғанын түсіне білді, әрі оны одан әрі көркейту, жас мамандарды тарта түсу істеріне басты көңіл бөлді.

Институт басқармасындағы қызметінде бір жыл көлемінде ғана болған С. Бәйішев, 1938 ж. сәуір айынан бастап Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін бұрындары Ғаббас Токжанов, Ғабит Мүсірепов, Жүсіпбек Арыстанов сияқты

білімді де беделді мәдени қайраткерлер басшылық еткен «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторлығына ауыстырылды [4]. С. Бәйішевтің Партия тарихы институтының директорлығынан «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторлығына ауысуына С. Бәйішевтің ықтияры болмаса да Л.И. Мирзоянның үгіттеуімен, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бюросы мәжілісі С. Бәйішевтің пікірін сұрап жатпастан редакторлыққа бекітіп жіберген. *(С. Бәйішектен кейін партия тарихы институтының директоры болып Мирзоянның жұбайы Ю.Т. Тевосян істегендігін еске алсақ болады – Б.М.)*. Сөйтіп, сол кезден бастап бірсыпыра уақыт Л.И. Мирзоянның тікелей басшылығымен С. Бәйішевке газетте істеуге, сонымен қатар бүкіл республиканың қоғамдық-саяси өміріне қоян-қолтық араласуға тура келеді.

Ол кезде қалыптасқан дәстүр бойынша республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газет редакторлары Орталық Комитеттің бюро мәжілісіне, республикалық түрлі маңызды шараларға ылыми қатынасып отырған. Мәжілісте талқыланған мәселе бойынша қатысушылар пікір алысады, ұсыныстар жасалады.

С. Бәйішевтың институт басқару ісінің алғашқы кезінен бастап-ақ елеулі өзгерістер болды. Онда ол терең ізденістерінің барысында көптеген ғылыми- практикалық конференцияларда баяндамалар оқып, ғылыми мақалалар жариялады. Нәтижесінде Қазақстанның социалистік индустриализациясын аса басымдылықпен ден қойып, онда ғалымның Қазақстанды халық шаруашылығы дамуының жолдарын талдап, болашақтағы индустриализацияның тоқтаусыз даму жолдарын зерттеді. Бұл қайткенде еліміздің жер байлығын өз күшімізбен өндіріп, оны халық игілігіне жұмсау мәселесін көрсетуге тырысқандығы есіп тұрды.

Бұл кезде Орталық Комитет төңірегінде, республикалық, облыстық түрлі жауапты қызметкерлерде жүрген О. Исаев, С. Нұрпейісов, О. Жандосов, І. Қабылов, Ж. Садуақасов, Ә. Досов, Н. Нұрмақов, И. Богданов, С. Есқараев, Ф. Оликов, Т. Жүргенов, С. Сегізбаев, И. Лазарев, В. Степанов, К. Лаврентьев, С. Сапарбеков, К. Сарымолдаев, Н. Сырғабеков сияқты білімді де іскер көрнекті қайраткерлер болды.

С. Бәйішевтің партия институтының директорлығында және газет редакторы болған жылдар тарихтың қаралы оқиғалары өткен кезеңге тап келгені мәлім. Сондықтан ол 20-30 жылдардағы трагедияны көзімен көріп, басынан өткерген адам. Бірақ, халқының басына төнген саяси қуғын-сүргін кезеңінің тікелей куәгері болғандықтан да оның осы нәубет туралы ой-пікірі мен тұжырымы мол болса да, шешіліп ештеңе айтпаған, ішінен тынғандығы аңғарылады. Нәубет жылдарында қызмет бабына сай идеологияның сойылын соғып, солақай саясатты қолдаған кездері де болды. Қандай қызмет тапсырылса да оны еліміздің болашағына деген сеніммен, партиялық биліктік шешімдерінің дұрыстығына деген сеніммен атқарды. Бір сөзбен айтқанда замандастары сияқты партияның сенімді және берілген орындаушысы бола алды. Бұл сол кездегі уақыт пен заманның талабы еді. Одан басқа жол тек қана саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болып, жазаға кесілу еді.

Академиктік соңында қалған мұрадан оның өз замандастары жайлы жазған жазбалары көп. Әйтсе де саяси қуғынға ұшыраған замандастары туралы ештеңе жазбаған екен. Өйткені қайта құрудың, жариялылықтың ауылы әлі де алыс еді. Көкейде қыстығып жүрген ойларын айтуға, жазуға оның ғұмыры жетпеді.

С.Бәйішев 1981 жылдың 12 қазанында КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, ҚКП ОК Бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа бір топ партия ардагерлерімен бірігіп хат жазған екен. Хаттың мазмұны көрнекті мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Сейтқали Меңдешовтың есімін ұлықтауға арналған. Онда қайраткердің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі жөнінде көлемді мәліметтер беріп, оның 100 жылдық мерейтойын лайықты етіп өткізуге тапсырма беруді сұрайды. Солардың арасында оның туған жері Оралда, Алматыда және Жанқала ауданында салтанатты жиын өткізу, Алматыда ескерткіш орнату, Гурьев педагогика институтына, шаруашылыққа есімін беру, Жанқалада музей ашу, өмірі мен қызметіне арнап кітапша шығару сияқты нақты ұсыныстар жазылған. Зерттестіріп қарағанымызда бұл ұсыныстардың іске аспағандығына көзіміз жетті. Әрине, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған қайраткерлердің саяси тұрғыда ақталуы тәуелсіздік жылдары ғана мүмкін болғандығын ескерсек, С.Бәйішевтің бастамасымен ұйымдастырылған хаттың өз замандастарын ақтау туралы аз да болса үлесі болғандығын аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқай Мұстафа. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Қайнар», 2007. -384 б.
2. Кодар А. Жизнь и творчество Мустафы Чокая: необходимость переинтерпретации. (с. 36-37) // XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялылары және ұлттық мемлекеттілік: мұрағаттар, келелі мәселелер, келешегі. Республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары – Алматы: -2008.
3. ҚРПМ. 708-к., 75-т., 37-іс, 37-п.
4. ҚРПМ. 708-к., 75-т., 37-іс, 29-п.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының архивы. Қ.109, 1-тізбе, 15 іс.1-5 п.

## **ИСТОКИ И СУЩНОСТЬ СОВЕТСКОГО ТОТАЛИТАРИЗМА И ЕЕ ПОСЛЕДСТВИЯ**

**Ибраев Галимбек Мадиекович** - магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры «Русского языка и литературы»  
КУ имени Коркыт ата

Тоталитаризм как общественное явление имеет свои истоки, корни, а они уходят в далекое историческое прошлое. Еще в 5 веке до н.э.

древнегреческий мыслитель высказал мысль о том, что обладая мудростью и совершенным знанием, «можно управлять решительно всеми вещами». Детальное обоснование модель «социального государства получает у Платона, Т.Мора, Т. Кампанеллы, в более позднее время эти идеи развиваются в трудах Гегеля, К.Маркса, В.Ленина. Суть этих обоснований, несмотря на глубокие, содержательные различия концепции, выдвигаемых авторами, заключается в убеждении возможности радикального переустройства общества на общезначимых началах и в создании справедливого общества. Ключевым элементом всех концепций является идея всеохватывающей этатизаций (огосударствления) общества, с одной стороны, и наделение государства элементами общности с другой. Великая идея «справедливость для всех» по логике вещей предполагает разделение общества на мудрых и всемогущих субъектов этой справедливости, которым дано ее осуществлять, «защищая» своих подданных от несправедливости, которым остается вера, идеи трудовой энтузиазм. Так справедливость оборачивается несправедливостью для большинства. Именно это означает, в обществе формируется авангардная группа, которая осуществляет эти идеи впоследствии рано или поздно «коллективное руководство» сводится к доминированию одного человека - вождя, отношения с которым могут строиться по принципу личной преданности и умении занять позу «преданности». Тот кто не готов к этому подлежит изоляции или ликвидации. Тому примеров в истории тоталитаризма великое множество. [1]

Весьма важное, если не сказать главное, определяющее место в тоталитаризме как системы общественного устройства занимает власть и идеология, которые полностью заняли место в общественном сознании, но и превратилась в один из главных инструментов осуществления политической власти, в его *atter ego*. И таким закономерным механизмом прекрасно выполнившим задачу формирования тоталитарной системы власти становится партия как главного института Власти. Как известно тоталитаризм как система власти во многом возникает из политических партий. Внутренний механизм любой политической партий построен на выдвижении авторитета какого-либо лидера и стоящей за ним группировки, которая стремится, захватить власть сначала внутри своей партии, а затем в масштабах всего общества на что их толкает сама логика власти, в сущности, является естественным закономерным процессом тоталитарного общества. Впоследствии механизм борьбы за власть группировки внутри партии, ее лидеров как правило, приводят к тому, что систему образующим элементом всех сложных связей становится принцип ее можно условно назвать как бандократий. Рвущая к власти партия начинает строиться по принципу уголовной банды во главе с авторитетом, стремящейся заполучить государственные и общественные институты власти и конечно же право полного контроля над экономическими ресурсами. Об этом наглядно и ярко свидетельствует история возникновения и развития тоталитарного режима получившего название Сталинский тоталитарный режим в СССР.

Возникает закономерный вопрос почему авторитарное Российское государство превратилось в советское тоталитарное. По мнению известного российского философа Ильина, тоталитарное государство отличается от авторитарного в «объеме управления и принудительного регулирования». «Однако такое всеобъемлющее управление осуществимо только при проведении самой последовательной диктатуры, основанной на единстве власти, на единой исключительной партии, на монополии работодателя, на всепроникающем сыске, на взаимодоносительстве на беспощадном терроре». За историческими примерами далеко ходить не надо: «Для нас поучительна история России, - пишет автор «Наших задач», - наша страна политически сложилась, окрепла и культурно расцвела при авторитарной форме государства, а ныне нищенствует, терпит унижения, прекратила свой культурный рост и вымирает физически – именно при тоталитарном режиме ....».[1]

Большевики, включая Ленина и Троцкого, не хотели делиться властью ни с какой из других партий, но на единоличную диктатуру не замахивались. По крайней мере в партии велись открытые дискуссии и решения принимались коллегиальными органами. Неужели решающую роль в установлении тоталитарного режима сыграла субъективная воля Сталина? Для ответа на этот вопрос вновь воспользуемся диалектическим методом и попробуем выявить внутренние причины и предпосылки смены государственного строя в России. Нам предстоит выяснить, по какой причине сталинский социализм оказался жизнеспособным, почему не произошло реставрации монархии или республики подобно тому, как это случилось с Французской революцией.

В первом приближении ответ можно найти в самой постановке вопроса: поскольку этот социализм был сталинским, т.е. диктаторскими, потому и не произошло отката назад. Попробуем обосновать этот тезис, проследив цепочку исторических событий революционного периода. Целью февральской либеральной революции 1917 года была попытка заменить монархию республикой без покушения на частную собственность и свободную конкуренцию. Большевики, совершив октябрьский переворот, по сути, продолжили линию на республику советов (первые советы появились в России еще в 1905г.), но уже опираясь на государственную собственность на основные средства производства и централизацию всей политической и экономической власти. Наступила черед экспериментов с военным коммунизмом, новой экономической политикой и пр. Нелегитимное большевистское правительство, раздираемое внутренней междоусобной борьбой, постоянно испытывало угрозу со стороны как внутренних, так и внешних врагов. Запад считал большевистскую власть временной и не обоснованной: насильственный режим быстро утратил идейную привлекательность, не говоря уже об экономической эффективности. Будучи все-таки интеллектуалом (пусть даже полу-интеллигентом, как окрестил большевиков И.А.Ильин), Ленин с ужасом обнаружил, какого бюрократического монстра

создали большевики на обломках Российской империи, призывал даже «вешать бюрократическую сволочь на вонючих веревках», но не успел. Партийные бюрократы изобрели особый способ кадрового отбора – так называемую номенклатуру. Не имевшая аналогов в истории политическая власть большевиков оказалась бессильной перед напором коммунистической номенклатуры. «Правит не партия – правит аппарат» - эта аксиома родилась еще при живом Ленине.

Сталин, оценив реалии и расклад сил, наоборот стал культивировать бюрократическое поле, считая (не без оснований), что только опираясь на бюрократию, можно сохранить империю со всеми ее человеческими и природными ресурсами, а следовательно, и свою власть. Идеи социальной справедливости его интересовали меньше всего. По сути, если пользоваться классовой терминологией марксистов, монополию на власть в России получил новый эксплуататорский класс - бюрократия; стихийную капиталистическую эксплуатацию рабочих сменила планомерная социалистическая эксплуатация, основанная на административном подчинении партийно-хозяйственному аппарату всех субъектов политической и экономической деятельности.

Марксизм был взят на вооружение коммунистами как инструмент манипулирования общественным сознанием, оправдывающий любое насилие («цель оправдывает средства»). Однако теории строительства социализма как устойчивой экономической системы (тем более в условиях России) не существовало. Потому в течение нестабильного периода проб и ошибок, длившегося около 10 лет, большевики постоянно находились перед выбором вариантов дальнейшего движения: либо назад в капитализм (монархический, республиканский или др.), либо к последовательной диктатуре пролетариата (под которой подразумевалась диктатура коммунистической партии). В первом варианте государственной модели большевикам места не было, но самое главное, этот путь не отвечал интересам новой аристократии в лице партийно-бюрократического аппарата, почувствовавшего вкус неограниченной политической и экономической власти. Инстинкт самосохранения, обостренный внешними угрозами, толкнул бюрократический режим к диктатуре. [2]

Беспощадной критике возникшего в СССР тоталитарного общества подверг известный политический деятель Казахстана М. Шокай в статье "От советского патриотизма - к русскому национализму". В своей статье М. Шокай критикует главный политический рупор большевизма газету «Правду», где он раскрывает всю подноготную сталинского курса в национальном вопросе, по существу, это отождествление в максимальной форме власти и русской нации. Мустафа Шокай пишет, что мир наконец узнал истинное значение, вкладываемое большевиками в понятие "диктатуры пролетариата".

Более того он подробно, а главное аргументированно раскрывает одну сущностных черт тоталитарного общества - борьба и уничтожение политических оппонентов. К примеру в своей статье под названием

"Национал-контрреволюционер или же национал-революционер?", в которой на примере в то время советской Центральной Азии, а именно в Казахстане раскрывает причины и последствия проводимой сталинским режимом репрессивной политики ".[5]

Тоталитарный социализм как устойчивая система власти в СССР наступил в конце 20-х годов, когда Сталин ликвидировал политическую оппозицию и независимые структуры гражданского общества, свернул НЭП, национализировал всю промышленность и землю, ввел колхозы и подчинил бюрократическим институтам партийно-государственной власти все стороны общественной жизни. Сделал он это не по своей субъективной прихоти - этот путь отвечал интересам бюрократии и, что самое важное, предотвратил распад империи, поскольку перспектива расчленения России в случае поражения большевиков была вполне реальной. Какой бы античеловечной не была сталинская система, но она отвечала вызовам того сурового времени. Новый режим хотя и ценой огромных человеческих жертв не только сохранил, но еще больше усилил военно-политическое могущество бывшей Российской империи - в этом была его историческая миссия.

Но как удалось создать такую систему всеобъемлющего «объема управления и принудительного регулирования»? Если отбросить идеологические наслоения и моральные издержки, то истоки авторитарной бюрократической власти можно легко обнаружить в прошлом. История российского самодержавия знает немало примеров установления «культы личности»: начиная от Ивана Грозного и кончая Николаем 1. Монархический строй по определению является авторитарным и, следовательно, бюрократическим. Монарх, управляя государством, вынужден опираться на чиновников. Со времен Петра 1 российская государственность укреплялась, прежде всего, посредством усиления роли государственных институтов, государственная служба становилась престижной даже для дворянства, не говоря уже о низших сословиях. Уже в начале 19-го века бюрократия в России прочно заняла ведущее место в общественной иерархии. Помимо политических, военных, полицейских и социальных функций она занималась распределением государственных заказов и бюджетных субсидий, учреждала акционерные общества с государственным участием и пр. [3]

По сути, коммунистическая власть ничего нового не изобрела, лишь модернизировала надстройку. При этом использовала старую авторитарную матрицу: на смену дворянам пришли коммунисты, капиталистов сменили красные директора, а царских чиновников - новые бюрократы, причем многие из них ранее служили царю. Православие заменила коммунистическая религия – в кодексе строителей коммунизма фактически декларированы христианские заповеди. И неудивительно, что образ генсека Сталина быстро вошел в сознание народа как образ царя, земного Бога. Наблюдая такие метаморфозы, буржуазные политики Запада стали относиться к новой советской России как продолжателю прежней великодержавной политики Российской империи, а к русскому народу - как

генетически склонному к тоталитаризму. С подобным мнением на Западе И.А.Ильин категорически не соглашался и приводил массу доводов против такой интерпретации российской истории на Западе, но популярность монархической идеи в народе не отрицал. Мы не имеем возможности развивать эту тему, поскольку она требует отдельного исторического исследования, но лишь зададимся вопросами: хотел ли русский народ такого царя, как Сталин? Если бы хотел, то зачем тогда Сталину надо было уничтожать и гноить в ГУЛАГе миллионы русских людей? И почему три с половиной миллиона бойцов сталинской красной армии сдались в плен в первые недели Великой отечественной войны? [2]

Идеи уравнилельного социализма в России тоже родились не на пустом месте. Элементы социализма присутствовали и в общинном укладе сельской жизни, и в земском самоуправлении, в соборности. Любопытно, что даже бесплатное образование и медицинское обслуживание не являлись чем-то новым для России. Сам Джугашвили-Сталин, будучи из бедной семьи, получил бесплатное образование в семинарии. Многие социалисты смогли получить университетское образование. Царская Россия проявляла заботу о социально незащищенных гражданах даже в тех случаях, когда они вели антигосударственную деятельность: убежденные враги русского царя большевики неплохо жили в сибирских ссылках, получая от царя денежное пособие (сами они, придя к власти, особо не церемонились с инакомыслящими – вместо пособий кормили свинцом или, в лучшем случае, отправляли в концлагеря, отбивая всякую охоту к правдоискательству).

Как видим, авторитарная система, опирающаяся на бюрократию, возникла в России задолго до октября 1917 года. Малообразованный революционер-практик с деформированной психикой и криминальными наклонностями придал ей жестокую тоталитарную форму, уничтожив мораль и обесценив человеческую жизнь. Неудачи первых пятилеток, издержки индустриализации (аварии в промышленности и на транспорте) списывались на «спецов» и прочих «врагов народа», подвергшихся безжалостным репрессиям. Под сталинскую мясорубку попали все слои общества и, прежде всего, интеллигенция и люди с активной жизненной позицией, не принявшие рабскую идеологию. После смерти диктатора, руководствуясь инстинктом самосохранения, правящий класс вынужден был заниматься модернизацией не только экономики, но и самой системы власти: осудили «культ личности», ликвидировали ГУЛАГ, произошел возврат к авторитарной системе государственного управления. Внешне система мало изменилась, но бюрократия стала играть по новым более цивилизованным правилам, адаптированным к задачам выживания в условиях мирного соревнования двух мировых систем, во главе которых стояли СССР и США. Во внутренней политике появились элементы децентрализации управления (совнархозы), в экономике – принципы хозрасчета. Получила развитие система социальных гарантий: бесплатные жилье, высшее образование, медицинское обслуживание. Но как ни старались советские менеджеры модернизировать экономику, «тормозная»



политическая система оставалась прежней: неограниченная власть политбюро во главе с генеральным секретарем, опирающаяся на партийно-хозяйственную номенклатуру и командно - распределительные методы управления экономикой. [4]

А теперь поговорим о последствиях сталинской тоталитарной системы в некоторых странах бывшего СССР. Удивительно, в современной России, после победы демократии в 1991 году вертикаль власти почти не изменилась – сменились только вывески: президент страны получил полномочия генсека, администрация президента – функции и полномочия ЦК КПСС, руководители областей сменили первых секретарей обкомов, мэр города – первых секретарей горкомов. Но говоря о последствиях тоталитаризма приходится констатировать факт, что в даже капиталисты, заменившие «красных директоров» и ставшие олигархами, были назначены в бывшем политбюро. На смену коммунистической идеологии вновь приходит Православие как это происходит в современной России, а в странах бывшего СССР там роль идеологии заменил Ислам. Место КПСС да и в целом ряде в бывших советских республиках заняла новая партия власти. В связи с этим мы можем констатировать: со дня смерти Сталина прошло более полувека, СССР и социализм давно рухнули, но авторитарная матрица, увы! никуда не исчезла и в ней по-прежнему остается место диктатору. Что касается современного Казахстана, в ней успешно проводятся политические, экономические реформы без социальных потрясений в обществе как это происходило в некоторых республиках бывшего СССР.

#### Литература

1. Бакунин А.В. История советского тоталитаризма. Книга 1. Генезис. Екатеринбург, 1996.
2. Б.Шестов. Истоки советского тоталитаризма. Москва изд. Современная Россия. 1998.
3. Аллан Булок. Сталин и Гитлер страницы политической биографии. Смоленск изд Русич. 1994 г
4. Э.Карр. История советской России. том1. Москва изд Прогресс 1990.
5. Н. Стариков. Сталин вспоминаем вместе. изд Питер 2013
6. М. Шокай. «Избранное» (в 2-х томах), т1, Алматы, Кайнар, 1998.

## АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН РУХАНИЯТЫНА ҚОСҚАН ӨЛШЕУСІЗ МҰРАСЫ

*Құдайбергенова Күнімжан* – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Міржақып Дулатұлы ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ зиялыларымен бірлесіп қазақ халқының азаттығы үшін күрескен, ұлттық баспасөзіміздің ұйытқысы болған ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері.

Міржақып Дулатұлы - Алаш идеологиясын қалыптастырушылардың бірі. М.Дулатұлының қоғамдық-саяси қызметі қазақ зиялылары Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлылармен тығыз байланысты. Қазақтың зиялы қауым өкілдері сол қоғамның ең өзекті мәселесі отарлық езгіге қарсы ұлттың санасын оятып, оны қалыптастыру жолында өздерінің шығармашылық қызметтерімен де, қоғамдық-саяси қызметтерімен де алға шығып, қалың қазақ халқын сондарына ілестіре білді.

Қазақ халқының бойындағы ұлттық рухты, сана-сезімді ояту мақсатында, халықтың көзін ашу жолында аянбай күресті. Осы мақсатта «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттері арқылы орасан зор жұмыстар атқарды. Жастарды қоғам ісіне тартуда, олардың ой-санасының жетілуіне қажетті мәдени-ағарту саласында жүргізген қызметтері ұшан-теңіз. Міржақып сол кезеңдегі үкіметтің жүргізіп отырған саясатын шенеп, қазақ елінің егемендігі, ел болып жерге, суға иелік ету мәселесі, қазақ шаруаларының мұң-мұқтажы, қоныс аударушылар, қазақтың сол кезеңдегі жай-күйі, атап айтсақ, жұттан адамдардың жаппай ашарлыққа ұшырауы, мал қырылуы, байлардың кедей халықтың малдарын тартып алуы, т.б. жайлы журнал, газет бетреніе мақала, сын, әңгіме, өлеңдер жариялай бастайды. Оның алғашқы үкімет саясатын сынай жазған мақаласы «Біздің мақсатымыз» деген атпен 1907 жылы «Серке» газетінде басылып шығады. Ал 1909 жылы Петербургте Міржақып Дулатұлы қазақ халқының көзін ашуға, оятуға талпынып «Оян, қазақ!» деген кітабын жариялайды. Ақын «Оян қазақта» патша өкіметінің қазақтардың малға жайлы шұрайлы жерлерін тартып алып, ата-баба бейітін бұзып, халықты қалай болса солай тартқылап, не тіліне, не діліне, не жеріне иелік етуге мүмкіндік бермей, әбден езіп, жаншығаны Міржақып Дулатұлының жүрегіне ауыр тиеді. Осы өлеңі арқылы халықтың ауыр тұрмысын ойлап, сынға алып жазады. «Оян, қазақ!» кітабы патша үкіметіне ұнамағандықтан М.Дулатұлы қамауға алынады. 1913 жылы А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, М.Дулатұлылардың белсенділігімен «Қазақ» атты биресми газет шығарыла бастайды. Бұл газетте негізінен қазақ халқының қоғамдық мүдделерін көксеген жер-су, оқу-ағарту, ұлт, дін, діл сияқты маңызды мәселелер айтылып, мақалалар жарияланды. [1, 184б.]. Сөйтіп «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының басын біріктірді. «Қазақ» газеті арқылы «Алаш» партиясын дайындауда да елеулі жұмыстар атқарды. Қазақтың ұлт интеллигенттерінің алғашқы қадамы, қазақты біріктірудегі,

көзін ашудағы, сана-сезімін оятудағы жұмыстар тікелей осы газет арқылы іске аса бастады. «Алаш» автономиясы мен Алашорда үкіметін құруда ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлылармен бірге Міржақып Дулатұлы да көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар М.Дулатұлы – әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. «Оян қазақ!» кітабынан бөлек, екінші өлең кітабы 1913 жылы Орынборда «Азамат» деген атпен жарыққа шығады. «Азамат» жинағы негізінен нәзік лиризм тән. Мұнда ақын адамның ішкі сезім-толғаныстарын, табиғаттың әсемдігін айшықты бедерлеуге ден қойған. «Мұң», «Сырым», «Арманым» өлеңдерінің осылай аталуларында да үлкен мән жатыр. Бұл өлеңдердің лирикалық кейіпкері – ел еркіндігін аңсаған, сол үшін ғұмырын арнаған күрескер жан. Міржақыптың үшінші өлеңдер жинағы – «Терме» 1915 жылы шыққан. Кітапта ағартушылық сарындағы бірсыпыра өлеңдерімен («Шәкірт») қатар «Оян, қазақ!» рухындағы туындылар да баршылық. Солардың ең елеулісі – «Елім-ай» өлеңі. Бұл өлең, мәңгі ұмытылмас халық трагедиясының ескерткіші, әйгілі «Елім-айды» еске түсіреді. Осы айтылған үш кітапта да ақын өлеңдерінің басты тақырыбы – ел, жер тағдыры болды. Кітаптың негізгі мазмұны халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдерден тұрады. Сол себепті де автор көп қудаланып, қуғынға ұшырайды.

М.Дулатұлының қазақ әдебиетінде роман жанрын дүниеге келтірген күнды шығармасы – «Бақытсыз Жамал». Бұл роман бірінші рет 1910 жылы Қазан қаласында басылып шығады, екінші рет 1914 жылы, үшінші рет 1991 жылы қазақ оқырмандарымен қайта қауышады. «Бақытсыз Жамал» романы сол кездегі тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, авторлық идеяның айқындылығымен өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне үлкен жол ашты. Міржақып осы шығармасы арқылы бұдан кейін жазылған Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», т.б. романдарына жол ашты. Бұлардың бәрі де сол кезектегі аса маңызды әлеуметтік мәселеге арналды. Қазақ ауылының тұрмысы жайында жазылды. Әйелдердің бас еркі, қоғамдағы жағдайы туралы баяндады. «Бақытсыз Жамал» романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры. Сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық жолы. Шығарма сол кезеңдегі қазақ даласының шынайы тыныс-тіршілігін көрсететін эпизодтан басталады.

...Жайлауға жаңа көшіп қонған ауыл. Саумалкөл маңына жағалай тігілген киіз үйлер. Бие байлап, қымыз сапырған жайма-шуақ ауыл адамдары. Қыстай араласа алмай, сағынысқан жұрт енді бірін-бірі қонаққа шақырып маз. Үй жағалап қымыз ішкен жастар... Осылайша жайбарақат жатқан ауылға патша ұлықтары келе жатқаны туралы хабар тарайды. Абыр-сабыр басталады. Ауыл сыртына үй тігіледі. Арнайы үйге келіп түскен екі ұлықты «ләббай, тақсыр» деп күткен ауылнайдың сөзінде де ерекше бір мақтанш сезіледі. Міржақып Дулатұлы осы шағын көріністі суреттеу арқылы өз заманының тұрмыс-жағдайын, адамдардың психологиясын дәлме-дел береді. Ауыл адамдарының өзара әңгімелерінен, ауылнай бастаған белсенділердің іс-

әрекет, мінез-құлықтарынан жазушы мол сыр ұқтырады. ...Дәл осындай абыр-сабыр сәтте ауыл қазағы Сәрсенбайдың әйелі босанып, дүниеге қыз бала келгені туралы қуанышты хабар жетеді. Дүниеге келген бұл сәби романның бас кейіпкері Жамал болатын. Табиғатынан зерек жаратылған Жамал молдадан ескіше, жаңаша оқып, хат таниды. Түрлі хисса-дастандарды көп оқиды. Бірқатарын жатқа да айтатын болады. Сөйтіп елдің көзіне түсіп, қыз айттырам деушілердің назарына ілігеді. Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, парасат үшеуі бір-біріне сай келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды. Бұл айтылмыш артықшылығының үстіне сөзге бек ұста болып, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды. Олай-бұлай қалжыңмен сөйлескен бозбаланы сөйлетпейтін еді. Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де «Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар» деген лақап жайыла бастады. Көркіне ақылы сай болып бойжеткен Жамалды Байжан деген бай баласы Жұманға айттырады. Қыз шешесінің қарсылығына қарамастан, Сәрсенбай болашақ құдасының байлығына қызығып, құдалыққа келіседі. Бірақ бай баласы топас, нашар болады. Жамал оны менсінбейді. Сөйтіп жүргенде бір тойда оқыған, мәдениетті, жаңаша киінген, сыпайы, әдепті Ғали деген жігітпен танысып, көңілдері жарасады. Арада біраз уақыт өтіп, қыздың Жұманға ұзатылар шағы туғанда, Жамал Ғалимен қол ұстасып қашып кетеді. Жастарды қудалау басталады. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан Ғали ауырып қайтыс болады. Қайғыға батқан Жамал көп ұзамай Жұманға ұзатылады. Көрмеген қорлықты көреді. Ақыр аяғында бір боранды күні Ғалидың қабірінің басына барып, жылап жатып қайтыс болады. Романда оқиға желісі - суреттелетін ауыл өмірі, әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдері арасындағы қарым-қатынастар мен жекелеген адамдар түсінігіндегі қайшылықтар шырмауына түскен Жамал мен Ғалидың мөлдір махаббаты, өз еркіндіктеріне жету жолындағы ұмтылысы осы арнада өрбиді. Ақыр аяғында трагедиямен аяқталады. М. Дулатұлы бұл оқиғаны кездейсоқ болған бірді-екілі жай ретінде қарамайды. Ғашықтар трагедиясын ол қазақ даласындағы әлеуметтік мәселе дәрежесіне көтереді. Сол арқылы қазақ қыздарының бас еркі, жастардың өз қалауымен өмір сүру қажеттігі туралы ой ұсынады. Жазушы үшін әйелдің бас бостандығы, өзінің сүйгеніне қосылып, өмір сүруге мүмкіндік алуы ең бір түйінді мәселе болды. Ол әйелдің арын аяққа басатын ескі әдет-ғұрыпқа үзілді-кесілді қарсы шығады. [2, 86 б.].

Міржақып Дулатұлының романдағы Жамал бейнесін сомдаудағы жаңалығы да өзінің осы идеясына негізделеді. Романдағы Ғали — сол замандағы оқыған, мәдениетті жастарының жиынтық бейнесі. Сырт келбетіне ақылы сай жігіт Ғалидың әрбір іс-әрекетінен, сөйлеген, жазған хаттарынан бұл қасиет айқын аңғарылады. Ал шығармадағы Байжан бай, оның баласы Жұман, сондай-ақ Жамалдың әкесі Сәрсенбай, үлкен шешесі Қалампыр - ескі психологияның адамдары. Оларға адамгершіліктен гөрі байлық, шен мақтанышы қымбатырақ.

Тұтастай алғанда, «Бақытсыз Жамал» романы сол кездегі тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, авторлық идеяның айқындығымен өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне дәстүрлі жол

көрсетті, үлгі болды. Шығарманың орыс, қазақ әдеби сынынан кезінде-ақ жаңа жанрдың төл басы, үздік көркем, реалистік туынды ретінде жоғары бағасын алғандығы мәлім.

Қазақтың зиялы азаматы Міржақып Дулатұлы 1925-28 жылдары Қызылорда қаласы Астана болып тұрған кезде Селеверстов 17-үйде тұрған. Осы жерде өзінің көптеген әдеби туындыларын өмірге әкелген. М.Дулатұлының отбасында қазақтың сол заманының белгілі зиялылар тобы, небір майталман ақын-жазушылары мен жезтаңдай әншілері қонақта болып, осы үйден дәм татып, мәжіліс құрған. Атап айтсақ, Нәзипа Құлжанова, Ілияс Байменов, Әліби Жангелдин, Серке Қожамқұлов, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Мағжан Жұмабаев, Әлкей Марғұлан, Смағұл Садуақасов, Қошке Кемеңгеров, Әлібек, Әуелбек Қоңыратбаевтар және т.б. М.Дулатұлының қызы Гүлнар апай өзінің естелік кітабында: «Біздің үйде болған кісілерді сағынышпен есіме түсіріп, көз алдымнан өткізіп, тізімін жазып шыққанымда, есімде қалғандары ұзын саны – 114-тен астам екен», - деп сағынышпен сол жаймашуақ кезеңдерді еске алады [3, 172б.]. М.Дулатұлы осылардың әрқайсысына көмек қолын ұсынып, қазақ ұлтының дамуына, әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне мол үлес қосқан.

Сондай-ақ, М.Дулатұлының қызы Гүлнар апай әкесі жөнінде: «Қазақ зиялы қауым өкілдерінің ішінен ең соңғы ақталғаны, менің әкем М.Дулатұлы» - деп айтады. Кеңес өкіметі әкемді өздері қаралады, өздері ақтап шығарды» - деп те еске алатын кезі бар. Қалай дегенде де, қазақтың сол замандағы біртуар азаматы М.Дулатұлының қазақ еліне қалтқысыз адал қызмет еткені баршаға аян.

Қорыта айтқанда, Міржақып Дулатұлының еңбектері, сол қоғамдағы атқарған сан-салалы қызметтері өскелең ұрпаққа үлгі боларлық құнды дүниелер. Тәуелсіздігіміздің тізгінін ұстайтын болашақ жастарымыз М.Дулатұлының шығармаларын оқи отырып, өздерінің таным-түйсігін қалыптасырады, болашаққа деген сенімін нығайта түседі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елім деп соққан ұлы жүрек. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық серия. Алматы., 2002. 362б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

*Ержанова Айнур Айтбаевна* - тарих пәнінің мұғалімі Мұстафа Шоқай атындағы №187 мектеп -лицей

Әлемге аты мәлім қоғам қайреткері, саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы мен мазағын қайыспай көтерген, әділеттен басқа досы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат-мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезіндегі құлып астындағы құпия болды. Күллі түрік миллетінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы Мұстафаның жан кешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті. Мұстафаның інісі Нұртаза мен туысы Мырзеке Қалымбетұлы “халық жауымен” хандық қатысы болғаны үшін атылды. Қалғандары қуғын-сүргінге түсті. Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша ҰҚК қызметкері Ж.Шәкібаев “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты кітап жазып, М.Шоқайдың қоғам алдындағы жұмысын жоққа шығаруға тырысты. Ал Мұстафаның кінәсі- өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі еді. Айыбы-атамекенге, ана сүтіне адалдығы. Ол өле-өлгенше осы бағытынан айныған емес. Уақыттан асқан кемеңгер бар ма, қазақ зиялылары жан алып, жан беріскен ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді. Мұстафаның бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірде тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көк те, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде.

Қазақтың аяулы азаматы Мұстафа Шоқай 1890 жылы, 7 қаңтарда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы Сұлутөбе станциясында туған. Ол әуелі ауылдағы мектепте оқып, кейін Ташкенттегі гимназияны, Петербурдағы университеттің заң факультетін бітірген. Орыс, ағылшын, француз, поляк және бірқатар түркі тілдерін емін-еркін білген. 1915-1917 жылдары Түркістан өлкесінің тәуелсіздігі үшін жан таласып күрескен. 1917 жылы қарашада Қоқан қаласында болып IV бүкілтүркістандық мұсылмандар съезі Түркістан автономиясын жариялағаны тарихта мәлім. Жалпыға “Қоқанды автономиясы” деген атпен белгілі бұл үкіметтің бірінші Президенті Мұхамеджан Тынышбаев болды. Кейін оның орнына Мұстафа Шоқай сайланды. Өкінішке орай, үш айдан соң кеңес үкіметі Түркістан автономиясын күшпен таратты, осыдан кейін Мұстафа шетелге кетуге мәжбүр болды. Бірақ, ол эмиграцияда жүріп, кеңес үкіметімен өзінің идеялық күресін тоқтатпады. 1917-1940 жылдар аралығында Стамбулда және Берлинде “Жаңа Түркістан” мен “Жас Түркістан ” деген журналдар басып шығарып, сонда кеңес үкіметінің әділетсіз саясатын бүкіл батыс елдеріне жария еткен. Ташкенттегі орыс ұлтымен жергілікті халық арасындағы әлеуметтік теңсіздік, келіспеушілікті көзімен көрді. Ұлтжандылық сезімі оянуына алдымен орыс шовенизмі ықпал етті. Алғашында орыс алпауыттары мен патшаның Ресейдің отаршылық саясатына саналы түрде қарсы шыққан,

интелект түрінде қорғанды. Ауыл қазағының арыз-шағымын жазып, дауына араласу гимназиядағы сабағына көп кедергісін келтірді. Ауыл баласы әлеуметтік мәселемен генерал Самсонов алдына бірнеше мәрте барды. Ол барған сайын орыс озбырлығын Самсоновтың көзіне шұқып көрсеткісі келді. Алайда Самсоновтың жан-дүниесі адалдық ауылынан алыс жатыр еді.

М. Шоқайдың Петербург университетінің заң факультетіне түсуі сол кез үшін үлкен дәреже. Бұған Орынбор генералы –губернаторы Перовскийдің ұсыныс хаты көмек болады. Бәрі бір реакцияшыл көзқарастағы губернатор ішкі саясаттағы ерекшеліктерді есепке алды. Орыс мемлекетінің билеуші топтары Түркістан тұрғысындағы отарлық саясатын жүргізсе де Петербургтың ғылым төңірегіндегі зиялы қауымы таланттарды бағалай білді. Ол университетті 1917 жылғы ақпан төңкерісінен бұрын бітірді. Зеректігі арқылы университет қабырғасынан жеті тілді меңгеріп шықты. Мұндай жетістік оның мәдени көкжиегін кеңейте түсті. Ал, өмір тәжірбиесінен ұлтаралық саясаттың салмағын 1914 жылы Думада мұсылман фракциясына хатшы болып жүріп үйленді. Фракция Дума депутаты Алихан Бөкейханның ұсынысымен келіп, А.Байтұрсынұлы секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. Мұндағы қызметі де өз жерлестерін отаршылардың зорлық-зомбылығынан қорғау болды. Жазықсызды жаладан сақтау, әлсізді қорғау оның мақсатына айналды.

Тарихшы ғалымдар Қойкелдиев пен Нүсіпхановтың “М.Шоқай және Түркістан” мақаласында: “1916 жылы Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысты аяусыз басып жаншыған кезде демократиялық топтар үкіметке қарсы оппозиция құрып, талқылады. Осы мәселе бойынша ресми баяндама дайындау үшін Түркістанға арнайы сапармен келген депутат А.Ф.Керенский және фракция жетекшісі К.М.Тевкеловпен бірге мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқайда болады.”-деп жазады. Бұл оның өз ұлтына араша түсудің бірден-бір жолы-түрлі партия, уақытша үкімет және эсер жұмысшы солдат кеңесімен түсінісу керек болады. Осының бәрі Орта Азияда өз тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясын құру мақсатында жасалған. Құрылтайшылары Түркістан автономиясы деп, оған Сырдария, Ферғана, Самарқан уәлаяты толығымен қатыссада, орыс большевиктер кемсітіп, Қоқан автономиясы деп атаған аз күндік жаңа құрылым Шоқай идеясының түпкі мақсаты болады.

М.Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатқа ептеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Бірақ “ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз” деген бірде бір орыс демократтарына сенген жоқ. “Олар үкімет басына келген соң сөзсіз айнып кетеді” деген пікірін сөз арасында түсіндірумен болды. Сондықтан Ресейден енші алуды қызбалыққа, асығыстыққа ұрынбай жан-жақты ойластырылған саясат жүргізу керек еді. Ресейдің билеушілері іш тартып алмас үшін М.Шоқай Ресеймен шекаралық, қаржылық және сыртқы саясатта бірлігін жоққа шығармайтынын дәлелдеп берді. Қоқанд автономиясының келешегіне ол күмәнсіз сенді ме, күмәні болды ма белгісіз, бірақ, ол адам қолынан жасау

мүмкін емес тарихи төтенше оқиғалардан үміттенді. Адамды үміт жетелейді, апатқа да соқтырады. Соның бәріне Мұстафа бастаған ұлтжанды азаматтар басын қиып еді. Ол Түркістан халқы арасындағы қоғамдық белсенділіктің, сауаттың, ұйымшылдықтың, рулық жіктелудің қандай деңгейде екенін жақсы білді. Жаңа автономияда сот жүйесін қазылар алқасы, немесе шарифат жолымен жүзеге асыруды ұсынған кезде бірден қарсы болды. Ол түркі тілдес халықтың психологиялық дәстүрлі ерекшелігін жақсы біледі. Сондықтан жалпы мемлекеттік сот құруды талап етті. Қоқан автономиясының 1918 жылдың қаңтарында құлауында себеп көп. Жергілікті халықтан кең көлемде қолдау таппады. Уақытша үкіметпен сенімді байланысы жоқ. Ел ішінен іріткі салатын неше түрлі қоғамдық қозғалыс өріс алды. Ең бастысы Петербургтен бастау алып Ташкентте өрістеген депутаттардың үкіметі Қоқан автономиясын Түркістан өңірінде қауіпті аймақ деп санап, көзін жоймаққа жанталаса кірісті. Соңында автономия қанды қырғынға ұшырайды. Соның салдарынан елде басшылық қозғалыс өріс алды. Шоқай сол күндер жайлы тарығып жазған бір мақаласында: “...Қоқан ұлттық үкіметінің большевиктерге қарсы күресі кезінде, яғни 1918 жылы ақпанда, осыдан 1 жыл бұрын Ақмешітте 1917 жылдағы мамыр айында орыс жұмысшы солдаттары қолында өліп кетсемші деп өкінгенім бар” деп жазады.

М. Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық-зомбылығы, қарапайым алаңда берген ақіреті оның өмірінің қайғысы, мұңы болды. Орыс демократтарына үміт арту да үзілді-кесілді тоқтады. Соның бірі жоғарыда айтылған Қоқанд автономиясының құрылуы. Оның рухани көсемі- Мұстафа Шоқай. Оның өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған ол ХХ ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгермеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр. Ол Түркі халқын орыс диктатурасына қорғауға күш салды, бірақ, озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я.Газовский, И.Пильсутский, В.Чайкин, В.Наливкинге деген құрметі ерекше еді. Өмірлік досы Мария Яков қызыда орыс ұлтынан болатын. Түркия арқылы алғаш Германияға, сонан соң Францияға барып орнығады. Эмиграцияда “Жаңа Түркістан”, “Жас Түркістан” журналдарын шығарып, кеңестің озбыр саясаты туралы зерттеулер жазады. Қайраткер 1941 жылы 27 желтоқсанда Берлинде жұмбақ жағдайда қайтыс болады.

Еліміз өз егемендігін алған кезден бастап қолға алынған әлеуметтік, рухани-мәдени жаңару үдерістері қоғамның барлық салаларын қамтыды. Тәуелсіз мемлекетіміздің ғылымы зор серпілістен алға қарай қарышты дамуға мүмкіндік алды. Әсіресе, оның ең маңызды бөлігіне жататын Отан тарихы бойынша кешегі тоталитарлық кезеңде әбден бұрмаланған ұлттық тарихымыздың “ақтаңдақ” тұстары қалпына келтіріліп, оларға ғылыми тұрғыдан шынайы бағалар беріп, ұлттық санасын қалыптастыру ісінде бет бұрысты қадамдар жасалды. Осыған орай, біз қызмет ететін Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы да атсалысқанын айта кетуіміз парзымыз. Тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай яғни 1992 жылдың



қыркүйек айында Алматыда Әлем қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткені баршаңызға мәлім.30-ға жуық елде тұратын қазақтардың өкілдері жиналған бұл Құрылтайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылып,оған төралқа төрағасы болып Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланған еді. Міне осы Құрылтайда Мұстафа Шоқайдың қазақ халқына сіңірген еңбегін бағалау мәселесі сөз болды.Осының нәтижесінде Мұстафа Шоқай мәселесі түбегейлі шешу үшін Елбасының қолдануына сүйену қажет екендегі айқындалды.

Сыр бойынан атақ-даңқы алты алашқа тараған небір асыл азаматтар түлеп ұшқан, бүгін 125 жылдық мерейтойы салтанатпен өтіп жатқаны Мұстафа Шоқай есімі ел есінде мәңгі сақталатын осындай тарихи тұлғалардың алдыңғы қатарынан орын алады.

Мұстафа Шоқай сынды ұлы тұлғаның бүкіл халқымыздың жүрегіне жетіп, жанын тебіrentіп, болашақтағы мәңгілік ұранына айналса екен деймін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. -Алматы: Дайк-Пресс,2008ж.
2. Қара Ә. Мұстафа Шоқай.Өмір,Күресі, Шығармалары.Алматы 2004ж.
3. Бәкір Ә. Алаш қозғалысын саяси топ басшыларының әлуметтік көзқарастары. Оқу құралы Астана,2008ж.
4. Қыдыралиев Д.Мұстафа Шоқай.- Астана 2007
5. Койкелдиев М.Тұстас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқай. // Егемен Қазақстан.-1997.1-ақпан.

### МҰСТАФА ШОҚАЙ – АЛАШ АЛЫБЫ

*Ишанқұл Бақдәурен Абайқызы* - М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

Алаш жанашыры, Алаш үшін жанын берген ұлы тұлғалар. Осындай тұлғалар жайында Елбасы Н.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», – дейді.

Соның бірі Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресінің жетекшілерінің бірі Мұстафа Шоқай. Осыдан 126 жыл бұрын 1890 жылы 7 қаңтарда Қызылорда облысы Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылының Сыр өңіріне сыйлы, ауқатты Шоқайдың

шаңырағында өмірге келді. Мұстафаның шыққан тегі Орта жүздің Қыпшағы, оның ішінде шашты руы. Атасы Торғай Сыр бойындағы қазақтары патшалық Ресейдің қол астына кірмей тұрғанда Хиуа ханының датқасы болған [1.248б]. Бірде Хиуаның ханы Торғайдың бітімі сұлу, жүйрік тұлпарына қызығып, алып кететін көрінеді. Батыр Хиуа ханына жалғыз өзі барып, барша халықтың көзінше хан сарайынан атты мініп кеткен екен. Сонда хан қарап тұрып: «Тимендер оған, тиюге болмайды», – деп батпаған дейді. Торғайдың ханнан қаймықпай өз тұлпарын мініп кеткені халық арасына аңыз болып тараған. Бұндай мінез Мұстафаның әкесі Шоқайда да болған. Анасы Бақты да текті жердің қызы екен. Анасы Бақты Түркістанды орыс басқыншыларынан қорғауда ерекше көзге түскен әскербасының қызы. Бақты да әкесімен бірге соғысқа қатысып, барлаушылық қызмет атқарған. Бейбіт күнде өлең жазып, дастандар жырлаған. Араб әліппесінде оқу-жазуды білген. Мұстафаның да ержүрек, ештеңеден қайтпайтын мәрт мінезі атадан қанға сіңген қасиет болса керек[2.9б]

Мұстафа Шоқай жазу-сызуды анасынан 5 жасқа толмай үйреніп, 5 жасында домбыра шерте білген. Білім алуды Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінен бастайды. 1902 жылы Ташкенттегі ер балалар гимназиясына түседі. Гимназияны 8 жылдан кейін «өте жақсы» деген бағамен бітіреді. Мұстафа ер балалар гимназиясын алтын медальмен бітіреді. Мектепте тағы бір бала күміс медаль алады. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Александр Самсонов медальдарды тапсыру үшін гимназияға келеді. Бірақ Самсонов ұлтшыл болатын. Самсонов Мұстафаға тиесілі алтын медальды бергізбей, күміс медальға ұсынылған орыс баласына бермекші болады. Мұстафа медальдан бас тартып, алмайтынын айтады да, әлгі орыс оқушысы Зепреметов күміс медальды ғана алады. Отаршылдықтың осы өрескел көрінісін жергілікті жастармен бірге орыс жастарының да қарсылығын туғызады. Осындай оқиғалар арқылы Мұстафаның алғашқы саяси сауаты ашылды деуге болады [2 10 б].

Мұстафаның Қызылордадағы ұстазы Иван Наливкин мен Ташкенттегі ұстазы Т.Доррер білім, ғылым ізденуде жол көрсетті. Осы екі кісі Мұстафаға Санкт-Петербургтегі императорлық заң университетіне түсуіне ықпал еткен. Санкт-Петербургтегі кезең Мұстафаның жай ғана бунтарь емес, саналы түрде революциялық жолға түсуіне жол ашты.

1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түседі. Осында оқып жүргенде жерлестері әр-түрлі арыздармен жәрдем сұрап, көмек алып тұрды. Мұстафаның оқуына бөгет жасайды. Кейбір үлкен істер бойынша тіпті сенат алдында да мәселе қоюға тура келеді. 1914 жылдың көктемінде Мұстафа Петербургте оқып жүрген түркі жастарының патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына байланысты баспасөз бетінде жарияланған үндеуіне қатысады. Оған сол кезде империя астанасындағы 31 өзбек, татар, башқұрт, қазақ студенттері қол қояды. Мұның өзі Мұстафаның саяси қозғалысқа бет бұра бастауының, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлер қатарынан өзіндік орын алғандығын көрсетеді. Түркі халықтары тарапынан сөйлейтін бүркеншік діни құрылымдар мен басылымдарды ұйымдастыру

арқылы патша өкіметінің ұлт-азаттық қозғалысын іштен бүлдіруге бағытталған арандатушылық саясатының қауіптілігін жете түсінуі, ол жөнінде өз пікірін ашық білдіруі, М.Шоқайдың саяси ұйымының қалыптасып, шындала түскендігінің куәсі еді. Мұстафаға алғашқы жүктелген қоғамдық жұмыс – оның 1914 жылы Әлихан Бөкейхановтың ұсынысымен IV Мемлекеттік Думаға Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалуы. 1907 жылғы 3 маусымдағы заңы қазақтарды Мемлекеттік Думаға депутат сайлау құқығынан айырады. Осындай жағдайда Думадағы Мұсылман фракциясы жұмысына араласып жүрген М.Шоқайдың Ресейдегі қайраткерлермен, Дума депутаттарымен араласуы, іс жүзінде жалпы мұсылмандық, жалпы түркістандық идеяларды қолдауына алып келді. Азаттық алу үшін езілген халықтардың тізе қосуы қажет екендігін Мұстафа сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл пікірден айныған жоқ [2 11 б].

М.Шоқайдың Ә.Бөкейхановпен бірге 1916 жылдан бастап жақын қарым-қатынаста болады. Сол жылы IV Мемлекеттік Думаның Мұсылмандық фракциясы жанынан құрылған Кеңесу бюросы құрамына енген Әлихан жаңа құрылымда Түркістанның бір өкілінің болуы керектігі және оған М.Шоқайдың лайық екендігі жөнінде мәселе көтереді. Бұл орайда оның жан-жақты дайындығының барлығы, Түркістан жағдайын жақсы білетіндігі, Петроградта тұратындығы, бұрыннан да Мұсылман фракциясының жұмысына қолғабыс беріп келгендігі есепке алынады. Мұстафа бюро жұмысына 1916 жылдың 1 қарашасынан бастап кіріседі. Бұл құрылым өз алдына мәселе шешпегенімен, халықтың арыз-шағымдарын Мұсылман фракциясына, ол арқылы Дума мүшелеріне, жұртшылыққа жеткізуде фракция мүшелерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды. Мұсылман фракциясы мен оның Кеңесу бюросы төңірегінде мұсылман прогресшіл-реформаторлық қозғалысының ең жігерлі күштері топтасады. Бюро ұлттық қоғалыстың интеллектуалдық, ақпараттық және үйлестіру орталығына айналады.

Сол уақытта Әлихан Бөкейхановтың Алаш көсемі болғаны белгілі. Оның оң қолы мен сол қолы Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсынов еді. Осы үшеуімен де Мұстафаның тағдыры тығыз байланысты. Мұстафаның саясаткер, қайраткер, күрескер ретінде жетіліп, толығына үлкен әсер еткен 1916 жылғы көтеріліс. Генерал Анненковқа болған соттың архивте жатқан стенографиясында «Революцияны 1917 жыл біз бастаған жоқпыз, шын революцияны 1916 жылы киргиздар бастаған болатын», дейді. Себебі, Еуропада соғысып, өзімен-өзі болып жатқан Ресей тылында, алыстағы қазақ жерінде революцияның бұрқ ете қалатынын білмеген. 1916 жылғы көтеріліс қазіргі Өзбекстанға қарасты Жизақ облысында да кең құлаш жайған еді. Думаның мұсылман фракциясында жұмыс істеп жүрген Мұстафа болашақ Уақытша үкіметтің төрағасы Керенскиймен бірге Ташкентте комиссия мүшесі болып келеді. Ел арасына тарап кеткен мынадай бір әңгіме бар. Керенский Жизаққа келгенде: «Ал, Мұстафа, көтеріліс болған жерді көрсетпейсің бе маған?», – дейді. Сонда Мұстафа: «Керенский мырза,

сіз тұрған төмпешік қаланың дәл ортасы еді. Қазір қалада үй қалмаған, тып-типыл болған», – депті. Керенский: «Апыр-ай, бұл не деген жауыздық!» – деп қысылып қалған екен. 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға көрсеткен айуандығын тексеру үшін тергеу комиссиясын құруға да шешуші ықпал жасаған – Мұстафа Шоқай. Тергеуге бейбіт халыққа жасалған жауыздық жайлы құжаттар мен деректер, тонау, өлтіру жайында айғақтар табыстаған да, қиратылған, өртелген, тоналған қышпақтар мен қалалардың санын көрсетіп, аттарын атап берген де – Мұстафа Шоқай. Құрылтай жиналысындағы Түркістан халықтарының құқықтарын қорғау жөніндегі өкілдер комиссиясына басшылық еткен де Мұстафа Шоқай. Сонымен бірге Мұстафа Шоқай тобы біртұтас Түркістан конференциясының құрамында Түркістан ұлттық автономиясын құруды жоспарлайды. Ресейдегі революциялық ахуал: монархияның құлатылуы, 1917 жылғы Ақпан көтерілісі, уақытша үкіметінің құрылуы оны осындай ойға жетелейді. Ол уақытша үкіметтің басында тұрған Керенскийдің өз кабинетіндегі министірдің портфелін ұсынғанын қабыл алмай Түркістанға жүріп кетеді. Алайда, сол уақытша үкіметтің дәл өзі Түркістан халықтарының өзін-өзі билеу құқына ашықтан-ашық қарсы шығып, империялық саясатты жалғастыруды жақтаған. Елдегі саяси қозғалысқада Мұстафа Шоқай белсене араласып, іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналды. Түркістан Уақытша Кеңесі 12 орыннан тұратын Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітеді. Бас Министр болып Мұхамеджан Тынышбаев, ол отставкаға кеткеннен кейін Мұстафа Шоқай бекітіледі. Бұл кезде Мұстафа Шоқай Өлкелік Қазақ Кеңесінің төрағасы болатын. Оған қоса 1917 жылдың шілде айында Орынборда өткен I Бүкілқазақтық Құрылтайдан соң құрылған «Алаш» партиясына да мүше еді [2 13 б].

Дегенмен кеңестік тарихнамада Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән-мағынасы төмендетіліп, қала деңгейіне түсіріліп, «Қоқан автономиясы» аталып келді. Сонымен бірге, бұл автономия жергілікті халықтың қолдауын таппай құлап қалды, ал оның басшылары қашып кетті деген пікір қалыптасты. Шындығында олай емес. Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі өзін бірден-бір билік иесі деп есептеп, 1918 жылдың қаңтарында Қоқандағы Мұсылман автономиясына қарсы қанды қырғын ұйымдастырды, өйткені оны контрреволюцияның ошағы деп санады. Мұны Түркістан халықтары Совет үкіметінің өздеріне қарсы жасалған шовинистік акциясы деп қабылдады. Бұл шара жалпы халықтық қарсылықты туғызып ол кеңестік тарихнамада «басмашылық», яғни бандалар қозғалысы деп теріс бағаланды.

1917жылғы 5-13 желтоқсандағы 2-ші жалпықазақ құрылтайы барлық қазақ облыстары өкілдерін қамтыған 15 адамнан тұратын Ұлт Кеңесі – Алашорда өкіметін құрғанда, оның құрамына Мұстафа Шоқайда енді. Мұстафа Шоқайдың жерлестеріне өз атынан жолдаған қайрылуында «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы, бүгін. Айырылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазақтары

кешіктірмей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз» – деген сөздер бар еді [2 14 б].

Желтоқсан айының басында революцияға әбден беріліп, қанаттанған халық мешітке жиналып, намаздан кейін уағдаласып, көшеге шығады. Бұларға көшеде күтіп тұрған еуропалықтар қосылады. Араларында Доррер, Наливкин бар, Орта Азияны мекендеген немістер мен еврейлердің де, орыс-казактары мен жұмысшы табының да өкілдері бар, барлығы қолдарына ту алып қаланың орталық бөлігіне бет алады. Шыршық өзенінің жаңа көпір деген жерінен өте берген кезде, төрт тұстан пулемет құрып қойған большевиктер халықты қанға бөктіріп, қырып салады. Сол күннің ертеңінде «Қанды оқиға» деген мақала жазылған. Большевиктердің халықты қалай қырғаны жайында Мұстафа Шоқайдың өзі де шығармаларында жазған. Саясатқа жүйрік большевиктер енді ұлттар арасына жік сала бастайды. Түркімендер мен өзбектер арасында соғыс шығарады. Ташкентке келе жатқан составтарда ұлтаралық қақтығыстар туғызады. Өзбектер мен тәжіктерді, тау қырғыздары мен қазақтарды қақтығыстыра білген. «Түркістанды қазақтар билеп отыр. Бұлар ертең өзбектерді де, тәжіктерді де, қырғыздарды да қазақ қылып алады. Министрлерінің бәрі қазақ. Бұған төзуге болмайды. Қазаққа билетіп қоямыз ба?»–деп өсек таратып, базарларда жүретін адамдары болған. Ақыры ушығып, түркімен делегациясы кетіп қалады. Осыдан кейін Мұстафа Шоқай Түркістан республикасының астанасын Ташкенттен басқа жаққа алып кетуді ойластыра бастайды. Ақыры тоқтағаны Қоқан қаласы болды.

Қоқанға көше салысымен революциялық іс, мемлекетті құру жалғаса береді. Аз уақыттың ішінде 12 министрлік құрылады. Мұстафа өзінен гөрі сәл жастау, Мұхаметжан Тынышпаевты бірнеше рет сөйлесіп жүріп, Түркістан республикасының премьер-министрі болуға көндіреді. Өзі революцияның көсемі және сыртқы істер министрі ретінде қалады. Екі айдан сәл-ақ асатын мезгілде ішкі істер министірлігін құрып, милиция жасақтайды. Екі айдың ішінде 2 мың адамнан тұратын армия құрылды, оның формасы тігілді. Мемлекеттік банк, қазіргі тілмен айтқанда, мақта-мата кластері құрылды. Судьялар тағайындалды. Франциядан, Ыстамбұлдан көп ақша түсе бастады. Мұстафа Түркістан республикасының мән-мағынасын түсіндіріп, оларға өкілдер жібереді. Енді жанданып келе жатқан кезде, большевиктер ұлт араздығын бұрынғыдан асқындырып жіберді. Қоқан қаласының маңайындағы өзбек ауылдарына «қазақтар түбі сендерді аямайды, сақ болындар» деген үгітшілер жібереді.

Мұстафаға жазған Фрунзенің хаты. « – Мен Қоқанды қоршап тұрмын. Бүгін түс қайта шабуылды бастаймын. Зеңбірек көп, оқ та көп. Пулемет бар, әскер жақсы қаруланған. Қоқан қаласы жермен-жексен болады. Менің саған ақылым, бәрін таста да қаш». Бұл хатты Тынышпаев Мұстафа Шоқайға көрсетеді. Мұстафа министрлерге хатты оқып береді. «Не істейміз?» – дегенде бәрі: «Өлсек – өлерміз, мұндай қоқан-лоққыдан қорықпаймыз», – дейді. «Біздің екі мың әскеріміз не болады, мыналар кемінде жүз мың әскермен келіп тұр ғой», – деп сөйлегендер де болған. Сонда Мұстафа:

«Болашақ ұрпағымыздың сағы сынбасын, аз болсақ та, қырылсақ та, қашпайық», – деген екен. Үш сағат уақыт берем деген Фрунзе жарты сағаттан кейін қаланы атқылай бастайды. Үш-төрт сағат зеңбіректен снаряд жаудырады. «Осы қырғынның салдарынан 60 мың адамы бар Қоқанда 20 мың ғана адам қалды» –деп жазады Мұстафаның өзі. Жазықсыз бала-шаға, кемпір-шал, қатын-қалаш қырылып кеткен.

Түркістан республикасының барлық басшылары қашуға мәжбүр болады. Мұстафаның қасында бір ғана офицері қалады. Ол тамақ іздеп кеткенде бір қышпақтың жастары, большевиктердің айдап салуымен Мұстафаны қорлайды. Шоқынған дейді. Большевиксің деп ұрып соғып, дарға аспақшы болады. Дарға асуға алып келген кезде жиналған топтың ішінде сауатты бір өзбек Мұстафаны бірден танып: «Не істеп жатсындар? Бұл Түркістан республикасының басшысы Мұстафа Шоқай ғой! Төреге сендер қалай қол жұмсадыңдар?!» – деп айқай салады. Фанатик халықтар төрені қатты ғой сыйлайды. Әлгілер: «Кешіре гөр, кешіре гөр» – деп бастарын иіп, жерге жығылады. Мұстафа құтылып кетеді. Ташкентке әрең жеткен Мұстафа Мария Горинаны тауып алады. Петербургке жүретін пойыздың басшысымен келісіп, Мұстафаны жаралы солдаттардың ішіне кіргізеді. Бұлар алдымен Орынборға, одан Екатеринбургке барады. Ол арада Мұстафа мен Вадим Чайкин деген досы генерал Колчакты өлтірудің жоспарын жасайды. Бұлардың қонақүйде жарған бомбасынан Колчак аман қалады. Енді Мұстафа мен Чайкин Марияны қалдырып, өздері Кавказға қарай қашуға мәжбүр болады. Онда кавказ халықтарының демократиялық қозғалысына белсенді көмектесті.

Шоқайдың саяси күресінің ең маңызды құралдарының бірі – баспасөз болып табылады. Ол саяси идеяларын тарату құралы ретінде газет-журналдарға әрдайым үлкен мән беріп, күрес жылдарының кезінде мақала жазып отырған. Шоқай мақала жазумен шектелмей, Түркістанға қатысты жеке газет немесе журнал шығаруға да күш салды. 1920 жылы Қызыл Армия Грузияға кірген кезде М.Шоқай Түркияға көшіп келеді, Берлин арқылы Францияға жетеді, сонда тұрақтап қалады. Эмиграцияда жүріп, Түркістан халқының көзін ашу мақсатында газеттер мен журналдардың шығарылымын ұйымдастырады. Стамбулда, Парижде, Берлинде, Лондонда, Варшавада шығарылған осы басылымдар Орта Азия туралы мақалалар жарияланды. «Новый Туркистан» және «Молодой Туркистан» журналдары Стамбулда, Берлинде жарық көрді.

Шоқай 1921 жылдың жазында Парижге барғаннан кейін Түркістанның саяси және экономикалық жағдайы туралы мақала жазуды жалғастырды. Шоқайдың мақалалары орыс, түрік, француз және ағышын тілдерінде әр түрлі газет-журналдарда жарияланды. Шоқай орыс тіліндегі мақалаларын бұдан бұрын жан-жақты айтылып өткеніндей, босқын орыс лидерлері Кренскийдің «Дни» газеті мен Милюковтың «Последние новости» газеттерінде жариялады. Француз тіліндегі мақалаларының басым көпшілігі «Прометей» журналында, содан кейін «Ориен е Оксидан» журналында

жарық көріп тұрды. Ағылшын тіліндегі мақалалары, «Азиятик Ревью» секілді журналдарда орын алды.

1926 жылдан бастап Мұстафа Шоқай – «Прометей» журналының редколлегиясында, Кавказ, Украина мен Түркістан халықтарының ұлттық қорғау органында жұмыс істеді. Тбилиси қаласы Кеңес үкіметінің қолына өткен соң Мұстафа Шоқай зайыбымен бірге Түркияда біраз аялдап, соңынан Францияға ауысты. Шетелдік эмиграция көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, ол кең ауқымды, терең мазмұнды саяси күрес жүргізді. А.Керенскийдің «Дни» және П.Милюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет етті. 1927 жылдан Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып тұрған «Иени Түркістан» журналына атсалысты, «Туркистан милли бирлиги» («Түркістан ұлттық бірлігі») ұйымына жетекшілік етті. 1927 жылы Мұстафа Кеңестік Ресейден Түркістан арқылы Түркияға сезікті түрде «өтіп кеткен» ескі танысы Ахмет-Заки Валидовтың көмегімен Стамбулда Түркістанды Ұлттық саяси қорғау органы-«Жаңа Түркістан» журналын (1927-1931) ұйымдастырды. 1929 жылы Берлинде «Яш Түркістан» журналын шығарды, оның бас редакторы болды. Журнал 1939 жылы екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін шығарылды, 117 нөмері шықты. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә.Топшибашев және Г.Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуге күш біріктіре әрекет етуге үндеді. 1929 жылдан «Яш Туркистан» («Жас Түркістан») журналын шығарды. Бұл журналдың алдына қойған мақсаты Мұстафа Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-мағынасын сол күйінде әлсіретпей «Яш Түркістан» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік», – деп сипаттады.

Бүгінгі күні Мұстафа халық жадында да, жүрегінде де берік орын алды. Оның маңдайына кез келген тұлға ие бола бермейтін бақыт – өз халқымен үндес, тағдырлас болу жазылды. Мұстафаның қайраткерлік болмысын, ұланғайыр мұрасын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанынан құрылған шығармашылық топ әзірлеген: Мұстафа Шоқай II том. А,1998
2. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанынан құрылған шығармашылық топ әзірлеген: Мұстафа Шоқай I-том. А,1998
3. Көшім Есмағамбет, тарих ғылымдарының докторы, профессор:Әлем таныған тұлға. // [www.pefepat.kz/..](http://www.pefepat.kz/)
4. Мұстафа Шоқай әдебиет әлемінде: Көшім Есмағамбетов, профессор. // <http://anatili.kazgazeta.kz/>

## ӘЛМҰХАМЕД (ӘЛМАҒАНБЕТ) КӨТІБАРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СЪЕЗДЕРІ

*Б.Б.Енсепов* - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к

Әлмұхамед (Әлмағанбет) Көтібаров 1876/1878 жылы Сырдария облысы Перовск уезінің «Царская» болысының 7 ауылында дүниеге келген. М.Шоқай серіктерінің бірі. 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен алғашқы Түркістан өлкесі қазақтары мен қырғыздарының жалпы съезіне қатысқан. Сырдария облыстық қазақ атқару Кеңесінің төрағасы болған. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылған. Ташкент уездік атқару комитетінің мүшесі. Орынбордағы Екінші жалпықазақ съезіне Перовск уезінен делегат болып сайланған. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында Ташкент, Алматы қалаларында әр түрлі қызмет атқарған. 1937 жылы қамауға алынып, 1938 жылы Ташкент қаласында атылған.

Әлмұхамед (Әлмағанбет) Көтібаров 1876/1878 жылы Сырдария облысы Перовск уезінің «Царская» болысының 7 ауылында дүниеге келген. Қазіргі Қызылорда облысы Тереңөзек ауданы, Шіркейлі ауылының маңы[1, 54 б.].

Әлмұхамед Көтібаров 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен алғашқы Түркістан өлкесі қазақтары мен қырғыздарының жалпы съезінде қатысқан. Жиында С.Асфендияров, С.Өтегенов, Т.Рысқұлов, Ә.Кенесарин, С.Қожанов, М.Тынышбаев және тағы да басқа қазақ қайраткерлері болған. Онда Ресейдегі саяси жағдай, Орынборда өткен жалпықазақ съезіне көзқарас, Түркістанды басқару, жер, су, келімсектер, оқу-ағарту, халық соты, әйел және тағы да басқа мәселелер қаралған. Съезде «Түркістан аймағында қазақ-қырғыз Кеңесі ашылсын. Ал қазақ-қырғыз Кеңестері жоқ облыстарда тездеп облыстық қазақ кеңестері құрылсын», - деген қаулы қабылдап, соның негізінде Сырдария облысында облыстық қазақ атқару Кеңесінің төрағасы болып Ә.Көтібаров сайланған[2, 17 б.].

Осы съезде «Түркістан өлкелік қазақ-қырғыздардың орталық Кеңесі» атты ұлттық қоғамдық-саяси ұйым құрылды. Түркістан бірорталыққа біріккен қазақ-қырғыз Кеңесінің төрағалық міндетін алғашқыда Ибраһим Қасымов, хатшылық қызметін Тұрар Рысқұлов атқарса, кейін төрағалық міндетті Ә.Көтібаровқа алған. Кеңестің құрметті төрағасы ретінде М.Шоқай сайланған.

Түркістан өлкесіндегі қазақ-қырғыздардың 1917 жылы тамыз айында өткен съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау мәселесі арнайы қаралып, Сырдария облысының қазақтары атынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде М.Шоқай, Ә.Кенесарин, Е.Қасымов, С. Өтегенов, Қ. Қожықов, С.Ақаев, З.Сейдалинов, С.Аспандияров,



С.Лапин, А.Мангелдин, Г.Аспандиярова, С.Қожанов, Х.Ибраһим, С.Еренов сияқты зиялылармен бірге Ә.Көтібаровта ұсынылды[3].

1918 жылы 6-9 қаңтар аралығында Сырдария облысы қазақтарының съезі өтіп, оған Түркістан қазақтарымен сөйлесуге Алаш Орда үкіметінің Бақтыгерей Құлманов, Міржақып Дулатовты һәм Тұрағұл Құнанбаевтар, ал Түркістан өлкесінен Қ.Қожықов, С.Ақаев, Ә.Кенесарин, Ә.Көтібаров «және т.б. барлығы 72 өкіл қатысқан[4, 19 б.]. Алашорда үкіметі арнап шақырған М.Шоқай, М.Тынышбаев, Ә.Оразаев, Е.Қасымов қатыспады. Съезге Сырдария облыстық Қазақ-қырғыз кеңесінің жетекшісі Ә.Көтібаров төрағалық жасайды[5].

Сырдария облысы қазақтарының съезінің күн тәртібіне облыс қазақтарының Алаш автономиясына қосылуы, ұлт қазынасы, азық-түлік мәселесі қойылды. Съезде бірінші мәселе бойынша екі күн бойы қызу пікірталас жүрді. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газеті былай деп жазды: «Түркістан автономиясы атынан келген өкілдер Сырдария қазақ-қырғыздарының Түркістанмен қонысы бір, құралас отырғандарын айтып, бұл күннен айырылып, «алаш» автономиясына қосылуды тіршілік жолы көтермейді деп Түркістанда қалуды қуаттады. «Алашорда» атынан келген өкілдер мұндай аяққа тұсау, тілге күрмеу болмай, аяқ барғанша жүріп, ауыз барғанша сөйлеп, әр халық өз мұңын өзі қарап жатқанда, әр жұрт өз жалауын көтеріп, өз ұранын шақырғанда біздің де бүтін алты Алаш баласы болып бірігуіміз жөн, егер біз алты миллион Алаш баласы айырылмай бас қоссақ, іргелі ел болғанымыз, бас қоса алмай бытырап бет-бетімізге кетсек өмірге іргелі ел бола алмай кім көрінгеннің қолында кетуіміз ықтимал дейді. Атамыздың мақалы бар: «Пайданы басқа, бастан соң досқа» деген, әуелі өзіміз бас қосайық, мұнан соң басқа бауырлармен бірігу жағын қарайық деп қазірден «алаш» автономиясына қосылуды қуаттап сөйледі. Жалпы өкілдерден бұл екі пікірдің екеуін де жақтаушылар болып мәселе ауырлап екі күнге тартылды. Аяғында екі жақтың да пікірлерін бір ынтымақ, бір қаулыға келтіру үшін әр уезден екі адамнан, «Алашорда» мен Түркістан уақытша үкіметі өкілдерінен комиссия жасалып, іс осы комиссияға тапсырылды» [6].

Съезге Алашорда өкілі ретінде келген М.Дулатов Сырдария қазақтарының алаш автономиясына қосылу мәселесіне байланысты ұсыныстар жасайды. Атап-айтқанда, Алаш автономиясы жария етілгенше Сырдарияның Түркістан автономиясында қалуы, ал Алаш автономиясы жария етілгенде оның Алаш облыстарының қатарына енуі, Алаш астанасы Түркістан шаһары және Алашорда мен Түркістан автономиясы одақ болуы баяндалды[6].

М. Дулатовтың ұсынған бұл жобасын съез делегаттары қабыл алмады. Қатысушылар съезде арнайы құрылған комиссиясының әзірлеген жобаға түзетулер енгізіп, оны бір ауыздан қабылдайды. Онда

«1. Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан (Қоқан) автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясында қалады.

2. Алаш автономиясы жария қылынып, Түркістанмен одақ болса, Сырдария қазақ-қырғызы сол күннен бастап Алаш автономиясына қосылады.

3. Сырдария қазақ-қырғызы қосылғанда Алаш астанасы Түркістан шаһары болады.

4. Сырдария Алашқа қосылғанда Түркістан құрылтайына сайланған өкілдер Алашорданың сайлау жобаларына тура келсе, алаш құрылтайына да өкіл болып сайланады.

5. Осы съезде болған қаулылар Түркістан құрылтайына сайланған өкілдерге негіз болады» [6].

Яғни, Алаш автономиясына бұл өңір қазақтарының қосылуы немесе қосылмауы мәселесі талқыланды. Қорытындыда Алаш автономиясы Түркістан автономиясымен одақ құрған жағдайда Түркістан қазақтарының Алаш автономиясының енетіндігі жөнінде шешім қабылдайды.

Жалпы алғанда, съезде Сырдария облысы қазақтары зиялы өкілдерінің Алаш автономиясына қосылуға толық ниет танытпауы алдында құрған Түркістан мұхариатынан бөлінуді қаламағандығынан еді. Сондықтан тұтас Түркістан идеясын ту етіп көтерген Қ.Қожықов, Ә.Көтібаров бастаған қайраткерлер өзбек, қырғыз, қарақалпақ және тағы басқа түрік халықтарымен бірігуді жақтады. Бұның бәрі өлкеде бұрынғы қалыптасқан түрік мұсылман қозғалысының ықпалынан болатын.

Сонымен бірге, съезге қатысушылар кезектен тыс сөйлеген Түркістан өлкесі Халық комиссарлары кеңесінің мүшесі, большевик Полтарацкийді Түркістан (Қоқан) автономиясына қарсы сөз сөйлегені үшін залдан кетуге мәжбүр етеді. Бұдан соң Түркістан автономиясына қолдау көрсету мәселесін талқылап, оған көмек беру келісілді. Мұндай көмек нәтижелі болуы үшін Сырдария облысындағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға тез арада халық милициясын құру ісін қолға алу тапсырылды. Қатысушы өкілдер Перовскідегі ұлттық комитеттің төрағасы Е.Қасымовтың жергілікті кеңес өкіметі тарапынан тұтқынға алынғанына наразылық танытып, оны тез арада босату жөнінде талап білдіріп, жедел хат дайындайды. Келген өкілдер съездің соңғы мәжілісінде жергілікті ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға халық милициясын құру жөнінде нақтылы тапсырма бере отырып, большевиктер партиясының саясатына байланысты мынандай қаулы шығарады: Яғни, біріншіден, большевик үкіметін қазақ-қырғыз танымайды, айтқанына еріп, айдағанына жүрмейді. Сол себепті олардың зорлық-зомбылық қылып, халықтың тыныштығын алмауы талап етіледі. Екіншіден, большевиктерге еріп халықтың берекесін кетірген қазақ-қырғыз балалары болса, бұларға наразылық білдіріп ел дұшпаны, ұлт дұшпаны екені жария қылыңсың» [6].

Қорыта келгенде, 1917-1918 жылдары болған қоғамдық-саяси үдерістерге Мұстафа Шоқаймен қатар белсене араласып, күрескен Ә.Көтібаров бастаған тарих тұңғығындағы ұлт қайраткерлерінің өмірі мен қызметін көптеген деректермен зерттеулерді негізге алып саралап, ашып көрсету ХХ ғасырда бой көтерген алаш қозғалысының тарихын терең және тура түсінуге жол ашады.

*Баяндама - «Қазақ елінің тұлғалары: тарих пен тағдыр» №-0123РКИ0120 -ынталы тақырыбы бойынша дайындалды.*

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дайрабай Т. «Әлмұхамед Көтібаров». Қазақ ұлттық энциклопедиясы, 5 том, 719 б.
2. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 – маусым 1918 жж). Т.ғ.к. ғылыми дәреж. алу үшін дайын. авторефераты. – Алматы, 1995. – 25 б.
3. Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысы // Бірлік туы. – 1917. – 20 август.
4. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т. 2. – 496 б.
5. Сырдария қазақ-қырғыздарының съезі // Бірлік туы. – 1918. – 18 январь
6. Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-қырғызының съезі. Январь 4-9. // Бірлік туы. – 1918. – 29 январь.

### М.ШОҚАЙДЫҢ САРАПШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

*Титовұлы Бекарыс* - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,  
магистрант

Алаш қозғалысының қайраткері М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістандық кезеңі шын мәнінде табанды күрестерден тұрғаны белгілі. 1918 жылы мамырда зайыбы Мария Горина – Шоқаймен бірге Ақтөбеге, одан Екатеринбургке жетіп, онда кеңестік билікке қарсы оппозициялық күштермен байланыс орнатып, большевиктердің үстемдігіне қарсы күрес жүргізудің жолдарын қарастырды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының Самарадағы мәжілістеріне қатысты. 1918 жылы қыркүйекте Челябинскіде шақырылған съезге қатыспақ болып барғанында өзге делегаттармен бірге Колчак әскерлері тарапынан тұтқынға алынды. Сәті түсіп, тұтқыннан босап шыққан соң 1919 жылы көктемде Маңғыстау арқылы Бакуге, Одан Тбилисиге келді. Онда 1921 жылдың 21 ақпанына дейін болып, осетиндік белгілі қайраткер А.Цалыковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің «Борьба» газеттерінде істеді. 1920 жылы Тбилисиде украиндықтармен бірлесе отырып «На рубеже» журналын шығаруды жолға қойып, оның редакторы қызметін атқарды. Сонымен бірге, ол «Шафак» («Таңсәрі») газетіне бас редактор болды [1, 621 б].

Грузиядағы қызметі негізінен саяси сарапшылық жұмыстардан басталды. Бұған оның Грузияға келгеннен кейінгі мақалалары дәлел болады. 1920 жылы жазылған алғашқы «Ұлт мәселесі және Түркістандағы ұлтаралық қатынастар: Түркістан Құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі комитет төрағасының хабарламасы» («Национальный вопрос и межнациональные отношения в Туркестане: сообщение председателя комитета по созыву

Туркестанского Учредительного собрания») атты хабарламада төраға Мұстафа Шоқай дәстүр бойынша ұлт мәселесі халықтың азшылық бөлігін құрап отырған топтар туралы баяндаса, Түркістан тәжірибесі оған кері, өлкеде көпшілікті құрап отырған халыққа қатысты болып отыр деп және мұның әрбір халықтың өзін-өзі билеуге және әрбір ұлт өкілінің өз қалауынша өмір сүруге құқықтарының барлығы кеңестік декреттер мен үндеулерде айқын жазылған жағдайында болып отырғандығы атап көрсетті. Бұған 1917 жылы Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің өлкелік съезіне сайланған 500 солдат және жұмысшы делегаттарының ішінде ондаған ғана түркі халықтарының өкілі болғандығын дәлел етті [2, 150 б.]. Ал осы жылы тағы да Грузияда жазылған «Советская власть и киргизы» атты еңбекте қазақ халқының Ресей революциясы кезінде басынан кешкенін сөзбен жеткізудің қиындығын, мұны түсіну үшін оны өз көзімен көрудің қажеттігін, бостандық өмірдің орнына қазақ даласы жүздеген мың бейіттер жамылып, әлеуметтік туыстық орнына большевиктік саясаттың салдарынан халыққа ұлттық жеккөрушіліктің тұқымы шашылды, сонан ру-тайпаралық жаулық өрбіді деп жазылды [2, 154-158 б.б.].

Тбилиси қаласы кеңес үкіметінің қолына өткен соң Мұстафа Шоқай зайыбымен бірге Түркияда біраз аялдап, соңынан Францияға ауысты. Шетелдік эмиграция жылдарында көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, ол кең ауқымды, терең мазмұнды саяси күрес жүргізді. А.Ф.Керенскийдің «Дни» және П.Н.Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет етті.

Кеңес үкіметінің әскери коммунизм саясаты Түркістан өлкесіндегі халықтардың басына ашаршылық қасіретін әкелді. Бұл туралы Мұстафа Шоқай ерекше толғантты. 1921 жылғы 26 қарашадағы «Последние новости» газетінің №495 санында жарық көрген «Голод в Киргизии» атты мақаласында Мұстафа Шоқай 1921 жылғы қарашаның 16 сында Берлинде шығатын «Новый мир» журналының 244-санында жарық көрген А.Байтұрсынұлының шағын мақаласы туралы сөз болады. Бұл, М.Шоқайдың ойынша, көшіріліп басылған материалда қазақ жеріндегі ашаршылықтың себебін жұтпен, 1920 жылдың қатал қысымен және бірнеше жыл қатарынан шөп шықпау сияқты табиғи апатпен түсіндірілген. Ал Мұстафа Шоқайдың өзі 1918 жылы бүкіл жаз бойы және 1918-1919 жылғы қыста Торғай, Орал және Закаспий облыстарында қазақтардың ортасында болып, көзімен көргендерін айта келе, мақаланың 99 пайызы советтік цензураның жұмысы екенін атап көрсетіп, аштықтың қазақ ауылдарындағы негізгі себебі «қоғамдастыру», «тәркілеу» мен қазақ шаруаларының малдарын Қызыл Армияның пайдасына тартып алу деп түсіндіреді [3]. Осылай тек ашаршылық тақырыбын ғана сөз етіп қоймай, автор сонау Францияда жүріп Алаштың айрықша ардақтысының біріне деген өзінің ерекше ықыласын да танытады. Келесі «Түркістандағы ашаршылық және большевиктердің аштық саясаты» (Голод и голодная политика большевиков в Туркестане) деген, 1923 жылдың 5 наурызында жазылған, 1923 жылғы «Дни» газетінің №120 санында басылған мақалада 1918-1922 жылдары Түркістандағы «Қызыл байрақ»,

«Түркістан» газеттерінде жарияланған деректерге сүйене отырып, жергілікті халықтың жан сақтау мақсатында бір уезден екіншіге көшулеріне, аштықтың болу себептері мен салдарына талдау жасалады. Мұстафа Шоқай большевиктердің Ферғана облысындағы мұндай мәліметтерді жасыру себептерінің бірі – Түркістанға Ресейдің аштыққа ұшыраған губернияларынан орыс шаруаларының келуіне кедергі келтірмеу екенін ашық жазады. Сондай-ақ мақалада облыста табиғи салықтың 105 пайыз деңгейіне көтерілгені, аштыққа ұшырағандардың ешқандай көмек ала алмауы, оларға медициналық жәрдемдердің көрсетілмеуі сияқты мәліметтер берілген. 1919 жылдың 12 ақпанында Ташкентте өткен Жоғарғы Революциялық Совет пен Түркістан Республикасының ОАК отырысында жасаған баяндамасында «Ашаршылықпен күрес комиссияның» төрағасы Т.Рысқұлов мұсылман жұртшылығынан аштыққа ұшырағандар бір миллион, ал есепке алынбағандар бұдан да көп» деп мәлімдейді [2, 402 б.].

Мұстафа Шоқай 1923 жылы 31 наурызда Парижде «Последние новости» газетінің №904 санында жарық көрген «Түркістандағы ашаршылық» («Голод в Туркестане») деген мақаласында Ферғана облысындағы аштықтың жалғаса түскені туралы жазған. Қысқа хабарлардың негізінде 1921 жылғы ол өңірдегі аштықтың жайынан өзбек тілінде шығатын «Түркістан» газетінің 1922 жылғы 16 желтоқсандағы санында Наманган уезіндегі жағдайлардан мәліметтер берілген. Бұл ашаршылық 1922 жылға жалғасқан. Мұның себебі егін егетін жерлердің азайып кетуімен, мал басының кемуімен түсіндірілген. «Қызыл Байрақ» газетінде берілген қысқа ғана мақалада Ферғанада егін егу 50 пайызға ғана орындалған. Ашыққандарға Ресей тарапынан еш көмек жоқ, жергілікті жерлерде мүмкіндігінше асханалар ашылып, көмек көрсетілуде. Алайда бұл мардымсыз. Мақала соңында егістік жерлердің елеулі қысқаруы, егіннің егілмей қалуы, су жүйелерінің жарамсыздығы, мал басының кемуі, тұқымның жетіспеуі, мұның үстіне өте жоғары салық, міне мұның барлығы келер, яғни 1923 жылы да аштықтың жалғасатынын байқатады деген қорытынды жасалған [2, 403-406 бб.]. Ферғана облысындағы шаруашылық – әлеуметтік жағдайды тексерген ресми комиссияның баяндамасының мәліметтеріне сүйене отырып, кең етек алған, халықты аштыққа душар еткен себептерді Мұстафа Шоқай 1923 жылғы 28 қазанда «Дни» газетінде басылған «Ферғана үйіндіде» («Фергана в развалинах») атты мақаласында да жан жақты түсіндірген болатын. Ферғанадағы егіншілік су жүйесінің 70 пайызға дейін бүлінуінің негізі су құрылысы жүйелерін жөндетпеуден, қарамаудан, каналдардың ластануынан екенін, содан егін егетін жердің үш есеге кемігені, ондай жердің 1923 жылы 80 пайызы пайдаланылмай қалғаны атап көрсетілген [2, 447 б.]. 1926 жылдың 19 қаңтарында «Дни» газетінде басылған «Қырғыздардағы аштық» («Голод у киргиз») атты мақаласында Мұстафа Шоқай Ташкенттен Сырдария облысының ашаршылыққа тап болғаны туралы қысқаша хабар алғанын мәлімдей отырып, облыста мұның нышаны 1925 жылы байқалғанын жазады. Егін егуге жарамды жердің жетімсіздігі, судың кемістігінен тиісті өнімнің болмауы туралы шағымдар

жасалғанымен жағдайды білуге міндетті мемлекеттік статистикалық басқарма Сырдария облысында астық бітік, тіпті артық болды деп өтірік ақпарат берген. Осындай мәліметтерге сүйенген Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекин Сырдария облысы сегіз миллион пұд астық береді десе, ал «Еңбекші қазақ» газеті шындығында осынша көлемдегі астықты сырттан әкелу керек болып тұр деп жазған. Осылардың барлығын айта келе, Мұстафа Шоқай егіннің болмай қалуына толықтай Совет үкіметі жауапты емес шығар, дегенмен жұртшылық егінді уақытылы жинап алуды күні бұрын өтінгенде шаралар қолданбауына кінәлі деп түйіндейді [3].

1927 жылдан башқұрт халқының көрнекті қоғам қайраткері Заки Уалиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып тұрған «Иени Түркістан» журналына ат салысты. «Туркестан милли бирлиги (Түркістан ұлттық бірлігі) ұйымына жетекшілік етті. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә.Топчибашев және Г.Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес болды. Оларды ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеді [1, 622 б].

1928 жылы Парижде «Орта Азияда Кеңестерде» деген атпен француз тілінде кітап шығарады[4]. Шоқайдың Түркістанда кеңестік биліктің антидемократиялық сипатта екенін және халықтың еркіне сай әрекет етпегенін ортаға салған ең әсерлі еңбегі болып табылады. Еңбек жарыққа шығысымен 65 беттік шағын көлеміне қарамастан, Кеңестер Одағының өзінде және шетелдерде үлкен жаңғырыққа түрткі болды. Профессор Әбу Тәкенов еңбектің II-дүниежүзілік соғысқа дейінгі Кеңес режимі туралы шетелде жазылған маңызды шығармалардың басында келетіндігіне назар аударады. Оның айтуынша, кітаптағы Шоқайдың кеңестердің Түркістандағы билігі туралы сындарын Мәскеу ешқашан жоққа шығара алмады [5].

Шоқайдың бұл шығарманы жазуына Қазан төңкерісіне он жыл толуына байланысты мерекелік жиналыстар үшін КСРО-ға барған француз делегациясының Түркістанға байланысты айтқандары себеп болды. Француз жұмысшы өкілдерінен құралған делегация, Мәскеудегі салатанатты жиындардан кейін кеңестік Түркістанға сапар шекті. Делегация осы саяхаттан оралғаннан кейін, Мәскеуде, Түркістандағы кеңестік биліктің озық жетістіктерге қол жеткізгендігін атап өтті. Делегацияның айтуынша, Ташкенттен Самарқанға, Ашқабаттан Бұқараға дейін созылып жатқан кең байтақ территорияда халық ешбір қиыншылықсыз мамыра-жай өмір өткізуде еді. Жергілікті жұмысшылар мен орыс жұмысшылар қол ұстасып тату-тәтті еңбек етуде еді. Халық бүкіл құқықтармен қамтамасыз етілген еді. Тіпті, Түркістанның гүлденгені соншалық, патшалық Ресейдің аяусыз қанаушылық дәуірінің қиын жағдайын елестетерлік ешқандай із-белгі қалмаған еді [6].

Алайда, Шоқай осы француз делегациясы іспетті кеңестердің қонағы ретінде Түркістанға барып қайтқан шетелдіктердің айтқандарына әрдайым күдікпен қарау керектігіне көрсетеді. Өйткені, олар Түркістан халқының өмір сүріп жатқан шынайы ортасын көру мүмкіншілігінен ада еді. Шоқайдың пікірінше, Кеңес өкіметі қонақтарының елден жақсы әсерлермен аттанып кетулері үшін барлық жағдайды жасайды. Осы себептен шетелдіктердің

Түркістанның анық жағдайына қанық болулары мүмкін емес еді. Ағылшын, француз, итальян, поляк және тіпті америкалық жолдастарға түркістандық жұмысшылар «пролетариат достығының» символы ретінде жібек тақиялар мен шапандар сыйлайды. Қонақтар осы ұлттық киімдерді киіп, кеңес автомобильдерімен қыдырады, Түркістан халқының салт-дәстүрі мен тілдерін еш түсінбегендіктен тілмаштардың аударғандарын місе тұтуға мәжбүр болады. Елдеріне оралғаннан кейін де, Кеңес билігіндегі Түркістандықтардың гүлденіп, дамығандығын ауыз толтырып әңгімелейді.

Шоқай 1927 жылы француз делегациясының Түркістан туралы жасаған мәлімдемелеріне осы тұрғыдан қарады да, бұл мәселедегі күмәндарын кітабында түсіндіруге тырысады. Күмәнданған жәйттеріне дәлелдерді кеңестік деректерден дәлелдер келтіреді. Француз социалистерінің лидері Пьер Ренод кітапқа жазған алғы сөзінде, большевиктердің француз қонақтарының көзін бояу үшін Түркістандағы алдастыруларының ақиқатын, Шоқайдың бұлтартпас дәлелдермен әшкерелегенін атап өтеді [7, 177 б.].

Шоқай француз жұмысшы өкілдерінің өздеріне берілген саяхат бостандығын толық пайдаланғандықтарына және Түркістанның шынайы жағдайын аңғартатын кездесулер өткізгендіктеріне күмәнданады. Өйткені олар тілін түсінбеген. Бір елде тілмашқа зәру болғандықтан, халықпен етене араласа алмаған және қалаған жерлеріне бара алмаған еді. Сонымен қатар, Шоқай делегацияға берілген аудармашылардың жергілікті халықтың өкілдерінен таңдалғанына да шек келтіреді. Өйткені, Түркістанда француз тілін білетін бірде бір өзбек, түрікмен немесе қазақ табу мүмкін емес еді. Сол себепті, аудармашылардың Мәскеудің арнайы дайындаған қызметкерлері болғандығын алға тартады.

1929 жылдан «Яш Туркестан» (Жас Түркістан) журналын шығаруды қолға алды. Ол «Яш Туркестанда» «Түркістан халқының мәдениеті, кеңестік биліктің бұл өлкедегі саясаты және екіншідүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар және т.б. тақырыптағы қоғамдық-саяси мәні өткір зерттеу мақалаларын жариялады. Мұстафа Шоқай Орта Азия кеңістігінде ұлттық-аумақтық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикалардың (қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен) өмірге келуін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде бөле отырып билеу саясатын ұстанып отыр деп түсінді. Ал республикаларды ұлттық емес, ұлыстық республикалар ретінде қабылдады. Түркістанда кеңестік биліктің орнауы және оның қызметі, іске асырылған жер-су реформасы, мемлекеттік мекемелерді жергіліктендіру, байлар меншігін тәркілеу, көшпелілерді отырықшы тұрмысқа көшіру, ауылшаруашылығын ұжымдастыру мәселелерін талдауда нақтылы мәліметтерге жүгіне отырып, тоталитарлық жүйені өткір сынға алды және оның солақай саясатын әлем жұртшылығына паш етті. Кеңес өкіметі басшылығына М.Шоқай сыны өте жайсыз тиді. Сондықтанда кеңес үкіметінің үгіт-насихаты М.Шоқайдың сынына қарсы мақсатты түрде жұмыс істей бастады, ал бұл істің басында кеңес одағының басшысы И.В.Сталиннің өзі тұрды. М.Шоқайдың еңбектерінде фактілік материал ретінде пайдаланылған түркістандық қазақ және орыс тіліндегі басылымдарды

кеңестік билік орындары қатаң бақылауға алды. 1925 жылы 29 мамырда И.В.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетіне жолдаған хатында «Ақ жол» мен ақ гвардияшыл эмигрант М.Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатынын жазды [8, 26 б]. М.Шоқай қайда және қандай ауыр жағдайда жүрсе де бүкіл түркі-мұсылман халықтарының қамқоршысы болуға тырысты. Түркі-мұсылман халықтарын «Батыс Түркістан», «Шығыс Түркістан» немесе «Орыс Түркістаны», Қытай Түркістаны» деп бөле қарауға қарсылық танытты. «Тұтас Түркістан» идеясын, түркі халықтарының бірлікте болуын насихаттады. Ұлттық езгідегі түркі-мұсылман халықтарының азаттыққа қол жеткізуі мен өзіндік құндылықтарын сақтап қалуы олардың өзара ынтымақтастығы мен бірлігіне байланысты екендігін дәріптеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы том Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 2004. – 696 б.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Даик –Пресс, 2012. II том. – 640бет+8 бет жапсырма.
3. Бәкір Ә. Кеңестік жүйенің қайсар сыншысы. Ақиқат 6 сәуір, 2023.
4. «Қазақстан Коммунисті». 1991, мамыр.
5. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!.. Ол кім\_ “Қазақ әдебиеті”. 1991, 24 мамыр және 31 мамыр.
6. Әлімжанов Ә. «Қазақ әдебиеті». 1991, 24 мамыр.
7. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. Алматы: Арыс, 2004.
8. Қойгелдиев М. Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. -208 б.

### МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЖЕКЕ ЖАЗБАЛАРЫ

*Жусупбекова Ботагоз Арыстанбековна* – магистр, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Мұстафа Шоқай ғылыми орталығы

Мұстафа Шоқайдың мұрағаты мен жеке жазбалары терең талдауды қажет ететін, өзіндік ерекшелігі мол декеркөзі болып табылады. М.Шоқайдың жазба мұрасынан орын алатын құжаттардың қатарына - достарымен пікірлестері және ағайын туыстарының хаттары ерекше орын алады. Мұстафа Шоқай мұраларының ішінде тарихи, саяси, әдеби өзектілігі жоғары бола тұра, әлі де ғылыми айналымға түсіп жан-жақты зерттелмеген мұраларының бірі- эпистолярлық мұрасы. Яғни саяси тұлғалармен, отбасы мүшелерімен жазысқан хаттары, түрлі ұйымдарға жазған ресми хаттары, сондай-ақ мерзімді баспасөзде жарық көрген ашық хаттары [1].

1941 жылы М.Шоқай қайтыс болған соң, артында қалған өте бағалы көп құжаттар мен түрлі жазбалары қалды. М.Шоқайдың тұрған пәтеріне де келушілер өте көп болған. Сонымен қатар кітаптарын «оқып көреміз»



деушілер жазбаларын алып кетіп, кейін қайтарылмай қалған. Содан қауіптенген (жұбайы) Мария Яковлевна М.Шоқайдың 1922-1941 жылдары аралығында жинақтаған жазбалары мен еңбектерін жинастырып 1953 жылы қазіргі «Жаңа Сарбонна-Париж III» университетінің Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының университетаралық кітапханасына тапсырады. М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қоры құрылған, бірақ ол көп жылдар бойы зерттеушілерге белгісіз болып келген. Бұл мұрағат қоры жөнінде алғашқы мағлұмат М.Шоқайдың ең жақын серіктерінің бірі Әбдуқап Оқтайдың «Милли Түркістан» деген эмигранттық журналында «Мұстафа Шоқайдың мұрағаты мен кітаптары» деген мақаласында айқындалады. (Oktaу A. Mustafa Çokay'in Arşiv ve kitapları // Milli Türkistan. Eylül. 1953.S.22-24.) [2].

Францияның «Жаңа Сарбонна-Париж III» университетіндегі университетаралық Шығыс тілдері кітапханасында сақталған М.Шоқайдың жеке мұрағатындағы хаттар, «Ұлығ Түркістан», «Бірлік туы» газеттерінің беттерінен бір хаттан, Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағатынан 2 хат, Ресей Федерациясының Мемлекеттік әскери мұрағатынан 3 хат, Түркияның тарих құрылымы мұрағатынан 1 хат, жалпы саны 276 хат хронологиялық ретпен берілген. Хаттардың хронологиялық шегі 1917-1941 жылдар аралығын қамтиды. Хат мәтіндері орыс (99), ағылшын (7), француз (13), шағатай (151), қазақ тілінде (6) араб әріпінен кириллицаға аударылған. Бұл хаттарға аударма жасағандар: ағылшын тілінен Алма Жұртбай, француз тілінен Меруерт Әбенова, шағатай тілінен Әбілхан Әбіласанұлы және т.б. мұстафатанушылар [3]. Хаттардың мазмұны сол уақытағы тарихи кезеңге байланысты ірі саяси-әлеуметтік оқиғалар, тұлғалар, ұйымдар жөніндегі мәліметтер берілген.

1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзі «Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру - бәрімізге бір мақсат...» деп шегелейді. *Сонымен қатар, еуропа және шығыс тілдерінде - орыс, ағылшын, француз, поляк, шағатай тілдеріндегі мақалалары халықаралық саясат пен ішкі жағдайдың өзекті мәселелері жөнінде мақалалары, көптеген еңбектері эмиграциялық басылымдарда жарық көрді және әр түрлі газет журналдарында жарияланып тұрды. Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде қазақ тілінде 86 мақаласы, орыс тілінде 500-ден астам, ал ағылшын тілінде жарық көрген мақала саны 7 және өзге (грузин, неміс, өзбек, поляк, түрік-шағатай, француз) тілдердерінде жарық көрген мақалалары 2015 жылы Алматыдағы Ұлттық кітапхана шығарған «Библиографиялық көрсеткіште» жинақталған. Мұстафа Шоқайдың тоғыз тілде жазылған 800-ден астам шығармасы мен өмірі, саяси қызметі мен шығармашылық мұрасына қатысты сегіз тілдегі 1405 еңбек енген болатын. Мұстафа Шоқайдың еңбектері бірнеше елдердің мұрағат қорларында сақтаулы. Түркия, Польша, Германия, Ресейде сақталған мұрағат материалдарымен бірге Сорбоннадағы мұрағаттық қор Мұстафатану ғылыми бағытының деректемелік негізін құрайды [4].*

Мұстафа мұраларын жариялаудағы үлкен серпін Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы он екі том: Алматы: Дайк-Пресс, 2012.

Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері тарихшы, Көшім Есмағамбетовтың құрастыруымен жарық көруі болды. Көшім Есмағамбетов 1960 жылы Мәскеу қаласындағы П.Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінде оқып жүрген кезінде Мұстафа Шоқайдың есімін алғаш рет естіп, университет кітапханасында Францияның археологы, белгілі дипломаты Жозеф Кастаньенің «Қазақ-қырғыз таңбалары» деген мақаласынан Мұстафа Шоқайдың өмірбаянын оқып, танысады, сөйтіп ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы астыртын тарихи деректерді жинақтауды бастайды және зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

Тарихшы Көшім Есмағамбетовтың көп томдық еңбегінің IV,V,VII-томдық жинағында (М.Шоқай Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық. Алматы, 2012ж.) М.Шоқайдың ағылшын тіліндегі жарық көрген мақалалары аудармасыз түп нұсқа бойынша берілген [5].

Мұстафа Шоқайдың Таңдамалы шығармалар: Үш томдық еңбегінің II-томында сол кездегі халықаралық жағдайларға жіті назар аударып, әсіресе, ірі державалардың отаршылдық бұғауына түскен бодан халықтардың ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестеріне ерекше көңіл бөліп, үнемі бақылап отырғандығына көз жеткізуге болады. Бұған М.Шоқайдың шетелде саяси эмиграцияда жүріп өзі басшылық жасап шығарған «Яш Түркістан» (1929-1939 жж.) журналының беттерінде жарияланған мақалалары дәлел бола алады. Мысалы, «Яш Түркістан» беттерінде Мұстафа Шоқайдың жалпы қоғам дамуына, дүниежүзінде болып жатқан оқиғаларға және ұлт-азаттық қозғалысының формалары мен күрес тәсілдеріне, түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына қатысты көзқарастары көрініс табады.

Мұстафа Шоқайды халықаралық сарапшы және тарихшы деп айтсақ қателеспейміз себебі қайраткердің тек түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын ғана емес, батыс елдердің шығыс халықтары жөніндегі саясатын жетік білетіндігін, халықаралық жағдаймен жете таныс екендігін «Яш Түркістан» журналының 1936 жылғы сандарында басылған мақалаларынан көруге болады. Бұл мақалалары халықаралық саяси шолу бағытында жазылған.

*М.Шоқайдың жеке жазбалары өзі өмір сүрген кезеңдегі шетелдік оқиғаларды шынайы да саяси тұрғыда жеткізе алғандығы мен өз көзқарастарын түрлі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдарға сілтеме жасау немесе мысалға келтіру, оны жариялау арқылы әлем жұртшылығын ақпараттандырып отырғандығымен құнды.*

Түйіндей келгенде Мұстафа Шоқай қайраткер ғана емес, талантты қаламгер. Оны оқырмандары өте жақсы біледі. М.Шоқайдың қаншама өткір мақалалары, сөйлеген жалынды сөздері, қисынды сын-пікірлері қаламгер екендігін де анық аңғартады. Мұстафа Шоқайдың еңбектері халқымыздың өткен жолын тарихи шындық тұрғысынан қарастыруға және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу үшін аса құнды қазына болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұстафа Шоқай 2 томдық эпистолярлық мұрасы. Т.-1. Алматы: «Саға» баспасы 2006ж.
2. Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер.-Істамбул,1997.182б.
3. Чокай М. Я пижу Вам из Ножана...перевод Б.Садыкова Алматы. «Қайнар» баспасы, 2001. Көл. 106 б.
4. Мұстафа Шоқай: библиографиялық көрсеткіш. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, 2015.- 414б.
5. К.Л. Есмағамбетов, Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 1 том.-Алматы: Дайк-Пресс, 2012.-544б.

## **СУЛТАНБЕК КОЖАНОВ - ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ**

*Ибраев Галимбек Мадибекович*- магистр педагогических наук  
старший преподаватель кафедры «Русского языка и литературы» КУ  
имени Коркыт ата

"Самое большое несчастье для политика - это неспособность предвидеть возможные объективные сложности и не понимать недостатки своей работы либо сознательно их не замечать. Политический деятель должен быть также хорошим оратором. Если в своей работе он, не сумев предотвратить трудности, допускает ошибки, то смелость политического деятеля превращается в простое злоупотребление, а красноречие - в пустую болтовню. М. Шокай.

По данным разных источников Султанбек Кожанов известен нам как ученый, публицист, редактор, участник борьбы за независимость единого Туркестана. Позволю себе привести некоторые факты из выписки сведения из личного листка по учету кадров. Ходжанов Султанбек так звучала его фамилия, когда он был работал в 1934 г качестве Зам.упол.Комиссии Сов. контроля в г.Ташкенте.

Султанбек Кожанов родился 10 сентября 1894г в селе Аксумбе в Южно-Казахстанской области. Султанбек Кожанов хотел стать учителем, для осуществления этой цели он поступает в Ташкентскую учительскую семинарию. Но начавшиеся бурные политические события в бывшей Российской империи получившее в ее истории название Октябрьская революция коренным образом изменила все его планы. Он бросает учебу в Ташкентской учительской семинарии и возвращается в родные края, чтобы посвятить себя учительской деятельности и учить детей.

Политическую деятельность начал ещё будучи учащимся семинарии в подпольной молодежной организации «Кенес». В 1917 году в Ташкенте вместе с М. Шокаем, К. Ходжиковым, К.Болганбаевым, С. Акаевым участвовал в создании туркестанской автономии; выпускал газету «Бирлик туы». Впоследствии С. Кожанов благодаря активной политической

деятельности в рядах этой тайной организации, становится ее политическим лидером и даже возглавляет ее. Первым организатором тайного подпольного политического общества «Кенес» был М.Шокай, был выходцем из Перовска (ныне город Кызылорда) выходцем Вскоре Кожанов уехал в главный центр событий - Москву, где окончил курсы марксизма-ленинизма и начал строить карьеру. [1]

И вот он уже активно участвует в политической жизни страны. Об наглядно свидетельствуют биографические данные, которые отражали его бурную политическую деятельность. Так к примеру в 1919 -1920 годах работал заместителем председателя Сырдарьинского уездного комитета, затем председателем Туркестанского уездно - городского исполнительного комитета, Сырдарьинского областного революционного комитета. В конце 1920 г Султанбек Кожанов уже назначен народным комиссаром внутренних дел Туркестанской республики, и в октябре 1921 г - народным комиссаром просвещения.

В области просвещения он постоянно требовал в области преподавания обучение вести на языке местного населения. Он внес огромный вклад в развитие национального театра Туркестана. Кожанов прилагал огромные усилия в преодолении то и дело возникающих в то нелегкое время трудностей (нехватки специалистов, бумаги) сумел наладить выпуск газеты «Ак жол» и даже стал ее первым редактором этой газеты. Он позднее в своих статьях много уделял решению вопросов развития сельского хозяйства Туркестана и прилегающих к нему областей Казахстана.

В 1922–1924 годах он уже находится на партийно - государственной работе. Он уже работает в начале 1922 г секретарем центрального комитета Туркестанской КП, позднее – заместитель председателя исполкома и членом бюро Средне-Азиатского ЦК РКП б). Кожанов отличился как государственный деятель в период национально-регионального размежевания в Центральной Азии, где прекрасно проявил себя как специалист сумевший защитить интересы нашей страны и народа. В ноябре 1924 года его уже назначают вторым секретарем Казахского крайкома, это назначение говорило о его возросшем авторитете в партии и органах власти в республике. Более того по его представленному убедительными историческими аргументами документами, предлагает I съезду Советов республики восстановить историческое название казахов, в результате его обращения высший орган страны, исправил ошибку названия нашего народа допущенное в царский период искаженное название «киргиз» на «казах», и принимается не менее важное историческое решение о переименовании города Акмешеть в связи с приобретением статуса столицу в город Кызылорда. [2]

Благодаря ранее приведенным фактам говорящим об его активной государственной деятельности, можно сделать однозначный вывод о том, что на важных исторических событиях он внес неоценимый вклад в развитие государственного устройства и развития нашей республики. Высшее партийное руководство страны видя в нем весьма опытного партийного и

государственного деятеля, в ноябре 1925 года приглашают работать уже в самый высший партийный орган власти это в ЦК ВКП (б) и где был назначен на должность - ответственного инструктора по национальным республикам, затем позднее он работал на Кавказе. Он обладал огромными организаторскими способностями. Об этом свидетельствует такой исторический факт того, что в 1928 году в Ташкенте, сумел организовать отделение ВАСХНИЛ.

В 1927 году окончил в Москве курсы марксизма-ленинизма при ЦК ВКП (б). В 1929 году Султанбек Кожанов проявил в очередной раз свои организаторские способности, он организовал и открыл первый в республике Средне-Азиатский хлопково-ирригационный политехнический институт и был его первым ректором.

В 1929-1931 годы работал директором Средне-Азиатского хлопкопрядильного комбината. 1931-1932 годы Кожанов работал уже в Москве в аппарате ЦК ВКП (б).

Султанбек Кожанов никогда не забывал о своих корнях и тщательно заботился о сохранении общего наследия казахов. И с этой целью Кожанов принимает активное участие в научной деятельности. Он настаивал, что у казахов должно быть право учиться на родном языке, и в 1924 г издал школьный учебник математики на казахском языке - "Есептану куралы", а в 1928 году вышла в свет его научное исследование изданное на русском языке - «К десятилетию Туркестанской советской автономии. Отчетливо осознавая то, что республике нужны свои национальные кадры, организовал сбор материальных средств для туркестанской молодежи, поступившей в университеты Москвы и Петрограда.

Он возглавил комитет продовольствия, помогавший казахам восстановиться после тяжелого джута, и заслужил всеобщее уважение своей справедливостью. В народе даже появилась присказка: "Мы выжили благодаря супу, который бесплатно раздавал Султанбек".

Он развивал национальный театр и прессу в родном Туркестане, в том числе - издавая газету "Ак жол". В этой газете он, будучи ее первым редактором, напечатал статьи об Ахмете Байтурсынове, написанные к его 50-летию. Несмотря на запрет проводить его юбилей в Оренбурге, Кожанов сумел организовать его празднование в Ташкенте.

Он внес большой вклад в развитие сельского хозяйства и системы высшего образования в Центральной Азии, как я ранее указывал даже стал первым ректором Средне-Азиатского хлопково-ирригационного политехнического института. [3]

Он считал, что документация в местных государственных учреждениях - например, на аульском или волостном уровнях - должна вестись на казахском языке.

Он писал стихи на казахском языке и занимался переводом поэтических и художественных произведений, например, Константина Бальмонта. Кожанов в целом сильно поддерживал казахскую литературу. Яркий тому пример: именно Султанбек Кожанов помог издать первый сборник стихов Магжана

Жумабаева. Он же написал предисловие к этой книге. А когда Магжан оказался в сложной ситуации, поддержал его и даже помог поступить в Литературный институт в Москве. Сохранилось письмо от 1923 года, в котором Кожанов просит учесть обстоятельства Жумабаева и выдать ему повышенную стипендию, командировочные и подъемные, чтобы перевезти семью.

Несмотря из-за организованной травли М. Жумабаева со стороны не только органов партийной власти, но и особо завистливых коллег известных в будущем ставших известными поэтами и писателями Казахстана таких С.Муканов и его сторонники, Султанбек Кожанов в самый сложный период во время как я ранее указывал, оказал ему свою поддержку и помощь. Он прекрасно осознавал, какое уникальное место он занимал М. Жумабаев в нашей поэзии, и что поэтическое и литературное творчество М. Жумабаева которого известные национальные поэты и критики называли казахским С. Есениным. Жаль, что авторитета Султанбека Кожанова не хватило, чтобы спасти знаменитого всей Степи поэта. Будучи директором шымкентского педтехникума, он приютил Мухтара Ауэзова. Как мы узнаем и видим как Султанбек Кожанов занимая высокие партийные и государственные посты прекрасно был осведомлен о развитии нашей казахстанской литературы и лучшим ее представителям оказывал всяческую поддержку и помощь, хотя честно сказать он многим рисковал и своей карьерой и своей жизнью.

Он не раз пытался вернуть казахам их самоназвание и перестать называть их "киргизами", как было ранее, и это предложение было впервые озвучено на высшем уровне. Это событие произошло в 1922 году на первом Всесоюзном съезде Советов. В декабре же 1921 года Султанбек Кожанов прибыл в качестве делегата на девятый съезд Всероссийских Советов, где выступил с речью, привлекая внимание самого Владимира Ленина. Тот пригласил казахского депутата в свой кабинет и похвалил его: "Молодец, горячий киргиз!". Султанбек ответил такими словами: "Мы не киргиз-кайсаки, это нас унижает. Мы — казахи. Настоящие горячие казахи до вас еще не дошли, они в степи. Они придут еще к вам". Тогда Ленин посоветовал ему по возвращении на родину заняться просвещением собственного народа.

Многие из его знавших современников отзывались о нем, как о человеке смелом и остром на язык. В пример зачастую приводят следующую историю, рассказанную непосредственными свидетелями случившегося: «В Москве однажды проходило большое совещание по обсуждению проекта новой сталинской конституции. В то время на собраниях наша группа, возглавляемая Сакеном Сейфуллиным, представляла условно названная „левыми“. И ее представители располагались слева, а группу Т. Рыскулова, С. Кожанова условно их называли „правыми“, они располагались как правило с правой стороны. Сталин председательствовал. Т. Рыскулов сидел во втором ряду президиума, у правого плеча Сталина. С. Кожанов говорил, чуть картавя, носил на голове тубетейку. Вдруг Сталин сказал: „Слово предоставляется Чингисхану Востока — Кожанову“. Султанбек встал с места и, направляясь к трибуне, сказал: „Чингисхан Востока дошёл до Волги, а

Чингисхан Кавказа сидит в Москве“ - и показал рукой в сторону Сталина. В этот момент Т. Рыскулов закрыл глаза и покачал головой». [4]

В 1937 году Султанбек Кожанов был репрессирован, как и многие другие представители советской интеллигенции. Супруга Кожанова - Гулянда - попала в АЛЖИР, где провела 11 лет, но позже была освобождена и прожила до 1989 года. Султанбека Кожанова реабилитировали в 1957 году. Гулянда по этому поводу сказала: "Лучше поздно, чем никогда".

Султанбек Кожанов был известен как народный комиссар просвещения. Внес неоценимый вклад в развитие национальной печати и национального театра Туркестана. Сумел наладить выпуск газеты «Ак жол», уделял большое внимание развитию сельского хозяйства республики. Непосредственно он принял активное участие в процессе перевода столицы из Оренбурга в Акмечеть. По предложению Султанбека Кожанова I съезд Советов республики он наконец добился восстановления исторического название народа «киргиз» на «казах», переименовал в столицу из Акмечети в Кызылорду.

И хотя в далеком 1957 году его реабилитировали, но долгое время его имя находилось фактически под запретом. И только с обретением независимости наш народ и по достоинству оценил его неоценимый вклад в развитие нашей культуры, науки в то в непростое время сталинских репрессий.

#### Литература

1. Алаш арысы. /кұраст: Кожанова З.С. Жармұхамедұлы М. - Алматы: ҚАЗаппарат2011
2. Аллаберген Алты Алаштын ардактары/ Қ. Аллаберген Ж.Нұскабайлы - Алматы : Рауан, 1994
3. Султанбек Кожанов //Казахстан: национальная энциклопедия. Т 3.2005
4. Султанбек Кожанов// История Казахстана: энциклопедический справочник. Алматы. Аруна. 2010.

## **АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ СОҢҒЫ ТҮЙІНІ- МҰСТАФА ШОҚАЙ**

**А. Өтешқызы** - М. Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейі, Қызылорда қаласы

Алаш алыптары шоғырлана жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. Әйтсе де Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай- Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қабырғалы да сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғылыластарының әлдеқайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған.

Екіншіден, Алаш арысы көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті, Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түпкі пиғылын ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, оларман ымыраға келмеген. Шоқайдың тағы бір қыры, ол-қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграция алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, күрес жүргізу үшін саналы түрде эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес.

Ең күрделі мәселе – “Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды кеңес үкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан” Түркістан легионы деген жасақ құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз, дұшпан” деп кеңес үкіметі таққан айып. Бұл айып шындықты бұрмалау екендігі қазір дәлелденіп отыр. Жазушы қоғам қайраткері Ә. Әлімжанов”Мұстафа Шоқай. Ол кім?” деген мақаласында “Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес . Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде ” деп жазған екен. Иә, көрнекті қайраткердің бұл тұжырымының дұрыстығын өмірдің өзі де көрсетіп отыр.

Мұстафа алғаш сауатын ашқан Әліш медресесі Шиеліде Сұлутөбенің Наршоқы құмында Шоқай қыстауында болған. Қазір құлаған, орны жатыр, кірпіштері әлі табылады. Екі бөлмелі медресенің бір бөлмесінде балалар оқыған, екінші бөлме мешіт болыпты. Әліш-Шоқайдың ортаншы інісі, яғни Мұстафаның ағасы. Әліш Ташкенттен алдырған Ерім төре деген мұғалімнің мұсылманшылық та, орысшада сауаты болған.

«Мұстафа Шоқай қоры» Наршоқыға бүкіл Түркістан Тәуелсіздігі жолындағы күрескер көсемінің туған жері екендігі білдіретін белгі орнатты. Үкімет тарапынан Абайдың Жидебайдағы, Шоқанның Сырымбеттегі үйлері қалпына келтіргені сияқты, “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында Наршоқыдағы қыстау мен медресе қалпына келтіріліп, тарих ескерткіші ретінде сақтанса, мектеп оқушыларын, студент жастарды, облыс орталығына, ауданға келген қонақтарды таныстыруға алып баратын тарихи орынға айналдырса жөн болмас па?!

Үйден алғаш алысқа ұзап шығып Перовскідегі орыс-қырғыз (қазақ) мектебіне оқуға түскенде Мұстафа жеті жаста болыпты. Наршоқыдан Перовскіге оқуға аттану бала Мұстафаның дана Мұстафаға айналар қадаманың бастамасы еді. 1910 жылы Ташкент ерлер гимназиясын, 1914 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетінің алтын медальмен бітіріп шығуы оның осы жастайынан мақсаткерлігінің дәлелі.

Мұстафа Петербургте оқыған 1910-1917 жылдар Ресейде революциялық ахуал ширығып, түрлі саяси ағымдар гулеп тұрған кезең еді. Алғыр жас осындай өзгерістердің қайнаған ортасында жүріп, пісіп жетілді. 1914 жылдан бастап Мұсылман фракциясының қызметіне тартылып, 1916



жылдан оның хатшысы міндетін атқарды. Ресей мемлекеттік Думасында Мұсылман фракциясының қазанына қайнап шыңдалған Мұстафаның қайраткерлігін 1916 жылғы оқиға аша түсті. Патша өкіметінің азиялық бұратана халықтар ер азаматтарын әскерге алу туралы жарлық шығаруы қазақ даласымен қатар, Түркістан өлкесінде де наразылық толқу тудырған еді. Патша жендеттері наразылық білдірген көтерілісті аяусыз жаншып басты. Мұсылман фракциясы Мемлекеттік Думада мәселе қойып, Түркістандағы жағдайда тексеру үшін комиссия құруға қол жеткізеді. 1916 жылы тамыздар депутаттар А. Керенский мен К.Тевкелеев бастаған комиссия Түркістанның Самарқан, Ферғана және Сырдария облыстарында болып, тексеру жүргізеді, бұл жұмысқа Мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқай тілмаш ретінде қатысады. Комиссия мүшелері жермен жексен қиратылған ауылдарды, халыққа жасалған қырғанды көріп, тұла бойлары түршігеді. 1914-1916 жылдары Түркістан аймағы халқының 17 пайызы қырылған екен, атап айтқанда 1 млн 230 мың адам өлген немесе жоғалған. Осы ретте айта кететін жәйт, Түркістан құрамындағы Жетісуда 1916 жылы көтерілген албандардың қырғынға ұшыраған қасіретін ашып жазған Мұхтар Әуезовтің Қиялы заман романы. Халықтар жандармы деген айдар тағып патша өкіметін құлатқанымен, ұлттар теңдігін дәріптегенімен, отаршылық саяхаты сұрқиялықпен жалғастырған кеңес өкіметінің екіжүзділік көрсеткені белгілі. Саяси жұмыстарға белсене араласудың арқасында 1917 жылға қарай М. Шоқай танымал саясаткерге айналып үлгерді. Қазақ еліне, Түркістанға қатысты түрлі жыйындарға, құрытайларға қатысып, оларға басшылық жасайды. Уақытша үкіметтің басшысы А.Керенский министр қызметін ұсынғанда, одан бас тартады. Түркістан жөніндегі ұлттық комитетінің төрағасы болып сайланады. Автономия құру жоспарын ойластыра бастайды. М. Шоқай күллі түркі халықтарының басын біріктірген, тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды. Сол кезде өзбектің Махмуд Қожа Бехбуди деген ағартушы қайраткері Ұлттық Түркістан газетінде қазақ қандастарға арнап Бауырларым, қандастарым, біздің тілімізде, дініміз де, тарихымызда бір. Қазір Тәңір жарылқап, бізге үлкен мүмкіншілік беріп отыр. Осы мүмкіншілікті пайдаланып, ел болуымыз керек. Бұдан кейін мұндай мүмкіндік бола ма, жоқпа? Бүгін кеш қалсақ, Түркістанда, Алаш та, өз туелсіздігінен айырылып қалуы мүмкін. Кейін өкінгенмен пайдасы жоқ, сондықтан қазір бірігейк деген ашық хат жариялаған. М. Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардың бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп ап қараған емес. М. Шоқай үшін Түркістан халықтарының еркіндігі-бірінсіз бірі жоқ белгісіз ұғымдар болған, дейді тарихшы М.Қойкелді. Ол Түркістанда бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі болары, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді. Мүсекең Түркістан деп шырылдағанда қандай халықтарды, қандай өлкелерді айтқан дейтін болсақ, ол кісі жалпы Түркістанды Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан-қазір Ауғанстанға қарасты аумақ, Батыс Түркістан Ұлы Түркістан-Орта Азия мен Қазақстан. 1936 жылы Берлин қаласында Еуропада

жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікістан деп, үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан-бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Бәріміздің құбыламыз-өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру-бәрімізге бір мақсат...Түрік халқы-батыр халық. Түрік халқы-арыстан ер халық. Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы. Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек.

М. Шоқай жариялаған еңбектерінде ең алдымен, кеңестік Ресей, бұрынғы патшалық Ресейдің тікелей мұрагері екенін дәлелдеді. Оның отаршылдық, шовинистік, тоталитарлық сипатын әшкерледі. Өзінің «Шовинизм» атты мақаласында: «Патшалық Ресей бізді тұншықтырып атамекенімізді қанға бояды. Міне, сол үшін де біз орыс билігінің барлық түріне кектене қараймыз» [4.65 б] деп ашына жазып, Мәскеу диктатурасын қолдамайтынын ашық айтады.

Ал, енді бұл өзі қандай «пролетарият диктатурасы» деген сұрауға, М. Шоқай «Түркістанда пролетарият диктатурасы дегені шын мәнінде орыстардың диктатурасы екенін» [4. 33] б соқырға таяқ ұстатқандай дәлелдеп берді.

Сол кезде тек қазақ даласы, Түркістан ғана емес, Ресей шет аймақтарының барлығы большевиктердің өкімет билігін өздеріне алғанға дейін мәлімдеген: Ресейдің құрамына кірген барлық ұлттардың емін-еркін бөлінуге және дербес мемлекет құруға деген құқы танылуға тиіс. Мұндай құқты жоққа шығару және оны іс жүзінде жүзеге асыруға кепілдік беретін шаралар қолданбау-басып алу немесе жаулап алу саясатына барабар деген ұстанымына сеніп, дербес ұлттық мемлекеттер болмаса, Ресей құрамында автономия құруға ұмтылды. Большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне үндеу жолдап, уәделерін еселей түсті: Уақытты өткізіп алмаңыздар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді оларды тонауына жол бермеңіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалауықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер! Бостандық арманына қол созым қалды деген осы емес пе. 1930 жылы Мұстафа Шоқай революциясын кейінгі кезеңнің сабақтарын тұжырымдай отырып, Автономиядан-азаттыққа! деген шағын мақаласында өкінішпен былай деп жазады: Біздің буыны қатпаған жас ұлт-азаттық қозғалысымыз тарихында уақытқа келген сайын еске алатын қаншама тарихи күндер баршылық. Міне, осындай тарихи күндердің бірі 1917 жылдың 10 желтоқсаны болып табылады. Бұл күні Қоқан қаласында жиналған Түркітанның 4-ші жалпы өлкелік құрылтайы Түрістан автономиясын жариялады. Біз бұған Түркістанның бүгінгі ұлт-азаттық қозғалысы жолында салынған алғашқы негіз, бірақ бұл жолда өжет аталмаған қадам ретінде қараймыз. Он үш жыл бұрын біз ұлт-азаттық қозғалысымыздың програмасын жасағанда автономияға ғана шектелуді

дұрыс санадық. Сонда орыс және орыс демократиясына сенген-ді. Польшалықтар мен финдерден басқа ешбір халық ұлт-азаттығын тез жүзеге асыруды ойламаған еді. Орыс төңкерісінің демократиясы бізге өз ұлттық мәселемізді онымен достық және ынсап принципітері төңірегінде жұмыс-талас арқылы жолға салу жөніндегі қанағатшылығымыздың қателік екенін ашық көрсетіп берді. Ұлт азаттығы-халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың зұлымдығынан өз мүддесін ойлайтындардың таласынан жұртты және халықты сақтайтын қорған. 1919 жылғы ақпанда Мұстафа Шоқай Маңғыстауда Форт-Шевченко қаласында кемеге отырып Әзербайжанға өтті. Еуропа халықтарының да тілін білген Мұстафаны шетелге кетіп, күресті идеологиялық тұрғыдан жүргізуіне кеңес берген Әлихан Бөкейхан болыпты. Елде қалғандар кеңес өкіметін мойындағандарымен, оларды кеңес өкіметі тірі қойған жоқ, тірі қалғандары дәрменсіз еді. Күресті жалғастырған қазақтан жалғыз Мұстафа Шоқайы еді.

М. Шоқайдың шетелдегі саяси қызметінің ең таласты кезеңі гитлерлі Германиямен байланысты. Немістер оны 1941 жылдың жазында Франциядан Берлинге алып кетіп, өз мақсатына пайдалануды ұйғарған. Мұстафа тұтқын түркістандықтардың тізімін жасауға, білімін, мамандығын анықтауға жұмсаған. Осы орайда айта кететін бір мәселе-орыс, славян емес тұтқындардың санын анықтау, олардың көңіл ауанын барлау мақсатында немістер 25 комиссия құрған екен, оларға кеңестік шығыс халықтарының 600-ге жуық адамы-саяси ел ауғандар тартылыпты.

Тұтқындар лагерьлерін аралап, ондағы адам төзгісіз ауыр жағдайды көргеннен кейін және оны титтей де болса жеңілдете алар амалы жоқтығына күйзелген Мүсекең өзін пайдаланғысы кеп отқан неміс генералы (группенфюрер) С.Иохам дегенге шарасыздықтан мынандай хат жазады: (Гете, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауер сияқты ұлылардың тәрбилеген ұлттың тұтқындарға жасап отырған зұлымдығын көре отырып, мен Түркістан легионын басқару туралы ұсыныстан және сіздермен әрі қарай жұмыс істеуден бас тартам». Бұл өзіне үкім шығарумен барабар еді. Көп ұзамай ол 1941 жылғы 27 желтоқсанда Берлиндегі Виктория ауруханасында жұмбақ жағдайда көз жұмады. Сүзектен қайтыс болды деген анықтама толтырылады. Қазір зерттеушілер ол кімнің тарапынын болсада-немістердің, әлде серігі өзбек Вели Каюмнің (легион басшысы болғысы келгендіктен не немістердің жұмсауымен), не кеңес жансызының қолынан қастандықтан өлген деген болжамға келіп отыр.

Бүгінде Түркістан халықтары тәуелсіз мемлекеттер. Қазір түркі мемлекеттері басшыларының, парламенттерінің ынтымақтастығы, мәдени байланыстар сияқты жоғары деңгейдегі қарым-қатынастар-Мұстафа Шоқай арманының орындалғандығы. Саяси күресте иықтас болып, бір-бірінің қадірін білген замандасы Украина республикасының сыртқы істер министрі, профессор А.Шульгин былай деп жазған екен: «Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін». Иә, солай болды. Мұстафа аңсаған, сол үшін

күрескен тәуелсіз заман келді. Қазір еліміздегі және шет елдердегі бұрын қол жетпеген құжаттарды саралау, мәселенің ақ-қарасын ашу мүмкіндігі туды.

Қорыта келе, бүкіл түркі халқының азаттығы және бостандығымен қатар, олардың мәңгі бірлігі үшін күрескен, сол үшін бүкіл ғұмырын да құрбан еткен тарихшы, саясаттанушы, публицист тұңғыш халықаралық деңгейдегі саяси сарапшы, ғұлама ғалым М. Шоқайдың бай мұрасының жас ұрпақты тәуелсіздік, патриоттық рухта тәрбиелеуге қосар үлесі қомақты екендігі шек келтірмейтін шындық деп бағаланғаны жөн.

М. Шоқай осынау табиғи таза қалпымен, көптің көзі жеткенмен қолы жетпейтін шың басындағы шынар секілді. М. Шоқай XX ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен XXI ғасырға келді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқай- түркө әлемінің алыбы
2. Смағұлова С. Түркістан- 2009ж 21 мамыр
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы-Алматы, 1995ж
4. Шоқай М. Таңдамалы-Алматы, 1998ж

## МАЗМҰНЫ

1.	<b>Байқадамов Н.С.</b> АЛҒЫ СӨЗ	3
<b>КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ</b>		
2.	<b>Қойгелдиев М.Қ.</b> ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙҰЛЫ ҚЫЗМЕТІНЕ САЯСИ БАҒА БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ТУРАЛЫ	5
3.	<b>Әбдіуақап Қара</b> МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ПАНТҮРКИЗМ, ТҰРАН МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ТҮРІК БІРЛІГІ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН ТҰЖЫРЫМДАРЫ	9
4.	<b>Кахрамон Раджабов</b> МУСТАФА ШОКАЙ И ДЖАДИДСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В ТУРКЕСТАНЕ	14
5.	<b>Вежихи Сефа Фуат Хекимоглу</b> МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ	24
6.	<b>Бегманов Қ.</b> НАРШОҚЫ – ТАРИХИ МЕКЕН, МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖОЛЫНЫҢ БАСТАУЫ НЕМЕСЕ "ШЕРЛІ ТҮРКІСТАН" ДАСТАНЫНЫҢ ТУУЫ	32
7.	<b>Әбдіжәлел Бәкір</b> МҰСТАФА. ШОҚАЙ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТУ ЕТП, ҰЛТТЫҚТЫ ҰЛЫҚТАҒАН	39

## 1-СЕКЦИЯ

### МҰСТАФА ШОҚАЙ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ ИДЕЯСЫНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ

8.	<b>Ауанасова А.М.</b> МУСТАФА ШОҚАЙ И ВОПРОСЫ ТЮРКСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ	47
9.	<b>Хазретәлі Тұрсын</b> МУСТАФАТАНУ ЖӘНЕ КӨШІМ ЕСМАҒАМБЕТОВ	52
10.	<b>Сапанов С.Ж.</b> ПОПЫТКА МУСТАФЫ ШОКАЯ ОБЪЕДИНИТЬ АНТИБОЛЬШЕВИСТСКИЕ СИЛЫ В УКРАИНЕ, НА КАВКАЗЕ И В ТУРКЕСТАНЕ (НА БАЗЕ ПАРИЖСКОГО АРХИВА МУСТАФЫ ШОКАЯ)	57
11.	<b>Hülya KASAROĞLU ÇENGEL</b> АЛАШ РУХЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЯДАҒЫ АЛАШ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	61
12.	<b>Қожанберлиев Б., Апенев Б.</b> М. ШОҚАЙДЫҢ ҰЛТ-ТӘУЕЛСІЗДІГІ ИДЕЯСЫ	65
13.	<b>Эрен Акдениз</b> ТҮРКІЛІК БІРЛІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ М.ШОҚАЙ	71
14.	<b>Мұрат Келеш</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҮРКІСТАН МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ	79
15.	<b>Zohidjon Kholdorov Valijonugli</b> MUSTAFA SHOQAY AND THE LEGION OF TURKESTAN	83
16.	<b>Рахматов Мурод Гайбуллаевич</b> ОТНОШЕНИЯ МУСТАФЫ ШОКАЯ И АХМАДА ЗАКИ ВАЛИДИ	86
17.	<b>Саналиев Г.Е.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЭМИГРАЦИЯДА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫП – ТҮРКІСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ	90

18. **Султан Хан Аккулы**  
ТҮРКЕСТАНСКИЙ МУХТАРИАТ (АВТОНОМИЯ) – КАК ЧАСТЬ  
БОЛЬШОГО ПРОЕКТА «АЛАШ» 98
19. **Тайман С.Т., Нұртаева А.**  
ТҮРКІСТАНДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ 123
20. **Баймбетов У.М.**  
МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ  
ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ 132
21. **Жайсанбаева Л.О.**  
МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫН БІРІКТІРУ  
ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ 136
22. **Тайман С.Т., Жақыпбек Ж.**  
М.ШОҚАЙДЫҢ ГРУЗИЯДАҒЫ ЭМИГРАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢІ 141
23. **Жарбулова С.Т., Амангелдиев Е.**  
ФЕНОМЕН ЛИДЕРСТВА М.ШОҚАЯ 144
24. **Джумалиева Л.Т.**  
АЛАШТЫҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ - МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН  
ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ҚЫЗМЕТІ 146

## 2-СЕКЦИЯ

### МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

25. **Абасилов А.М.**  
МҰСТАФА ЖӘНЕ МАРИЯ ШОҚАЙ ЕСТЕЛІКТЕРІНІҢ КОГНИТИВТІК  
ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 151
26. **Зайырова Г.**  
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ  
ЗАМАНАУИ КӨРІНІСІ НЕМЕСЕ БАБАЛАР АМАНАТЫ 157
27. **Құдайбергенова А.И.**  
«ЖАС ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ БҮКІЛ ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ  
АЗАТТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСІ 168
28. **Сағымбаева Ә.**  
XX ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МЕН СОҒЫСТАРДЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ 174
29. **Тұяқбаев Ғ.Ә.**  
THE HISTORICAL SOURCES IN THE LETTERS OF MUSTAFA SHOKAI 175
30. **Төрәлі Е.Қ.**  
М.ШОҚАЙДЫҢ «ҚАҚАЖАНҒА» АТТЫ ӨЛЕҢІНЕ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ  
ТАЛДАУ 182
31. **Рүстемова Г.Б.**  
МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР 188
32. **Бахтиярова С.Б.**  
М. ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАМЫЗҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ 195
33. **Мүсілімқызы Д.**  
МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ - ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЙНАР  
КӨЗІ 202
34. **Қуанышбек Ш.Ғ.**  
МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ МҰРАСЫ: ТАРИХ ПЕН ҚАЗІРГІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР 208
35. **Беркімбаев М.Ө.**  
МҰСТАФА ШОҚАЙ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ 214
36. **Нұрлан О.**  
МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

	ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ	220
37.	<b>Жарбулова С.Т., Муратбаева Э. А.</b> ТОПОНИМЫ В ПИСЬМАХ М.ШОКАЯ	224
38.	<b>Хакан А.С.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ МЕН ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВТЫҢ ТҮЛҒААРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ (сөз тезистері)	228
39.	<b>Сайлауқызы А.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	231

### 3-СЕКЦИЯ

#### МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ

40.	<b>Алиакбарова А.П.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТҮРКИЯ ЖӘНЕ ЕУРОПА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ	238
41.	<b>Искакова М.С.</b> ШОҚАЙТАНУДА ШЕТЕЛ АРХИВТЕРІНЕН АЛҒАШ БОЛЫП МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАҚТАП, СОЛ ТАРИХИ ҚҰЖАТТАРҒА ЗЕРТТЕУ ЖАСАҒАН ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫН БІЛЕМІЗ БЕ?	240
42.	<b>Қабыл А.Ә.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУАҚӨШУ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ БОСҚЫНДАРЫ ТУРАЛЫ	245
43.	<b>Султан Хан АККУЛЫ</b> ПАРТИЯ «АЛАШ» И ВСЕРОССИЙСКОЕ УЧРЕДИТЕЛЬНОЕ СОБРАНИЕ	250
44.	<b>Мусирова Г.Т.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ	256
45.	<b>Ақтайлақ Б.Б.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ІСІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ «TÜRK ELİ» ҰЙЫМЫ ХАҚЫНДА	263
46.	<b>Томпышев Б.К.</b> MUSTAFA SHOKAI'S LEGACY IN DOMESTIC AND FOREIGN STUDIES	269
47.	<b>Құлбек Е.</b> ҚЫЗЫЛҚҰМ АУДАНЫНДАҒЫ КӨМПЕСКЕ НАУҚАНЫНЫҢ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ	275
48.	<b>Жамелов Б.А., Түрсүн Х.М.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ МЕЖЕЛЕНУІ ТУРАЛЫ	279
49.	<b>Мамбетов Б.</b> САҚТАҒАН БАЙШЕВ ЖӘНЕ САЯСИ-ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ	286
50.	<b>Ибраев Г. М.</b> ИСТОКИ И СУЩНОСТЬ СОВЕТСКОГО ТОТАЛИТАРИЗМА И ЕЕ ПОСЛЕДСТВИЯ	290
51.	<b>Құдайбергенова К.</b> АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ М.ДҰЛАТҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН РУХАНИЯТЫНА ҚОСҚАН ӨЛШЕУСІЗ МҰРАСЫ	297
52.	<b>Ержанова А.А.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ	301
53.	<b>Ишанқұл Б.А.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ – АЛАШ АЛЫБЫ	304
54.	<b>Енсепов Б.Б.</b> ӘЛМҰХАМЕД (ӘЛМАҒАНБЕТ) КӨТІБАРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СЪЕЗДЕРІ	311

55.	<b>Титовұлы Б.</b> М.ШОҚАЙДЫҢ САРАПШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	314
56.	<b>Жусупбекова Б. А.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЖЕКЕ ЖАЗБАЛАРЫ	319
57.	<b>Ибраев Г.М.</b> СУЛТАНБЕК КОЖАНОВ - ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ	322
58.	<b>Өтешқызы А.</b> АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ СОҢҒЫ ТҮЙІНІ- МҰСТАФА ШОҚАЙ	326